

# ПЕДАГОГИКА

ТАУСАЕВА ШТ.  
ИМАНБАЕВА С.Т.  
БЕРЛИСХАНОВА А.Е.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ТАУБЛЕВА Ш.Т., ИМАНБАЕВА С.Т.,  
БЕРИКХАНОВА А.Е.**

# **ПЕДАГОГИКА**

**Алматы  
2017**

ӘОЖ 37.0(075.8)

КБЖ 74.00я73

Т 24

*Баспаға Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық  
университетінің Ғылыми кеңесі ұсынады.  
Хаттама №10. 26.08.2017ж.*

*Пікір жазғандар:*

Әмірова Ә.С. - пед. ғыл. докторы, профессор;

Меңдібекова Г.Ж. - пед. ғыл. докторы, профессор;

Мынбаева А.Қ. - пед. ғыл. докторы, профессор.

**Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т.,**

**Берикханова А.Е.**

Т 24 Педагогика. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т.,

Берикханова А.Е. Оқулық. - Алматы: ОНОН. 2017, - 340 бет.

ISBN 978-601-298-624-2

Оқулық жаңа типтік оқу бағарламасы бойынша педагогикалық мамандықтарына арналып жазылған. Оқулықта отандық білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енудегі педагогикалық парадигмадағы өзгерістері қарастырылады. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі, жаңа формалындағы педагог тұлғасын қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптары мен ерекшеліктері қамтылады. Әлеуметтік-мәдени жағдайлардағы білім берудің рөлі, педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері, педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің, педагогтың тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігі, үздіксіз кәсіби өсуінің факторлары қарастырылады.

Тұтас педагогикалық үдерістің құрылымы, қазіргі мектептегі білім мазмұнының ғылыми негізі, тәрбиенің мәні мен мазмұны, отбасы тәрбиесінің негіздері, оқыту формалары, әдістері мен құралдары, мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі жаңашыл технологиялардың мазмұны жан - жақты қамтылады.

Оқулық жоғары оқу орнының студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға және білім беру мекемелерінің қызметкерлеріне арналады.

ӘОЖ 37.0(075.8)

КБЖ 74.00я73

ISBN 978-601-298-624-2

© Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т.,  
Берикханова А.Е., 2017

## **КІРІСПЕ**

Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, тәуелсіздіктің тұтқасын берік ұстанғанынан бері қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени өзгерістер де жаңа сапалық деңгейде көріне бастады. Ал қоғамдағы өзгерістердің барлығы білім беру саласына, өсіп келе жатқан жас ұрпақтың санасына тікелей әсерін тигізетіні анық. Сол себептен білім беру мазмұнында да жаңа көзқарастар, жаңа даму бағыттары, жаңа парадигмалар пайда болып, оларды іске асыру жолдары іздетірілуде.

XXI ғасырдың ұстаздары да сан ғасырлар бойы ата-бабаларымыздан мирас бо-лып қалған асыл әлеуметтік тәжірибені, өнегелі өсиеттер мен мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, қоғамының интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға тырысулары - болашағымыздың іргетасының берік қалануының кепілі.

Оқулықтың *«Педагогикалық мамандыққа кіріспе»* атты бірінші бөлімінде заманауи мәдениеттегі білім берудің, оның ролі мен ерекшеліктері, білімнің әлеуметтік мәнін, қазіргі білім беру парадигмасы: нәтижеге және жеке тұлғаға бағдарлануын аша отырып, білім беру құндылық, үдеріс және нәтиже, жүйе ретінде, адамның тұлғалық және кәсіптік дамуының факторы ретінде нақтыланады.

XXI ғасырдағы стратегиялық басымдылық тұрғысынан дүние-жүзілік білім беру жүйесінің негізгі даму бағыттары, үздіксіз, ашық білім беруге ауысу – қазіргі білім берудің дамуындағы жетекші дүние-жүзілік тенденциялардың бірі екені, білім беру жүйесінің заннамалық негіздері, білім алушылар тұлғасының зияткерлік әлеуеті, функционалдық сауаттылығын дамытудың негізі, педагогтың жеке тұлғаның қалыптасуындағы және қазіргі уақытта орта білім міндеттерін шешудегі ролі, педагог қызметінің квалификациялық сипаттамалары қарастырылады.

Педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің жалпы, білім беру деңгейлері бойынша, педагогтың білімі, білігі, іскерлігі және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын талаптар жүйесі ретінде, педагогтың тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігіне, педагогтың үздіксіз кәсіби өсуінің факторларына жан-жақты тоқталған.

«Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты екінші бөлімде педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуы, педагогика ғылымдарының қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі міндеттеріне, негізгі категориялары, ғылымның әдіснамасы мен педагогтың

әдіснамалық мәдениеті, ғылыми-педагогикалық зерттеудің мәні мен мазмұны, әдістері, әдістемесі қарастырылады.

Жеке тұлға тәрбиенің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасуының факторы, тәрбиелеу факторларының философиялық ережелері мен әдіснамалық негізі ашылып беріледі. Тұлғаны дамытудың және қалыптастырудың қозғаушы күштері мен негізгі заңдылықтары, өзін-өзі тәрбиелеу, отбасы тәрбиесі және білім берудегі инклюзивті әдіс-тәсіл және оны Қазақстанда іске асыру айқындалған.

**«Тұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен практикасы» атты үшінші бөлімде** тұтас педагогикалық үдерістің (ТПҮ) мәні және құрылымы, қызметтері, қозғалыс тетіктері жан-жақты ашылып беріледі. Педагогикалық ойлар тарихындағы тәрбие мақсаты, мазмұны, тәрбиенің түрлері, тәрбиелік үдеріс, ұлттық тәрбиелік идеал, әлеуметтендіру, әлеметтенудің түрлері, өзін-өзі дамыту, жалпыадамзаттық құндылықтар, мәдениеттілік, жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамыту идеясы, ұлттық құндылық бағдар, дүниетаным, тәрбие үдерісін ізгілендіру және демократияландыру, құзыреттілік тұрғысы негізіндегі тұтас педагогикалық үдерістің жүйетүзуші факторы тұрғысынан анықталған. Тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі - оқytудың негізгі категорияларына, оқytудың әдіснамалық негізі, құрылымы, мақсаты мен міндеттері, заңдылықтары және қағидалары, формалары, әдіс-тәсілдеріне, құралдарына, 12-жылдық мектептегі оқytудың өзіндік ерекшеліктері мен мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық технологияларға, қазіргі мұғалімнің технологиялық құзыреттілігі ашылып берілген.

Әрбір тақырыпшада берілген негізгі теориялар, тұжырымдамалар, заңдылықтар, ұстанымдар, ұғымдық аппарат, әдістерді, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды болашақ педагогтың кәсіби-тұлғалық сапаларын дамытуға бағытталған. Оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмалар студенттердің емтиханға даярлануын жеңілдету мақсатын көздейді. Тесттік тапсырмалар студенттердің білімін сырттай бақылау тесттерінің құрылымын ескеріп берілді.

«Педагогика» оқулығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мемлекеттік стандартқа сай, 5B010000 «Білім» тобындағы бакалавриат мамандықтарында оқитын студенттерге және магистранттарға, докторанттарға, мектеп мұғалімдеріне, оқytарбие мәселелерімен айналысатын оқырмандарға арналған.

Кітап бірінші рет басылымға ұсынылып отырғандықтан, авторлар оқырмандардың ұсыныстарын, пікірлерін, тілектерін, кеңестерін оқулықты одан әрі жетілдіру мақсатында үлкен алғыспен қабылдайды.

## І бөлім. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚҚА КІРІСПЕ

### І тақырып. ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ РӨЛІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

*1.1. Замануи мәдениеттегі білім берудің орны мен ролі.* Жаһандану үрдістерінің ықпалымен ХХІ ғасырға адамзат үлкен ғылыми-техникалық жетістіктерімен жетіп отырғаны баршамаызға мәлім. Жоғарғы дамыған электрондық техника, ақпараттық және өндірістік технологиялар, медицина мен генетикалық инженериядағы ашылып жатқан жаңалықтар, физика, кибернетика т.б. салалардағы ғылыми жетістіктер адамзат қоғамының өркендеуіне, ілгері дамуына, адамдардың қол еңбектерін жеңілдетуге көп септігін тигізуде. Дегенмен, әлемдік деңгейде ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен қатар, адамдардың арасында рухани жұтанудың көріністері, әлеуметтік қауіпті құбылыстар (ланкестілік, техногендік, социогенді қатерлер, т.б.) алаңдатушылық тудыра бастады. *Негізден қоғам өркендеген сайын мұндай жағымсыз әлеуметтік құбылыстар азая түспейді? Осындай қарама-қайшылықтардың себептері неде?*

Бұл парадокстың басты себептері – адамдардың құндылықтық бағдарларының өзгеруі, рухани-адамгершілік қағидаларының әлсірей бастауы, соның салдарынан азаматтық сана-сезім мен әлеуметтік жауапкершіліктің жеткіліксіз деңгейде дамуы. Сондықтан ХХІ ғасырда өндірістік, әлеуметтік қатынастардың күрделенуіне катысты адами ресурс сапасын жақсарту мәселесі өзектеніп, *білім беру* ұғымына деген көзқарас әлемдік деңгейде өзгере бастады, себебі:

- білім беру - мемлекеттің өркендеуінің маңызды қозғаушы күші;
- білім беру - мемлекет бәсекелестігін сақтаудағы басымдықтардың бірі;
- білім беру - мемлекеттің адами капиталын қалыптастырудың іргетасы;
- білім беру - әр тұлға үшін де, қоғам үшін де баға жетпес құндылық;
- білім беру - адамның тұлғалық және кәсіби дамуының басты факторы.

Әр мемлекеттің әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуы оның жер асты байлығымен, қарулы күштерімен, экономикасының жетістіктерімен ғана өлшенбеуі тиіс, мемлекеттің дамуындағы негізгі көрсеткіштердің бірі – *адами капиталдың* даму деңгейі, адами құндылықтар сапасы. Бүгінге дейін педагогика ғылымының негізгі категорияларының бірі ретінде саналып келе жатқан *«білім беру»* ұғымын қазіргі таңда кең мағынадағы *әлеуметтік құбылыс* ретінде қарастыратын дұрыс.

Білім беру мәселесімен тек педагогика ғылымы ғана айналыспайды. Білім беру үдерісін философия, әлеуметтану, психология, экономика, мәдениеттану, саясаттану, т.б. басқа әлеуметтік-гуманистік ғылымдар өз тұрғысынан зерттеп қарастырады.

«Білім беру» ұғымы 18-19 ғасырлардан бастап ғылыми айналымға еніп (Д.Локк, И.Г.Песталоцци), бүгінде педагогиканың жетекші категорияларының бірі болып отыр.

Қазіргі қоғам дамуындағы саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер білім беру саласына тікелей әсерін тигізіп, оның маңыздылығын арттыра түсті. Білім беру ұғымы мазмұны жағынан да өзгерістерге ұшырап, жан-жақты кеңейе түсті. Педагогика ғылымында *білім берудің* бірнеше анықтамалары кездеседі. Солардың көп тараған анықтамаларына тоқталып өтсек:

- Кең мағынадағы *білім беру* - жеке тұлғаның өз өмірлік жолын құзырлы таңдау мүмкіншіліктерін кеңейтуде және өзін-өзі дамытуға бағытталған үрдіс. (А.Г.Асмолов).

- *Білім беру* - жеке тұлғаның әлеуметтік жетілуі мен жеке өсуі қамтылатын, оның қабілеттері мен мінез-құлқын жетілдіру үрдісі және нәтижесі (ЮНЕСКО).

- *Білім беру* - жеке тұлға мен қоғам мүддесі үшін жүргізілетін педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған әлеуметтендіру үрдісі. (Педагогикалық энциклопедия).

- *Білім беру* - адам, қоғам, мемлекет мүддесіне, мақсатына бағытталған тәрбие және оқыту үрдісі (В.А.Сластенин).

Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты – білім алушыға тек академиялық білім беріп, білік пен дағдыларды қалыптастыру емес, сонымен қатар жеке тұлғаның бойында әлеуметтік құнды іс-әрекеттерге қатыса алуы үшін өзіне де, қоғамға да қажетті қабілеттерін дамыту. Осы тұрғыдан қарағанда білім берудің білім, білік пен дағдыларды қалыптастыру міндеттері арқылы жеке тұлғаның үйлесімді түрде эмоционалды, ақыл-ой, адамгершілік, рухани-құндылық, еріктік, физикалық қабілеттері жағынан толыққанды тұлға ретінде дамуы маңызды.

**1.2. «Білім беру» ұғымының мағынасы.** Білім беру ұғымының ауқымы кеңейген сайын, оның мазмұны да жан-жақты зерттеле бастады. Білім берудің әлеуметтік мәнін ашуда *«білім беру философиясы»* деген ұғым кеңінен талқылануда.

Философия ғылымының заңдары көптеген құбылыстарды зерттеуде, оларды танып білуде, түсіндіруде кеңінен қолданылады. Осыған байланысты білім беру саласындағы көптеген мәселелерді философиялық тұрғыдан түсіндіру көзқарастары ерекше жүйе ретінде қалыптасқан. Шығыстың атақты философы, ғұлама ғалымы Әбу Насыр әл-Фараби жалпы педагогика ғылымының өзін *тәжірибелік философия* немесе *қалданбалы философия* ретінде қарастырған.

Білім беру философиясын жан-жақты зерттеген ғалымдар В.В.Краевский, Б.Л.Вульфсон, В.В.Кумарин, Б.С. Гершунский т.б. болған.

Бұл ғалымдардың зерттеуінше білім беру философиясы үш тұрғыдан қарастырылады:

1) *Білім беру философиясы* – қолданбалы философия ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан білім беру саласының даму заңдылықтарын негіздеу үшін жалпы философиялық қағидаларды қолдану жеткілікті деп есептелінеді.

2) *Білім беру философиясының* мазмұны педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық мәселелерімен сәйкестендіріледі.


3) *Білім беру философиясы* дербес ғылыми білімдер саласы, оның негізін тек білім беруге қатысты жалпы философиялық ілімдер ғана емес, білім берудің барлық аспектілерінің қызметтерін қамтитын жеке шынайы даму заңдылықтары құрайды.

Білім беру философиясының біртұтас нысанасы (объектісі) - барлық құндылықтық, жүйелілік, іс-әрекеттік, нәтижелік сипаттағы *білім беру* үрдісі. Білім беру философиясының зерттеу *пәні* – білім беруге қатысты пәнаралық *теориялар, заңдар, заңдылықтар, категориялар, ұғымдар, терминдер, принциптер, постулаттар, ережелер, әдістер, болжамдар, идеялар, фактілер.*

Б.С. Гершунскийдің пайымдауынша «білім беру философиясының мәні – білім беруге бетбұрыс алған философия», немесе «білім беру іс-әрекетінің барлық аспектілерінің өзіндік ғылыми парадигмасы».

Сонымен, *білім беру философиясының мәні* - адам өмірінің түрлі кезеңдеріндегі оқыту, тәрбиелеу және дамытудағы құндылық-бағдарлық, мазмұндық-процессуалдық, нәтижелік компоненттері жайлы ғылым аралық білімдер жүйесі.

Білім беру ұғымының күрделілігі, көпжақтылығы оны жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Білім беру философиясының белгілі теоретигі Б.С. Гершунский *білім беру* ұғымын 4 аспектіде қарастыруға болатынын атап көрсетеді: білім беру *құндылық* ретінде; білім беру *жүйе* ретінде; білім беру *үдеріс және іс-әрекет* ретінде; білім беру *нәтиже* ретінде (Сурет 1).



Сурет 1. – Білім беру ұғымының 4 негізгі аспектілері

Білім беруді нәліктен *құндылық* ретінде қарастыру қажет? Құндылық – кез келген индивид, топ, ұжым, этнос, т.б. үшін өмірлік маңызы жоғары материалдық немесе рухани нысаналар. Құндылықтар әр ұлт үшін немесе жалпы адамзат үшін маңыздылығына байланысты *ұлттық және жалпыадамзаттық* құндылықтар деп ажыратылып қарастырылады. Әр ұлт үшін не құнды? Әрине, ол ұлттық тіл, мәдениет, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ұлт тарихы, т.б. Ұлттық құндылықтарды меңгеру негізінде адам санасында жалпыадамзаттық құндылықтарға деген қатынастары қалыптасады. Олардың қатарына ұлттық



және нәсілдік айырмашылықтарына қарамастан барлық адамдарға ортақ маңызды болып есептелетін құнды нысаналар жатады. Мысалы: адамның өмірі, денсаулығы, бас бостандығы, адамгершілігі, қадір-қасиеттері, білімі, т.б. Адам санасында аталған құндылықтарға деген көз-қарас білім беру жүйесі арқылы қалыптасатыны анық. Білім беру мекемелерінде алған білімдері мен тәрбиесі арқылы әр адам әлеуметтік қатынастарға бейімделіп, қоғамда өз орнын табуға мүмкіндік алады. Сондықтан *білім беру* немесе әр жеке тұлға үшін *білім алу* үлкен құндылық болып есептеледі.

Білім берудің құндылықтық сипаты үш тұрғыдан қарастырылады: *білім беру мемлекеттік құндылық; білім беру қоғамдық құндылық; білім беру жеке тұлғалық құндылық.*

*Незіктен білім беру мемлекеттік құндылық болып саналады?*

Себебі кез келген мемлекеттің экономикасы, ғылыми-техникалық прогресі, ұлттық саясаты, экономикалық, мәдени, интеллектуалдық, адамгершілік әлеуеті білім беру саласының нақты жағдайына және оның ілгері даму мүмкіндігіне байланысты бағаланады. Осы тұрғыдан әрбір өркениетті дамып келе жатқан мемлекет үшін-білім беруді қарқынды дамыту - оның басты стратегиялық міндеттерінің бірі.

*Незіктен білім беру қоғамдық құндылық болып саналады?*

Мемлекет пен қоғам тең мағыналы ұғымдар емес, олардың өзара қатынасы өте күрделі болып келеді. Білім беруді дамытуда олардың мақсат, мүдделері сәйкес келе бермейді. Дамыған қоғам мемлекет тарапынан қабылданған қаулылардың орындалуын талап етеді, білім беру заңын талқылап өзгертулер енгізе алады. Қоғам мүшелері өзекті білім беру мәселелерін шешу үшін қоғамдық ұйымдар құрады және қозғалыстар ұйымдастырады.

*Незіктен білім беру жеке тұлғалық құндылық болып саналады?* Жоғарыда қарастырылып отырған білім берудің мемлекеттік және қоғамдық құндылықтары жалпы әлеуметтік мәселелерді қарастырады, бірақ жеке тұлғаның білім алуға деген өзіндік қатынасын, оның деңгейі мен сапасын толық ашып көрсетпейді. Б.С. Гершунскийдің пікірі бойынша білім беруді дамыту саясаты әр жеке адамның дербес ерекшеліктерін, оның қажеттіліктерін, қызығушылықтарын және қабілеттіліктерін ескере отырып тұлғалық бағытта жүргізілуі керек.

Құндылықтық негізде жүргізілетін білім беру барысында ғана әр тұлғаның жан-жақты дамуына, теориялық білімдерді меңгеруімен қатар өз бойында қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасалуы мүмкін.

*Білім беру жүйе ретінде.* Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында *білім беру жүйесі* ретінде өзара бірлесе іс-әрекет ететін:

1) білім берудің деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен оқу бағдарламаларының жиынтығы;

2) білім беру бағдарламаларын типтеріне, түрлеріне, меншіктік формаларына қарамастан іске асыратын білім беру ұйымдарының жиынтығы;

3) білім беру сапасының мониторингін жүргізетін ғылыми ұйымдар мен оқу-әдістемелік қамтамасыздандыратын білім беруді басқару органдарының және оған сәйкес инфраструктураларының жиынтығы қарастырылады.

Сонымен, біріншіден, білім беру жүйесі тарихи қалыптасқан бірі-бірімен сабақтасқан және біртіндеп бірі-біріне ауысатын білім беру парадигмаларынан туындайды. Екіншіден, білім беру жүйесінің нәтижелері болашақта көрініс береді, себебі білім беру мекемелерінің түлектері өздері білім алған жағдайлардан өзгеше, жаңа жағдайда өмір сүріп іс-әректпен шұғылданады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының баптарына сәйкес білім беру деңгейлері әр түрлі *типті* мекемелерде жүзеге асырылады.

1) Мектепке дейінгі тәрбиелеу *отбасында* немесе бір жастақ бастап *мектеп жасына жеткенге дейін мектепке дейінгі ұйымдарда* жүзеге асырылады (30 бап).

2) Орта білім беру ұйымдарының негізгі түрлері *жалпы білім беретін мектеп, шағын жинақталған мектеп, гимназия, лицей, бейіндік мектеп* болып табылады (31 бап).

3) Техникалық және кәсіптік білім беру *негізгі орта және (немесе) жалпы орта білім беру базасында училищелерде, колледждерде және жоғары колледждерде* жүзеге асырылады (32 бап).

4) Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары *колледждерде және жоғары колледждерде* іске асырылады (33 бап).

5) Жоғары оқу орындарының негізгі түрлеріне *ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары оқу орны, зерттеу университеті, университет, академия, институт және аларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище)* жатады (35 бап).

6) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жоғары оқу орындарының *магистратурасы мен докторантурасында, жоғары оқу орындарының және ғылыми ұйымдардың резидентурасында, сондай-ақ «Болашақ» халықаралық стипендиясының стипендиаттарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын бекітілетін мамандықтар тізбесіне сәйкес күндізгі оқыту нысаны бойынша жетекші шет елдердің жоғары оқу орындарына* оқуға жіберу арқылы жүзеге асырылады (36 бап).

*Білім беру - үдеріс және іс-әрекет ретінде.* Білім берудің мәні – мақсаттан нәтижеге қарай жылжу *үдерісі*. Үдеріс деген сөздің өзі латын

тілінен аударғанда (*processus* – қозғалу, жылжу) – бір нәрсенің дамуындағы құбылыстардың, жағдайлардың біртіндеп өзгеруі; қандай болмасын нәтижеге қол жеткізудегі іс-қимылдар жиынтығы деген мағынаны білдіреді.

Білім беру – педагог пен оқушы арасындағы қарым-қатынас *үдерісі*. Бұл үрдіс барысында оқушы немесе студент оқу, тәрбие, даму *үдерістеріне* жан-жақты белсенді қатысып педагогикалық қарым-қатынастың субъектісіне айналады. Білім беру барысында педагог пен оқушы арасында ғана емес, оқушылардың, студенттердің өзара біріккен әрекеттері де нығая түседі. Аталып отырған педагогикалық *үдеріс* көптеген білім беру құралдары (оқу, әдістемелік мәтіндер, көрнекілік құралдар, компьютерлер, аудио-видеоқұралдар, қашықтықтан оқыту аппараттары т.б.) арқылы арнайы ұйымдастырылған (жеке, топтық, ұжымдық) түрде жүргізіледі.

Білім беру *үдерісі* үнемі мақсатқа және күтілетін нәтижелерге бағытталған. Осы тұрғыдан білім беру *үдерісін* технологияландырылған үдеріс деп те сипаттауға болады, себебі педагогикалық технологияларда өзара сабақтасқан шағын және жалпы мақсаттарға жетудің нақты қадамдары, кезеңдері, сатылары анықталады. Білім беру *үдерісі* – мұғалімнен балаға оқу ақпараттарын жеткізу арнасы. Сондықтан қазіргі кезде білім беру саласында ақпараттық технологиялар да өте кең таралуда.

Білім беру үдерісіндегі көптеген мәселелердің шешімдердің табыстылығы педагогтың іс-әрекетіне тікелей тәуелді. Тіпті әрбір сабақтың өтілуі де мұғалімнің кәсіби-шығармашылық деңгейіне, талпынысына, әдістемелік шеберлігіне байланысты түрлі нәтиже көрсетеді. Ол балалармен үнемі ынтымақтастықта жұмыс істеуге әрекет жасайды. Осы бірлескен белсенді танымдық іс-әрекет барысында білім алушыларды табысқа жетуге бейімдей алу педагогикалық маңызы зор мәселе, себебі көп жағдайларда сабаққа қатысып отырған қаншама оқушылар арасында кейбіреулері ғана жетістіктерге қол жеткізулері мүмкін.

Білім беруді *үдеріс* және *іс-әрекет* ретінде жекеше қарастырудың себебі оның көздеген мақсаты мен күтілетін нәтижелерінің арасындағы қадамдардың қаншалықты белсенді, қаншалықты қозғаушы күш екендігімен байланысты анықталмақ.

*Білім беру нәтиже ретінде: сауаттылық – білімділік – кәсіби құзыреттілік – мәдениет – діл (менталитет).* Білім берудің *нәтиже* ретінде қарастырылуы оның мазмұнын кеңейте түспек. Оқу-танымдық үдеріс барысында әр адам білімнің бір сапалық деңгейіне жетеді, ол оның нақты бір көлемдегі білімі игеруінің нәтижесі. Мысалы, бастауыш білім алу барысында адам *сауаттылыққа* ие болады. Сауаттылықтың негізгі педагогикалық сипаты – оның барлық адамдардың қол жеткізе алуларында.

Адамдардың белгілі білім беру мекемелерінде алған, менгерген білімдерінің деңгейіне қарай *бастауыш білімі бар, орта білімді, жоғары білімді адам* деп аталатындарын көп естиміз. *Білімділік* – қажетті максимумға дейін жеткізілген қоғамдық және тұлғалық сауаттылық.

*Кәсіби құзыреттілік.* Қазіргі ақпараттық қоғамда әр адам өзінің қызығушылықтарына, қабілеттеріне, ішкі әлеуетіне қарай бір мамандықты немесе кәсіпті дұрыс таңдауы маңызды. Мамандықты терең менгеруге байланысты *кәсіби құзыреттілік* ұғымы кеңінен талқылана нуда, себебі бүгінгі қоғам кәсіби құзыреттері, практика сұранысына жауап бере алатын мамандарды талап етуде.

Қазіргі білім берудегі негізгі нормативті құжаттардың басым көпшілігінде «*құзыреттілік*» ұғымы негізгі түйін сөздер қатарында қарастырылып келеді. Алдымен «құзыреттілік» ұғымының этимологиясына тоқталатын болсақ, ол ятын тілінің «*comprete*» деген сөзінен аударғанда «білу», «істей алу», «қол жеткізу» деген мағынаны білдіреді.

Педагогикалық терминологиялық сөздікте *құзыреттілік* ұғымы екі тұрғыдан сипатталған: 1) *құзыреттілік* - нақты білімдері мен дағдылары арқылы кейбір міндеттерді шешуге ат салыса алатын немесе мәселені өз бетінше шеше алатын жеке тұлға мүмкіншіліктері; 2) *құзыреттілік* - танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттердің теориялық тәсілдерін менгеру дәрежесімен анықталған жеке тұлғаның білімділік деңгейі.

*«Кәсіби құзыреттілік»* ұғымы ең бірінші жеке тұлғаның кәсіби білімінің деңгейімен, жеке қабілеттерімен, өзін-өзі үздіксіз жетілдіру іскерлігімен, өз ісіне деген шығармашылығымен, жауапкершілігімен, теориялық білімдерін практикада тиімді қолдана алуымен анықталады.

Мамандардың біліктіліктері, кәсіби құзыреттіліктері адамның жалпы мәдениетке қатынасын анықтайтын қажетті компонент болып табылады. Мәдениеттің маңызды ерекшеліктері болып жеке тұлғаның өткен ғасырлар мұрасына терең, саналы түрде қастерлі қатынаста болуы, шығармашылықпен қабылдай алу іскерлігі, кез келген іс-әрекеттер немесе қарым-қатынастар саласындағы шынайылықты түсінуі және жағымды тұрғыда өзгертуге ұмтылысы жатады. Мәдениет – адам білімділігі мен кәсіби құзыреттілігінің жоғарғы көрінісі. *Мәдениет* - адам жанын да, қоғамды да, табиғи ортаны да ізгілікке бөлейтін пәрменді ерекше құрал.

Білім берудің ең жоғарғы құндылығы және жоғарғы мақсаты – жеке тұлғаның және социумның *ділін* қалыптастыру. Діл ұғымы адамның мінез-құлқының, дүниетанымының, дүниені қабылдауының терең негіздерін қамтиды.

*Діл (ментальитет)* – тұлғаның, адамдар тобының немесе белгілі бір социум дүниетанымының, дүниеге деген көзқарастарының және

мінез-құлықтарының терең жатқан негіздері болып табылатын мәдениеттің мазмұны. Діл – адамның санасына терең сіңісіп қалған рухани құбылыс. Діл қай халықтың болмасын мәдениетінен, дінінен, өмірлік тұрмысынан, философиялық идеяларынан және білім беру жүйесінен туындап қалыптасады.

Сонымен білім берудің нәтижелілігін мынандай тізбек ретінде қарастыруға болады: *сауаттылық – білімділік – кәсіби құзыреттілік – мәдениет - діл*. Білім берудің нәтижелілік тізбегінде діл ең жоғарғы сатысында тұрады, және ол тізбектегі басқа бөліктердің жалпы мазмұнын анықтайды.

*1.3. Қазіргі білім беру парадигмасының нәтижеге және жеке тұлғаға бағдарлануы.* Білім беру саласының әрбір даму кезеңдеріне тән заманауи үлгі, модель ретінде қабылданатын өзіндік теориялық, әдіснамалық ерекшеліктері болады. Бұл жалпы педагогикалық қауымдастықтың қабылдаған даму бағыттарының жонтығы ғылыми тілде *парадигма* деп аталады. Парадигма ұғымын ең бірінші болып ғылыми пәндердің дамуының түрлі кезеңдерін зерттеген американдық тарихшы Т.Куин болған. Оның пайымдауынша әр ғылымның дамуында мынандай кезеңдер бар: парадигманың орнығуына дейінгі кезең, парадигманың қалыптасуы, орнығуы; ғылым саласындағы дағдарыс, парадигмалардың ауысуы.

Заман өзгеруіне байланысты парадигмалардың ауысып отыруы заңды құбылыс. Оны философиялық заңдар да дәлелдейді. Ал педагогикалық парадигма дегеніміз нақты педагогикалық міндеттерді шешудегі үлгі, стандарт, өлшемдер, модель ретінде ұстанатын, қалыптасып қалған негізгі ғылыми жетістіктер, әдістер, теориялар, көзқарастар жүйесі. Жаңа парадигмалар келешектегі ғылыми зерттеулердің бағыттарын анықтайды, оларға негіз болады. Мысалы: қазіргі отандық педагогикада мынандай парадигмалардың ауысуы байқалады: *«білімді адам»* парадигмасының орнына *«өмірге бейімделген, белсенді, шығармашылық тұрғыдан ойлай алатын, және өзін-өзі адамгершілік, ақыл-ой жағынан дамытуға қабілетті адам»* парадигмасының ауысуы айқын көрінеді. Яғни, бұрынғы көзқарастар бойынша адамға білім, білік, дағдылар жүйесін менгерту жеткілікті деп есептелінген болса, қазір ол жеткіліксіз. Себебі адам тек дайын білімдерді менгерген болса, бірақ оны шығармашылықпен практикада қолдана алмаса, өзін-өзі жетілдіріп отыруға бейімделмеген болса, онда бұндай адам қоғам талабына жауап бере алмайды.

Сондықтан қазіргі білім беру саласында жаңа педагогикалық парадигма қалыптасуда. Қазір білім беру жүйесі педагогикалық жанашыл идеяларды енгізуге дайын, ашық салаға айналып келеді. Осыған байланысты білім беру парадигмасы да өзгереді: *адамның еркіндігін шектейтін білім берудің қатаң жүйесінің орнына өзінің қызығушылықтарына, қабілеттеріне сәйкес жеке білім алу жолын (траекториясын) саналы түрде таңдай алатын адам* парадигмасының ауысуы орын алуда.

Қазіргі білім беру саласындағы дағдарыстық жағдайлардан шығудың басты тетіктерінің бірі – педагогикалық парадигманың өзгеруін талап етіп отырған маңызды тетіктер қатарында білім берудің *нәтижесі және жеке тұлғаға бағдарлануы*. Бұл бағыттардағы зерттеулердің барлығы өз алдына жеке-жеке педагогикалық теорияларға айналууда.

Білім берудегі *жеке тұлғаға бағдарлану тұлғалық бағдарлық бағыт* оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі әр оқушы тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауды көздейді. Педагогикалық сөздіктерде тәрбие барысындағы жеке *тұлғаға бағдарлану тұлғары деп* педагогтардың оқушыны тәрбиелік ықпалдың саналы, жауапты субъектісі ретінде қабылдайтын бірізді қатынасын атайды. Педагогика саласында бұл теория тәрбиенің субъект-субъектілі үдеріс ретінде анықталуына байланысты ХХ ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап қалыптаса бастады. Оның әр түрлі философиялық, психологиялық-педагогикалық аспектілерін Б.Г.Ананьев, А.Г.Асмолов, М.С.Каган, В.В.Сериков, И.С.Якиманская т.б. көптеген ғалымдар зерттеген.

Бұл теория бойынша педагог әрбір балаға *объект* ретінде емес, керісінше, оны белсенді позицияға қойып оқушы тұлғасын *субъект* ретінде қабылдауы қажет. Яғни әрбір баланың жеке дара тұлға екені ескеріліп, оның құндылығын басты мәселе ретінде қарастырған абзал. Бұл идеяның негізгі мақсаты – балаға құрмет көрсете отырып оның өзін-өзі жеке тұлға ретінде сезінуіне жағдай жасау, өзіндік санасын, өзін-өзі іске асыра алу, өз күшіне деген сенімділікті арттыру сияқты мүмкіншіліктерін дамыту. Білім беру үдерісінің тұлғаны дамытуға бағдарлануы оқушылардың білімді меңгеру арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізе алатындығын басты назарға алады.

Барлық дамыған мемлекеттер білім беруге инвестиция жасаудың ұтымдылығын бағалай отырып, оның нәтижелілігін негізгі басымдық ретінде қарастыруда. Сондықтан білімнің практикалық құндылығын арттыру мақсатында оқушылар бойында қажетті сапаларды қалыптастыру үшін олардың *функционалдық сауаттылығын* дамыту қажеттілігі заман талабына айналды. Кең мағынадағы *функционалдық сауаттылық* білім беру үдерісінің адамдардың көп жоспарлы қызметімен байланысын кіріктіретін *тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі* ретінде түсіндіріледі. Функционалдық сауаттылықтың маңыздылығы адамның қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынасқа тез бейімделіп, өз білімдерін өмірлік тәжірибеде тиімді пайдалана алуында.

Әлемдік деңгейдегі функционалдық сауаттылық идеясына негізделген оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламалары: (PISA - Program for International Student Assessment), TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study), PIRLS (Progress in International Reading Literacy Study).

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жаңа кезеңінде 12-жылдық жалпы орта білім беру негізінде жас ұрпаққа білім берудің мазмұны күрделеніп, оқушылардың болашақ кәсіптерін саналы түрде таңдай білуге бейімдеу, сол арқылы білікті және қазіретті маман болып қалыптастыру, ел мүддесі үшін қызмет ететін ерікті азаматтар ретінде тәрбиелеу әр мектептің аса жауапты міндеті. Байқал отырғанымыздай, қазіргі кезде білім беру барған сайын қоғамдық өмірдің барлық саласына еніп, жалпылық сипатты иеленіп, тұтастай қалыптасып жатқан үздіксіз білім беру жүйесінің бір маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл салада мектеп пен жоғарғы оқу орындарындағы сабақтастық, мектеп бітірушілердің болашақ мамандықтарын *бейіндік оқыту* арқылы дұрыс таңдай алулары, сол таңдаған кәсіптері арқылы әр тұлғаның толық өздерін іске асыра алулары көзделген.

*1.4. Білім беру саласындағы өзгерістерге әсер ететін факторлар.* Білім беру феномені ХХІ ғасырдағы стратегиялық басымдықтардың біріне айналу себебі оның әлеуметтік мәнінің өзектенуімен айқындалып, білім беру жүйесінде үздіксіз реформалар енгізілу үстінде. Енді осы өзгерістерді туындататын негізгі *факторларды* қарастырып өтейік.

*1) Жаһандану үрдісі.* Бүкіл дүниежүзілік деңгейде мемлекеттердің өзара ықпалдасуына әсерін тигізіп тұрған жаһандану үрдісі адамдардың планета көлемінде көрініс тауып отырған экологияның бүлінуі, су ресурстары үшін күрес, ғаламдық жылыну қаупі, мемлекеттер мен құрлықтардың экономикалық даму деңгейлеріндегі үлкен айырмашылықтар, ядролық қару зардаптары, саяси тұрақсыздық және терроризм секілді ауқымды мәселелерді шешу әлемдік қауымдастықтың бірлесіп әрекеттесуін қажет етеді.

Ағылшын тілінен аударғанда «жаһандану» сөзі әлемдік, жалпы, бүтін, бәрін қамтушы мәнін білдіреді. Жаһандануды әрі дүниежүзілік кишілікке ену, әрі әлемдік қарым-қатынасқа көпқатты қауымдастықтардың кіруі ретінде түсіндіруге болады. Сонымен, *жаһандану* – қарқынды өсіп жатқан дүниежүзілік дәрежедегі факторлардың жеке мемлекеттердегі шынайы әлеуметтік жағдайларға ықпал ету үрдісі.

*2) Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың* қарқынды дамуы негізінде адамдардың тұрғылықты жерінің аумағынан аспай-ақ алыстағы қажетті ақпараттарға қол жеткізу мүмкіндіктері көбейді. Дәлірек айтсақ, бұрынғы кезде адамдар басқа елдің адамдарымен тек хат, телеграмма және т.б. арқылы қатынаса алса, қазір адамдардың қарым-қатынасы уақытпен де, кеңістікпен де еш шектелмеген. Электронды техника мен телекоммуникация желілерінің *on-line* форматтарының дамуы арқасында қазіргі адамға жер шарының кез келген нүктесіндегі адамдармен байланысу мүмкіндіктері кеңінен ашылған. Ақпараттан

дыру үдерісі әр адамды әлемдік қауымдастықтың бөлшегі екенін сезіндіріп, объективті шындық шегінің кеңейгенін ұғындырды.

3) Әлемдік өркениеттің дамуында *гуманистік қағидалардың* өзектенуі. Дүниежүзі бойынша байқалып отырған экономикалық дағдарыстар мен қатар адамдар арасындағы рухани-адамгершілік дағдарысының белең алуы қоғамды ізгілендіру мәселесін күшейте түсті. Бұл мәселе адамдардың білімділігімен, олардың кәсіби құзыреттілігімен, адами құндылықтарымен тығыз байланыста қарастырылуда. Қоғамның бәсекеге қабілеттілігі оның адами капиталының сапасына тікелей байланысты.

4) *Интеллектуалды әлеуетті дамыту маңызы*. Адамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту - заманымыздың ең қажетті талаптарының бірі. Барлық дамыған мемлекеттердің ұтымды басымдықтарының бірі ретінде қоғамның интеллектуалды әлеуетін дамыту мәселесімен байланыстырады. Интеллектуалды әлеуетті дамытудың іргетасы – *білім беру саласы*. Сапалы білім беру арқылы мамандар мемлекеттің экономикасын, ғылымы мен мәдениетін дамытатын негізгі қозғаушы күшке айналады.

Осындай ауқымды факторлардың ықпалынан *дүниежүзлік білім беру жүйесінің негізгі даму бағыттары* айқындала түсті:

1) *Білім беру – XXI ғасырдағы стратегиялық басымдылық*. Дүниежүзілік деңгейде білім беру мемлекет дамуының негізгі басымдықтарына ауысуда. Әр мемлекет өз азаматтары үшін білім беруді жан-жақты қамтуға тырысады, себебі онсыз қоғам дамуында көп қиындықтар туындауы мүмкін. Барлық азаматтар білім алуға құқылы және білімдерін жетілдіру арқылы ғылымның, экономиканың, өндірістік саланың, техниканың дамуына өз үлестерін қоса алады.

2) *Білім беру үрдісінің жалпы әлемдік стандарттарға сәйкестендірілуі*. Қазақстан Республикасы орталық Азиядағы Болон үрдісіне бірінші мүше болған мемлекет болып табылады. 2010 жылғы Қазақстан Республикасы тұңғыш рет әлемнің 47 елдерімен қатар жоғары білімнің Болондық үдерісіне қатысушы елдердің министрлері комитетінің шешімімен Болон декларациясына қол қойылған күн және жоғары білімнің Еуропалық кеңістігінің толық құқықты қатысушысы болып табылды. Болон үдерісіне қатысудағы мақсат - еуропалық білімге бару жолын кеңейту, оның сапасының одан әрі жоғарылату, білім берудің несиелік жүйесін қолдану, студенттер мен оқытушылық құрамның мобильділігін жоғарылату және де Қазақстандық ЖОО-ның бітіруші түлектеріне Еуропа аралық білім стандартына сай диплом беру болып табылады.

3) Жаһандану әсерінен отандық білім беру жүйелерінің *әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктірілуі*. Әлемдік білім беру кеңістігін не құрайды? Оның құрамына мақсаттары, міндеттері, мәдени салт-дәстүрлері, философиялық негіздері бойынша ерекшеленетін *ұлттық білім беру*



жүйелері кіреді. Осындай әр түрлі білім беру жүйелерінің өзара байланыстары, әрекеттестіктері әр адамның дүниетанымының кезеңіне, рухани тұрғыдан баюына, мәдениетінің қалыптасуына септігін тигізіп, өздерін әлемдік білім беру кеңістігінің бір бөлігі ретінде сезіне алуларына мүмкіндік тудырады.

4) *Үздіксіз білім беру үдерісі.* Білім шексіз, білім алу бір қысқа мерзімді үдеріс емес, керісінше, адам өмір бойы білімін жетілдіріп, танымын тереңдете беруі керек. Қазіргі ақпараттық заманда білім тез-ақ ескіріп қалатыны айқын байқалуда. Осыған байланысты әр адам жинақтаған білімін үнемі жан-жақты толықтырып, жанартып отыруы қажет. Сондықтан қазіргі кезде «қосымша білім беру», «үздіксіз білім беру», «маманның кәсіби біліктілігін жетілдіру», «өз бетінше білім алу», «диетанциялық білім беру» ұғымдары психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік әдебиеттер мен мерзімді педагогикалық басылымдарда өте жиі талқылануда.

5) *Білім беруді гуманизациялау үдерісі.* Білім беруді гуманизациялаудың басты идеясы – адам тұлғасының құндылығын жоғарлату, адам – барлық іс-әрекеттер өлшемі, адами фактордың сапасын жақсарту мәселесі өзектенуде. Педагогикалық сөздікте *гуманизм* - адам тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауға негізделген көзқарастар жиынтығы; тұлғаның құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған және тұлғаның жан-жақты дамуын қарастыратын ілім ретінде түсіндіріледі. Гуманизм – адамның өмірлік ұстанымы, оның қағидалары адамның адами қасиеттерін сақтап, оны тек жағымды, жақсы ізгі істерге бағыттайды. Қазіргі жаһандану заманында білім беру саласының да жетекші идеясы, жоғарғы гуманистік мәні - тұлғаны ең жоғары құндылық ретінде қарастыруында. Сондықтан оқыту-тәрбиелеу процесін ізгілендіру мәселесіне басты назар аударылуы қажет.

6) *Білім берудегі дарындылықты дамыту идеялары.* Әлемдік білім беру тәжірибесінде оқушылардың арасынан аса дарынды, талантты балалармен жұмыс істеу, олардың дамуына қолдау көрсету мәселелері ерекше назарға ие. Осындай оқушыларды оқытудың өзіндік тұжырымдамасы негізінде арнайы мекемелер жұмыс істейді. Қазақстанда дарынды балаларға арналған мектептер тәжірибесінде барлық балалар бірдей емес, бірақ әр баланың ерекше байқалатын дарыны болуы мүмкін. Сондықтан әр баланың шығармашылығын, дарындылығын одан әрі дамыту жолдары жан-жақты зерттелуде.

7) *Көпмәдени тұлғаны тәрбиелеу.* Көп ұлтты қоғамда әр адам бойында толеранттылық қабілеттерін дамытып, өзара сыйластық және сенімділік қағидаларын қалыптастыру өте маңызды. *Көпмәдени тұлғаны қалыптастыру* ретінде әр елдің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып адамның салт-дәстүрлерге бай түрлі мәдениеттер, құндылықтар жағдайына бейімделуін, олардың түрлі мәдениеттер арасындағы ынтымақтастықта өмір сүруге ұмтылушылықтарын нығайту қарастырылады. Әр

халықтың мәдени өзгешеліктерін сақтай отырып халықтар арасындағы достықты, түсіністікті нығайту көпмәдениеттілікке тәрбиелеудің маңызды бағыттарының бірі. Ал сол көпмәдени тұлғаны қалыптастыру білім беру үрдісінде іске асырылып, оның нәтижелерінің бірі болып табылады.

8) *Білім беру мазмұнын жаңарту*, жана оқыту әдіс-тәсілдерін, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. Білім беру саласы көптеген реформаларға ұшырайтын салалардың бірі. Қазіргі ақпараттық ағымның жылдамдығына байланысты білім беру мазмұны да жаңартылып отыруды қажет етеді. Қазақстан Республикасында жалпы орта білім берудің жаңартылған бағдаламасы 2016 жылдан бастап мектептерге енгізілуде. Білім беру мазмұнының өзгерісімен қатар ондағы оқу мен оқыту міндеттері, оқытудың әдіс-тәсілдері, оқыту формалары, оқу құралдары айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда.

9) *Инклюзивті білім беру* - жалпы білім беру мектептеріндегі балалармен бірге дамуында ауытқулары бар, қабілеттері шектелген балалардың білім алу мәселелерін зерттеу және практикасын жетілдіру үдерісі. Инклюзивті білім беру арқылы қабілеттері шектеулі балалардың әлеуметтенулері, қоғамдық қарым-қатынастарға бейімделуі жеңілдейді. Сонымен қатар ондай оқушылар арнайы дефектолог-мұғалімдердің қарамағында және қолдауында болады.

### *1.5. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің заңнамалық негіздері мен мемлекеттік білім беру саясаты.*

Қазақстанның білім беру жүйесі мен педагогикалық ғылымы ХХ және ХХІ ғасырлар тоғысында әлемдік білім кеңістігінде болып жатқан тиімді жаңалықтарды қабылдай отырып қарқынды түрде дами түсті. Адамзаттың өмір сүру тәсілдеріндегі, ойлау жүйесіндегі, идеяларындағы өзгерістер қашан да болсын білімнің қоғамдағы орны мен рөліне тікелей ықпал жасайтыны белгілі. ЮНЕСКО ХХІ ғасырдағы білім саласы бойынша дүниежүзілік деңгейдегі білім құндылығының негізін құрайтын мәселелерге ерекше көңіл бөлуде. Олар – ынтымақтастықта өмір сүруге, білімді меңгеруге, еңбек етуге үйрену болып табылады.

Еліміз егемендік алғаннан кейін Қазақстанда білім берудің ұлттық моделі қалыптасуда. Онда білім мен тәрбие берудің ұлттық дәстүрін әлемдік білім кеңістігінде орын алып отырған өзгерістермен өзара байланыстыруға айрықша көңіл бөлінуде.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңістігіне кіріктіру мақсатында білім беру саласындағы әлемдік деңгейдегі жүйелі өзгерістер мен жаңа бастамаларға сәйкес Қазақстанда іргелі реформаларды іске асыруға мүмкіндік берді.

Еліміздегі білім беру жүйесін жандандыруға байланысты “Білім туралы” Заң, Мемлекеттік “Білім” бағдарламасы, Білім берудің Стратегиялық бағдарламасы т.б. қабылданды.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің тұжырымдамасы негізінде 1996 жылы оқу үдерісін ұйымдастыруға негіз болатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы орта білім стандарты туралы Ереже бекітілді. Ереже білім стандарттарының негізгі қызметі мен құрамын анықтауға, пәндер бойынша білім стандарттарын жасауға, базистік оқу жоспарын жана нормативтік құжат ретінде ұсынуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы орта білім стандарттары, Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептердің мемлекеттік базистік оқу жоспары қабылданды.

**Білім беру стандарттары** - оқу пәндері бойынша білім мазмұнының құрылымы мен құрамының нормаларын және оларға қойылатын талаптарды рәсімдейді, сондай-ақ білім мазмұнының мемлекеттік минимумы мен оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді. Мемлекеттік білім стандарты бір-біріне сабақтас үш құрамдас бөліктен тұрады: 1) тұжырымдамалық, 2) нормативтік, 3) әдістемелік бөліктер. Бірінші бөлікке бұған дейін дайындалған мектептің дамуы мен ондағы білім мазмұны жөніндегі екі тұжырымдама ендірілген. Екінші бөлікке, нормативтік қызмет атқаратын жана құжат - базистік оқу пәндері, үшінші бөлікті оқу-әдістемелік кешен құрайтындығы нақтыланған.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарының бастауыш, негізгі, жоғары сатыларындағы жалпы орта білім берудің стандарттары 34 пән бойынша қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде жарияланды. Мемлекеттік білім беру стандарттары оқу пәндері бойынша: базалық білім мазмұнына, білім беру бағдарламаларының түрлеріне, оқу жүктемесінің көлеміне, мектептің әр сатысындағы оқушылардың міндетті (минимум) дайындық деңгейіне, оқу үдерісіне ұйымдастыру және оны жүзеге асыру шарттарына қойылатын жалпы талаптарды белгілейді.

Стандарт балалардың денсаулығын қорғау ісіне, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына және оқу үдерісінің сапасын көтеруге қолайлы жағдайлар туғызуга қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы орта білім стандарттары негізінде дайындалған базистік оқу жоспарларының құрылымы екі бөліктен тұрады:

- инварианттық бөлік-қоғамдық мұраттарға сәйкес оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды, ұлттық және жалпыалемдік мәдениетті меңгеруді қамтамасыз етеді;
- вариативтік бөлік - оқушылардың қызығушылығын, тұлғалық ерекшелігін ескере отырып жеке тұлғаны дамуына жағдай жасайды.

Инвариантты және вариативтік бөліктер білім мазмұны жағынан бір-бірін толықтырады. Мектептің оқу жоспарына сәйкес білім берудің үш түрі қамтылады:

- жалпы орта білім берудің базалық ядросы болып табылатын міндетті компоненттер;

- мектептің, аймақтың ерекшеліктеріне байланысты және оқушылардың таңдауы бойынша таңдау компоненттері;

- элективтік арнайы курстар, факультативтік сабақтар, т.б..

**Орта білім беру:** құрылымы мен мазмұны мазмұндық және ұйымдастырылуы бойынша орта білім беру толық кешенді мектептер, гимназиялар, лицейлер деп үш типке бөлінеді. Меншігіне қарай мемлекеттік және жекеменшік мектептер деп екі түрге бөлінеді. Оқытудың формаларына қарай – күндізгі мектеп, атаулы мектептер, интернаттар деп бөлінсе, оқытудың ерекше жағдайына қарай мектеп-интернаттар, дарынды балалар мектебі, мүмкіндігі шектеулі балалар мектебі деп аталады.

Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңына сәйкес үш сатылы: бастауыш саты (1-4 сынып), негізгі (5-9 сынып) және (10-11 (12) сынып) жоғары сатыны қамтитын міндетті және тегін орта білім беру әлемдік білім беру үдерісіне сәйкес жетілдірілді. Орта білім берудің әртүрлі жолдары айқындалды. Жалпы білім беретін мектеп (күндізгі, кешкі, қашықтықтан оқытатын (сыртқы), кәсіптік мектептерге (лицей) және мектептің жоғары сатысының жалпы және кәсіби білім беретін оқу мекемелері мектеп бағдарламасы бойынша кәсіби білім алатын колледждер негізінде ұйымдастырылатын болды.

**Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында:**

- **гимназия** – негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оқушыларды олардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес тереңдетіп, салаға бөліп, саралап оқытуды көздейтін, жалпы орта білім беретін оқу орны;

- **лицей** – негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оқушыларды кәсіби бағдарлап оқытуды жүзеге асыратын жалпы орта білім беретін оқу орны;

- **мектеп-гимназия (мектеп-лицей)** – гимназияның жалпы білім беру бағдарламаларын – гимназия сыныптарында; лицейдің жалпы білім беру бағдарламаларын лицей сыныптарында іске асыратын жалпы білім беретін орта оқу орны деп түсініктеме берілді.

Қазақстан Республикасы елді мекендерінің тарихи және географиялық орналасуларына байланысты шағын кешенді мектептер елеулі орын алады. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңында “шағын кешенді (шағын жинақталған) мектептер – сынып жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп”, педагогикалық сөздікте “шағын жинақталған мектеп – сынып-жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп,” деп атап көрсетілген.

Шағын кешенді мектептердің ерекшелігі мұғалімге бірнеше пәнді қатар жүргізуге, кейде мұның үстіне мектепті басқару міндеттерін де қоса атқаруға тура келеді. Шағын кешенді мектептер бастауыш, негізгі және жоғарғы болып үшке бөлінеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25 ақпандағы 2000 жылғы № 300 қаулысына сәйкес шағын кешенді мектепті ұйымдастыруда қамтылатын оқушы саны былайша белгіленген:

- 1) 5 және одан да жоғары бала болса - бастауыш саты;
- 2) 41- ден жоғары оқушы болса - бастауыш және негізгі саты;
- 3) 81-ден жоғары оқушы болса - жалпы орта білім беретін оқу мекемесі.

Шағынкешенді мектептерде білім беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы орта білім стандарттарына, базистік оқу жоспары мен бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

XXI ғасырдың басында Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне қосу ұлттық экономикалық даму үдерісінің негізінде іске асырылды. Республиканың жалпы орта білім беру жүйесін 12 жылдық әлемдік білім кеңістігіне сәйкестендіре отырып көшіру негізгі реформалардың бірі болып отыр.

Қазақстандағы жалпы орта білім беру жүйесінің 12 жылдық мектеп жүйесіне көшуі бүгінгі әлемдік білім кеңістігіне ерудің бірден-бір жолы болып табылады. Әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне зер салатын болсақ, білім беру жүйесі 12 және 13 жылдықтан тұрады. Мысалы, Ұлыбританияда 12-13 жыл, Франция, Испания, Польша, Жапонияда - 12 жылдық, Италия, Швеция, Германияда - 13 жылдық білім беру жүйесі бойынша білім беріледі.

Еуропалық кеңес қабылдаған декларацияда әлемдік орта білім беру жүйесі 12 жылдық білім беруді қамтамасыз етуді көздеп отыр. Егер кейбір елдерде орта білім беру 12 жылдан кем болса, онда білімді жоғары білім беру жүйесінде толықтыруды қажет етеді. Жалпы орта білім берудің құрылымы – бастауыш (1-4 сынып), негізгі (5-9 сынып), жоғары (10-11,12) сынып. Жалпы білім беретін 12 жылдық мектепте тұлғаның білім, білік және дағдыларын қалыптастырумен қатар, кәсіби бейімділікті қалыптастыру басты орын алады.

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі интеграциялық үдерістердің мақсаттары жоғары білім алуға мүмкіндік берудің алғы шарты ретінде 12-13 жылдық мектептегі оқыту жүйесіне көшу; оқу мерзімі 4 жыл және квалификациясы еңбек нарығы сұранысын қанағаттандыратын және әрі қарай білім алуды жалғастыруға жарайтын “бакалавр” дәрежесі бар жоғары білім беру; “магистр” және “доктор” дәрежелері бар білім беру; барлық ұлттық жоғары білім беру жүйелеріне European Credit Transfer System (ECTS) есептік бірлік жүйесін немесе қайта есептеу, жинақтау функцияларын қамтамасыз ететін жа-

не шетелде оқытудың академиялық талал тұрғысынан мойындалуына кепілдік беретін біріккен жүйе арқылы білім беру.

Халықаралық білім кеңістігінде жоғары білім бойынша кредиттік оқытудың іргелі жүйелері бар. Олар: Еуропалық жүйе - ESTS, американдық жүйе - USCS, британдық жүйе - CATS, Азия мемлекеттерінде және Тынық мұхиты кеңістігіндегі жүйе - UCTS. Қазақстанда білім жүйесін негізінен Еуропалық кредиттік жүйеге /ESTS/ снудің алғашқы кадамдары іске асты. Еуропалық кредиттік жүйе бойынша Еуропадағы Ұлыбритания, Франция, Испания, Германия, Италия т.б. іргелі мемлекеттерде білім беріледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған кредиттік оқыту жүйесі - білім беру жүйесінің Лиссабондық конвенцияның (1997) және Болон декларациясының (1999) Ережелерінің негізгі ұстанымдарын басшылыққа алып жасалынды. Қазақстан Республикасы алдына қойған негізгі мақсаты - кредиттік оқытудың Еуропалық жүйе (ESTS) негізінде білім беру. Әлемдегі 1200 ден аса университетте жоғары білім беру Еуропалық кредиттік оқыту жүйесі негізінде іске асырылады.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

1. Қазіргі кездегі білім берудің 4 аспектісі өзара қалай байланысқан?
2. Білім беру құндылығы қандай компоненттер арқылы сипатталады?
3. Қазіргі педагогикалық парадигманың негізгі ерекшеліктері неде?
4. Білім берудің өзгеруіне әсер ететін қандай негізгі факторлар бар?
5. Кәсіби-педагогикалық құзиреттіліктің мәні неде?

## **2 тақырып. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӘСІП ПЕН ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

**2.1. Педагогикалық мамандықтың пайда болып қалыптасуы және оның өзгешеліктері.** Мұғалімдік кәсіптің ежелгі замандардан бастап қалыптасқанын баршамыз білеміз. Алғашқы қауымдық құрылыстан бастау алып, ғасырлардан ғасырларға түрленіп мән-мағынасы жағынан көптеген өзгерістерге ұшырап, бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатқан тәрбие феноменінің өзектілігі жылдан жылға күшею үстінде. Әр қауымда балалар мен жас жеткіншектерді тәрбиелейтін, олардың есейгендігін дәлелдеуге дайындайтын қарапайым «жақстар үйі» деп аталатын мекемелер пайда болған. Ондағы тәлім-тәрбие беруші беделді адамдар балаларды өмірге дағдыландыру үшін қауымның әдет-ғұрпын, салтын меңгертіп, садақ атуға, аң аулау өнеріне, ептілікке, шыдамдылыққа, батылдыққа үйретіп отырған.

Сонымен қатар қарапайым пиктографиялық жазу түрлері (*picture – сурет, бейне*), петроглифтер (ежелгі грек λέτρος - *тас және* ὑλιφή - *қашау*) пайда бола бастады. Осындай жазу түрлері арқылы алғашқы адамдар келер ұрпаққа мұра ретінде өз тәжірибесін, тұрмыс-тіршілік ерекшеліктерін, әдет-ғұрыптарын бейне ақпарат ретінде жет-

кізбек болған. Сол көне замандағы петроглифтер мен пиктографиялық жазулар қазір жер шарының түпкір-түпкірлерінен табылып, тарих койнауынан сыр ақтаруда.

Алғашқы қоғам өмірінің жетілуіне жүйелі түрде ықпал етіп келген *тәрбие* феномені қазіргі педагогика ғылымының негізгі категорияларының бірі. Адамдар қай қоғамдық формацияда болмасын жас ұрпаққа өз тәжірибесін жеткізіп, білгендеріне үйретіп және мақсатты, саналы түрде өмір заңдылықтарын менгертуге талпынған. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуде мұғалімдік кәсіптің атқаратын рөлі адамзат қоғамының қай даму сатысында болмасын ерекше жоғары бағаланған.

*Білім берудің* өзін қазіргі таңда кең ауқымы әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыра отырып, болашақ мұғалімдерді даярлау барысында *кәсіпке баулу және әлеуметтендіру* үрдістерін ұштастыру қажеттілігін аңғарамыз. Педагогикалық жоғары оқу орындарына келген әрбір студент *жоғары сапалы деңгейде таңдаған кәсібін меңгеруі қажет*, онсыз нағыз мұғалім, нағыз педагог тұлғасы қалыптаспайды, және онсыз *кәсіптік білім беру* ұғымы өзінің бастапқы мәнін де жоғалтып алуы мүмкін.

Педагог мамандығының маңыздылығы оның *қоғам дамуындағы рөлі* жайлы жетекші идеямен өзекті. Педагог мамандығындағы негізгі міндет – қоғам дамуының мақсаттарын жете түсініп, басқа адамдарды сол мақсаттарға жетуге бағыттау. Яғни, мұғалім өскелең ұрпақты қоғамның болашақ азаматтары ретінде тәрбиелеп, олардың әлеуметтенуіне байланысты жұмыстар атқарады. Мұғалімдер қоғамдағы ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік тәжірибені саралап ең дұрыс және ең қажетті жақтарын жасөспірімдердің бойында қалыптастыруға тырысады.

Сонымен қатар мұғалімдер жасөспірімдердің дүниетанымдарын, ұлттық сана сезімдерін, салауатты өмір салтына деген көзқарастарын қалыптастырады. Яғни, мұғалімдерді *баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуін, әлеуметтенуін басқарушысы* ретінде қабылдауға болады. Ұлы орыс педагогы К.Д.Ушинский мұғалім мамандығын жоғары бағалай отырып: *«Мұғалім мамандығы сырттай қарнайым болғанымен - тарихтағы ең ұлы істердің бірі»* - деген сөздері ақиқатпен астарласады.

Адамзат тарихында мұғалім мамандығының ең маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның қай елде болмасын ең *кең таралғандығы*. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарын бітіруші түлектерінің басым көпшілігі педагогтар екенін атап айтуға болады. Бұл педагог мамандығының қоғам дамуы үшін аса қажеттілігінің, зор маңыздылығының көрсеткіші, себебі егер бұл мамандыққа қоғам тарапынан сұраныс болмаса, мұндай көп мамандарды даярлау қажеттілігі де туындамаушы еді. Педагог мамандығы мәңгілік ескірмейтін мамандықтардың бірі. Қазіргі үздіксіз білім беру жүйесінің дамуына бай-

ланысты сапалық деңгейлері жоғары, кәсіби құзіретті мұғалімдерге деген сұраныс жыл сайын көбейе түсуде.

*Мұғалім қызметі тек болашаққа ғана бағытталған.* Мұғалімнің іс-әрекеті, қызметі балалардың болашағына бағдарланып, оның еңбегінің нәтижесі де келешекте ғана көрініс береді. Мысалы, мұғалім еңбегінің жемісі нақты бір іс-әрекет орындалып болғаннан кейін емес, айлар, жылдар өткен соң, шәкірттің бір табысқа қол жеткізуіне байланысты бағаланады.

*Мұғалім қызметі үнемі гуманистік сипатта болады.* Ұстаздық қызметтің тағы бір ерекшелігі - педагогтардың әр шәкіртінің жүрегіне жол таба білуінде, әр баланың бойындағы қабілетті дамыту үшін қолайлы жағдай жасай алу шеберлігінде. Ең бастысы мұғалім оқушының өзін тұлға ретінде сезінуіне көмектесіп, оның бойында өзінің ішкі жан дүниесін, өмірді, әлемді тануға деген қажеттілікті оята білуі керек.

*Педагогикалық еңбектің ұжымдық сипаты.* Мұғалім үнемі мінездері, қызығушылықтары, даму және тәрбиелік деңгейлері әр түрлі қалыптасқан балалар ұжымымен жұмыс істейді. Ал осындай ұжым ішіндегі қарым-қатынастық жүйені дұрыс басқара білу үлкен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Бұл шеберлікті дамытуда педагогика ғылымындағы А.С.Макаренко негізін салып кеткен *тұлғаны ұжымды және ұжым арқылы тәрбиелеу теориясының* маңызы зор. Бұл теорияның тиімділігі көптеген шығармашыл педагогтардың зерттеулеріне негіз болып, тәжірибе жүзінде сыналып, жылдан жылға жетілдірілу үстінде.

*Мұғалімдер аса күрделі үрдісті – оқушы тұлғасының қалыптасуын басқарады.* Мұғалім - оқушы өмірінің іргетасын қалаушы және ғылым негіздерін меңгертетін маман. Мұғалім мамандығы баршамызға ортақ игілікті іс болып табылатын жас ұрпақты *жан-жақты тәрбиелеуге негізделеді*, себебі адам бойындағы тәрбие мен жүйелі білім баланың өмірінің оншақты жылы өтетін орта мектептен бастап қалыптасады.

Мұғалімдер әр баланың тұлғасын қалыптастыруда оларды интеллектуалдық жағынан дамытуды, эмоционалдық, рухани, дене тәрбиелерін жетілудіруді көздейді. Сондықтан мұғалім шәкірттердің жас ерекшеліктері мен қатар *дербес* ерекшеліктерін ескере отырып барлығына ортақ бір тиімді қарым-қатынастық жүйені қалыптастыруға тырысады.

*Мұғалімдерге аса жауапты іс жүктелген.* Мұғалімдерге баланың мінез-құлқының, дүниетанымының, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, жалпы олардың өсіп дамуының ең маңызды кезеңі сеніп тапсырылған.

**2.2. Мұғалім еңбегінің профессиограммасы – мұғалім тұлғасының моделі ретінде.** Адамзат тарихында мұғалім тұлғасына қойыла-



тын талаптар қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайларына байланысты өзгеріп отырған. Мұғалімдердің моральдық-психологиялық, этикалық салалары туралы ойлар шығыс философы Әбу Насыр әл-Фараби еңбектеріндегі айырықша көңіл аударылған мәселелердің бірі. Ол мұғалім бойында шынықтылық, шәкірттеріне де, өзіне де талап қоя алушылық, ықыластылық, қаталдық, күш-жігер және педагогикалық такт сияқты қасиеттердің сақталуын қажет деп санаған. Әл-Фараби ұстаздың мінез-құлп нормасы қандай болуы жайлы былай деп жазады: *«...ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеуі керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру – ұстаздың қадірін кетіреді. Оның берген сабағы мен ғылымға шәкірті селқос қарайтын болады»*.

Педагогика ғылымының негізін қалаушы Я.А.Коменский (XVII ғ.) *«Мұғалімдерге ең тамаша міндет жүктелген, күн астында одан жоғары тұрған еш нәрсе жоқ»* - дей отырып, балаларды оқыту-тәрбиелеу барысында мұғалімдерден табиғатқа сәйкестілік және дидактикалық принциптердің орындалуын талап еткен.

Педагогика тарихында мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар А.Дистервег, К.А.Гельвеший, К.Д.Ушинский, П.Ф.Калтерев, А.С.Макаренко, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, В.А.Сухомлинский сынды белгілі педагогтар еңбектерінде ерекше қарастырылады.

П.Ф.Калтерев мұғалімдердің адамгершілік қадір-қасиеттерінің маңыздылығына көңіл бөле отырып, оқыту мен тәрбиелеу үрдістерінің тұтас жүргізілуі барысында «оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту» қағидасының сақталуын талап етеді.

Мұғалім тұлғасына қойылатын талаптардың күрделенуіне байланысты педагогикалық теорияда профессиографиялық тұрғыдан зерттеулер орын ала бастады. Осы бағытта арнайы зерттеулермен айналысқан ғалымдар Ф.Н.Гоноболин, Н.В.Кузьмина, А.И.Щербатов, В.А.Сластенин, Ю.С.Алферов, Е.И.Антипова т.б. болды.

В.А. Сластенин мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар жүйесін оның педагогикалық еңбекке *кәсіби даярлығы* ретінде қарастырады. Ол даярлықтың құрамына мұғалімнің психологиялық, физиологиялық, даярлықтары мен қатар ғылыми-теориялық және практикалық құзыреттілігін жатқызады. В.А.Сластениннің пікірінше: *«Мұғалім профессиограммасы мамандықтың паспорты ретінде оның квалификациялық сипаттамаларын, яғни қоғамдық-саяси, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық білімдерінің көлемдерін және ғылыми негізделген ара-қатынастарын, сонымен қатар болашақ мұғалімге қажетті педагогикалық, әдістемелік іскерліктер мен дағдыларды қамтуы қажет»*. Профессиограмма – мұғалімнің, оқытушының, сынып жетекшісінің, педагогтың идеалды үлгісі, эталоны, моделі.

В.А.Сластенин ұсынған мұғалім профессиограммасында ол педагогикалық кәсіптің жалпы сипатын және жеке мамандыққа байла-

нысты сипаттарын қарастыра отырып 4 тараудан тұратын мұғалімнің профессиограммасын береді:

1) *Мұғалімнің қасиеті мен сипаттамасы.* Бұған ол мұғалімдердің идеялық, кәсіптік-педагогикалық, танымдық бағыттылығын жатқызады.

2) *Мұғалімнің психологиялық-педагогикалық дайындығына қойылатын талаптар.* Мұнда ол мұғалімдердің білім, білік және дағдыларын біріктіре қарастырады.

3) *Арнайы даярлықтың көлемі мен құрамы.* Бұл тарау болашақ мұғалімдердің шеберлік деңгейінде еңбектенуі үшін қажет болатын жалпы ғылыми негізде дайындық көлемі мен арнайы даярлықтың қалыптасатын нақты білім, білік және дағдыны біріктіреді.

4) *Мамандық бойынша әдістемелік жағынан даярлық мазмұны.* Бұған мұғалімге қойылатын жалпы әдістемелік талаптар және жеке пән мұғалімдеріне қойылатын арнайы әдістемелік талаптар енгізілген.

Жалпылап қарастырғанда қазіргі кезде мұғалім профессиограммасын құруда үлкен тәжірибе жинақталған. Мұғалім тұлғасына қойылатын талаптарды үш үлкен кешенге бөліп қарастыруға болады: жалпыадамзаттық қасиеттері; кәсіби-педагогикалық қасиеттері; арнайы пән бойынша білім, білік, дағдылары.

Педагогтың білімі, білігі, іскерлігі және тұлғалық қасиеттеріне қойылатын минималды талаптар жүйесі ретінде педагогикалық іс-әрекеттің кәсіби стандарты құрастырылады. Қазақстан Республикасында мұғалімдердің кәсіби еңбекке сәйкестілігін, кәсіби өсу деңгейіне қойылатын талаптар жүйесі ретінде *педагогтың кәсіби стандарты* әзірленген. Кәсіби стандартты әзірлеу мақсаты - педагогқа қажетті іскерлік пен дағдылар, білімдер мен құзыреттерді сипаттау. Бұл стандарт бойынша мұғалімдердің категориялары өзгертіледі, мұғалімдердің еңбек функцияларының даму деңгейлері анықталатын болады. Педагогтың кәсіби стандартында бес еңбек функциясы анықталған: оқыту, тәрбиелеу, әдістемелік, зерттеу, әлеуметтік-коммуникативтік.

Қазақстан Республикасының *«Білім туралы» заңында* педагогтардың негізгі құқықтары мен міндеттері анықталған. Аталған заңның 7 тарауының 50-51 баптарында *педагог қызметкердің мәртебесі, құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі* анықталған.

2.3. *Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің сипаттамасы.* Іс-әрекет ұғымы ғылымдарлық ұғымдар қатарына жатады, себебі ол педагогика, психология, әлеуметтану, философия, мәдениеттану сияқты көптеген әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттеу мәселелерінің бірі. Кез келген жеке тұлға тек өзінің белсенді іс-әрекеті арқылы ғана дамитыны белгілі. Сондықтан адамтану ғылымдарының барлығы өз тұрғысынан адам санасы мен іс-әрекеттерін зерттеуге тырысады.

Психологиялық тұрғыдан қарастырғанда *іс-әрекет* - адамның қоршаған дүниемен белсенді қарым-қатынаста болуы арқылы өзін субьектілік позицияға қоюы ретінде қарастырылады. Педагогикалық көзқарастар бойынша *іс-әрекет* – қоғамдық және жеке тұлғалық маңызды нәтиже беретін бір мақсатқа бағытталған белсенділік. Өзіндік жеке іс-әрекеттері арқылы адам басқа әлеуметтік іс-әрекеттерге араласады. Іс-әрекеттің құрылымына мотив, мақсат, құрал, іс-қимылдар, нәтиже, бағалау сияқты компоненттері кіреді.

Педагогикалық-психологиялық ғылымдар саласында *іс-әрекет теориясының* дамуына С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, П.Я.Гальперин т.с.с. психологтардың зерттеулері негіз болған. Суретте көрсетілген іс-әрекет компоненттері бір-бірімен тығыз байланыста болып біртұтас жүйені құрайды. Бұл жүйедегі компоненттер өзара бірі-біріне тәуелді, олардың кез келген компонентін алып тастасак толыққанды атқарылған іс-әрекет болуы мүмкін емес. Әрбір көрсетіліп отырған компонент өзіндік маңызды рөл атқарады.

А.Н.Леонтьевтің пікірінше *мақсат* кез келген іс-әрекеттің жүйе құрастырушы компоненті болып табылады. Шынымен, мақсатсыз іс-әрекет болуы екіталай. Әр адамның алдына қойған жақын және алыс мақсаттары болады. *Мотив* деген компоненттің ішіне адам үшін маңызды рухани, материалдық, әлеуметтік, табиғи-биологиялық қажеттіліктері кіреді.

*Іс-қимылдар, операциялар* – іс-әрекеттің негізгі компоненттерінің бірі. Кез келген іс-әрекет жүйелі түрде орындалатын түрлі іс-қимылдар тізбегінен құралады. Мысалы тұру, жүру, отыру, көтеру, әкелу, ашу, жабу, жүгіру сияқты қимылдар мен қатар қарау, тыңдау, есту, оқу, талдау, тұжырымдау т.с.с. ойлау операциялары да бар.

Іс-әрекет мақсатына қарай *құралдар* таңдалады. Құралдардың өзіндік ерекше орын алатыны белгілі. Олардың өзі іс-әрекет мақсатына байланысты таңдалып еңбек құралдары, ойын құралдары, тіл құралдары, оқыту құралдары т.с.с. бөлінеді.

Іс-әрекет *нәтижесі* деген компонент тұлға үшін маңызды компоненттердің бірі. Жоғарыда аталып келе жатқан компоненттердің барлығы осы нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

*Бағалау* компоненті – іс-әрекет мақсатына жетудің өлшемі. Тұлға орындаған іс-әрекетінің табысты немесе табыссыз ажталғанына баға береді.

Білім беру саласындағы іс-әрекеттік тұрғыдан қарау теориясы *сана* мен *іс-әрекеттің* бірлігі деген психологиялық теорияға негізделеді. Бұл теорияны түбегейлі меңгеру болашақ мұғалімдер үшін өте маңызды.

Адамдардың іс-әрекеттері мазмұнына, орындалу сипаттарына, кәсіптеріне байланысты бірнеше *түрлерге* бөлінеді. Адамның шұғылданатын кәсібіне байланысты іс-әрекеттер медициналық, педагогика-

лық, конструкторлық, инженерлік, бухгалтерлік, т.с.с. түрлерге бөлінеді.

*Мазмұны жағынан* іс-әрекеттерді: танымдық (*қоршаған әлем туралы білімдермен қарулану, дүниені танып білу*); зерттеушілік (*белгісіз құбылыстарды зерттеу үрдісі*); коммуникативтік (*қарым-қатынас орнату алу, тіл табыса алу үрдістері*); білім берушілік (*басқаларға білім беру үрдісі*); өзгертушілік (*қоғамды, өзін жетілдіру үрдісі*) болып ажыратылады.

Әр-түрлі *белгілеріне қарап* педагогика-психология ғылымдарында іс-әрекеттердің негізгі түрлері ретінде: *ойын, қарым-қатынас, еңбек, оқу* іс-әрекеттері қарастырылады.

Қазіргі қоғамда мықпаған еңбек түрлері бар. Тұлғаға қойылатын талаптар жиынтығымен сипатталатын еңбек іс-әрекетінің белгілі бір түрін, адамның дене және рухани күшінің шектеулі бір саласын *кәсіп* деп атайды. *Мамандық* – берілген кәсіптің бір түрі. Мысалы, мұғалімдік кәсіппен айналысатын адамдар көп, солардың ішінде кейбіреулері информатика мамандығын, кейбіреулері тіл және әдебиет, тарих сияқты мамандықтарды меңгереді. Мамандықтарына байланысты информатика пәнінің, тіл мен әдебиет пәнінің, тарих пәнінің мұғалімдері деп аталады. Сонда *кәсіп* деген ұғымның ауқымы *мамандық* ұғымымен салыстырғанда кеңірек екені байқалады.

Жоғарыда аталып отырған іс-әрекет түрлерінің ішінде *педагогикалық іс-әрекеттің* алатын орны ерекше. XX ғасырдың 1950-70жж. көптеген ғылыми-педагогикалық зерттеулер мұғалім мамандығының қыр-сырын, педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктерін жан-жақты талдауға бағытталды: педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы (Н.В. Кузьмина, А.И.Щербаков т.б.); педагогикалық техника (Ю.П.Азаров т.б.); мұғалім профессиограммасы (В.А.Сластенин, О.А.Абдуллина т.б.).

Педагогикалық іс-әрекет деген ұғымның көпқыраулығы мұғалімнің атқаратын *негізгі міндеттер тізбегінен-ақ байқалады*: хабарлау, оқыту, дамыту, тәрбиелеу, зерттеу, болжву, қалыптастыру, құрастыру міндеттері т.б.

Педагогикалық сөздіктерде *педагогикалық іс-әрекет* – үлкендердің өскелең ұрпақты экономикалық, саяси, адамгершілік, әлеуметтік, мақсаттарға сай өзіндік белсенді іс-әрекетке дайындаудағы қоғамға пайдалы іс-әрекеттердің бір түрі ретінде қарастырылады.

*Педагогикалық іс-әрекет* – педагогикалық үрдісте жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеп, дамытуға, өздерін өздері іске асыруға және еркін шығармашылық тұрғыдан өздерін таныта алуларына қолайлы жағдай жасауға бағытталған *кәсіби іс-әрекет*. Педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі – мұғалім. Ал *мұғалім іс-әрекетінің объектісі* – *тұтас педагогикалық үдеріс* болып табылады. Тұтас педагогикалық үдеріс теориясы бойынша оның өзара тығыз байланысқан негізгі компоненттері

ретінде педагог, оқушы, мақсат, міндет, мазмүн, құрал, форма, әдіс-тәсілдер, тапсырма, нәтиже болып табылады.

Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі ерекшеліктері:

1. Мақсаты қоғам мақсатымен анықталады.
2. Басқа іс-әрекеттерді басқаруға бағытталған іс-әрекет (мета-іс-әрекет).
3. Іс-әрекет субъект-субъектілік және субъект-объектілік сипатта болады.
4. Тұлғаның дамуы мен қалыптасуы бойынша жүргізілген педагогикалық қарым-қатынастың нәтижелері болашақта ғана айқындалады.

**2.4. Мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері.** Педагогикалық іс-әрекет нәтижесінің табысты болуы мұғалімнің тұлғалық қасиеттерімен де тығыз байланысты болып келеді. Мұғалімдердің кәсіби маңызды қасиеттерін зерттеумен айналысқан педагогтар: А.К.Маркова, Л.М.Митина, Н.В.Кузьмина, В.П.Симонов, К.С.Успанов, А.А.Молдажанова т.б.

Мұғалімнің қызметі өте күрделі, әрі көп салалы. Мұғалім оқушының жеке басының дамуын, қалыптасуын, оған тәрбие беру және оқыту үрдісін басқарады. Осындай маңызды іске жауапты болғандықтан мұғалімнен жан-жақты терең ғылыми білім, жоғары педагогикалық шеберлік, саяси-моральдық қасиет, табанды ерік-жігер, парасатты мінез-құлық талап етіледі.

Мұғалімдердің кәсіби маңызды қасиеттеріне мынадай негізгі қасиеттер кіреді: оқушыларға деген сүйіспеншілігі, педагогикалық үрдісті жүйелі жүргізе алуы,бақылағыштығы, педагогикалық құбылыстарға талдау жасай алуы,педагогикалық ойлаудың қалыптасуы, қарым-қатынас жасай алуы, ұжымшылдығы, шығармашылығы және т.б.

Мұғалім - өскелең ұрпақтың интеллектуалдық негізін және рухани әлемін қалыптастырушы, сонымен қатар ол халқымыздың болашағы болып саналатын балалар тәрбиесіне жауапты қоғамның сенімді өкілі. Осындай аса ізгі де аса қиын кәсіп мұғалімдерден тұрақты шығармашылықты, ойдың тынымсыз жұмысын, орасан зор жан жомарттығын, балаларға деген сүйіспеншілікті, іске шексіз адалдықты талап етеді.

Қазіргі заман мұғалімі қызметіндегі ең басты ерекшеліктердің бірі - жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды нығайту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматтарын, еңбеккерлерін, отан қорғаушыларын тәрбиелеп шығару. Бұл үшін мұғалім табиғат, қоғам, саясат, өнер, адам, айнала қоршаған дүние туралы ең жаңа ғылыми біліммен қаруланған болуы керек.

Мұғалімнің балаға шынайы сезіммен, құрметпен қарауы балада да мұғалімге деген сыйластық сезімін тудырады. Сондықтан мұғалімнің жалпы мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы, оның интеллектуал-

дық мүмкіндігі, ой-өрісінің кеңдігі, рухани байлығы тұтас педагогикалық үрдісті тиімді ұйымдастыруға зор ықпал жасайды.

Мұғалім профессиограммасына қарап маманның бұл кәсіпке жарамдылығын немесе жарамсыздығын анықтауға болады. Адамның педагогикалық қызметке жарамдылығы теориялық білімнің молдығында ғана емес, сол білімді үздіксіз дамытып отыруында, нақты педагогикалық үрдіс жағдайына бейімдей алуында. Сонымен қатар мұғалімнің өз білімдерін педагогикалық қызметтің мақсатымен, әдістерімен, нақты жағдайларымен байланыстыра, ұштастыра білу шеберлігі шешуші көрсеткіш болып табылады.

Мұғалім тұлғасын сипаттайтын негізгі кәсіби маңызды қасиеттері оның педагогикалық әдебінің көрсеткіші де болып табылады. Тәжірибелі педагог И.Е.Синицаның пікірінше педагогикалық әдеп әр мұғалімнің жас мөлшеріне, темпераментіне, мінез-құлқына байланысты келеді. Педагогикалық әдеп – мұғалімнің ізденісінің нәтижесі.

Сонымен қатар қазіргі зерттеушілердің пікірінше эмпатия ұғымы да мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерінің бірі болып саналады. *Эмпатия* – мұғалімнің оқушылардың психикалық жағдайын, көңіл-күйлерін түсінуі, өзін басқа адамның орнына қоя алуы.

Мұғалім - өз пәнін оқытудың әдістерін жете игерген, шығармашылық еңбек ететін, педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіріп отыратын адам. Мұғалім еңбегінің нәтижелілігі оның табиғи дарындылығында дейтін пікірлер де бар. Сөз жоқ, дарындылық, аса қабілеттілік қай мамандықта болмасын кездеседі. Бірақ адам мамандық ерекшелігімен дүниеге келмейтіні ақиқат. *Педагогикалық шеберлік* – кейбіреулерге ғана берілген табиғат сыйы емес, ол үздіксіз ізденудің, өзін-өзі үнемі кәсіби жетілдірудің және өзінің қалаған мамандығына деген құштарлығынан туындайтын іс-әрекеттер жиынтығы.

**2.5. Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің стильдері.** Мұғалімнің іс-әрекет стилі деп оның кәсіби іс-әрекет түрлерін орындауындағы көрініс табатын әдіс-тәсілдердің тұрақты жүйесін атайды. Әр мұғалімнің іс-әрекеттерінде оның жеке тұлғалық ерекшеліктеріне, құндылық бағдарына немесе өзіндік ұстанымдарына байланысты қалыптасып қалған стильдері болады.

Жалпы алып қарастырғанда мұғалімдердің педагогикалық іс-әрекет стильдері төмендегідей факторлардың әсеріне байланысты қалыптасуы мүмкін: а) іс-әрекет түріне, іс-әрекет ерекшеліктеріне; б) іс-әрекетке қатысатын субъектілер (оқушылар) ерекшеліктеріне; в) мұғалімнің даралық-психологиялық ерекшеліктеріне.

Мұғалім тәжірибесінде орын алатын педагогикалық қарым-қатынастың түрлерімен қатар оның негізгі стильдерін білу маңызды. *Педагогикалық іс-әрекет стилі* - педагогтың өз шәкірттерімен әрекеттесуінің дербес-психологиялық ерекшеліктері. Әр мұғалімнің балалармен қарым-қатынас орнатуында өзіне ғана тән ерекшеліктеріне байла-

нысты оқушылар сыныбында әр түрлі психологиялық ахуал орын алады.

Педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарында педагогикалық іс-әрекеттің мынандай стильдері топтастырылған: авторитарлық, либералдық, демократиялық.

1. Педагогикалық іс-әрекеттің *авторитарлық стилінде* мұғалім оқушылардың қызығушылықтарын ескерусіз өзі ғана шешім қабылдайды, оқушылардың пікірлері маңызды болып есептелмейді, олар тек мұғалімнің айтқанын, нұсқауларын орындаушылар ретінде қабылданады.

2. Педагогикалық іс-әрекеттің *либералдық стилінде* мұғалім өз бетінше шешім қабылдаудан бас тартып, жауапкершілікті әріптестеріне, оқушыларға ысырады. Мұғалім тек оқыту үрдісімен шектеліп балалардың тәрбиесіне көп көңіл аудармайды, оқушыларды өз беттерінше жібереді. Бұндай қарым-қатынас стилі бойынша жұмыс істейтін мұғалімдердің сыныбында үлгерім де, тәртіп те қанағаттанарлықсыз болады.

3. Педагогикалық іс-әрекеттің *демократиялық стилінде* оқушы мен мұғалім педагогикалық қарым-қатынастың тең құқылы субъектілері ретінде қарастырылады. Оқушылар мен мұғалім ынтымақтастық қарым-қатынаста болады, оқушылардың жеке пікірлері есепке алынып, олардың белсенділіктері, шығармашылықтары жоғары бағаланады. Өзара қарым-қатынастары кеңес беру, ақыл айту, өтініш, сенім арту сияқты формалар арқылы іске асырылады.

В.А.Кан-Калик мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастың мынандай топтамасын анықтап көрсетеді:

1. Бірлескен шығармашылық іс-әрекетке әуестену негізіндегі қарым-қатынас (*мұғалім оқушыларды шығармашылыққа ынталандырады, балалар мұғалім соңынан қалмайды*).

2. Достық ықылас негізінде құрылған педагогикалық қарым-қатынас (*мұғалім оқушының ересек жолдасы ретінде қарым-қатынаста болады, татулық, достық қатынас орнайды*).

3. Дистанциялық қарым-қатынас (*түрлі әлеуметтік роль атқаруларына байланысты оқушы мен мұғалім арасында нақты дистанция сақталады, мұғалімнің жетекші ролі орын алады*).

4. Қорқыту арқылы қарым-қатынас орнату (*мұғалімнің өктемдігі басым болады, балалар үнемі мұғалімнің ұрсуынан үрейленіп жүреді*).

5. Балалармен жұмыс істеген кезде әзіл-қалжыңға негізделген қарым-қатынас (*балаларға ұнау үшін жас мұғалімдер қалжыңдасып сөйлеуді ұстанады, бірақ бұл дұрыс нәтижеге жеткізбейді*).

6. Мұғалім шәкірттер алдында өзінің артықшылығын көрсетуге бағытталған қарым-қатынас (*мұғалім тек өзінің беделімен ғана айна-*

лысады, үнемі өзінің балалардан жоғары екенін дәлелдеуге тырысады).

Кейінгі жылдары педагогикалық іс-әрекет стильдерін зерттеуде түрлі критерийлер анықталуда. Аса көп таралған іс-әрекет стилін анықтауда мұғалім бағыттылығы негізге алынып қарастырылады: мұғалімнің оқыту үрдісіне бағытталуы, мұғалімнің оқыту үрдісіне және нәтижесіне бағытталуы, мұғалімнің психологиялық ерекшелігіне байланысты.

Осы аталған бағыттылықтар негізінде мынандай стильдер топтамасы анықталған:

а) *эмоционалды-импровизациялық стиль* (мұғалім үшін оқыту үрдісі, оның жылдамдығы, интуицияға негізделуі маңызды, оқу материалын бекітуге аз көңіл бөлінеді).

б) *эмоционалды-әдістемелік стиль* (мұғалімнің оқыту үрдісіне және оқыту нәтижесіне бағытталуы, оқытуды жоспарлауға, оқу материалын саралауға, бақылап, бағалауға аса мән береді).

в) *пайымдаушылық-импровизациялық стиль* (оқыту үрдісіне және оқыту нәтижесіне бағытталуы, дәстүрлі оқыту әдістерін қолдану, жұмыс жылдамдығы баяу).

г) *пайымдаушылық-әдістемелік стиль* (оқыту нәтижесі ғана маңызды, жоспарлау, оқыту құралдары мен тәсілдерін пайдаланудағы консервативтілік, жаңашылдықтың жетіспеушілігі).

Педагогикалық іс-әрекет стильдері оның нәтижесінің табысты немесе табыссыз болуына әсер етеді. Мұғалім стиліне қарай оның оқушылар арасындағы, ұжымдағы беделі артады немесе төмендейді, оқытатын оқушыларының білім, білік, дағдылары жоғарлайды немесе төмендейді, сондай-ақ өзінің жеке «Мен»-жүйесінің дамуы не дамымай қалуы орын алады. Сондықтан әр мұғалім үшін өзінің педагогикалық іс-әрекет стильдерінің маңызын жақсы түсінуі абзал. Әр жас мұғалім өзінің дербес ерекшеліктеріне, мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне байланысты педагогикалық қарым-қатынастың өзіндік стилін қалыптастырады. Қарым-қатынастың өзіндік стилін қалыптастыру үшін ең алдымен жас маман өзінің психологиялық ерекшеліктерін, құндылық бағдарын, ішкі қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін арнайы зерттеп білуі қажет. Мұғалімнің педагогикалық қабілеттерін зерттеуге арналған диагностикалық әдістемелердің түрлері қазіргі психологиялық әдебиеттерде жеткілікті.

#### Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. Кәсіби іс-әрекет пен педагогикалық іс-әрекеттің айырмашылығы неде?
2. Кәсіп және мамандық ұғымдарының айырмашылығы қандай?
3. Мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттеріне қандай қасиеттер жатады?
4. Педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексивтік іскерлігін қалай түсінесіз?
5. Педагогикалық іс-әрекет стильдері қалай сипатталады?



## 3 тақырып. ПЕДАГОГ ТҰЛҒАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

**3.1. Жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, жеке тұлға компоненттері.** Адам мен қоғамның өзара қатынастарының нәтижесінде жеке тұлға ұғымы ерекше мағынаны иеленеді. Тұлғаның негізгі міндеттерінің бірі – қоғамдық тәжірибені шығармашылықпен игеріп, қоғамдық қатынастар жүйесіне еркін ене алуы. Аталған міндетті шешу барысында тұлға өзінің іс-әрекеті мен қарым-қатынас нәтижелері арқылы әлеуметтік ортада өзін-өзі таныта алады. Осыдан жеке тұлғаның негізгі сипаты болып табылатын оның *әлеуметтік мәні* айқындала түспек.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде К.К.Платонов, Л.С. Выготский, А.Н.Леонтьев, Б.Г. Ананьев т.б. ғалымдар еңбектерінде жеке тұлға ұғымына түрлі зерттеулер жүргізіліп, анықтамалар берілген. Тұлға мәселесін зерттеуде Б.Г.Ананьев *«іс-әрекет субъектісі»* деген ұғымды пайдаланады. «Іс-әрекет субъектісі» деген ұғым өзінің мазмұны бойынша «индивид» және «тұлға» ұғымдарын байланыстырып тұр. *Субъектілік* адамды оның психикалық дамудың ең жоғары сатысы болып табылатын *санасы* арқылы басқа тіршілік иелерінен ажырататын басты белгісі. Өзінің саналы іс-әрекеті арқылы адам қоршаған ортаны өзгерте алады. Сондықтан, *субъект* дегеніміз іс-әрекет ете алу қабілеті бар саналы жеке тұлға. Тұлға – қоғамдық қатынастардың субъектісі, яғни, оның қоғамға әсер ете алуы, оның әлеуметтік іс-әрекеті мен белсенділігі.

Сонымен қатар, тұлға қоғамдық қатынастардың *объектісі* де бола алады, яғни, тұлға қоғамның әсерлі ықпалы нәтижесінде әлеуметтенеді, тәрбиеленеді, білім алады. Жеке тұлға - қоғамдық өмірдегі күрделі, көпжақты құбылыс, қоғамдық қатынастар жүйесінің бір бөлігі. Психология ғылымында *жеке тұлға* деп белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, қоршаған ортамен өзіндік қатынасын түсінетін, психологиялық ерекшеліктері бар нақты бір қоғамның, ұлттың, ұжымның өкілін атайды. Жеке тұлға – қоғамдық мәні бар адам. Кез келген адам өмірге индивид болып келіп, тек қоғамдық қатынастар жүйесі мен еңбек іс-әрекеттері арқылы ғана жеке тұлғаға айналады.

Жеке тұлға – индивидтің әлеуметтік маңызды сапалар жүйесі, оның әлеуметтік құндылықтарды меңгеруі және сол құндылықтарды іске асыра алу қабілеттері. Адам жеке тұлға ретінде өзінің санасының даму деңгейімен, өз санасын қоғамдық санамен сәйкестендіруімен сипатталады. Жеке тұлғалық қасиеттері арқылы адам қоғамдық қатынастарға қатысады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде жеке тұлға туралы тұрақты пікірлер қалыптасқан:

- Әр адам жеке тұлға бола алады.
- Жеке тұлға адамды жануарлардан ажыратып тұрады, жануарларға қатысты тұлға ұғымы қолданылмайды.
- Жеке тұлға – тарихи дамудың нәтижесі.

- Тұлғалық қасиеттері арқылы адам басқа адамдардан ерекшеленеді.

- Жеке тұлға - іс-әрекет объектісі және субъектісі.

Жеке тұлғаның өзіндік белгілеріне оның: саналылығы, жауапкершілігі, жеке «Мен» жүйесінің болуы, белсенділігі (өзінің іс-әрекет саласын кеңейтуге құлшынысы); бағыттылығы (ығта, қызығушылықтар, қажеттіліктер, сенімдер жүйесі); адами-қадір-қасиеттері, әлеуметтік топтармен, ұжымдармен өзара әрекеттестігі жатады.

Педагогикалық сөздіктерде *жеке тұлға* ұғымы - әлеуметтік қатынастардың және саналы іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарастырылады. Жеке тұлға өзін мынандай үш бағытта көрсете алады: іс-әрекеті арқылы, басқалармен қарым-қатынасы арқылы, өзіне деген қатынасы арқылы.

Белгілі психолог К.К. Платонов жеке тұлғаның сапаларын жүйелеп, оның иерархиялық құрылымын анықтаған. Оның пайымдауынша жеке тұлғаның құрылымында туа біткен (биологиялық, тұқымқуалаушылық) және жүре біткен (әлеуметтік) құрамды бөліктері болады. Солардың қатынастары бойынша жеке тұлғаның құрылымы 4 сатыға немесе төменнен жоғарыға қарай қарастырылатын иерархиялық деңгейлерге жіктелген:

- *төменгі 4-ші деңгей* - тұлғаның биологиялық құрылымы, оған адамның темпераменті, физиологиялық жас және жыныстық ерекшеліктері жатады. Бұл құрылымда ешқандай әлеуметтік қасиеттері ескерілмейді;

- *3-ші құрылымдық деңгейде* биологиялық нышандар негізінде *жаттығулар* арқылы қалыптасқан психологиялық процесстердің жеке ерекшеліктері (сезімдер, қабылдау, қиял, зейін, есте сақтау, ойлау, ерік, эмоция) ерекшеліктері жатады;

- *2-ші тәжірибелік деңгейге оқыту үрдісі* арқылы қалыптасқан тұлғаның білім, білік, дағдылары, әдеттері жатады;

- *1-ші жоғарғы тәрбие* арқылы қалыптасатын деңгейге тұлғаның дүниетанымы, сенімдері, идеялары, көзқарастары, қызығушылықтары, тілектері, мақсаттары, әлеуметтік ұстанымдары, құндылық бағдары, моральдық принциптері сияқты әлеуметтік бағыттылықтары жатады. Бұл бағыттылықтар адамның қоршаған әлемге қатынасын көрсетеді.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылғандықтан, қазіргі білім беру саласында негізгі басымдық *жеке тұлғала бағдарлану тұлғарына* беріледі.

**3.2. Педагогтық кәсіпке деген қызығушылық, оның қоғамдағы ролін түсіну** - болашақ мұғалімнің кәсіби жолын таңдауы мен кәсіби өзін-өзі жетілдіру негізі. Ұлттың интеллектуалық әлеуетін дамытудың іргетасы - білім беру саласы және сапалы даярланған педагогтық кадрлар. Осыған орай педагогикалық парадигмалардың жаңару жағдайында болашақ педагогтарды даярлау саласына көптеген өзгерістер енгізілуде.

Педагог кәсібінің өзінде көптеген мамандықтар пайда болып,

кәсіби педагогикалық білім беру саласында болашақ мамандарға дұрыс кәсіби бағыт-бағдар беру мәселесі өзектенуде. Мысалы, қазіргі таңда әлемдік білім беру кеңістігінде мынандай жаңа мамандықтар пайда болып отыр: коуч, тьютор, тренер, мастер, фасилитатор, модератор, білім берудің онлайн-платформасының координаторы, ментор, майнд-фитнес (жеке когнитивтік қабілеттерді дамытушы), т.б. Қоғамда алуан түрлі мамандықтар бар, бірақ оның бәріне адам қабілеті сай келе бермейтіндіктен, мамандықты дұрыс таңдай білу – болашақ маманның болашаққа деген ең маңызды қадамы.

Студенттің мұғалімдік кәсіпті дұрыс таңдауы және болашақ мамандығының әлеуметтік маңызын түсінуі – кәсіби жетістікке жетудің алғышарты. Болашақ кәсіпті таңдау – адам өміріндегі ең күрделі шешімдердің бірі. Адамның өзіне ұнайтын, өмір бойы айналысатын кәсібін дұрыс таңдай білуі үлкен жауапкершілікті талап ететін маңызды қадам. Дұрыс таңдалған кәсіп адам өмірінің мәнін, табыстылығын анықтайды. Кәсіпті таңдауда адам өзінің қызығушылықтарын, қабілеттерін, ерік-жігерін, бейімділіктерін, икемділігін ескеруі керек. Кәсіптік қабілеттіліктерді дамыту ешқашан да кеш болмайды, тек дер кезінде адам өзінің кәсіби қажеттіліктерін, даму бағдарын дұрыс анықтап, соған қол жеткізуді дұрыс жоспарлай білуі керек.

Адам өмірінің маңызды құралдарының бірі – еңбек. Еңбек арқылы адам өзінің ішкі әлеуетін іске асырады, отбасының, қоғамның, Отанының дамып өркендеуіне өз үлесін қосады. Өзіне ұнайтын еңбек түрін дұрыс таңдай білу - адамның бақытқа жету жолдарының бірі.

Мамандықты таңдауда адам өзінің күш жігерін, бейімділіктерін бағалап, еңбектің қандай саласында көп пайда келтіре алатынын анықтап және сол бағытта өзінің қабілеттерін дамыту жолдарын іздестіреді. Таңдалған мамандығы арқылы әрбір адам өз бойында қалыптасқан дағдылар, іскерліктер негізінде әлеуметтік ортаға, қоғамдық іс-әрекеттер жүйесіне қатыса алады. Кәсіп әр тұлға үшін өзінің даралығын, қайталанбастығын көрсетуге мүмкіндік беретін, өмірімен үйлесімді өріліп кететін, маңызды іс-әрекет түрі.

Педагогикалық мамандық «адам-адам» жүйесіне қатысты, себебі ол «құстаз - оқушы» қарым-қатынастық жүйесіне негізделеді. Әр адам үшін ең алдымен осы салалардың қайсысына *бейім екенін анықтап алғаны* абзал. Қай мамандыққа адамның қабілеттері жеткілікті, қай мамандыққа бейімділігі басым екендігін анықтау үшін психология және педагогика ғылымдарында түрлі диагностикалық әдістемелер мен тестер жеткілікті.

**Педагогикалық бейімділік** – тұлғаның педагогикалық кәсіпке деген сезімдік талғамының арта түсуі, құлшынысының, ынтасының жоғары деңгейде танылуы. Педагогикалық бейімділіктің негізі мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке деген және өзіне деген құндылықтық қатынастар жүйесі. **Педагогикалық бейімділік** – адамның педагогикалық іс-әрекеттерге деген қабілеттер жүйесінің даму және қалыптасу деңгейі. Педагоги-

калық бейімділік болашақ мұғалімнің нақты оқыту немесе тәрбиелік іс-әрекетке қатысу кезінде айқындалады. Сонымен, педагогикалық бейімділік болашақ мұғалімнің теориялық және практикалық педагогикалық тәжірибе жинақтап, өзінің педагогикалық қабілеттерін бағалай алу негізінде қалыптасады. Мұғалімнің негізгі кәсіби маңызды қасиеттері ретінде *педагогикалық парыз, педагогикалық жауапкершілік, педагогикалық ұстаным* ұғымдарын атап өтуге болады.

Педагог тұлғасының құрылымында оның *кәсіби-педагогикалық бағыттылығы* маңызды роль атқарады. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы оның негізгі кәсіби маңызды қасиеттерінен құралады. Осы қасиеттердің ішінде мұғалімдік кәсіпке деген қызығушылық, кәсіби-педагогикалық қабілеттер ерекше мәнге ие.

*Мұғалім мамандығына деген қызығушылық* балаларға, олардың ата-аналарына, жалпы педагогикалық іс-әрекет түрлеріне деген жағымды эмоциялық қатынаспен және педагогикалық білім мен іскерлікті меңгеруге деген құлтарлықпен сипатталады.

*Педагогикалық қабілеттілік* - тұлғаның педагогикалық іс-әрекетті орындауда жоғары деңгейде көрінетін жеке қасиеттері. Психологиялық сөздіктерде *педагогикалық қабілеттер* - мұғалімнің педагогтік қызметте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететіндей даралық-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы ретінде анықталады.

Мұғалімнің педагогикалық қабілеттері негізінде оның оқушылар мен әріптестері алдында абыройы жоғарлай түседі. Педагогикада педагог абыройы деген сөз тіркесі педагог авторитеті деген ұғыммен синонимі болып қолданылады. *Педагогтың авторитеті* - оқушыларға деген қатынасын анықтайтын, маңызды шешімдерді қабылдауға құқылы, басқаларды бағалай алатын, оларға кеңес бере алатын мұғалімнің ерекше кәсіби позициясы. Шынайы мұғалімдік авторитет оның жасының үлкендігі мен лауазымына емес, оның жеке тұлғалық, адами қадір-қасиеттеріне қарай анықталады. Абыройлы ұстазға оқушылар сенеді, оны ұстаз ретінде мойындайды, оның идеяларын қолдайды. *Педагогикалық авторитеттің құрылымы* 4 компоненттен құралады:

- *Кәсіби компонент* (білімі, әдістемесі, құзыреттілігі, танымының тереңдігі, т.б.).

- *Тұлғалық компонент* (көзқарастары, өмірлік ұстанымы, құндылық бағдары, мінезі, мәдениеттілігі, т.б.).

- *Әлеуметтік компонент* (кәсібінің әлеуметтік мәнін түсінуі, кәсіби табыстылығы, т.б.).

- *Рөлдік компонент* (лауазымы, қызметтік рөлдері, құқықтары мен кәсіби міндеттері, т.б.).

Педагог кәсібімен айналысатын адам үнемі көпшілік бақылауында болады. Олар оқушылар ұжымының, ата-аналар қауымының, әріптестерінің тікелей болмаса да жанама түрдегі назарында болатыны анық. Мұ-

ғалімдікті таңдаған адам басқаларға үнемі үлгі-өнеге көрсете алуы керек, себебі бұрыннан бері халық арасында ұстаз беделі, ұстаз абыройы жоғары бағаланған. Оның білімімен, ақылдылығымен қатар сөйлеген сөзі, киген киімі, жүріс-тұрысы, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы барынша үйлесімді, жарасымды болуы шарт. Кәсіби-педагогикалық қабілеттердің жоғары деңгейде дамуы *педагог беделінің* қалыптасуы негізі.

Педагогтық кәсіпті таңдау бейімділікке, қабілеттілікке негізделгенімен, кейбір зерттеушілердің пікірінше педагог мамандығын таңдаудың басқа да мотивтері кездеседі: саяси, экономикалық ақыл-ой, қоғамдық және жеке мақсат. Оларды екі түрге ажыратуға болады: 1) айқын анықталған белгілі мотивтер (яғни бір нәрсені жақсы көру, оған деген ұмтылыс); 2) анық емес мотивтер (яғни мұнда негізгі себепті табу қиын).

Е.А.Климов жастардың кәсіби таңдауларын анықтайтын мынандай 8 негізгі факторларды атап көрсетеді: отбасының, үлкендердің пікірлері; құрдастарының пікірлері, мектептегі педагогикалық ұжымның пікірі (мұғалімдер, сынып жетекшісі т.б.); жеке кәсіби және өмірлік жоспарлары; қабілеттері және олардың байқалуы; қоғамдық құрметке иеленуге талпыныс; кәсіби іс-әрекет жайлы хабардар болуы; бейімділіктер.

Көптеген психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде студенттердің *педагогикалық кәсіпті таңдау мотивтерін* жан-жақты зерттеу мақсатында түрлі әдістемелер құрастырылған. Мысалы, И.П.Ильина студенттердің жоғары оқу орындарында оқу мотивтерін анықтау әдістемесі бойынша олардың оқуға келулерінің үш шкаласын анықтайды:

- *«білімді меңгеру»* шкаласы (нақты бір пәнге деген қызығушылықтың басым болуы, білімдерді игеруге деген құлшыныс, білім алуға деген талпыныс);

- *«кәсіпті, мамандықты меңгеру»* шкаласы (кәсіптік білімдерді меңгеруге құлшыныс, кәсіптік маңызды сапаларды қалыптастыру);

- *«диплом алу»* шкаласы (білімдерді үстіртін меңгеріп диплом алуға тырысу, емтихандар мен сынақтарды өтуде жеңіл жолдарды іздестіруге ұмтылу).

Сондықтан да мектеп қабырғасындағы мұғалімдердің барлығының дипломдары біркелкі болса да, олардың кәсіби шеберліктерінің деңгейлері әр түрлі. Бұлай болуы заңды да шығар, өйткені педагогикалық жоғары оқу орынының дипломы – аса үлкен де күрделі іске кірісуге жас маманның құжығы бар екенін білдіретін құжат ғана.

**3.3. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениеті.** Жеке тұлға өзінің саналылығы, ақылдылығы, белсенді іс-әрекеті негізінде қоршаған ортаның дайын заттарын пайдаланып қана қоймай, сонымен қатар оның өзгеруіне, қоғамның дамуына зор ықпал ете алады. Адамзаттың қоғамдық-тарихи даму үрдісінде қалыптастқан материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы *мәдениет* ұғымымен анықталады.

Тұлға мәдениеті қазіргі зерттеуші-ғалымдардың пікірінше мынандай бағыттарды қамтиды:

- ғылымның жаңа жетістіктерін пайдалана білу;
- материалдық құндылықтарға қарағанда рухани құндылықтарды бағалай білу;
- жан-жақты дамыған, қызығушылықтары кең, рухани қажеттіліктеріне сай ұстанымдарын қалыптастыру;
- өз Отанының, туған өлкенің даму тарихын, халық салт-дәстүрлерін, ауыз әдебиетін, халық өнерін біліп бағалау;
- мәдениеттің барлық саласынан хабардар болып, ондағы шығармашылықты бағалай білуі керек (музыка, сәулет өнері, театр, дизайн, би т.б.);
- әр маман өзін-өзі ұйымдастыру, өздігінен даму мәдениетін меңгеруі қажет.

Адамзат қоғамына қатысты мәдениет түрлі қызметтер атқарады: адамды қалыптастыру, мұрагерлік, танымдық, реттеу, коммуникативтік, қарым-қатынастық, т.б. қызметтері бар. Жоғарыда аталып отырған қызметтер арасында мәдениеттің *қарым-қатынастық қызметінің* ерекше көрініс табуының бірден бір себебі - адамдардың әлеуметтік қатынастар субъектісі ретіндегі өзектілігі.

Жеке тұлға бір жағынан *мәдениет туындысы* болса, екінші жағынан *мәдениетті жасаушы*, өңдеуші, түрлендіруші, қалыптастырушы ретінде қарастырылады. Мәдениетті меңгеру арқылы жеке тұлғаның рухани құндылықтары қалыптасады (ақыл, сенім, дүниетаным, сезім, ерік, т.с.с.).

Мәдениет кеңістігінде әр жеке тұлғаның өмірге деген қатынасы арқылы оның рухани құндылықтары, өмірлік ұстанымдары айқын көрініс тауып, өзінің құндылықтық бағдары мен қабілеттеріне сай бір кәсіби саланы таңдайды. Осыдан кез келген кәсіптің өзіндік құрылымы бар екенін аңғаруға болады: кәсіби іс-әрекет пәні, құралы, нәтижесі. Әр кәсіби іс-әрекет өзіндік мақсаты, міндеттері, мазмұны, құндылығы, әдістер мен әдістемелерімен ерекшеленеді. Бір кәсіп төңірегінде қызығушылықтары, бейімділіктері ұқсас адамдар, бір кәсіпті тыңдап, бір кәсіби топ мүшелері атанады.

*Кәсіби мәдениет* белгілі бір кәсіби топ мүшелерінің арнайы кәсіби міндеттерді шешудің әдіс-тәсілдерін меңгеру, тәжірибе жүзінде қолдана алу дәрежесімен анықталады. Мұғалімдік іс-әрекеттің ерекшеліктеріне байланысты *жағлы мәдениеттің* маңызды бір бөлігі - *педагогикалық мәдениет*.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер негізінде кәсіби-педагогикалық мәдениеттің құрылымына *аксиологиялық, технологиялық және жеке тұлғалық-шығармашылық компоненттер* кіреді.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің *аксиологиялық компонентіне* сан ғасырлар бойы қалыптасқан құнды тәлім-тәрбиелік идеялар мен гуманистік тұжырымдамалар, педагогикалық құндылықтар жиынтығы жатады.

Аксиология (грек тілінің «*axia*» - құндылық және «*logos*» - ілім) – құндылықтардың табиғаты жайлы және дүниедегі құндылықтар жүйесі туралы философиялық ілім. Психологияда құндылықтар қоғамдағы моральдық қатынастардың формасы ретінде қарастырылады. Біріншіден, құндылық – жеке тұлғаның (*немесе әлеуметтік топтың, ұжымның*) адамгершілік мәні, абыройы және қоғамдық институттардың (*отбасы, мектеп, бала бақша, қоғамдық ұйымдар, университеттер т.с.с.*) адамгершілік сипаттары болып қарастырылса, екіншіден, моральдық санаға қатысты көзқарастар: моральдық нормалар, принциптер, жақсылық пен жамандық, адалдық, бақыт туралы түсініктер ретінде қабылданады.

Жалпы педагог іс-әрекетіне байланысты құндылықтарды В.А.Сластенин төмендегідей жүйелейді:

- тұлғаның әлеуметтік және кәсіби ортадағы өзінің ролін анықтауымен байланысты құндылықтар (*педагог еңбегінің әлеуметтік мәні, педагогикалық іс-әрекеттің жоғары бағалануы, т.б.*);

- қарым-қатынас қажеттіліктерін қанағаттандыратын құндылықтар және оның шеңберінің кеңейе түсуі (*бағалармен сүйіспеншілік қарым-қатынас, әріптестерімен, ұжыммен үйлесімді қарым-қатынастары, рухани құндылықтармен алмасу т.б.*);

- дербес шығармашылықты дамытуға бағыттайтын құндылықтар (*кәсіби-шығармашылық іскерліктерді дамыту мүмкіншілігі, әлемдік мәдениетке қызығуы, өзін үнемі жетілдіруі т.б.*);

- өзін-өзі іске асыра алуға мүмкіндік беретін құндылықтар (*педагог еңбегінің көп қырлылығы, әлеуметтік жағдайы нашар балаларға көмек көрсете алуы, т.б.*);

- жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін құндылықтар (*қызметіне қарай мемлекет тарапынан еңбек ақысын алуы, жазғы демалыс ұзақтылығы, қызмет бойынша өсуі т.б.*).

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің *технологиялық компонентіне* мұғалім іс-әрекетінің әдіс-тәсілдері, педагогикалық міндеттерді тиімді шеше алу іскерліктері, теориялық білімдерін практикамен ұлғастыра алу қабілеттері кіреді. Нақтырақ айтатын болсақ, бұл мұғалімнің барлық педагогикалық әдіс-тәсілдерді тұтастай меңгере алуы негізінде жан-жақты педагогикалық талдау жасай алуы, нақты мақсаттарды белгілей алуы, дұрыс жүйелі жоспарлар құра білуі, ұйымдастыра білуі, бағалау және түзету әрекеттерін ұтымды жүргізе алуы.

Кәсіби білім беру барысында іс-әрекеттік бағытқа көп көңіл бөлініп, қазіргі кезде «табысты іс-әрекет», «іс-әрекет табыстылығы», «табысты кәсіби іс-әрекет» ұғымдары терең зерттелуде. Себебі кез келген іс-әрекет нәтижесі табысты да, табыссыз да болуы мүмкін. Білім алушылардың табысты кәсіби іс-әрекетке даярлықтарын қалыптастыру - бүгінгі кәсіби педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі.

Технологиялық компоненттің айырықша ерекшелігі – мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінде жаңа әдіс-тәсілдерді, технологияларды, компьютерлік техниканы, ондағы жаңадан ашылып жатқан бағдарламаларды ұтымды қолдана отырып, тәжірибе жүзінде нақты жетістіктер көрсете алуы.

Кәсіби-педагогикалық мәдениеттің *жеке тұлғалық-шығармашылық компоненті* мұғалімнің құндылықтық бағдары бойынша өзінің шығармашылық әлеуетін дамыту ерекшеліктерімен айқындалады. Педагогикалық энциклопедияда *шығармашылық* – адамның белсенді іс-әрекетінің жоғарғы формасы ретінде түсіндіріліп, өзінің әлеуметтік маңыздылығымен және жаңашылдығымен бағаланады. Мысалы қазіргі кездегі ғылымның, техниканың жетістіктеріне (*компьютер, Интернет, ұялы телефон, медицинадағы ультрадыбыстық диагностикалық аппараттар, лазер сәулелері арқылы емдеу, т.б.*) көптеген ізденуші ғалымдардың шығармашылық іс-әрекеттері арқылы ғана қол жеткізіп отырғанымыз анық.

Шығармашылықпен айналысуда адамның тек ақыл-ойы ғана емес, сонымен қатар оның табандылығы, бастаған істі аяғына дейін жеткізе алуы, ойдың еркіндігі мен батылдығы, болжам жасай алуы, өз күшіне деген сенімділігі сияқты тұлғалық қасиеттері өте маңызды. Людвиг Фейербахтың: *«Адам тек... өз күшіне сенген жағдайда ғана дегеніне жете алады»* - деген сөздері тұлғаның дамуының ішкі факторларының маңыздылығын мекзейді. Яғни, шығармашылық адамның тұлғалық қасиетіне жатады, сондықтан мұндай қабілетті әр адам жас кезінен өз бойында дамытқаны жөн.

«Шығармашылық» ұғымына қатысты қазіргі психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік ғылымдар саласында шығармашылық ойлау, шығармашылық қиял, шығармашылық іс-әрекет, шығармашылық ойын, шығармашылық қабілет сияқты терминдер жиі қолданылуда.

Қазіргі кезде адамдардың іс-әрекеттерінің сипатына байланысты шығармашылықтың мынандай түрлері ажыратылады:

- *ғылыми шығармашылық* (бұрынғы ғылыми білімдерге қарағанда артықшылығымен бағалы жаңа білімдер жүйесі);
- *көркем шығармашылық* (жаңа көркем әдебиет туындылары);
- *техникалық шығармашылық* (жаңа техникалық құралдар мен жаңа технологиялар);
- *педагогикалық шығармашылық* (жаңа мазмұн, педагогикалық әдістер, қағидалар, педагогикалық жүйелер т.б.).

Психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында шығармашылық іс-әрекет ерекшеліктерін зерттеумен айналысқандар Л.С.Выготский, С.Д.Рубинштейн, А.В.Брушлинский, О.К.Тихомиров, Т.А.Маслоу, Б.Г.Ананьев т.б. болған.

Педагогикалық іс-әрекеттер ерекшеліктеріне байланысты педагогикалық шығармашылық ұғымы өскінен қолданылады.



В.А.Сластениннің еңбектерінде педагогикалық шығармашылық педагог тұлғасының жеке, психологиялық, интеллектуалдық күштері мен қабілеттерін іске асыру процесі ретінде қарастырылады.

*Педагогикалық шығармашылық* - өзінің жаңашылдығымен, қайталанбастығымен ерекшеленетін шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға бағытталған педагогикалық іс-әрекет.

Шығармашыл мұғалімдердің өзінің ішкі жан дүниесінде, көңіл-күйінде, балалармен қарым-қатынасында үйлесімділік байқалып тұрады. Олар әр сабақты бір шығармашылықты шыңдау лабораториясына айналдырып жібереді.

Педагогикалық міндетті шешудің өзі шығармашылықты қажет етеді. Педагогикалық практикада кездесетін ең қиын міндеттер шығармашыл педагогтың қолында оңай шешімін таба алады.

Педагогикалық шығармашылық бірнеше кезеңдерден құралады.

1. Шығармашылық педагогикалық *міндеттерді анықтау*.
2. Педагогикалық *қызыл ету әдістерін жобалау*.
3. Балалармен тікелей әрекеттесу арқылы белгіленген *жоспарды жүзеге асыру*.
4. Қол жеткізген педагогикалық *нәтижелерді талдау*.

Педагогикалық шығармашылық өз еңбегінің әлеуметтік құндылығын бағалай отырып, кәсіби біліктіліктерін үнемі жетілдіру үшін басқалардың озық тәжірибесін зерттеп отыратын мұғалімдер жұмыстарына тән ерекшелік. Педагогикалық тәжірибе *озық және көпшіліктік* болып бөлінеді. Көпшіліктік педагогикалық тәжірибе - оқыту, тәрбиелеу практикасының жеткен деңгейімен сипатталатын білім беру мекемелерінің және жеке педагогтардың жұмыс тәжірибесі.

Озық педагогикалық тәжірибе деп басқаларға үлгі тұтатын педагогтың асқан шеберлігін атайды. Ал егер педагог тәжірибесінде шығармашылық ізденіс, өте тиімді нәтиже беретін жаңашылдық, бір қайталанбас ерекшелік қамтылған болса онда оны *жаңашыл педагог* деп атауға болады.

Озық педагогикалық тәжірибенің теориялық негіздерін меңгеріп оны практикада қолдану ерекшеліктері қазақстандық педагог-ғалым Ш.Т.Таубасованың еңбектерінде жан-жақты зерттеледі. Ғалымның еңбегінде озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жалпылау, қолдану мұғалімдердің зерттеушілік мәдениетінің құрамды бөлігі ретінде қарастырылады.

Мұғалімдердің озық педагогикалық тәжірибесі - көп жылдар бойы жинақталған, ұтымды, тиімді нәтиже беретін шығармашылық іс-әрекеті. Ш.А.Амонашвили, В.Ф.Шаталов, И.П.Волков, Е.Н.Ильин, С.Н.Лысенкова, К.Н.Нұрғалиев, А.М.Ысқақов, Қ.Айтқалиев, Қ.Бітібаева, Е.А.Очур сынды жаңашыл-педагогтардың тәжірибелері практика жүзінде қолданылып жоғары сапалы нәтиже бергені белгілі.

Сондықтан осындай құнды идеяларды кәсіби іс-әрекетте қолдана алу үшін болашақ мұғалімдердің аталған жаңашыл-педагогтардың еңбектерімен тереңірек танысулары олардың шығармашылық әлеуеттерін жетілдіруге негіз болмақ.

Сонымен, кәсіби-педагогикалық мәдениетінің компоненттерін қысқаша мынақдай ұғымдар тізбегі ретінде түйіндеуге болады: педагогикалық іс-әрекет мәдениеті, педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті, мұғалімнің тұлғалық мәдениеті. Осы ұғымдардың өзара үйлесімді ұштаса отырып, олардың мазмұнының жүзеге асырылуы кәсіби-педагогикалық мәдениеттің жоғары дәрежедегі моделі болып табылады.

**3.4. Кәсіби педагогикалық құзыреттілік және педагогикалық шеберлік.** Адамзат қоғамының бүгінгі даму қарқыны бүкіл дүние-жүзілік білім беру кеңістігінде өзара ынтымақтастықта болу, өзара озық тәжірибемен бөлісуді талап етеді. ХХІ ғасырдағы білім беру мәселелері бойынша халықалықаралық комиссияда «Образование: сокровище сокровище (Білім беру: ашылмаған асыл қазына)» (1996ж.) тақырыбында жасаған баяндамасында Жак Делор білім беруге негіз болатын адамның жалпы негізгі *құзыреттіліктері* ретінде төрт тұғырнаманы атап өтеді: *танып білуге үйрену, істеуге үйрену, бірізін өмір сүруге үйрену, өмір сүруге үйрену.*

Қазіргі ғылыми психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде білім берудегі құзыреттілік мәселелері ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты талқылануда.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында жан-жақты қарастырылып жоғарғы оқу орындарын бітіруші жас мамандардың білімділік деңгейлеріне байланысты қойылатын талаптар ретінде:

1. Жалпы білімділіктеріне қойылатын талаптар.
2. Әлеуметтік-этикалық құзыреттеріне қойылатын талаптар.
3. Кәсіби құзыреттеріне қойылатын талаптар.
4. Өзгермелілік пен белгісіздіктің кең таралуы жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдерді ауыстыра алу даярлығына, географиялық және әлеуметтік мобильдігіне қойылатын талаптар.
5. Оқу пәндерінің негізгі циклдары бойынша білімділіктеріне қойылатын талаптар.
6. Жеке пәндер бойынша білімділіктеріне қойылатын талаптар анықталған.

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдары бүгінгі педагогика саласындағы ғылыми айналымға салыстырмалы түрде жаңадан енген, терең зерттелу үстіндегі ұғымдар болғандықтан олардың анықтамасы да әр зерттеушімен әр-түрлі берілуде. Дегенмен, көптеген анықтамаларды салыстырып талдау негізінде «құзыреттілік» ұғымына байланысты зерттеушілердің көзқарастарында бір ортақ пікірлер байқалады.

Қазақстанның Ұлттық энциклопедиясында құзырет ұғымы (лат. *competentia* – жетемін, лайықпын) екі мағынада түсіндіріледі: зақмен, жарғымен немесе өзге құжатпен берілген өкілеттіліктер шеңбері. Белгілі бір саладағы білім, тәжірибе, біліктілік.

Жаңа педагогикалық парадигма бойынша қазіргі стандарттардың өзінде «білім, білік, дағды» ретінде қарастырылған білім беру нәтижелерінің орнына құзыреттілікті қалыптастыру өмір талабына сай тұлғаның әлеуметтенуін, өзін-өзі іске асыруын қамтамасыз ететін білім беру жүйесінен күтілетін нәтиже ретінде қарастырылуда.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартында ұлттық деңгейдегі басты мақсаты - өркендеп өсіп келе жатқан еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси өміріне белсенді араласуға дайын тұратын *құзыретті тұлғаның* қалыптасуына ықпал ету деп анықталған.

Қазақстандық жалпы орта білім беру стандартында (2007ж.) «құзыреттілік» және «құзырет» деген екі ұғымды ажырата қарастырып оларға мынандай анықтамалар беріледі.

*Құзырет* – тұлғаның табысты іс-әрекетке даярлығы, қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы ресурстарын тиімді жұмсай алу қабілеті.

*Құзыреттілік* - оқушылардың әр-түрлі іс-әрекеттер түрлерін меңгеруімен анықталатын *білім беру нәтижесі*.

Ш.Т.Таубаева жоғарғы кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттардың құзыреттілік форматында жасалуын зерттеу барысында *құзыреттілік* ұғымының мазмұнын ашуда оның үш түсініктемесін атап көрсетеді:

1. Өзінің ішкі әлеуетін іске асыруға қабілеті (даярлығы) мен ынталылығы (мотивациялық аспект);

2. Табысты шығармашылық іс-әрекет үшін практика жүзінде байқалған өзінің білім, іскерлік, тәжірибесін іске асыра алу қабілеті (когнитивтік аспект);

3. Өз іс-әрекет нәтижелерінің әлеуметтік маңыздылығын және жеке жауапкершілігін түсінуі, оны үнемі жетілдіріп отыру қажеттігін ұғынуы (құндылық аспект).

Сонымен, осы түсініктемелердің негізінде Ш.Т.Таубаева *құзыреттілік* деп әлеуметтену және оқыту үрдісінде қалыптасқан және өздігінен іс-әрекетке табысты қатысуына бағытталған білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның іс-әрекетке даярлығы мен жалпы қабілеттерінен байқалатын интегралды қасиетін түсіндіреді.

*Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін* анықтауда көптеген зерттеушілердің көзқарастары мұғалім іс-әрекетінің бір қырымен байланыстырылып қарастырылады. Мысалы, Н.В.Кузьмина педагогикалық іс-әрекет негізінде құзыреттілікті «тұлғалық қасиет» деп қарас-

тырса, Л.А. Петровская коммуникативтік құзыреттілік мәселесіне, М.В.Проخورова басқарушылық құзыреттілікке көп көңіл аударады.

Л.М.Митина өз зерттеулерінде «педагогикалық құзыреттілік» ұғымының «білім, білік, дағдыны және оларды іс-әрекетте, қарым-қатынаста, тұлғаның дамуында іске асыру амалдары мен тәсілдерін» қамтитынын ашып көрсетеді.

Кәсіби құзыреттілік мәселесі халықаралық деңгейде Еуропалық кеңес форумдарында және ЮНЕСКО материалдарында жиі талқыланады. ЮНЕСКО құжаттарында құзыреттер (компетенци) білім беруден күтілетін нәтижелер ретінде қарастырылып олардың негізгі түрлері айқындалған.

В.А.Сластениннің, М.И.Мищенконың пікірлерінше педагогтың кәсіби құзыреттілігі – іс-әрекетті атқарудағы теориялық және практикалық даярлықтарының бірлігі.

Салыстырмалы түрде талданған тағы басқа анықтамалар негізінде кәсіби құзыреттіліктің екі тұрғыдан қарастырылуын аңғарамыз:

- біріншіден, көптеген зерттеушілер кәсіби құзыреттілікті мамандардың даярлық деңгейлерімен байланыстырады;
- екіншіден, ғалымдар кәсіби құзыреттілікті маманның тұлғалық қасиеттерімен байланыстырып зерттейді.

Құзыреттілік тұрғыдан оқыту барысында басты назар білім беру нәтижесіне, оның тұрақтылығына, оның өлшемдеріне аударылады. Бұл бағытта оқушылардың дербестігі, өз беттерінше жұмыс істей алулары ескеріледі. Егер дәстүрлі оқытуда тек оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштері маңызды болса, құзыреттілік тұрғысынан оқытуда олардың жетістіктері, мүмкіндіктер деңгейі, тұлғасының қалыптасуы, олардың әлеуметтенуі, іскерліктері жоғары мәнге ие болады.

Көптеген ғалымдардың пікірінше мамандардың кәсіби құзыреттілігі мынадай түрлерге бөлінеді: практикалық (арнайы) құзыреттілік, әлеуметтік құзыреттілік, психологиялық құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, экологиялық құзыреттілік, валеологиялық құзыреттілік.

Мұғалім жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу ісінде кәсіптік деңгейі жоғары болуы үшін педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды толық меңгеруі негізінде ғана кәсіби құзыретті маман бола алады. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымы оның негізгі іскерліктер жүйесі арқылы қарастырылады.

Педагогтың танымдық (гностикалық) іскерлігі. Бұл компонент мұғалімнің танымдық қабілеттерін, интеллектуалдық мүмкіндігін, өз пәнін терең білуін, дүниетаным шеңберінің кеңдігін, өзін-өзі танып білуін қамтиды және маман еңбегінің негізі болып саналады. Танымдық іскерлікті қалыптастыру үшін адамның қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес, т.б. психикалық қасиеттердің бірлікте дамуы қажет.

**Педагогтың конструктивтік (құрастыра білу) іскерлігі.** Бұл іскерлік оқу-тәрбие жұмысын модельдеу, жоспарлау, композициялық материалдарды іріктей алумен, оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай оқу-тәрбие процесінің материалдық базасына сәйкес жұмысты ретімен ұйымдастыра білуімен сипатталады. Бұл іскерлікті меңгеру үшін интеллектуалдық іскерлік қажет. Алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, алдын-ала ойластыру, салыстыру, болжау қабілеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан конструктивтік іскерлік танымдық іскерлікпен тығыз ұштасып жатады.

**Педагогтың коммуникативтік (қарым-қатынас) іскерлігі.** Бұл іскерлік мұғалімнің түрлі категориядағы адамдармен тез тіл табысып, тиімді қарым-қатынас жасай алуын көрсетеді. Қарым-қатынас тәсілдері сөз сөйлеу техникасы, қимылдар, мимиканы игере білуден басталады. Бұл іскерлікті қалыптастыру үшін алдымен адам басқа адамды түсіне білуі, тани білуі және өзін де таныта білуі керек. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін көзқарасын, мақсатын сөйлескен адамға, тыңдаушылар ұжымына түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге ұмтылуы қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында толеранттылыққа негізделіп, оң шешім таба білуі маңызды.

**Педагогтың хабарлау (информациялық) іскерлігі.** Бұл іскерлік аса маңызды педагогикалық іскерлік болып ерекшеленеді және көбінесе қатынас құралы ретінде қабылданады. Себебі қарым-қатынас хабарлау материалынсыз іске асуы мүмкін емес. Хабарлау іскерлігінде мұғалімнің дауыс қойылымын үйлестіре білуі, әсерлі көңіл-күй сезімімен сөйлеуі, сөздің құдіретті күшін, бет қимылдар ерекшеліктерін меңгере білуі талап етіледі. Оқу-тәрбие үрдісінің негізгі міндеттерін тиімді шешудегі мұғалімнің сауатты сөйлеуі, қызықтыра әңгімелесуі, көрнекіліктерді қатыстыра отырып түсіндіруі, ашық пікірлесуі, шәкіртті тыңдай алуы, сұрақ-жауап тәсілдерін қолдану арқылы тыңдаушының зейінін өзіне аударта алуы әсіресе жас мұғалімдер үшін өте маңызды қасиеттер.

**Педагогтың ұйымдастырушылық іскерлігі.** Бұл іскерлік мұғалім еңбегінен ажырамайтын, бөлінбейтін, үнемі қатар жүретін тұтас педагогикалық процесті басқарудың негізгі шарты. Бұл іскерліктің өзіндік ерекшеліктері бар: жұмыс түрін анықтау, мақсатын белгілеу, жұмыстың орындалуын талап ету, тапсырма беру, тапсырылған жұмысты бақылау, орындалуын ұйымдастыру, орындалған жұмысты қорытындылау, бағалау, есеп беру, іске қызығушылықпен кірісу, басқаларға жағымды ықпал жасау, басқаларды бір іске жұмылдыра алу іс-әрекеттерінен құралады.

**Педагогтың зерттеушілік іскерлігі.** Зерттеушілік іскерлік мұғалімнің әрбір әлеуметтік-педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауын, ғылыми болжам жасай алуын, жобалау және эксперимент жүргізе алуын, іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізе алуын, сонымен қатар

озық тәжірибені де, өзінің тәжірибесін де жинақтай білуін, оларға ғылыми-теориялық, практикалық талдау жасай алуын және мектеп өміріне енгізе білуін қамтиды.

**Педагогтың жобалау (проектівтік) іскерлігі** – оқыту және тәрбие үрдістерінің перспективалық міндеттерін терең түсіне отырып, оған жетудің стратегиялары мен тәсілдерін менгергендігі. Мұғалімнің оқыту және тәрбиелеу үрдісінің жаңа жобасын құрастырып, оны іске асырудың тәсілдерін негіздеуі, бұл жобаның орындалуында ата-аналардың, оқушылардың қатысуын қарастыруы, қоғаммен байланыстылығын, әлеуметтік маңыздылығын түсінуі маңызды болып табылады.

**Педагогтың рефлексивтік іскерлігі.** Өз іс-әрекеттерін бақылап бағалау, өзіне сырт көзбен қарап іс-әрекет нәтижелерінің тиімділігін талдау, өзін басқалармен салыстыра отырып нені өзгертудің қажеттілігін түсіну арқылы педагогтың кәсіби тәжірибесі жетіле түсетіні анық.

Қарастырылып отырған іскерліктер бір-бірімен тығыз байланысып келеді және өзара бірін бірі күшейте түсіп отырады.

**Педагогикалық шеберлік дегеніміз не?** Шеберлік – кез келген маманның өз тәжірибесінде ең тиімді әдістерді пайдаланып, жоғары нәтижелерге қол жеткізе алу қабілеті. Осыған орай А.С. Макаренко *«шеберлік – қол жеткізуге болатын нәрсе, шебер-ұста, шебер-дәрігер болатын сияқты, педагог та керемет шебер бола алады»* - дейді.

Ал қазіргі педагогика ғылымында «педагогикалық шеберлік» ұғымының түрлі анықтамалары көп кездеседі. Педагогикалық шеберлік ұғымына контент-талдау кестесін қарастырып көрейік (*Кесте 1*).

*Кесте 1. «Педагогикалық шеберлік» ұғымына берілген анықтамалардың контент-талдауы*

№	Педагогикалық шеберлік анықтамасы	Түпнұсқа илемсіз
1	Педагогикалық шеберлік – балаларға деген сүйіспеншілігі жоғары өз жүрек қалауы бойынша жұмыс істейтін әр педагогқа қолжетімді, үнемі жетілдіру үстінде болатын оқыту және тәрбиелеу өнері.	Оқыту және тәрбиелеу өнері (Педагогикалық энциклопедия. М., 1965. –Т.2. – С.739.)
2	Педагогикалық шеберлік – мұғалімнің кәсіби іс-әрекет етуінің жоғарғы деңгейі. Сырттай ол түрлі педагогикалық міндеттері табысты шығармашылықпен шеше алуынан, оқу-тәрбие жұмыстарының мақсаттары мен әдістеріне тиімді қол жеткізе алуынан байқалады.	Педагогикалық міндеттері шығармашылықпен шешу, тиімді әдістер арқылы мақсатқа қол жеткізу. (М.И.Дьяченко, Л.А.Кандыбович)
3	Педагогикалық шеберлік – педагогикалық үрдістің ерекшеліктерін білу, оны ұйымдастырып, қозғалысқа келтіру алу. Педагогикалық шеберлікті жетілдірудің жоғарғы дәрежесіне, тіпті техника дәрежесіне жеткізуге болады.	Педагогикалық техника. (Макаренко А.С.)

4	<p><b>Педагогикалық шеберлік</b> – оқу-тәрбие үрдісінің жоғарғы тиімділігін қамтамасыз ететін, психологиялық-педагогикалық теорияны тәжірибеде қолданудың әдіс-тәсілдерінің ерекше шықпаландығын көрсететін дамудың жоғарғы дәрежесіне жеткізілген оқыту және тәрбиелеу іскерлігі.</p>	<p>Психологиялық-педагогикалық теорияны тәжірибеде қолдану. (Харламов И.Ф.)</p>
5	<p><b>Педагогикалық шеберлік</b> – қоғамның мәдени-әлеуметтік құндылықтарын жақсы түсінудегі тұлғаның рухани-адамгершілік, интеллектуалдық даярлығы, сонымен қатар, кәсіби іс-әрекетте өзінің білім, білік, дағдыларын шығармашылықпен қолдануға теориялық және практикалық даярлығын көрсететін қасиеттері.</p>	<p>Қоғамның мәдени-әлеуметтік құндылықтарын жақсы түсіну; шығармашылық білім, білік, дағдылар. (Подласый И.П.)</p>

Қарастырылып отырған түрлі анықтамаларды салыстыру барысында, әр зерттеушінің педагогикалық шеберліктің бір қырына басымырақ назар аударғаны байқалады. Әрине, педагогикалық шеберліктің жылдан жылға ауқымы кеңейіп бара жатқаны түсінікті, себебі педагогикалық іс-әрекет мазмұны күрделеніп барады. Қазіргі таңда педагогикалық парадигманың өзі үлкен өзгерістерге ұшырау үстінде. Дегенмен, барлық тұжырымдардың ортақ идеяларын шығаруға болады:

- Педагогикалық шеберлік мұғалімнің тұлғалық қасиетін көрсетеді.

- Педагогикалық шеберлік арнайы психологиялық-педагогикалық дайындықты қажет етеді.

- Педагогикалық шеберлік педагогикалық міндеттерді тиімді шеше алумен байқалады.

- Педагогикалық шеберлік мазмұны өте кең, ол бір-неше құрамдас бөліктерден тұрады.

Сонымен шебер-педагог деп өзінің қоғам алдындағы жауапкершілігін жақсы сезінетін, ұлт болашағына алаңдайтын, өскелең ұрпаққа сапалы білім мен тағлымды тәрбие берудің ең тиімді де ұтымды әдістерін өз тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана алатын, рухани-адамгершілік қасиеттері жоғары, парасат пайымы зор тұлға.

#### Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар

1. «Индия», «Африка», «Жеке тұлға» ұғымдарының айырмашылықтары неде?
2. Жеке тұлға құрылымының иерархиялық деңгейлері қандай?
3. Үстаз беделі қандай компоненттерден құралады?
4. Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің құрылымдық компоненттері қалай сипатталады?
5. Педагогтың кәсіби құзыреттілігін құрайтын іскерліктердің қайсысы өз бойыңызда жақсы дамыған деп ойлайсыз?

#### **4 тақырып. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮРДІС СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК НЕГІЗІ**

*4.1. Педагогикалық қарым-қатынас туралы түсінік.* Әрбір адам әлеуметтік ортада өмір сүргендіктен басқа адамдармен ақпарат алмасады, тәжірибесімен бөліседі, бірігіп ынтымақтастық қарым-қатынастарды сақтауға тырысады. Қарым-қатынас үнемі әлеуметтік, ұжымдық сипатта болатындықтан оны адамның қоғамдық ортаға бейімделуінің негізгі факторларының бірі деп қарастыруға болады. Олай болса *қарым-қатынас* - қоршаған ортамен адамдар арасындағы байланысты тұрақтандырушы тетік.

Ғылым аралық ұғым ретінде *қарым-қатынас* - өзара іс-әрекеттер қажеттіліктерінен туындайтын және ақпараттармен алмасуды, өзара түсінісуді, қабылдауды қамтитын адамдар арасындағы байланыстарды орнатудың және дамытудың күрделі үрдісі ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда зерттеуші-ғалымдар қарым-қатынастың түрлі аспектілерін жан-жақты қарастыруда. Психология ғылымы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қарым-қатынас мүмкіндіктері Б.Г.Аланьев, В.Н.Мяснишев, С.Л. Рубинштейн сынды белгілі ғалымдармен зерттесе, педагогикалық ғылымдар саласында А.А.Леонтьевтің, А.А.Бодалевтің, А.В.Мудриктің, В.А.Кан-Каликтің, А.А.Реанның, Н.Е.Щуркованың, А.И.Щербакваның, Ш.А.Амонашвилидің, Я.Л.Коломинскийдің, И.А.Зимняяның т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Ғалымдар қарым-қатынас феноменін *іс-әрекет түрі* ретінде анықтап, оны басқа іс-әрекет формаларын қамтасыз ету негізі деп бағалайды. Қарым-қатынас пен іс-әрекет өзара тығыз байланысты болғанымен салыстырмалы түрде дербес ұғымдар.

Педагогикалық іс-әрекетте де қарым-қатынастың алатын орны өте жоғары, себебі педагогтың негізгі атқаратын қызметтері болып табылатын *тәрбиелеу, оқыту, білім беру, дамыту, қазыптастыру* үрдістерін қарым-қатынассыз көз алдына елестету мүмкін емес. Сондықтан *педагогикалық қарым-қатынас – педагогикалық үрдіс субъектілерінің өзара әрекеттестік негізі* болып табылады.

В.А.Сластениннің пікірінше *педагогикалық қарым-қатынас* - педагог пен оқушылардың арасындағы өзара әрекеттерінің мақсаты мен мазмұнынан туындайтын қатынастарды орнатудың, дамытудың, өзара түсінушілік пен әрекеттестікті ұйымдастырудың күрделі үрдісі.

Педагогикалық қарым-қатынаста педагог жетекші рөл атқарады, себебі ол баламен болатын қарым-қатынасты ұйымдастыру үшін алдын - ала көптеген педагогикалық міндеттерді анықтайды, сол міндеттерді шешудің тиімді жолдарын іздестіреді. Қарым-қатынасқа байланысты қойылатын міндеттер *коммуникативтік міндеттер* деп аталады.



Педагогика ғылымында *коммуникативтік міндеттерді шешудің негізгі кезеңдері* анықталған:

- *қарым-қатынас жағдайын бағдарлау кезеңі* (мұғалім сыныптың қандай екенін, олармен қандай стильде сөйлесу керек екенін, қандай оқушыларға сөйлеудің қандай әдістерін қолдану керек екенін анықтайды);

- *өзіне көңіл аударту кезеңі* (пауза, сөз арқылы көңіл аударту, кимыл арқылы - кесте көрсету, көрнекілік құралдар көрсету, тактаға жазу т.б.);

- *тыңдаушылардың қарым-қатынасқа даярлығын анықтау кезеңі* (тыңдаушылар аудиториясындағы қарым-қатынасқа жағымды психологиялық ахуалдың барын не жоғын анықтайды);

- *вербальдық қатынасты орнату кезеңі* (ақпаратты ең тиімді жолмен ұғынықты, логикалық жүйелі түрде жеткізу);

- *мазмұнды және эмоционалды кері байланысты ұйымдастыру кезеңі* (тіл құралын дұрыс қолдану, ақпаратты баяндаудың логикалығы, монологтың орнына диалогтық қатынас орнату, сұрақтар қою арқылы аудиторияның зейінін тақырып аясына шоғырландыру, қызықты проблемалық сұрақтар қою, оқушылардың түсінген не түсінбегенін, қабылдау деңгейлерін анықтау).

В.А.Кан-Каликтың дәлелдеуінше педагогикалық *қарым-қатынастың өзіндік даму динамикасы* бар, ол түрлі *сатылар* бойынша іске асырылады.

1. *Сабақты не іс-шараны өткізуге дайындалу үрдісінде болатын қарым-қатынасты жобалау сатысы (жоспар құру, қарым-қатынастың моделін құру).*

2. *Қарым-қатынасты тікелей ұйымдастыру сатысы (қарым-қатынастың алғашқы кезеңі, «коммуникативтік шабуыл» жасау).*

3. *Қарым-қатынасты басқару сатысы (оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін басқару, ойларын жетектеу, іс-әрекет түрлерін ауыстырып отыру, қарым-қатынасқа бөгет болып тұрған психологиялық кедергілерді азайту).*

4. *Қарым-қатынастың барысын және нәтижелерін талдау сатысы (қорытынды сатысы, кері байланыс арқылы қарым-қатынас нәтижесін бағалау, қарым-қатынастың тиімділік деңгейін анықтау).*

Тәжірибеде бұл қарастырылып отырған педагогикалық қарым-қатынас сатыларының ұйымдастырылу ұзақтығы іс-әрекет мақсаты мен мазмұнына байланысты созылмалы немесе тым қысқа болуы мүмкін.

Педагогикалық қарым-қатынас барысында мұғалімнің жалпы мәдениетінің бір қырын байқауға болады. Қарым-қатынас орнатуда мұғалім тек сөйлеуші емес сонымен қатар жақсы тыңдаушы да бола алуы керек.

**4.2. Кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынас түрлері.** Адамның күнделікті өмірінде қарым-қатынастың сан-алуан түрлері кездеседі. Психологиялық-педагогикалық іс-тәжірибеде адамдар арасындағы қарым-қатынастар мынандай негізгі төрт түрге бөлініп қарастырылады: вербалды, вербалсыз, интерактивті, перцептивті қарым-қатынас.

**Вербалды қарым-қатынас** – адамдар арасындағы сөз арқылы жүргізілетін қарым-қатынас.

**Вербалсыз қарым-қатынас** – адамдар арасындағы ым-ишараға негізделген сөзсіз қарым-қатынас.

**Интерактивті қарым-қатынас** – адамдардың өзара бірі-бірімен тығыз әрекеттестік байланыста болуы.

**Перцептивті қарым-қатынас** – кез келген қарым-қатынас барысында адамдардың ішкі жан дүниесін түсіне алу, көңіл-күйлерінің қандай деңгейде екенін сезіне білу.

Аталған қарым-қатынас түрлерін педагогика саласындағы «**мұғалім-оқушы**» қарым-қатынастық жүйесіндегі ерекшеліктерін қарастырып өтейік.

**Вербалды қарым-қатынас** – бір адамнан екінші адамға не болмаса бір топ адамдар арасындағы *сөз арқылы* ақпараттармен алмасу үрдісі. Сөз адамдарға ғана тән, аса маңызды құдіретті күш және вербалды қарым-қатынастың негізгі құралы.

Педагогикалық үрдіске қатысушы субъектілерінің сөйлеу шеберліктері арқылы олардың дүниетаным шеңберін, мәдениеттілігін, тәрбиелілігін, тіпті мінез-құлқын да байқауға болады. Сондықтан көптеген жас мамандардың осал жерлері де осы сөйлеу шеберліктерінің жетіспеушілігіне байланысты болып келеді.

Сөздік қарым-қатынас адам миының үлкен жарты шарларының қызметтеріне байланысты іске асырылады. Адамның әрбір сөзі бір нәрсені білдіреді, яғни оның мән-мағынасын ми жұмысы арқылы таллап қабылдайды. Қарым-қатынасқа қатысушы адамдар айтылған сөзді жақсы түсініп қабылдаулары үшін олар бір тілде (*қазақ, ағылшын, орыс т.с.с.*) сөйлеулері керек. Сөздік (вербалды) қарым-қатынас арқылы ғылыми ақпараттарды оқушы санасына жеткізуде нақты тәжірибеден алынған мысалдар, қызықты фактілер, орынды мақал-мәтелдер тыңдаушылардың қызығушылықтарын арттырып, олардың назарын тақырыпқа шегелей түседі.

Вербалды қарым-қатынас екі түрге бөлінеді: *аксиалды және ретиалды*.

**Аксиалды қарым-қатынас** – ақпаратты бір адамнан екінші бір адамға жеткізу үрдісі (*мұғалім және жеке бір оқушы немесе оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынас*).

*Ретналды қарым-қатынас* - ақпаратты бір адамнан бір топ адамға жеткізу үрдісі (Мектеп жағдайында мұғалім - ата-аналар, мұғалім - сынып оқушылары жүйесін атауға болады).

Мектеп жағдайында қарым-қатынастың аталған екі түрі де жиі кездеседі. Ол тек оқушы мен мұғалім арасында емес, директор мен педагогикалық ұжым арасында, мұғалім мен мұғалім арасында, мұғалім мен ата-аналар арасында болатын қарым-қатынас. Кейбір мұғалімдер аксиалды қарым-қатынастка бейім, кейбіреулері – ретналды қарым-қатынасқа жақын болады. Бірақ шебер педагог болу үшін аталған қарым-қатынастың барлық түрін жақсы меңгеру маңызды.

Аксиалды және ретналды қарым-қатынастар барысында сөйлеп тұрған адамды *тыңдай алу*дың өзі өнер. Аксиалды қарым-қатынастағы диалогтың нәтижесі адам көңілін барлық алаңдатқыштардан (*уақыттың тығыздығы, ұялы телефонның үнемі шырылдай беруі т.с.с.*) алшақтатуына байланысты өзгеріп отырады.

Қарым-қатынастың нәтижелері оны ұйымдастыру орнына (*сынып іші, аудитория, дала, табиғат, т.б.*), өткізілу уақытына (*таңертең, түсте, кешке*), адамның жас ерекшеліктеріне, мінездеріне байланысты әр-түрлі болады. Осыған орай қарым-қатынас жасауда оның орны мен уақытының алатын рөліне байланысты мынандай мысалдарды келтіруге болады.

*Вербалсыз қарым-қатынас* – мимика, ым-ишара, пантомимика арқылы жүргізілетін сөзсіз қарым қатынас.

*Мимика* – адам бетінің бұлшық еттерінің қимыл-қозғалыстары арқылы оның психикалық жағдайының, сезімдерінің, көңіл-күйінің көрінісі.

*Ым-ишара (жест)* – қарым-қатынас барысында адамның психикалық көңіл-күйіне байланысты қолдарының белсенді қимыл-қозғалыстары.

*Пантомимика* - қарым-қатынастағы сөздік коммуникацияның орнына аяқ-қолдарының қозғалыстары, дене қалыпы, еңкею, шалқаю, жүріс-тұрыс, т.с.с арқылы адамның ішкі көңіл-күйін түсіндіре алудағы іс-қимылдар тілі және бүкіл дене моторикасы.

Мысалы, ақпараттармен алмасудағы семафор әліппесі (*шартты белгілер, жалаушалар арқылы*), Сэмюэл Морзе әліппесі (1837ж) (*тақылдату немесе жарық сигналдары арқылы*), Луи Брайль әліппесі (1843ж. Франция) (*соқыр адамдардың арнайы сипат сезілетін рельефтік-нүктелер комбинациялары арқылы оқу-жазу әліппесі*), Шарль Мишель де Л'Эпее әліппесі (1775ж. Франция) (*саңырау және мылқау адамдардың алақан мен саусақтардың қимылдары арқылы сөйлесу әліппесі*) сияқты тілдесудің көптеген әліс-тәсілдері өмірде орын алып жатыр.

Педагогикалық мамандықта мұғалімнің мимикасы оқушыларға өте қатты әсер береді. Мұғалім сабаққа күлімдеп кірсе, оқушылардың

ыңғалары, көңіл-күйлері жоғарлай түседі, ал егер ашуланып кірсе, оқушыларда бірден алаңдаушылық, қорқыныш сезімдері, үрей пайда болады.

Сөйлеу барысында адамның мимикасы, іс-қимылдары да қатысып тұратыны белгілі. Қарым-қатынас барысында адамның бет-әлпеті, әсіресе көзі көп ақпарат береді. Көзі арқылы да адамның қандай көңіл күйде екенін түсінуге болады. Халықта *«Көз - адам жанының айнасы»* - деп тегін айтылмаған. Қоршаған дүние туралы ақпараттың 80% адам көру арқылы ала алады. Сөйлесу барысында адамның көзін көріп тұрмасақ бізге әңгімені жалғастыру қиынырақ. Мысалы сіздің әріптесіңіз немесе оқушыңыз көзіне қал-қара көзілдірік киіп отырса сіз оның көзін көрмегендіктен бір ыңғайсыздықты сезінесіз.

Адам көңіл-күйінің нашар болуы, әдетте бет-әлпетін тұнжыранқы көрсетеді. Ал күлімдеу, керісінше, оның көңіл күйін жадыратады. Күлімдеп жүру – жан үшін шипа, ал шын көңілмен 3 минут күлу тәнертенгі 15 минуттық бойсергітуді алмастырады.

Вербалсыз қарым қатынаста адамның қолының қимылына да көңіл аударып адамның психологиясы жайлы мәліметтер алуға болады. Мысалы, қолын екі бүйіріне таянып тұру – адамның бір істі атқаруға дайындығын, батылшығын, табандылығын көрсетеді. Екі қолын артында айқастырып, басын жоғары ұстау – «бастық» позасы. Тырнағын тістеу, қайта-қайта киімін түзету – адамның қобалжып, немесе бір нәрседен ыңғайсызданып отырғанын байқатады. Ашық алақан, жұмылған жұдырық, сұқ саусақты көп көрсету, екі қолды алдында айқастырып ұстау, жағын таянып отыру, басын сипалай беру, иегін сипалай беру, т.б қол қимылдарының әр-қайсысы өзіндік ақпараттар белгісі.

Мұғалім еңбегінде *такесика* деген ұғым да көп рөл атқарады. Ол ешқандай сөзсіз баланың басынан сипау, қолынан ұстап жазуын түзету, мығынан қағып, қоллашпап қою, костюмының жағасын түзетіп қою, қол алысып құттықтау т.б қол қимылдары арқылы жасалатын қатынастық белгілер.

*Кинесика* – адамдардың қарым-қатынас барысында эмоциялық көңіл-күйлерін бейнелейтін дене мүшелерінің қимыл-әрекеті. Кинесикаға қимыл, ым-ишара, қозғалыс, кейіп, жүріс-тұрыс жатады. Қарым-қатынас жасауда адамның өз денесін тік ұстауы өте маңызды. Басын жоғары ұстап, тік жүретін адамдар үнемі өз күштеріне, біліміне сенімді, жұмысқа деген құштарлығымен ерекшеленеді. Егер адам үнемі басын төмен салтыратып, еңкейіңкіреп жүретін болса ондай адамның ішкі әлсіздігі, жұмысқа зауқының жоқтығы байқалады.

Вербалсыз қарым-қатынасты зерттеген ғалым М.А. Поваляева-ның ойынша адамдардың 93%-ның қарым-қатынас барысында ақпаратты айтқанынан емес, оны қалай жеткізгенінен, айту кезінде өзін қалай ұстағанынан жақсы байқауға болады екен. Ғалымның пайым-

дауынша адамның қарым-қатынас барысында түрлі жағдайларға байланысты өзін-өзі ұстауында жалпыға көп таралған кинесикалық қалыпты жағдайлар анықталған.

*Интерактивті қарым-қатынас* - адамдардың өзара тығыз әрекетте болуларын, тығыз байланыста, көпшілік ішінде жұмыс істей алуға бейімделуін қарастырады. Әр адам көпшілік ортада өзінің беделінің жоғары болуын қалайды, басқаларға тек жақсы жақтарын ғана танытқысы келеді. Ал адам өзінің қабілеттерін тек өзін еркін сезінетін ортада ғана жақсы көрсете алады. Сондықтан педагогикалық үрдісте толыққанды қарым-қатынас орнату үшін *ынтымақтастық ортаның* атқаратын ролі өте жоғары. Педагогикалық әдебиеттерде көпшілік арасында тұлғанын өзін-өзі дамытуына қатысты ұжымның атқаратын екі қызметі анықталған.

Біріншісі, ұжымның өзі тұлғанын өзін-өзі тәрбиелеу үрдісін ұйымдастыруға жалпы жағдайлар туғызады (*ұжым тұлға бойында жағымды элементтік іс-әрекеттерге деген оң көзқарастарын, ұжымдық іс-әрекетке қатысуға деген қызығушылықтарын, қоғамдық борыш, белсенділік т.б. қасиеттерді дамытады*).

Екіншісі, ұжым осы үрдісті тікелей ұйымдастырады (*тұлғаның санасын қалыптастырады, өзін-өзі жетілдіруге ынталандырады, өз талаптарының нәтижелерін жоспарлап бағалауда көмек көрсетеді*).

Педагогика ғылымында А.С.Макаренко жеке тұлғаны ұжымда және ұжым арқылы тәрбиелеудің жүйелі теориясын құрастырып, оның даму заңдары тереңінен теория және практика тұрғысынан зерттеген. Қазіргі кезде педагогика ғылымында ұжым мүшелері арасындағы интерактивті қарым-қатынастар, ұжымды басқару ерекшеліктері, ұжымдағы шағын топтардың пайда болуы, ұжымдағы шиеленістік жағдайлар және оны шешу жолдары сияқты мәселелер жаң-жақты зерттелуде.

Интерактивтік қарым-қатынас қазіргі педагогикалық технологиялардың негізін құрайды, оның барысында оқушылардың да, педагогтардың да өздерін дамытуға, іске асыруға тиімді, қолайлы жағдайлар жасалуы көзделеді.

Ұжым ішінде бір адамның екінші адамға оң, жағымды көзқарасының қалыптасуы *симпатия* деген ұғыммен анықталады. Ал *антипатия* – бір адамның басқа адамға теріс көзқараста болуы, жақтырмауы.

Интерактивті қарым-қатынастың негізгі ерекшелігінің бірі ретінде оның бір топтағы адамдардың ортақ мақсатқа жетудегі бірлескен іс-әрекеттерін қарастыруға болады. Яғни, бұл жерде адамдардың өзара әрекеттестігі маңызды болып көрінеді. *Интерактивті қарым-қатынастың* екі түрі болады:

1) *Кооперация* – топ ішіндегі адамдар бір-біріне көмектесе отырып ортақ мақсатқа жетуді көздейді.

2) *Конкуренция* – топ ішіндегі адамдар бәсекелестік жағдайында бірі бірінен озып шығуға тырысады. Бұл бәсекелестікке таласуды шиеленіске бармайтындай қылып ұйымдастыру мұғалімінің құзырында.

Педагогикалық үрдісте интерактивті қарым-қатынас барысында оқушылардың өзара ақпараттармен алмасуларымен қатар олардың өзара ынтымақтастық әрекеттеріне бейімделулері маңызды. Сондықтан мұғалімдер оқытудың интерактивті әдіс-тәсілдер жүйесін жақсы меңгерулері қажет.

*Перцептивтік қарым-қатынас* – басқа адамның ішкі жан дүниесін сезіне алу (регсертио - қабылдау, сезіну, психикалық түйсіну қызметі). Перцепция – сезім органдары арқылы алынған ақпараттарды өңдеу мен тағудың, түйсірудің психикалық қызметі. Әрине, даму үстіндегі тұлғаның ішкі жан дүниесін түсіну күрделі процесс. Бұл қабілет көбінесе психологтарда, дәрігерлерде, педагогтарда жақсы дамыған. Адамның өзін басқаның орнына қоя алып оны сөзсіз түсіне алуы, сезінуі *эмпатия* деп аталады. Әсіресе мұғалім мен шәкірт арасындағы қарым-қатынаста эмпатия арқылы балалардың тұлғалық қасиеттерін бағалауға болады. Сонымен педагогикалық іс-әрекеттегі эмпатия – мұғалімнің өз шәкіртінің ішкі жан дүниесін сезіне алуынан, өзін оның орнына қоя алуынан байқалады. Педагогтың эмпатиялығы оқушылармен тығыз қарым-қатынастағы кикілжін, шиеленіс жағдайлардан тиімді жол тауып шығуына көп септігін тигізеді.

Перцептивті қарым-қатынасты ұйымдастыру үшін оқушылардың психофизиологиялық, жас және дербес ерекшеліктерін жақсы меңгеру қажет. Негұрлым мұғалім шәкірттерін түсінуге ұмтылған сайын оқушылар да мұғалімге түсінушілікпен қарайтын болады. Бұл жағдайда педагогикалық үрдістің екіжақтылық сипаты айқын байқалады.

**4.3. Әртүрлі жастағы оқушылармен педагогикалық қарым-қатынастың ерекшеліктері.** Мұғалімдер тәжірибесінде әр жастағы оқушылармен қарым-қатынасқа түсуге тура келеді. Сонымен қатар мұғалімдердің өзімен бірге істейтін әр жастағы әріптестері, оқушылардың ата-аналары, ата-әжелері педагогтың коммуникативтік қабілеттеріне деген талапты күрделендіре түседі. Жас мұғалімдер үшін аталып отырған адамдар категориясында әсіресе оқушылармен қарым-қатынас жасаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін, қарым-қатынас қызметтерін және сан-алуан тәсілдерін жан-жақты меңгерудің маңызы зор.

Педагогикалық қарым-қатынасының тұлға дамуындағы маңыздылығын атай отырып, оның атқаратын қызметтеріне мынандай негізгі *қызметтеріне* (функцияларына) тоқталып өтейік:

1. *Қарым-қатынастың коммуникативті қызметі* арқылы ақпараттармен алмасу процесі іске асырылады. Оқушыларды тәр-

биелесу, оқыту, олардың тұлғаларын дамытып қалыптастыруда маңызы зор.

2. *Қарым-қатынастың интерактивтік қызметі* арқылы оқушылардың өзара бірлескен ынтымақтастық іс-әрекеттерін ұйымдастыру, реттеу, басқару іске асырылады.

3. *Қарым-қатынастың перцептивтік қызметі* арқылы оқушылардың психикалық жағдайын сезіне алу, олардың көңіл-күйін түсіне білу іске асырылады.

Қарастырылып отырған қарым-қатынас қызметтері нақты педагогикалық іс-әрекетте өзара бір-бірімен тығыз байланысып жатады. Мұғалім әр жастағы оқушылармен жұмыс жасауда педагогикалық қарым-қатынасқа қойылатын талаптар да өзгеріп отырады. Негізгі талаптардың бірі – педагогикалық үрдістің негізгі заңдылықтарының бірі болып табылатын оқушылардың *жас ерекшеліктеріне сай қарым-қатынас* орната білу.

Мектеп оқушылары үш буынға бөлініп білім алатыны белгілі: бастауыш, орта (жеткіншек шақтағы оқушылар) және жоғарғы. Енді осы буындарға сәйкес педагогикалық қарым-қатынас ерекшеліктерін қарастырып көрейік.

*Бастауыш сынып оқушыларымен* педагогикалық қарым-қатынасты ұйымдастыруда мұғалімдер мектепке табалдырығын алғаш рет аттап тұрған оқушылар үшін *оқу үрдісі* жана негізгі іс-әрекет түрі екенін есте сақтаулары маңызды. Олардың «оқушы» деген жана әлеуметтік рөлге ие болуымен мінез-құлықтары, психологиялық көңіл күйлері, ойлау қабілеттері қатты өзгерістерге ұшырайды. Бастауыш сынып оқушысы үшін оқу әрекеті бағаланатын әрекет болғандықтан, олар үлкен жауапкершілікті сезіне бастайды және өз істерін басқарулардың істерімен салыстырып бағамдайды.

Оқу әрекетіне қызығуымен қатар балалар ойын әрекетін де жақсы көреді. Сондықтан сабақта оқушылар тез жалығып кетпеулері үшін мұғалім түрлі жаттықтырулар жасатып, ойын технологияларын пайдалана отырады.

Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушылары ата-аналарынан басқа, талаптары барлық балаларға ортақ, оқыту мен тәрбие үрдісін басқаратын *мұғалім тұлғасымен* танысады. Мұғалім мәртебесі бастауыш сынып оқушылары үшін өте жоғары, беделі биік. Сондықтан бұл жастағы оқушылар мектеп ережесін тиянақты орындауға тырысады, мұғалімнің айтқан талаптарын заң ретінде қабылдайды.

Бастауыш сынып оқушыларының басым көпшілігі қарым-қатынасқа ашық, ынтылы, үлкендерге сенгіш болып келеді. Сыныптастарымен әлеуметтік әрекеттесу және достар табу бұл жастағы оқушылардың маңызды міндеттерінің бірі. Мектеп ережелерін орындау арқылы олар өздерінің мұғалімге және көпшілікке деген қатынастарының қандай екенін білдіреді.

Оқу әрекеті барысында оқушы екі бағыттағы қарым-қатынастық ықпалды сезінеді: мұғалімнің және сыныптастарының. Сондай-ақ, сыныптастарына деген қатынасы мұғалімнің оларға берген мінездеме-сімен анықталады. Тұлғааралық қатынастар эмоцияға негізделеді және осы жастық шақ соңына қарай оқушылар өздерінің сынып ішіндегі мәртебелерінің қандай дәрежеде екенін сезіне бастайды.

Балалардың талпыныстарына көңіл аудару, олардың жетістіктерін назардан тыс қалдырмай атап өту, оның құнды және қайталанбас ерекше жан екенін сезінуге мүмкіндік жасау осы жастық шақтағы қарым-қатынастың басты ерекшеліктері. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары үшін мұғалімнің жүзінің жылы, көңілді болуы маңызды: күлімдеу, күлдіру, көңілдерін көтеру, мақтау, педагогикалық қолдау көрсету, т.с.с

*Жеткіншек шақтағы оқушылармен педагогикалық қарым-қатынас педагогика және психология ғылымында ерекше орын алатын мәселелер қатарында. Бұл жастық шақтағы оқушылардың ерекшеліктерін олардың дамуындағы физиологиялық және психологиялық өзгерістермен, сонымен қатар әлеуметтену мәселелерінің күрделенуімен байланыстыра отырып қарастыру қажет. Жеткіншек шақты адам өміріндегі *өтпелі кезең* деп атайды, себебі балалық шақтан ересек шаққа өту барысында баланың санасында, өсіп жетілуінде, мінез-құлқында, қарым-қатынастық жүйесінде күрделі өзгерістер пайда болады. Осы өзгерістердің барлығы өмірлік тәжірибелері жоқ жеткіншектерге көп қиындықтар туғызатыны анық. Сондықтан кейбір жағдайларда бұл шақты *қиын кезең* деп те атайды.*

Жеткіншектердің негізгі іс-әрекеттері оқу болып табылғанымен, олардың оқуға деген ынтасы бастауыш сыныптағыдай жоғары бола бермейді. Олар өздерінің жеке тұлғасының ерекшеленуіне, әлеуметтік ортада өзіндік мәртебе мәселесіне көбірек көңіл аударады. Осы шақта жеткіншектердің өзіндік санасы қалыптаса бастайды. Өздерін жетілдіруге байланысты кітаптар оқи бастап, өздері ұсағысы келетін кейіпкерлерге еліктейді, спорт түрлерімен шұғылданады, күнделіктер жазып, онда өз әрекеттеріне талдау жасауға тырысады.

Жеткіншек шақта оқушыларды «Мен қандаймын?» деген сұрақ көбірек мазалайды, соның салдарынан өздерінің жан дүниесін іштей зерттеп-тануға талпынады. Осы шақта оқушылардың «Мен» жүйесінің негізі қалыптаса бастайды. Өздерін есейгендей сезінгенімен олар балалықтан толық арылмаған, өз бетінше шешім қабылдауға жауапкершіліктері жеткіліксіз, ересектерге еліктегіш келеді. Қарым-қатынас барысында ересек адамдарға сыни тұрғыдан қарап, олардың қателерін, кемшіліктерін тез байқайды.

Педагогикалық қарым-қатынастағы мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі - жеткіншектердің психо-эмоционалдық сферасына баса назар аудару. Мұғалім жеткіншектермен қарым-қатынасты орнату ба-



рысында олардың ұжым пікіріне көбірек жүгінетінін ескеруі қажет. Ұжымдық қатынастарға бейімделу үстінде жеткіншектер достарының пікірлерімен санасатынын, сыныптастарының көзқарастарына тәуелді екені байқалады. Оқушылардың кейбір кезде көрсететін түсініксіз мінездеріне сабырлықпен, шыдамдылықпен қарап, қарым-қатынастың оң нәтижесін болжай алу мұғалімнің құзырында. Оқушының даму мен қалыптасу үстінде екендігін ескеріп, мұғалімдер жеткіншектердің психикасына қысым жасамай, керісінше олармен сыйластық пен сенімділік негізінде ғана сөйлесу барысында үлкен жетістіктерге қол жеткізе алады.

*Жоғарғы сынып оқушыларының дамуында жеткіншектерге қарағанда әлдеқайда бірқалыптылық байқалады. Осы шақтағы оқушылармен педагогикалық қарым-қатынас орнатуда мұғалім олардың негізгі ерекшеліктері ретінде тұлғалық дамуын және өмірлік бағдарын өз беттерінен анықтайтын жаңдар екенін ескеруі керек. Жоғарғы сынып оқушыларының өзіндік пікірлері, дүниетанымы, көзқарастары олардың жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу деңгейінен көрініс береді.*

Жоғарғы сынып оқушыларының физикалық және ақыл-ой дамуларының үздіксіз үдерісі негізінде олардың көп нәрсеге қызығушылықтары артып, болашағын бағдарлауға қатысты мұғалімдермен қарым-қатынасқа ашық болып келеді. Бұл олардың жаңа тәжірибе жинақтаудағы ынталықтары және өздерінің дұрыс бағытты таңдаулары бойынша сенімділігін нығайту үшін маңызды.

Жоғарғы сынып оқушыларымен педагогикалық қарым-қатынаста олар мұғалімнің жеке тұлғалық қасиеттеріне баса назар аударады: әділеттілігі, шыншылдығы, түсіне алу дағдылары, жағымды эмоционалдық кері байланысы, білім деңгейі мен оқыту саласы.

Сондай-ақ, жоғарғы сынып оқушысы өзінің жеке «Мен»-жүйесі жайлы көп ойланып, толғанады. Осы жайлы жалғыз қалып ойланғанды, қиялын шарықтатып, өзін түрлі әлеуметтік рөлдерде елестетулері жиі байқалады. Яғни, жоғарғы сынып оқушыларының өзін тану арқылы өзгелерді тану қарым-қатынастық жүйелерінің басты ұстанымына айналады.

*4.4. Педагогтың сөйлеу мәдениеті – кәсіби іс-әрекет жетістігінің шарты. Сөйлеу мәдениеті* дегеніміз адамның қарым-қатынас жасаудың тілдік құралдарын дұрыс таңдай отырып, әдеби тілдің жазбаға және ауызша нормаларын меңгеру арқылы ойды айқын және әсерлі жеткізе алуы. Кәсіби қарым-қатынас жасауда аталып отырған тіл мәдениетін толығымен меңгере алу көптеген жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Болашақ мамандар өздерінің кәсіби дайындығы кезінде негізгі арнайы білімдерімен қатар сөз сөйлеу мәдениетін де жоғарғы деңгейде қалыптастырулары қажет, себебі ол жалпы әдептіліктің ең негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

*Мұғалімнің сөз сөйлеу әдебі* дегеніміз кез келген жағдайларда сөздік, тілдік құралдарды дұрыс пайдалану ережелерінің жиынтығы. Әр маман үшін тіл мәдениетін дұрыс меңгеру оның абыройының артуының, кез келген ортада өзіне деген сенім мен құрметке бөленуінің негізі. Адамдар арасындағы қарым-қатынас моральдық нормалармен реттелгендіктен бойында дұрыс қалыптастырылған тіл мәдениеті оның тәрбиелілігі, жалпы мәдениеттілігі, тұлғалық сапаларының өлшеміне айналады. Қарым-қатынасты орнату өнерін жақсы меңгерген адам өмірде де көп жетістіктерге қол жеткізеді, жұмысында да беделі мен абыройы жоғарлап, қоршаған адамдардың сый-құрметіне бөленетіні сөзсіз.

Тіл мәдениеті отбасынан басталып, кейіннен мектептің оқу-тәрбиелік үрдістерінде, жоғарғы оқу орындарында, жалпы адамдардың өзара қарым-қатынасы негізінде дамып қалыптасады.

Педагог мамандар үшін ойды дұрыс, түсінікті, анық, дәл, әсерлі әрі әдеби тіл нормасы мен тіл тазалығын сақтай отырып жеткізе білулері олардың коммуникативтік құзыретіліктерінің көрсеткіші болып табылады. *Сөз сөйлеу әдебін* қалыптастыру үшін әр педагог өздігінен білім алып, қосымша тренингтер, семинарларға қатысып, анықтама-лық, лингвистикалық сөздіктермен жұмыс істеп үйренулері тиіс.

Осы салада арнайы зерттеу жүргізген мамандардың пайымдауына педагогтардың сөйлеу мәдениетінің жоғары болуында мынадай негізгі көрсеткіштер әсер етеді:

1) *Сөйлеген сөздің дұрыстығы* - әдеби тілдік нормалардың сақталуы (лексикалық, морфологиялық, стилистикалық, синтаксистік). Сөйлеу барысында сөздің дұрыс айтылмауы оқушының назарын бөліп оның мазмұнын толық қабылдауға кедергі болады.

2) *Сөздің анықтылығы*. Сөздің анық айтылуы оқушылардың қызығушылығын оятып, зейінін күшейтіп, сөйлесу үрдісінің нәтижесін тиімді етеді. Сөздің анықтылығы мұғалімнің ойлау қабілетімен, өз ойына деген сенімділігімен, тілдік стильдерді меңгергендігімен анықталады.

3) *Сөздің нақтылығы* педагогтың айтып тұрған нәрсесін терең білуімен, логикалық ойлау қабілетінің толық пайдаланылуымен, өз ойын нақты жеткізе алуымен, сөздерді орындай қолдана алуымен ерекшеленеді. Мысалы, емтихандағы оқушы өзінің нашар жауабын «білемін, бірақ соны айталмаймын» десе, ол оның білімінің жүйесіздігін, үстіртін екендігін, шалалығын көрсетеді. Сол сияқты мұғалімнің айта-тын нәрсесі нақты болу үшін ол сол нәрсенің мән-мағынасын ең алдымен өзі жақсы түсініп алуы керек.

4) Сөйлесу барысындағы *сөздің түсініктілігі* тілдік құралдардың дұрыс таңдалуына байланысты. Сөздің түсініктілігі біріншіден, әлгімеге қатысушылардың қай тілде (орыс, қазақ, қытай, ағылшын т.б.) сөйлейтіндеріне байланысты. Екіншіден, мұғалім өз оқушыларының

жас ерекшеліктерін ескеруі қажет, себебі күрделі ғылыми тіл қаншалықты маңызды болғанымен, оқушылар санасына сыйымсыз болуы мүмкін.

5) *Педагогтың тіл байлығы* – оның сөздік қорының байлығы. Әр аламының сөз байлығы оның лексикалық қорындағы сөздердің санымен байланысты болып келеді. Әдеби кітаптарды көп оқу, көптеген мағыналы бағдарламаларды тыңдау, газет-журналдарды көп оқу сөздік қордың байи түсуіне көп септігін тигізеді. Бірақ тіл байлығын тек сөз санымен өлшеу де дұрыс болмауы мүмкін, себебі ол педагогтың ой байлығымен де тығыз байланысты. Мысалы, өткен ғасырларда бұқаралық ақпарат құралдары болмаған кездің өзінде қазақ даласында қаншама шешен-билеріміз, ақындарымыз, жырауларымыз, жазушыларымыз ой шеберлігінің шыңынан орын алып отырғанын ұлттық тарихымыздан білеміз. Ана тілінің мол байлығын игерген адам оның құдіретін, қадір-қасиетін түсіне алады.

6) *Тіл тазалығы* сөйлеу әдебінің негізгі шараларының бірі. Кейбір адамдарда сөйлеу барысында қисынсыз бір сөздерді қыстырып сөйлеу әдетке айналып кеткен. Тіл тазалығы сөйлеу барысында қажетсіз артық сөздердің, бөтен, бөгде элементтердің болмауын талап етеді. Қисынсыз қолданылған сөздер, немесе қажетсіз болса да қайталана беретін сөздер мұғалімнің тілін шұбарлап, тыңдаушының көңілін бөліп, онда жағымсыз әсер қалдырады. Мысалы, «яғни», «әріне», «демек», «ана барғой», «жазпы», «жаңағы», «мысалы» т.с.с. сөздердің орынсыз қайталана беруі тыңдаушыларға жақсы әсер береді деп айту қиын. Керісінше бұндай сөздердің көп қайталануы адамның сөз қорының аздығын немесе сөйлеу мәдениетінің төмендігін аңғартады.

Жаһандану салдарынан басқа тілдерді үйрену қажеттілігі туындап, білім беру жүйесінде үштілділік тұжырымдамасы жүзеге асырылуда, бірақ сол тілдердің ішінде әр азамат мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, оны келер ұрпаққа жеткізіп отыруы оның азаматтық парызы.

Қазіргі кезде екі тілді, немесе үш тілді араластырып сөйлеу де көп кездеседі. Қазақша сөйлеу барысында кейбір адамдар орысша сөздерді араластырып кететінін өздері де байқамай қалады. Тереңірек ойланып қарасақ, бөтен тілдерден сөз алмастырып, қазақ тіліне қосатындай қазақ тілі сондай кедей тіл емес, керісінше әлемдегі ең бай тілдердің бірі.

Осы тұрғыда тіл мәдениетін бұзатын диалект сөздерге де тоқталып өтуге болады. *Диалект сөздер* әр аймақтың адамына түсінікті болғанымен, қазақ тілінде сөйлеушілердің барлығына бірдей ұғынықты болмауы да мүмкін. Мысалы, көршілес елдермен шекаралас жерлерде (Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Ресей, т.с.с.) тұратын адамдардың да сөйлеу ерекшеліктері көп байқалады. Мысалы, «қвй жақта» - «қай жақта», «келсенші» - «келсей» деген сөздерді естігенде өзіміздің

ұлттық тіліміздің біртіндеп бұрмаланып бара жатқанын және тіл мәдениеті деңгейін көтеру қажеттілігінің сеземіз.

6) *Айтылған сөздің мазмұндылығы* ондағы берілген ойдың тереңдігімен, сезімге әсерлілігімен, мағыналылығымен, өзектілігімен, шынайылыққа сай болуымен анықталады. Әр сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөзді оқушының санасына сіңетіндей жеткізуге тырысу мұғалім үшін міндетке айналуы керек.

7) *Сөздердің қажет еткенде бейнелі, көркем, эмоциялы болуы.* Мұғалімнің сөйлеу интонациясының, дауыс ырғағы мен оның қойылымының өзін дұрыс ойластыру қажет, себебі сөздің қандай көңіл-күймен айтылып тұрғандығы өте маңызды. Сөйлемдер арасында пауза жасау арқылы адам тынысын түзейді. Интонация арқылы мұғалім өз пікірін мәнерлі, жағымды, көркем етіп жеткізуіне болады. Өте қатты дауыс – адамның жүйкесіне әсер етеді, өте ақырын дауыс – жалықтырып, қалғытып, тез шаршатады.

Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін адам арнайы жаттығуы қажет.

Сөйлеу әдебиінің жағымды жақтары ретінде сыпайылықты білдіретін «*кешіріңіз*», «*арұқсат етсеңіз*», т.б сөздер қандай адамға болмасын жарасымды.

Мұғалімдердің сөйлеу әдебинде тек сөйлеу шеберлігі емес, сонымен қатар оқушыны мұқият *тыңдай білу мәдениеті* де маңызды рөл атқарады. Тыңдау және есту: қайсысы дұрыс? *Тыңдай білу және ести алу* екеуі екі түрлі үдеріс десек болады. Тыңдау үрдісінде адам өзіне қызықты және қажетті ақпараттарды ғана қабылдайды. Ал ести білу дегеніміз әңгімелесушінің айтқан сөздеріне толық мән беру, оның не жеткізгісі келіп тұрғанын сезіне алу. Бұл өте маңызды және сирек кездесетін әңгімелесу дағдысы. Бұл дағдыны қалыптастыру үшін арнайы жаттығу керек. Ал мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде тыңдай білу, оқушы үнін есту қаншалықты маңызды. Әдетте сабақта мұғалімдер көп сөйлеп, оқушының ой-пікірі елеусіз қалатыны рас. Педагогикалық үрдісте егер мұғалім оқушының айтқанын толық ести алатын болса, оның ойын бөлмесе, оқушы одан сайын оған сырын ашып беруге тырысады. Ол оқушы үшін Сіз ең жақсы ұстаз болып табыласыз!

Сондықтан *оқушы үнін* тыңдау, оның ой-толғаныстарын есту арқылы оның жүрегіне жол таба білуге, жан сарайын түсінуге болатыны анық. Өйткені тек жағымды қарым-қатынас жасау арқылы ғана оқушының көзқарасы мен қасиеттері айқын көріне бастайды. Жәке оқушымен дұрыс қарым-қатынас орнатпайынша, еркін түрде әңгімелесіп көрмейінше оны жете білу мүмкін емес. Бұл идеяны біз ежелгі грек философы Сократтың «*Сен сөйле, мен сенің кім екеніңді көрейін*» деген ойымен негіздеп кетуімізге болады.

Ұстаздық мамандықты таңдаған адамды бірден оның кәсіби ерекше қасиеті болып табылатын *педагогтық әдеп ерекшеліктерінен*

*тануға болады. Педагогтық әдеп – ұстаздың кәсіптік моралі туралы білім. Педагогтық әдеп жай ғана сыпайылықты сақтау емес, ол шығармашылық ақыл-ой әрекеті, ол адам бойындағы мәдени мінез-құлықтың, білімділіктің жиынтығы.*

**Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

1. Коммуникативтік міндеттері шешудің негізгі кезеңдері қандай?
2. Педагогикалық қарым-қатынастың даму динамикасындағы негізгі сатылары қалай сипатталады?
3. Кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынас қандай түрлерге жіктеледі?
4. Педагогикалық іс-әрекетте аксиалды және ретналды қарым-қатынас түрлерінің маңызы қандай?
5. Педагогикалық қарым-қатынас қандай міндеттер атқарады?

## **5 тақырып. ПЕДАГОГТЫҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ӨСУ ФАКТОРЛАРЫ**

*5.1. Тұлғаға үздіксіз білім беру – қоғамның тұрақты дамуының шарты.* Қазіргі қоғам дамуындағы саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер білім беру саласына тікелей әсерін тигізіп, оның маңыздылығын әлемдік деңгейде арттыра түсті. Осындай өзгерістер еңбек нарығында әр адамның бәсекеге қабілеттілігін сақтай алу үшін жаңа талаптарға бейімделіп, тәжірибесі мен іс-әрекет түрлерін үздіксіз жетілдіріп отыруды талап етуде.

Әлемдік деңгейде өмір бойы *үздіксіз білім беру* (Lifelong Education) үдерісі өзектеніп түсті, себебі тек үздіксіз білім алу арқылы ғана адамның кәсіби іс-әрекеті табысты бола алады. *Үздіксіз білім берудің* мәні ғылымның, техниканың, экономиканың дамуына байланысты адам білімінің үздіксіз және жүйелі түрде жетілдіріліп отыруымен анықталады. *Үздіксіз білім беру идеясы* әр адам үшін өзінің және қоғамның қажеттіліктері мен сұраныстарына байланысты әр жастық шағында білім алуға мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Демек, адамның білім алуы уақыт интервалдарымен шектелмейді, ол өз қалауы бойынша өмір бойы өзінің білім деңгейін жетілдіре алады.

*Үздіксіз білім беру* – тұлғаның шығармашылық әлеуетін және рухани әлемін жан-жақты үздіксіз жетілдіруге бағытталған көпсалтылы және біртұтас өмірлік үрдіс. Үздіксіз білім беру - тұлғаның жалпы және арнайы оқу-тәрбие мекемелерінде, сондай-ақ, өздігінен алған білім, білік, дағдыларын жетілдірудің жүйелі танымдық іс-әрекеті.

*Үздіксіз білім беру жүйесіне* түрлі оқу-тәрбие мекемелерінің типтері (бала бақша, жалпы білім беру мектептері), кәсіптік-техникалық колледждер, жоғары оқу орындары (магистратура, докторантура, адъюнктура), біліктілікті жетілдіру курстары, тағылымдамалар, түрлі қызығушылықтарға байланысты құрылған қоғамдастықтар, on-line

курстары, семинарлар, тренингтер, дистанциялық оқыту түрлері т.с.с. жатады.

Білім берудің үздіксіз сипатқа ие болуы оның құндылығының артуының дәлелі. Әр мемлекеттің дамуы оның экономикасының дамуымен ғана емес, сонымен қатар, адами капиталының даму деңгейімен, адами құндылықтар сапасымен өлшенуі тиіс. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасында барынша барлық мемлекеттердің рейтингісі жүйелі анықталып отырады. Ол рейтингтегі негізгі салыстырмалы үш өлшемі:

- Адамдардың денсаулығы, өмір жасының ұзақтығы;
- Адамдардың сауаттылық деңгейі, біліммен қамтылу сапасы;
- Адамдардың өмір сүру деңгейі.

Осы өлшемдерден көріп отырғандай, *білім* құндылығы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасының *адами даму рейтингісінің* негізгі үш субъективті факторының бірі ретінде қарастырылуда. Осы рейтингке қатысқан мемлекеттер *адами даму индекстері* бойынша төрт үлкен категориялар бойынша жіктеледі: адами даму индекстері *өте жоғары, жоғары, орташа, төмен* мемлекеттер.

Қоғамның барлық саласы қарқынды түрде әлеуметтік-мәдени өзгерістерге ұшырап жатқан жағдайда *үздіксіз білім беру* мәселесі мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтау кепілі ретінде өзектеніп түскені айқын байқалуда. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңінде, үздіксіз білім берудің сапасын қамтамасыз ету стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады, себебі болашақтағы экономика, білім беру, мәдениеттің дамуы мамандардың сапалы дайындығына тәуелді.

*Үздіксіз білім берудің себептері:*

- қызметкерлердің кәсіби біліктіліктерінің үнемі жетілдіріліп отыру қажеттілігі;
- білімнің қоғамдық капиталға айналу үрдісі;
- қоғамдағы тек білімді ғана емес, сонымен қатар жоғары білікті, күздіретті мамандарға деген сұраныстың көбеюі;
- ақпараттық технологиялардың жылдам дамуына байланысты бұрынғы білімдердің тез ескіріп қалуы;
- жаһандану әсерінен ақпараттармен алмасу жылдамдығының күшеюі.

*Үздіксіз білім беру идеясы төмендегідей қағидаларға негізделіп жүзеге асырылады:*

- гуманизм принципі; білім алудың қолжетімділігі;
- білім берудің ашықтығы;
- білім берудің жан-жақтылығы т.б.

Білім беру саласында үздіксіз өзгерістер енгізу қажеттігін біз соңғы жылдары Қазақстан мектептерінің білім сапасын анықтайтын және білім нәтижелерінің тиімділігін көрсететін түрлі халықаралық

деңгейдегі PISA, TIMSS, PIRLS зерттеулерінің нәтижелерінен байқап отырмыз. Осындай зерттеулер нәтижесі көрсетіп отырғандай білім беру сапасын жоғарлату үшін әуелі мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін үздіксіз жетілдіріп отыру қажет.

Жаһандық өзгерістер аясындағы жаңартылған білім беру мазмұнының талаптарына сәйкес мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін үздіксіз дамыту ерекшеліктері жан-жақты қарастырылуда. Осыған байланысты *үздіксіз педагогикалық білім беру* үрдісі ерекше өзекті мәселеге айналып, Қазақстан Республикасының жаңа форматты педагогына үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы әзірленген. Бұл тұжырымдаманың негізгі мақсаты – өмір бойы өздігінен білім алуға және өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған жаңа форматты мұғалім тұлғасын қалыптастыру жүйесін анықтау.

*Үздіксіз педагогикалық білім беру* деп педагогтың жалпы және арнайы ісерліктері мен кәсіби-танымдық, рухани қажеттіліктерін өмір бойы үздіксіз дамыту үрдісін атайды. Ең алдымен педагогикалық кадрлардың дайындық сапасын жетілдіру қажет, онсыз отандық білім беру жүйесінде жүргізілетін білім беру реформаларының тиімділігінің төмен болып шығуы ықтимал.

XXI ғасыр ақпарат пен білім ғасыры болғандықтан Қазақстандық білім беру жүйесін халықаралық стандарттар деңгейіне жеткізу мақсатында білім сапасын жоғарлату, адами капиталға инвестициялар жасау мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігінің негізіне айналуға. Осы мақсатта Қазақстанда «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы мен Кембридж университетінің Білім беру факультеті бірлесе отырып дайындаған Бағдарламаларда әлемдік білім беру саласындағы ең үздік тәжірибелер жинақталып, мектеп мұғалімдері мен басшылары, сонымен қатар әдіскерлер біліктілікті арттыру курстарынан өткізіліп, мектеп өмірінде қарқынды өзгерістер орын алып келеді.

Болашақ мұғалімнің педагогикалық шеберлігі оның өзін іске асыра алу біліктілігіне, өзін жетілдіріп дамыта алу іскерлігіне байланысты болады. Қазіргі заманда педагогикалық шеберлігі жоғары ұстаз ғана бәсекеге қабілетті ұстаз бола алады. Ал бәсеке қабілетті ұстаз - жаңа ғылыми білімдерді іздестіруге, меңгеруге дайын, тез және дұрыс шешім қабылдай алатын, өзінің кәсіби қабілеттеріне сенімді, шығармашыл, кәсіби құзіретті тұлға ретінде сипатталады.

*5.2. Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу - қазіргі мұғалім тұлғасын дамыту факторы.* Адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі адамзат тарихындағы ең өзекті тақырыптардың бірі. Бұл мәселе атақты грек философы Сократтың, шығыстың атақты ғұлама ғалымдары Әбу Насыр ал-Фарабидің ұлан-ғайыр еңбектерінен, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ибн Сина, Әбу-райхан ал-Бируни, Фирдауси, Низами, Қожа Ахмет Яссауи сынды көрнекті ойшылдарымыздың тәлімдік тағылымдары мен даналық

ой-пікірлерінен бастау алып, бүгінгі күні әлеуметтік, тәлім-тәрбиелік, психологиялық-педагогикалық идеялардың барлығының негізге айнатуда. Өзін-өзі тәрбиелеудің толып жатқан әдіс-тәсілдерінің көпшілігі Абайдың кара сөздерінде де жан-жақты қарастырылатыны башамызға мәлім.

Өзін-өзі тәрбиелеу мәселесі әр жастағы, әр салада жұмыс істейтін адамдардың өздігінен дамулары үшін өте маңызды үрдіс. Солардың ішінде мұғалімнің *кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі* елеулі орынды иеленеді, себебі оқушыларға жақсы тәрбие беру үшін мұғалімнің өзінің тәрбиелік деңгейі өте жоғары болуы керек.

*Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуі* - оның педагог ретінде өзіндік жеке қабілеттерін педагогикалық қызмет талаптарына бейімдеуі, кәсіби құзыреттілігін үздіксіз жоғарлатуы және рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту бойынша өз тұлғасын жетілдірудегі саналы іс-әрекеті.

Мұғалімнің кәсіби өзін-өзі дамыту үрдісінің нәтижесі – оның жеке тұлғалық қасиеттері мен кәсіби-педагогикалық қызмет талаптарының сәйкестілігінің жоғарғы дәрежедегі көрсеткіші. Педагогтың өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінің негізгі қозғаушы күші – өзін-өзі өзгерту мен жетілдіруге деген қажеттілік.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде өзін-өзі тәрбиелеу әдістері әр түрлі топтастырылып келеді. Педагогика ғылымында Б.Б. Айсмонгас өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін және тәсілдерін ажыратып қарастырады және оларды үлкен үш топқа бөліп жіктейді: *өзін-өзі тақу, өзін-өзі меңгеру, өзін-өзі ынталандыру әдістері*.

*Л.С.Выготскийдің: «кез келген тәрбие ең соңында өзін-өзі тәрбиелеуге ұласады»* - деген ойы педагогикадағы өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің өзектілігін дәлелдейді. Сондықтан педагогикалық тәжірибеде аса қажет болып табылатын өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі әдістеріне тоқталып өтейік. Өзін-өзі тәрбиелеудегі бастапқы әдістердің бірі адамның *өзін-өзі бағалауы*. Өзін-өзі бағалау адамның өзін басқа адамдармен салыстыруынан басталады. Өзіне дұрыс берілген баға өзін тәрбиелеудің мақсаттарынан дұрыс қоюға көмектеседі. Егер де адам өзін басқалармен салыстыра келе өзін өте төмен бағаласа, өзіне деген сенімін жоғалтады, басқалар мен қарым қатынас жасау қиынға соғып, көптеген сәтсіздіктерге кездесуі мүмкін.

*Өзін-өзі қадағалау* әдісі басқа адамдармен қарым-қатынас жасағанда, өзін сабырлы ұстай білуге, басқалардың кемшіліктеріне кешірімді, қателіктеріне шыдамды болуға көмектеседі. Мысалы, кейбір адамдар балалардың шулағанын көтермей ашуланады, бірақ оданда қатты дыбыс шығаратын күннің күркіреуі ол адамды сондай қатты ашуландырмайды. Яғни мәселе адамның сол ызалалықты тудыратын объектіге өзінің қандай қатынаста екеніне байланысты екен. Өзін-өзі қадағалау әдісі қиын жағдайларда ызә мен ашуға жол бермей ұстамды



болуға көмектеседі. Адам үшін өз сезімдерін басқарып, оны уақытында тежей алу арнайы жаттығуды қажет ететін күрделі психикалық үрдіс. Адамдармен қарым-қатынас барысында өзін-өзі қадағалап тұра алуына мысал ретінде ұстаздардың ұстамдылығын, шыдамдылығын, төзімділігін, толеранттылығын келтіруге болады.

**Өзіне-өзі бұйырық беру** әдісі адамды жақсы жаққа жетелел отырады. Бұл әдіс көбінесе адам бір нәрсеге өзін-өзі сендіріп, бір нәрсені істеу қажет екенін түсінгеннен кейін қолданылады. Бұл әдіс адамның өзіне-өзі қатал, табанды түрде талап қоя алуына байланысты кездеседі. Адам өзіне бұйырық беріп оны бір рет орындай алса, келесі жолы сондай бұйырықты орындау жеңілрек болып, көп қайталанса бере әдетке айналады. Адам бұйырықты өзіне іштей береді, ол көмектеспесе оны дауысын шығарып қайта-қайта қайталауы керек. Өзіне-өзі бұйырық беру арқылы адам ерік-жігерін шыңдай түседі. Ал ерік-жігері күшті адам әрқашан да көздеген мақсатына, үлкен жетістіктерге жете алады.

**Өзін-өзі иландыру** адамның өзіне қажетті бір қасиеттерді қалыптастыруда жақсы көмектеседі. Адам қатты ауырғанда көңілін басқа нәрсеге бұрып, басқа іспен айналысып кетсе ауырғанын уақытша болсын ұмытады. Сенека айтқандай «ауыруды ойлай берсең ол ұлғая береді». Н.Островский, И.Кант, Б.Паскаль т.б. белгілі тұлғалар өз ауырларына көп көңіл бөлмей, тек өздерінің сүйікті шығармашылық істерімен айналысып, адамзат тарихында өшпес іздерін қалдырған. Өзін-өзі иландыруға қарағанда өзіне-өзі бұйырық беру өзіне сын тұрғысынан қарауға бөгет жасамайды, керісінше, өзін жан-жақты бағалауға ықпал береді.

**Өзін-өзі құптау.** Көптеген жағдайларда адам өзінің өміріне сырттай көз салып жеткен жетістіктерін еске түсіргені жөн. Адамның өмірде қол жеткізген жетістіктері оның өз қабілеттерін бағалауға негіз болып, өз күшіне деген сенімін арттырады. Өзін-өзі кемсіте бермей, өз қабілеттеріне деген көзқарастарын өзгертіп, жақсы жақтарын асырып отыру адамды ынталандыра түседі. Адам таңертеннен бастап өзіне ойша жағымды жаттығулар жасауына болады. Дейл Карнеги айтқандай «Дәл бүгін», «Дәл осы сәттен бастап» - деп адам өзіне жақсы мақсаттарды қойып соны орындауы керек. Мысалы, «дәл бүгін мен өзімнің денсаулығымға көңіл бөлемін, дәл бүгін мен біреуге бір жақсылық жасаймын, дәл бүгіннен бастап мен өзімді қолға аламын, өзімді тәрбиелеймін», «бұл менің қолымнан келеді» деп өзіне уәде беріп серттесе, ондай адамның іс-әрекеті оң нәтижесін күттірмейді.

Мектеп ісін реформалауда мұғалімнің жеке тұлғасын жетілдіру сұрақтары әрқашан да көкейкесті мәселелердің бірі болған. Сондықтан әрбір мұғалім кәсіби құзыреттілікті, іскерліктер мен дағдыларын дамытуда өзін-өзі тәрбиелеу әдістеріне негізделулері тиіс. Неміс педагогы А.Дистервег *«Өзін-өзі тәрбиелеу мұғалімнің барлық өмірінің*

*негізгі міндеті»* - деген. Әр адам өзіне не қажетті екенін өзі ғана біледі, ол өзіне өзі ғана жақсы көмек көрсете алады.

Өзін-өзі тәрбиелеу үшін рефлексиялық күнделіктер бастап жазып, өздерінің бойындағы өзгерістерді бақылап, жан-жақты талдау жасап отыру өте пайдалы. Қазіргі кезде адамның өзімен-өзі жұмыс істеуіне көмектесетін Интернетте, ғылыми-педагогикалық журналдарда көптеген сауалнамалар, тесттер жеткілікті.

Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеудің ауқымы өте кең болғандықтан, мұғалім қай іскерліктері жетілдіруді қажет ететінін айқындап алып, соны дамыту бағдарламасын жасай алуы маңызды. Мұғалімге қажетті негізгі іскерліктерін өзіндік жетілдіру ерекшеліктеріне тоқталып өтейік.

*Мұғалімнің танымдық (гностикалық) іскерліктерін өздігінен тәрбиелеуі.* Бұл іскерлікті өздігінен тәрбиелеу үшін мұғалім өзінің оқытатын пәні мен педагогикалық білімдерін жетілдіру мақсатында ой әрекеттерін дамытуға, қабылдау, есте сақтау, зейін қоя білу, түсіну үрдістерін жетілдіруге бағытталған арнайы психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі әдістемелермен танысуы қажет. Әсіресе педагогикалық ситуацияларды түсініп, оларды талдап, салыстырып және жалпылай алу дағдыларын дамыта алу өте маңызды. Сонымен қатар мұғалімнің танымдық іскерлігін дамытуда педагогикалық бақылағыштық қасиеті үлкен рөл атқарады. Мысалы, сабақ үстінде оқушылардың мінез-құлықтарын бақылай отырып, мұғалім олардың танымдық белсенділіктерін, қызығушылықтарын және өзінің қаншалықты ынталандыра алатынын танып, оыту әдістемесінің қай қырларын дамыту қажеттілігін айқындайды.

*Мұғалімнің конструктивтік (құрастыра білу) іскерліктерін өздігінен тәрбиелеуі.* Мұғалімнің конструктивтік іскерлігін өздігінен тәрбиелеу үшін ол педагогикалық үрдістен күтілетін нәтижені бағамдай алуы керек. Әр істі алдын ала болжай алу кез келген адамға беріле бермейтін қасиет, сондықтан өзін-өзі тәрбиелеу арқылы мұғалім осы ойлау ерекшеліктерін дамыту негізінде сабақтары мен сабақтан тыс ішаралардың мазмұнын, оларды өткізудегі тиімді құралдар, әдіс-тәсілдерді дұрыс тандай білетін болады. Педагогикалық іс-шарадан күтілетін соңғы нәтижеге жетудің тиімді жоспарын құрастыра алу мұғалімнің конструктивтік іскерлігінің даму деңгейіне тәуелді. Бұл іскерлікті дамыту үшін өз ынтасы бойынша ашық сабақтар, ашық тәрбие сағаттарын өткізіп көруге болады.

*Мұғалімнің коммуникативтік (қарым-қатынас) іскерліктерін өздігінен тәрбиелеуі.* Мұғалімнің қарым-қатынасты орната алу іскерлігі ең маңызды іскерліктердің бірі. Бұл іскерлікті үздіксіз дамытып отыру қажет, онсыз педагогикалық үрдістің нәтижесі тиімді болуы екіталай. Коммуникативтік іскерлікті өздігінен дамытуда өткізген сабағын немесе тәрбиелік іс-шараны видеотүсірілімін талдап көруге болады. Өзіне сырт көзбен қарап отырып мұғалім өзінің сөйлеу мәнерін,

дауысын, эмоционалдық көңіл-күйін, кинесикасын толық бағалай алуға мүмкіндік ала алады. Не болмаса сабақ түсіндіру барысында диктофонды қосып қойып, кейіннен өзі қайта тыңдап көрген жағдайда да мұғалім өзінің көп кемшіліктерін анықтап алуына болады. Сонымен қатар тәжірибелі, шығармашыл ұстаздардың сабақтарына қатысып, теледидардан дикторлардың, ораторлардың сөйлеу шеберліктерін үйренуге талпынулары арқылы да мұғалім өзінің коммуникативтік іскерліктерінің кем жақтарын жетілдіре алады.

**Мұғалімнің хабарлау (информациялық) іскерліктерін өздігінен тәрбиелеуі.** Бар ақпаратты оқушыға жеткізудің түрлі тәсілдері болады, бірақ мұғалімнің хабарлау іскерлігінің ерекшелігі - осы ақпараттарды хабарлауда әр сынып үшін ең тиімді әдістерді ұштастыра алуы. Мысалы, ақпаратты жеткізудегі сөйлеу жылдамдығын, кейбір дыбыстардың анық айтылуын, дикциясын жақсартуды, сөздің эмоциялық әсерін дамытуды өздігінен үйрену үшін арнайы жаттығулар болады: дауыстап өлең оқу, ән айту, жанылпащтар айту, тыныс алу жаттығуларын жасап отыру қажет. Информациялық іскерлікті өздігінен тәрбиелеуде мұғалімнің мимика, жест, кинесика тәсілдерін дұрыс меңгеруі аудитория алдында сөйлеу өнерінде өте маңызды рөл атқарады. Ең бастысы мұғалім оқытып тұрған сабағымен қатар өз бойында қандай информациялық іскерлікті немесе нақты бір қасиетті дамытуды көздеп тұрғанын үйлесімді ұштастыра білуін маңызды.

**Мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерліктерін өздігінен тәрбиелеуі.** Мұғалім өз іс-әрекеттерімен қатар оқушылардың да іс-әрекеттерін ұйымдастыратын тұлға. Мұғалімнің ұйымдастырушылық іскерлігінің мәні - оқушыларға жасататын іс-әрекеттердің олар үшін қаншалықты маңызды екендігін түсіндіре алу, сол іс-әрекет түріне ынталандыра білу. Оқушыларды ынталандыра білу үшін мұғалімнің өзінің ынтасы жоғары болуы керек. Ынтаны оятудан кейін сол іс-әрекет мазмұнын қызықты етіп көрсете алу, күрделілігін бағалау, оқушылар үшін жақын арадағы даму аймағын аша білу маңызды. Сонымен қатар іс-әрекет нәтижесі бойынша кері байланыс жүргізу, барлық оқушыларды ортақ мақсатқа жұмылдыруға үйрену арнайы дайындықты қажет етеді. Бұл іскерлікті өздігінен дамыту үшін әріптестерінің өткізетін іс-шараларына қатысу, өткізуге көмектесу, тренингтер мен коучингтерге қатысу, оқушылардың арасында қызықты ойындар мен жарыстар, көрмелер, дебаттар ұйымдастыру жоспарлап, соларды өткізу арқылы мұғалім ұйымдастырушылық іскерліктерін дамыта алады.

**5.3. Педагогикалық рефлексия - өзін-өзі тәрбиелеу негізі.** Әр болашақ маманның кәсіби дамуында оның өзіндік ой-толғаныстары, өмірлік мақсаттарын болжай алу сияқты сапалар маңызды рөл атқарады. Адамның «Мен қандаймын?», «Мені басқалары қалай қабылдайды?», «Мен өз қабілеттерімді толық аша алдым ба?» деген сұрақтарға жауап іздеуі рефлексиялық үрдіс болып табылады. *Рефлексия*

(лат. сөзінен аударғанда reflexio – өткенге сүйену, артқа көз жүгірту) – толғану, өзін-өзі байқау, өзін-өзі тану, өзін-өзі бағалау. Сондықтан адамның өзін-өзі түсінуі, өзін басқалардың қалай қабылдайтыны жайлы өзін талдап бағалауы *рефлексия* деп аталады.

Рефлексия - адамды, оның шеберлігін, ішкі қабілеттерін дамытудың маңызды шарттарының бірі. Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, біліктілігін, қабілеттерін, қарым-қатынас дағдыларын анықтап, бағалай алуы. Әр болашақ маманның саналы түрде өзінің кәсіби маңызды қасиеттерін, білім, біліктерін қорытындылауы рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады.

Осының бәрі бір күндік іс-әрекет емес, оған көп уақыт, үздіксіз жүйелі ізденіс қажет. Сондықтан қазіргі таңда әр маманның кәсіби тұрғыдан өзін-өзі тануында рефлексиялық мәдениеттің қалыптасуы өзектеніп түсуде.

Рефлексиялық мәдениеті қалыптасқан маман өзінің тұлғалық және кәсіби қасиеттерін шығармашылықпен өзгерте алады. Рефлексия өзіндік сана, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау сияқты кәсіби мәнді сапалармен сипатталады. Рефлексиялық дағдылар адамның өзіндік басқару қабілеттерін дамытуға, өз әрекеттерінің (танымдық, білімдік, қарым-қатынастық) нәтижелі болуына, олардың өз жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

*Рефлексияның атқаратын қызметтері* төмендегідей жіктеледі:

- тұлғаның эмоциялық көңіл-күй жағдайын рефлексиялауы;
- тұлғаның оқу материалы мазмұнын рефлексиялауы;
- тұлғаның коммуникативтік байланыстардың себеп-салдарын рефлексиялауы;
- тұлғаның ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілеттерін рефлексиялауы.

Уақыт тұрғысынан қарастырғанда рефлексияның *интроспективті, ретроспективті, проспективті* түрлері ажыратылады.

- *Ретроспективті рефлексия* – адамның өткен шақтағы іс-әрекеттерінің, тәжірибесінің әдіс-тәсілдерін қайта айқындауы, бағалауы.

- *Проспективті рефлексия* – болашақта жүргізілетін іс-әрекеттің мүмкін болатын құралы мен болжамын анықтауы.

- *Интроспективті рефлексия* - іс-әрекетті жүзеге асыру барысында ойлау үдерістерін қиындату, бақылау және түзету.

Мұғалімнің *өз тәжірибесін зерттеуі* және оны рефлексиялауы Д.Познердің пікірі бойынша *кәсіби шеберлікті дамытудың* кілті болып есептеледі. Әрине, даму үшін ең алдымен адам өзінің неге қол жеткізгенін, бұрынғы өткен тәжірибесін зерттеп, нені дұрыс, нені бұрыс істегенін анықтап, алға жана мақсат пен даму міндеттерін қоя алады. Егер рефлексияның нысаны педагогикалық мәселелер болатын болса, онда бұл педагогикалық рефлексия болып табылады. *Педаго-*

**психикалық рефлексия** – мұғалімнің өз іс-әрекет мазмұны мен құрылымын жетілдіру үшін өз тәжірибесін тереңдете зерттеп талдауы.

Педагогикалық рефлексияның психологиялық ерекшеліктерін А.А.Бизяева жан-жақты зерделей келе оны мұғалімнің өз іс-әрекетін жетілдіру үрдісін зерттей алу қабілеті деп анықтап, рефлексияны дамыту тәсілдерін, рефлексиялық практикжумдарын ұсынады.

Рефлексияның маңыздылығын Абайдың кара сөздерімен үндестігінен көре аламыз. *«Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңмен өзің есеп ал!»* - деген ақын сөздері әр адам үшін өз әрекеттері туралы ойланудың, өзін ойша зерттеудің, өзін-өздері бағалаудың маңыздылығын түсіндіреді.

Әр адамның өз өмір жолына көз жүгіртіп, өткен-кеткенді ой елегінен өткізіп, болашағына үңіліп көрген сәттері болған шығар. Өміріндегі кейбір сәтсіздіктердің себебін анықтауға байланысты ойларға терең бойлап, өз мінез-құлқын, көзқарастарын өзгертуге ұмтылу әр адамның өмірінде кездесетін жайттар.

Мұғалімнің педагогикалық рефлексия негіздерін меңгеруі оның кәсіби іс-әрекеттерінің максат және міндеттерімен байланысты өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге негізделеді. *«Адам өзін-өзі терең түсінгенде ғана оның ақыл-парасаты кемелдене түсетін болады»* - деп Қажоум Насыри ескерткендей педагогикалық шеберлік те адамның ең алдымен өзін өзгертуден басталмақ.

Сонымен, рефлексиялық үрдісте сыртқы талаптардың адамның өзіне қоятын ішкі талаптарға айналуы қажет екен, себебі өзін-өзі бағалау адам дамуының ішкі факторына жатады. Өзін-өзі бағалау қажеттілігі – жеке тұлға дамуының негізгі формасы болып табылады.

Адамның ішкі қабілеттерінің, күш-жігерінің мүмкіндігі өте зор. Кейбір мұғалімдерде мектепті нашар бітірген балалар жоғары оқу орындарында да орташа студенттер қатарынан аса алмайды деген теріс көзқарас қалыптасқан. Болашағын алдын ала болжап жастарға мұндай тұжырым айту, әрине, асығыстық, себебі ең нашар оқыған оқушылар да жеке басын жан-жақты өрістете алады. Жанашыя-педагог Ш.А. Амонашвилидің «балалардан ештеңе шықпайды» дегеніміз оның жарқын болашағын «тірідей жерлегеніміз» деген сөздерін есте сақтаған жөн. Адамның ішкі әлеуетінің, мүмкіндіктерінің ауқымы өте кең, өмірде өзіне лайықты жұмыс таппайтын адам бар дегенге сенудің өзі қиын. Қоғамда қаншама кәсіп түрлері, қаншама өнер түрлері, қаншама еңбек пен іс-әрекет түрлері бар болғанымен солардың ішінен өзіне лайықты, жарасымды орнында таба білу тіпті де оңай іс емес. Сондықтан «талантсыз адам жоқ, өз орнын таппайтын адамдар кездеседі» деген дұрысырақ болар.

Жас маман санасында өз өміріне басқалардың емес, өзінің жауапты екенін түсінуі, ар-ұят, намыс, адамгершілік сезімдерінің ба-

сым болуы, өмірлік мақсатына жетудегі табандылығы мен құлшынысы оның өзін-өзі тәрбиелеуіне демеу болатын негізгі тетіктер.

**5.4. Өздігінен білім алу – қазіргі заман жағдайында мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің нормасы.** Мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі - өскелең ұрпақты қазіргі ғылыми білімдермен қаруландыру, дамыған шығармашыл тұлға ретінде қалыптастырып шығару. Осындай жауапты міндеттерді сапалы деңгейде атқару үшін әр мұғалім өзінің білімін жетілдіріп отыруы қажет. Мұғалімнің кәсіби дайындығы кезінде жинақтаған білімдері бір қалыпта сақталып тұрмайды. Қоғамның дамуына байланысты мұғалімнің білімдері де жаңарып, толықтырылып отыруы керек, себебі қоғамның экономикалық дамуына байланысты жас ұрпақты әлеуметтендірудің жаңа талаптары туындап отырады.

Мұғалімнің кәсіби жетілуі үздіксіз үрдіске айналуы тиіс. Оның кәсіби жетілуінің негізгі факторларының бірі - *өздігінен білім алу* үрдісі. Өздігінен білім алу – мұғалімнің тұлғалық өсуінің негізі. Қазіргі кездегі үздіксіз білім беру мәселесі де адамның бір алған білімімен қанағаттанбай, оны заманына сай толықтырып, жаңартып отыруын көздейді. Адам біліммен тек бір оқу мекемесінде ғана қаруланбайды, білім - үлкен құндылық, оны өмір бойы толықтырып отыру қажет. Егер адам білімін үнемі толықтырып, жаңартып отырмаса, ол кәсіби іс-әрекетке де жарамсыз болып қалады.

**Өздігінен білім алу үрдісінің өзектену себептері:**

- ақпараттық қоғамның әр тұлғаның дүниетанымына үлкен әсер етуі;

- қазіргі қоғамда коммуникациялық қатынастардың, ақпараттармен алмасу үрдісінің жылдамдығы;

- табиғи ресурстарға қарағанда білім ресурсының шексізденуі;

- ауқымды ақпарат ағымында негізгі білімді жүйелей алу қажеттілігі,

- ақпараттық технологиялар арқылы он-ііне оқыту түрлерінің жедел дамуы;

- ақпараттардың жылдам өзгеруіне байланысты білімнің тез ескіріп қалуы т.с.с.

**Өздігінен білім алу** – тұлғаның өзіндік мәдени, танымдық, ғылыми, кәсіби, білімдік деңгейін жоғарлатуға және өз ішкі әлеуетін толық ашуға, әлеуметтену қажеттіліктерін жүзеге асыруға бағытталған еркін таңдауы бойынша жүргізілетін іс-әрекеті.

**Өздігінен білім алу** – адамның білім беру мекемелеріндегі жүйелі оқытудан тыс өздік жұмысы арқылы білім алу үрдісі. Мұғалімдердің өздігінен білім алулары олардың кәсіби біліктіліктерін жоғарлатудың негізгі формасы. Бұл бағытта мұғалімдер озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеп, мектептегі немесе тұрғылықты жердегі басқа кітапханалардағы әдістемелік әдебиеттермен танысып, өз жоспарлары бойынша жұмыс істейді. Өздігінен білімді жетілдірудің

ұжымдық түрлері ретінде мұғалімдердің біліктіліктерін жетілдіру институттарын, әдістемелік бірлестіктердің жұмыстарын атауға болады. Өздігінен білім алу барысында жас мұғалімдер қазіргі жана педагогикалық технологияларды, білім берудің негізгі бағыттарын зерттеп олардың практикалық маңыздылығымен танысады.

*Өздігінен білім алудың* атқаратын негізгі *қызметтері* ретінде М.Князеваның мынандай топтамасын келтіруге болады (Князева М., 1990):

1. *Экстенсивтік* – жаңа білімдерді іздестіру, жинақтау.
2. *Бағдарлық* – мәдениет және қоғам ішінде өз орнын анықтау.
3. *Компенсаторлық* – мектептік білімнің олқылықтарын толықтыру, өз біліміндегі кемшіліктерді жою.
4. *Дамытушылық* – өзіндік сананы, есте сақтау қабілетін, ойлау қабілетін, шығармашылық сапаларын дамыту.
5. *Әдіснамалық* – кәсіби біліктілігін, білімдерін жетілдіру, дүниенің тұтастығын түсіне алу.
6. *Коммуникативтік* – түрлі кәсіптер, ғылымдар, адамдар арасындағы байланыстарды орната алу.
7. *Шығармашылық* – шығармашылық жұмысқа үйрену.
8. *Жаңашылдық* – қалыптасып қалған пікірлерге жаңаша көзқарастардың туындауы, ескілікті жою, стереотиптерден арылу.
9. *Психологиялық* – зиялы адамдар қатарынан екенін сезіну, өзін зиялылар қауымының бір бөлігі ретінде сезіну.
10. *Геронтологиялық* – жасы ұлғайған адамдардың өздігінен білімдерін жетілдірулері арқылы заманауи жаңалықтардан хабардар болып отыруы.

Қазіргі ақпараттық қоғамда адам өздігінен білімін жетілдіріп отыруы арқылы бәсекеге қабілетті, еркін жан-жақты дамыған тұлға бола алады. Өздігінен білім алу үрдісінің құнды жақтарының бірі ретінде тұлғаның жеке танымдық белсенді іс-әрекетпен шұғылдандуын атауға болады. Бұл үрдісте адам мақсат-міндеттерді өзі анықтайды, өзі білім алу құралдарын іздестіреді, өзі-өзіне мұғалім болып, өзін-өзі білімге жетелейді.

Өздігінен білім алудың негіздері әуелі мектеп жасынан басталып, кейіннен орта және жоғарғы кәсіби білім алу барысында жалғасын табады. Ал жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімдер үшін өздігінен білім алудың негізгі көздері ретінде мынандай жағдайларды қарастыруға болады:

1. Кәсіби білім беру саласында *педагогикалық практика* болашақ мамандардың өздері таңдаған кәсіптерін практика жүзінде, тереңірек танысып көруіне негізделіп ұйымдастырылады. Жоғары оқу орындарындағы өткізілетін педагогикалық практикалар болашақ ұстаздардың теориялық білімдерін шынайы педагогикалық үрдіс жағдайында шығармашылықпен іске асырып, өздерін педагог ретінде сы-

нап көрулеріне, болашақ кәсіптерінің қыр-сырымен тереңірек танысуларына бағытталған.

Педагогикалық практика болашақ мұғалімдердің кәсіби іскерліктері мен кәсіби құзиреттіліктерін дамытудағы және қалыптастырудағы жоғары оқу орнындағы педагогикалық үрдістің ажырамас бір бөлігі. Болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлықтарының сапасын жоғарлатуға бағытталған педагогикалық практиканың білім берушілік, тәрбиелік, дамытушылық қызметтерінің мүмкіншіліктері өте жоғары.

2. *Кітапханадағы электрондық кітап қоры, Интернет жүйесін пайдалану.* Студент жастарға кітапхананың бай қорымен танысып қалу мүмкіндігін жіберіп алмау керек, себебі онда академиялық кітаптардан басқа мерзімді басылымдар арқылы заманауи жаналықтармен танысып отыруға болады. Интернет арқылы қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша түрлі білімді жетілдіру курстарына қатысу мүмкіндігі де мол. Бұл үрдістің ұтымды жағы болып адамның өзiне үйренiшiктi жағдайда отырып сан алуан білім беру бағдарламаларымен танысып, өзiнiң қалауы бойынша бiреуiн таңдап электрондық почта арқылы хат алмасып, білімін толықтыруы болып табылады.

3. *Желілік кәсіби қоғамдастықтарға мүше болу.* Кәсіби-педагогикалық қоғамдастық аясында талқыланатын тақырыптар бойынша пікір алмастыру өте маңызды. Болашақ маман ретінде қоғамдастықта өз пікірін ортаға салу арқылы болашақ ұстаз басқа адамдардың пікірлерімен таныса отырып, өзiнiң кәсіби даму деңгейiн және кәсіби таңым шеңберiн бағамдап, кеңейтуiне болады.

4. *Студенттердің ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттері.* Кәсіби-педагогикалық дайындық барысында студенттер курс жұмысы, дипломдық жұмыс (бакалавриатурада), зерттеу жұмысының нәтижелерін мақала ретінде жариялау, магистрлік диссертация (магистратурада) жазумен айналысады. Бұл жұмыс барысында болашақ мамандар бір ғылыми мәселені шешуде өзiндiк көзқарастарын қалыптастырады, зерттеудiң эмпирикалық, теориялық, әдіснамалық әдістерiмен танысады, бір тақырып аясында өздерiнiң бiлiмдерiн тереңдетедi.

5. *Білімді, іскерліктерді жан-жақты жетілдіру курстарына қатысу.* Студенттік шақ адам бойындағы қабілеттерді дамытуға өте қолайлы кезеңдедiң бiрi. Арнайы бiлiмдермен қатар жас маман тұлғасына оның іскерліктеріне байланысты көп талаптар қойылады. Сондықтан сөйлеу шеберлігін дамытуға арналған психологиялық тренингтерге, шет тілдерін үйрену курстарына қатысып жоғарғы білім туралы дипломмен қатар бір неше сертификаттар алып шықса оның жұмысқа орналасқан кезінде өз күшіне деген сенімділік нығая түспек. Бұндай мамандар өздерінің құзыреттілігімен беделді де абыройлы бола алады.

6. *Кәсіби іс-әрекет бағытында жұмыс істеп көру.* Қазіргі нарық заманында көптеген студент жастар оқуларымен қатар қосымша жұмыс істеуге тырысады. Әрине, бұл сабақтарына келергі болмаса өте



құптайтын жайт. Мысалы репетиторлық жұмыстар, мектепте сабақтан тыс спорттық үйірме, факультативтік жұмыстарын жүргізу, лингвистикалық аудармашылық жұмыстар, компьютерлік қызмет көрсету жұмыстары, балалардың демалыс лагерлерінде жетекшілік атқару, бала бақшаларында тәрбиеші болу т.с.с. жұмыстар жастардың болашақ кәсібімен жақынрақ танысуларына, ұжым ішінде тұлғаралық қарым-қатынасты орнатуға үйренуіне, тәжірибе жинақтауына, өз мүмкіндіктерін бағалауға көп септігін тигізді.

7. *Қоршаған ортадан алынған ақпараттарды білім алу көзіне айналдыру.* Айналамыздағы бізді қоршаған таныс және бейтаныс адамдармен дұрыс қарым-қатынас орнатудың өзі болашақ мұғалім үшін кәсіби тәжірибе жинақтаудың көзі бола алады, себебі ертен мұғалімдік қызметте жасы үлкен әріптестерімен, балалардың ата-аналарымен сөйлесе алу қажет. Сонымен қатар әрбір тәжірибелі ұстаздардың дәрістеріне қатысу арқылы олардың аудитория назарын қалай аулайтынын, сабақ үстінде тәртіпті сақтай алу іскерліктерін, ынтымақтастық қарым-қатынас орната білу шеберліктерін үйренуге болады.

8. *Теледидардан көретін бағдарламалардың мамандыққа қатысты жаңалықтары болса оларды педагогикалық рефлексиялық күнделікке түргіп жазып алуды дағдыға айналдырған дұрыс.* Теледидардың қоғамдық санаға әсері өте жоғары. Әр бағдарламаларға талдау жасап, әріптестеріңізбен бөлісе алу болашақ педагогтың коммуникативтік қабілетін дамытуға жақсы негіз бола алады.

9. *Өзін-өзі жетілдіруде көп кітап оқудың да рөлі өте маңызды.* Кітап оқу арқылы өте қызықты тұлғалармен танысып, соларға қарап жақсы болуға тырысып, өзін әдепті ұстауға, қарым-қатынасты дұрыс ұйымдастыруға үйренуге болады. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары да адамның жалпыадамзаттық мәдениетке енуіне ықпал жасауда. Кітап дүкендеріне, кітап көрмелеріне баруды әдетке айналдырған абзал, себебі онда ең соңғы жаңа кітаптар сарынымен танысып отыруға мүмкіндік жоғары. Кітаптармен таныса жүріп, өзіңіздің үйдегі педагогикалық кітапханаңызды ашуыңызға болады. Кітап – мұғалімнің ең сенімді серігі, кенесшісі, рухани ізығы.

10. *Өздігінен білім алудың көзі ретінде әр адамның әуестенушілігін, хоббиін қарастыруға болады.* Кез келген адамда өзіне тән бір ерекшеліктері болады. Мысалы біреу жақсы ән айта алады, екіншісі жақсы билей алады, үшіншілерінде ақындық қабілеттері дамыған, кейбіреулері музыкалық аспаптарда жақсы ойнай алады, басқасында спорттық қабілеттері басым болып келеді.

11. Деректі және көркем фильмдер, ұлы адамдар өмірбаяндары, түрлі кездесулер, шығармашылық кештер, спектакльдер, мәдени-танымдық бағдарламалар т.б. іс-шаралардың барлығы адамның өз тұлғасын дұрыс қалыптастыруына бағыт-бағдар беру негізі.

12. *Тәлімгер таңдау.* Білім беру саласында, жоғары оқу орындарында ресми бекітілген педагогикалық қызметтермен (лектор, куратор, эдвайзер, тьютор) қатар тәлімгер қызметі де жақсы даму үстінде. Көптеген оқу орындарында ресми түрде бекітілген адамдар өз қызметтерін жоспарлы түрде орындап отырады. Ал тәлімгерлік үрдісінде тәлімгерді жас маман өзіне өзі таңдайды. Кімді үлгі тұтады, кімді кәсіби іс-әрекеті үшін құрметтейді, сол адаммен пікір алмасып, не үйренгісі келетінін айтып, өз қажеттілігіне байланысты даму жоспарларын құруға болады. Барлық ұлы адамдардың тәлімгерлері болған. Мысалы Аристотель болмағанда, Македонский болар ма еді?

Өздігінен білім алу негіздерін жақсы меңгерген маман кәсіби іс-әрекетте үнемі әріптестерінің алды, ұжымның абыройлы тұлғасы, өзінің құзыреттілігімен, бәсекеге қабілеттілігімен гуманистік бағыттылығы негізінде басқаларға үлгі-өнеге болып оларға қолдау көрсете алатын болады.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

1. Үздіксіз білім берудің өзектілігін қандай факторлар айқындайды?
2. Педагогтың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуінің әдістері қандай?
3. Педагогикалық рефлексияның атқаратын қызметтері қалай жіктеледі?
4. Неліктен үздіксіз педагогикалық білім алу мұғалімнің кәсіби-тұлғалық дамуының негізі болып есептеледі?
5. Болашақ педагогтың өздігінен білім алуының қандай тетіктерін сипаттай аласыз?

## 2 бөлім. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

### 1-тақырып. ПЕДАГОГИКА АДАМ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСİNДЕ

*1.1. Педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуы.* Педагогика жалпыадамзат баласын тәрбиелейтін ғылымның негізгі саласы. Педагогика гректің «пайдос» - бала, «аго» - жетелеу деген сөзден құралады. «Баланы жетелеу» - деген мағынаны береді. «Пайдогос» - баланы жетелеп жүруші дегенді білдіреді. Қоғамның даму үдерісіне сәйкес педагогика да балаға тек тәрбие беріп қоймай, білім, білік, дағдыларын, шынайы болмысты қалыптастыратын, рухани құндылықтарын дамытатын, қолданбалы ғылымның саласы, оқу пәні ретінде қалыптасты. Педагогика білім және тәрбие беру туралы бірден-бір арнайы ғылым болып табылады. Ғылымды кеңірек мағынада шындық өмір туралы объективті білімдерді жасау және теориялық жинақтау іске асатын адами әрекеттің бір саласы деп қарастырады. Ғылым - ғылымның құралдары мен әдістері пайдаланылатын және зерттелетін нысандары туралы білімдердің қалыптасуымен аяқталатын объектіні жүйелі және мақсатқа бағытталған түрде зерделейтін таным үдерісінің ерекше түрі. Ғылым сол ғылымда жинақталған білімнен, жалпы адами тәжірибеден алынған ақпаратқа сүйенеді, ол ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған және ғылымда белгілі бір олқылықтардың орнын толтырады. Зерттеу барысында танымның арнайы құралдары қолданылады: модельдеу, болжам жасау, эксперимент жүргізу және т.б.

Ғылымды ұйымдастыру мен талдаудың бірлігіне «пән» ұғымы алынды. Педагогика педагогикалық пәндердің тұтас жүйесі. Педагогика практикада өз орнын тапты, яғни орнықты. Зерттеу технологиясы жетілдірілді, педагогикалық теория жоғары деңгейге көтерілді. Соңғы жиырма жылдықта педагогика қолданбалы мамандықтарға қажет пән деп танылды.

*Педагогика - қазіргі адамтанудың саласы.* XX-XXI ғасырлар тоғысында кез келген елдің тұрақты өркендеуін қамтамасыз ететін ең басты фактор – адам. Өркениетте адам рөлінің күшеюі, адами капиталдың қоғам дамуының негізгі ресурсына айналуы адам туралы ғылымдардың ішінде ең алдымен білім беру туралы арнайы ғылым педагогиканың маңызын арттырды.

Ғылым – қоғамдық сананың бір түрі. Ғылым сол ғылымда жинақталған білімнен, жалпы адами тәжірибеден алынған ақпаратқа сүйенеді.

*Педагогика ғылым ретінде.* Бұл ретте ғылыми пән оның құрылымының жүйе құрушы элементі түрінде педагогиканың өзін-өзі рефлексиялауы мен дамытуын зерттеудің өміршеңдігін қарастырады. Ғылым пәнінің талдау бірлігі ретінде алынуы педагогиканың құрылы-

мын сипаттауда қолданылатын жалпы ғылымилық категориялардың ұғымдық аппаратын реттеуге мүмкіндік береді. Ғылымның дамуы ғылыми білімнің саралануы мен кірігуінің өзара байланысты үдерісімен сипатталатыны бәрімізге мәлім. Ғылымдардың жақындасу үдерісі, кешенді тәсілді қолдану көптеген жеке ғылымдарға тән бола тұра, философиялық ұғымдардан ажыратылатын түсініктердің пайда болуына ықпал етті. Бұндай интегративті сипаттағы ғылыми негіздеме бірнеше пәндердің әлеуетін біріктіретін түсініктер педагогикада да кеңінен қолданылуда. Осы уақытта іргелі зерттеу жүргізу *«жүйе»*, *«құрылым»*, *«әрекет»*, *«әлеуметтік»*, *«оңтайлылық»*, *«жағдай»*, *«ұйымдастыру»*, *«болжам»*, *«деңгей»* және басқа да жалпы ғылымилық түсініктерсіз мүмкін емес.

Жалпы ғылымилық түсініктерді педагогиканың пәніне қатысты ойластырғанда, педагогиканың терминологиясы *«педагогикалық болмыс»*, *«педагогикалық жүйе»*, *«білім беру үдерісі»*, *«педагогикалық өзара әрекеттестік»* сияқты сөз тіркестерімен толықтырылады.

*Жүйе дегеніміз* - бірі өзгеріске ұшыраса, басқалары да өзгертін өзара байланысты элементтердің тұтас кешені. Зерделенетін нысанға жүйелілік тұғырын қолдануды анықтау есепке алынатын жүйенің ең қажетті сипаттамасы: құрамы (оған енетін элементтер жиынтығы), құрылымы (олардың арасындағы байланыс) және әрбір элементтің қызметі, оның жүйедегі рөлі мен маңызы. Өз кезегінде жүйенің элементі басқа бір кең жүйеге оның бөлігі ретінде енуі мүмкін.

Философиялық тұрғыдан әрекет мазмұны әлемді өзгерту мен қайта құру болып табылатын адамның өзін қоршаған әлемге белсенді қарым-қатынасы. Адам әрекетінің жеке түрлері - өндірістік, экономикалық, ғылыми-этникалық, педагогикалық әрекеттер кеңірек жүйенің мысалы, қоғамды тұтас алсақ, соның бір кіші жүйесі болып табылады. Сонымен, жүйелілік және әрекеттік тұғырлар бірігеді де, қоғамдық әрекетке, жеке алғанда ғылыми және педагогикалық әрекетке жүйелілік-әрекеттік тұғыр қолданылады. Тұтас педагогикалық әрекет жүйесін құрайтын әрекеттің келесі түрлері былайша ажыратылады: *практик-педагогтардың жұмысы*; *әкімшілік әрекет*; *білім беру үдерісін ұйымдастыру әрекеті*; *ғылыми-зерттеу әрекеті*; *педагогика ғылымы нәтижелерін практикаға енгізу әрекеті*. Жүйе және әрекет туралы айтылғандардың бәрін есепке алсақ, педагогикалық әдебиеттерде жиі қолданылатын *«педагогикалық жүйе»* терминін түсінуге мүмкіндік туады. Бұндай жүйе өзінің құрамына, яғни оның элементтерінің мазмұнына байланысты нақты толықтырылады: оқытудың ұйымдастыру формалары немесе әдістері, білім мазмұнының құрылымдық жүйесі, әдістемелік жүйе, тәрбие жүйесі және т.б. Бұл жүйені жасаушыға немесе оның зерттеушісіне қойылатын басты талап - оны жүйелілік тұғыр тұрғысынан сипаттай білу, құрамын, құрылымын және қызметтерін нақты белгілеу.

Педагогика кез келген ғылым сияқты шынайы болмысты бейнелейді. Сондықтан, *педагогикалық болмысты педагогикалық әрекетті ғылыми қарастыруға алынған болмыс деп анықтауға болады.*

Жүйе және әрекет туралы түсініктер мен «білім беру үдерісі» түсінігі арақатынасын қарастыру керек. *Үдеріс* - жүйенің хал-ауалымын ауысуы, демек, *білім беру үдерісі* - әрекет ретінде білім беру жүйесінің күй-жайының ауысуы. Сондықтан, педагогикалық әрекет және педагогикалық үдеріс - екеуі бір нәрсе емес. *Педагогикалық үдеріс* – қозғалыстағы, дамудағы әрекет. Тек оны ойша ғана тоқтатып, педагогикалық әрекеттің бөліктерін талдауға болады. Енді бір маңызды ұғым - *«педагогикалық өзара әрекеттестік»*, практикалық педагогикалық әрекеттің мәнді белгісі – оның екі жақты сипатын бейнелейді. Бұл қасиет арқылы педагогикада мақсат қоюмен және басшылық ступені байланыстының бәрін сипаттайды. Педагогикалық зерттеулерде *іргелес ғылымнан алынған ұғымдарды* бөліп көрсетуге болады. Психологиядан (*«қобылдау», «меңгеру», «ақыл-ойдың дамуы», «еске сақтау», «іскерліктер», «дағдылар»*), кибернетикадан (*«кері байланыс», «динамикалық жүйе»*) алынған көптеген ұғымдарды педагогикада кенінен қолданыс табуға.

*Педагогиканың объектісі, пәні және қызметтері.* Объект – осы ғылым зерттейтін шынайы болмыстың саласы. Пәні – объектіні осы ғылым тұрғысынан көре біту тәсілі. Нысан дегеніміз – зерттеушінің танымдық әрекеті бағытталған шынайы болмыс, ал пән дегеніміз – зерттеудің нысанын (объектісін) ғылыми тұрғыдан көру тәсілін бейнелейтін зерттеу субъектісі мен объектісі арасындағы буын.

Ғылымның пәнін анықтау оның тәрбиелік мәртебесіне бағынышты. Егер педагогикада теориялық деңгей бар екені мойындалса, онда оның пәнін былайша көрсетуге болады: педагогика ғылымының объектісі болып табылатын әрекеттегі қарым-қатынастар жүйесі. Мысалы, педагогикалық ғылыми пәннің бірі – дидактикада оқытудағы қатынастар жүйесінде оқушыны оқытудың объектісі мен білім алудың субъектісі деп қарастырады.

Педагогика әрекеттің ерекше түрін зерделейді. Бұл әрекет – педагог өз алдына белгілі бір мақсат қоятын болғандықтан, мақсатты бағытталған әрекет: белгілі бір нәрсеге (үйренуге) үйрету және тұлғаның адами қасиеттерін тәрбиелеу, кейде мұны «мәдениет трансляциясы» деп те атайды. Жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруіне және өзін-өзі дамытуына бағытталған әрекеттің осы түрі педагогика ғылымының өз пәні болып табылады.

Педагогика ғылымының объектісі – білім және тәрбие беру. Шын мәнінде, білім беруді, басқа ғылымдар да зерттейді. Бірақ педагогика – бұл білімдік беру әрекетінің түрлі жақтарын зерттейтін басқа ғылымдар қатарындағы білім беру туралы арнайы, бірден-бір ғылым.

Бұл білім беруді өзінің құрамдас бөліктерімен бірлікте қарастырып зерттейтін, өзінің зерттеу объектісі ретінде санайтын ғылыми пән.

Білім берудің негізгі мақсаттарына: оқушыға қоршаған дүниені танытуға үйренуге, оқушыға еңбек етуге, жұмыс жасауға үйренуге, оқушыны адамдармен бірге өмір сүруге үйренуге көмектесу, оқушының өзіне деген үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастыру.

Педагогика ғылымдарының қоғамның қазіргі даму кезеңіндегі міндеттері. Педагогика ғылымының атқаратын қызметтері:

- Тәрбие заңдылықтарын танып білу;
- Озық педагогикалық тәжірибені талдау, жинақтау;
- Іргелі, қолданбалы және практикаға бағытталған зерттеулерді ұйымдастыру;

- Педагогика ғылымының ұғымдық категориялық-аппаратын анықтау және дамыту;

- Оқыту мен тәрбиенің мазмұнын, ұйымдастыру формаларын және әдістерін жетілдіру;

- Жаңа тиімді педагогикалық технологияларды құрастыру;
- Дипломнан кейінгі кәсіптік білім беру мәселелерімен айналасу;
- Білім беру жүйесінде жоспарлау және экономика мәселелерін жетілдіру;

- Білім беру жүйесіндегі реформалаудың тұжырымдамалық негіздерін анықтау.

Педагогика басқа ғылымдармен тығыз ынтымақтастықта дамыды. Ол үнемі өзінің ғылыми құрал-жабдықтарын, ғылыми логикасын басқа ғылымдардағы ғылыми аппаратпен, әдіс-тәсілдермен салыстыруға мүмкіндігі болды. Педагогика нақты теориялық және қолданбалы жасалымдарға қажет жалпы ғылымилық негіздерді өңдеп, терең зерделеп отырды. Педагогиканың жалпы ғылымилық негіздері оның көп ғасырлық болмысында мәнді өзгерістерге ұшырады.

Педагогика – бұл білім және тәрбие беру әрекетінің түрлі жақтарын зерттейтін басқа ғылымдар қатарындағы білім және тәрбие беру туралы арнайы ғылым. Бұл білім беруді өзінің құрамдас бөліктерімен бірлікте қарастырып зерттейтін, өзінің зерттеу объектісі ретінде санайтын бірден – бір ғылыми пән. Сонымен, педагогика білім және тәрбие беру туралы бірден-бір арнайы, кең ауқымды ғылымдар жүйесінің қатарына кіреді. Педагогика ғылымының саласы құрсақ тәрбиесінен бастау алады (С.Фабассов). Педагогиканың негізгі салалары: педагогика тарихы, этнопедагогика, халықтық педагогика, отбасы педагогикасы, әлеуметтік педагогика, жас ерекшелік педагогикасы, мектепке дейінгі тәрбие, тәрбие теориясы мен әдістемесі, мектеп педагогикасы, жоғары мектеп педагогикасы, кәсіптік педагогика, қосымша білім беру, басқару педагогикасы, түзелту - еңбек педагогикасы, әскери педагогика, салыстырмалы педагогика, жеке пәндер әдістемесі, арнайы педагогика т.б. Арнайы педагогиканың өзі адамдардың денсаулықта-

рының кемістігіне байланысты бірнеше салаға бөлінеді: сурдопедагогика – саңырау, мылқау, керек адамдарға, тифлопедагогика – көру қабілеті нашар, соқыр адамдарға, олигофренопедагогика – ақыл есі кем адамдарға, логопедия – тілінің кемісі бар адамдарға тәрбие және білім берумен айналысады.

*Білім беру үдерісінің заңдылықтарын анықтау* педагогиканың тағы да бір міндетімен – қазіргі педагогикалық жүйелерді негіздеумен байланысты. Бұл істе педагогиканың ғылыми теориялық қызметі оның құрастырушылық-техникалық қызметіне караганда басым және жүйе құрушылық бағытта болады. Оқыту мен тәрбиенің ғылыми негізделген жүйесін құру, жаңа әдістер мен оқу материалдарын жасау теориялық зерттеулер барысындағы педагогикалық құбылыстардың мәнін табу негізінде ғана мүмкін болады.

Педагогика ғылымының тағы бір міндеті жаңа білім мазмұнын және оған сәйкес оқытудың, тәрбиелесудің, білім беруді басқарудың мазмұнын, формаларын, жүйелерін жасау болып табылады. Әуелі білім мазмұны және оқыту мән тәрбиелесудің әдістері жасалады, сонан соң ғана практикада тұжырымдамалық нұсқауларды іске асыру құралдары даярланады. Қазіргі уақытта біздің еліміздегі білім беру жүйесі оны жаңартудың жүйе құрушылық түсінігін талап ететін жанару кезеңіне енді.

*1.2. Педагогиканың негізгі категориялары (тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық үдеріс), олардың өзара байланысы.* Тәрбие категориясы ең алғашқы педагогикалық категориялардың бірі. Тәрбие екі мағынада қарастырылады: кең мағынадағы тәрбие және тар мағынадағы тәрбие.

*Кең мағынадағы тәрбие* ғасырлар бойы мирас қалыптасқан әлеуметтік тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізу; *тар мағынадағы тәрбие* субъект-субъектілі қарым - қатынасқа негізделген ұстаздан шәкіртіне, ата - анандан балаға берілетін тәрбие үдерісі.

*Тәрбие дегеніміз* құнды әлеуметтік тәжірибені, мәдени құндылықтарды меңгерте отырып, тұлғаның өзін - өзі дамытуға, қоғаммен үйлесімді қатынаста болуына бағытталған үдеріс.

*Оқыту* – тәжірибелі ұстаз бен оқушының арасындағы нәтижесінде белгілі білімдер, іскерліктер, дағдылар тәжірибені және өз мінез-құлқын, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын бір мақсатқа бағытталған белсенді өзара әрекет үдерісі. Дидактиканың негізгі категориялары: білім беру, оқыту, оқу, оқыту ұстанымдары, оқыту үдерісі, мақсаты, міндеттері, мазмұны, түрлері, әдістері, құралдары, нәтижесі.

*Білім* – адам, қоғам, табиғат, заттар мен құбылыстар жайлы ғылымда жинақталған білім жүйесі; адамзаттың жинақтаған мол тәжірибесі; ұғымдардың, заңдылықтардың, тұжырымдардың, қағидалардың, деректердің, пайымдардың жиынтығы т.б.

*Білім беру* – қоғамдық, әлеуметтік, мәдени құбылыс; қоғам мен мемлекеттің өзінің азаматына қатысты функциясы; тұлғаның мәдениеті, мәдени құндылық; білім, білік, дағды-машықтардың және ойлау құралының жүйесі; ғылыми көзқарастар, шығармашылық қабілеттер мен мүмкіндіктерді дамыту үдерісі; терең сапалы білім негізінде жеке тұлғаның еркін бағдарлай білу, өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі дамыту үдерісі; білім, білік, дағды мен іс-әрекеттердің жиынтығы және оны жүзеге асырудағы адамның іс-тәжірибесі; білім берудің тұтастығы, нәтижелілігі т.б. Білім берудің қоғамдық қызметтері тұрғысынан ол – әлеуметтік тәжіриені жеткізудің құралы.

*Оқыту* – дидактиканың маңызды категорияларының бірі; оқытушы мен оқушының өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынасы, іс-әрекеті; білім беру, біліктері мен дағдылары, іс-әрекеттерді меңгерту үдерісі; белсенді шығармашылық әрекетті басқарудың негізгі жолы; сапалы білім беру, тәрбие, дамыту мқсаттарына сай оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталған арнайы ұйымдасқан іс-әрекеті т.б.

*Құзыреттілік* - оқушылардың әр-түрлі іс-әрекеттер түрлерін меңгеруімен анықталатын білім беру нәтижесі.

Педагогикалық категориялардың өзара бірлігі мен байланысын қамтып тұрған базалық категория - педагогикалық үдеріс категориясы. Педагогикалық үдеріс - бұл қозғалыстағы, дамудағы әрекет. Педагогикалық үдеріс - субъектілердің өзара әрекеттері нәтижесінде пайда болатын қарым-қатынастардың жиынтығы.

*1.3. Педагогикалық ғылымдарда пәнаралық ұғымдар.* Педагогикалық ғылымдарда пәнаралық ұғымдар тұлға, іс-әрекет, қарым-қатынас, дамыту, әлеуметтену, қалыптастыру т.б. ұғымдары бір - бірімен тығыз байланыста болады.

*«Тұлға»* ұғымы қазіргі заманауи педагогика мен психологияда кеңінен қолданылады. Адамның ішкі болмысына терең бойлап ену үшін бұл ұғымның үлкен маңыздылығы бар екені даусыз нәрсе. Дегенмен, ғылыми-технологиялық әдебиеттердегі адам тұлғасы мәселенің зерделенуі оның, яғни тұлғаны түсінудің ғылыми қауымдастықта мақұлданған түсініктемесі әзірге жоқ екенін дәлелдеді. Бұл, әрине, адам тұлғасының ғылыми зерделеу пәні ретінде өте күрделі екендігінің айғағы.

*Жеке тұлға* – адамның анатомиялық-физиологиялық пісіп-жетілуі, оның жүйке және психикалық жүйесінің жетілуі, сонымен бірге танымдық және шығармашылық іс-әрекетті, дүниетанымдық, қоғамдық-саяси көзқарастарды, наным-сенімдерді байытудағы сандық және сапалық өзгерістердің өзара байланысу үдерісі.

*Дану* дегеніміз, ең алдымен адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық сапалық өзгерістер. *Қазыптасу* түсінігіне келетін болсақ, ол жеке адам дамуының нәтижесі ретінде оның кемелденуін



және тұрақты сапалар мен қасиеттерді иемденуін білдіреді. *Әлеуметтендіру* – адамның өмір бойы айналадағы ортамен әрекеттесуі үдерісіндегі әлеуметтік қалыптар мен мәдени құндылықтарды жасауы арқылы өзбетінше дамуы және мүмкіндіктерін өзбетінше қоғамда жүзеге асыруы.

Әрбір ғылымның пайдаланатын ұғымдары мен түсініктерінде жинақталған білім көрініс табады. Барлық ғылыми ұғымдар негізінен екі топқа бөлінеді: философиялық және жеке ғылымилық, яғни ерекше сол ғылымға ғана тән. Одан басқа да ұғымдардың ерекше тобы – жалпы ғылымилық ұғымдарды бөліп қарастырылады. Педагогика барлық осы топтарға жататын ұғымдарды қолданады.

Үдеріс - жүйенің күй-жайының ауысуы, демек, білім беру үдерісі – әрекет ретінде білім беру жүйесінің күй-жайының ауысуы. Сондықтан педагогикалық әрекет және педагогикалық үдеріс – екеуі бір нәрсе емес.

Педагогикада тұлға ұғымы көбінесе оқушы немесе білім алушының жеке басы, іс-әрекет ұғымы тәрбие жұмысы, қарым-қатынас ұғымы араласу, оқушы мен мұғалімнің бірлескен қимылы, дамыту ұғымы жаңа сапаға көшу, әлеуметтену ұғымы адамның өмірге бейімделуі, қалыптастыру ұғымы адам бойынды белгілі бір сапалардың орнығуы деген мағыналарда қолданылады және соларға ұқсас мәнінде пайдаланылып жүр. Демек бұл ұғымдар әлеуметке түсінікті болу қағидасына сәйкес тұрмыста қолданылатын қарапайым мағынасына жақын түрінде түсініледі.

**1.4. Педагогикалық ғылымдар жүйесі.** Педагогика немесе педагогика ғылымы (екеуі де бір мағынада) туралы тұтас айтқанда өзара байланысты бөліктердің немесе салалардың қайсыбір жиынтығы ойластырылады. «Педагогика - ғылым» терминімен сипатталатын мазмұндық бірліктегі педагогикалық пәндер жүйесін немесе қосындысын қарастырады. Бұл пәндердің барлығына ортақ объектісі – білім беру болып табылады. Бұлардың әрқайсысы өз пәндерін бөліп алып, білім берудің түрлі жақтарын қарастырады. Бір жағынан, педагогика ғылымдарын, басқа жағынан білім беру үдерісінің үрдісінің осы немесе басқа аспектілеріне қызығушылық танытатын пәндерден ажырату керек. Мысалы, педагогикалық психология – бұл психологияның бір бөлігі, ол педагогика емес, өйткені психолог оқыту мен тәрбиелеу жағдайында адамның психикасын зерттегенде өз пәнінің аясында қалып отырады. Педагогикалық пәндерді әр түрлі негізде жіктегендіктен белгілі бір қиындықтар туындайды. Негізгі білім беру әрекеттеріне – тәрбие мен оқытуға сәйкес оларды оқып үйренетін тәрбие теориясы, оқытудың педагогикалық теориясы – мазмұнын, әдістерін және ұйымдастыру формаларын ғылыми негіздейтін – дидактика бөлініп шықты.

*Педагогиканың философия, психология, әлеуметтану, физиология және басқа ғылымдармен байланысының түрлері.*

Белгілі бір мағынада педагогика жеке пән бола тұра, ол зерттеу жұмысының логикасына байланысты басқа ғылымдарға да, сондай-ақ ғылыми танымның жалпы күйіне бағынышты. Педагогиканың басқа ғылыми пәндермен байланысының тетігін тек дайын педагогикалық білімдерді іргелес ғылымдардағы сол сияқты білімдермен жай салыстыру арқылы ғана ашуға болмайды. Бұны тәрбие теориясынан, дидактикадан, әдістемеден, мектептанудан және т.б. зерттеу үдерісінің түрлі типіндегі ғылымдар нәтижелерін алудың максаттары мен тәсілдерін талдау негізінде ғана жасауға болады. Бұндай байланыс төрт түрге бөлінеді. Ең маңыздысы басқа ғылымдардың тұжырымдарын жинақтайтын негізгі идеяларды, теориялық қағидаларды пайдалану болып табылады. Екінші түрі – ғылымдарда қолданылатын зерттеу әдістерін қолдану. Үшінші түрі – кейбір ғылымдардың мәліметтерін, олардың зерттеулерінің нақты нәтижелерін пайдалану. Төртінші түрі – кешенді зерттеулер.

Тегінде, педагогикаға кез-келген ғылыми білімдер жарайды, ол кез-келген ғылым пәнмен әрекеттесе алады. Бірақ солардың ішінде екі ғылым саласымен қарым-қатынасы ерекше. Бұл философия мен психология. Философия – барлық ғылымның шығу тегі, ал психология дәстүрі бойынша және мәні бойынша педагогика ғылымының міндетті және тұрақты серігі. Бұл ғылымның екі саласының педагогикамен ара қатынасы арнайы қарастыруды талап етеді. Педагогиканың философиямен байланысы – педагогикалық ойлардың дамуының біртұтас шарты. Философиялық білімдер педагогикалық зерттеуді әдіснамалық қамтамасыз етудің құрамына кіреді. Олар теориялық зерттеу – тәжірибемен тікелей, педагогикалық болмыспен – жанама, ал философиямен тікелей байланыста болатындықтан, педагогикалық теорияны құру үшін керек.

**Педагогика және философия.** Философия мен педагогиканың өзара байланысының күрделілігі бүгінгі күнгі ақиқат. Осы уақытта философиямен байланыс – педагогикалық ойдың дамуының қажетті шарты. Философиялық қағидалар педагогикалық зерттеулерді әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ететін жалпы бағдарлар болып табылады. Олар педагогикалық теорияларды құрастыру және олардың мәнін ойластыру, сондай-ақ, педагогикалық идеялар мен жазылымдардың қоғамға тигізетін әсерін болжау үшін қажет. Философия мен педагогиканың арақатынасын талдау адами білімнің бұл салаларының күрделі байланыста екенін көрсетеді. Философиялық бағыттар мен мәселелердің білім беру мәселелерімен ара қатынасының табиғатын түсіну қателер мен дәйексіз шешімдерден құтқарады.

Қазіргі күні философияның педагогикада әдіснамалық қызмет атқаратыны күдік тудырмайды, алайда, осы заманғы жағдайда педагогиканың пәнаралық байланысы жанаша даму үстінде.

Философия педагогика ғылымын дүниетанымдық деңгейде де талдайды. Зерттеудің бұл саласы *педагогика ғылымының философиясы, білім беру философиясы, дидактика философиясы, тәрбие философиясы* деп аталады. Педагогтардың ғылыми қызметін философиядан бөліп алу мүмкіндігі, жекелей алғанда, онда *сциентизм мен технократизмнің*, кейде тіпті гуманистік және гуманитарлық негіздерге зиялын тигізе отырып, төрелік етуіне алып келеді.

Ғалымдар әдіс пен әдіснаманың өзара байланысын қарастырып, әдістердің жіктемесін береді, әдіснамалық білімнің көпдеңгейлік тұжырымдамасын ұсынады: философиялық әдістер, жалпығылыми бағыттар мен әдістер, жалпығылыми әдістер, зерттеудің пәнаралық әдістері.

Педагогиканың философиялық бағдарлары: Неомарксизм, Экзистенциализм, Феноменология, Структурализм, Прагматизм, Герменевтика, Аналитикалық философия, Персонализм, Постмодернизм, Философиялық антропология болып бөлінеді.

Қазіргі өзгермелі жағдайда педагогика ғылымы өте күрделі әлеуметтік жүйе, өзін өзі ұйымдастырудың жоғары деңгейінде, ғылыми әрекет нәтижелері білім берудің дамуының іргетасы болып табылатын жүйеге айналууда. Сонымен қатар, білім беру қызметінің мәселелері, оның көзге ұрып тұрған кемшіліктері, адамзаттың болашаққа артатын мүдделері педагогиканың өзіне ғылым ретінде қатаң қарым-қатынас орнатуын талап етеді.

#### **Педагогиканың психологиялық бағдарлары**

Психологиялық және педагогикалық зерттеу жалпы әдіснамалық ұстанымдар негізінде құрылады. Әдіснамалық ұстанымдарды және баланың психикасының ерекшеліктерінен туындайтын нақты мақсаттарды басшылыққа ала отырып, психологиялық зерттеудің стратегиясы, жалпы барысы анықталады. Психологиялық және педагогикалық зерттеу логикасы әдіснамалық ұстанымдарға негізделеді. Олар: детерменизм ұстанымы, ақиқаттылық ұстанымы, даму ұстанымы.

Нақты әдістер жасалымы ғылымның теориялық қағидаларынан шыға отырып, әдіснамалық ұстанымдарға негізделеді. Кез келген әдіс белгілі бір теорияның нәтижесін көрсетеді де, зерттеудің нысанасын, алынған нәтижелерді түсіндіру тәсілдерін анықтайды.

Зерттеу әдістерінің жалпы мақсаты теориялық талдау жасау үшін психологиялық фактілерді нақты тіркеу. Психологиялық түсіндірімдер түрлі деңгейлі, көпсатылы болып келеді, әр саты жеке мәнге ие, әрі бірін-бірі айырбастай алмайды. Әрбір психологиялық феномен түсіндірімінің түрлі деңгейлерінде қарастырылады:

1- *феноменологиялық*, субъектінің санасындағы көрініс тапқан бейне, сезім, тұрткі, мақсат және т.б.;

2- *физикалық*, субъектінің организміндегі физиологиялық үдеріске байланыстылар;

3- *биологиялық*, даму нәтижесіндегі белгілі бір қайтарымдар;

4- *әлеуметтік*, яғни субъектіге әлеуметтік қоршаған ортаның әсерінің нәтижелері.

Зерттеу нәтижелері әрбір деңгейде түсіндірілуді қажет етеді.

Б.Г.Ананьевтің психологиялық зерттеу әдістері жіктемесі бойынша *ұғымдастырушы әдістер*, *эмпирикалық* әдістер, *мәліметтерді өңдеу* әдістері, түсіндіру әдістері болып бөлінеді. Педагогика ғылымында зерттеу әдістері эмпирикалық және теориялық деген екі топқа бөлінеді (Бабанский Ю.К., Журавлев В.И. Скаткин М.Н., Скалкова Я.) және т.б.

Психологиялық және педагогикалық зерттеу кезеңдері:

• *бірінші кезең* - дайындық (белгілі бір мәселені шешу қажеттігі, оны сезінуі, зерттеу міндеттерін, нысанасын, пәнін, анықтау, болжамын жасау, әдістерді таңдау және әдістердің әліснамалық ұстанымдарға сәйкестігін, бір әдістерді басқаларымен тексеру мүмкіндіктерін ескеру);

• *екінші кезең* - зерттеушілік (фактілік мәліметтерді түрлі әдістер көмегімен жинастыру, зерттеулер кезеңдері, сериялары);

• *үшінші кезең* - зерттеудің мәліметтерін өңдеу (зерттеу мәліметтерін сандық және сапалық талдау: әрбір тіркелген фактіні талдау, факті мен болжамның байланыстарын орнату, қайталанатын фактілерді бөліп көрсету, статистикалық өңдеу, кестелер, графиктер және т.б. құрастыру);

• *төртінші кезең* - мәліметтерді түсіндіру және тұжырымдар жасау (зерттеу болжамының дұрыстығын немесе бұрыстығын анықтау).

Педагогика мен психологияның пәнаралық байланысы мынадай мәселелердің қойылуы арқылы ашылады:

- психологиялық шынайылық және оның қасиеттері, педагогикалық шынайылық және оның қасиеттері;

-- педагогика, педагогикалық психология, психологиялық педагогика, жеке тұлға дамуының психологиясы, кәсіби даму психологиясы, жеке тұлға дамуының педагогикасы, кәсіби даму педагогикасы;

- гуманитарлық білім жүйесіндегі психология және педагогика..

- педагогиканы «психологияландыру» және психологияны «педагогикаландырудың» жолдары мен тәсілдері;

- психология мен педагогикадағы монизм мен плюрализм;

- педагогикалық және психологиялық ұғымдарды (тәрбие, оқыту, білім, жеке тұлғалық кемелдік, жеке тұлға даму, құндылықтар жүйесі, өзін-өзі бағалау және мұғалімнің бағасы т.б.)

- психологиялық және педагогикалық зерттеулердің ерекшеліктері, Қазақстандағы және шетелдегі психологиялық-педагогикалық бағыттылықтарды және пәнаралық зерттеулерді кешенді зерттеулер құрылымы;

– осы заманғы зерттеулерді психологиялық және педагогикалық диагностиканың арақатысы мен маңызы.

Психология, педагогика және білім беру практикасының арақатынасы аясында мынадай проблемаларды бөліп атауға болады:

- білім беру реформасының психологиялық аспектілері;
- мектеп және жоғары білім берудің психологиялық проблемалары;
- педагогикалық қызметті дамытудың психологиялық заңдылықтарын қалай есепке алу;
- өзін-өзі тану үдерісінде (педагогтің, оқушының, ата-ананың, басшылардың және т.б.) психологиялық және педагогикалық білімнің орны;
- мұғалімнің, тәрбиешінің білім беру мекемесі басшысының, оқушының, ата –ананың және т.б. психологиялық портреті;
- педагогикалық үдеріс (мұғалімнің, оқушының) шығармашылық әлсуметін ашады ма;
- педагогикалық үдерісті психологиялық қамтамасыз ету проблемалары;
- психологиялық мазмұн мәселесі – педагогикалық үдерістегі жуықтағы даму аймағы;
- мұғалімдер мен оқушылардың қарым-қатынасы «тілінің» мәселесі;
- психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету және білім беру үдерісін қолдану мәселелері;
- мұғалімнің психологиялық құзыреттілігі және мәдениеті т.б.

Психологиялық білім педагогикада теориялық моделдер құрудың бір көзі болып табылды. Оқыту туралы идеялды пайымдау мен істің нақты жайының арасындағы алшақтықтың себептерін анықтау үшін психологиялық талдау қажет. Мұғалімдер нақты ұсыныстар жасау үшін жасына қарай топтағы оқушылардың психологиялық сипаттамасын білуі керек. Мұндай сипаттамаларды және басқа көптеген жағдайларды да ескеру қажет.

## **2 тақырып. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ӨДІСТЕРІ**

**2.1. Педагогика ғылымының әдіснамасы.** Кез келген ғылымның даму жетістігі оның әдіснамасы мен теориясының деңгейімен анықталады. Ғылыми-зерттеу жұмысында әдіснама, әдіс пен теория арқашан бір-бірімен тығыз байланысты. Әдіснама «грек тілінен аударғанда «әдіс туралы ғылым» деген мағынаны береді. Сондықтан әдіснама – зерттеу үдерісі туралы ілім ретінде де түсіндіріледі. Теория – педагогикалық құбылыстардың, кез-келген әдіснаманың негізі болады және сол әдіснаманың көмегімен табылған фактілер негізінде кеңейеді. Теория – таным үдерісінің нәтижесі, ал әдіснама болса осы танымға жету

мен оны құру тәсілі болып табылады. Бұл – теориялық және практикалық ғылыми-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру мен құрастырудың негізі мен тәсілдер жүйесі. Таным теориясы тұтас танымдық іс-әрекет үдерісін және оның мазмұндық негізін зерттейді. Әдіснама шынайы және практикалық түрде тиімді білімге жетудің әдістері мен жолдарына көп көңіл бөледі, осы білімді дамытудың тәсілдерін іздестіреді.

Педагогика әдіснамасының мазмұнын анықтаудың қалыптасқан бағыттарына тоқталайық. М.А. Даниловтің педагогика әдіснамасы жайлы ғылыми мақалалары осы саладағы еңбектердің алғашқыларына жатады. М.А. Данилов педагогика әдіснамасының келесідей анықтамасын ұсынды: «Педагогиканың әдіснамасы педагогикалық шынайы болмысты бейнелейтін педагогикалық теорияның құрылымы мен негіздері, білімдер жасауға қажет тұғырлар мен тәсілдердің қағидалары туралы білімдер жүйесі болып табылады».

В.В. Краевский, М.А. Данилов ұсынған педагогика әдіснамасының анықтамасын қабылдай отырып, педагогиканың әдіснамасы педагогикалық шынайы болмысты бейнелейтін педагогикалық теорияның құрылымы мен негіздері, білімдер жасауға қажет тұғырлар мен тәсілдердің қағидалары туралы білімдер жүйесі, сондай-ақ, арнайы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бағдарламаларын, логикасын және әдістерін, сапасын бағалау туралы білімдерді алу бағытындағы әрекет жүйесі деп тұжырымдайды.

Заманауи анықтамаларға жақынырақ әдіснама мазмұнының анықтамасын В.И. Загвязинский берді: «Педагогиканың әдіснамасы – бұл педагогикалық білім туралы, оны меңгеру үдерісі, түсіндіру әдістері және оқыту мен тәрбиелеу жүйесін түрлендіру немесе жетілдіру үшін практикалық қолдану шарттары туралы білім».

Педагогиканың әдіснамасы түрлі мағыналарда, мәндерінде және түрлі қырларында түсінілуі мүмкін. Педагогика әдіснамасы – педагогтардың ғылыми-танымның тиімділігі мен нәтижелігіне жетуді қамтамасыз етудегі әрекетінің құрылымы, логикалық ұйымдастыруы, әдістері мен тәсілдері, олардың мақсаттары мен қызметтері туралы ілім.

Сонымен, педагогика әдіснамасы кең мағынада теория, оның неіні зерттеудің жалпы ғылымилық және арнайы әдістерін біріктіретін және тар мағынада – жаңа ғылыми-педагогикалық ақпарат алу, оны талдау мен түсіндірудің әдістері туралы білімдер жүйесі.

**Педагогтың әдіснамалық мәдениеті. Педагогтің әдіснамалық мәдениетінің** құрамы мыналарды қамтиды: әдіснамалық рефлексия (өзінің ғылыми қызметін талдау қабілеті), ғылыми негіздеуге қабілеті, сыни талқылауға және нақты тұжырымдамаларды, танымын, басқарудың, құрастырудың формалары мен әдістерін шығармашылықпен пайдалануға қабілеттілік.

Әдіснамалық мәдениеттің жетекші компоненті *әдіснамалық рефлексия* болып табылады. ол зерттеушіге өзінің ғылыми жұмысын талдап, жетілдіруге, ал ЖОО оқытушысына болашақ зерттеушілерді даярлауды заманауи ғылым деңгейінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық зерттеулердің сапасын арттыру үшін екі бағытта әрекет қажет: әдіснамалық білім бар ғылым саласын жетілдіру және осындай білімдерді педагог-зерттеушілерді даярлаудың мазмұнына енгізу қажет. Зерттеушінің әдіснамалық рефлексиясының мазмұны зерттеу сапасын бағалауға мүмкіндік беретін педагогикалық зерттеудің келесідей сипаттарында көрінеді: мәселе, тақырып, өзектілік, зерттеу объектісі, оның пәні, мақсаты, міндеттері, гипотеза, жаңалық, ғылым үшін маңыздылығы, тәжірибе үшін маңыздылығы.

*Әдіснамалық мәдениет* – бұл жалпы ғылыми іргелі білімділік, әдіснамалық білімді меңгерген, оқу-зерттеу әрекетіндегі шығармашылық, өзін-өзі дамытуға құндылық бағдарлар жүйесі, тұлғаның тұтас, біріккен сипаттамасы. Педагогтың әдіснамалық мәдениетінің мазмұнына мына білімдер енеді: педагогикалық білім құрылымы мен әрекеттері туралы білім;

- жалпы ғылымдық мазмұндағы ағымдағы, негізгі, іргелі педагогикалық теориялар, тұжырымдамалар, болжамдар; педагогикалық зерттеулердің әдістері мен логикасы туралы білім;

- тәжірибені жетілдіру үшін алған білімді пайдалану әдістері туралы білім.

**2.2. Педагогика әдіснамасының деңгейлері.** Ғылыми танымда әдіснамалық талдаудың әр түрлі деңгейлері көрсетіледі. Әдебиеттерде әдіснамалық талдау үдерісі төрт деңгейлік иерархия түрінде беріледі:

1) *философиялық әдіснама*, яғни, таным мен жалпы ғылымның категориялық құрылымы негізінде педагогикалық зерттеу мәнін, оның әдіснамалық іргетасын білдіретін және белгілі бір әлем сияқты тұрғысынан педагогикалық зерттеу нәтижелерінің танымал түсіндірмесіне қатысты жалпы қағидалар жатады;

2) *жалпы ғылымилық әдіснама*, жалпы ғылымилық қағидалар мен зерттеу формаларын қамтиды (жүйелілік, кибернетикалық, кешенді, бағдарламалы-мақсаттық секілді жалпы ғылымилық әдістер, идеалдау, модельдеу секілді жалпы ғылыми рәсімдер мен тәсілдер және т.б қатысады). Жалпы ғылымилық әдіснама ұстанымдық-бағыттаушы қызметті атқарады. Себебі, дәл осы кезеңде зерттеудің ұстанымдық бағыты анықталады, оның стратегиясы, нысаны мен пәнін анықтаудың әдістері қарастырылады.

3) *нақты ғылымилық әдіснама* педагогика ғылымының зерттеу әдістері, зерттеу қағидасы мен рәсімдерінің жиынтығынан тұрады. Ол зерттеуші қызметті атқара отырып, бір бірімен нақты зерттеулердің ерекшеліктерімен сәйкес байланысатын педагогика әдістері мен аралас ғылымдарға қажетті жиынтықты құруға мүмкіндік берс отырып, соны-

мен қатар, педагогикалық зерттеу барысында бір мәнді түсінуге қажетті психология, элеуметтану және т.б ғылымдардың және педагогиканың ұғымдық-түсініктік аппараттының бірегейлігін қамтамасыз етеді;

4) *зерттеудің әдістемесі және техникасы* (технология), яғни, бір сипатты және шынайы эмпирикалық материал жинап, оны алғашқы талдау үшін қажетті болатын рәсімдері жиынтығы. Оның басты қызметі – құралдық немесе құралдық-технологиялық. Аталған деңгейдің қызметтерінің дұрыс жүзеге асырылуына сай жеке педагогикалық зерттеулердің нәтижесі мен жалпы, барлық педагогикалық ғылымдардың нәтижелері қалыптасады.

Философиялық білімдер педагогикалық зерттеуді әдіснамалық қамтамасыз етудің құрамына кіреді. Ол педагогикалық теория жасау үшін қажет, өйткені, теориялық зерттеу тәжірибемен, педагогикалық шынайы болмыспен жалпылама байланыста да, ал философиямен тікелей байланысты.

Ғылыми-педагогикалық зерттеуде маңызды рөлді *философиялық категориялар* (мән және құбылыс; себеп пен нәтиже; қажеттілік пен кездейсоқтық; мүмкіндік пен шынайылық; мазмұны мен формасы; бірегейлік, ерекшелік және жалпылық, т.б.) *заңдар* (қарама-қайшылықтардың күрес заңы; сандық өзгерістердің сапалыққа айналу заңы; терістеуді терістеу заңы), *қағидалар* (теория мен тәжірибенің бірлігі қағидасы; зерттелуші мәселеге нақты тарихи және шығармашылық әдіс қағидасы; объективтілік қағидасы; үдеріс пен құбылыстың жан-жақтылығын зерттеу қағидасы) атқарады.

2.3. *Философиялық заңдар, заңдылықтар. Қарама-қайшылықтардың бірлігі мен өзара әсерлілігі заңы даму* үдерістерінің ішкі қайнар көзін ашады, ескінің жойылып, жаңаның пайда болуына әсер етеді. Заттар мен құбылыстардың бойындағы қасиеттер мен ағымдарды өзара жокқа шығарып, өзара мақұлдап тұратын жақтар бірлігін қарама-қайшылық деп атайды. (Мысалы, ақ пен кара, жақсылық пен жамандық т.б.). Қарама-қайшылықтардың өзара әсерлілігі, қалтығысуы, соның нәтижесінде өзара терістеу пайда болатын көріністі *қайшылық дамуы* деп атайды. Ол таным диалектикасына сәйкес қозғалыс пен дамудың қайнар көзі немесе себебі міндетін атқарады «Даму» ұғымына философияда «мөлшерлік өзгерістердің белгілі бір өлшем шегінен шығып, сапалық өзгерістерге айналуы» деген анықтама беріледі, яғни мәңгі, қажетті қозғалыс, уақыттағы өзгеріс деп түсіну қажет. Дамудың қайнар көзі болу үшін қарама-қайшылықтар бірін - бірі жокқа шығарумен шектелмей, бір-бірін сүйеп те отырулары керек.

Дамудың кезкелген үдерісі өзінің қозғалу барысында, кезеңдерінде сапалық жағынан бір - бірінен өзгеше болады. Ескі сапалық жағдай жойылады, ол жаңа сапалық жағдаймен терістеледі. Терістеу – дамудың қозғаушы күші. Теріске шығару ескі құбылыстың жай ғана жойылуы емес, сонымен бірге теріске шығарылған құбылыспен бел-



гілі деңгейде байланыста болатын жананың пайда болуын білдіреді. Осылайша, диалектикалық терістеуді теріске шығару ескіні жоюға бағытталған негативтік заттың қырларын, оның жекелеген элементтерін ұстап, сақтап қалуға бағытталған позитивтік өзара байланысты екі аспектіні қамтиды. Жаңа ескіні терістейді.

*Сандық өзгерістердің сапалық өзгерістерге ауысу заңы* даму тетігін, ескіден жаңаға өтудің жолдары мен түрлерін ашады. Занның мәні «сапа», «сан», «өлшем» категорияларын талдау арқылы ашылады. Заттардың анықтығын білдіретін басты мәнді қасиеттердің жиынтығы *сапа* деп аталады. қалыптасуы сапаның өзгеруі болып табылады.

*Терістеуді теріске шығару заңы* - заттың жаңа сапалық жағдайын нығайту, дамуға кедергі келтіретін компоненттерді жойып, орнына жаңалары пайда болады деген сөз. Жаңаның пайда болуы болашақ мүғалімнің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуындағы шешуші кезең. Ол жаңаны қабылдау арқылы өзін дамытады, бойына кәсіби құзыреттілік сапаларын жинайды.

*Таным теориясы.* Ғылым және оқу таным ғылыми білімнің құрамымен, құрылымымен, танымдық қызметімен сипатталады. Ғылыми білімді ұғымнан теорияға дейін меңгеру білім сапасының маңызды белгісі болып есептелетін жүйеліліктің логикалық-психологиялық және дидактикалық сипаттамасы болып есептелінеді. Оқу-танымдық әрекетте таным қызметтерін меңгеру ғылыми әдісті игеруге әкеледі. Логиканы дидактикалық үдерістегі оқытудың құралы еткен тіл екені анық. Ғалым да, оқушы да құбылысты сипаттау (не?, қашан?, қайда?, қандай?, қанша?, қалай?), түсіндіру (неден?, неге?, не үшін?), болжау (не болады?, егер?) - үшін қолданыстағы кілтті сөздері бірдей. Бұл лексикалық құрылымдар оқу мәтіндерінің, оқу тапсырмаларының мазмұнына үнемі және мақсатты түрде қосылып отырады.

Философиялық білім барлық нақты ғылымдар жүйесінде дамиды және келесі құрылымдық бөліктерден құралады: онтология (болмыс туралы ілім), әдіснама (әдіс туралы ілім), гносеология (таным туралы ілім), формалды, диалектикалық, арнайы логика, табиғат философиясы, әлеуметтік философия, антропологиялық философия, эстетика, этика (мораль туралы ілім), философия тарихы.

*Жүйелік тұғыр* - құбылыстардың жалпы байланыстарының бейнеленуі.

Жүйелік зерттеулерді ерекшеліктеріне сәйкес – жалпы ғылыми және философиялық зерттеулердің тоғысу саласы; жүйелік зерттеулердің логикасы мен әдіснамасы; арнайы ғылыми-жүйелі әдістемелері; жалпы жүйе теориясын құру салалары деп жіктейді (Э.Г. Юдин, В.Н. Садовский). Жүйелік тұғыр диалектикалық материализмнің бөлінбес бөлігі. Жүйелілік тұғыр - нысанды жүйе ретінде зерттеу әдіснамасы (М.С. Каган, В.Г. Афанасьев және т.б.). Жүйелілік тұғыр «жалпы ғылымдылығымен», «ғылыми білімнің көп салалығымен», «жалпы

ғылымилықтың гносеологиялығымен» сипатталады (А.Д. Урсул және т.б.). Жүйелік тұғыр - нақты гносеологиялық жағдаяттағы диалектикалық әдістердің көрінісі. Сондықтан, жүйелік жалпы ғылыми әдіснамалық зерттеудің бір құралы ретінде оқу-тәрбие үдерісін және бір-бірімен байланысты құбылыстарды жүйелі зерттеуге қажет сапалы ғылыми тұғыр болып табылады.

**Жүйелік тұғыр** – объектілерді жүйе ретінде қарастыру негізінде, жалпы ғылыми әдіснамалық ұстанымдардың жиынтығы. Жүйе (система, грек тілінен аударғанда – біртұтас деген мағынаны білдіреді) – белгілі тұтастық, бірлікті құрайтын, бір-бірімен, ортамен өзара қатынаста және байланыста болатын, элементтердің жиынтығын көрсететін жалпы ғылыми ұғым.

Жүйелердің типтері көпқырлы: материалды және рухани, органикалық емес және тірі, механикалық және органикалық, биологиялық және әлеуметтік, статикалық және динамикалық, ашық және тұйық және т.б. Кез келген жүйе құрылымы мен ұйымдасуы бар көптеген әртүрлі элементтерден тұрады. Құрылым – а) тұтастығы мен өзіне ұқсастығын қамтамасыз ететін, объектілердің тұрақты байланыстарының жиынтығы; б) күрделі біртұтастың элементтер байланысы арақатынасындағы тұрақты тәсілі (заңы). Жүйелі тәсілдің ерекшелігі, зерттеуді объектінің тұтастығын ашуға және оның тетіктерін қамтамасыз етуге, күрделі объектінің байланысының көптеген типтерін анықтауға, оларды бірыңғай теориялық картинаға жинақтауға бағыттайды.

**Жүйелік тұғыры** – зерттелетін педагогикалық құбылыстарды және олардың арасындағы байланыстың көптеген элементін анықтау. *Зерттелуші объектіні жүйе* ретінде, оның элементін, олардың арасындағы байланысты және оны жіктеп, құрылымын және ұйымдастыруды, тұтастай білім беру ретінде басқару жолдарын анықтауға бағытталады. Педагогикалық жүйенің ерекшелігі, бұл іс-әрекет жүйелері және қатынастар шеңберінде қалыптасатын жүйелер (қайта құрушы-белсенді, қайта жасаушы-орындаушы, тұтынушы-дара немесе әрекеттік-жасаушы және т.б.). Бұл жүйелер оқыту үдерісінің субъектілері арқылы құрылады және олардан бөлек болмайды, солар арқылы жүзеге асады. Осы контексте педагогикалық жүйе ретіндегі оқыту-тәрбиелеу үдерісінің негізгі сипаттамасы, оның біртұтастығы мен кешендігі болып табылады.

**2.4. Педагогикалық теория.** Ғылыми білімнің басты құрамдас бөлігі – теория. Әрине, ғылыми білім – шынайы болмысты тәжірибелік танудың мәліметтері, зерттеу барысында алынған фактілер, анықталған эмпирикалық заңдылықтар. Бұның бәрінің ғылыми білімнің құрамдас бөліктері ретінде теория тұтастық қасиетін қалыптастырады. *Ғылыми теория* жерделенетін шынайы болмысқа тән заңдылықтар мен мәнді байланыстар туралы түсінік беретін білім болып табылады.

Теория білімдерді жүйелеу, зерделенетін нысанның болашағын болжау үшін де қажет. Демек, ол нысанның даму болашағын болтамдау үшін де керек. Теориясыз түсіну жоқ, сондықтан да түсіну – теорияның стратегиялық миссиясы.

Теорияның маңызды бір қызметі – болжамдау, түсіндіру үлгісі: жалпы тұжырымдаудан кейін феноменді болжайды. Болжамдау болашаққа бағдарланған. Педагогикада болжамдау маңызды роль атқарады. Білім беру әлемін ұйымдастыру оқушылардың, мұғалімдердің, басқарушылардың іс-әрекетін болжамдаусыз мүмкін емес. Педагогикада ғылыми педагогикалық алдын-ала болжау жүргізіледі. Білім берудегі алдын ала болжауда статистикалық өлшемдер пайдаланылады. Қазіргі педагогикада ғылыми болжау – логикалық-әдіснамалық рәсім. Білім берудегі құбылыстың қазіргі нақты көрсеткіштері негізінде осы құбылыстың келешегін анықтайды. Педагогикадағы түсіндіру мен болжау ұқсас, тек түсіндіру өткенге, болжау болашаққа бағдарланған.

Түсінудің жалпы теориясы – *герменевтика* дамуда. Түсіну – амбебап рәсім. Сипаттау, түсіндіру және болжау ғылыми теорияның қызметтері. Түсіну дегеніміз құбылысты қндылық арқылы түсіндіру. Түсіндіру – бар нәрсені, ал болжам – не болатынын, түсіну – не болуы керек екенін білдіреді. Ғылымда, оның ішінде педагогикада түсіну ғылым зерттейтін нысандарға, құбылыс пен үдерістерге белгілі бір мән беру. Педагогикада түсіну гуманистік өлшем енгізді. *Теория* көбінесе жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту мен қалыптастырудың жинақталған тәжірибесін шығармашылықпен қайта құрумен байланысты. Осылайша, ол педагогикалық тәжірибені қорытындылап, жеке тұлғаның болашақта қалыптасуы мен дамуының жоспарын анықтайды.

Теория өзара байланысты білімдер жиынтығы ғана емес, сонымен қатар, ол – осы білімдердің белгілі бір зерттеу бағдарламасы түрінде құралуының тетігі. Теориялық білім зерттеушіге оның не нәрсені біле алатынын көрсетсе, практикалық білім оның не істеу керектігіне бағытталады. Кез-келген теорияның ақиқаттылығының белгісі – болмыстың практикалық өзгерісі. Практика теориялық түсінікке қарағанда алдеқайда кең және күрделі.

*Педагогикалық теория* дегеніміз педагогикалық сан алуан құбылыстарды зерттейтін, бейнелейтін және түсіндіретін білімдер жүйесі. Педагогикалық теория оқыту мен тәрбиелеудің нәтижесін тек практикаға ғана қатысты емес, оны зерттеу нәтижесінде пайда болатын теорияны алдын-ала болжауға мүмкіндік береді. Сонымен, педагогикалық теория мұғалімнің педагогикалық тәжірибесін жасаудың негізі ретінде қарастырылады.

*Тұлға теориясы.* Адам – жер бетіндегі тірі организмнің жоғары сатысы, қоғамдық-тарихи іс-әрекетімен мәдениет субъектісі, ол қарым-қатынас есі. Демек, оның іс-әрекеті, сезімі, ойлау ерекшелігі өзі өмір сүріп отырған қоғамдық-тарихи жағдайға да тәуелді. Осыған байла-

нысты тәрбие беру мақсатын анықтап, оның мазмұнын, ұйымдастырудың нақты жолдары мен әдістерін белгілеу – тұлғаның қалыптасуындағы ең маңызды мәселе.

Тұлғаның дамуы – педагогика мен психологиядағы ең басты категорияның бірі. Даму заңдылықтарын психология психиканың дамуы деп түсіндірсе, педагогтар адамның дамуына мақсатты түрде басшылық жасау деген теорияны ұсынады. Сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен тұлғаның дамуы сапалық және сандық өзгеріске түседі. Тұлғаның өзгеруі оның жасының өсу кезеңдеріне, айналасын танып, тиісті дағдыларды меңгеріп қарым-қатынас жасауға араласа бастаудағы тәлім-тәрбиесі мен өнегесіне байланысты. Оның басты сапалары мыналар: денесінің өсуі – бұлшық еттерінің жетіліп, барлық дене мүшелері өркен жайып, пішін болмысы дамиды. Психикалық дамуы – ойлау, қабылдау, зейін, ес т.б.; әлеуметтік жағынан дамуы – адамгершілік, имандылық, таным түсінікті сезіну, әлеуметтік қарым-қатынасты саралай білу т.б.

Есте сақталған пәндер мен құбылыстар, тану барысында жүзеге асқан белгілі бір іс-әрекеттің бейнесі негізінде түсінік қалыптасады. Бұл құбылыс пәндер мен құбылыстардың жалпылама белгілерінің бөлінуі мен жүйеленуін білдіреді.

Педагогикалық сөздіктерде: «Тұлғаға бағдарлану тұғыры – қазіргі педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері, баланың дара, шығармашылық ерекшеліктерін ашу және есепке алу» деп анықтама берілген. Тұлғаға бағдарлану тұғыры әлемдік деңгейдегі практикада қолданылып, бірнеше жолдары белгілі болып, тұлғаның рухани және зияткерлік сапаларының қалыптасуына бағытталады. Тұлғаға бағдарлану тұғыры – баланың субъектілі тәжірибесіне, өмірлік жеке тәжірибесіне сүйену арқылы даралығын, шығармашылығын дамыту және тұлға ретінде өзін-өзі дамытуға жағдай жасау. Бүгінгі таңда педагогикада оқытудың түрлі үлгілері мен технологиялары жасалуда, олардың әрқайсысы «тұлғаның дамуы», «оқыту тұғыры», «тұлғаға бағдарлы білім беру» ұғымдарын өздігінше түсіндіреді.

*Іс-әрекет теориясы.* Педагогикалық зерттеу әдістерінің әдіснамалық негізі бойынша адамның қоршаған әлемге қатынасы практикалық және абстрактілі-теориялық (танымдық) *тұғырлармен* байланысты шешіледі.

Зерттеу жұмысында негізге алатын келесі әдіснамалық тұғыр *іс-әрекет тұғыры* ұғымы психология ғылымына жиырмасыншы ғасырдың 20–30 жылдары енген. Бұл ұғым туралы бірнеше бағыттағы түсіндірулер берілген. Іс-әрекет тұғыры дегеніміз – объектінің біртұтастығын және оның тегіктерін ашу (философия, әлеуметтану теориялары бойынша), тұлғаның әрекет арқылы қоршаған ортаны тануы және қайта өзгертуі, іс-әрекетінің құрылымын, қызметін қарастырады деп тұжырымдалады. *Іс-әрекет тұғырын* – педагогикалық құбылысқа

эрекеттің бүкіл компоненттерінің тұтастығы деп түсіну, яғни мақсаты, мотиві, эрекеті, операциясы, ретке келтіру жолы, жөндеу, жеткен нәтижені бақылау және талдауға мүмкіндік береді.

Іс-әрекеттік теория - тұлға дамуының негізі, құралы және шешуші факторы болып есептеледі. Бұл сана мен эрекеттің бірлігі идеясына негізделіп, тәрбиеде жаңа жүйені қалыптастырады. Мұндай көзқарас педагогикалық зерттеу жұмыстары және практикалық эрекеттер барысында тұлғалық-бағдарлық ұстаныммен тығыз қарым-қатынаста болып, оның жүзеге асуына тікелей ықпал етеді. Іс-әрекеттің мақсаты - адамдардың ақиқат өмірін қайта жаңғыртуға бағытталады. Сондықтан адамның барлық деңгейдегі заттық және рухани эрекеті еңбек негізінде пайда болып, оның негізгі ерекшелігін бойына сіңіріп, айналадағы өмірді шығармашылықпен қайта жаңғыртады.

**Құндылықтар теориясы.** Құндылық бағыттары – адамгершілік сананың өте тиянақты және терең көрінісі, ол тек жекелеген іс-қимылдары мен себеп-салдарында ғана емес, мінез-құлық пен іс-әрекеттің бүкіл барысында көрініп, сананың жалпы бағыттылығында жеке тұлғаның бастапқы өнегелілік ұстанымын іске асырады. Мақсат пен міндеттерге сәйкес барлық тәрбиелік ықпалдардан тұратын болғандықтан құндылық бағыттарды жеке тұлғаның тәрбиелілігінің интегралды көрсеткіші.

Психологтар “құндылық” ұғымымен қоғамға қатысты әлеуметтік-тарихи мағынасы мен іс-әрекеттің белгілі бір құбылыстарының жеке тұлғалық мәнісін сипаттайды. Олар құндылық деп, біріншіден, өнегелілік, жеке тұлғаның (адамдар тобының, ұжымның) және оның іс-әрекетінің нәтижесін; ал екіншіден, “құндылық” санаға қатысты адамгершілік пен арман-мұраттары, жақсылық пен жамандық, әділеттілік пен бақыт ұғымдары сияқты түсініктерді айтады.

Құндылықтар теориясы - нақтылы ғылыми-әдіснамалық таным ретінде және педагогикалық шындықты жаңғыртуда өзінің негізгі аксиологиясы - жалпы адамзаттық мәдени құндылық (заттық және рухани) жайында ілім болып табылады.

**Басқару теориясы.** Мектепті басқару туралы білім дер жиынтығы мектептану деп аталады. Қазіргі заман мектебі күрделі жүйе болғандықтан, ол оқушылардың, мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің, оқу-тәрбиелік қызмет көрсететін ұстаздардың іс-әрекеттерінен, мектеп алдында тұрған жалпы міндеттерді шешуге белгілі бір жағдай жасайтын материалдық базадан тұрады.

Ғылыми басқару – белгілі нәтижеге жету мақсатында жоспарланған жүйелерді басқару. Ғылыми басқарудың мынадай белгілері бар: жалпы таным мен объективтік заңдылықтарды саналы пайдалану; басқару мқлалының үздіксіздігі мен жүйелілігін қамтамасыз ету; басқарылатын объектілер мен үдерістерді модельдеу; құбылыстардың сандық өлшемдерін қолдану.

Мектепті басқарудың басты мәні - педагогтардың педагогикалық процессте ең жақсы нәтижеге жету мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарының іс-әрекетін мақсатты басқару.

Педагогикалық үдерісті ғылыми негізде басқару мұғалімнен басқару теориясын игеруді талап етеді, жалпы және арнайы ұйымдастыра білу білім деңгейін көтеруді, оның барлық бөліктерін қажетті мәліметтермен қамтамасыз етуді, басқару нысанының өзіндік ерекшеліктерін бейнелейтін басқару әдістерін игеруді қажет етеді.

**Әлеуметтендіру теориясы.** Тұлға – қарым-қатынас пен қызмет барысында қалыптасқан және тиісті белсенділік деңгейі мен өзіндік тануды білдіретін адамның әлеуметтік мәні. Тұлғаның дамуы - ішкі және сыртқы факторлардың әсерімен белгіленген, ағза. Психика, интеллектуалдық және рухани ортадағы сандық және сапалық өзгерістер үдерісі. Тұлғаның қалыптасуы - тұқымқуалаушылықтың әсері, орта, мақсатты тәрбиелеу мен өзіндік белсенділіктің нәтижесінде тұлғаның қалыптасу үдерісі. Тұлғаны *әлеуметтендіру* - тұлғаның қоғамға, жеке топқа тиісті тәртіп үлгілерін, құндылықтар, нормалар, қағидаларды білуі және сол арқылы әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік тәжірибені меңгеруі. Тұлғаның даму факторлары - тұқым қуалаушылық, орта, тәрбие. Тұлғаның дамуының негізгі күштері: ішкі қарама – қайшылықтар (тұлғаның мүмкіншіліктері мен қажеттіліктері арасындағы). Сыртқы қарама – қайшылықтар (тұлғаның мүмкіншіліктері мен қоғамның талаптары арасындағы)

**Педагогикалық теория мен практиканың әрекеттестік диалектикасы.** Педагогика ғылымы мен практикасы жаңа әдіснамалық идеялардың пайда болуына орай, педагогикалық нысандарды ғылыми-педагогикалық ақпаратты жүзелейндіру аясында қарастыруы мүмкін. Дамуы теориялық педагогиканың іргетасын анықтайтын негізгі педагогикалық теорияны белгілеп, зерттеушілер үшін өзінше бір әдіснамалық бағдар болатын қандай да бір теория аясында ғылыми-педагогикалық әрекетті реттеуге болады. Осы кезеңде жаңа ғылыми-педагогикалық білімді жинақтау жүзеге асады.

Мектептің кәсіби іс-әрекеті мен әрбір мұғалімнің шығармашылық әс-әрекетінің әдіснамалық негізінің құраушысы болатын теория мен практиканың үздіксіз өзара байланысы үнемі қарастырылады. Педагогикалық теория мен практиканың өзара байланысы олардың өзара іс-әрекетінен туындайды.

«Өзара іс-әрекеттілік» ұғымы педагогикалық зерттеу нәтижелерін практикаға ендіруді білдіреді, теория мен практиканың өзара іс-әрекеттілігі педагогикалық іс-әрекеттің кез келген түрінде байқалады (оқу-тәрбиелік, басқарушылық, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет, мұғалімдер қауымына педагогикалық ғылымның материалдарын жеткізу іс-әрекеті). Соңғы кезде, ғылым мен практиканың өзара іс-әрекеттілік мәнмәтінінде педагогикалық жаңалықты пайдалану мәселесі көбірек

зерттелуде. Зерттеушілер жанашылдық қозғалысын педагогикалық жаңалықта пайдаланумен тығыз байланыстырады.

**2.5. Педагогика әдіснамасының мәнін зерделеу бағыттары.** Әдіснамалық ізденудің бағытына тән педагогикалық әдіснаманың тек *гносеология* ғана емес, сонымен қатар, *онтологияның* қызметін қатар атқаратын *таным кеңістігінің әрекеті жүйесін* ерекшелеу, шындығында, нақтыланған болатын. Жекелей алғанда, бұл ғылыми-педагогикалық фактілерді сипаттап, педагогикалық нысандардың мәнін ашатын, олардың бұдан әрі өзгеруі мен дамуының табиғаты мен шарттарын түсіндіретін сала ретінде педагогика ғылымының пәнінің түсіндіруінде қарастырылады.

Белсенді даму үстіндегі педагогика әдіснамасы аясындағы *гносеологиялық тұғырмен* қатар, педагогика ғылымы, оның объектісі мен пәні шегінен тыс өмір сүретін философиялық ережелер жүйесі қаралған тағы бір ұстаным анықталды.

Педагогика ғылымын дамыту әдіснамасы ретінде, *философиялық* деп аталатын екінші тұғырдың авторлары, түрлі педагогикалық құбылыстар мен үдерістерді тануға және зерттеуге қолданылатын диалектикалық заңдарын, философиялық идеяларын қарастырады. Екінші ұстанымның жақтаушылары педагогика әдіснамасының «бастапқы ережелері мен қағидалары, түсініктердің мәні мен жүйесі, ең алдымен, философиялық тұғырнамамен анықталады және аталмыш ғылыми білім саласының құрамдас бөлігі болып табылмайды» деп тұжырымдайды. Философиялық талдау педагогикалық талдаумен қатар қолданыла алады, бірақ оның орнына қолданылмауға тиіс.

Педагогика әдіснамасын дамыту тарихында кенес кезеңіндегі педагогика ғылымы мен практиканың өзін дамытуға елеулі ықпал еткен үшінші *идеологиялық тұғыр* болғанын айтуға болады.

Ғылым әдіснамасы мәселелерін басты назарға алған философтар әдіснаманы жеке ғылым және оның даму құралдарын ғылыми қызметтің құрылымы, пішіні мен тәсілдері және үлгісі жөніндегі қағидалар ретінде қарастырады. Осының ықпалымен педагогиканың әдіснамасын түсінуге деген көзқарас біртіндеп өзгеріп, гносеологиялық, философиялық және педагогикалық тұтырлар барған сайын жөні сыңа ұшырай бастады.

Нәтижесінде, төртінші тұғыр – *ғылымтанушылық* болып анықталды, ол әдіснамалық, тарихи және теориялық ілімдерді ажырататын және біріктіретін ғылыми-педагогикалық білімдердің құрылымдарын жанартып, педагогтардың әдіснамалық зерттеулерінің пәндік өрісі шекарасын анықтайтын, педагогика әдіснамасын ғылымтану құрылымындағы ғылыми білімдердің айрықша саласы ретінде түсіндірумен ерекшеленеді. Бұл тұғырдың ұстанымы бойынша педагогика әдіснамасы өз аясында ғылыми жүйе ретінде педагогика ғылымын дамыту қағидаларының, құралдарының, әдістері мен үлгілерінің ерекшелік-

терін, *объектісі жүйе ретінде педагогика ғылымы және оның даму үдерісі болып табылатын*, табиғаты жағынан ғылыми зерттеудің *әдіснамалық* рәсімдері мен жеке әдістерін зерттеп, айқындайтын ғылыми сала болып табылады.

**2.6. Педагогика әдіснамасының даму тарихы.** Педагогика әдіснамасы дамуындағы негізгі қарама-қайшылық - педагогикалық шынайы болмыс пен педагогика әдіснамасы арасындағы сәйкессіздік. Бұл қарама-қайшылықты шешу үшін ғалымдар педагогикалық құбылыстардың дамуы заңдылығында көрініс табатын зерттеу әдістерін құрастыру; педагогикалық болмысты қайта құру әдістерін іздестіру және жүйелеуді ұсынады. *Педагогика әдіснамасының даму үрдістері* былайша аталады:

- 1) педагогика әдіснамасы пәнінің түсінігі мен мәнін тереңдету;
- 2) педагогика әдіснамасының міндеті - педагогикалық ойлау, ғылыми шығармашылық стилін диалектикалық дамыту мен педагогикалық сананы сақтау, қалыптастыру;
- 3) заманауи зерттеушілердің үш негізгі әдіснамалық ережеге бағыттылығы. *Бірінші ереже:* кез келген педагогикалық зерттеуде зерттеу нысанының қарама-қайшылықтарына мән беру керек, анықталған қарама-қайшылықтан зерттеу мәселесін құрастыру және оның шешімін сәйкессіздіктерді нақтылау арқылы негіздеу. *Екінші ереже:* кез келген педагогикалық мәселе тәрбиелік және дидактикалық жүйенің интеграциясымен, педагогикалық білім мен үдерістің бірлігін, жүйелілігін ескеру арқылы қойылуы және шешілуі керек. *Үшінші ереже:* кез келген педагогикалық зерттеу педагогикалық шынайы болмысты, оның қайта өзгеруі мен эмпирикалық таным нәтижелерін немесе әдістерін қолдануды қажет етеді.

В.С. Степиннің пайымдауынша, ғылым дамуы әдіснаманың сол кезеңге сай сипаттамасы мен түрлерін анықтайды. Ғылым дамуының *классикалық кезеңі* (XVII ғ.–XX ғ. басы) ғалымдардың нысана мәнін тану құралынсыз танымды жүзеге асыруға болады деген сенімділігімен байланысты болды, негізінен зерттеу нысанына басты назар аударылды. *Классикалық емес кезең* (XX ғ. басы және XX ғасырдың 60-жылдары) – нысанды зерттеу нәтижесінде алынған білім таным құралына қатысты болатынын ғалымдар басшылыққа алды. *Неоклассикалық кезең* немесе *классикалық еместен кейінгі кезең* (XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап) нысанды зерттеуге бағытталған пәндік-тәжірибелік іс-әрекет нәтижесінде алынған білім тек қана таным құралына ғана емес, субъектінің дүниетанымына, құндылықтары мен нормаларына да қатыстылығын түсіндірумен байланысты еді. Бұл соңғы жылдардағы әдіснамалық зерттеулердің нәтижесі, ғылыми ізденісте осыны басшылыққа алу керек болды.

В.В. Краевский педагогика әдіснамасының даму тарихын ғылым дамуының кезеңдерімен сәйкестендіру мәселесін қарастырды. Ол



М.А. Данилов ұсынған педагогика әдіснамасының анықтамасы педагогика ғылымы дамуының «классикалық» кезеңіне сәйкес келетінін көрсетті. Педагогика әдіснамасын әдіснамалық іс-әрекет ретінде қарастыру ғылым дамуының «классикалық емес» кезеңіне сай келеді (В.В. Краевский, 1977 ж.). Сондай-ақ, Е.В. Бережнованың (2003 ж.) еңбегіндегі педагогика әдіснамасының мағынасы педагогиканың дамуының *неоклассикалық кезеңіне* сәйкес деп пайымдады. XX ғасырда және XXI ғасыр басында жеке ғылыми бағыт ретінде педагогика әдіснамасы дамуының іргелі негіздері қаланды.

Педагогиканы әдіснамалау үдерісінің *бірінші кезеңі 1960 жылдардың соңы мен 1970 жылдардың басында* пәндік зерттеу аймағын аша түсу, педагогикалық әдіснаманың құрылымы мен қызметтерін айқындау, педагогика мен философияның өзара байланысының тиімді әдістерін анықтаумен сипатталады.

Педагогикадағы әдіснамалық дәстүрдің қалыптасу үдерісінің *екінші кезеңі 1980-1990 жылдар* педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық мәселелерінің кеңею үдерісі ретінде оның түрлі бағыттарда дамуымен сипатталады.

Педагогиканың әдіснамалық дәстүрлер генезисін талдау, оның бүкіл кезеңде де екі бағыт бойынша дамып отырғанын көрсетеді, олар кейде біріне бірі қарама-қайшы болып та келген: *философиялық-педагогикалық* (М.А. Данилов және т.б.) педагогикалық шынайылықтың философиялық рефлексия түріне бағытталуы (тұжырымдамалық кеңістік пен уақыт, оқыту, тәрбиелеу және дамыту динамикасы; педагогиканың пәндік емес аймағында жатқан бұл үдерістердің интегралды негіздерін іздеу; әдіснамалық мәселені адамзат тұрмысының тұтас мазмұнында қарастыру және т.б.) және *іс-әрекеттік-педагогикалық* (В.В. Краевский) педагогика нысандарының мәндік құрамы мен ғылыми-танымдық, тәжірибелік және педагогикалық іс-әрекет байланыстарын ашу.

Әдіснамалық талдаудың аталған түрлерін педагогикаға біріктіру үрдісі Н.Д. Никандров, В.С. Шубинский және басқа да авторлардың еңбегінде сипатталды, олар зерттеу нысанының онтологиясын жүйелілік тұғырмен және іс-әрекет теориясымен синтездеу жолымен алуға талпынды. Дәл осы әдіснамалық мақсат XX асырдың 90-жылдары педагогика үшін өзекті болып табылды.

*Үшінші кезеңде (XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басы)* педагогика ғылымы мен тәжірибесін дамыту үдерісін талдауда ғалымдар әдіснамалық сипаттағы мәселелерге қайта көңіл бөле бастады. Бұл бірнеше себептерге байланысты:

– «жана педагогика», «тәуекел педагогикасы» және «жазалаусыз педагогика» қалыптасуының әдіснамалық негіздерін табу және мәнін ашу қажеттілігі;

– ғылыми ізденісте қолданып жүрген ғылымда пайда болған

жана тұғырлар, ұстанымдар мен әдістердің эвристикалық әлеуетін нақтылауға талпыну және ХХ ғасырдың соңында педагогикалық тәжірибеде пайда болған білім беру инновациясы барысында педагогикалық шындықтың қайта құрылу жолдарын түсіндіру.

### 3 тақырып. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

*3.1. Педагогикалық зерттеудің түрлері.* Педагогика саласындағы зерттеулер деп педагогика үдерісінің заңдылықтары, оның құрылымы мен тетігі, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру теориясы және әдістемесі, оның мазмұны, ұстанымдары, әдістері және тәсілдері туралы жаңа білім алуға бағытталған ғылыми іс-әрекет үдерісін және нәтижесін айтуға болады. Педагогикадағы зерттеулер оқу-тәрбие үдерісінің құбылыстары мен деректерін түсіндіреді және болжайды. Ғылыми-педагогикалық зерттеу эмпирикалық тексеруге болатын нақты қойылған деректерге негізделеді, белгілі болған теорияларға сүйенеді, мақсатты бағытталған, жүйеленген, барлық элементтердің, әдістердің өзара байланысымен ерекшеленеді. Онда эмпирикалық, логикалық және теориялық танымдық міндеттер сараланып шешіледі.

Зерттеулерді жіктеуді талдау мәселесі педагогикалық әдебиеттерде біршама қарастырылған. Типология бойынша зерттеудің жіктелуі 60-шы жылдары пайда болды. Сонымен, И.Т. Огородников жұмыстың үш түрін бөліп көрсетті: педагогика жетістігінің теориялық және практикалық қорытындысын шығаратын қорытынды зерттеу; көп қырлы тәжірибелік іс-әрекеттің заңдылықтарын ашатын, жеке жақтарын тереңдетіп зерделеуге бағытталған жұмыстар; оқу-тәрбие мекемесінің жеке типтеріндегі өскелең ұрпақтың тәрбиесі және оқыту тәжірибесіне тікелей жетекшілік ететін мақсатта құрылған нормативті және құрылымды-әдістемелік қайта өңдеулер (оқу бағдарламалары, оларға түсініктеме хат, әдістемелік құрал, оқулықтар).

Берілген жіктемені М.А. Данилов шартты және салыстырмалы деп есептеді және жоспардағы қойылған мәселе деп қарастырды. Кейінірек ғылымтануда зерттеудің *іргелі, қолданбалы және қайта жасалымдар* деп жіктелу қатары пайда болды. *Іргелі зерттеулер* педагогикалық үдерістің заңдылықтарын ашады, ғылымның жалпы теориялық тұжырымдамасын, оның әдіснамасын, тарихын жасайды. Олар ғылыми білімді кеңейтуге бағытталған, ғылыми ізденіске жол сілтейді, қолданбалы зерттеу және жасалымға арналған база құрады. *Қолданбалы зерттеулер* оқыту, тәрбиелеу әдістері, білім мазмұны, оқытушыларды дайындау мәселелерімен байланысты теориялық және тәжірибелік жеке міндеттерді шешеді. Көптеген жағдайларда қолданбалы зерттеулер іргелі зерттеулерді жалғастырады. Олар ғылым және тәжірибені, іргелі

зерттеулер мен жасалымдарды, теоретиктер мен практиктерді байланыстыратын аралық буын рөлін атқарады.

Жіктелу нысандарының белгілі бір қасиеттерін сипаттайтын, зерттеудің тәуелсіз жіктелінген топтамаларға бөлінуі – ғылыми-педагогикалық зерттеу жіктелуінің негізіне фасетті әдіс лайық. Зерттеу қасиеттерінің теориялық және тәжірибелік бағытталған сипатында төрт жеке фасет ерекшеленеді. Бірінші фасет – зерттеу міндеттері – ғылыми қызметкерлердің, ғалым-педагогтердің өздерінің алдына қоятын мақсаттары, жан-жақты жоспарланған нәтижелерге бағытталап жүргізетін жұмысы сипатталады. Екінші фасет – зерттеу нәтижелері – ғылыми іс-әрекет нәтижесінде алынған өнім, білім түрлерін көрсетеді. Үшінші фасет – зерттеу нәтижелерін пайдаланушы ұйымның мекен-жайы – ғылыми және тәжірибелік іс-әрекет барысында алынған нәтижелерді пайдалануға қызығушылық тудыратын ұйым мен ортаны анықтайды. Төртінші фасет – құжат түрлері – ғылыми-педагогикалық зерттеу нәтижелері берілген жарияланым типтерін сипаттайды.

**3.2. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері.** Педагогика әдіснамасы жалпы әдіснама ғылымы мен қоғам дамуының үдерісін талдаудан туындайды, теориялық талдау және жинақтау, сонымен қатар, педагогика, психология, әлеуметтану, кибернетика және басқару теориясының зерттеу нәтижелерін, қисынды жалпылау әдістерін қолданады. Педагогика әдіснамасы зерттеушінің ғылыми жұмысына бағытталған. Сонымен бірге, педагогика әдіснамасының басты міндеттерінің бірі зерттеу жұмысын әдіснамалық негіздеу болып табылады. Ғылымда әдіснамалық негіздің келесі түрлерін бөліп қарастырады:

- *ғылымның философиялық негізі* (әлемнің философиялық бейнесі, философиялық-дүниетанымдық, логикалық-гносеологиялық, құндылықты-нормативті ұстанымдар, философияда құрастырылған теориялар мен категориялар);

- *теориялық негіз* (ғылымның белгілі бір саласының тұжырымдамалық идеялары);

- *әдіснамалық негіз* (зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары, ғылымилық идеалы мен нормалары);

- *логикалық негіз* (формалды және диалектикалық логика заңдары, дәлел және аргумент ережесі);

- *эмпирикалық негіз* (ғылыми аяқтар, эксперимент нәтижелері, тәжірибелік-ізденушілік жұмыс).

Бұл негіздер біріккен түрде ғылыми зерттеудің теориялық-әдіснамалық базасын құрайды және оны негіздеу қызметін атқарады. Педагогика және білім беру саласында философиялық негіздердің маңызы зор. Философиялық негізге ғылыми ізденістің теориялық негіздері, педагогиканың тұжырымдамалық ойлары мен ұстанымдары сүйенеді.

Сонымен, *әдіснамалық тұғырлар дегеніміз* – қайсыбір педагогикалық мәселені зерттеудегі қолданылатын ұстанымдар, әдістер, тәсілдер жиынтығы. Әдіснамалық ұстанымдар деп педагогикалық жүйелерді зерттей отырып, өзгерткенде негізге алынатын қағидаларды айтады. Ғылыми-педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдары – жүргізілетін ғылыми зерттеулерге қойылатын жалпы талаптар, жетекші идея, түпкі қағида. Ғылыми әдебиеттерде жалпы ғылымилық ұстанымдар қатарына объективтілікті, ғылымилықты, жүйелілікті, тарихилықты, сабақтастықты және т. б. жатқызады. Демек, тұғыр ұстанымға қарағанда кең ұғым. Бұл тұғырлар мен ұстанымдар барлық ғылымға тән. Сондықтан, педагогикада ағайымш тұғырлар мен ұстанымдарды зерттелетін нысандардың мәніне сай қолданып, ізденушілер өз зерттеулерін ұйымдастырады. Нақты тұғыр бірнеше ұстанымдар арқылы іске аспақ. Бұл ретте әдіснама негізінен ғылыми әрекеттің логикасына қатысты түсіндіріледі. Әдіснама – педагогика ғылымының жасалу зертханасы, сол әдіснама арқылы зерттеудің қазіргі талапқа сай екендігі көрсетіледі және ғылыми қызметкерлердің кәсіби деңгейі бағаланады.

**3.3. Педагогикалық зерттеудің әдістері.** Ғылыми-педагогикалық танымның эмпирикалық әдістері. *Зерттеу* әдісі белгілі бір ғылыми міндетті, амалдар мен рәсім-тәртіптерді орындауға бағытталған зерттеу әрекетінің нормативті моделі арқылы түсіндіріледі. Неғұрлым ғылымдар әдістерге бай болса, соғұрлым ғалымдардың істері сәттірек болады. Ғылыми міндеттердің күрделілігі өскен сайын, зерттеу құралдарының өңделуіне алынған нәтижелердің дәрежесінің тәуелділігі арта түседі. Педагогика ғылымының әдістерінің сипаттама-сынан бұрын, нақты зерттеу міндеттерін шешуге арналған екі негізгі таңдау ұстанымдарын есепке алу қажет. Олардың біріншісі - *зерттеу әдістерінің көптурлілігі ұстанымы* кез келген ғылыми мәселені шешуге бір емес, бірнеше әдіс қолданылатынын білдіреді. Екіншісі - *алынған әдістің зерттелетін пәннің мәніне және алынатын нәтижесіне сәйкестігі ұстанымы*.

Педагогикалық зерттеулердің негізгі әдістеріне тоқталайық. Оларды ғалымдар *эмпирикалық және теориялық* деп бөліп қарастырады.

Эмпирикалық білім – зерттелетін пәннің нақты қасиеттері, фактілер, істің маң-жайы туралы білім. Бұл мәліметтер эмпирикалық деп аталатын танымның арнайы әдістерінің көмегімен алынады. Олардың қатарына байқау мен эксперимент енеді. *Байқау* – жана педагогикалық құбылыстарды мақсатты түрде қабылдап, оларды бұрынғы қоғамның даму кезеңдеріндегі мектептер мен педагогикалық ойлардың даму сатыларындағы ұқсас құбылыстармен салыстырып, олардың араларындағы сабақтастықты, оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі кемші-

ліктер мен жетістіктерін саралап дәлелдейді. Байқау әдісі өте қарапайым ұйымдастырылады.

**Әңгімелесу** қосымша ақпарат алуға педагог ғалымдармен, білім беру саласына еңбегі сіңген адамдармен алдын-ала күрделі мәселелерге байланысты, сұрақ-жауап түрінде әңгімелесу арқылы тиісті жауаптар алынып, жүйеленеді. **Сұхбат** – бұл зерттеудің дербес және қосымша әдісі, байқаудың жетіспей жатқан және алған ақпараттардың толық болмау жағдайларында қолданылады. **Сауалнама жүргізу** – материал жинауда көпшілікке сауалнама сұрақтары таратылып, зерттелген мәселелер аумағында адамдардан жазбаша жауаптар алу үдерісі.

Эмпирикалық танымда байқаудан бөлек экспериментті қолданады. Эксперименттің мақсаты, пәні, анықталған шарттары, құралдары, әдістері және т.б. нақты болғанда ғана толыққанды ұйымдастырылады. Педагогикалық эксперименттің мақсаты - заңдылықтарды орнату, фактілерді табу.

Педагогикалық эксперимент жүргізу өте күрделі және тынымсыз еңбектенуді талап етеді. Көбінесе экспериментті дайындау оны өткізуден күрделі рәсім.

Педагогикалық зерттеудің эмпирикалық әдісіне сондай-ақ, сұрақ-жауап (интервью, тест); қызметтің нәтижесін зерттеу мен бағалау (тәуелсіз эксперт немесе құзырлы сот әдісі) және т. б. жатады. **Педагогикалық консиліум әдісі**. Оқушылардың тәрбиелілігін белгілі бағдарлама арқылы және бірыңғай белгілер арқылы талқылау, тұлғаның ерекшеліктерін бағалау, қалыптасқан нышандардың мүмкін болатын ауытқулардың себептерін табу немесе сонымен қатар басқалармен кемшілікті жеңу құралдарын бірге талқылауды қамтиды. **Диагностикалық бақылау жұмыстары әдісі**. Мұндай жұмыстар жазбаша немесе зертханалық-тәжірибелік сипатта болуы мүмкін.

**Тестілеу зерттеу әдісі ретінде және оның түрлері**. Тестілеу – бұл жеке тұлғалардың әр түрлі сипаттамаларын өлшеуге қолданылатын стандартты әдіс. Тестерді бұл мәселемен арнайы айналысатын кәсіби психологтар мен педагогтар жасайды. Педагогикалық тестілеу – мақсатқа бағытталған зерттеу, қатал бақыланған жағдайда, арнаулы құрастырылған талсырма түрінде беріліп, педагогикалық үдерісті объективті бағалауға көмектеседі. Көптеген педагогикалық тесттер белгілі талаптарға сай лайықты құрастырылып, компьютердің көмегімен тестілеудің нәтижесі шығарылды. Үлгерім тестісі, қарапайым біліктілік тестісі, оқу-тәрбие деңгейін диагностикалау тестісі қолданылады. Қазіргі уақытта психометриялық тесттердің ішінен *жобалау тестері* едәуір кеңінен таралған. Олар адамның әрдайым өзі болған жағдайларда түрленетін /қабылдау мен ұсынуда/ алғы шарттарға негізделген. Бұл тесттер өзінің сипаттаушылық түсінігін беру, өмірде жоқ жануарларды салу, аяқталмаған сөйлемді жалғастыру қажеттігі бар формада болуы мүмкін, кейде суреттегі сюжетке өз түсінігін бе-

руді ұсынады. Мысалы: белгісіз формадағы сия дақтары /Роршах тесті/.

**Іс-құжаттарды талдау және зерттеу әдісі.** *Іс-құжаттарды талдау және зерттеу* – зерттелетін үдерістер мен құбылыстар туралы нақты материалдар жинау үшін қажет. Мысалы: баланың жұмыстары оның тек білімін, қызығушылығын білдіріп қана қоймай, тәрбиеші туралы мәліметтер жинауға көмектеседі. Олар жайлы психологиялық, педагогикалық ақпарат алуға мүмкіндік береді. Мысалы, сурет, мүсіндеу, қол еңбегі, тіл дамыту, бақылау жұмыстарының нәтижелерін талдау баланың психикалық үдерісінің даму ерекшелігін, білімін, біліктілігін, дағдысын және құзыреттілігінің даму деңгейі туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Балалармен танысу барысында көбіне, сауалнамаларға қарағанда, олардың ойынға, еңбекке, сабақ түрлеріне және бос уақытындағы әуесіне, өмірдің басқа да аспектілеріне қатынасын көрсетуге қабілетті шығармалар өте жиі қолданылады. Мысалы, мектепке дейінгі балалардың салған суретін талдау жолымен тек танымдық қызығушылықтардың болуын ғана емес, сонымен қатар, эмоциясын, сенсорлық және эстетикалық қабілеттерін, сөздік қорын, бейнелі, логикалық ойлауы туралы ұсыныс жасауға болады.

**Педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және жинақтау әдісі.** *Педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және жинақтау* зерттеу жұмысына құнды материалдар береді. Зерттеу нысаны ретінде *жатпай тәжірибені* алуға болады. Ол жетекші бағыттарды белгілеуге әсерін тигізеді. *Жағымсыз тәжірибе* қателер мен кемшіліктерді белгілеуде ықпал етеді. *Алдыңғы қатарлы тәжірибе* мұғалімдердің жаңашылдығын анықтауға және қорытындылауға себеп болады.

**Ғылыми-педагогикалық танымның теориялық әдістері.** Ғылыми әдіс – ғалымдардың өзінің зерттеу жұмысында пайдаланатын категориялардың, құндылықтардың, реттеуші ұстанымдардың, білім беру модельдерінің, әрекет үлгілерінің және т.б. жүйесі. Ғылыми әдіс – ғылымның назарын аударған шынайы болмысты зерттеудің құралы.

**Педагогикалық зерттеудің теориялық әдістері.** Теориялық сипаттағы әдістер нақты педагогикалық үдерістердің талдауынан шығады да, олардың даму көздерінің нәтижелі жұмыс жасауын қамтамасыз ететін себептерді анықтайды. Оларға, ең алдымен, *үлгілеу*, *идеалды нысандарды құру* жатады. *Үлгілеу әдісінің* ерекше маңыздылығының нәтижесінде, нақты немесе түрде ол кез келген зерттеуде қолданылады.

**3.4. Ғылыми зерттеу бағдарламасы мен технологиясы.** Ғылыми-педагогикалық зерттеу – жана педагогикалық білімді қалыптастыратын танымдық әрекет түрі, оқыту, тәрбиелеу және дамудың объективті заңдылықтарын ашуға бағытталған үдеріс. Ғылыми-зерттеу -

таным іс-әрекетінің бір түрі және жаңа ғылыми білім құру үдерісі. Ол объективтілігі, дәлелділігі, нақтылығы жағынан сипаталады.

Ғылыми-педагогикалық зерттеудің деңгейлері:

1) эмпирикалық (практикалық) – мұнда жаңа ғылыми фактілер анықталып эмпирикалық заңдылықтар тұжырымдалады. Жиілеу, тандау, сәйкестендіру, талдау және жалпылау арқылы практикалық зерттеуден алынған педагогикалық фактілер сандық, сапалық өңдеуден өтеді.

2) теориялық: негізгі, жалпы педагогикалық заңдылықтар ашылады, бұрын зерттеліп ашылған фактілерді анықтап, болашақтағы фактілерді, жағдайларды алдын ала болжай және көре білуге мүмкіндік туғызады.

3) әдіснамалық: эмпирикалық және теориялық зерттеу нәтижесінде педагогикалық құбылыстың жалпы ұстанымдары, әдістері мен теориясы құрылады. Зерттеудің бұл деңгейі іргелі деп аталады.

**Ғылыми зерттеудің компоненттері және зерттеу логикасы.**

Ғылыми зерттеудің негізгі компоненттері: зерттеудің өзекті мәселесі, тақырыбы, объектісі, пәні, мақсаты, міндеттері, болжамы.

*Зерттеудің өзектілігі, көкейкестілігі* – жауабын іздейтін ғылымдағы сұрақ немесе зерттеліп отырған құбылымның белгісіз жағын анықтау.

*Зерттеу тақырыбы:* зерттеу мәселесі оырларының анық, қысқа берілуі. Тақырып сол қоғамның объективті талаптарына, сұраныстарына жауап бере алатындай болуы керек.

*Зерттеу нысаны* – іздену аймағы. Мұндай нысандарға педагогикалық жүйе, құбылыс, үдеріс (тәрбиелеу, білім беру, даму, жеке тұлғаны қалыптастыру, ұжым) жатады.

*Зерттеу пәні* – нысанды зерттеу қыры, зерттеліп отырған құбылыстың таралу үдерісі, элементі, байланысы, қатынастарының жннытығы.

*Зерттеудің мақсаты:* зерттеліп отырған мәселенің себеп-салдар байланыстарын және заңдылықтарын айқындау, теориясы мен әдістемесін ұсыну.

*Зерттеу міндеттері:* зерттеу мақсатының бөлшектенуі, зерттеу, анықтау, айқындау, қорытындылау, нақтылау, ұсыну, тәжірибелік жұмыста тексеру тұрғысында құрылады.

*Зерттеудің болжамы:* педагогика ғылымындағы өзекті мәселенің теориялық және практикалық жағын талдау негізінде шешімін алдын ала болжау. Зерттеу болжамы егер..., онда..., өйткені... деген ұғымдармен байланысып құрылады. Ғылыми зерттеу аппараты дұрыс құрылмаған жағдайда, он дұрыс ғылыми дәлелді нәтиже алынбайды.

**Педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру.** Ұжымдық ғылыми зерттеуді ұйымдастыру жұмысы педагогикалық әдебиеттерде басқарушылық, психологиялық және әлеуметтік қырларынан қарастырылған.

Ұжымдық ғылыми жұмысты ұйымдастыру үшін жетекші керек. Зерттеуді басқарушының алдында күрделі міндеттер тұрады.

1. Ең алдымен ол өзі ғылыми зерттеудің әдіснамасын менгеруі және өзіндік зерттеу тәжірибесіне, сонымен қатар белгілі бір ғылыми беделге ие болуы;

2. Өз еркімен зерттеушілер ұжымын қалыптастыруы, оларды ғылыми зерттеуді жүргізу әдіснамасына үйретуі;

3. Осы кезеңде қажетті ғылыми зерттеудің бүкіл кешенін жоспарлау. Ұжымның әрбір ғылыми қызметкерінің зерттеуін жоспарлауға, ұйымдастыруға көмектесу, барлық жоспарлардың орындалуына бақылауды қамтамасыздандыру, алынған нәтижені жинақтау.

4. Зерттеу тұжырымдарын жариялау жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, алынған нәтижелерді практикаға ендіру.

*3.5. Нақты педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу әдістемесі.* Қазіргі уақытта білімнің түрлерінің көптігі ғылымның да, жеке тұлғаның да үздіксіз дамуының кепілдігі болып табылады, себебі олардың мәнінің бекітілуі немесе терістелуі арқылы ғылыми нәтижелерді өндіру үдерісінде және оларды бағалау мен қайта бағалауда рефлексия жүріп жатады. Ғылымның мәдени мәні зерттеушілік ізденістің этикалық және құндылық толыққандылығын, ғылыми жаңалықтың салдары үшін әлеуметтік жауапкершілік, ғылымның адамгершілік көзқарасын, ғылыми ұжымда жоғары адамгершілік ахуалды талап етеді.

Педагогикалық ізденістер нәтижесі білім беруді дамыту жоспарын жасақтауға пайдаланылатын, ақыл-ой және руханият қоғамының қалыптасуын қамтамасыз ететін әлеуметтік қызметін атқаруға міндетті.

Ғылыми дидактикалық жұмыстың табысты болуы үшін зерттеушіге постклассикалық емес әлемнің ғылыми бейнесін сезіну өте маңызды. Ол бірден талдаудың үш аймағын уақыт жағынан дәл сәйкес келтіреді: а) тарихи; ә) сыни-рефлексивті; б) теориялық. Бұл дидактикалық ақиқатты зерделеу және ұсыныстарды жасақтау кезінде ғылыми және ғылымнан тыс факторлардың өзара қарым-қатынасын, синергетикалық көзқарасын, жана ғылыми-педагогикалық парадигманы негізге алуға мүмкіндік жасайды. Ғылымның мұраты мен нормалары ол үшін реттеуші ұстаным ретінде қызмет етеді. Олар мақсат, зерттеу әрекетінің логикасын анықтайды және нақты-тарихи сипатта болады.

Ғылыми зерттеудің белгілі бір кезеңге сәйкес мойындалған идеялары мен нормалары ғалымдардың байланыстарына, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге және оларды рәсімдеуге өзіндік із қалдырды.



**3.6. Педагогтің зерттеушілік әрекеті және зерттеушілік мәдениеті.** Педагогтің зерттеу әрекетіне даярлығын қалыптастыруда ғылыми-зерттеу жұмысының маңызы ерекше. XX ғасырдың екінші жартысында педагогикалық білім берудің жалпы теориясы көлемінде педагогтің ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау көкейкесті мәселеге айналды. «Ғылыми-зерттеу жұмысы», «іс-әрекет шығармашылығы», «жанашылдық» ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты: іс-әрекет шығармашылығы арқылы ғылыми-зерттеу жұмысы туындайды, ал жүйелі жүргізілген кез келген ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижесінде «ғылыми болжам» туындап, жаңалық ашуға жол ашылады, яғни мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру мүмкіндігі кеңейеді. Философиялық әдебиеттерде кез келген іс-әрекеттің инвариантты циклі төмендегідей жалпынама нобайда беріледі: мақсат – құрал – нәтиже.

Мұғалімдерді ғылыми-зерттеу жұмысына даярлау жоғары оқу орны қабырғасынан бастау алуға тиіс. Қазіргі кезеңде жалпы қоғам талабына сәйкес, педагогикалық жоғарғы оқу орындарында болашақ мұғалімдердің ғылыми-зерттеу жұмысын жаңа бағытта жүргізу қолға алынуда. Жалпы мұғалімнің зерттеу іс-әрекеті төмендегідей логикалық байланыста құрылады: *рефлексия – ғылыми зерттеу – практика – рефлексия*.

Бұл зерттеудің ерекшелігі сол, мұғалім жәй әдіскер-сарапшы рөлінен, яғни өзіне дейін белгілі әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесін пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге өз оқушыларының дербес ерекшеліктерін ескере отырып, оқу тапсырмаларын өзі құрастыру, мұғалім – жобалаушы – үйлестірушіге айналады. Мұғалім өз іс-тәжірибесін зерделей, ұдайы өзгерістер енгізе отырып, шығармашылықпен жұмыс істеу барысында өз іс-тәжірибесін, өз іс-әрекетін жанаша түрлендіріп, жаңа бет бұрады, мұғалімнің жананы үйренсем, меңгерсем, қолдансам деген қажеттілігі артып, инновациялық даярлығын қалыптастырады.

Білім берудің жаңа парадигмасының пайда болуы мәдени-өркениеттің дамуының негізгі көрінісі болып табылады. Бұл парадигманы практикада жүзеге асыру үшін педагогтің кәсіби-зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұл ретте, әлемдік бәсекеге қабілетті білім беруді жүзеге асыратын парадигманың қоғамды дамытудағы үлесі, жалпы орта білім беретін және жоғары мектептердегі инновациялық реформаларды жүзеге асыру, білім беру саласындағы түбегейлі өзгерістер, оқу-тәрбие үдерісінде ақпараттық, коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану және т.б. басшылыққа алынады.

Педагогтің зерттеушілік әлеуетін қалыптастыру білім беру теориясын түсінуге мүмкіндік беретін философиялық және білім беру практикасында өзінің идеясын жүзеге асыруға көмектесетін практикалық бағыттылығы бар әдіснамалық білімдер жиынтығын құрайды. Философиялық білімнің құрылымын әдіснама, гносеология, диалекти-

калық логика, алеуметтік философия және ғылым философиясы анықтайды. Зерттеудің философиялық-әдіснамалық негіздеріне философияның категориялары, заңдары, ұстанымдары, *таным және ғылыми таным теориясының* іргелі қағидалары алынады.

Педагогтің зерттеу мәдениетінің мазмұмына практик-мұғалімдердің ғылыми зерттеу әрекетінің аппаратын меңгеру, зерттеудің мақсатын анықтау, ұстанымдарды таңдау, әдістерді негіздеу дағдылары және әдіснамалық рефлексия енеді. Педагогтің әдіснамалық дайындығы теориялық пайымдау мен практикалық әрекетті талап етеді. Әдіснамалық дайындығының мазмұны жоғары кәсібилік, ойлаудың икемділігі, әдіснамалық рефлексия, ғылыми негіздеуге қабілеттілік, тұжырымдамаларды сын көзбен қарай отырып, шығармашылықпен қолдана білу, танымның формалары мен әдістері, басқару-құрастыру, кәсіби әрекет жағдайында өзгерістерге бағдарлап отыратын білімді меңгеруден тұрады.

Педагогтің зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру әдіснамалық, теориялық және ғылыми-әдістемелік білімдер жүйесіне негізделген, жалпыдан, яғни кәсіби білім берудің әдіснамалық білімдерінен жекеге, яғни оқытудың жалпы әдістемесі-орта және жоғары педагогикалық білім беру дидактикасына бағытталған логикамен анықталатын білім беру үдерісі, білім беру практикасы болып табылады.

Зерттеушілік мәдениет – педагогикалық құндылықтар мен білім беру технологияларын меңгеруге, үйретуге, жасауға қажетті сапа; педагогке педагогикалық фактілерді, құбылыстарды, нәтижелерді, заңдарды, теорияларды пайымдауға, болжам жасауға және оның негізінде инновациялық-дидактикалық әрекеттің өз жүйесін құруға мүмкіндік беретін сапасы, дамушы шынайы болмыспен өзара әрекеттесуде қалыптасқан қабілет.

**Өзін - өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Педагогика ғылымының әдіснамасы дегенді қалай түсінесіз?
2. Педагогика ғылымының әдіснамасының деңгейлеріне тоқталыңыз.
3. Философиялық заңдар, заңдылықтарға тоқталыңыз.
4. Педагогикалық теориялардың мәнін ашыңыз.
5. Педагогика әдіснамасының даму тарихы.

#### **4 тақырып. ЖЕКЕ ТҮЛҒА ТӘРБИЕСІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**4.1. Тәрбие философиясы.** Шығыстың ғұлама ойшылы әл-Фараби «Адамға ең бірінші тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне және қоғамға үлкен апат әкеледі»,- деген тұжырымы қоғам алдына үлкен жауапкершілікті мақсат етіп қояды. ХХІ ғасырдың сұранысы әлемдік білім көңіліне ілесе алатын, құзыретті тұлғаның қалыптастыруға бағытталған.

*Тәрбие философиясы* тұлғаның өздігінен дамуын мәдениеттендіру мен әлеуметтендіруді біртұтас тұрғыда қарастырады. Адамның даралық қасиеті оның құндылық сипатын көрсетеді. Сол даралық сипаты өзгелердің назарына ілініп, төңірегіндегі адамдар сол қасиеттері үшін оны құрметтейді. Баланың мінезін қалыптастыру үшін ата-ана мен мұғалім оның жалпы дамуымен қатар, ішкі жан дүниесіне де күшті ықпал етуі тиіс. *Адамның жеке тұлғалық қасиетінің жетілуі* оның өзін-өзі құрметтеуіне, өмірде табысқа жетуіне тәрбиелейді.

Адамды педагогикалық тұрғыдан табиғи, әлеуметтік, тарихи, белсенді мүше ретінде түсінуде педагогиканың негізгі категориялары тәрбие, білім, оқыту, құзыреттілік және т.б. негізгі орын алады. Тәрбиенің педагогиканың категориялары қатарындағы орны - тәрбиенің тарихылығының айқындалуы, мақсаты, міндетіне, әдіс - тәсілдеріне сәйкес мазмұнын жүйелі құра білу, бірізді, сабақтастықта ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани мәдени дәстүрлер тәрбие үдерісіне жаңашыл көзқарастармен енгізе отырып, тұлға бойындағы ізгілік қасиеттерді оның іс - әрекеті, қарым - қатынас, мінез - құлқында көрініс табуына бағытталады. Қазіргі таңда тәрбиенің әдіснамалық негіздері тәрбие парадигмасына қоғамның дамуына байланысты өзгеріп отыратын жаңашыл әдіс тәсілдерді, ұстанымдарды, тұғырларды қажет ететін зерттеу әрекеттерін қалыптастыру мүддесін негізге алады.

Адамның дамуындағы және оның тұлға ретінде қалыптасуындағы биологиялық, әлеуметтік арақатынас тұжырымдамасы қалыптасты.

*Жеке тұлға біртұтас құрылым.* Сондықтанда оны бойындағы барлық сапаларымен кешенді түрде қарастыру керек. Тұлғаның *ішкі көзқарасы* тұлғаның мінез-құлық әрекетінде ашылады. Әдетте адам қалай тәрбиеленген болса, солай әрекет етеді. Сонымен бірге педагог *тәрбиеленушілік ситуация туғызу әдісі* сияқты мінез-құлықты айқындаудың диагностикалық тиімді тәсілін де қолданады. Ол екі міндетті бірлікте шешуге мүмкіндік береді: талал ететін сапалардың даму деңгейін диагностикалау, осы сапаларды тәрбиелеу.

Тәрбиеленуші жағдаят – табиғи немесе тәрбиеленуші әрекет етуге және өзінің әрекеттерінде өз бойындағы белгілі бір сапалардың қалыптасу деңгейін көрсетуге мәжбүр болуға әдейі жасаған жағдай.

Соңғы жылдары педагогикада проблемалық тәрбиеленуші жағдайларды жасауға көңіл бөлуде. Осылайша балалар алға қойылған мәселені шешуге мәжбүр, ал тәрбиеші бұл кезеңде ұжымның және оның әрбір мүшесінің қандай жағдайда болатынын айқындап, нәтижесінде тәрбиелік үрдісті дұрыс құратын болады.

*Тәрбиелік баға негізіне* оның жекелеген сапалары емес, тұлғаның жалпы адамгершілік бағыттылығы жатқызылуы керектігін әрқашан есте сақтаған жөн.

*Мұғалім мен оқушылар арасындағы бірлескен іс-әрекет қарым-қатынас құралы ретінде.* Мектептегі педагогтар мен оқушылар арасындағы өзара қарым-қатынас бүкіл қоғамдық, саяси, құқықтық, моральдық қатынастарды қамтып, педагогтың басшылығымен бағыты айқындалып, шешімін тауып отырады. Мектептегі педагогтар мен оқушылар арасындағы қалыпты қарым-қатынас ізгілікті немесе басқа сөзбен айтар болсақ, педагогикалық мақсатты қатынастар болып аталады. Мұндай қарым-қатынастың орынғауы тәрбиеліктің нәтижесін көрсетеді, ол оқушылардың педагогтың беделін, құқық, тәжірибесін құрметтеп, мүмкіндігінше сондай педагогқа ұқсауға еліктейді.

Мұғалім оқу үдерісінде, оқу бағдарламаларын іске асыру барысында оқушылармен өзара қатынастарын нығайтады. Онда оқушылардың оқу ісіне, еңбекке оқушылармен саналы қарым-қатынасын қалыптастыру көзделеді. Мұғалім оқушылардың өзіндік қызметі мен белсенділігін арттырып, олардың әлеуметтік тәжірибесін ізгілік негізінде дамытады. Оқушының *өзіндік өмірлік ұстанымы қалыптаспай*, кез келген күрделі жағдайда, адамгершілікке негізделген шешім қабылдай алмайды. Педагог осы жағдайды педагогикалық үдерісті басқару ісінде ескеруі тиіс.

**4.2. Тұлға - тәрбиенің, өзіндік дамудың объектісі және субъектісі.** Жеке тұлға өзінің қалыптасу барысында өзіндік дамуының объектісі ғана емес, сонымен қатар субъектісі екенін ескеру керек. Сана мен іс-әрекеттің тұтастығы материалистік диалектика мен психологияның ең маңызды заңдылығы болып табылады. Субъектінің әрекеті – жеке тұлға дамуының факторы.

Белсенділік адамның табиғи қасиеттерінің бірі болып табылады. Психологияда белсенділікті іс-әрекет деп атайды. Жеке тұлғаның белсенділігі оның қажеттіліктерінен (материалдық, рухани, қоғамдық) туады. Сыртқы орта мен тәрбие жеке тұлғаның дамуының сыртқы факторына жатады. Ішкі факторға бейімділік пен әуестік, адамның сезімдері мен күйзелістері және сыртқы ортаның ықпалынан пайда болатын қажеттіліктер жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы екі фактормен тығыз байланысты.

Оқушының белсенділіктері іс-әрекеттің алуан түрінде көрінеді. Өмірдегі қарым-қатынас, таным, өзін-өзі жетілдіру, айналаны өзгерту және түрлі белсенділіктері дамиды. Қарым-қатынас бала белсенділігінің ең алғашқы белгісі. Ол түрлі қатынасқа түсу арқылы өзінің ең маңызды жақтарын дамытады. Бала өскен сайын оның танымдық белсенділігі тереңдей түседі. “Бұл не? Бұл кім? Қалай аталады?” – деген сұрақтарға жауап іздей бастайды. Мектептегі оқыту баланың таным белсенділігінің қалыптасуы мен тереңдеуіне мүмкіндік жасайды, сыныптан сыныпқа көшкен сайын өз бетінше білімді игеруге, оларды практикалық әрекетте пайдалану қабілетіне ие болады. Адам-

ның әлеуметтік белсенділігі өзін қоршаған ортаға ықпал етеді, болмысты өзгертуге, қайта құруға бағытталады.

Тұлғаның дамуын зерттеу философия, педагогика, психология, әлеуметтану, медицина, мәдениеттану, этика, физиология т.б. ғылымдары кіріктіре жүргізеді. Адамның дамуы және оның тұлға ретінде қалыптасуы биологиялық, әлеуметтік және биоәлеуметтік тұрғыдан қарастырылады:

- биологиялық бағыт - адам табиғаттың бір бөлшегі, оның іс-әрекеттері мен мінез-құлқы көбінесе табиғи қажеттіліктерге негізделеді;

- әлеуметтік бағыт - адам биологиялық тіршілік иесі ретінде әлеуметтік топтардың қарым-қатынас ықпалынан әлеуметтенеді, қоғамдық ортаға бейімделеді;

- биоәлеуметтік бағыт - жүре пайда болатын қасиеттерге негізделеді.

Жеке тұлғаның белсенділігінің бағыттары оқушының әр-алуан іс-әрекеттерінде көрініс табады. Олар: білім алу - танымдық, еңбек, қоғамдық пайдалы жұмыстар, ойын, эстетикалық, спорттық-сауықтыру әрекеттері. Жеке тұлғаның мүмкіндіктерінің ашылуына барынша көмектесуге мүмкіндік туғызатын қызмет - әрекетті ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерімен қаруландыру - баланың дамуын қамтамасыз ететін тәрбиенің басты құралы. Кез келген тәрбиелік міндет белсенділікті арттыру арқылы шешіледі.

«Тұлға», «адам», «индивид», «даралық» ұғымдары және олардың арақатынасына тоқталатын болсақ, тұлға - іс-әрекеттің және өзіндік дамудың субъектісі, индивид көп адамдардың бірі, биологиялық тіршілік иесі ретінде қарастырылады.

Тұлға ол субъект, объект те бола алады. Себебі, субъект тұрғысынан алатын болсақ тұлға саналы іс-әрекет ете алатын қабілетті тұлға болып табылады. Әлеуметтік ортада тұлға объекті ретінде білім, тәрбие ала отырып, әлеуметтенеді.

Тәрбиенің екі жақты сипаты болады: тәрбиешіден тәрбиеленушіге дейінгі тікелей байланыс - міндетті саналатын әрекет. Тәрбиешінің қолында кері байланыстан алынатын мәлімет неғұрлым көп болса, тәрбиелік ықпал соғұрлым мақсаттылықпен іске асырылады. Бұл заңдылық мұғалім мен оқушының өзара әрекетінің және тәрбие нәтижелерінің арасындағы байланыстың болуын қарастырады.

*Жеке тұлға* - адамның анатомиялық-физиологиялық пісіп-жетілуі, оның жүйке және психикалық жүйесінің жетілуі, сонымен бірге танымдық және шығармашылық іс-әрекетті, дүниетанымдық, қоғамдық-саяси қозғалыстарды, наным-сенімдерді байытудағы сандық және сапалық өзгерістердің өзара байланысу үдерісі.

«Жеке адам», «жеке тұлға» түсініктерінің сипаттамасы «даралық» түсінігімен толықтырылады. *Даралық* түсінігі бір адамды екін-

шісінен айырып, оған өзіндік қайталанбас сан беретін жалпылық және жалқылық қасиеттерді білдіреді. Даралық бір адамның екіншісіне ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі мен өзгешелігін сипаттайды. Даралық, әдетте, мінез бен темпераменттің айрықша бітістері, шығармашылық іс-әрекет және қабілетінің ерекшеліктерінің өзіндік көріністерімен бөлектенеді.

*Жеке тұлға даралығы* – индивид тұлғасының және психологиялық өзіндік ерекшелігі, қайталанбастығы, оның темпераментінен, мінез-құлықтарынан, интеллектуалдығынан, қабілеттерінен көрініс береді.

*Жеке тұлғаның әлеуметтенуі* В.А.Соковиннің көрсеткеніндей үш деңгейде жүзеге асады:

1) қоғамның жалпы индивидке ықпалы, қоғам өз байлығын және әлеуметтік құндылықтарын, арман-мұратын, мақсатын қарым-қатынас арқылы – оның «әлеуметтік ұйымдастырылған құрылымы» арқылы;

2) жалпы қарым-қатынас үдерісінде жеке тұлғаға ықпал ету жалпы ақпарат құралдары арқылы ;

3) жеке топ ішінде қоғамға ықпал ету қарым-қатынасы арқылы;

Кіші топта қарым-қатынас әрбір индивидтің шығармашылық өсуіне қосымша мүмкіндіктер жасайды. Мысалы, өз идеяларын, көзқарастарын әсерлерін тексеруге; өзін-өзі түсінуге, өз жетістіктерін бағалауға және қателіктерін түсінуге көмектеседі.

Қазіргі таңда тәрбиенің негізі басты бағыты – тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаны қалыптастыру ол үздіксіз жүргізілетін педагогикалық үдеріс. Адам кәсіби мамандық несі, оған дайындық барысында, мамандыққа сай білімін жалғастырғанда бірге жүреді. Тұлға дегенімізге философиялық, педагогикалық, психологиялық ғылымы тұрғысынан жан - жақты зерттеу жүргізіліп, әр қырынан өздерінің анықтамалық тұжырымын береді. Тұлға – ерік-жігерінің іске асуы, өз ойын еркін іске асырудың дайындығы және оның іске асуының нәтижесі. Ерік-жігер механизмі дегеніміз адамның өзіне тән жеке бас қасиеттерін іске асыруы. Тұлға дегеніміз – сезімнің, әсердің ішкі күшінің - сүйініштің бойға жинақтаған көрінісі.

Шынайы патриот тұлға – жалпы адамзаттық құндылықтардың негізін салушы және таратушы (С.Л.Рубинштейн).

Жан-жақты мәдениетті тұлға деп өз мәдениетіне де, өзге мәдениетке де тәнті адам деп танымыз. Төл мәдениетті терең білу оған басқа мәдениеттерге қылағушылыққа іргетас қаласа, көп мәдениетті білу өз мәдениетін мақтан тұтуға негіз салады.

**4.3. Тұлғаны «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» ұғымдары және олардың арақатынасы.** Педагогика ғылымында тұлғаны тәрбиелеу, білім беру, оқыту, дамыту, қалыптастыру, әлеуметтендіру, табыстылық, тұлғаның құзыреттілігі т.б. негізгі категориялары мен ұғымдары болып табылатыны белгілі.

Тәрбие үдерісінде тұлғаны «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» бір - бірімен тығыз байланыста дамиды. Даму дегеніміз, ең алдымен адам ағзасындағы физиологиялық және психологиялық сапалық өзгерістер. Бұл өзгерістер белгілі бір әлеуметтік ортада болады. Адам биологиялық жанды зәт ретінде дүниеге келеді де, ол даму үрдісінде әлеуметтік қызметтерді (өмірге, адамдарға, еңбекке, тұтастай қоғамға қатысты, т.б.) атқару арқылы ғана тұлға болып қалыптасады. Тәрбие әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарағанда қоғам бақылайтын және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып бағыттайтын, қоғамның қазіргі және болашақ өміріне қатысуға мақсаттылықпен даярлау ісі.

Тәрбие туралы түсінікке баланың жеке басымның қалыптасуы мен дербес ерекшеліктерін ескерумен іске асырылатын толық қанды және толық құжылы тұлға тәрбиелеуге болады деп тануды талап ететін және педагогикалық үдерістің субъектісі ретінде тұлғаның қоғамдағы жана ұстанымы орнығады.

*Тұлғаның қалыптасуы* ұғымына баланың қоғамда өздігінен өмір сүруге қабілеттілігі, өз тағдырына өзі үкім ете білуі және өзінің қарым-қатынасын түсіне білу қабілетін меңгерген, сонымен бірге құндылық атаулыны тұрақты таңдай алу сияқты дамудың шартты түрдегі жетістіктері жатады. *Тұлғаның қалыптасуы* – тұлғаның шындықпен өзара әрекеті барысындағы өзгеріске түсу үдерісі және оның дене құрылысы мен әлеуметтік-психологиялық жанаруындағы өзгерістердің пайда болуы.

Оқушы тұлғасының дамуы мен қалыптасуында тәрбие ортадан дамуына қажетті материалды іріктейді; жағымсыз ықпалдардан шығу жолдарын іздестіреді; оқушының мүмкіншілігін анықтайды, ашады, табиғи нышандарының дамуына жағдай жасайды.

Тұлғаның дамуы мен тәрбиесі көптеген идеяларға негізделеді: адамды қабілетіне және дарындылығына сүйеніп, жан-жақты дамыту; ересек адамдар мен балалардың бірлесу іс-әрекеттерінің ынтымақтастығы, мұғалім мен балалар еңбегінің бірлестігі, мұғалімнің балаға ерекше көңіл аударуы, ата-аналармен мен мұғаліммен ынтымақтас-тық, өзін-өзі құрметтеу идеясы, өзін-өзі тәрбиелеу т.б.

Тәрбие адамның ішкі жан дүниесіне ұнамды қозғау салып, өзіндік өңдеу белсенділігін арттыра алса ғана, адам өз дамуындағы қызметін орындай алғаны.

*Қалыптасу* түсінігіне келетін болсақ, ол жеке адам дамуының нәтижесі ретінде оның кемелденуін және тұрақты сапалар мен қасиеттерді иемденуін білдіреді.

Балада табиғаттан, тумысынан жалпы адамдарға тән сөйлеу мәдениеті және жеке өз басына байланысты әртүрлі нышандар қоры,

табиғи қасиеттері жеке адамның өзіндік мүмкіншіліктерін құрайды, солар арқылы түрлі қабілеттіліктердің қалыптасуы басталады.

Табиғи мүмкіншіліктер адамның *элеуметтік* өмір әрекеттерінің барысында дамиды. Адамның өмір сүру ортасы болмаған жағдайда табиғи нышандардың, қабілеттіліктер мен бейімділіктердің де күші жойылады.

Жеке адамның қалыптасуында өзін-өзі тәрбиелеудің маңызы зор, ол – адамның саналы түрде, белгілі бір мақсат көздеп өзінің бойына қалыптастыратын қасиет, мінез-құлық, дағдысына бағытталған жұмыс. Егер тәрбие жеткіліксіз, әлсіз болса, баланың қалыптасуына кері әсер етеді.

Жеке тұлға дамуы мен қалыптасуында ықпал жасаушы әсерлер екі топқа бөлінеді: *ішкі* және *сыртқы*. Қоршаған орта, тәрбие – сыртқы әсерлер. Сыртқы әсерлерінен пайда болатын сезімдер мен толғаныстардың жиынтығы – ішкі әсерлерге жатады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы – осы екі фактордың байланысынан пайда болады.

Тұлғаны элеуметтендіру біріккен қарым-қатынас іс-әрекет барысында қалыптасады. Педагог кез келген қызметке кірісуі үшін алдын - ала қойылатын талаптарды ескереді. Педагогикалық талапты орындау ғана педагогикалық мақсатты қатынастардың нәтижелі болуын қамтамасыз етіп қоймайды. Балалар ұжымындағы шағын топтардың пікірі мен беретін бағасы және іс-қылықтары да маңызды.

Тұлғаны элеуметтендіруде элеуметтік тұрғыда отбасына элеуметтік-экономикалық, құқықтық, психологиялық және педагогикалық, баланы отбасына тәрбиеге алған отбасына қолдау көрсету, көп балалы және мүгедек балалы отбасы балаларының денсаулығын нығайтуға көмектесу негігі орын алады.

**4.4 Білім алушының жеке тұлғалық дамуындағы жас ерекшелік кезеңдері.** Педагогика баланың дамуын – өте нәзік, күрделі диалектикалық процесс деп қарастырады. Баланың ойлау, сөйлеу, сезім, сияқты психикалық процестерінде бірте-бірте өзгерістер пайда болады. Осының нәтижесінде баланың ақыл-ойы дамудың жаңа кезеңіне көшеді.

Білім алушының жеке тұлғалық дамуындағы жас ерекшелік кезеңдері, жастық кезеңдерге сипаттама беретін болсақ балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай балалық шақты төмендегідей жас кезеңдерге бөлінеді:

- 1) жаңа туған бала (1-2 ай);
- 2) нәрестелік шақ (1-2 айдан 1жасқа дейін);
- 3) ерте сәбилік шақ (1-3 жастар);
- 4) мектеп алды балалық шақ (4-5 жастар);
- 5) бастауыш мектеп (6 -10 жастар);
- 6) жеткіншек шағы (11-16 жастар);
- 7) жасөспірімдік шақ ( 17-18 жастар).



Әр жастағы баланың өсіп-жетілу дәрежесін білу мұғалімдерге оқу-тәрбие жұмысының әдістерін дұрыс таңдап алуға, оқушылардың ішкі жан дүниесін, мінез-құлқының ерекшеліктерін жақсы түсінуге көмектеседі. Мұғалім балалардың жас ерекшеліктерін, типтік сипатын мінез-құлқына сәйкес жете білуі қажет. Жеке адамның дүниені сезгіштігі және қабылдағыштығы темпераментке тәуелді.

*Темперамент* деп жеке адамның қылығы мен түрлі әрекеттерінен көрінетін дара өзгешелігін атайды. Психология ғылымында темпераментті төрт типке бөліп сипаттайды:

**Холерик** – эмоциялық қызуы шапшаң, күшті болады. Бірақ сезім жүйелері ауытқып тез көтерілетін шыдамсыз, өкпелегіш және ашуланғыш болып келеді.

**Сангвиник** – эмоциялық қызуы шалшаң, күшті, бірақ көп тұрақтанбайды, ол қызулы, жеңілтек келеді, бір немесе бірнеше іске бірдей кіріседі, іс үстінде тез суып, бастаған істі аяқсыз қалдырады. Уәлені көп беріп, кейде оны орындаудан бас тартады.

**Меланхолик** – эмоциялық қызуы шабан, тұрақты. Ол момақан, тұйық, жасқаншақ, мінезі баяу, көңілі жабырқау, кейде үрейленіп жүреді. Өзін ұжымнан оқшау ұстайды, іске бірден кіріспейді, бастап кетсе аяқтал шығады.

**Флегматик** – эмоциялық қызуы әлсіз. Ол байсалды, сылбыр мінезді, орнықты, кісімен араласпайды, тыныштықты сүйеді, іске баяу кіріседі, бірақ тиянақты орындайды.

Бала денесінің өсіп-жетілуінің негізгі көрсеткіштері: бойының өсуі, салмағының артуы, бұлшық етінің шынығуы, ұлғаюы. Өсіп, дамып келе жатқан организмде болатын барлық өзгерістерді нерв жүйесі мен секреция бездерінің қызметі реттел отырады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – орталық нерв жүйесі. Өйткені, адамның психикалық әрекеттері осы орталық нерв жүйесіне байланысты болады.

**4.5. Балалардың психофизиологиялық әрқелкі дамуы.** Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңда мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту», - деп атап көрсеткендей дарындылық тұлғаның ақыл-ойы, таным, сана, оқуы, шығармашылық, тұлғаралық қатынаста және психомоторлық қызметтерінде көрініс береді.

*Акселерация* биологиялық фактор, әлеуметтік жағдайлардың жақсаруы, урбанизация (қалалардың өркендеп өсуі) факторы, елдің миграциялық өсуі, транспортпен байланысты қатынастың дамуы, радиотолқындардың және географиялық климаттық жағдайлардың өзгеруі сияқты мәселелерді қамтиды. Сондықтан, білім беру мен тәрбие жұмысының мазмұны, әдісі, жұмыс факторлары акселерация құбылысының ерекшеліктеріне сай құрылуы керек (мысалы, баланы алты

жастан оқыту, т.б.). Балалардың дене және психикалық дамуында айқындалған күрделі өзгерістердің бірі – организмнің жедел дамуы. Бұл құбылыстарды акселерация (лат.– жедел) деп атайды. Акселерацияға тән ерекшелік: баланың бойының, салмағының, бұлшық етінің жедел түрде өсіп жетуі.

Тәрбие – бала дамуын бағыттайды, басқарады, сондықтан тәрбие – баланы қалыптастырудағы негізгі күш.

Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап-шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллекттік деңгейі жоғары. «Дарындылық» — бұл адамның белгілі іс-әрекет аумағында ерекше табыстарға жетуге көмектесетін, қабілет дамуының жоғары деңгейі. Дарындылық пен қабілеттіліктің түсініктері бір - біріне өте жақын ұғымдар. «Қабілеттілік, - деп атап көрсетеді Д.Н.Ушаков, ол табиғи дарын, бір нәрсені жасай алу мүмкіндігі». Қабілеттілік тұлғаның іс - әрекеттің бір саласына, нақты бір ғылымға өзіндік бейімін, қасиетін көрсете білуі. Бұл тұлғаның бойында білім, білік, дағды, тәжірибелік іс - әрекетінен, тәрбиелік қарым-қатынасынан, зеректік, тапқырлық, байқағыштық қасиеттерінен еркін көруге болады. Қабілетсіз тұлға болмайды. Қабілеттің өзі жалпы және арнайы болып екіге бөлінеді. Жалпы қабілет көптеген дара тұлғалардың зеректік, тапқырлық, байқағыштық қасиеттері арқылы көрініс береді. Ал, арнайы қабілет әсіресе өнер адамдарында, айтыскер ақындардың суырып салмалығы, композитор, әнші, суретші т.б. атауға болады.

Дарындылық — адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі. М.Горький «адамдағы дарындылық қасиеттің туа бітетіні, жүре пайда болатыны да болады. Туа бітетіні тұхым қуалаушылық. Бұл биік деңгейлерге көтерілуі де мүмкін, өшіп те қалуы мүмкін. Дарындылықтың үнемі дамытып отыру қажет», - деп атап көрсетеді.

В. Крутецкийдің анықтауы бойынша «егер қабілеттіліктер деген ұғымды жеке психикалық қасиеттер деп түсінсек, онда дарындылық дегенді адамның ерекше қабілетінің жиынтығының бірлігі деуге болады», - деп тұжырымынан дарындылық қабілеттіктің жиынтығы екенін, іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілетінің дамуының жоғары деңгейі дара ерекшелік деп бағалауға болады.

Талант (гр. *talanton* — бастапқыда салмақ, өлшем, кейіннен ауыспалы мағынада — қабілеттер деңгейі) — қабілеттердің ең алдымен, арнайы қабілеттердің дамуының биік деңгейі.

Балалардың психофизиологиялық әрқелкі дамуы олардың темпераментіне, қабілетіне, дарындылығына, талантына т.б. тікелей байланысты болады.

**4.6 Дарындылықтың диагностикасы.** Мектеп оқушыларының дарындылығы деп тұлғаның жеке бас ерекшелігі, туа біткен қасиеті, педагогикалық - психологиялық тұрғыда жан - жақты толық дамуы, ойлау қабілетінің даралығы, шығармашылық ізденістері т.б. атауға болады.

Дарынды оқушының мәдени қарым-қатынас құндылықтары, тәрбиелік сапалық көрсеткіші салыстырмалы түрде жоғары болуы дау тұтызбайды. Диагностика жүргізу үдерісінде оқушының білімі, рухани құндылықтары, ынтасы, еңбексүйгіштігі, тұлғалық адамгершілік қасиеттері, өзін-өзі дамыту, жетілдіру, тану дағдылары, талғампаздығы, эрудициясы т.б. негізге алынады.

Дарынды балалардың логикалық ойлау қабілетінде өзгешеліктер басым, танымы жоғары, ішкі жан дүниесі жағынан сезімтал, ерік - жігері мықты, дарынды, қиялшыл т.б. болып келеді.

Дарынды балалармен жүргізілетін жалпы білім беретін мекемелеріңде негізгі стратегиялық жоспарына дарынды баланы іздеп табу, іріктеу мәселесі кіреді. Қазіргі таңда Назарбаев интеллектуалды мектебі, жаратылыстану бағытындағы, математиканы тереңдетіп оқытатын мектептер, казак тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын мектептер, казак - түрік лицейі, Хейлибери мектебі, Мирас мектебі, Ж. Аубакированың музыкалық мектебі т.б. білім мекемелері орындарында ерекше дарынды балалар білім алады. Аталған мектептерде оқу - тәрбие жұмысын өзіндік жаңашылдық тұрғыда ерекшеліктері басым.

Дарынды балаларды оқытуға негізделген 2011 жылы «Назарбаев Университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері» және «Назарбаев қоры» мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заннамалық деңгейде академиялық еркіндік және дербестік беретін басқарудың ерекше түрі реттелді.

Назарбаев Университетінің ғылым мен инновацияларды дамыту, зерттеулерді коммерцияландыру және дарынды жастарды тарту үшін мақсатты мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

«Назарбаев зияткерлік мектептері» (НЗМ) дербес білім беру ұйымының (ДБҰ) даму стратегиясында білім беру модельдерін халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізу қарастырылған. Стратегиялық әріптес Кембридж университетінің халықаралық емтихан кеңесімен бірлесіп, жаратылыстану-математикалық бағыттағы эксперименталдық кіріктірілген білім беру бағдарламасы әзірленді.

Негізгі және жоғары мектеп бағдарламалары (International Baccalaureate) Халықаралық бакалавриат ұйымының принциптері мен философиясына сәйкес іске асырылады. Білім берудің инновациялық және көп тілді моделін құру «Назарбаев зияткерлік мектептері» желісін кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

Педагогикалық шеберлік орталығы қызметінің басты мақсаты Қазақстан Республикасының педагогика саласы қызметкерлерінің бі-

діктілігін арттыру, сонымен қатар Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріне Назарбаев Зияткерлік мектептері мен шетелдік озық педагогикалық тәжірибелерді тарату болып табылады.

Әлемдік білім беру кеңістігіне кірігудің стратегиялық мәселелерінің бірі 12 жылдық білім беру моделіне көшу болып табылады. Сонғы жылдары 12 жылдық модель жүйесін енгізуге дайындық шегінде эксперименталдық сыныптардағы оқу үдерісін жүзеге асыру сапасына мониторинг жасау, оқулықтармен, оқыту-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілуде. Эксперименталдық алаң нәтижесі бойынша оқыту курстары арқылы 12 жылдық білім беруге көшу үшін мұғалімдерді даярлау жұмысы күшейтілді. Сонымен 12 жылдық оқыту моделіне біртіндеп көшу іске асырылуда.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты бағыттарының бірі «E-Learning» электрондық оқыту жүйесін енгізу жобасын іске асыру болып табылады. Сонымен үздіксіз білім беру жүйесін «өмір бойғы» үздіксіз интеллектуалды әлеуетті дамыту арқылы сипаттауға болатыны байқалуда. Осы бастамаларды жүзеге асыру Қазақстанға экономика саласында ғана пайда әкелумен шектелмей, әлеуметтік капитал нысанында, яғни жоғары әлеуметтік тұрғыда топтасып біріккен, азаматтық интеллектуалды белсенді қоғам қалыптастыру арқылы кемелдікке жеткізеді.

Дарынды балалар оқитын мектептерде тереңдетілген бағдарлама бойынша, жүйелі түрде қосымша сабақтар өткізу, жаңа педагогикалық технологиялар элементтерін пайдалану, сыни тұрғыда, проблемалық оқыту әдістерін пайдалана отырып оқыту, әр деңгейдегі ләндік олимпиадаларға, конкурс-сайыстарға, республикалық және халықаралық деңгейде ғылыми-практикалық конференцияларға қатыстыру негізгі орын алады.

*Дарындылықты анықтау критерийлеріне* тұлғаның білімді толық игеруі, тапсырылған жұмысты сапалы орындауы, тақырып бойынша өз ойын еркін айта алуы, алынған білімдерді өз бетінше дамыта білуі; өзіне-өзі талал қоя білуі, материалды игеруде табандылық, алынған білімді әр сабақ сайын дамыту; өз ойларын баяндағанда ғылыми дәлеледеуі, ғылыми жобалармен шұғылданғанда өз бетінше іздене алуы, тапсырылған жұмысты сапалы орындауы, іс - әрекеттегі, қарым - қатынаста мәдениеттілігі жатады.

Интеллект ұғымы адамның қабілеті ретінде түсіндірілсе де ол басқа қабілеттер арқылы іске асырылады: таным, оқу, логикалық ойлау, талдау арқылы ақпараттарды жүйелеу, олардың қолдану аясын анықтау, заңдылықтары мен ерекшеліктерін табу, ұқсас ақпараттармен салыстыру т.с.с. Адамның интеллектісінің маңызды сапаларына оның талаптылығы, ойының тереңдігі, жылдамдығы, логикалық ойлау, ойлаудың дәлдігі, сыни тұрғысынан ойлауы, ойының кеңдігі, интуицияның дамығандығы жатады. Интеллект феноменін толық түсіну

үшін оны көпдеңгейлі құрылым ретінде қарастыру керек. Себебі оны генетикалық, әлеуметтік, іс-әрекеттік, феноменологиялық т.б. тұрғылардан қарастыруға болатыны белгілі. Осы тұрғыларға сәйкес интеллекттің көпдеңгейлік құрылымын көрсететін мынандай анықтамаларын атап өтуге болады:

әлеуметтік тұрғыдан қарастырғанда интеллект – әлеуметтенудің және тұтас мәдениеттің ықпалының нәтижесі;

генетикалық тұрғыдан, интеллект – адамның қоршаған әлеммен табиғи жағдайда әрекеттесу талаптарына бейімделу салдары; процессуалды-іс-әрекеттік тұрғыдан, интеллект – адам іс-әрекетінің ерекше формасы;

дидактикалық тұрғыдан, интеллект – мақсатқа бағытталған оқыту үдерісі;

ақпараттық тұрғыдан, интеллект – ақпаратты өңлеудің элементарлық үрдістер жиынтығы;

феноменологиялық тұрғыдан, интеллект – сана мазмұнының ерекше формасы;

құрылымдық-деңгейлік тұрғыдан, интеллект – түрлі деңгейдегі танымдық үдерістер жүйесі;

регуляторлық тұрғыдан, интеллект – өзін-өзі түзету факторы.

Ал қазіргі таңда кәсіби білім беру саласында интеллекттің төрт негізгі түрі маңызды болып табылады. Интеллекттің түрлері: жалпы, әлеуметтік, эмоционалдық, тәжірибелік интеллект.

1. Жалпы интеллект – кез-келген өмірдегі өзекті мәселені танып білу мен шешуге қатысты жалпы қабілет. Индивидтің танымдық үдерістерінің жүйесі (ойлау, сезіну, қабылдау, жадына сақтау, қиялдау, елестету және т.б.) негізінде жатқан таным мен мәселелерді шешудің жалпы қабілеттілігі.

2. Әлеуметтік интеллект – адамдардың білімдері мен әлеуметтік жағдайларын және оларды әлеуметтік өзара әрекеттесуде шешу дағдысын анықтауға мүмкіндік беретін білім, білік немесе дағдыны меңгерген, тұлғалық белгілерінің жоғарылығымен ажыратылатын таным түрі.

3. Эмоционалдық (әсершіл) интеллект – эмоциямен берілген ақпараттарды қайтадан өндіру және адамдардың өзара қарым-қатынасы барысында ойлану және шешім қабылдау үшін эмоционалды ақпараттарды негіз ретінде пайдалану қабілеті.

4. Тәжірибелік интеллект – тұлғаның кәсіби қызмет барысында білімін тиімді пайдалануына мүмкіндік беретін кәсіптік қызметтің мазмұнды (бітімділік) және процессуалды (тәжірибелік) интегративті сипаттамасы негізінде тәжірибе жинақтауы.

*4.7. Интеллектуалды тұлға әлеуетін қалыптастырудың әлемдік тәжірибелері.* Интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастыруда әлемдік тәжірибелерге талдау жасау барысында зерделегеніміз алыс және

жақын шетелдерде интеллектуалды ұлтты қалыптастыру мәселесі интеллектуалды тұлғаны дамыту мен қалыптастыру, адами капитал тұрғысынан зерттеледі.

Интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастыруда Еуропа елдері интеллектуалды қоғамды құруды өз алдарына мемлекеттік деңгейде негізгі мақсат етіп қойды. Франция мен Германия мемлекеттерін алатын болсақ, осы елдерде Еуропа Одағына кірудің бірден-бір себебі - интеллектуалды тұлға мен ұлттың әлеуетін қалыптастырудағы көзқарастары.

Еуропа елдеріндегі интеллектуалдық қорлардың басты идеялары, көрсеткіші ретінде білім мен ғылым дамуына ықпал етерлік факторларды, рухани-мәдени құндылықтар мен этикалық нормаларды айқындау маңызды саналады. «Интеллектуалды азамат» қалыптасуы жолында олардың қоғамдық санасына ықпал етерлік қоршаған ортаның тынысы мен болмысын танып білу де маңызды рөл атқарады.

Жалпы алып қарайтын болсақ, интеллектуалды тұлғаның қалыптасуына алғаш болып зерттеген және эксперимент жүргізген Дж.П. Гилфорд пен В.Циммерман. Олар тұлға қалыптасуының тұжырымдамасы мен тұлғаның интеллектуалды әлеуетінің қалыптасуының алғышартын жасауға алғаш болып көңіл бөлді. Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін қалыптасуының алғышарты: жалпы белсенділік (энергиялық, іс-әрекеттің лездігі, іс-әрекетке деген құштарлық); басымдылық (инициативтілік, өз сөзін, ісін дәлелдей білу, т.б.); батылдық; өзіне деген сенімділік; салқынқандылық; көпшіл; армандағын; эмоционалдық; әділдік; қанағатшылдық.

Интеллектуалды тұлғаның әлеуетін қалыптастыру мәселесіне Германия елінде аса мән берілгені белгілі. «Тұлға» ұғымын ғылымға алғашқылардың бірі болып неміс еліне енгізген Альберт Эйнштейн. Ол 1932 жылы Германияның Нюенберг қаласында өткізілген Бүкіл немістік ғылыми-тәжірибелік практикумда тұлға, тұлғаны қалыптастырудағы мемлекет пен ғылымның ролін және де тұлғаның мемлекетке деген қажеттілігін дәлелдеп тұрып, ғылыми айналымға енгізді. Ал интеллектуалды тұлға ұғымын Сабина Бергман-Поль енгізген болатын. Оның «Неміс халқы» еңбегі бүкілхалықтық сайлауда мемлекеттік жоба ретінде ұсынылды. Сол еңбекте былай деп жазылған: «Мемлекеттің басты қозғаушы және жұмысшы күші-халық. Халыққа бар жағдай жасалуда. Ал халықтың мемлекетке беруі тек салық емес. Сонымен қатар өзін «Неміс еліне» лайықты ету. Сондықтан да Бундес елінде интеллектісі жоғары ғана адам болуы керек. Егер адам интеллект болса, ол өмірдің барлық қыр-сырын қамтыды деп айтсақ болады».

Неміс елі өз елін сауаттандыру жұмысына ертеден аса көңіл бөлген белгілі. Гештальдтпсихология өз жұмысын ХХ ғасырдың басында бастады. Психология мектебінің басты мақсаты – Бундес елінің әрбір азаматынан тұлға, интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру бола-

тын. Жалпы неміс елінде адамдарды психологиялық тұрғыдан дайындап, жетілдіру мектеп кезеңінен басталса да, балабақшаларында арнайы психологиялық кабинеттер жұмыс істеді. Яғни, бұл адамдарды туганнан бастап тұлғалыққа, өзін-өзі басқаруға үйретеді.

Интеллект тұлға қалыптастыру әрбір елдің жетістікке қол жетуінің алғышарты деп санаймыз. Германияның белгілі педагогы Йоганн Песталоцци тұлғаны қалыптастыру мақсатында өз оқушылары арасында тәжірибе жүргізген. Ғалым «Тұлғаны қалыптастыру бұл бір күндік немесе бір жылдық мәселе емес, ол жылдар бойы ізденістер мен талпыныстардың нәтижесі, кез-келген тұлғадан интеллектуалды тұлғаны қалыптастыруға болады, тек оған ол өмір сүрген әлеуметтік орта соған лайық болу керек», - дейді.

Оның ізбасары Джуан Гордес: «Егер интеллект тұлғаны қалыптастыру үдерісі бір күндік немесе бір жылдық мәселе болмаса, онда интеллектуалды ұлтты қалыптастыру үшін тиіпті ондаған жылдардан астам уақыт керек», -деп тұжырымдайды. Бұл орайда, неміс елі ХХ ғасырдың орта шөбінен бастап интеллект тұлғаны қалыптастыруды қолға алды. Неміс ғалымдарының зерттеулері бойынша білім мен ғылымды, өндірісті дамытуда, қазіргі күні неміс елін «интеллектуалды қоғам» деп айтуға әбден болады. Ал сол ұлттың әрбір адамы – интеллектуалды тұлға. Себебі- адам ұлт құраушысы.

Франция елі интеллект тұлғаны қалыптастыру тәжірибелерін ерте бастап кетпесе де, айтарлықтай дәрежеге жетіп отыр. Себебі, белгілі француз гуманисті Жету Морен айтқандай, «интеллектуалды ұлтты тек интеллектуалды мемлекет жасайды» деген қағиданы негізге алған Франция елінің басқармасы жыл сайын қызметкерлермен тест өткізеді. Осы тесттің негізі: *білімділік; сыпайылық; тәртіпке бағынушылық; жұмысқа деген ынта; тәрбиелік; қоғамдық жұмысқа қатынасуы; еліне тиізген үлесі*. Егер осы 7 ұстанымның біреуін орындай алмаса, жұмыстан белгілі бір уақытқа шығарылады.

Осы орайда Жак Ширактың еңбегіне де тоқталып кету қажет. Себебі, Жак Ширактың басқару кезеңінде көптеген оқу орындары ашылып, азаматтардың білім және рухани азық алуына барынша мүмкіндіктер жасалды. Жак Ширак француз елін «Тұлғалы ел» қатарына жеткізді.

Жалпы алғанда, Франция елінің интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан ұлт деп атауға көптеген зерттеу нәтижелері дәлел бола алады. Себебі, 2007 жылғы американдық «Нью Йорк Таймс» газеті жүргізген блиц-сұрағында ең сыпайы ел болып Франция елін атайды. Респонденттердің 62% француз елін өте сыпайы, ұқыпты деп сыпаттады, 21% ағылшындарды айтса, тек 9% неміс еліне беріледі. Қалған 8% америкалық, голланд және жапондарды атады. Ең көп кітап оқитын ел сұрағына сұралған респонденттердің 76% қытай елін атаса, 22% француз елін атады. Қалған 2% неміс пен жапондарды атайды.

Белгілі француз социологы Оскар Мерузо интеллектуалдар туралы «Интеллект болу – әр біреуге тән болмас қасиет деп айта алмаймын. Бірақ, интеллектуалды тұлға болу кез-келген адамның қолында. Нағыз интеллектуал көп сөйлемей байыбын табады», - деп тұжырымдайды. Француз қоғам қайраткері Ороон Меже белгілі француз журналына берген сұхбатында «Менің ойымша, әрбір адам интеллект бола алады», - деуінен, әрбір адам интеллектуалды тұлға бола алса, онда ол қоғам интеллектуалды ұлттың әлеуетін құра алатынын дау туғызбайды.

Қазақстанның осы елдер қатарына кіруіне мол мүмкіндік бар. Жоғарыда мақалаға нысан еткен мемлекеттер де онай өткелдерден өтпеді. Жақ Ширак француз елі «Тұлғалы ел» қатарына жеткізді. «Мемлекеттің басты қозғаушы және жұмысшы күші-халық», - дей келе, неміс халқы «Неміс елі» деген атқа лайықты ие болды. Осы елдер халық болып жұмылып, алға қойған мақсаттарына жетті.

Ал, біз Қазақ елі «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасында және «Қазақстан-2050» Стратегиясында белгілеген мақсаттарға сай интеллектуалды ұлт болу және «Қазақ елі», «Қазақстан мемлекеті» деген ұлы атқа ие болу мүмкіндігі қоғамдағы болып жатқан тарихи, мәдени - рухани қозғалыстар нақты дәлел бола алады.

Қазақ еліндегі интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы даму үдерісін алыс және жақын шет елдерде жүргізілген тәжірибелерге салыстырмалы талдау жасау барысында біздегі қоғамдағы даму үдерісінің нақты айқын жолды таңдағанын көріп отырмыз.

*4.8 Білім алушыларға дамытуда, оқытуда, өзін-өзі тәрбиелеуде, өзін-өзі дамытуда педагогикалық қолдау көрсету. Педагогикалық қолдау –қазіргі педагогиканың гуманистік парадигмасы.* Педагогикалық қолдау баланың дамуына көмектесу және оның денсаулық, қарым - қатынас, оқыту, өзін-өзі өмірлік анықтауы мәселелерін шешуге бағытталған өзін-өзі дамытуына ықпал ету мәселесін қамтиды. Педагогикалық қолдаудың тиімді жағдайлары тұлғаралық қатынастар, қарым-қатынас, педагогикалық әдеп және т.б. қамтиды. Педагогикалық қолдау мұғалімнің педагогикалық шеберлігін, педагогикалық технологияларды толыққанды сәтті пайдалануы, оқушының ішкі жан дүниесін, қабілетін түсіне отырып ықпал етуі.

Педагогикалық қолдау негізінен мұғалім мен оқушы арасындағы қарым - қатынастан басталады. Мұғалім сыныпта педагогикалық - психологиялық жағдай жасау; тұлғаның ішкі жан дүниесін сезіну, тұлғалық, тұлғаралық қасиеттерін түсіну және іс - әрекетке еркіндік беру, жақсы нәтижеге жету жолындағы кедергілерді жеңе білуі, көмек көрсетуі, оқушыға өмірден, қоғамнан өз орнын табуға мүмкіндік жасауға бағытталады. Педагогикалық қолдаудың көрініс формалары - мейірімді жылы қатынас, жылы нұсрат, жылы лебіз, құлақ сала білу, қажет болса – кеңес беру, тәрбиеленушіге сенім, оның құқығын



қорғау, тәрбиешінің балаға қамқорлық қатынасы, шәкірттің қандай да табысын көре танып, оған ұнамды баға беруі т.б.

Педагогикалық қолдау оқушының танымдық және шығармашылық іс-әрекетіне қатысуға дайындығын, өзін-өзі дамытуын, өзін іс жүзінде көрсетуіне ықпал етеді, педагогтың қазіргі педагогиканың гуманистік парадигмасын іске асыратын шаралары болып табылады. Гуманистік парадигма ізгілікті жеке тұлғаны дамыту, білімді, іскер жастарды тәрбиелеу болып табылады.

Осыған орай, мектеп мұғалімдерінен тәрбиешінің мәнін, мақсаты мен міндеттерін жете түсініп, біліп, оны жүзеге асырулары талап етіледі. Педагогикалық қолдаудың әдістеріне тәрбиешінің әдістері ынталандыру, бағалау, мадақтау т.б. негізінен басшылыққа алынады.

Педагогикалық қолдауда баланың білімге қызығушылығын оятуды ең басты мәселе деп қарайды. Сондықтан да, тәрбиеленушінің өз ыңға-ықыласымен жетістікке жету мүмкіндігіне басшылық жасауға ерекше мән беріледі. Осыған орай, тәрбиелік мақсатты екіге бөлуге болады; бірінші қоғам алдындағы жалпы жоғары мұратқа қол жеткізу және екінші, көксітеті мақсат - жас ұрпақтың жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру. Соңғысы тұлғаның дамуы мен даралығын қалыптастыру және үздіксіз дамыту міндеттерімен нақтыланады.

Тұлғаның өзіндік үдерістерін қолдау (өзін-өзі тану, өзін-өзі байқау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі болжау, өзін-өзі іс жүзінде көрсету және т.б.). Тұлғаның өзіндік үдерістерін қолдауда өзін-өзі тану, өзін-өзі байқау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі болжау, өзін-өзі іс жүзінде көрсету және т.б. негізгі орын алады.

Педагогикалық қолдауда өзін-өзі тану оқушыларға қоршаған ортаны түсінуге, оған өзінің қатыстылығын саналы сезінуге, қоршаған ортаға өзінің көзқарасын жалпы адамзаттық құндылық өзінің өмірлік ұстанымын анықтауға көмек беру үшін қажет.

Философ Ж. Ж. Молдабеков "адамгершілікті қалыптастыратын негізгі адам алдымен ана тілі арқылы қабылдайды, бағалайды. Адамның өзін танудың, өзгемен теңесудің өтімді құралы, өзін тану – әркімнің өз шаруасының бастамасы, өз шеңберлігінің көрінісі мен қызметі. Сол бағытта адамның өзіне деген талапты күшейтуі, әлеуметтік қамалттылыққа ұмтылуы", - деп ұсынған тұжырымдары педагогикалық қолдауда негізгі ұстаным болып табылады.

Педагогикалық қолдаудың тиімді жағдайлары (тұлғаралық қатынастар атмосферасы, қарым-қатынас стилі, педагогикалық әдеп және т.б.). Педагогикалық қолдауда педагогикалық әдепте негізгі орын алады. Әдеп - этиканың зерттеу нысаны, қоғамдық санасізімнің формасы және жеке тұлғаның өзіндік бағасын анықтауға бағытталған қоғамдық қарым-қатынастың бір түрі. Әдеп дегеніміз - адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайы болу, жұмсақ сөйлеу және оқыс қылықтардан аулақ болу. Яғни бір кісінің басқа кісілермен

инабатты түрде қарым-қатынас жасауы және сөйлеген сөздері мен істеген істерінде, көрсеткен қылықтары мен жасаған әрекеттерінде сыпайы, мәдениетті болуы әдептіліктің нышаны болып табылады.

Әдептілік турашылдық, ізеттілік талаптарының бұзылуына, өзін-өзі орынсыз ақтауға қарсы тұру тілегі, ұялу сезімі, адамдарға қайырымдылық, мейірбандық көрсету, қанағатшылдық, өзін басқаның орнына қоя білу мәрттігі, адамдарды жақсы көріп қана қоймай, оларға қызмет қылу тілегі, қайырлы іс істеуге, жамандыққа қарсы тұруға ұмтылу, кішіпейілділік, кешірімділік, пәктік, өзінің ғана емес, өзгелердің де тілектерін құрметтеу, ұқыптылық, тазалық т.б. сияқты ұғымдарды қамтиды.

Қарым-қатынас стилі – мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен шығармашылық іс - әрекеттер, білім, білік дағды, тәлімдік тұрғыда алмасуы, мұғалімнің бағалаушылық әрекетіндегі табыстылығы қамтылады.

Педагогикалық әдеп - мұғалімнің педагогикалық үдерістегі іс - әрекетінің, қарым – қатынастағы мәдениеттілігі, әділеттілігі, адалдығы т.б., адамға тән рухани-адамгершілік құндылықтардың бойынан табылуы.

**4.9. Білім берудегі инклюзивті тәсілі және оны Қазақстанда іске асыру.** Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстандық жол 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге қажет. Бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз. Білім беру мекемесінің ортасы денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қажеттілігіне бейімделуі тиіс. «кедергісіз» болуы керек, өйткені мүгедек балалардың толыққанды кірігуін қамтамасыз етуі қажет», - деп атап өткен.

Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. *Инклюзивті* білім беру дегеніміз – мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеу, олардың жынысына, шығу тегіне, дініне, жас ерекшеліктеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру.

Инклюзивті білім беру бағдарламасы 2006 жылдың 13 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына енгізілді. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» заңдарында қамтылды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 21-тармағының 3 тармақшасына сәйкес «инклюзивті білім беру – оқытудың тиісті білім беретін оқу бағдарламаларына білім алушылардың өзге де санаттарымен тең қолжетімділікті, арнайы жағдайларды қамтамасыз ету арқылы дамытуға түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды көздейтін, мүмкіндігі шектеулі адамдарды бірлесіп оқыту және тәрбиелеу», – деп нақты көрсетілген.

2002 жылдан бастап Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқы рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларында» (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылармен бірлесе оқытатын қалыпты және арнайы сыныптарын жалпы білім беретін мектепте құру тәртібі берілген. Үлгілік қағидалардың 18 тармағына сәйкес жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті және арнайы сыныптар халықтың қажеттілігін, оның ішінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы мүгедек баланы тәрбиелеп жатқан ата-аналардың мүддесін есепке ала отырып, білім беруді жергілікті басқару органдарының келісімі бойынша ашылады, әрбір инклюзивті сыныпта екі даму мүмкіндігі шектеулі баладан артық оқытылмауы тиіс. Жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивті және арнайы сыныптарға балаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 179 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім

беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын бекітеді.

Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясы ұсынған «Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарындағы оқытудың ерекшеліктері» атты әдістемелік нұсқауда білім беру саласындағы мемлекеттік кепіл-діктерге сәйкес даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық білім беру деңгейлерінде білім алу үшін, даму бұзылысын түзеу үшін және әлеуметтік бейімдеу үшін арнайы жағдайлар қамтамасыз етіледі.

**Инклюзивті оқыту пәнін оқытудың мақсаттары.**

- мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беру мектептерінде білім алуына жағдай жасай отырып, олардың дамуына саналы әрекет ұсына отырып, қол ұшын созу.

- жалпы білім беру мекемелерінде инклюзивті білім беру арқылы әлеуметтік-педагогикалық кәсіби қызметін дамытып, дарытуға мүмкіндік беретін болашақ мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту.

- балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру;

- арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу.

**Инклюзивті білім берудің мазмұны.** Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы негізінде іске асыруды қажет етеді.

*Саламан Декларациясына* сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай болып ерекшеленеді: әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс; әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады; білім беру жүйесіне он өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгертуге болады.

**Инклюзивті білім берудің 8 ұстанымын меңгеруге қол жеткізуі:**

1. Адам қандылық оның қабілеті мен жеткен жетістіктеріне байланысты емес;

2. Әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті;

3. Әрбір адамның қарым-қатынас жасауға, тыңдалуға құқығы бар;

4. Барлық адамдар бірін - бірі қажет етеді;

5. Шынайы білім беру нақты контексттегі қарым-қатынас жағдайында ғана жүзеге асуы мүмкін;

6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж;

7. Барлық білім алушылардың прогреске қол жеткізуі үшін біреу жасай алмайтын нәрсені жасауы болар;

8. Адам өмірінің барлық жағын алуан түрлілік күшейте түседі.

Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың білімін бағалау жүйесі. Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бағалау жүйесі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік құралда нақты көрсетілген. Білім беру саласында мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және олар орындауы қажет міндеттері тең болуының маңыздылығына баса назар аударылған. Осы орайда, олардың жетістіктерін бағалаудың негізгі мазмұны шектеуді, яғни бұзылысты (көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, әлеуметтік-эмоциялық сала) ескере отырып, қалыпты дамыған балалармен бірдей болуы қажет. Бұл жағдайда бағалануы керек:

- арнайы оқу дағдыларының қалыптасқандығы, мысалы, көру бұзылыстары бар балалардың Л. Брайль шрифтінің менгеріп және/немесе тегіс баспалы шрифтімен жазу мен оқу;

- білім беру салалары бойынша құзырет: ауызша және жазбаша коммуникацияны қолдану, саналы оқу мен жазуға қабілетті болу; математикалық білімнің элементтерін практикалық қолдану іскерлігі, олардың өмірге қажетті мәнін түсіну және т.с.с.;

- әлеуметтік-тұлғалық нәтижелерді бағалау: өз күшін адекватты бағалай алу, физикалық жүктемеде, медициналық препараттарды қолданғанда, аз таныс заттық-көріністік ортада (бөлмеде, көшеде) өз бетінше қозғалу кезінде ненің болатынын және болмайтынын түсіну.

Жалпы білім беретін мектептің ерекше білім беруге қажеттілігі бар түлектері, оның қатарында есту, көру қабілетінде, тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар және күрделі тіл кемістігі бар, психикалық дамуы тежелген түлектер алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі құжат алады.

ҚБТ қағидалары барлық білім беру деңгейлерінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедек болып табылатын білім алушылар үшін қолданылады. Тестілеу бойынша оқуға ниет білдірген білім алушылар білім беру ұйымы басшысының атына растаушы құжаттарды ұсына отырып, оқуда ҚБТ пайдалану мүмкіндігі туралы уәжделі негіздемелері бар еркін түрде өтініш жазды. Мүгедек балаларға ҚБТ бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педа-

гогикалық консультация ұсынымдарын береді. Жалпы білім беру ұйымдарында ҚБТ бойынша оқыту бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес экстернат - білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқитын оқыту нысандарының бірі болып табылады. Жергілікті атқарушы орган негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат берді.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Жеке тұлға тәрбиенің объектісі, субъектісі ретінде және оның дамуы мен қалыптасу факторларына тоқталыңыз.
2. Адамның дамуындағы және оның тұлға ретінде қалыптасуындағы биологиялық және әлеуметтік арақатынас тұжырымдамасын ашыңыз.
3. Іс-әрекетпен қарым-қатынастың тұлғаның дамуындағы және қалыптасуындағы рөліне тоқталыңыз.
4. Тұлғаны «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» ұғымдарына және олардың арақатынасына сипаттама беріңіз.
5. Балалардың психофизиологиялық әрқелкі дамуы («жас ерекшеліктер дағдысы», «дарынды балалар», «акселерация») және балалардың базалық психоәлеуметтік талаптарына тоқталыңыз.

### III бөлім. ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

#### I тақырып. ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ (ТПҮ) МӘНІ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

*1.1. «Мұғалімнің іс-әрекет объектісі» және «педагогикалық үдеріс» ұғымдары.* Оқыту мен тәрбие үдерісін ажырамас бірлікте қарастыру идеясы XIX ғасырдың ортасында өмірге келді. Қазіргі кезеңдегі біртұтас педагогикалық үдерістің мәні туралы түсінік ғылымдардың XIX-XX ғасырларда арнайы зерттеулерінің нәтижесінде қалыптасты. Ал «педагогикалық үдеріс» ұғымын ғылымға алғаш рет 1904 жылы *П.Ф. Каптерев* ендірді. «Педагогикалық үдеріс – өзінің табиғатында өзіне-өзі әрекет жасай алатын қоғамдық жеке тұлғаның жан-жақты жетілуі». Ол педагогикалық үдеріс пен тәрбиені үйлесімдікте, яғни педагогикалық үдерісті тұлғаның жан-жақты жетілу үдерісі ретінде қарастырды. *П.Ф. Каптерев* педагогикалық үдерісті әртүрлі қырлар мен құралдардан тұратын біртұтас құбылыс ретінде түсіндіріп, оның оқыту, білім, тәрбие беру, үйрету, дамыту, бағыт беру, жандандыру, жазалау кезеңдері болатынын атап көрсетті.

Педагогика ғылымында XX ғасырдың 20-жылдарында тәрбиенің заңдылықтары зерттеле бастады (*Н.К. Гончаров, А.Г. Калашников*). Біршама кейін педагогикалық үдерістің құрамдас бөлігі оқыту үдерісі заңдылықтарын *В.И. Загвязинский, Г.И. Щукина, Н.И. Болдырев* және т.б. өз еңбектерінде нақты ашып көрсетті. XX ғасырдың соңғы жылдарында біртұтас педагогикалық үдеріс заңдылықтарын *М.А. Данилов, Ю.К. Бабанский, Б.Т. Лихачев, В.А. Сластенин* сияқты ғалымдар педагогика әдіснамасы жетістіктеріне сүйеніп, зерделеді.

*М.А. Данилов* «Педагогикалық үдеріс – көптеген үдерістердің ішкі байланысқан жиынтығы, оның мәні тәрбие арқылы адамның әлеуметтік құнды сапасына айналатындығы» деген анықтама береді. Педагогикалық үдерістің негізгі сипаттамасы оның бір тұтастығында. Педагогикалық үдерістің барлық құраушылары бір мақсатқа бірігеді: білім берушілік, дамытушылық, тәрбиелік. Педагогикалық үдерістің тұтастығы жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту, дамыту мақсаттарының бірлігімен және нақты оқу-тәрбие үдерісінің барысымен сипатталады.

«Педагогикалық үдеріс» ұғымының даму динамикасын қарастыралық. *Ю.К. Бабанский, В.А. Сластенин, Н.А. Сорокиннің* «Педагогика» оқулығында педагогикалық үдеріс қандай да біртұтас қасиеттерімен сипатталады: тәрбие, білім беру, оқыту, дамыту үдерістерін өзара органикалық бірлікте қарастырады, оның құрамына кіретін барлық үдерістерді өзара бірлікте қарайды: оқыту мен тәрбие әдістерінің бірінбірі толықтыруына мүмкіндік береді, түпкі нәтижесі – тұлғаның бәсекеге қабілетті, инновациялық ойлауының дамуына бағытталған тұжырымдаманы мектептегі педагогикалық үдерісте жүзеге асыру; педаго-

гикалық және оқушылар ұжымын тұтас жалпы мектептік ұжымға біріктіреді, тұтас мектеп ұжымы оқушының нәтижеге бағытталып дамуында субъект рөлін атқарады, педагогикалық үдеріске оның тұтастығын қамтамасыз ететін заңдылықтары мен ұстанымдары тән», - делінді.

**1.2. Педагогикалық үдеріс - әлеуметтік жүйе.** И.П. Подласыйдың пікірінше, педагогикалық үдеріс - әлеуметтік тәжірибе адамның сапасының қалыптасуына айналатындай өзара іштей байланысқан әлеуметтік жүйе ретінде «педагог-оқушылар» - мұғалім іс-әрекетінің объектісі ретінде қарастырылады. Оның барлық құрамаларының бір мақсатқа бағынатынын айқындайтын тұтастық, ортақтық, бірлік – педагогикалық үдерістің басты сипаттары.

**Педагогикалық үдерістің белгілері мен сапа-қасиеттері.** Ғалымдар тұтас педагогикалық үдерістің бірқатар қасиеттерін былайша сипаттайды:

1) педагогикалық үдеріс әлеуметтік жүйе, оның өмір сүруі, қызмет істеуі оған қатысушылардың өзара іс-әрекеттерінің алмасуымен анықталады;

2) ынтымақтастық (тек қана ұстаздармен ғана емес, оқушылар бір-бірімен де) оқушы үшін әр түрлі іс-әрекеттердің тәсілдерін тезірек меңгерудің, яғни педагогикалық үдерістегі іс-әрекет субъектісінің қалыптасуының шарттарын бейнелейді;

3) «ұстаздар-оқушылар» жүйесінің біртұтастығы педагогикалық үдеріс ішіндегі әртүрлі деңгейдегі жүйелердің өзара әрекеттесуі барысындағы мақсат пен нәтижелердің бірлігімен анықталады;

4) педагогикалық үдерістің негізгі интегративтік қасиетін әртүрлі тетіктердің бірлігі деп қарап, ондағы өзара байланысқан жүйелердің оқушылар тұлғасының қалыптасуына әсері іс-әрекет субъектілерінің (ұстаздар мен оқушылардың) қайта құру белсенділігімен сипатталады.

**1.3. Білім беру парадигмасы және субъект-субъектілі қатынас.** Білім берудің жаңа парадигмасының пайда болуы әлемдік білім кеңістігіне енудегі өркениетті дамудың маңызды жақтарының бірі болып табылады. Тұтас педагогикалық үдерістің қызметі бүгінгі күні білім беру парадигмасына сай ұйымдастырылуды талап етеді. Сондықтан білім беру парадигмасының нақты мәнін зерделеу қажет. Ғылыми зерттеулерде «парадигма» ұғымына әртүрлі анықтамалар береді.

Білім беру және педагогика сөздігінде «*парадигма*» (бейне, үлгі, мысал деген грек сөзінен шыққан) - сол кезеңдегі ғылым дамуының, ғылыми зерттеу стандартының, алынған мәліметтерді, ғылыми зерттеу нәтижелерін бағалау мен жүйелеудің моделі ретінде қабылданған теориялық және әдіснамалық ереже, тұжырымдамалық схема». Парадигманы ғылыми термин ретінде енгізген Т. Кун, оның ғылымды тану



тұжырымдамасында *«парадигма танымал болған ғылыми жетістіктер»* деп түсіндіріледі, яғни берілген білімдер саласындағы белгілі бір тарихи кезеңдегі ғалымдардың зерттеу практикасы, соларға қарап ұйымдастырылатын негізгі ғылыми жетістіктер (теориялар, әдістер жүйесі); қоғамдағы ғылыми қауымдастықта басым болатын зерттеу әдістерінің, мәселені қою мен оларды шешудің бастапқы тұжырымдамалық сызбасы, моделі.

Күннің тұжырымдамасына сүйене отырып, *философтар* парадигманы ғылымның нақты саласының белгілі бір даму кезеңіндегі теориясының қолдану тәсілдері ретінде қарастырады. *Логикада* парадигма ғылымның дамуындағы белгілі бір кезеңдегі ғылыми зерттеуге қажет үлгі, модель, стандарт, ғылыми таным үдерісінде туындаған мәселелерді болжау және шешуге арналған түсіндіру, бағалау және ғылыми мәліметтерді жүйелеу ретінде пайдаланылатын ғылыми қоғамдастықта қабылданған теориялық және әдіснамалық ережелердің жиынтығы ретінде айтылады. *Психологияда* парадигма белгілі бір тарихи кезеңдегі берілген білім аймағындағы (пәндік) ғалымдардың зерттеушілік тәжірибесінің үлгісінде ұйымдастырылған негізгі ғылыми жетістіктер (теориялар, әдістер) жүйесі ретінде зерделенеді.

Әлемдік педагогика ғылымы үшін білімнің өркеніет дамуындағы жалпы жағдайымен және жүріп жатқан үдерістермен байланыстылығы мен сәйкестігі кең өріс алуға.

Ғалым педагогтар педагогикалық үдерістегі үш парадигмалық кеңістікті атап өтеді. Ең байырғы генетикалық парадигманы олар *«дәстүрлер парадигмасы»* деп атайды. Бұл парадигма әртүрлі тарихи және мәдени жағдайларда дәстүрлілікті сақтауды қолдайды.

Бұдан кейін келген *ғылыми-техникалық парадигма* материалдық құндылықтар, ғылым мен техниканы дамыту, соған сәйкес нақты ғылымдардың үстемдігі негізінде құрылған. Технократтық логика ұстанымдарына сәйкес бұл оқыту парадигмаға көшірілді. Осы ғылыми-техникалық прогресте жетістікке жеткізгенімен онда физиология, психология мен адамгершіліктің астарларына, оқушының жан дүниесіндегі құбылыстарға бойлауға орын берілмегені белгілі болды.

Уақыт өте келе парадигма категориясының талаптары ғылымнан білім беру үдерісіне көшірілді. Демек білім беру үдерісінің негізіне ғылыми жетістіктерді енгізу ғалымдарды парадигманы тек ғылымда емес, білім беру тәжірибесінде пайдалануды негіздеді. Сол себепті адамның әлеуметтік мәдениетте дамуы барысында *білім берудің гуманитарлық парадигмасы* қалыптасты. Бұл парадигма аясында кәсіби педагогиканың құндылық негізі – *нақты адам, оның ішкі әлемі, танымның ерекшелігі* болып табылады. Мұндағы басты басымдылық – оқушыны адам, жеке тұлға деп қабылдау, оның көзқарасымен, пікірімен санасу, адами қарым-қатынас жасау. Гуманитарлық парадигма-

ның ерекшеліктерінің бірі – мұғалім мен оқушы арасындағы мәнді құндылықтардың теңдігі.

Педагогикалық үдерісті жаңа парадигмаға сәйкес нәтижеге қарай бағыттау өзіндік ерекшеліктерімен сипатталады:

– белсенділік пен қатынастың бірлігі, үрдіске қатысушылардың барлық субъектілерінің ұйымдастырылған бірлескен дербес іс-әрекеттері;

– әр түрлі сатыдағы жүйе қызметінің арнайы мамандануы;

– субъектілердің өзара әрекеттері нәтижесінде пайда болатын әртүрлі қарым-қатынастарының жиынтығы.

*1.4. Мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттестігі – іс-әрекет субъектісі ретінде.* Кәсіби-педагогикалық әрекет педагогикалық үдерістің бір бөлігі болғандықтан, ол мұғалімнің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің негізі болып табылады.

Осыған байланысты, педагогикалық жоғары мектеп алдында педагогикалық міндеттерді өз бетінше шешуге қабілетті кәсіби құзыретті педагог дайындау міндеті тұрғаны айқын. Олар төмендегі педагогикалық міндеттерді шеше алатындай болуы керек:

- рефлексивті–талдау (тұтас педагогикалық үдерісті, оның элементтерін, туындаған қиындықтарды талдау және қорытынды жасау т.б.);

- жобалау – болжау (тұтас педагогикалық үдерісті құру, жоспарлау, нәтижені және алынған шешімдердің салдарын болжау);

- ұйымдастырушылық – әрекеттік (оқу - тәрбие үдерісінің әртүрлі нұсқаларын іске асыру, педагогикалық қызметтің аралуан түрінің сәйкестігі);

- бағалау – ақпараттық (педагогикалық жүйенің даму болашағы туралы ақпарат жинау, өңдеу, сақтау және оны бағалау);

- түзету – реттеу (педагогикалық үдеріс ағымын түзету, қажетті коммуникативтік байланыстар орнату, оларды реттеп отыру және қолдау).

Н.В.Кузьминаның еңбектерінде педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық құрылымына сипаттама беріледі. Ол барлық студенттің педагогикалық мамандыққа бағыттылығын және педагогикалық икемділігін қалыптастыруды педагогикалық меңгерудің маңызды міндеттерінің бірін санайды. Сонымен қатар маман дайындаудың тиімділігін арттыру үшін студенттерді болашақ кәсіби іс-әрекетінің құрылымына икемдей отырып, мұғалім тұлғасын қалыптастыру үдерісін қарастырады. Педагогикалық қабілетке ол педагогикалық байкампаздық, педагогикалық қиял, педагогикалық тахт, назар аударыл, көңіл қою және талапшылықты жатқызады.

П.Я. Гальперин еңбектерінде іс-әрекеттің психологиялық құрылымы туралы жалпылама көзқарас негізінде педагогикалық іс-қимылдың құрылымы қарастырылады. Олар: 1) оқушыларды алдағы жасала-

тын іс-әрекетке мнталандырып, қызығушылық туғызу; 2) мақсатты орындауға дайындық; 3) іс - әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті білім, біліктерін тексеру; 4) іс - әрекеттерді ұйымдастыру; 5) білім, білік және дағдыны бекітуге арналған жаттығулар; 6) іс - әрекеттің орындалуын бағалау және нәтижесін тексеру, оған оңды қарым – қатынас қалыптастыру.

Нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесіне көшу – педагогикалық кадрларды кәсіби дайындаудың мақсатын, мазмұнын және ұйымдастыру технологиясын жаңа белеске көтеріп, одан әрі жақсартуды талап етіп отыр.

Қазіргі заманғы мұғалімді кәсіби дайындау деп мұғалім бойына уақыт талабына сәйкесті математикалық, тілдік, психологиялық – педагогикалық және әдістемелік білім мен біліктер жиынтығын қалыптастыруды түсінеміз. Педагогикалық үдеріс - субъектілердің өзара әрекеттері нәтижесінде пайда болатын әртүрлі қарым-қатынастарының жиынтығы.

*1.5. Тұтас педагогикалық үдерістің қызметтері.* Оқыту мен тәрбие үдерісін ажырамас бірлікте қарау идеясы XIX ғасырдың ортасында өмірге келді. Қазіргі кезеңде педагогикалық үдеріс немесе жалпы оқу тәрбие үдерісі біртұтастықта қаралады. Біртұтастық дегеніміз – оқу мен тәрбиенің олардың мақсаты, міндеті, мазмұны, әдісі, құралы, түрі, ұстаз бен шәкірт, шәкірт пен ата-ана, сынып жетекшісі мен сынып ұстаздары, қоршаған орта, тәрбиенің мазмұны және т. б біртұтастықта алынып, жеке-жеке қаралады.

Ғалымдар М.А. Данилов, В.С. Ильин, В.В. Краевский, Б.Т. Лихачев, Н.В. Кузьмина, Ю.П. Сокольников, Н.Д. Хмель педагогикалық үдерістің тұтастығын алуан түрлі әдіснамалық тұғырлар тұрғысынан түсіндірді.

Педагогикалық үдерістің оқу және оқудан тыс аймақ бірліктерінің қажеттігі туындады, ал ол оқушылар үшін тұлға қалыптасуының басты жағдайы болады және сол үдерістің біртұтастығын көрсетеді.

Педагогикалық үдеріс өзін біртұтастық ретінде субъектілердің өзара әрекеттегі арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеттерін бөле көрсете алады. Егер әрбір субъектінің жетістіктері болса, онда «ұстаздар-оқушылар» жүйесінің тұрақтылығымен өзін-өзі дамыту мәселесі шешіледі.

*Педагогикалық үдерістің оқу және оқудан тыс саласының бірлігі жеке тұлғаны қалыптастырудың шарты - пәнаралық байланыс.* Бүгінгі мектеп оқушысының жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін, ең алдымен, білім берудің мақсаты түбегейлі өзгеру керек: бірінші кезекке, бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде рухани дүниесі бай және адамгершілігі мол, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылық-

тарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру білім мазмұнын таңдауда қатаң ескерілетін мәселе екенін баса айтқан жөн.

Мектеп оқушысының жас ерекшелігіне сай таным мүмкіндігін және оқыту мақсатының оқушы тұлғасын тәрбиелеуге бағдарланғанын ескерсек, онда бұл сатыда оқылатын пәндерді ғылымдар негіздері түрінде қарауға болмайтыны түсінікті: мұнда негізінен, оқушыда мәдениеттің базистік қырларын қалыптастыру бірінші орынға шығады. Осымен байланысты, білім мазмұнын былайша жіктеуге болады: коммуникативтік мәдениет (ана тілі), ақыл-ой мәдениеті (математика, жаратылыстану), эстетика және адамгершілік мәдениеті, еңбек мәдениеті, дене тәрбиесі. Оқушылардың психикалық дамуындағы негізгі әрекет-оқу әрекеті. Мұнан басқа дамыта оқытуды ұйымдастыру, баланың жеке тұлғасы мен оның ерхшіліктерін танып біту бастауыш сынып мұғалімінің педагогика, психология, практикалық психологиядан терек білім мен білікті талап етеді. Сондықтан, мұғалімге қолданыстағы оқытудың түрлі әдістемелік жүйесін, технологиясын, оқулық пен оқу бағдарламаларын саралап пайдалана білуі үшін жаңа тұрпаттағы әдістемелік даярлық, кәсіби – дидактикалық құзыреттілік керек.

Замануи мектеп алдында тұрған осындай жаңа мақсат, міндеттер болашақ мұғалімдерден оқу–тәрбие үдерісіне әдістемелік талдау жасап, ондағы нақты проблемаларды анықтап, оны өз бетінше шеше білу қабілетінің болуын, яғни жақсы дамыған шығармашыл ізденімпаздық, ғылыми – зерттеушілік қабілетінің болуын талап етеді.

*Пәнаралық байланыс* оқушылардың жеке тұлғасын дамытуда, білім мен тәрбие беру міндеттерін шешуде де өте маңызды болып табылады және педагогикалық іс-әрекеттің, еңбектің ғылыми негізде ұйымдастырылуына көмектеседі.

Мектепте пәндер арасындағы өзара байланысты әрдайым ұйымдастырып, жүргізіп отыру – оқушыларға ғылымдар негізін игерудің, сонымен бірге білім беруді дамытудың қажетті шарты.

Пәнаралық байланыстың философиялық негізіне сәйкес дүниеде барлық заттың, құбылыстың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы тұжырымдалған дүние туралы білімдер де тығыз байланыста болады. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Философия адамды биологиялық және әлеуметтік құбылыстардың бірлігі ретінде қарастырады.

Психологтар оқушылардың пәнаралық байланыс арқылы әр түрлі пәндердегі қабылдауды олардың білімдерін бір жүйеге түсіріп, ақыл-ойына серпіліс туғызып, таным қызметіне шығармашылық сипат береді деп тұжырымдайды. Сондықтан, пәнаралық байланыс ақыл-ой әрекетінің психологиялық және физиологиялық негізін, ми қыртысының жүйсілік ұстанымын ескергенде ғана жүзеге асады.

Пәнаралық оқытудың қазіргі оқыту – тәрбиелеу, білім беру жүйесінде оқушылардың дүниетанымын тереңдете отырып, оқытудың тиімділігін арттыруға көмектесетіні ғылыми - педагогикалық тұрғыдан дәлелденген. Оқушылардың әртүрлі пәндер бойынша алынған білім, біліктерді қабылдауы, түсінуі, олардың ақыл – ойына серпін тудырып, танымдық іс-әрекеттеріне шығармашылық сипат беріп, барлық алынған білімдерін жүйелейді. Пәнаралық байланыс арқылы оқытудың дамытушылық, білім және тәрбие берушілік қызметі объективті түрде кеңейіп, дамып отырады.

Классикалық педагогика жүйесінде орын алған пәнаралық байланыс идеясы - тарихи дамуда дәлелденіп, қазіргі педагогиканың, оның ішінде пәннің оқыту әдістемесінің басты мәселесіне айналып отыр. Сонымен қатар пәнаралық байланыс қазіргі заманғы мектептер жүйесінің білім мазмұнын айқындаудың басты шарты болып табылады.

Оқу пәндері мазмұнында пәнаралық байланыстардың алатын өз орны бар. Ойткені олар аралас пәндердің жалпы бөлімі болып табылады және пәндердің өзара сіңісуін көрсетеді. Пәнаралық байланысты мазмұны бойынша төмендегіше төрт түрге бөлуге болады:

а) түсініктердің, заңдылықтардың және теориялардың жалпыға ортақтығы бойынша;

б) бір ғана объектіні оқып үйренуге қатысты жалпы ғылыми фактілер бойынша;

в) жалпы ғылыми әдебиеттерді қолдану бойынша;

г) ойлау іс - әрекеттерінің жалпы тәсілдері бойынша.

Қазіргі педагогика ғылымында дидактикалық ұстанымдар білім мазмұнының негізін құраушы құрылым болып есептеледі. Сол себепті оқыту үдерісіндегі пәнаралық және әр пәннің пәнішілік байланыстылық ұстанымының да өзіндік маңызы бар.

**1.6. Тұтас педагогикалық үдеріс құрылымы.** Тұтас педагогикалық үдерістің негізгі бір бөлігі - *оқыту үдерісі*.

Оқыту құбылысының әртүрлі деңгейде: *жалпы педагогикада, дидактикада, әдістемеді, психологияда* бейкеленуінің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталайық.

**Педагогика деңгейінде оқыту** – қоғамдық тәжірибені өскелең ұрпаққа беру әрекеті - педагогикалық әрекеттің тұтас қыры.

**Дидактика деңгейінде оқыту** – білім беру мазмұнын үйрету мен үйренудің бірлігі.

**Әдістеме деңгейінде оқыту** – оқыту (сабақ беру) әрекеті мен нақты оқу пәнінің материалдарын оқып-үйренудің бірігуін жүзеге асыру формасы.

**Психология деңгейінде оқыту** – мұғалім мен оқушының нәтижесінде оқушының интеллектісін байытып, психикалық дамуы жүзеге асатын өзара іс-әрекетінің жиынтығы.

Педагогикалық әдебиеттердегі анықтамаларда оқыту жеке субъектілер – оқушы мен мұғалімнің әрекеті ретінде көрсетілген: «Оқыту – оқушы мен мұғалім жүзеге асыратын екі жақты үдеріс»; «Оқыту үдерісі мұғалімнің, сол сияқты оқушының да әрекеті»; «Оқытуда барлық уақытта екі жағы: оқыту мен оқу айқын көрінеді. Оқыту – мұғалімнің материалды балаға түсіндірудегі, пәнді оқыту барысындағы оқушының әрекетін бақылаудағы, оқушының материалды оқып-үйренуі мен алған білімдерін қолдана білуіне басшылық жасаудағы, олардың білімдері, біліктері мен дағдыларын тексерудегі іс – әрекеті. Оқу (үйрену) – оқушылардың белгілі бір пәнді және оқытушының түсіндіргендерін қабылдаудағы, өтіліп отырған фактілер мен құбылыстарды, олардың арасындағы байланыстарды ойға тоқудағы, білімді бекіту мен қолданудағы мұғалім басшылығымен жасайтын саналы қызметі». Оқыту өзара байланысты, бірақ *екі дербес субъектінің – мұғалім мен оқушының жеке әрекеттерінің жиынтығы* ретінде көрсетілген.

Тұтас педагогикалық үдерістің келесі бөлігі – *тәрбие үдерісі*. Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жана идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады.

«Мәңгілік Ел» – ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бәр қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарының қоғамдық санада, білім беру және тәрбие жүйесінде бекуін қамтамасыз ету керек

Педагогикалық үдерістің *психологиялық құрылымы*: танымдық үдерістер (қабылдау, ойлау, еске сақтау, ақпарат сіңіру), оқуға қызығушылық (оқуға қызығуды, қабілетті мынаны айқындау), қуат (көтеріңкі не түсіңкі дене мен күш-қуаты, белсенділік, еңбеккорлық не шаршау динамикасы) деп педагогикалық үдерістің құрылымын жан-жақты ашуға тырысқан.

*Педагогикалық үдеріс дамушы жүйе. Қарама-қайшылық – педагогикалық үдерістің қозғаушы күші.* Педагогикалық үдеріс, сонымен қатар, педагогикалық үдерістің тұтастығы, педагогикалық үдерістің заңдылықтары, педагогикалық үдерістің кезеңдері, педагогикалық инновациялар, қазіргі мектеп мұғалімі сияқты жүйе ретінде де қарастырылады .

Педагогикалық үдеріс – «мұғалім - оқушылар» жүйесінің үздіксіз қызметі, ол осы жүйе жағдайының алмасуынан көрінеді. Педагогикалық үдерістің мақсаты әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Педагогикалық үдеріс көп деңгейлі және көп құрылымды

жүйе, онда жеке бір оқушы, жеке дара мұғалім бірінші реттегі дербес жүйе болады.

В.А. Кан-Калик «ұстаздың шығармашылық үдерісі оқушылардың шығармашылық үдерісін тудыратын үдеріс ... сонымен бірге бұл өзара әрекет әрбір нақтылы жағдайда байқалады, өз жағынан ол, бір сыныпта жұмыс істейтін ұстаздар ұжымының және ұжымдағы барлық оқушылардың ұжымшыл шығармашылық іс- әрекеттерінің арасындағы ерекшеліктері» деп пайымдайды.

*Педагогикалық үдерістің қозғаушы тетіктері (құралдар, формалар, әдістер мен тәсілдер немесе технология).* Педагогикалық үдеріс - мақсат пен мүддені анықтаудың жалпы әдіснамасы негізінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың мазмұн, түр, әдіс-тәсілдерінің, дидактикалық талаптарының педагогикалық-психологиялық нұсқауларының жиынтығы.

*Педагогикалық үдерістің тәрбиелік тетіктері – педагогтар мен оқушылар арасындағы ұжым ішіндегі қарым-қатынастар.*

Балалар ұжымын тәрбие құралы ретінде көптеген жылдар бойы зерттеген Л.И. Новикова: «оларды мақсатты басқарудың тиімділігі көбінесе балалар ұжымында болып жатқан әлеуметтік-психикалық үдерістерді білуге және оларды тәрбие субъектісі ретінде сипаттауға байланысты», - дейді.

В.С. Ильин: «толыққанды жеке тұлға тек біртұтас педагогикалық үдерісте ғана қалыптасады, онда педагогикалық ықпалдың үйлесімділігі қамтамасыз етілуі керек», - дейді .

Б.Т. Лихачев педагогикалық үдерістегі ересектің орнын ұымдастырушы ретінде жоғары бағалай отырып, бала ықпал ету объектісі ғана емес, даму үстіндегі белсенді әрекеттенуші, ол арқылы әлеуметтік себепші іс - әрекеттердің нәтижесінде өзгеріп, дамып отыратын және осыған сай өзін - өзі тәрбиелеудің субъектісі бола алатынын көрсетеді. Бұған қоса Б.Т. Лихачев педагогикалық үдерістің тағы басқа бір ерекшелігін – оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің бірлігін көрсетеді.

М.А. Данилов: «үнемі қозғалыс пен даму барысында қарастырылған тәрбие өте күрделі, қозғалыстағы, қарама – қарсылықтағы құбылыс ретіндегі педагогикалық үдеріс болып саналады. Әрқашанда оның өз ішінде көптеген әртүрлі күштер мен ықпалдар өзара әрекеттестікте болады, олардың ішіндегі ең бастысы үдерісті бағыттаушы мұғалім мен тәрбиеленушілер ұжымы болып есептеледі» деп анықтама береді.

Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің негізгі қағидалары бүгінгі күнде тәрбиеленушінің өз күшімен жетістікке жету мүмкіндігіне басшылық жасау тәрбие берудің басымдық рөлін арттыруда. Осыған орай, барлық педагогикалық мақсаттарды шартты түрде өзара байланысты екі топқа бөлуге болады: үлгілі және өзекті, соңғысы тұл-

ғанын дамуы мен даралығын қалыптастыру және тәрбие қоғамдық құрылыс ретінде өте күрделі, әрі қарама-қайшылықты тарихи үдеріс. Ол жас ұрпақтың қоғам өміріне қосылуына, тұрмыс - тіршілікке, қоғамдық өндірісте қызметке араласуына, шығармашылық пен рухани-мәдени игіліктерді игеруіне, қоғамдық болмыстың негізін игеріп, жеке тұлға ретінде дамып, азамат ретінде қалыптасып жетілуіне негіз болады. Тәрбие қоғамдық прогресті дамытып, ұрпақтар жалғастығын қамтамасыз етеді. Ол әрбір жеке тұлғаның, қоғамның маңызды өндіргіш күшінің бөлшегі ретінде өз бақытын өзі құруға көмектеседі.

*1.7. Тұтас педагогикалық үдеріс теориясы туралы білім – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізі.* Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдары пайдаланылып келеді. Біріншісі, С.Ожегов сөздігі бойынша, белгілі бір кәсіби қызметке байланысты, «қандай да болсын мәселенен хабардарлық, беделділік», ал екіншісі, «қандай да бір істі жүргізетін жеке адамның, мекеменің мәселелерді шешуге, іс-әрекет етуге, бір нәрсені істеуге құқықтылық шеңбері». Құзырет – нақты әрекет пен үдерістерге байланысты тиімді, өнімді әрекеттер жасай алатындай дара тұлға сапаларының өзара байланысқан жиынтығы (білім, білік, дағдылармен қызмет түрлері).

Болашақ мұғалімдердің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік», «мұғалім құзыреттілігі» ұғымдарына берілген әртүрлі түсініктемелер бар. Бұдан «құзыреттілік» ұғымы білім беру, маман даярлау саласының қолданыстағы терминіне айналғанын көреміз. «Құзыреттілік» термині әдетте белгілі бір әлеуметтік-кәсіби мәртебе несіне байланысты қолданылады және оның сол істі атқарудағы түсінігі, білімі, білігінің орындалуға тиіс жұмыстың нақты өз деңгейінде шешілуімен сәйкестілігі арқылы сипатталады.

Л.М. Митина мұғалімнің кәсіби дамуының психологиялық факторларын, шарттары мен қозғаушы күштерін зерттей келіп, тұлғаның интегралдық сипаттарының қатарындағы кәсіби даму факторларының бірі ретінде мұғалімнің кәсіби бағыттылығын және педагогтік құзыреттілігін бөліп көрсетеді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің психологиялық тұжырымдамасын жасай отырып, А.К. Маркова оған мынадай анықтама береді: «кәсіби құзыреттілік - бұл мұғалімнің білім, білік және осы еңбекті жүзеге асыруға қажетті олардың нормативтік белгілерінен хабардарлығы; психологиялық сапаларды меңгеруі, нормаға және үлгіге сай нақты кәсіби әрекет» және оның мазмұнын екі көрсеткішке – үдерістік және нәтижелілікке бөледі. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «*базалық құзырет*» ұғымы қолданылып келеді. Бұл құзыреттіліктер - өмірдегі мәселелер мен жағдаяттарды шешуде іс-әрекеттің сапалы, табысты өтуін қамтамасыз ететін



жеке тәжірибеге енген білім, білік, дағды, қабілеттің жинағы немесе әмбебап жүйесі. Сондықтан, осы тұрғыда жоғары кәсіби білім беру базалық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Құзырет білім, білік, шығармашылық әрекеттің қорытындысына сүйеніп, төмендегідей негізгі белгілерімен ерекшеленеді:

1) Көпқызметті күнделікті, кәсіби және әлеуметтік өмірде кездескен кез келген жағдайдан шыға алады және кез келген мақсатты және міндетті шеше алады;

2) метапәнділік және пәнаралық – бұл түрлі жағдайда қолданылады;

3) зияттық дамуды, яғни дерексіз ойлауды, рефлексия, өзінің жеке ұстанымын анықтай алуды, өзін-өзі бағалауды, сын тұрғысынан ойлауды талап етеді;

4) көпқырлылығы – түрлі ақыл-ой үдерісін, зиятты біліктілікті, ақыл-ойды қажет етеді.

Отандық педагогикада «құзыреттілік» ұғымы көбіне кәсіби дайындық, кәсіби шеберлік пен мамандықты меңгеру деңгейі ретінде қарастырылып келеді.

Негізгі құзыреттіліктер жалпы орта білім беру саласында қалыптасып, қандай да бір мамандықтың іргетасын құрайтын құрауыштардан тұратын базалық құзыреттіліктердің негізіне дайындайды. Э.Ф. Зеердің пайымдауынша, базалық құзыреттіліктерге жататындар:

- жалпығылыми ұғымдар – табиғат, қоғам және адамның іс-әрекетінің негізгі заңдары;

- экономика мен мінез-құлықты ұйымдастырудың негізін құрайтын әлеуметтік-экономикалық;

- азаматтық-құқықтық;

- ақпараттық-коммуникациялық;

- политехникалық – техника мен технологияның, жаратылыс-ғылыми, автоматтандырылған өндірістік қызмет ету ұстанымы, бақылау және басқару жүйелері;

- жалпы кәсіби мамандықтар тобына қатысты.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды, білім мазмұнын дамытудың бүгінгі жағдайын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық орта білім беру стандартында қабылданып отырған негізгі құзыреттіліктерді мәселенің шешімін табу (өзіңдік менеджмент), ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастырып дамыту көзделіп отыр. Олай болса, аталған құзыреттіліктерді оқушылар бойында қалыптастыруды болашақ маман жоғары оқу орны қабырғасында меңгеріп шығады.

**Сурақтар мен тапсырмалар:**

1. Педагогикалық үдеріс ұғымының мәнін ашыңыз.
2. Мұғалімнің іс-әрекет объектісі дегеніміз не?
3. Педагогикалық үдерістің белгілері мен сапа-қасиеттеріне тоқталыңыз.

4. Білім беру парадигмасы дегеніміз не?
5. Педагогикалық үдерістің субъект-субъектілі қатынас ұғымының мәнін ашыңыз.

## 2 тақырып. ТӘРБИЕНІҢ МАҚСАТЫ, ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТҮРҒЫДАН НЕГІЗДЕЛУІ

**2.1. Тәрбиенің мақсаты.** *Мақсат* дегеніміз алға қойылған биік мұратқа ұмтылу, оны іске асыруға әрекет ету. Мақсат жас ұрпақтың болашағын алдын - ала ойластырып, оларды өмірге әзірлеу барысында жүргізілетін тәрбие жұмысының нәтижесінде, жеке басына тән сапалық қасиеттерінің дамуын қамтамасыз ету. Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі қоғамның дамуына тәуелді.

Тәрбие мақсаты жалпы және жеке болып келеді. Тәрбиенің жалпы мақсаты барлық азаматтардың бойында сапалық құндылықтардың, ал жеке мақсаты - жеке тұлғаның қалыптасуын көздейді. Тәрбиенің мақсатына объективті себептер ықпал етеді, олар: адамның физиологиялық жетілуі мен психикалық дамуы, философия мен педагогика ғылымының жетістіктері, әлеуметтік ортаның қоғам мүддесіне қарай, үнемі өзгеріп отыруы. Қоғамның мәдени деңгейі тәрбие мақсатының жалпы бағытын анықтап, қоғамның нақты тарихи сипатына қарай өзгеріп отырады.

«Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» *тәрбиенің мақсаты*: ата-анасын қадірлеп, қастерлейтін, туған жерін, Отаны Қазақстанды сүйетін, қазақ тілін, мәдениетін, тарихын меңгерген және ардақтайтын, толерантты, халықтар достығын, ел бірлігін сақтайтын, дені сау, жан дүниесі бай, еңбекке бейім, ана тілін және шетел тілдерін еркін меңгерген, сапалы білім алған, құзыретті, дарынды, өзінің болашақ кәсібін таңдай алатын азамат тәрбиелеу.

Тәрбие мақсатын тұжырымдауда, міндетті түрде табиғат, қоғам, адамның объективті даму заңдылықтарына сүйену керек.

*Тәрбиенің объектісі* - тұлға болса, ұстаз оларды дамыту үшін оларға тәрбие субъектісі ретінде қарап, олардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастырып, басшылық жасауы қажет. Тәрбиенің барлық түрі біртұтас педагогикалық үдеріс шеңберінде қарастырылады.

*Тәрбиенің мақсаты* - жастардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, олардың жоғары адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыру, өмірге, еңбекке әзірлеу.

Осыған байланысты тәрбиеге қойылатын негізгі мақсаттар мынадай:

- жеке тұлғаның дүниеге ғылыми көзқарасын дұрыс қалыптастыру;

- жеке тұлғаның даралық және дене қабілеттерін жан-жақты дамытып, талғамдары мен сезімдерін қоғамның талаптарына сай тәрбиелеу.

Тәрбиелік мақсатқа сәйкес, тәрбие мынадай *кешенді міндеттерді* шешуді алға қояды: дүниетанымы кең, ой-өрісі жоғары, жеке тұлғалық қасиеттері дамыған адамның негізін қалыптастыру; еңбек, таным, қоғам, отбасы, уақытты тиімді пайдалана білу тәрізді әлеуметтік қызметтерді өз мәнінде қабылдап, оларды пайдалана білуге даярлау, кәсіп таңдау; өз тағдырын өзі шешуге мүмкіншілік жасау, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өз бетімен білім алуына мүмкіндіктер туғызу.

Тәрбие - педагогикалық үдерістің жетекші компоненті ретінде тәрбие мақсатын жүзеге асыру, оның құрамды бөліктерінің байланыстарын шешуді талап етеді. Тәрбие мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін оның мазмұны, тәрбие әдістері мен құралдары, формалары бірімен-бірі тығыз байланыста қарастырылуы тиіс.

Тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың өзара байланысы тәрбие үдерісінің мақсаттылығы нақты өмір талабына сай белгіленсе ғана өз нәтижесін береді. Оны тәрбиешілер өз қалауымен анықтай алмайды. Себебі тәрбие мақсаты қоғамның саяси-экономикалық, мәдени даму деңгейімен тығыз байланысты.

Тәрбие адамдарға төн әлеуметтік категорияға жатады және тұлғаны дамытуда шешуші рөл атқарады. Тәрбие дегеніміз тұлғаның алдына мақсат қою арқылы іске асатын іс-әрекеті. Тұлғаның тәрбиелігінің іс-әрекет, қарым қатынасы, мінез-құлқы және тұлғаның өзіне деген қатынасы, яғни өзін-өзі бағалауы арқылы айқындалуға болады. Іс-әрекет – тұлғаның қызығушылығы, сезім-санасына, жауапкершілігі негізінде сыртқы ортамен әсерлесу арқылы даму үдерісі.

Қазіргі таңда тәрбиені мәдениет, қарым-қатынас, құндылық тұрғысынан қарастырады. Қазақ педагогикасының негізін қалаушы М. Жұмабаев тәрбиені екі тұрғыдан қарастырады – дене тәрбиесі және жан тәрбиесі.

В.С.Безрукова “Тәрбие дегеніміз - адамзат қоғамының өмір сүруіне сай ұрпақтан - ұрпаққа жалғасқан, дәйекті түрде үздіксіз берілетін мәдениет», - деп тұжырым жасайды.

И.П.Подласый тәрбиені мәдениет тұрғысынан қарастыра келе, адамгершілік мәдениет, ақыл-ой мәдениеті, эстетикалық мәдениет, дене мәдениеті тұрғысынан жіктейді.

С.Әбенбаев “Тәрбие - халықтық ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым - қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез - құлқын қалыптастыру құралы”, - деп түсіндіреді.

Қазақстан Республикасы бүкіләлемдік білім кеңістігіне енуді мақсат етуіне орай, қазіргі заман оқушыларын тәрбиелеу мақсаты із-

гілікті, білікті, мәдениетті, өзіндік өмірлік ұстанымы бар, қарым-қатынас мәдениеті жетілген, өз өмірін құруға, кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға бейім жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Тәрбиенің мәдени құбылыс ретіндегі міндеттеріне мәдениетті кешенді түрде қалыптастыруды жүзеге асыру, жеке тұлғаның сапалық қасиетін арттыру болып табылады. Тәрбиенің мазмұнына бүкіл мәдениет жетістіктері қамтылады. Тәрбие мазмұны тәрбие міндеттерін толықтай жүзеге асыруды қарастырады.

Тәрбиенің қоғамда атқаратын қызметіне қарай, өзіндік ерекшеліктері болады. Тәрбие - қоғамдық құбылыс. Адам қоғамнан тысқары өмір сүре алмайды. Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты, тәрбиенің мақсаты жана жағдайға байланысты толығып отырады. Тәрбиенің қоғамдық мәні жеке тұлғаның санасына, мінез - құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ете отырып, рухани жағынан үнемі жетілу және баяуода көпсалалы үдеріс тұрғысынан қамтылады. Халықтар бойына білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дамытуды т.б. қамтиды. Тәрбиенің қоғамдағы жалпы қызметі ұрпақтан - ұрпаққа әлеуметтік тәжірибе мен мінез - құлық нормаларына қатысты білім, білік, дағдыларды беру, адам баласында адамгершілік сапа жүйесін қалыптастыру, баланы әр түрлі әлеуметтік қатынастарға қатыстыру болып табылады.

Тәрбие - біртұтас үдеріс. Тұлғаның кісілік қасиеттерін қалыптастыру бірыңғай жағдайда, бір уақытта іске асырылады. Тұлға жеке адам ретінде тәрбиеленеді.

Тәрбие - ұзақ, әрі күрделі үдеріс. Адам туып, есею барысында тәрбиенің ықпалында болады. Онан кейінгі уақытта өзін-өзі тәрбиелеу үдерісімен жетіледі. Тәрбие мақсатының нәтижесіне дереу қол жеткізуге болмайды. Мектепте әр оқу сатысындағы оқушылардың тәрбиелік деңгейіне талаптар қойылып, соған қол жеткізу көзделеді. Тәрбиеге іштей және сырттай ықпал жасалады.

Тәрбие - көпжақты үдеріс. Мектеп оқушыларын тұлға етіп тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру, оларды қоғамдық өмірге даярлау барлық қоғам азаматтарының міндеті. Қоғамның тәрбиелік әрекетін бірыңғай бағытта ұйымдастырып, оқушының тұлғалық қасиетін қалыптастыруды жүзеге асыратын мектептегі ұстаздар ұжымы мен отбасы.

Тәрбие көп факторлы, екі жақты және белсенді үдеріс. Тәрбие жеке тұлғаның қалыптасуының ең басты факторы. Тұқым қуалаушылық, орта және тәрбие жеке тұлғаның дамуымен қалыптасуының негізгі объективті факторлары болып табылады. Биологиялық фактор, тұқым қуалаушылық пен адамға тән қасиеттер: іс-әрекеттің кезкелген түріне бейімділігі жатады. Адамның биологиялық жетілуімен өзгеру үдерісі оның мінез-құлқына әсер етеді.

Адамның жеке тұлға болып қалыптасуына сөйлеу, ойлау сәкілді адамға тән бейімділіктердің дамуы үшін қоғам мен орта қажет.

Адамның мейлінше дамуына әсер ететін әлеуметтік орта, әсіресе, қазіргі уақыттағы экономиканың өзгеруі, қала мен ауылдағы өмір жағдайлары, миграциялық және демографиялық үдерістер, сәбилердің дүниеге келуіндегі, өмірінің ұзақтығындағы өзгерістер т.с.с. жатады.

Тәрбие - жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісі. Ол білім беру орындарында жүргізіледі. Мектепте педагогикалық үдерісті сауатты ұйымдастырумен бірге, оқушылардың жан-жақты қызмет әрекетін тиімді ұйымдастыру, жеке тұлға дамуының шарты болып табылады.

**2.2. Жалпы адамзаттық құндылықтар - тәрбие мақсатының негізі.** Қазақстан Республикасы бүкіләлемдік білім кеңістігіне енді мақсат етуіне орай, үздіксіз білім беру жүйесінде түбегейлі өзгеріске түсуі тұлғаның тәрбиелік, мәдени деңгейін әлемдік жетістіктер деңгейіне көтеруді, жаңаша парадигманы қажет етеді. Тәрбие парадигмасы қоғамның дамуына байланысты, мақсат, міндеттеріне сәйкес өзгеріп отыратын жаңашыл әдіс - тәсілдерді, ұстанымдарды, тұғырларды қажет ететін зерттеу әрекеттерін қалыптастырады. Білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілуі де тәрбиеге жаңаша көзқарасты - жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан қарастыруды көздеп отыр.

Тәрбиенің негізі болып саналатын жалпы әлемдік құндылықтардың бірі - тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Әр адамның тағдыры әрқашан әлемдік дүниемен, адамдармен, ұжыммен байланысты. Сондықтан демократияландыру, адамның құқығы мен бостандығын сақтау жағдайларында ұжымдағы қарым-қатынас мәселелері бұл күнде ерекше маңызға ие болуда.

Құндылықты құбылысты қоғамдық сана түрінде (әділеттілік немесе әділетсіздік) сипаттап қана қоймайды, сонымен бірге оларға баға берсін, оларды мақұлдайды немесе айыптайды және олардың жүзеге асуын талап етеді немесе кемшілікті жоюдың өлшемі болып табылады. Жалпыадамзаттық құндылықтардың арасында философтар мен прогресшіл ойшылдар мен педагогтар әрқашан бірінші *орынға адамның құқығын, оның бостандығын және соған сәйкес келетін тәрбие мен білімді бөліп қарастыраған.*

Жалпыадамзаттық құндылықтар халықтық дәстүрлерде, адамгершілік принциптерде, діни мәдениетте нақты жазылып қойылған және әлеуметтік ойдың озық белгілері, жеке тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері жинақталған күйде, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді.

Ғалым-педагогтар осы заманғы педагогиканың алдында басты екі міндет тұр деп көрсетеді. Біріншіден, педагогиканы жалпыәлемдік құндылық (педагогикада адамды жақсы көру және адам бостандығын қамтамасыз ету) деңгейіне көтеруге әрекет жасаған жөн. Екіншіден, барынша жетілген адамзаттық идеалды құру. Осы екі міндетті кірік-

тіріл адами мұрат жасауда бостандық пен сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды да ескеру қажет.

*Жалпы әлемдік құндылықтар* – түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс. Сол себепті де ол жалпыадамзаттық деп аталады. XX ғасырдың соңында Халықаралық топ алғаш рет дүниежүзілік тарихта адамның құқықтары туралы халықаралық негізге алынатын құжаттар жасады. “Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы”, “Баланың құқықтары туралы конвенция” және т.б., оларда тәрбиенің әдіснамасы мен теориясы, жаңартылған мақсат пен мүдделер қарастырылған. Онда халықтардың рухани құндылықтарын дамытуда жаңа көзқарастарға негізделген халықаралық стандарт болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтар - адамның құқықтары мен бостандығы көрсетілген.

Қазақстан Республикасы аталған құжаттардың басты идеяларын білім саласында негізге алды. Мектептегі тәрбие жұмысын жалпы әлемдік құндылықтарға негіздей отырып, жаңа құндылықтар жасауға талпыныс жасау көзделуде. Оның мәні жас ұрпақты басқаларда бар нәрсені бағалай білуге үйрету, жалпыадамзаттық дамуға үлес қосуға, халықтардың күш-жігерімен жасалған құндылықтарды құрметтеуге және қорғай білуге тәрбиелеу.

Педагогикалық үдерісте оқушылардың рухани байлығын арттыру үшін әр халықтың жетістігімен бірге атуан түрлі мәдениетін пайдалану да қарастырылады.

**2.3. Тәрбиенің қағидалары.** Тәрбиелік мақсатқа сәйкес, тәрбие кешенді міндеттерді шешуді дүниетанымы кең, ой-өрісі жоғары, жеке тұлғалық қасиеттері дамыған адамның негізін қалыптастыру, еңбек, таным, қоғам, отбасы, уақытты тиімді пайдалана білу тәрізді әлеуметтік қызметтерді өз мәнінде қабылдап, оларды пайдалана білуге даярлау, кәсіп таңдау; өз тағдырын өзі шешуге мүмкіншілік жасау, оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, өз бетімен білім алуына мүмкіндіктер тудыруды алға қояды.

2015 жылы ұсынылған «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» тәрбие қағидасына жан - жақты тоқталады. «Тәрбие қағидасы – тәрбиешілер міндетті түрде сақтайтын, тәрбиені ұйымдасытрудың аса маңызды ережелері, бастапқы ережесі дей келе, қағиданың бірлық бағыттарына тоқталады: табиғиылық қағидасы, мәдени сәйкестілік қағидасы, гуманистік бағыт қағидасы, этникалық қағида, бірлік талабы мен сабақтастықты қамтамасыз ету қағидасы, тәрбиенің үздіксіздік қағидасы, әлеуметтік өзара іс-әрекеттер тиімділігі қағидасы, әлеуметтік барабар қағидасы, демократияландыру қағидасы, вариативтілік қағидасы. Ал, *мақсаттылық қағидасына* мақсатты талаптық айқындығын, ұжымдық сұранысқа нақты есеп жасауды, тәрбие қызметінің басты түрлерін дұрыс таңдауды қарастырады», - деп анықтама берілген. Тәрбие табиғи және әлеуметтік-мәдени үдерістердің өзара байланысының

ғылыми түсінігіне және балаларды тәрбиелеуде олардың жеке тұлғалық және жас ерекшеліктерін ескерудің қажеттігіне, жалпы адамзаттық құндылықтарға, құндылықтарға сай дәстүрлер мен ұлттық мәдени нормаларға және аймақтық ерекшеліктерге сәйкес құрылады, әрбір жеке тұлғаға құрметпен қарайтын, оның бостандығын және әлеуметтік құқық мойындайтын гуманистік идеяны және бағытты бірінші орынға қояды; педагогтың білім алушыларға және тәрбиешілерге өздерін-өздері дамытуға жауапкершілікті субъекті ретінде қарауын, сондай-ақ, субъектінің-субъектіге көңіл бөледі.

*Тәрбие үдерісінің қағидалары:* игілік бағыттылығы, жалпыадамзаттық құндылықтар, мәдениеттілік, үздіксіздік, табиғилық, тұтастық, ұлттық т.б. бірі - бірімен сабақтастықта кешенді түрде үйлескенде тәрбиенің жетістікке жетеді.

*Тәрбиенің ізгілік бағыттылығы* - тәрбие мазмұнының құндылық, дүниетанымдық бағытын немесе құндылықтар жүйелерін және өмірдің мәнін, рухани байлықты түсіну, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу; жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениетті игеру; әлеуметтендіру, қоғамдық тәжірибені жинақтап, тұлғаның азаматтық іс-әрекет тәжірибесін дамыту; тұлғалық бағдарын дамыту (өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау, өз өмірін ұйымдастыру қабілетін жетілдіру); тұлғаның денсаулығы мен тән түзілісіне байланысты табиғи бағдарын ескеру.

*Жалпыадамзаттық құндылықтар* - халықтық дәстүрлерде, адамгершілік үдерістерде, жеке тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері жинақталған күйде, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде, түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс.

*Мәдениеттілік* - адамзат игілігі ретінде ұрпақтан – ұрпаққа, материалдық және рухани байлық жасауынан көрінетін, қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі, қазақ халқының мәдени мұраларында мемлекет құраушы ұлттың дүниетанымы, тілі мен ділі, болмыс-бітімі көрініс тауып, олар ұлттық мәдениетті адамды қоғамға лайық тәрбиелеу, жетілдіру, қызмет істету Отан, адам, тұлға, өмір, адамдардың бір-біріне мейрімділік қарым-қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, өнер адамның өмір сүруіне деген материалдық жағдайдың болуы.

*Ұлттық тәрбие беру* - әр адамзаттың өз Отанына деген саналы қатынасын, мемлекеттік тілді, мемлекет құрушы ұлттың мәдениетін меңгеруді, мемлекеттің ұлттық бірлігін нығайту қажеттілігін түсінуді қалыптастыру. Сонымен бірге тәуелсіз Қазақстанның жетістіктеріне мақтанып, ұлттық рухты күшейтуге, азаматтық борыш, перзенттік парыз ұғымдарын дұрыс қалыптастырып бағыттауға, болашақ мамандардың кәсіби жауапкершілігін дамытуға ықпал ету.

**2.4. Тәрбиенің негізгі тұғырлары.** Тәрбие көп факторлы, күрделілігі оның сан-алуан болуымен қарастырылады. Мектепте тәрбие тұлғаның іс - әрекет, қарым - қатынасы арқылы, барлығы интеграциялы түрде іске асады. Тұлғаның біртұтастығын қамтамасыз ету тәрбие жүйесінің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, әдістері мен формаларын, ұстанымдарын, пайдаланатын құралдарын тығыз байланыста жүргізуді қажет етеді.

А.Маслоудың тұжырымдауын негізге алатын болсақ тұлғаның өзін негізгі құндылық тұрғысынан қарастырыла отырып, тұлға бойындағы құндылықтарды қоғам және әлеуметтік орта арқылы қатынастарда қалыптастыру болып табылады. Расында да, өмірдің құндылық қоғам мен әлеуметтік ортаның мақсаты мен міндеттері, мемлекеттік экономикалық даму үдерісі арқылы іске асады. Тұлғаның құндылықтары атадан берілген тек арқылы дамиды, қоғам мен әлеуметтік ортаның даму мен сұранысынан туындайтыны белгілі. Қоғам өркениеттік деңгейде дамыған сайын тәрбие үдерісіне қойылар талап та өзіндік ерекшелігімен өрнектеледі.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде тәрбие үдерісін ұйымдастырудың келесі *әдіснамалық тұғырларын* ұсынады:

*Өркениеттілік тұрғысынан* алатын болсақ еліміз әлемдік деңгейде білім кеңістігіне кіріктірілуі тәрбие үдерісіне де жанашыл көзқарастармен қарауды талап етіп отыр. Ұлттық және әлемдік құндылықтарды кіріктіре отырып, әлемдік деңгейде талап етілетін құндылықтарды тұлғаның бойына сіңіруімізбен қатар, қоғамда әлемдік деңгейде көзқарастарды қалыптастыру. Қазақ елі көп ұлттың басын біріктіріп отырған демократияшыл және өркениетті елдер тұрғысынан мәдениеті, рухани - адамгершілік құндылықтар жағынан әлемдік өркениет көшіне ілесе алатын елдер қатарынан табылуы өркениеттіліктің басты шарты де бағаланады.

*Тұлғалық-бағдарлы тұғыр* – өзара байланысты түсініктер, идеялар және іс-әрекет тәсілдері жүйесіне сүйену, тұлғаның өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру процесіне қолдау көрсету, оның дербестігін дамыту. Тұлғалық ықпал тұрғысынан - әр тұлғаға оның жас ерекшелігімен қоса мінез-құлқы, өзінің туа біткен темпераментіне, психологиялық жаратылысына байланысты әрекет ете отырып, оның бойындағы рухани адамгершілік құндылық қасиеттерін дамытуға ықпал ету.

*Аксиологиялық тұғыр* – адамның әлемге, өзге адамдарға, өз-өзіне және т.б. қарым-қатынасын ұғынуымен және тұлғалық мағынасымен анықталатын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар. Құндылықтар жүйесі негізінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлы дала елінің мәңгілік ел идеясы негізінде тұлғаның бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады.

Ата - баба дәстүрінен бастау алатын ұлттық мәдениет, руханилық адам бойындағы негізгі құндылықтардың бірі болып табылады.



Рухани - адамгершілік құндылықтар халқымыздың бойындағы құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған заңдылық тұрғысынан да қарастыруға болады. Көне түркі заманнан бастау алған рухани - адамгершілік құндылықтар тұлға бойындағы ізгілік қасиеттерді қалыптастырады.

*Қызметтік тұғыр* – тұлғаның оның қызметімен бірлігі, ол тұлғаның құрылымдарына тікелей және жанама түрде өзгеріс жасауды жүзеге асырады.

*Құзыреттілік тұғыр* – тәрбие мақсаттарын анықтаудың, тәрбие процесін ұйымдастыру мен оның нәтижелерін бағалаудың, оқушыларда құзыреттіліктерді қалыптастыруда және олардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдар жиынтығы.

*Әлеуметтік тұғыр* – тұлға мақсаты мен міндеттеріне әлеуметтік ақиқаттың өмір бойы ықпал етуі, осы ықпалдың адам және қоғам үшін педагогикалық салдарлары. Әлеуметтік тұрғыда ықпал ету тұғыры - әлеуметтік орта мен тәрбиелік кеңістікті орнықтыру, тұлғаны әлеуметтендіру үрдісі, әлеуметтік қарым-қатынас негізінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылығын қалыптастыруға бағытталады. Қоғам мен әлеуметтік ортаның дамуы мен сұранысынан тәрбие жүйесінде тұлғаның қоғамға бейімделуі, әлеуметтенуі т.б. мүмкіндік жасалады.

*Іс - әрекеттік тұғыр негізінен* қарастыратын болсақ тұлғаның тәрбиелік қасиеті оның іс – әрекеті, қарым - қатынас, мінез - құлқы негізінде іске асатынын негізге ала отырып, тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталады.

*Жүйелілік тұғыры* – нысанды оны құрайтын бөліктердің жиынтығына жатпайтын және иерархиялық құрылымы бар күрделі құрылым ретінде қарастыруды көздейді. Жүйелі түрде қарастыру құрылымдық компоненттерді, олардың қызметін бөліп көрсетуді, қызметтік-иерархиялық байланыстар орнатуды, жүйекұраушы факторларды анықтауды, сыртқы байланыстарды талдау қажет. *Жүйелілік тұғыр* тәрбиенің мақсаты, міндетіне сәйкес, мазмұнын жүйелі құра білу, жүйелі, бірізді, сабақтастықта берілуі оқушының санасы мен танымына ықпал етеді.

*Антропологиялық тұғыр* – адамды оның әлеммен жан-жақты байланыстарында және тіршілік әрекеті көріністерінің алуан түрлілігінде қарастыруға мүмкіндік беретін бірін-бірі өзара толықтыратын компоненттер жиынтығы, ол өмір сүрудің күнделікті формасында, оның ішінде білім беруде нақты адамзат қоғамында педагог-оқытушы-тәрбиешіні абстрактілі емес, деректі оқушыны, студентті тәрбиелеуге бағдарлайды.

*Гуманистік бағыт тұғыры* – педагогтың тәрбиеленушіге өз дамуына жауапты және дербес субъект ретінде қараудағы жүйелі қарым-қатынасы, оның тәрбие процесінде адамгершілік қарым-қатынас негізінде тұлғамен және ұжыммен өзара әрекеттесу стратегиясы.

*Диалогтылық тұғыр* – бір мезгілде қоғамдық мүдделер мен тұлғалық-құндылықты мақсаттарды іске асыруын сақтай отырып, басқару тәжірибесін қалыптастыру, міндеттемелер мен ынтымақтастықтарды орындау, өзіндік менеджментке қабілеттерін дамытуды қалыптастыру үшін балалардың түрлі, оның ішінде педагогтер ұйымдастырған бірлестіктерінің мүмкіншіліктерін қолдануды көздейді.

*Мәдени сәйкестілік тұғыр* – тәрбие мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделініп, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениет нормаларына сәйкес құрылуы тиіс. Мәдениеттану тұрғысынан – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани мәдени дәстүрлер ұлттық сананың, танымының негізі болып табылады.

*Үздіксіздік тұғыр* – тұлғаны тіршілік әрекетінің барлық кезеңінде жан-жақты дамыту, оның кәсіби және жалпымәдени өсуін, шығармашылық әлеуетін байыту, күші мен қабілеттерін толық іске асыру мүмкіндіктерін арттыру.

*Табиғи сәйкестілік тұғыр* – табиғат дамуының ортақ заңдарының басымдығы; табиғи және әлеуметтік процестердің өзара байланысы; тәрбие жұмысында білім алушылардың жынысы мен жас ерекшеліктерін ескеру.

*Тұтастық тұғыр* – оқу және оқудан тыс қызметтердің кіріктірілуімен қамтамасыз етіледі: оқу қызметі қазақстандық сәйкестіліктің когнитивті құрамдасын қалыптастырады; сабақтан тыс қызметте эмоционалды-құндылықты мінез-құлық компоненті дамиды.

*Этнопедагогикалық тұғыр* – азаматтық келісім мен үйлесімге, қоғамдық қатынастарға қол жеткізу, этникалық мәдениеттердің бірігу негізінде жалпыұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал ететін мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыру.

Тәрбиенің *әдіснамалық негізі* мәдениеттану, аксиологиялық, өркеніеттік, жүйелілік, тұлғалық, тұлғаға ықпал ету, тұтастық, әлеуметтік, іс – әрекеттік, этнопедагогикалық т.б. тұғырлары тұрғысынан қарастырылып, тұлғаның танымын, санасын, шығармашылық дамуын қалыптастыруға үлкен әсер етеді.

*Тәрбиенің әдіснамасы дегеніміз* – тәрбиенің тарихилығының айқындалуы, мақсаты, міндетіне, әдіс – тәсілдеріне сәйкес мазмұнын жүйелі құра білу, бірізді, сабақтастықта ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани мәдени дәстүрлер тәрбие үдерісіне жанашыл көзқарастармен теориялық тұрғыда енгізе отырып, тұлға бойындағы ізгілік қасиеттерді оның іс – әрекеті, қарым - қатынас, мінез – құлқында көрініс табуы. Тұлғаның қоғамға бейімделуі, әлеуметтенуі, ұлы дала елінің мәңгілік ел идеясы негізінде еліміз әлемдік деңгейде білім кеңістігіне кіріктірілуі, тұлғаның бойындағы ұлттық құндылықтарды, ұлттық сананы, танымын қалыптастыру болып табылады.

**2.5. Педагогикалық тарихындағы тәрбие мақсаты туралы ойлар.** Қазақстан Тәуелсіздікке қол жеткізген аз уақыт ішінде әлемдік

қоғамдастыққа толық құқылы және беделді мүше болды, әлемдік экономикалық және мәдени келістікке белсенді түрде кіріге бастады, жастардың жаһандану процесіне кірігуі аясында қарқынды білім беру, ақпараттық және мәдени өзара алмасуға белсенді қатыса алатынын көрсетуі де ХХІ ғасыр жастарының табыстылығы мен құзыреттілігінің нәтижесі деп бағалауға болады.

Тәрбие үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздерін айқындауға қай ғасыр, қай дәуір болсын тұжырымдамада қамтылған ұстанымдарды басшылыққа алғанын байқаймыз: тұлғалық-бағдарлы көзқарас, құндылықты (аксиологиялық) көзқарас, құзыреттілік көзқарас, әлеуметтік көзқарас, антропологиялық көзқарас, гуманистік бағыт мәдени сәйкестілік, табиғи сәйкестілік, этникалық т.б..

Тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудың тарихи алғы шарттарын айқындағанда қазақ елі тәрбие мәселесіне аса мән бергенін көреміз. Сақ, ғұн дәуірінен, Түркі қағанаты, Алтын орда тұсынан бастау алған тәрбие өз өзектілігін жойған жоқ.

ҮІІІ-ІХ ғ.ғ. Орта Азия, Қазақстан елдерінде ұлттық мәдениет, тәрбиенің бастаулары Әбу Насыр әл-Фараби “Бақытқа жетудің жолы”, “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы”, “Азаматтық саясат” т.б., Жүсіп Баласағұнның “Құдатту білік” (“Құтты білік”), Махмұт Қашқари (ХІ ғ.) “Диуани лұғат ат-түрк” (“Түркі сөздерінің жинағы”), Ахмет Йүгінеки (ХІІ ғ.) “Ақиқат сыйы” атты дастаны, Ибн Синаның “Медицина ғылымының заңдары” (“Каноны”), “Саулық сақтау кітабы”, Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди”, Қадырғали Жалаиридін “Жаримат-ат тауарығы” т.б. ғұлмалардың еңбектерінде негізгі орын алады.

Ойшыл-философ, социолог, математик, физик, астроном, лингвист, психолог, педагог, музыка зерттеушісі Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) Отырарда туып, білім алып, кейін Бұхара, Мерве, Хоране, Александрия, Бағдат, Каир, Дамаск, Шам, Халеб сияқты мұсылмандық шығыстың көптеген қалаларында өмір сүріп, түркі, араб, парсы, грек, латын, санскрит және т.б. тілдерін жетік меңгереді. әл-Фараби “Бақытқа жетудің жолы”, “Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы”, “Азаматтық саясат” трактаттарында “Жан қуаты” “бақыт” дегеннің не екендігін, оған жетудің жолдарын, өмірде ізгілік пен зұлымдықты ажырата білу, игілікті орнықтыру, зұлымдықтан арылу қарастырады. Бақыт – қайырымды адамдардың мәртебесі, кемелденушінің жаны мен тән қуатының жетістігі, тұтас дүниемен үйлесімділікте өмір сүру қабілеті», - дегенді айтады.

Түркістан өлкесінде дүниеге келген түрік әлемінің ойшылы Қожа Ахмет Насауи (1094–1167) болды. Оның “Дүнияуи Хикмет” атты дастанында дүниені танып білу – өзіңді-өзіңнің таны, бағалау, жетілдіру дегенді білдіреді. Ақиқатқа жету, шынайы өмір. Адам өзін-өзі таны бұл өзіндік жетілу. Осы тарихат жолында адам өзін ұстамдылыққа,

жетілдіруге шақырады. Сол шынайы қасиеттері арқылы сүйіспеншілік пен махаббат идеясын ұсынады. “Өзін білгені – хақты (жаратушыны) білгені, құдайдан қорқып ынсапқа келгені”.

Қазақ хандығы жаңа мемлекет болып қалыптасу барысында (1470–1731 жж.) тәуелсіз ел болып, дербес өмір сүрді. Бірнеше ауыр қасіреттерді, жойқын соғыстарды бастан кешіріп, тіпті жер бетінен жойылып кетсе де жаздады. Жәнібек, Керей, Қасым, Есім, Хакназар, Тәуке. Абылай хандардың дипломатиялық ел билеу саясаттары мен жарғылары ерекшеленіп көзге түсті. Хандар халықтың бірлігі үшін ел ішіндегі сөзі куәлі, аузы дуалы билер мен ақын-жырауларды хан сарайы маңына топтастырды. Олар хандардың ел билеу саясатын қара халыққа түсіндіріп бақты.

Ақын-жыраулар мен билер хан қасында отырып, оларға ақылшы бола білді. Өздерінің өлең-жыр, толғауларымен халықты хан айналасына топтастырып, ел мүддесін қорғауға, береке-бірлікке ұйытқы болды. Яғни олар ханға да, қара халыққа да тәлімгер тәрбиеші, ақылғой ұстаздық рөлді атқарып келді. Солардың ішінде әр ғасырдың көрнекті өкілдері: Майқы, Асан қайғы, Қазтуған, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, Өтейбойдақ Тілеуқабытұлы, Әнет баба, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Жиенбет, Ақтамберді, Доспамбет, Үмбетей, Бұқар т.б. жыраулар мұралары негізгі орын алады. Хандық дәуірдегі мәдени мұраның аса мол және бай түрі билердің шешендік сөздері мен ақын-жыраулардың терме, толғаулары өзі сүрген ғасырда да, қазіргі таңда да тәріслік маңызы өте жоғары.

XVII ғасырдағы тәлімдік мәні зор жазба мәдени мұраның бірі – “Жеті жарғы” атты заңдар жинағы. “Жеті жарғы” – Тәуке ханның (1678–1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды. “Қасым ханның қасқа жолы” мен “Есім ханның ескі жолымен” байланысты туындаған билік заңдарын түздіріп, оларды одан әрі жетілдіруге арналған жаңа заңдар жүйесін болып табылады.

Ал қазақ халқының тарихы, рухани – мәдени құндылықтарының даму тарихы В.В Бартольд, Г.Н Потанин, В.В Радлов, Ә. Диваев, Абай, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Н.Құлжанова, Ш.Алжанов, С.Қожахметов, Х.Досмухамедов, С.Торайғыров, Н.Төрешұлов т.б. еңбектерінде ақиқат тұрғысынан ғылыми негізделеді.

Ы.Алтынсариннің қазақ мектебінің негізін салуда орны ерекше. Мектептерге оқу құралдарын жазумен қатар, тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруда “Мұсылмандық тұтқасы” (“Шараит-ул-ислам”) кітабын жазды. Бұл кітаптың жазылуының негізгі себебі, ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, иманжүзділік, қайырымдылық қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздей отырып түсіндіруді көздеді.

Тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудың тарихи алғы шарттары Абай Құнанбаевтың еңбектерінде жатыр. Ұлы ақынның негізгі миссиясы «Толық адамды» қалыптастыру. Отыз төртінші қарасөзінде “адамның туысы, дене бітімі, шыққан жері, бармақ жері бәрі бірдей... Адам баласы анандан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар тәннің құмарлығы. Екіншісі – білсем екен деу – жан құмарлығы”... (жетінші, қырық үшінші сөз) деп ой түйіндей келе, “адам бойына жан құмарлығы арқылы жиалатын нәрсенің аты ақыл, ғылым... ол талаптылықпен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі...”, - тәрбиенің негізгі қағидаттарын береді.

“Ақыл – ардың сақтаушысы” дей отырып, адамгершілік тәрбиенің негізгі бағыттарын көрсетеді. Үшін күресуді дәріптеген ұлы ағартушы –

Ынсап, ұят ар-намыс, сабыр, талап,  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап...

Терең ой, терең ғылым іздемейді

Өтірік пен өсекті жүндей сабап, – деп кейбір жастардың іс-әрекетіне кейістік білдіреді, ар тазалығын дәріптейді.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой.

Бес асыл іс көнсеңіз, – деп, ел қамын ойлаған жастардың бойында қандай қасиеттердің болуы керектігін тізбектейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» атты философиялық еңбегінде негізгі қағида адам алдындағы ар пәлсапасы. Тұлғаның бойындағы ынсап, әділет, мейірім - ұждан деген адамның бойындағы негізгі құндылықтың қалыптасатынын зерделейді. «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс - ұждан», - деп атап көрсетеді.

XX ғасырдың басында ұлт зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Шоқай т.б. ұлттық білім мен тәрбие жүйесінің, зиялы қауымның негізін қалады. Зиялы қауым өкілдерінің негізгі миссиясы - бақытты зиялы ұлтты қалыптастыру еді.

М.Жұмабаев ұлттың бақытты болу үшін неге көңіл аудару керек екенін нақты көрсете білген ғалым. Ғалымның айтуынша «Ұлт бақыты - тәрбиеден мақсұт адамды һәм сол адамның, ұлтын асса, барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі - әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі - әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты”, - қоғам мүшелерінің бақытты болуы ұлт бақытының негізі екеніне тоқталады.

М.Шоқай өзінің «Ұлттық зиялы» аталатын мақаласында зиялы деген ұғымға «Ұлттық зиялы деп кімдерді атаймыз», - деп сұрақ қоя отырып, «ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтықсыз қызмет ете алатын адамдар

ғана кіре алады», - деп ұлт зиялысының өмірі ел мүддесімен өзара үйлесімді болғанын көрсетед.

Ж.Аймауытов жазушылығымен қоса қазақ топырағында тұңғыш педагогика, психология, көркемөнер ғылымдары саласында қалам тартып, құнды-құнды ғылыми-зерттеу еңбектерін жазуымен, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы болуымен дараланған ірі тұлға.

Ж.Аймауытов өзінің тәлім-тәрбие саласындағы бағыт-бағдарын 1918 жылы ақпан айында Семей қаласында шыққан әдеби және ғылыми-хоғамдық “Абай” атты журналдың бас мақаласынан аңғартады. Онда Аймауытов: “...қазақ сахарасында мыңмен жалғыз алысып, жапа шеккен ұлы ағартушы Абайдың көздеген мақсаты халқын өнер-білімге, оқуға, отырықшылыққа, мәдениетті ел дәрежесіне жеткізу еді” – деп жазады. Ол Абай ұстанған ағартушылық жолды тыныс-тіршілігін негізгі арқауы етіп алды.

Абай журналының 1918 жылғы 1,2 сандарында Аймауытовтың “Тәрбие” атты көлемді мақаласында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлер ғылыми тұрғыдан терең баяндалған.

Ж.Аймауытов “адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... Адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сықымды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен” дейді. Ол тәрбиенің екі түрлі болатынын: дене тәрбиесі және жан (рух) тәрбиесі болып бөлінетіндігін атап көрсетеді.

Аймауытов балаға әсер ететін нәрсе медресе (мектеп) және тәрбиеші (мұғалім) деп санайды.

Автор ең алдымен бала тәрбиесіндегі отбасының рөліне ерекше тоқталады. “Баланы бұзуға, яки түзеуге себеп болатын бір шарт жас күнде көрген өнеге. Ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі арқылы қалыптасады. Ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезіне салған ізге байланысты. “Ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледі” деп атамыз қазақ тауып айтқан. Балаға қайырымдылықты, қаталдықты, кішіпейілділікті, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол, әрине, ата-ананың тәрбиесі. Баланың бойына басынан сіңірген мінезді қайта түзету қиындық келтіреді. “Сүтпен сіңген мінез сүйекпен кетеді” деген сөз ата-ана тәрбиесінің күштілігін көрсетеді...” – деп автор бала мінезін қалыптастырудағы жанұя мүшелерінің, әсіресе әке-шешенің ықпалын айқын ашып берді. Ол отбасында теріс тәрбиеленген баланы қайта тәрбиелеудің үлкен қиындық келтіретінін айтады.

Ж.Аймауытов өнегелі үйелменнен бұзық мінезді баланың шығуы немесе тәрбиесі нашар отбасынан да тәрбиелі, өнегелі баланың өсуі мүмкін дей келеді де, бұл айтылғандар өскен ортаның, замандас, жолдас-жора, құрбы-құрдастың ықпалынан, соларға еліктеуден болатынын дәлелдейді.

Тәлімгер-ғалым бала тәрбиесіне туған елдің әдет-ғұрпы мен салт-санасының да белгілі мөлшерде әсер ететінін ғылыми тұрғыдан дәлелдей түскен. Ойын-сауық, өлең-жырды естіп өскен елдің баласы өнерге бейім болады, діндар елдің баласы діншіл келеді. Жастайынан кемдік, жокшылық, қағажу көріп өскен ауылдың баласы жасқаншақ, бұйығы болады деп қоғамдық салт-сана, әдет-ғұрыптың тәрбиеге тигізетін ықпалына тоқталады.

Ж.Аймауытов “Тәрбиенің негізгі мақсаты – мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу” деген қағиданы қуаттай келіп, “Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек. Себебі, айтып ұқтырғаннан гөрі, бала көргеніне көп еліктегіш болып келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек” – дейді.

Ж.Аймауытовтың педагогика ғылымы саласындағы жүйелі ой-пікірлері оның 1924 жылы Орынборда басылған “Тәрбиеші жетекші” атты еңбегінен жақсы байқалады. Бұл еңбекте Аймауытов “Баланы оқытудың белгілі ереже заңдарын баяндайтын, оқытудың дұрыс жүйесін тауып, білімге тез жету шарттарын көрсететін педагогиканың негізгі бөлімі – дидактикаға ғылыми анықтама берген. Оның пікірінше, мұғалімнің айналысатыны – үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдіспен табан аумай шектеліп қалуға болмайды... Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер... Дидактика мұғалімге жалпы жол-жоба көрсетіп, жетекшілік етеді... сыннан өткен тиімді деген жолдарды ғана нұсқайды” – деп оқыту, білім беру әдісінің қатып-семіп қалған догма емес, үнемі ізденуден туатын іс-әрекет екенін дұрыс атап өтеді.

Психология саласында да өндіре еңбек етіп, артына көп мұра қалдырып кетті. Оның екі кітабы: “Психология” (376-бет, 1926 ж.), “Жан жүйесі және өнер таңдау” (80-бет, 1926 ж.) осы ғылым саласынан жазылған тұңғыш төл туындылар. Ж.Аймауытов “Тәрбиеге жетекші” (1924), “Комплексті оқыту жолдары” (1929), “Жаңа ауыл” (1930) дейтін еңбектерінде де психологиялық мәселелерге ерекше мән берген.

Тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудың тарихи алғы шарттарын айқындауда ғұлама ғалымдардың артына қалдырған тәлімдік мұралары бүгінгі жастардың бойындағы рухани – адамгершілік құндылықтарды, білімді, білікті, тұлғаның бойындағы құнды қасиеттерді қалыптастыруға мүмкіндігінің мол.

Қазақстанда педагогика ғылымының дамуына Ә.Сыдықов, Т.Тәжібаев, И.Сембаев, Қ.Бержанов, С.Мусни, И.Б., Мадин, Қ.Б.Сейталиев т.б. еңбектерін ерекше атауымыз керек.

Еліміз егемендік алғаннан кейін Қазақстанда білім берудің ұлттық моделі қалыптасуда. Онда білім мен тәрбие берудің ұлттық дәстүрін әлемдік білім кеңістігінде орын алып отырған өзгерістермен өзара байланыстыруға айрықша көңіл бөлінуде.

XXI ғасыр ғасырлар тоғысында тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудың тарихи алғы шарттарын дамытуда казак ғалымдары игілікті шаралар атқарды. Белгілі ғалымдар С.Қалиев пен Қ.Жарықбаев түркі әлемінің ХІҮ ғасырлық тәлім - тәрбие мұрасын жинақтаған «Қазақ тәлім-тәрбие антологиясы» жарыққа шығуы ұлттық мұрамызды жинақтап, бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне құнды мұра етіл қалдырып отырғаны белгілі.

С.Қалиевтің «ХV–ХІХ ғ.ғ. акын-жыраулар поэзиясындағы педагогикалық ойлар», «Қазақтың салт-дәстүрлері және демократ ағартушылар», «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы», «Қазақ тәлім-тәрбиесі», «Этнопедагогика» т.б. еңбектері бүгінгі егемен еліміздің өркендеуіне қосқан іргелі үлес. Өзіне дейінгі тарихи мұраларды қайта жаңғырта отырып, ұлттық, әлемдік білім мен тәрбие үдерісіне қосқан педагогикалық тарихи, ғылыми еңбек деп бағалауға болады.

Халықтық педагогиканың ғылыми-теориялық негізін салушы ТМД кеністігінің ғалымдары Т.С.Виноградов, А.Ш.Ғашимов, А.Э.Измайлов, Г.Н.Волков, И.С.Кон т.б. халық педагогикасы – халықтық бала тәрбиелеу тәжірибесіне байланысты жинақтаған әдіс-тәсілдері, білім мен дағдылардың салт-дәстүрлердің жиынтығы деп қарастырады.

Халықтық педагогикасы бойынша зерттеу жұмысын жүргізген Қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, Ж.Наурызбай, С.А.Ұзақбаева, Қ.Бөлекеев, К.Қожахметова, Ш.Майғанарнова, Р.Қ.Дүйсенбінова, Ш.Джанзақова т.б. казак халқының тәлім-тәрбиелік мұрасына ғылыми талдау жасап және оларды тарих, этнография, фольклористика зерттеулерімен салыстыра келе ұлттық мұра, халықтық педагогика мен этнопедагогика ұғымдарына түсінік береді.

Халықтық педагогика негізінде білім мен тәрбие беруді академик А.Э.Измайлов былай дейді: «... барлық анықтамаларда авторлар, халықтық педагогиканың объектісі мен нысанасы тәрбие процесі деп есептейді. Дегенмен, халықтық педагогикада оқыту процесініңде алатын орнының маңызы бадан да кем емес. ... Демек, халықтық педагогикасының анықтамасын екі жақты бір тұтас процесс ретінде бірізгіде тәрбиелейді және оқытуда өз көрінісін табуға тиіс».

Этнопедагогиканы ғылым ретінде зерттеген алғашқылардың бірі – Г.Волков. Өзінің «Этнопедагогика» атты еңбегінде халықтық педагогикаға ғылыми талдаулар жасай келе, чуваш халықтарының этномәдени мұраларына жан-жақты сипаттама береді.

Кеңестік дәуірде, ұлттық дәстүрлерді зерттеуге жол бермеген кездерде, казак халқының ұлттық дәстүрлерін ғылыми негіздеген А.Мұхамбаева болып табылады.

Жоғарыдағы ғалымдардың зерттеулерін зерделей келе, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан айтыс өнері, суырып салмалық шешендік өнер,



мақалдар мен мәтелдерде халықтық тәрбиенің кайнар көздері, рухани мұрасы болып табылады.

Жеткіншек ұрпақты халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу мәселері С.Ұзақбаеваның еңбегінде де көрсетілген. Ғалым халықтық педагогика идеяларын, ұғымдарын, әдіс-тәсілдерін, тәрбие құралдарын жан-жақты зерттеп, он эстетикалық тәрбие беру бағытында пайдалану жолдарын ашып береді. «Халықтық педагогика, - дейді автор, - тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан-ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы (поэтикалық, музыкалық, сәнді-қолданбалы өнер) беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан халықтық педагогиканың мақсаты – жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұраттарына тәрбиелеу». Ғалымның ғылыми-зерттеу еңбегінің ерекшелігі – халықтық педагогика негізінде эстетикалық тәлім-тәрбиеберудегі ауыз әдебиеті үлгілерін /шеңсіндік өнер, айтыс т.б./ пайдалану мүмкіндіктерін көрсете білген.

М.Оразаев пен М.Смаилованың “Қазақтың салт-дәстүрлері” атты 8-9 сыныптарға арналған факультативтік курс бағдарламасының мақсаты оқушылардың жас шамасын ескере отырып, халқымыздың ұлттық ерекшеліктерін, салт-дәстүрін оқушылардың санасына сіңіруді көздеген.

Бүгінгі таңда, халықтық педагогика негізінде жастарды тәрбиелеу мүмкіндіктеріне жолашылуымен қатар, этнопедагогика ғылымына тән өзіндік анықтамаларды, негізгі қағидаларды ғылыми тұрғыда тиянақтауда, этнопедагогика мен халықтық педагогика байланысын анықтауда және оның қағидаларын оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану мүмкіндіктері мол.

Қазақстан Республикасы Білім заңы, Мемлекеттік білім бағдарламасы, орта мектептегі білім және тәрбие беру тұжырымдамалары негізінде мектептегі білім және тәрбие беру мәселелері қайта қаралып, осының нәтижесінде ұлттық негіздегі жаңа бағдарламалар, оқулықтар, оқу-әдістемелік нұсқаулар жазылды.

Алғаш рет 1995 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында» отбасы, мектепке дейінгі, мектептегі тәрбиенің сындарлы жүйесі жасалды. Тұжырымдамада жас ұрпаққа имандылық, адамгершілік, еңбексүйгіштік, Отансүйгіштік, ерлік, эстетикалық тәлім-тәрбие беру мәселелері жан-жақты қамтылған.

**2.6. Педагог құзыреттілігінің тәрбиенің мақсатты үдерісіне әсері.** Педагог құзыреттілігінің мақсатты тәрбие үдеріске әсері мұғалімнің және тәрбиеленушінің әлеуметтік тәжірибені меңгерудегі, адамзаттың мәдениетімен барлық құрылымдық жағынан теңдес келетін және өзіне тек білімділік, операциялдық-технологиялық ғана емес, мо-

тивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық құрамдас бөліктердің қамтылуы.

Оқушыларға білім, білік, дағды мен қоса құзырлылық компоненттерін іске асыру көзделіп отыр. Педагог құзыреттілігінің мақсатты тәрбие үдеріске әсерінде құзырлылықты моделіне – білім және оның ұйымдастырылуын, білік және дағдының пайдаланылуын, шығармашылық – интеллектуалдық әлеуетін, әлемге деген эмоционалдық-адамгершілік жағымды бағдарын, яғни, эмоционалдық, еркіндік, адамгершілік, эстетикалық тәрбиелілік жүйесін жатқызады. Сонымен бірге тұлғаның өздік жұмысқа жұмылдырушы мектептегі өзін-өзі басқару, соның ішінде берілген қоғамдық жұмыстардағы әрекеттерді табысты орындау, білім алуға деген ынтасын арттыру, өзіндік жеке көзқарасын қалыптастыру, мектептің жеткен табысын өз табысындай қабылдау, оны қорғай біту маңыздылығына баса назар аударады.

Құзырлылық білім беру үрдісі нәтижесінде оқушының мінез-құлқына, әрекетіне қойылатын талап ретінде оның өз тіліндегі, өз деңгейіндегі жатық сөздер, жатық іс-әрекеттер арқылы анықталатын ұғым, ал құзырлы адам нақты бір аймақта негізді шешім шығару, тиімді әрекет жасауға мүмкіндік тұғызатын білім мен қабілеттерді қамтиды.

И.А.Зимняя жоғары оқу орындарындағы реформалаудың құзыр негізіндегі кәсіби оқуға бағдарлануына байланысты, білімді бағалаудағы басымдықты оқыту үрдісінен нәтижеге бағыттыу керек деген қорытынды жасайды.

И.А.Зимняя ««құзыр», «құзырлылық» ұғымдарына бірдей мәндік мағына бере отырып, құзырлылық құзырдың өзекті түрде көрінуі», дейді. Құзыр ішкі әулет, психологиялық жаңа түзілім (әрекет бағдарламалары, құндылық жүйелері, және қатынастар) ретінде адамның құзырлылығында байқалады делінген. «Құзыр» (мазмұндық бөлімнің) құрамдас бөлік, «құзырлылық» ұғымы мазмұндық бірлік, яғни құзырлылық құзырға қатысты жинақтаушы ұғым болып табылады деген бекімге тоқталады. Педагог құзыреттілігінің мақсатты тәрбие үдеріске әсерін айқындағанда рефлексия негізгі орын алады. Рефлексия - өзін-өзі дамыту, жан мен тән үйлесімдігі, өз ойын жинақтау. Рефлексия – білімді, адамды дамытудың шарттарының бірі.

Педагог құзыреттілігінің мақсатты тәрбие үдеріске әсерін нақтылау барысында ғалым Лейбництің рефлексия - адамның жан дүниесіндегі өзгерістерге көңіл бөліп, еліктеушілік; Юмнің ұйғарымынша, идеялар - сырттан қабылдайтын әсерлерді рефлексиялау.

Рефлексіеу сананы өз-өзіне үнілдіруді өз психикалық күйіне ой жүгіртушілікті сипаттайды. Ғалымдардың анықтамаларын саралай келе педагогикалық рефлексия - даралық, шығармашылық, авторлық ізденістері мен соның нәтижесі, кәсіби рефлексия – мамадығына сәйкес нәтижелі білім алу, өзін-өзі дамыту, жан мен тән үйлесімдігі, өз ойын

жинақтау. Педагог құзыреттілігінің мақсатты тәрбие үдеріске әсері болашақ педагогтың құзырлылығы жоғары оқу орындарында, мектепте, білім мекемелерінде жан - жақты қамтылады: болашақ маманның инновациялық және ақпараттық технологияларды меңгеруі; болашақ маманның құзырлығының дамуы болашақ маманның педагогикалық және психологиялық құзырлығының дамуы; болашақ маманның кәсіби қызметінің құндылық, мәнділік қырларын өзектендіру; педагогикалық жобалау технологияларын меңгеру. Тәрбие теориясы мен әдістемесі пәнін оқыту арқылы кәсіби құзырлы маман - білімді, білікті, дағды, дайындық, практикалық біліктілік, арнайы қажетті білімі, кәсіби біліктілігі, кәсіби маман болуға ұмтылысы, қалыптасу үдерісімен бірге болашақ маманның бойында этикалық мінез - құлық, жалпы дүниетанымы, өсуге деген қажеттілік, беделділік, мәдениеттілік дағдысы, қабілет деңгейі, коммуникативтік құзыреттілігі, психологиялық сапасы, сұраныстарға жауап беруі, тұлғалық құндылықтарды дамыту көзделеді.

Құзырлылық – бұл тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгерудегі, адамзаттың мәдениетімен барлық құрылымдық жағыман теңдес келетін және өзіне тек білімділік, операциялдық-технологиялық ғана емес, мотивациялық, этикалық, әлеуметтік және мінез-құлықтық құрамдас бөліктерді қамтитын қабілеттілік».

Оқушыларға білім, білік, дағды мен қоса құзырлылық компоненттерін іске асыру көзделіп отыр. Педагог құзыреттілігінің мақсатты тәрбие үдеріске әсерінде құзырлылықты моделіне – білім және оның ұйымдастырылуын, білік және дағдының пайдаланылуын, шығармашылық – интеллектуалдық әлеуетін, әлемге деген эмоционалдық-адамгершілік жағымды бағдарын, яғни, эмоционалдық, еркіндік, адамгершілік, эстетикалық тәрбиелілік жүйесін жатқызады. Сонымен бірге тұлғаның өздік жұмысқа жұмылдырушы мектептегі өзін өзі басқару, соның ішінде берілген қоғамдық жұмыстардағы әрекеттерді табысты орындау, білім алуға деген ынтасын арттыру, өзіндік жеке көзқарасын қалыптастыру, мектептің жеткен табысын өз табысындай қабылдау, оны қорғай білу маңыздылығына баса назар аударады.

Құзырлылық білім беру үраісі нәтижесінде оқушының мінез-құлқына, әрекетіне қойылатын талап ретінде оның өз тіліндегі, өз деңгейіндегі жатық сөздер, жатық іс-әрекеттер арқылы анықталатын ұғым, ал құзырлы адам нақты бір аймақта негізді шешім шығару, тиімді әрекет жасауға мүмкіндік тұғызатын білім мен қабілеттерді қамтиды

Тәрбиелі кәсіби құзырлы маман - білімді, білікті, дағды, дайындық, практикалық біліктілік, арнайы қажетті білімі, кәсіби біліктілігі, кәсіби маман болуға ұмтылысы, қалыптасу үдерісімен бірге болашақ маманның бойында этикалық мінез - құлық, жалпы дүниетанымы, өсуге деген қажеттілік, беделділік, мәдениеттілік дағдысы, қабілет дең-

гейі, коммуникативтік құзыреттілігі, психологиялық сапасы, сұраныстарға жауап беруі, тұлғалық құндылықтары жетелеген тұлғаны атаймыз.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Тәрбиенің мақсаты - тұтас педагогикалық үдерістің жүйе түзуші факторы дегенді қалай түсінесіз?
2. Педагогикалық ойлар тарихындағы тәрбие мақсаты туралы мәселелерге тоқталыңыз.
3. Тәрбиенің мақсаты – жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастырудың мәнін ашыңыз.
4. Тәрбие үдерісін іргілендіру және демократияландыру дегенді қалай түсінесіз?
5. Әлемдік және ұлттық мәдениет – тәрбие мақсатын анықтаудың әдіснамалық негізінің мәнін ашыңыз.

### **3 тақырып. ҒЫЛЫМИ ДҮНИЕТАНЫМ – ОҚУШЫНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ**

#### **3.1 Оқушылардың дүниетанымның мәні мен қызметтері.**

Дүниетанымның қалыптасуы күрделі әлеуметтік педагогикалық мәселе. Оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы теориялық және тәжірибелік тұрғыдан маңызы орасан зор. Дүниетанымның қалыптасуы көп қырлы, күрделі үрдіс, сондықтан педагогикалық ұғымда бұл мәселеге түрлі көзқарастар бар.

*Дүниетаным* – бұл ақиқатты дүниеге және ондағы адамдардың алатын орнына, оны қоршаған болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, олардың осы көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет принциптері, құндылық бағыттары. Дүниетаным – адамның табиғат пен әлеуметтік ортаны түсініп білуін, онымен дұрыс қарым-қатынас жасау іс-әрекетінің бағытын бейнелейтін көзқарастарының бірыңғай жүйесі. Әлеуметтік топ пен жеке тұлға - *дүниетанымның субъектісі* болып саналады.

*Дүниетанымды қалыптастыру* - тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен бірге белгілі әлеуметтік топтың, қоғамдық таптың жетілуінің елеулі көрсеткіші.

Дүниетаным – адам санасында дүниенің, қоғамның бейнеленуі, оны жалпы түсінуі, адамгершілік, эстетикалық, ғылыми-теориялық, құндылықтарды меңгеру. Дүниетаным болмысты тану әдісі және адам әрекетінің ерекшелігін анықтайтын өмірлік ұстанымдары.

Ғылыми дүниетаным – қоғамдық сананың жалпы, ең жоғарғы формасы. Табиғат, қоғам, адам ойының дамуының мәні мен заңдылықтарына түсінік беретін дүниетанымдық идеялар жиынтығы оқушы санасында көзқарас, сенім, болжам-ой, аксиома, әр түрлі табиғи және қоғамдық үдерістер мен құбылыстар түсіндірмесінің ғылыми негізін

құрайтын кез келген адамның жетекші идеялары мен негізгі ұғымдары ретінде қалыптасады.

Дүниетаным негізіне тұлғаның дүниеге көзқарасы, яғни дүние туралы белгілі бір білім жиынтығы жатады. Мысалы, дүниетаным түрлі білімді меңгерумен бірге, күнделікті көзқарастарды да меңгеру барысында қалыптасады. Көзқарас үнемі білім, ғылым жетістіктерімен, өмірлік мәселелермен толығып, жетіліп отырады.

Дүниетаным көп қырлы, өте күрделі психикалық құрылым. Оның ұйтқысы теориялық ойлау, жоғары зияттық, яғни интеллекттік сезімдерді білдіру, саналы мақсатты ерік-жігердің қабілеттігімен үйлесімді көзқарастар мен сенімдер.

*Ғылыми педагогикалық тұжырым* жеке тұлғаның қоғамдық қатынастар, іс-әрекет, қарым-қатынас жүйесіндегі дүниетанымдық сана, сезім, ерік, жігер, білім, өмірлік ұстанымдар жүйесінің тұтас қалыптасу идеясынан бастау алады.

Дүниетанымдық қызметінің бірі - *әлеуметтік аксиология*: құрылымдық-құндылықтық, интерпретаторлық және сындарлық болып бөлінеді. *Құрылымдық-құндылық қызметінің мазмұны*: Жаксылық, Әділеттілік, Шындық, Сұлулық сияқты түсініктерді талдау. Сондай-ақ, оған әлеуметтік арман-мұрат туралы түсінік те жатады. Қоғамдық арман-мұрат жеке тұлғадан басталады. Бұл арман-мұрат адамгершілікке негізделеді.

Жеке тұлғаның дүниетанымның тағы бір қызметі жалпы білімді, оның құбылыстарын тану мен бағалу және шешім қабылдау үшін пайдалана алу біліктерін білдіреді. Жеке тұлғаның дүниетанымның: *заттық-мазмұндық, психологиялық және эмоциональды-жігерлік категория*.

Әлеуметтік орта - қоғамдық-экономикалық формация түріне, қай тап пен ұлтқа жататындығына, белгілі топтың ішкі таптық айырмашылықтарына, тұрмысы мен кәсібіне тәуелді. Қоғамдық-экономикалық формация өзіндік тарихи, демографиялық, географиялық және ұлттық қалпында өмір салтының белгілі бір түрін, ойлау мен мінез-құлық амалдарын тудыратын әлеуметтік ортаны қалыптастырады. Сонымен, қоғамдық-экономикалық формация - әлеуметтік орта - өмір салты - жеке тұлға - дүниетаным ұйтқысы, жеке тұлғаның қалыптасуының негізгі жолы.

**3.2. Тұлғаның дүниетанымның қалыптастырудың әдіснамалық негізі.** Философияның түрлі бағыттарының тұлғаның қалыптасуына келе жатқан дүниетанымның бағалаудағы маңызы. Философияның өзі де дүниетаным. Философия тәрізді дүниетанымның басқа формалары да бар: мифологиялық, дін, көркемдік, натуралистік, үйреншікті. Философияның, басқа дүниетаным формаларынан айырмашылығы - оның қоғамдық сананың ғылыми саласына жататындығы.

Философияның категориялық аппараты бар, өз дамуында барлық ғылымдар мен адамзат дамуының бірыңғай тұтас тәжірибесіне сүйенеді.

Философия мәні "дүние - адам" мәселесі туралы ойлар. Философия екі құбылысқа негізделеді: бүтін дүние және адамның осы дүниеге қатынасы; таным принциптерінің кешені, таным әрекетінің жалпы әдісі. Осыған орай, философияның *дүниетанымдық және әдіснамалық* басты екі қызметі анықталады.

Адам мәселесінің маңыздылығына байланысты бірінші орында философияның гуманистік (адамгершілік) қызметі тұр. Оның мақсаты адамға тән құндылық, оның қабілеттілігі, сезімі мен парасатының үйлесімді дамуы, мәдениеттілікке қатысты мінез-құлықтың жоғары деңгейдегі көрінісі. Адамгершілік – адамдармен қарым-қатынаста пайда болатын ізгілік, тілектес-ниеттестік сезімі, адамдармен іштей және жалпы түрде қарым-қатынас жасау ерекшелігі.

**Білім беру мазмұнындағы дүниетанымдық идеялар жүйесі.**

*Дүниеге көзқарас* – дүниенің даму заңдылықтарын ғылыми негізде танып білу. Оқушылардың дүниетанымды ғылыми-философиялық білімді, заманына сай ғылыми жетістіктерді, сонымен бірге болмысты танудың жалпы әдістерінің жүйесін жүйелі игеруі нәтижесінде қалыптасады.

Әр адамның дүниетанымдық көзқарасы ұзақ та күрделі зияттық қызмет нәтижесінде қалыптасады. Олар адамның рухани мәдениетінің негізін құрап, оның өмірлік ұстанымдарын, ар-ұят, намысын анықтайды. Сенім – көзқарастың ең жоғары күйі. Сенім білім сияқты объективті шындықтың субъективті көрінісі, адамдардың ұжымдық тәжірибесін меңгеруінің нәтижесі. Сенім жеке тұлғаның ішкі ұстанымдарына айналған білім. Сенімге айналған білім мен биік мұрат дүние мен адамды өзгертіп, материалдық күшке айналдырады.

*Сенім* жеке тұлғаның рухани құндылықтары мен бағыттарын, мақсат-мүдделерін, тілектері мен қажеттілігін, сезімі мен қылықтарын анықтап, біртұтастықты реттейді, яғни жүйелеушілік қызмет атқарады.

Сенім жеке тұлғаның іс-әрекетін, болашақ өмір жолын анықтайды. Сенім – жеке тұлғаның өз құндылық бағыттары мен көзқарастарына сәйкес қызмет - әрекет етуге итермелейтін саналы қажеттілігі. Адамның сенім жүйесі оның дүниетаным көрінісі. *Сезім* – сенімнің үйлесімді қасиеті. Сенімді өмірде басшылыққа алу - таным қуанышы мен ақиқат шындығы, сұлулыққа сүйсіну мен оған берілгендік, әлеуметтік оптимизм мен мақсаттылық сияқты зияттық сезімдермен байланысты.

*Қажымас ерік-жігер* – дүниетанымның маңызды құрамы. Сенім адамды әрекетке итермелейді. Ғылыми дүниетаным теориялық санамен ғана шектеліп қоймай, тәжірибеде сана мен жігерді іс-әрекетпен біріктіреді.

Дүниетанымның құрамды бөлігі ретінде *теориялық ойлау* - адамның білімді, болмыс құбылыстарын шығармашылықпен ұғынуы, дүниетанымды мейлінше жетілдіріп, ерік-жігерді, сенімді іске асыруға бағыттаудың кабілеті.

*Биік мұрат* өмірлік мақсат рөлінде дүниетанымның ең маңызды құрамды бөлігі саналады. Биік мұрат сананың құрамында сенім сипатына ие болған жағдайда дүниетанымға айналады.

Дүниетанымның тағы бір құрамдас бөлшегі - дүниетанымдық сенім, принциптер мен арман-мұратқа сәйкес қызмет-әрекет етуге деген эмоционалды-жігерлі әзірлік.

*Жеке тұлғаның құндылық бағдары* тұлғаның адамгершілік санасында, мінез-құлқ пен іс-әрекеттерінде, арман-мұраттары, жақсылық, әділеттілік, бақыт, өнегелік ұстанымындарында көрініс береді.

Құндылық бағыттар адам мінез-құлқының ең маңызды қозғаушы күші болып табылады, оның іс-әрекетінің себеп-салдарын анықтайды. Адамның құндылық бағыттары мен мотиві арасындағы байланысын адамның қажеттігін қанағаттандыруға, яғни қажетті объектіні табуға ұмтылысы арқылы түсіндіруге болады. Құндылық бағыттары субъектінің іс-әрекетінің мотивін анық-тайтын болғандықтан, олар сол іс-әрекетті таңдау мен оның жүзеге асу барысына да әсер етеді. Осылайша құндылық бағыттары адамның қажеттіліктері мен қоршаған ортаны байланыстырушы буын болып табылады. Құндылық - теориялық таным ретінде субъектінің бойында құндылық сана мен жалпы әлеуметтік мәдени факторлар әсерінен қалыптасқан, мақсат - мүддеден, ұнатудан, нұсқаулардан тұратын катынас. Сананың құндылық бағыттары, яғни логикалық-әдіснамалық өлшемдері негізіндегі көзқарас, дәлелді білімді ұйымдастырудың формалары мен тәсілдері таңдалынып алынады. Санадағы құндылық - объективті шынайы заттық білім, шынайы, дұрыс ақпараттың арқасында қоғам алдында маңыздылық пен құндылыққа ие болады.

Жеке тұлғаның құндылық бағыттары адамгершілік сананың өте тиянақты және терең көрінісі. Ол жекелеген іс-қилықтар мен себеп-салдарында ғана емес, мінез-құлқ пен іс-әрекеттің бүкіл барысында көрініп, сананың жалпы бағыттылығында, жеке тұлғаның бастапқы өнегелік ұстанымын іске асырады. Құндылық бағыттар тәрбиелік ықпалдардан тұратындықтан жеке тұлғаның интегралды көрсеткіші болады.

**3.3. «Мәңгілік ел» идеясының ұстанымдары.** «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының үздіксіз білім беру жүйесінде іске асуына байланысты атқарылып отырған шаралар тарихымыздың өткені, бүгіні, болашағын сабақтастыра отырып жүргізу мәселесі басты бағыт болып табылады. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының даму мен қалыптасуына тоқталатын болсақ сәк, гүн, түркі елінің батырлары Құлтегін, Тоныкөк батырлардың ерен ерліктерінен бастау алатынын, Түркі қаға-

нағы тұсындағы түркі жұртының қайталанбас даналығы мен көрегендігінен нақты көре білуге болады.

Қоғамның алдында тұрған негізгі мұрат бабаларымыз армандаған мәңгілік ел идеясын дамыта отырып іске асыру. «Мәңгілік ел» идеясының негізгі көрсеткіші еліміздің тәуелсіздігі мен бірлігін сақтау, бабаларымыз аманаттаған ұлы даланы ұрпағына аманаттау, сол ұлы даланы мекен етіп отырған халықты бәсекеге қабілетті, әлемдік техникалық прогресс көшіне ілесі алатын, рухы биік зиялы ұрпақты қалыптастыру болып табылады. Идеяны іске асыруда отбасында бастау алған тәрбиелік құндылықтар үздіксіз білім беру жүйесінде табысты нәтижеге жетуі керек. Ұлттық көзқарасты қалыптастыратын тарихтан басқа, рухани көркем туындылар ұлттық мүддені алдыңғы қатарға шығарып, ұлттық танымға қызмет етуі тиіс.

*3.4 Тұлғаның интеллектуалды даму деңгейі – оның дүниетанымының қалыптасу көрсеткіші.* ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру, 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам, бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұлтты құруды көздейді.

«Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік бағдарламасы интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың индикаторы болып табылатын ұлттық экономикамыздың дамыту, халықтың әл ауқаты, медицинамен және тұрғын үймен, жұмыспен қамтамасыз етілуі, білімге қолжетерлігі т.б. жобада нақты ашып көрсетіп беріп отыр.

Бүгінгі студент жастар мен болашақ маманның алдына қоғамның демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесін, түрлі әлеуметтік, этностық және діни топтардың келісімі мен татулығын, қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз етуге бағыттайтын және қоғамда рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыруға нақты талсырмаларды ұсынады.

«Интеллектуалды ұлт-2020» атты ұлттық жобаның басты идеясы - Қазақстандағы халықтарға жаңа үлгідегі тәрбие беру ісімен, Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы жоғары деңгейдегі елге айналдыру бағытымен байланысты. Осыған орай адамның интеллектуалды әлеуетін дамытудың қажеттілігі мен адами капиталының құндылығы өркениетті қоғамның базалық құрамы ретінде өзектендірілуде. Мәселенің маңыздылығы Н.А.Назарбаевтың «бізге ұлттық интеллектінің дінін құру қажет, бізге халықаралық деңгейде бәсекеге түсе алатын эрудиялы адамдар керек», – деп атап көрсеткен тұжырымдарымен тікелей байланысты.

Адами капитал ұғымы ХХ ғасырдың 60 жылдарында пайда болған экономикалық категория. Адами капиталдың сапасы өндірісте болсын, елдің дамуында болсын шешуші фактор болып табылады. Әр елдің экономикалық тұрғыдан дамуы оның жер асты байлықтарымен,



пайдалы қазбаларымен, экологиялық қорларымен, материалдық құндылықтарымен емес, керісінше адамдардың білім мен іскерліктері сапасына байланысты бағалануда.

**3.5 Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі.** Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты қазіргі таңда мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне аса мән беріледі. Қазіргі қазақ қоғамының отбасындағы өмір салты бұрынғы дәстүрлі отбасындағы өмір салтынан өзгеше қалыптаса бастады. Әсіресе индустриалы қоғамға еніп, технологиялық дәуірге ауысқаннан кейін, отбасының құрылымына, отбасылық құндылықтарға деген көзқарас та өзгеріп бара жатыр.

Отбасында тәрбиеленіп келе жатқан ұрпақты ұлттық мұрат негізінде тәрбиелеу керектігі, бүгінгі маңызды мәселелердің бірі. Сондықтан да, отбасындағы ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынас мәдениетін арттыру, ондағы ұлттық дәстүрлі сақтау мәселелері де өте маңызды.

Жастардың санасында отбасылық құндылықтарды орнықтыру, отбасын құруға жауапкершілік қатынас қалыптастыру, отбасынан қолға алынуы қажет. Отбасында қалыптасатын іргелі құндылықтар мейлінше жас ұрпақ санасына сіңірілуі тиіс. Адам өміріндегі ең басты құндылықтардың бірі - отбасы бақыты екені жас ұрпақ санасынан орын алуы тиіс. Қазақ қоғамы, ұлт болашағы - мықты отбасынан бастау алады.

Тәрбие мәнін, оның қоғамдық құбылыс екендігін төмендегідей негізгі белгілері сипаттайлы:

- тәрбие өсіп келе жатқан жас ұрпақтың өмірін іс-тәжірибені игеруі арқылы өндіріс жағдайына бейімделуі, қатынасуы, аға ұрпақтың өндірісте орнын басуы, оларды алмастыру қажеттігінен туды;

- тәрбие мәңгілік, қажетті, жалпы, тарихи, таптық категория. Ол адамзат қоғамы пайда болысымен пайда болды, әрі қоғам өмір сүрген кездің бәрінде өмір сүре береді. Ол қажет, себебі қоғам өмір сүруінің қоғамдық сабақтастығының, әрі ұрпақтар жалғастығының қатынасын қалыптастырудың, адамды дамытудың құралы.

Тәрбие категориясы жалпы: онда қоғамдық құбылыстардың өзге де құбылыстармен заңды байланысы мен бір-біріне тәуелділігі көрінеді. Тәрбие адамды біртұтас оқыту мен білім беру негізінде әлеуметтендіруді қалыптастыруды қарастырады.

- тәрбие әрбір қоғамдық тарихи даму кезеңінде өзінің орны, мазмұны мен түрі жағынан нақты тарихи сипатта болады.

- жас ұрпақ тәрбиесі олардың әлеуметтік тәжірибенің негізгі әрекеттерін игеруі арқылы жүзеге асады.

Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіндегі тәрбиелік қатынастар - тәрбиеленуші мен тәрбиелеуші тұлғаның тұтас педагогикалық үдерістегі және отбасының өзара әрекеттерінің байланысы арқылы

іске асады: ата - аналар комитеті, ата - аналар жиналысы, диспут, дөңгелек үстелдер, семинар, конференциялар т.б.

#### 4 тақырып. ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ ТӘРБИЕНІҢ МӘНІ МЕН МАЗМУНЫ

##### *4.1. Тәрбие – тұтас педагогикалық үдерістің құрамдас бөлігі.*

Тәрбие үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі болып табылады. Педагогиканың негізгі категориялары мен ұғымдарын тәрбие, білім беру, оқыту, дамыту, қалыптастыру, әлеуметтендіру, табыстылық, құзыреттілікті қамтиды.

Адамның өз тұрмысына маңызды мән беріп, өмірлік мәні бар мәселелерді шешуге ұмтылуы – оның өз өмірін әртүрлі өмірлік жағдайлардың сабақтастығынан құралған үдеріс ретінде тануға ұмтылысы. А.Маслоудың пікірінше, адамның мінез-құлқының басты тенденциясы – оның тұрмыстық құндылықтарды іздеуі. Өмірдің мәні туралы осындай түсініктер адам өмірін нақты-тарихи жағдайлардағы объективті міндеттер мен мақсаттарға бағындырады. Демек, өмірдің мәнін ашу адамның әлеуметтік қатынастарға дұрыс ене алуын қамтамасыз ете алмайды. Адамның даралық бағыты оны өзінің субъективтілігі шегінен асырмайды, ал көпшілік немесе әлеуметшілдік бағыт адамның жеке тұрмысын кең әлеуметтік қоғамдастықтардағы қиыншылықтармен, тіптен бүкіл адамзаттық мәселелерімен тығыз байланыстырады. Жеке адамның тұрмыс-тіршілігі басқа кеңірек, үлкенірек адамзаттық тіршілікке кіретін болғандықтан, өмірдің құндылық негізін әлеуметтік қоғамдастықтың, жалпы қоғамның мақсат-мүдделері мен қажеттіліктерінен іздеуді қажетсінеді. Өзінің ғана өмірімен айналысқан адам сирек жағдайда ғана өз бақытын таба алады. Өйткені адам әлеуметтік тұлға. Оның барлық тіршілік әрекеті басқа адамдармен байланысты. Көпшілік, әлеуметшілдік тұжырымдардың түйісуі адамның өзін-өзі және басқаларды түсінуіне көмектеседі деп түйіндейміз.

Қазіргі жалпы білім беретін мектеп тәрбие институты ретінде мыналарды қамтиды:

- білім беретін және тәрбиелейтін мекеме, тәрбиені оқыту қызметі арқылы жүзеге асырады;

- оқу үдерісінен тыс уақытта педагогтардың оқушылардың өмірін ұйымдастыруы;

- әлеуметтік-психологиялық топтардағы (жалпы мектеп және соның ішіндегі кішігірім топтар) педагог ұйымдастырмаған оқушылардың еркін қарым-қатынастары.

Мектептегі тәрбиені осылай бөліп көрсету арқылы оқушылардың өзара әрекеттесу белсенділіктері жүзеге асырылып, жеке тұлғалық сапалары жетілдіріледі.

Мектеп ашық әлеуметтік жүйе ретінде мынадай жұмыс түрлерін ұйымдастырады:

- мектептің отбасымен қатынасын кеңейту;
- мектептің қосымша білім беру ұйымдары, мәдени және басқа да әлеуметтік институттармен бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру;
- педагогтардың ұйымдастыруымен оқушыларды қоғамдық ортамен байланыстыру, мысалы, мектеп түлектері, ардагерлер, мәдениет және спорт қызметкерлері;
- педагогикалық ұжымның көмегімен өзге балалар шығармашылық ұйымдарымен біріккен іс-шаралар ұйымдастыру;
- сабақ пен сабақтан тыс іс-шараларды мектептен тыс орындарда жүргізу: шеберханалар, зертханалар, табиғат аясында.

**4.2. Тәрбиенің мазмұны.** Тұтас педагогикалық үдерісте тәрбие үрдісі маңызды орын алады. Ол сырттан ықпал ету арқылы да, оқушының өзінің белсенді қатынасуы арқылы да қалыптастырылатын үдеріс. Тәрбие үдерісінде мазмұндық және әдістемелік жағы бөлініп алынады.

Тәрбиенің мазмұнына алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес оқушылар менгеруге тиіс білімдер, сенімдер, дағдылар, сапалар және тұлғаның ерекшеліктері деген ұғымдар енеді. Әлеумдік жаһандану көшіне ілесіп алатын тұлғаны тәрбиелеуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» анықталған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу тәрбие жұмысының басым бағыттары Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық тәрбие; отбасы тәрбиесі, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты негізінде тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігін өлшеуші ретінде критерийлер: олар тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және құбылыстарға қарым-қатынастары арқылы байқалады, тәрбие тұтастай педагогикалық үдеріске қосылған жағдайда тәрбиенің басты мақсатына жетуге, тұлғаны жан-жақты және үйлесімді қалыптастыруға мүмкіндік туады.

И.П.Подласый тәрбиені мәдениет тұрғысынан қарастыра отырып, кешенді жүргізу технологиясы төмендегі талаптарды орындау барысында іске асатынына тоқтатады:

1. тәрбиеленушіге төмендегі үш бағыт: олардың санасына, сезіміне және тәртібіне әсер ету арқылы;
2. жағымды нәтижеге тәрбиенің табиғи байланысы (ішкі педагогикалық әрекеттесу) және тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі арқылы жетеміз;
3. тәрбиеге қатысы бар әлеуметтік институттар мен бірлестіктерді, жалпы баспасөз құралдарын, әдебиет, өнер, отбасы, мектеп, құ-

қық қорғау органдары, т.б. кешенді ықпал ету жағдайларының бірлігі және оларды үйлестіру;

4. тұлғаның сапалық қасиеті жүйелі нақты тәрбие ісі арқылы қалыптасады;

5. кешенді ықпал тәрбие жүйесіне және оны басқаруға жүйелі ықпал ету арқылы табысты болады. Тәрбиені басқару ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекеттестікте болғанда ғана жақсы нәтиже беретініне тоқталады.

Қазіргі мектептегі ізгілендіру мен демократизация идеясы мұғалім мен оқушыға оқу-тәрбие жұмыстарының тәсілдерін, бағыттарын, әртүрлі деңгейлердегі бағдарламаларды, дифференциалық білім беруді таңдап алуға еркіндік құқығын беріп отыр. Мұның өзі үлкендермен балалардың бірлесе отырып еңбектенуіне, бір тәрбие жүйесін екіншісімен ауыстырып қолдануға жағдай туғызады. Шығармашылық, еркіндік пен оқу-тәрбие процессін ұйымдастырушының кәсібі мен жалпымадениетіне жоғары талап қойып отыр.

*Тәрбие жұмысы* – бұл жеке тұлғаның неғұрлым толық дамуына бағытталған ересектер мен балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыруға бағытталған мақсатты іс-әрекет.

Қазіргі мектептің жалпы даму тенденциялары, тәрбие жүйесінің болуы, әр мектептегі тәрбие жұмысының атқаруда түрлі әлеуметтік институттардың өзара қызмет бөлісіп алуын, тәрбиешілер қызметінің мақсаттары мен міндеттерінің өзгеріске ұшырауын, олардың функцияларын баптау қарауды талап етеді.

Шындығында оқушының іс-әрекетін тудыруда негізінен түрткі болу қажет. Іс-әрекет құрылымының негізгі компоненттері материалдық, экономикалық, гигиеналық, моральдық-психологиялық, уақытша жағдайлар негізінде іске асады. Бұл жағдайлар іс-әрекеттің құрылымына тікелей кірмеселе онын іске асуына тікелей жағдай жасайды. Мектеп дамуында жанашыл үрдістің, жанашыл іс-әрекеттің субъектісі болып: мектеп-гимназия директоры, директордың орынбасары, мұғалімдер, ғалымдар, оқушылар, ата-аналар, демеушілер, адіскерлер, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, кеңесшілер, білім беру мекемелерінің қызметкерлері т.б. енеді.

«Мектеп-гимназиядағы тәрбие үрдісіндегі жанашылдық неде?», - дегенге келетін болсақ, жеке тұлғаны қалыптастыруда, сабақ үрдісінде, тәрбие беруде және сыныптан тыс уақытта тәрбие беру мәселелері негізгі орын алады, сыныптан тыс жүргізілетін іс-шараларының негізгі көздеген мақсаты, бүгінгі қоғамдық ағымға еркін араласатын, өз ойларын еркін айта алатын белсенді, әлемдік прогресс көшіне ілесе алатын жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі тәрбиенің негізгі мақсаты тұлғаға бағдарланған тәрбие технологиясын іске асату.

Жаңа типті мектептегі тәрбие жұмысы, аты айтып тұрғандай өзіндік жанашылдығымен айшықталуы керек. Яғни, жаңа типті мек-

тептегі оқу-тәрбие үрдісіндегі жаңашылдық: білім берудің мазмұнын-  
да; оқу-тәрбие үдерісінде; әдістерінде; технологиясында; оқу-тәрбие  
үрдісін ұйымдастыруда; жаңа типті мектептің басқару жүйесінде, оқу-  
шыларды білімін және тәрбиелік деңгейлерін бағалауында көрініс та-  
буы керек. Қазір технологияның көптеген түрлері мектептің оқу - тәр-  
бие үдерісіне енгізіліп жатыр. Біздің мақсатымыз тәрбие технология-  
сын басқа педагогикалық технологиялармен сыни тұрғыда ойлау тех-  
нологиясы, мифа шабуыл технологиясы, ақпараттық технология т.б.  
өзара байланыста жүргізу қарастырылуы қажет.

Жаңашыл үрдістің мазмұндық құрылымы: оқыту, тәрбиелеу,  
оқу-тәрбие үдерісінде, мектеп-гимназияны басқаруда өзіндік жаңа-  
шылдығымен көрініс табуы керек. Әрбір компонент өзіндік күрделі  
құрылымнан тұрады. Оқу-тәрбие үдерісіне ол білім мен тәрбие беру-  
дің әдістерінде, түрінде, тәсілінде, құралында және т.б. жаңашылды-  
ғымен көрініс табады.

Гимназистердің танымдық белсенділігін дамыту сабақ барысын-  
да және сабақтан тыс уақыттағы жүргізілетін іс-шаралар өзара байла-  
ныста іске асады. Яғни, сабақ үдерісінде өтілетін материал гимназис-  
тердің танымдық іс-әрекетін, белсенділігін дамытуға ықпал ету (гим-  
назистердің шығармашылық ізденуіне түрткі тудыру арқылы, ойын  
әрекеті: дискуссия, эксперименттік, зерттеушілік) негізде іске асыры-  
лады.

Оқушы гимназистедің ұжымдық іс-әрекетінің ұйымдастырылу  
түрінің әр түрлілігіне байланысты, олардың топтарының құрылымдық  
ерекшеліктеріне байланысты тәрбие жұмысы:

1. Сынып ішіндегі жүргізілетін тәрбие жұмыстары.
2. Сыныптан тыс уақытта жүргізілетін тәрбие жұмыстары: а) клуб, үйірмелерде жүргізілетін тәрбие жұмыстары; ә) сынып аралық тәрбие жұмысы болып екіге бөлінеді.
3. Қоршаған ортаға ізгілік қарым - қатынасын және жеке тұлға-  
ның адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.
4. Жеке тұлғаның бойындағы құндылықтарды қалыптастыруда  
рухани сезім, адамгершілік сана, ерік, ойлау қабілетін жетілдіру болып  
табылады.
5. Жеке тұлғаның ішкі қажеттілігі бойынша өзін-өзі  
жетілдіруді, құзыреттілікті қалыптастыру.

**4.3. Тәрбиенің түрлері.** Қазақстан Республикасының Білім жə-  
не ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бе-  
кітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» анықталған мақ-  
саттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін тәрбие жұмысының басым 8  
бағыттарын ұсынады. Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігін өлшеу-  
ші ретінде критерийлер ұсынылды, олар тұлғаның қоршаған әлемге,  
қандай да бір құндылықтарға және құбылыстарға қарым-қатынастары  
арқылы байқалады.

*Бірінші бағыт* – *Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие.* Бұл бағыттың мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптастыруға, тұлғаның саяси мәдениетін дамытуға ықпал ету, балалар мен жастардың құқықтық мәдениетін, құқықтық санасын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Екінші бағыт – *рухани-адамгершілік тәрбие.* Бұл бағыттың мақсаты: Қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен, жалпыадамзаттық құндылықтармен келісілген, тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, адамгершілік қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Үшінші бағыт – *ұлттық тәрбие.* Бұл бағыттың мақсаты: тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тіліне және мемлекеттік тілге құрмет, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу кеңістігін қалыптастыру.

*Төртінші бағыт* – *отбасы тәрбиесі.* Бұл бағыттың мақсаты: Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналарды оқыту, олардың рөлін көтеру және психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыру.

*Бесінші бағыт* – *еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.* Бұл бағыттың мақсаты: Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық пікірі мен кәсіби өзін-өзі анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру. Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын тәрбиелеу; табиғатқа аялы қарым-қатынасын, оның байлығын еселеу ұмтылысын қалыптастыру; балалар мен жастарда экологиялық сауаттылықтың «экологиялық санасының» жоғары деңгейін, табиғат пен қоғамның экозволюциясын қабылдау қабілетін дамыту және күнделікті өмірде оларды басшылыққа алуы үшін жағдай туғызу.

*Алтыншы бағыт* – *көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.* Бұл бағыттың мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

*Жетінші бағыт* – *зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.* Бұл бағыттың мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру; балалар мен жастардың тұлғалық ұстанымдарын жаңаңдыру, ақпаратпен жұмыс жасауда функционалдық дағдыларын, ақпараттық өзара әрекеттесуде этикалық нормалары мен құндылықты мақсаттарын қалыптастыру.

*Сегізінші бағыт* – *дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.* Бұл бағыттың мақсаты: салауатты өмір салты, дене дамуы және психоло-

гиялық денсаулық сақтау дағдыларын ойдағыдай қалыптастыру, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігі үшін кеңістік орнату.

Тұжырымдамада көрсетілген тәрбие бағыттары бойынша ғылыми - зерттеу жұмыстары алыс және жақын шетел ғалымдары, еліміздегі зерттеулер, ғылыми еңбектерінде тәрбиенің негізгі бағыттарын, тәрбие үдерісінің өзіндік ұстанымдары мен тәрбиенің қоғамда атқаратын қызметіне қарай, өзіндік ерекшеліктері жан - жақты зерттелген. Көптеген ғалымдардың еңбектерінде тәрбиенің мәдениет тұрғысынан да қарастырады.

*Кесте 3- Тұжырымдамада көрсетілген тәрбие бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдар*

№	Бағыттары	Зерттеуші ғалымдар
1	Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша	К.Құнантаева, И.Б.Мадиян, С.Ешімханов, И.Р.Халитова, С.Ғаббасов, Ә.Жұрмаханов, Е.Ө.Жұматаева, К.К.Жампиева, Е.З.Батталханов, С.Т.Иманбаева, А.Бейсенбаева, Р.Мұратханова, Н.Ә.Мұхамединова, Р.А.Жанабаева, С.Ешімханов, М.В.Зима, Д.Құсайынова, И.И.Валеев, Г.Н.Волков, Н.Ромашов, С.Нұрмұқашева, В.Г.Храпченко, Е.О.Омар т.б.
2	Рухани-адамгершілік тәрбие мәселесіне байланысты	Қ.Б.Бержанов, С.Мусин, Қ.Б.Сейталиев, Э.А.Орынбасарова, А.А.Калужный, А.Н.Ильясова, Р.К.Төлеубекова, Е.Жұматаева, Ш.Майгаранова, А.А.Бейсенбаева, А.Ким, Б.І.Иманбекова, Н.С.Алқожая, А.Е.Дайрабаева, Ж.Б.Қоңыбаев, Р.М.Қоңыбаев т.б.
3	Ұлттық тәрбие	А.Э.Измәйлов, Г.Н.Волков, А.Ш.Ғашимов, К.Нирлиев, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, Қ.Болеев, С.Ғаббасов, С.Кенжеахметұлы, С.Қ.Абидина, К.Қожахметова, Ә.Табылдиев, С.Т.Иманбаева, Г.Қ.Шолпанқұлова, Д.А.Нұрғалиева т.б.
4	Отбасы тәрбиесі	Г.Байдельдина, Н.Тригунова, Б.Мұқанова, С.Қоңырбаева, А.Каленова, А.Шумбаева, Г.Сейдалиева, К.Құмаржанова, Ж.Торыбаева т.б.
5	Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Ә.С.Бейсенова, А.С.Иманғалиев, Л.Х.Мажитова, О.У.Мұсабеков, Б.А.Абдыкаримов, Г.А.Уманов, Г.Т.Хайруллин, М.А.Құдайқұлов, К.Ә.Дүйсенбаев, К.Өстемиров, Р.А.Дарменова, С.А.Жолдасбекова, Н.Б.Рахметова, Х.К.Шалғынбаева т.б.
6	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	Ж.Ж.Наурызбай, С.А.Ұзақбаева, Р.Қ.Дүйсембінова, Б.А.Жетпісбаева, М.Қ.Қаламқалиева, М.С.Юнусова, М.Р.Балтабаев, С.Қ.Абылдина, З.Б.Қабылбекова, Г.К.Тлеужанова, Абсаттова М.М., Т.Ш.Оралбекова, Қ.Базарбаева т.б.
7	Зияткерлік тәрбие	Г.Қ.Нұрғалиева, Ф.Ш.Оразбаева, С.Т.Иманбаева, А.Е.Берікханова, Г.К.Шолпанқұлова,

	ақпараттық мәдениет тәрбиесі	Т.Қ.Ауелғазина, К.З.Халықова, Д.А.Нұрғалиева, С.Махмұтов, т.б.
8	Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	М.Тәнікеев, Б.Төтенаев, Ж. Божиг т.б.

**4.4. Тәрбиенің заңдылықтары.** Заңдылық ретінде біз тәрбие үрдісіндегі тұрақты құбылысты қарастырамыз, оны іске асыру кезінде жеке тұлғаның дамуында және қалыптасуында әсерлі нәтижелерге қол жетеді. Тәрбие процесінің бірнеше ерекшеліктері бар. Олар педагогикалық заңдылық ретінде көрініс береді.

Заңдылық дегеніміз – қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін, заң аясынан шықпайтын құқықтық әрекеттер мен құқықтың орындалуына саналы түрде жету.

Тәрбиенің педагогикалық заңдылығын объективтік, жеке адамның еркіне бағыныссыз, тәрбие үдерісінде өзіндік тұрақты қасиеті бар көрініс деп білеміз.

Заңдылықты айқындау дегеніміз педагогикалық үдерісті (идеалдық) мұлтіксіз жоспарлау, сөйтіп тәрбиені бақылап, басқарудың ғылыми жүйесін тәжірибеге енгізуге байланысты атқарылатын іс-әрекет.

Тәрбие жұмысының заңдылықтарына баланың үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы; тәрбие мен дамудың бірлігі және өзара байланыстылығы; тәрбие мен өзін - өзі тәрбиелеудің бірлігі және өзара байланыстылығы т.б. жатады.

*Тәрбие ісінің қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажетін өтеуге сай келуі,* оның демократиялық принципті іске асыруы, адам құқығын қорғау мәселелері мен тығыз байланыстылығы.

Осы заманғы тарихи жағдайларға байланысты халықаралық қауымдастық дүниежүзі тарихында халықаралық стандарт болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамның негізгі құқығы, бостандығы ашылып көрсетілген ("БҰҰ адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы", "Бала құқықтарының Конвенциясы") құжаттарды жасады. Олар осы заманғы тәрбиенің теориясы мен методологиясымен, тәрбиенің мұраттарымен рухани құндылықтарының үлгісін жасауға жаңаша бағыт белгіледі.

*Тәрбие үдерісінің диалектикасы.* Тәрбие үдерісі өзінің жаратылысы жағынан диалектикалық болып келеді. Ол жеке тұлғаның үздіксіз дамуда, өзгерісте, қозғалыста болуына байланысты. Тәрбие үдерісінің негізі өмірде кездесетін себептерге байланысты дамып, өзгеріп отырады, сондай-ақ ол баланың жас ерекшеліктеріне де байланысты дамуда, өзгерісте, өсуде болады. Тәрбие үдерісінің диалектикасы дамудың ішкі және сыртқы қайшылық заңдылықтарына бағынады. Дамудың ішкі қайшылығының бірі - жеке тұлғаның даму үдерісінде білуде құмарлығы мен білмейтін жұмбақ істердің арақатынасынан туындай-



ды. Ал сыртқы карама-қайшылықтарды жеңу ісі де тәрбие үдерісінің қозғаушы күші болып саналады.

*Оқушылардың жас және жеке жеке басы ерекшеліктерінің іскеру негізіндегі тәрбиенің тұлғалық бағыттылығы.* Педагогикалық қамқорлықтың ең жоғарғы мақсаты мен мәні бағдарлама, іс-шаралар, түрі мен әдіске қол жеткізу емес, баланың, жасөспірімнің, жас жігіттің өзі болуы керек. Олардың даралығын, өзіндік мінез-құлықтарын, өз бойындағы қасиеттерді сезінуін биік руханилыққа жетістіктерге дейін дамыту керек.

*Тәрбиенің екі жақты сипаты.* Тәрбиеші тәрбиеленушіге дейінгі тікелей байланыс арқылы іске асырылатын әрекет. Тәрбиешінің қолында кері байланыс арқылы жинақталған хабар неғұрлым көп болса, тәрбиелік ықпал соғұрлым мақсаттылықпен іске асырылады. Бұл заңдылық мұғаліммен оқушының өзара әрекеттесуін және тәрбиенің нәтижелі болуын қарастырады. Егер тәрбие үрдісіне қатысушылардың өзара байланысы нәтижелі болмаса, тәрбие ісінің тұтастығы да болмайды. Бұл заңдылықтың нақты көрінісі оқушының сабақ үстіндегі белсенділігімен тәрбие нәтижелерінің арасындағы байланыс арқылы көрініс табады: тәрбиелік қызмет неғұрлым қарқынды, саналы түрде жүргізілсе, соғұрлым тәрбиенің сапасы жоғары болады. Ендеше, тәрбие үдерісінде мұғаліммен оқушының екіжақты байланысты қызметін сипаттайтын өзара тұрақты әрекеттестікті жүзеге асыру талап етіледі. Бұл үшін тәрбиешінің өз шәкіртің жақсы көруі және тәрбиеленушінің жеке басын жоғары адамгершілікпен бағалай білуі қажет.

*Тәрбиеге еріктілік және шығармашылық көзқарас.* Тәрбие үдерісі ізгілікке септігін тигізеді. Тәрбиеленушілердің өзіндік ізгі еркі болмайынша, тәрбиенің негізгі идеяларын: даму идеясын (кедергілерді жеңе білу, өзін көтеру), ынтымақтасу идеясын жүзеге асырудың үлгісі бола алмайды. Тәрбие үрдісі күштеумен жүргізілетін болса, онда бала да, мұғалім де адамгершілік тәрбиесі күйрейді. Тәрбиеші баланың қызығушылығына, ой-қиялына, азаматтық борыш сезіміне, өз бетінше әрекет етуге тырысушылығына, шығармашылығына сүйенген жағдайда ғана тәрбиеленушінің еркіндігі көрініс табады.

*Тәрбиенің ұжымдық бағыттылығы.* Бұл заңдылық әзірге мектеп өмір сүріп отырған жағдайда өзінің мәнін жоғалтпайды. Мектептің жаңа ұйымдастырушылық құрылымы, оқу-тәрбие үрдісінің мақсаты мен мазмұны, оқушылар мен жүргізілетін жекелей, топтық, сонымен қатар ұжымдық іс-әрекетті сол қалпында сақтауды қажет етеді.

Әрбір адам ұжымда қолайлы жағдайға ие болу үшін және өзінің жеке қабілетін айналасындағыларға көрсете білу үшін аз болсын, көп болсын, өзінің күш-қуатын жұмсауға тырысады. Соңымен бірге, бұл жағдайға бару жұрттың бәрінің қолынан келе бермейді. Оған түрлі субъективті және объективті себептер кедергі болады. Кез келген адам өзінің бойындағы табиғи мүмкіндіктерін табысқа жету үшін пайдалана

бермейді, ұялшақтықты жеңе білмейді, ұжым мен құндылық бағдардағы пікір қайшылығына сын көзбен қарай алмайды.

**4.5. Тәрбие үдерісінің жалпы ұстанымдары.** Оқушыларға тәрбие беруде тәрбие заңдылықтарын және ұстанымдарын нақты айқындау педагогикалық үдерісті сапалы ұйымдастыруға негіз болып табылады. Тәрбие ұстанымдары – ғылыми ойдың, түсініктер мен категориялардың, заңдылықтардың жиынтығы.

*Тәрбие ұстанымдары* – (лат. - негіз), бастапқы белгілі бір теорияның негізгі, бастау боларлық жағдайлары, басшылық ететін идеялары, негізгі мінез-құлық ережелері, әрекеттері мензеледі. Н.Болдырев «Тәрбие үдерісі – тәрбие мазмұнының ұйымдастырылу бағыттарын анықтайтын, басшылыққа алынған идеялардың жиынтығы», - атап көрсетеді. Оқушыларға тәрбие беруде жоғарыда берілген тәрбие заңдылықтарына сәйкес негізгі ұстанымдар басшылыққа алынады. Олар, тәрбиенің мақсаттылығы, тәрбиенің өмірмен байланысы, оқушының жас және дара ерекшелігі, талап қою арқылы дамыту, тәрбиенің жүйелілігі, бірзіділігі және үздіксіздігі, тұлғаны ұжым арқылы тәрбиелеу, мектеп, отбасы және әлеуметтік ортаның бірлігі.

*Тәрбиенің мақсаттылығы* - тәрбие жүйесінде негізгі ұстаным болып табылады. Мәдениетті тұлғаны қалыптастыруда алдымызға мақсат қою арқылы, негізгі міндеттерді белгілей отырып, мазмұны айқындалады. Патриоттық тәрбие тұрғысынан алатын болсақ – егемен еліміздің бейбітшілігі мен тәуелсіздігін, ұлтаралық мәдениетті, ұлттар достығын қалыптастыратын тұлғаны тәрбиелеу көзделеді. Тәрбие ұстанымдары бір-бірімен тығыз байланыста дамиды.

*Тәрбиенің өмірмен байланысы* тұлғаны жастайынан шынайы өмірмен тікелей байланыста болуы, қоғамдық ағымдағы тарихи болмысты меңгеруі оның туған ел мен жер тарихына деген қызығушылығын тудыру арқылы, патриоттық сезімді қалыптастыруға игі ықпал етеді.

*Тұлғаның жас және дара ерекшелігі* негізгі ұстанымдардың бірі болып табылады. Тәрбие мазмұны тұлғаның жас және дара ерекшелігіне лайықты, олардың қабылдауына түсінікті берілген жағдайда ғана біз алдымызға қойған мақсатымызға жетеміз.

*Талап қою арқылы дамыту ұстанымы* тұлғаның жас және дара ерекшелігін ескере отырып мектеп оқушысы ережесін, өзіне жүктелген міндеттерді орындау, өзінің іс-әрекетіне есеп бере отырып, ерік, жігерін қалыптастыру.

*Еңбек арқылы тәрбиелеу* ұстанымы қазіргі нарықтық заманда және жаңа ақпараттық даму үдерісінде әлемдік білім кеңістігіне шығу үшін және сапалы өмір сүруге дегенді қамтамасыз етеді.

*Тәрбиенің жүйелілік ұстанымы* тәрбие беру үдерісінде, баланы отбасынан бастап, мектепке дейінгі мекемелер, мектеп, қосымша білім

беру мекемелері т.б. жас және дара ерекшеліктеріне негіздей отырып жүргізу арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға болады.

*Тұлғаны ұжым арқылы тәрбиелеу* қазіргі көп ұлтты Қазақстан халқы үшін өте қажет деуге болады. Бала жастайынан қоғамдық қатынастарға түсу арқылы қоршаған ортамен қарым-қатынасы қалыптасады. Ұжымда баланың тұлғалық қасиеті көрініс береді. Ұжымда бір-біріне деген көмек, достық, мейірімді қатынастар арқылы олардың мінез-құлқы қалыптасады.

*Мектеп, отбасы және әлеуметтік ортаның бірлігі ұстанымы* тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін бірден-бір күш деуге болады. Мектеп, отбасы және әлеуметтік орта жүйелі түрде бір мақсатқа негізделген тәрбие беру үдерісі негізінде жүзеге асырылса біз қоғам талабына сай тұлғаны қалыптастыруға қол жеткіземіз. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруде тәрбиенің негізгі ұстанымдары тәрбие беруді ізгілендіру; даралық ұстанымы, тәрбие берудің үздіксіздігі мен жүйелілігін сақтау ұстанымы арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру мүмкіндіктері негізгі орын алады.

**4.6 Ұлттың тәрбиелік әлеуеті.** Кез келген халықтың рухани-адамгершілік өмірінде *халықтық педагогика* бай және сан-алуан, өйткені ол түрлі этникалық ұлыстардың мыңдаған жылғы тәжірибесімен жасалған педагогикалық мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Халықтық дәстүрлер әрқашан адамзаттық дамудың барысында, өзін этикалық халықтық сананың табиғи құрамдас бөлігі екенін көрсетті. Соған қарамастан дәстүрдің ескісі мен жанасы да өзгеріске ұшырауда. Бірақ олардағы басты нәрсе - өтіп бара жатқан ұрпақ пен келер ұрпақтың арасындағы жаңды байланыс болып сақталып келеді. Сондықтан да осы заманғы тәрбиенің мәні - халықтардың озық ізгілік дәстүрлерін қайта жандандыру арқылы ұрпақтардың адамгершілігін нығайту болып табылады.

*Ұлттық мәдени құндылықтарды тәрбиелеу жүйесінде қолдану.* Еліміздегі бейбітшілік пен ұлтаралық бірлік, ішкі және сыртқы саясат мәселелері, соның ішінде ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру мәселесі негізгі орын алады. Сондықтан да, біздің алдымызда тұрған негізгі міндет ұлттық мәдениет пен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру.

Бүгінгі ХХІ ғасыр жастарына тәрбие беру көне түркі тектес халықтар дәуірінен бастау алады дейтін болсақ, тәрбиенің негізгі көзіне – көне тастағы жазбалар, халық ауыз әдебиеті мұралары, этнографиялық материалдар, халықтық салт-дәстүрлер, отбасы тәрбиесі жатады.

Ұлттық тәрбиенің мақсатына тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу.

Жалпыадамзаттық құндылықтар - адам өмірі, бостандық, отбасы, қарым - қатынас, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, тәуелсіздік, махаббат, заңдылық, еркіндік, мәдениет, бейбітшілік, денсаулық және т.б.

Жоғары сапа деңгейіндегі ХХІ ғасырдағы немесе әлемдік жүйедегі құндылықтар - адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, өркениет, әлемдік мәдениет және т.б.

Әлеуметтік құндылықтар - әлеуметтік орта, бедел, намыс, абырой, парыз, қарыз, тұрмыс, теңдік, еркіндік және т.б.

Рухани адамгершілік мәдени құндылықтар – өнер, мәдениет, әдебиет, тарих, тіл, діл, ар, ұят, дәстүр, әдет- гұрып, салт, ұлттық дүниетаным, туыстық қатынастар, Отан, Ана, Жер және т.б.».

Ғалымдардың құндылық ұғымына берген тұжырымдары тұлға бойындағы рухты қалыптастыруға бағытталады. Рухи күшті халық тұрғанда жер де, ел де бар, халық бар, оның тілі мен мәдениетін дамиды, рухын биіктеп, әлемдік өркениет көшіне ілесі алатын мәңгілік елге айналады.

*4.7. Тәрбиенің замануи тұжырымдамалары мен бағдарламалары.* Еліміз егемендік алғаннан кейін ұлттық тәрбие мәселесіне бағытталған ғылыми зерттеу жұмыстарына аса мән берілді. «Қазақ мектептері мен мектепке дейінгі балалар мекемелеріне имандылық-эстетикалық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы», «Қазақстан Республикасы мәдени-этикалық тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы тарихи сананы қалыптастыру туралы тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі тәрбиенің кешенді бағдарламасы» т.б. құжаттар дайындалды.

Тәрбие мәселесіне байланысты тәрбие тұжырымдамасы үш рет қабылданғаны белгілі. Алғаш рет 1995 жылы ұлттық тәрбиеге негізделген тәрбие тұжырымдамасы қабылданып, аталған құжатқа негізделген үздіксіз білім беру жүйесіне тәрбие жүйесі құрылды. 2009 жылы 12 бағыттан тұратын «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы», 2015 жылғы «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» 8 бағыттан тұратын тәрбие тұжырымдамасы оқу тәрбие жүйесін жандандырды. Ұлттық негіздегі төл оқулықтар, оқу құралдары енгізіле бастады. Оқу-тәрбие жүйесінде ерекше даму үдерісі басталды.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің 1995 жылы қабылдаған *“Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында”* отбасы, мектепке дейінгі, мектептегі тәрбиенің сындарлы жүйесі жасалды. Тұжырымдамада жас ұрпаққа имандылық, адамгершілік, еңбексүйгіштік, патриоттық, ерлік, эстетикалық тәлім-тәрбие беру мәселелері жан-жақты қамтылған. Тәлім-тәрбие тұжырымдамасында қазақ халқының жауынгерлік және ерлік тарихын, ұрпаққа ерліктің өшпес үлгісін қалдырған қас батырлардың өмір-өнегесімен таныстыру; өз жерін, елін қорғай алатын елжанды, ұлттық намысы мол жігерлі азаматтар тәрбиелеу, ғасырлар

бойы қалыптасқан ұлттық ерекшеліктер, салт-дәстүрлерді бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға аса мән берілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2015 жылы ұсынған «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» болашақ қазақстандық жастар патриот, білімді, дені сау, жауатты және жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты қызмет ететін, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген, қазақ халқының құндылықтары мен мәдениетін сіңірген, толерантты, дүниежүзіне танымал және мәртебелі, хәсіби құзыретті болады деп атап көрсетеді. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясында және Қазақстандық қоғамдағы заманауи әлеуметтік-мәдени трансформацияны ескере отырып әзірленген.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдықтарын, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуын, патриотизмге, еңбексүйгіштікке, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеуді көздейді. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы аясында мемлекеттік саясат, қоғамдық талаптар, отбасылық тәрбие құндылықтары және тұлғаның жеке мүдделері мен максаттарының теңгерімі негізінде, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің өзара кіріктірілуі арқылы тәрбиенің әдіснамасын, мазмұнын жаңартуға, білім беру жүйесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға бағдарланған.

Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің “Тәлім-тәрбие тұжырымдамасын” негізге ала отырып мектептегі, балабақшадағы тәрбие жұмысын жетілдіруге арналған республика ғалымдарының бірнеше бағдарламалары жарыққа шықты. Б.Баймұратова, М.Сәтімбекова, Ә.Әмірова т.б. басшылығымен мектепке дейінгі тәрбиеге арналған “Балбөбек” бағдарламасы тұңғыш дүниеге келді. Сондай-ақ, Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. “Ұлттық мәдениет тарихы”, “Қазақ мәдениетінің тарихы”, “Қазақ этнопедагогикасы” т.б., Оразев М., Смаилова М.Ж. “Қазақ халқының салт-дәстүрлері”, С.Қ.Қалиев, С.Т.Иманбаева С.М.Төрениязованың “Болашақ” оқушылар ұйымының Ережесі, М.Құрсабаевтың “Атамекен”, З.Ахметованың “Қаусар бұлақ”, М.Х.Балтабаевтың “Елім-ай” т.б. бағдарламалары жоғары, орта оқу орындарындағы және мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұлттық бейнеде ұйымдастыруға үлкен ықпалын тигізді.

Сонымен қатар, тәрбиеге байланысты Ресей Федерациясында жеке авторлық тұжырымдамалар Е.В.Бондеревская, Н.Е.Шуркова, И.Я.Зимняя, И.М.Ильинский т.б. Қазақстанда С.Қ.Қалиевтің, Қ.Б.Жарықбаевтың, Ж.Ж.Наурызбайдың, К.А.Оразбековның, С.А.Ұзақбаеваның, Р.К.Төлеубекованың, С.Т.Иманбаеваның т.б. бүгінгі тәрбие үдерісін жандандыруға игі ықпал етуде.

*Ж.Ж.Наурызбайдың* «Қазақстан Республикасы азаматтарына мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасында» өзекті негізгі мәсе-

де - жан-жақты мәдениетті тұлға деп өз мәдениетіне де, өзге мәдениетке де тәнті адам, төл мәдениетті терең білу оған басқа мәдениеттерге қызығушылыққа іргетас қаласа, көп мәдениетті білу өз мәдениетін мақтан тұтуға негіз салады деген қағиданы іске асыру көзделеді.

*С.А.Ұзақбаеваның тәрбие тұжырымдамасында* жеткіншек ұрпақты халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу, халықтық педагогика идеяларын, ұғымдарын, әдіс-тәсілдерін, тәрбие құралдарын жан-жақты зерттеп, оны эстетикалық тәрбие беру бағытында пайдалану жолдарын ашып береді. Халықтық педагогика тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан-ұрпаққа халық шығармашылығы поэтикалық, музыкалық, сәнді-қолданбалы өнер арқылы беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан халықтық педагогиканың мақсатын ашып көрсетеді.

*Г.К.Нұрғалиеваның тұжырымдамасында* еркін және рухани, ізгі, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеу ұстанымдары негізінде әр жеке тұлғаның өзіндік менін көрсету, соған дағдыландыру, қоғам алдындағы жауапкершілік, қоғамдық тәжірибені игеру, мейірімділік, ізгілік қасиетті құру және дамыту, адамдарды табиғи қалпында қабылдау, адамдардың бойындағы жақсы рефлексік қасиеттерді қалыптастыруға мән беріледі.

*Ұстаз Күлзеш Тынысбекованың тәрбиелік тұжырымдамасы* ұлттық тәрбиені негізге ала отырып, халықтық дәстүрлерді пайдалану арқылы ер бала тәрбиесін дұрыс бағытқа қою, себебі, ер балалар тәрбиесін отбасында, балабақшада, мектепте әйелдер атқаратыны, ер баланың психологиясы әкеден гөрі анасына жақын келетіні ескере отырып өз тұжырымдамасын ұсынады. Мектептегі ер мұғалімнің санының аздығы да бұған ықпалын тигізіп отыр дей келе, оқу-тәрбие үрдісінде ер бала тәрбиесіне байланысты жүргізілетін тәжірибесін ұсынды: әкелер өсиеті, “әкеге қарап ұл өсер” дегендей ер-азаматқа тән қасиетті бала бойына сіңіру; ерлерге тән салт-дәстүрлер, ер баланың отбасындағы қоғамдағы ролін ашып көрсетеді. Ер баланың сол әулеттің мұрагері, қара шаңырақ иесі болып саналатынын, қартайған әке-шешені бағылқау ер балаға аманат екенін түсіндіреді. Бұл - қазақ халқының аталан-балаға жалғасқан озық дәстүрлері; “ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сактар”- ата-бабаларымыздың ерлік пен батырлығын бағыттайтын бағыт; сөз өнері, шешендік өнердің тәлімдерімен тәрбиелей отырып, әр оқушының өзіндік ерекшеліктерін ашу; ұлттық ойындарды ұсына отырып азамат тұлғасын қалыптастыру көзделеді.

*А.Миразованың тәрбиелік тұжырымдамасы.* Тәрбие жана мазмұнға ие, мектептегі пән сабақтары негізінде іске асыру, бүгінгі заман талабына сай тәрбие мазмұны тәрбиенің өмірмен байланысы, оқушының жас және дара ерекшелігі, талап қою арқылы дамыту, тәрбиенің жүйелілігі, бірізділігі және үздіксіздігі, тұлғаны ұжым арқылы тәрбие-

леу, мектеп, отбасы және әлеуметтік қоғамның даму ерекшелігімен бірге ұлттық ерекшеліктер өзара бірлікте даму, жетілдіріліп отыру көзделген.

*Мәжзит Өтештің тәрбиелік тұжырымдамасы.* М.Өтештің басқарған мектептері негізінен физика - математикалық мектептер жүйесі болып табылады. ХХІ ғасыр, әлемдік жаһандану үрдісі кезінде қоғамның белсенді және ұлттық, жалпыадамзаттық мәдениетті дамытушы, білім және тәрбиемен қаруланған, бүгінгі қоғамға еркін араласа алатын тұлғаны қалыптастыруға аса мән берілген. Тұлғаның бойында қалыптасатын негізгі құндылықтар жүйесі: әлеуметтік белсенділік, жоғары адамгершілік, ізгілік қасиеттер, құқықтық сауаттылық, зиялы ұрпақты қалыптастыру көзделеді. Аталған жүйенің негізі ұлттық тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. М.Өтеш басқарған, негізін салған мектептердің тұлғаларының жартысы алтын белгі иегерлері.

Ресей ғалымдары тұжырымдамалық негізіне тоқталатын болсақ тұлғалық қасиеттің өзегі деп Ш.Аmanoшвили махаббат қажеттілігі; И.С.Кон үлкендерді құрметтеу, А.В.Петровский тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру қажеттілігі, А.В.Мудрик жеке тұлғаның өз мүмкіндіктерін іске асыру деген тұжырымдары беріледі. Тұлғаның бойындағы тәрбиелілік тұлғаның іс-әрекеті кезіндегі мәдениеттілігі, бойындағы құндылық іс-әрекеті арқылы көрініс береді. Қазіргі ғылыми педагогиканың бұрынғыдан артықшылығы тұлғаға қатынас субъект-объект-субъект тұрғысынан ықпал ету қарым-қатынас жүйесі негізінде іске асып отыр.

В.П.Беспалько тұлғаға білім мен тәрбие беруде алдыға қойған мақсаттың нақты болуына аса мән береді. Тұлғаның сапалық қасиетін нақты анықтау, қалыптасу барысында өзіндік даму ерекшеліктерін білу зерттеу жұмысын нәтижесінің дәлдігіне мүмкіндік беретініне тоқталады. Мектептің педагогикалық жүйесінде педагогикалық әдіснаманың негізгі тұғыры тұлғаға ықпал ету арқылы оның сапалық қасиетін ашу мүмкіндігінің мол екенін ашып көрсетеді. Автор тұлғаның негізгі қасиеттерінің құрылымдық жүйесін А.Н.Леонтьев, К.К.Платонов, А.В.Петровский т.б. ғылыми тұжырымына сүйеніп отырып ұсынады: негізгі қасиеттері әлеуметтік, тәжірибе, интеллектуалдық, генетикалық, сапалық қасиеттері, белгілері атап көрсетеді.

Тұлғаның бойындағы құндылықтарды қалыптастыруда А.Н.Леонтьев, К.К.Платонов, А.В.Петровский ұсынған тұлғаның бойында болатын құндылықтар жүйесі негізгі орын алады. Автор ұсынған тұлғаның дүниетанымдық көзқарасын қалыптастырудың негізі болып табылатын философиялық, жалпығылыми көзқарастары, идеялық сенімі, адамгершілік дүниетанымы т.б., адамгершілік сапасын қалыптастыратын Отанға деген сүйіспеншілік, еңбек адамдарына құрмет, жоғары қоғамдық сана, адалдық пен тазалық, қарапайым-

дылық, қоғам үшін адал еңбек ету, т.б. ұстанымдарын зерттеу жұмысымыздың теориялық және практикалық негізін айқындайды.

*Н.Е.Шуркованың тәрбие тұжырымдамасында* тәрбиені мәдениет тұрғысынан қарастырады. Тәрбиелік іс - әрекетті әлемдік қоғамдық қауымдастыққа кіріктірілуі арқылы ізгілендіру бағытын қолдайды. Тәрбие мазмұнында мәдени құндылықтарды жүйелі түрде сабақтастыққа іске асыруды көздейді: табиғат әлемі; адам өмірі; қоғамдық өмір; тұлғаның ішкі жан дүниесі т.б. Тәрбие іс - әрекетінің нәтижесі - тұлғаның қоршаған ортаға, мәдени құндылықтарға мақсатты бағытталған, өзін - өзі жетілдіруі деп бағалайды.

*И.А.Зимняяның тәрбие тұжырымдамасында* тәрбиені тұлғаның әлемге қатынасын қалыптастыру үдерісі тұрғысынан қарастырады. Ғалым қарым - қатынасты құндылықты қалыптастыру механизмі деп түсіндіреді. Адамның әлемге қатынасын қалыптастыру үдерісіне тәрбие жүйесінің 5 компонентін ұсынады: мұғалімнің тұлғасы және іс - әрекеті; тәрбиелік ортада әлеуметтік даму жағдаяттарды дұрыс ұйымдастыру; ынтымақтастық; қарым - қатынас; тәрбие субъектісінің белсенді іс - әрекеті.

*И.М.Ильинскийдің тәрбие тұжырымдамасында* ұрпақтар сабақтастығы негізінде тәрбие беру мәселесі қамтылады. Тұжырымдаманың мазмұны тәрбие кеңістігін құруға, тұлға мен қоғамның қызығушылықтарының бірлігі, дүниетаным мен ізгілендіру құндылықтарына негізделеді. Тәрбиенің негізгі мақсаты табысқа және жеңіске жетуге ұмтылатын, өмірге икемі бар, өзгермелі жағдаяттардан шыға алатын, жауапты, іскер, белсенді азамат - тұлғаны қалыптастыру.

Жоғарыдағы тәрбие тұжырымдалары үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие үдерісін жандандыруға іргелі үлес қосып отыр. Қазіргі таңда мемлекеттік деңгейдегі ұсынылған тұжырымдамаларды басшылыққа ала отырып, әр оқу орны, білім беру мекемелері аймақтық ерекшеліктерді негізге ала отырып өздерінің тұжырымдамалары бойынша жұмыс атқарулары да тәрбие жұмысын жандандыруға іргелі үлес қосады.

**4.8. Тұлғаны өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу үдерісінің мазмұны.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінде» елімізде он мегапәндік және тәрбиелік әлеуеті бар «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы қабылданды деп атап көрсетеді. Бағдарлама білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының барлық салаларын қамтиды және тиісінше іске асырылған жағдайда қоғамда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғырту механизмдерінің мықты катализаторы рөлін атқара алады. Әлемдік білім беру кеңістігінде тәрбие теорияларының шабыттандыратын ең соңғы идеялары қолданылған, халықтық педагогиканың көп ғасырлық тәжірибесіне негізделген «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағ-



дарламасының аналогы жоқ. Ол балалар мен оқушы жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің үздіксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз етеді. Жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы ізгі ниетті және адамгершілік қасиеттері бар лайықты азамат тәрбиелеуге ықпал етеді.

Үздіксіз білім беру жүйесіне «Өзін - өзі тану» пәнін енгізу арқылы тұлғаның “өзін-өзі тану”, “өзін-өзі бағалау”, “өзін-өзі жетілдіру”, “өзіне-өзі сену”, “өзін-өзі дамыту” сынды қасиеттерді меңгерту, бойына сіңіру баса назар аударылуда. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру жүйесінде оқытылып жатқан «Өзін-өзі тану» пәнінің тұлғаның рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда маңызы ерекше. «Өзін - өзі тану» пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2010 жылы 15 қаңтарда № 6 бұйрығымен І-ІІ сыныптарға енгізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен 2012 жылы 29 маусымда № 873 бұйрығымен «Өзін - өзі тану» пәнінің кешенді типтік бағдарламасы оқу - әдістемелік құралдар білім беру жүйесіне енгізілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылы 15 қаңтарда №11 бұйрығымен «Өзін - өзі тану» бойынша рухани - адамгершілік білім берудің республикалық кеңесі құрылды.

«Өзін - өзі тану» пәні тұлғаның бойындағы рухани - адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады. Тұлға – бұл әлеуметтік байланыстардағы және әлеуметтік қатынасқа түсетін адам. қоғам мүшесі, оған қоршаған орта әсер етеді, ол саналы түрде адамдармен және әлеуметтік құбылыстармен қарым – қатынас орнатады. Қабылдау қабілеті әр адамда әр түрлі, бірақ жеке тұлға әлеуметтік ортада өзін дара ұстайды және өз қарым – қатынастары үшін есеп бере алады. Қазақстанда тұлғаның рухани - адамгершілік білімін дамытатын «Өзін - өзі тану» пәнін үздіксіз білім беру жүйесіне енгізу үдерісін теориялық және практикалық тұрғыда негізделді.

Бүгінгі бізге жеткен ауызша және жазба мұралардан қазақ елінің рухы биік халық болғанын аңғаруға болады. Рух дегеніміз адамның ішкі жан дүниесі арқылы көрініс бере отырып, бүкіл ұлттың бойына сіңісті болатын асыл қасиет (туған жерге, елге, Отанға деген сүйіспеншілік, ұлы бабаң аманаттаған жерді көзіңнің қарашығындай сақтау, тілге деген құрмет, ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді білу, оның аманат ретінде ұрпақтан - ұрпаққа жалғастыру т.б.) тұрғысынан бағалауға болады.

Руханилық ұғымы педагогикалық сөздікте “Руханилық – тұлғаның екі фундаментальды қажеттілігі себептерінің жүйеде көрінуі: идеалды таным қажеттілігі мен “басқалар үшін” өмір сүру мен қызмет ету әлеуметтік қажеттілігі. Руханилық категориясымен өмірді, өзін және өмірінің мақсатын және мәнін тану қажеттілігі астасалды. Адам қаншалықты осы сұрақтарға жауап іздесе және табуға тырысса, сонша-

лықты рухани болады”, - деп атап көрсетуі де жоғарыда ғалымдардың рух, руханилық ұғымының мәнін нақтылай түседі.

Құндылық кез - келген тұлғаның бойында қалыптасатын қасиеттердің негізгісі болып табылады. Құндылық тұлға, топ, әлеуметтік ортада адамгершілік ұстанымдар, мақсаттар, мен белгіленген әдістері және көрсеткіштермен нақтыланады. Тұлға бойындағы құндылықтар тұлғааралық қарым - қатынаста, іс - әрекетте, мінез - құлықта көрініс береді.

П.И. Пидкасистый құнды қатынастарды тәрбие үрдісінің мазмұны ретінде ұсынады. Қарым - қатынас - кез келген ұстаздың оқу - тәрбие үдерісінің негізгі ұстанымы болуы қажет екені белгілі.

П.И. Пидкасистый құндылықтарды төмендегідей бөліп қарастырады: құнды қатынастар - тәрбие үрдісінің мазмұны; адам құндылық ретінде; өмір құндылық ретінде; қоғам құндылық ретінде; еңбек құндылық ретінде; табиғат құндылық ретінде қарастырады.

Белгілі ғалым Н.Е.Щуркова адам мен адамзат үшін жасалатын құндылықтар жүйесіне: адам, өмір, табиғат, қоғам, жақсылық, ақиқат, сұлулық, еңбек, таным, қарым-қатынас, ойын, еркіндік, бақыт, ар-ұят, теңдік, әділеттілік, бауырластықты жатқызады.

Егемен еліміздің жастарын тәрбиелеуде әл-Фараби мұраларының да тәрбиелік маңызы аса зор. әл-Фараби артына үлкен педагогикалық мұра қалдырып отыр. Ғұламаның еңбектерінде педагогика ғылымының мәні мен мақсаттары, жалпы педагогикалық идеялары, дидактика проблемалары, педагогикалық идеяларының жаратылыстану ғылымдарында пайдалануы, әл-Фарабидің тармақтауы бойынша “Азаматтық философия екі түрге бөлінеді: оның біреуі арқылы жақсы әрекеттерді тудыратын және осы әрекеттердің себептерін анықтау қабілетін тудыратын жақсы әрекеттер мен мінез-құлықтарды танимыз. Осының арқасында тамаша нәрселер өзіміздің қасиетімізге айналады. Бұл түр этикалық өнер деп аталады.

Екінші түрі қағидаларды, сол арқылы тамаша көркемдікке ие болу, оны сақтай білу қабілетіне жететін қағидаларды біліп алуды қамтиды. Бұл түр саяси философия деп аталады”.

Оның мұраты бойынша педагогикалық категориялар арқылы адам бақытқа жетуі керек. Олар арқылы адам білім мен кіршіксіз таза-лықты меңгеруі керек.

“әл-Фараби – педагогика философиясының негізін салды”, - деп атап көрсеткендей, тәрбие философиясының негізін салушы да әл-Фараби болып табылады.

Ғұламаның “Білім мен тәрбие егіз” деген ұстанымды ұсына отырып, адам дүниеге келгеннен бастап бойына даритын 12 ізгі қасиетті ұсынады. Олар: денсаулық, ақылдылық, қоғамдық істерге бейім, ұғымтал, шыншыл, ар-намысы жоғары, есте сақтау қабілеті дұрыс, тілмар, еңбекшіл, жалған нәрселерге жирене қарау, әділ, әділеттілерді сүйу.

Бұл қасиеттер адамның бойында толық бола қоймас дейді ғұлама, бірақ, мүмкіндігінше осы қасиеттердің дәндерін тұлғаның бойына сіңіруіміз керек - деп, философиялық тұрғыда зерделейді.

әл-Фараби тәрбиеле бірінші орынға мінез-құлықты қояды, оны қалыптастыру үшін ерік, қайратты жетілдіруді қажет деп санайды. әл-Фараби трактаттарында адамның ақылы, ойлау қабілеті, мәдени дамуы, ғылыми өсуі туралы, қоғамдық дамуды әлеуметтендіру және ізгі мемлекет ілімін жасайды.

Сократтың пікірінше, моральдық өлшемдер – объективтік құбылыстар. Ал жақсылық пен жамандықтың арасындағы айырмашылық салыстырмалы емес, абсолютті бағытта болады. Жақсылық жасағанда, ол жақсылықтың мәні неде екенін білген дұрыс. Егер адамдар жақсылықтардың да, жамандықтың да не екенін, олардың табиғатын түсініп, билетін болса, онда олар еш уақытта да жамандыққа бармас еді. Жамандықтың өзі жақсылықтың не екенін білмегендіктен болатын құбылыс. Олай болса, адептілік дегеніміздің өзі - танып білудің салдары.

Шығыстың ғұлама ғалымы, философ әл-Фарабидің: «Жүрек – басты мүше, оны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді, бұдан кейін ми келеді, бұл да басты мүше бірақ мұның үстемдігі бірінші емес» - деген көзқарасымен сәйкес келеді. Абайдың он жетінші кара сөзінде ақыл, қайрат, жүрек туралы пікірін: «Осы үшеудің басын қоспақ менің ісім, бірақ сонда билеуші жүрек болса жарайды», - деп білдіреді. Бұдан біз, Абай мен әл-Фарабидің «Жүрек» туралы танымдарының негізі бір екендігін көреміз. Абай, әділет, ізгілік, шапағаттың мекені, көзі: жүрек деп түсіндіреді, ал бойында ақылы мен қайраты ғана бар кісі, үшеуінің (ақыл, қайрат, жүректің) басын қос деп, жүректі қосып, «соған билет (ақыл, қайрат, жүректі), «ақыл, қайрат, жүректі сол басшылық етсін дегенінен «толымды адам (ақыл, қайрат, жүректі)» қалыптастыруды көздейді.

Абайдың осы танымын мына бір нақыл сөзі де растай түседі: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек» – немесе «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті, Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек», -дегендегі тұжырымдар ойы да адамгершілік қасиет еді.

Қай ғасырда да болмасын тұлғаның рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негізгі орында тұрғаны белгілі. Еліміз егемендік алғаннан бері қоғамдағы рухани - адамгершілік мәселелерге байланысты үкімет тарапынан да, ғалымдар тарапынан да ғылыми ұсыныстар көптеп табылады. «Өзін - өзі тану» пәнін оқытуда жоғарыдағы ғалымдардың тұжырымдары, идеялары пәнінің теориялық тұжырымдарын айқындауға негіз болды.

Тұлғаның бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастыру, өзін - өзі тәрбиелеу мәселесі А.С.Макаренконың педагогиканың теориясы мен практикасында ғылыми тұрғыда негізделген. Оның ұстаз-

дық тәжірибесінен туындаған «Ұстаздық дастан», «Мұнара үстіндегі тулар», «Ата-аналарға арналған кітап» атты ғылыми еңбектері әлі де болса өзінің өзектілігін жойған жоқ. Оның тәрбиесіндегі алдына қойған негізгі ұстанымы тұлғаның ұжым арасындағы қарым - қатынасы, алдына қойған талаптарды нақты орындай білуі, өзін - өзі жетілдіруіне, ұйымдастырушылық қасиетінің дамуы негізгі орында тұрды.

А.С.Макаренко жеке тұлғаның сапалық қасиеттерін қалыптастыруды екіге бөліп, бірінші, барлық тұлғаларға ортақ сапалар болса, екіншісі, тұлғаның даралық сапасын дамыту үшін оның қабілеттерін ескеру керектігін қарастырды.

А.С.Макаренко еңбегінде, тәжірибесінде бүгінгі біз зерттеу нысаны етіп алып отырған өзін - өзі тәрбиелеу мәселесі қиын балаларды тәрбиелеуде сол тұлғаға деген сенімі арқылы іске асырылып отырады. Адамды құндылықтардың негізі деп қараса, еңбекті де негізгі құндылық деп қарады.

Жоғарыда П.И.Пидкасистый қарастырған құндылықтар жүйесімен ұштасып жатқаны байқалады. Еңбек тұлғаның психикалық, рухани дамуының негізгі көрсеткіші деп бағалай отырып, еңбекті өмірдегі негізгі құндылықтардың бірі, бала еңбекпен тікелей араласуы керек деген ұстанымды ұстады. Сонымен қатар, рухани - адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруда отбасы тәрбиесінің маңызын ашқан көрнекті ғалымдардың бірі болып табылады. «Ата-аналар кітабы», «Балаларды тәрбиелеу лекциялары» атты еңбектерінде отбасындағы бала тәрбиесінің нақты жүйелі түрде дұрыс ұйымдастыру арқылы азамат тұлға тәрбиелеудің мүмкіншілігі мол екенін практикалық тұрғыда дәлелдей білді.

Ресей ғалымы В.В.Воронов тәрбие үдерісінде тұлғаны қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеуінде тұлғаның білімділігі, интеллектуалды және дене дамуымен бірге дүниетанымдық көзқарасы мен адамгершілік тәрбиесін ұштастыра отырып жүргізгенде ғана жақсы нәтиже алатынымызға тоқталады. Тұлғаның рухани адамгершілік құндылығын қалыптастыруда әдептің негізгі орын алатынына аса мән берген. Ғалым адамгершілік тәрбиені тәрбиеленушілердің бойында адамгершілік білімді, сезімді және тәртіпті қалыптастырудағы педагогикалық іс - әрекет тұрғысынан қарастырады.

Дүниетанымдық көзқарас адамның санасындағы жалпы әлемдік түсінікті нақтылайды және іс - әрекетінің бағытын айқындайды деген тұжырымды бере отырып, әр жеке тұлғаның дүниетанымның қалыптасуы көп қырлы, күрделі үрдіс олардың өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным принциптерін қалыптастыртына аса мән береді.

Оқушылардың рухани - адамгершілік құндылықтарын өзін-өзі тану арқылы қалыптастыру дегеніміз – рухы биік, қайырымдылықты,

ізгілікті, тазалық пен арлылықты өз бойына сіңірген, елі мен жерін сүйетін, білімді менгерген тұлға деп қарастырамыз.

Қ.Б.Жарықбаевтың «Психология» атты еңбегінде өзін - өзі тәрбиелеу мәселелері бойынша бір адам тұйықтықтан, екінші адам орынсыз ұлшпақтықтан арылғысы келеді. Адамның өзін - өзі тәрбиелеуі оңайлықпен қолға түспейді. Адамның өзін - өзі тәрбиелеуі жан мен тәнді үнемі шынықтырып, жаттықтырып отыруды тілейді. Адам өзін - өзі тәрбиелеуде асқан шыдамдылық, қиыншылықтарға төзімділік, ерекше ұстамдылық танытып, ұзақ уақыт қажымай талмай ерінбей жалықпай жұмыс істей білуге машықтануы керек.

Балаң жастағылардың арасында ой - армандарын күнделік бетіне түсіріп отыруы да адамның өзін - өзі тәрбиелеу ісінде психологиялық жағынан құнды құжаттардың бірі. Күнделік арқылы өзімен - өзі мұлдасып, сырласады.

Өзін - өзі тәрбиелеу мәселесі имандылық пен адамгершіліктің биік принциптерімен ылғида ұштастырылса, жеке мүддені жұрт мүддесімен орайластырып, туған халқы мен отбасына адал қызмет ету, оларға ылғида борыштымен деу секілді ізгі ниеттерден туындап жатса, оның осы саладағы тыныс - тіршілігі мазмұны да, жемісті болады, өйткені борыш пен жауапкершілік, нарыз бен қарыз, ар - ұят, намыс сезімінің болуы өзін - өзі тәрбиелеу ісіне зор түрткі болып, кісінің қиыншылықтарға төзуіне және оларды жеңе білуіне, әркез жарқын да шат - шадымен өмір сүруге жету жолында күресіне демеу болып отыр деп атап көрсетеді.

Ғалым адам бойындағы асыл сезімдер адалдық, шыншылдық, бауырымдылық, ар ұят, намыс, т.б., осынау асыл арман, асқақ мұратқа жетуге демейтін қуат болса, адамдар арасында кездесетін мінездегі міндер сараңдық, пайдакүнөмдік, екіжүзділік пен мақтаншақтық, тақпарлық, жалқаулық қызғаншақтық, біздің бүкіл тәрбиесізге, әсіресе өзін - өзі тәрбиелеу ісіне кедергі келтіретін қырсық та жаман қасиеттер деп бағалайды.

Әсіресе ұлттық мінез, ұлттық болмыс, ұлттық психологияны зерделей келе халқымыздың кеңжазира даласы сияқты дархандығы, қонақжайлылығы, әр кез жақсылық жасауға, көл үшін беруге даяр тұратын қасиеттерін ерекше атайды».

Рухани құндылықтары қалыптасқан тұлға ізгілік, кісілік, мейрімділік, парасаттылық қасиеттері бойына сіңіре білген тұлға.

Жалпы өзіндік танымға қазіргі таңда ғалымдар өте жоғары деңгейде көңіл бөліп отыр. «Өзін-өзі тану» терминдерінің түсіндірмелі сөздігінде өзін - өзі тануға байланысты ғылыми негіздері нақты ашытып берілген:

Өзін-өзі тану: тұлғаның өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында өзі туралы нақты білім алуға бағытталған шығармашылық іс-әрекеті;

**Өзін-өзі тәрбиелеу:** Жеке тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі бақылау арқылы өзінің жағымды қасиеттерін жетілдіруіне және жағымсыз әрекеттерінен арылуға бағытталған саналы, мақсатты бағытталған іс-әрекеті.

**Өзін-өзі анықтау:** Өзін-өзі бағалау дәрежесі; тұлғалық бағыттының мазмұнды жағы; адамның қоғамда өзін-өзі тұлға ретінде анықтауы, оның әлеуметтік-мәдени құндылықтарға байланысты белсенді көзқарас ұстануы және осы арқылы өзінің өмір сүру мәнін анықтауы (болашаққа ұмтылу арқылы); қандай да бір проблемалық жағдайда өзіндік ұстанымын анықтау мен бекіту бойынша жеке таңдауын саналы түрде жүзеге асыру процесі мен нәтижесі; адамның ішкі еркіндігіне ие болуының және оны көрсетуінің негізгі тетігі.

**Өзін-өзі дамыту:** Тұлғаның рефлексия, жоспарлау, өзіндік даму нәтижелерін болжап білу сияқты психикалық көріністерінің негізінде жүзеге асатын өзін-өзі жетілдіру процесі.

**Өзін-өзі түсіну:** Табиғи, әлеуметтік және тұлғалық аспектілер бірлігінде субъектінің өзін-өзі түсіну мен қабылдау іс-әрекеттері.

**Өзін-өзі іске асыру:** Адамның өзінің тұлғалық мүмкіндіктерін, қасиеттерін, басқа адамдар арасындағы орнын саналы түрде дамыту процесі мен нәтижесі.

**Өзін-өзі жігерлендіру:** Жеке тұлғаның рухани және шығармашылық әлеуеті көрінісінің жоғары деңгейі, өзінің жеке тұлғалық мүмкіндіктерін толық анықтау мен дамытуға ұмтылуы; мүмкіндіктердің шындыққа айналуы.

**Өзіне-өзі қызмет ету** – тазалық ережелерін сақтау, өзінің киім-кешегін күтіп кию, тамақ әзірлеу, отбасы тұрмысында қарапайым еңбек ету.

**Өзін-өзі алдау** – өзінің шектеулерін дәл түсіне алмағандықтан адамның өзін - өзі алдауы. Өзін-өзі алдайтын адамда өзін-өзі қабылдау қабілеті болмайды.

**Өзін-өзі аңғару** – адамның өз бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре, аңғара білуі.

**Өзін-өзі билеу** – адамның кез келген жағдайда ешқандай сезім ықпалын ермей, ұстамдылық көрсетуі.

**Өзін-өзі тексеру** – субъектінің өз әрекеттері, психикалық үдерістер мен көңіл күйін жете ұғынуы және бағалай алуы.

**Өзін-өзі ұстау** – сезімге әсер етіп, істі кері кетіретін жағдайларда, адамның өз әрекетін дұрыс жүзеге асыра алуға қабілеттілігі. Өзін-өзі ұстауда осы іс-әрекетті реттейтін психикалық үдерістерді саналы-еріктік ұйымдастыру көрінеді. Өзін-өзі ұстай білу-адамның эмоциялық және әлеуметтік кемелділігінің көрсеткіші.

**4.9. Оқушының өмірлік өзін - өзі анықтауы. Тұлғаны әлеуметтік белсенділігі.** Қоғамдағы күрделі өзгерістер мектеп қабырғасынан шығатын оқушылардың тұлғалық сипатына мынадай талаптар

қояды: өз денсаулығын сақтап нығайтуда салауатты өмір салтын өмірлік ұстанымның құрамдас бөлігі ретінде тануы тиіс; өз құқығын қорғай білуі, түрлі өмірлік қиындықтарды жеңе білуі қажет; өмір сүру қағидасы мен оның ұстанымдарын білуі шарт; өмірінің мәнін, өзінің өмірлік ұстанымын, өзінің өмірмен байланысын анықтауы қажет; әр адамның қоғам алдындағы жауапкершілігі, өз сезімінің басқалардың өміріне ықпалын түсініп, белгілі қоғамдық тәжірибені игеруі тиіс. Қорыта келе, оқушы жастар әлеуметтік қатынастардың мәдениетін меңгеріп, оны өмір талабына сәйкес жетілдіріп отыруы, өз өмірін құруға дайын болуға бағытталады.

«Әлеумет» термині («әлеуметтік») (лат. *socialis* – қоғамдық) қоғамдық өмірмен байланысты және адамдар арасындағы қарым-қатынастарды білдіреді. *Әлеумет* – адамды қалыптастыратын орта; адамның айналасындағы түрлі топтар мен бірлестіктер, ұйымдар мен мекемелер, қозғалыстар; адамның өмір бойы онымен тығыз байланысты ортасы; кеңістік – заттық, мәдени, рухани - өз белсенділігін жүзеге асырады. *Әлеуметтендіру* – адамның өмір бойы айналадағы ортамен әрекеттесу үдерісіндегі әлеуметтік қалыптар мен мәдени құндылықтарды жасауы арқылы өзбетінше дамуы және мүмкіндіктерін өзбетінше қоғамда жүзеге асыруы.

*Әлеуметтік тәрбие* – *әлеуметтендірудің негізі*. Әлеуметтік тәрбие өз мәнінде мақсатты бағытталған тәрбие іс-әрекеті, яғни адам өмірімен байланысты қоғамдық тәрбие. Оны қоғам (мемлекет), әлеуметтік институттар (отбасы, білім беру мекемелері, әлеуметтік т.б. ұйымдар), адамның өзіндік әлеуметтік факторлары тұрғысынан қарастыру қажет.

Бұл тақырыпта мынадай мәселелер әлеуметтік тәрбие мемлекет (қоғам) тұрғысынан; әлеуметтік институттар және оның субъектісі ретіндегі жеке тұлғаның әлеуметтік тәрбиесі қарастырылады:

1) Әлеуметтік тәрбиенің мағынасы – баланы жасанды ортаға емес, шынайы өмірге, сң алдымен, бірінші орында оның әлеуметтік күш-қуатын және жақ дүниелік әлеуетін қоғамдық өмірге дайындау. Мемлекет (қоғам) тұрғысынан әлеуметтік тәрбие азамат қалыптастыруға бағытталады.

2) Әр кезеңдерде философиялық және педагогикалық ағымдар, жеке педагогтар мен философтар әлеуметтік тәрбие идеясын алға мақсат етіп қойған. Ол еңбектер әлеуметтік педагогика теориясының негізіне алынып, тек XIX ғасырдың соңында ғана қоғам оны қабылдады. XX ғасырдың басында ол идеялар Ресейде әлеуметтік тәрбие түрінде дами бастады.

3) Әлеуметтік тәрбиенің мәні мен мазмұнын түсінудің екі жолын қарастыруға болады.

Әлеуметтік тәрбие (В.В.Зеньковский, Н.Н.Иорданский т.б.) бағытын қоғамдық-мемлекеттік деп атауға болады, өйткені оны жүзеге

асыратын мемлекет және мектеп. Олар қоғамдық өмірді және мемлекетті жетілдіру болып саналады. Өскелең ұрпақтың тәрбие жүйесін жетілдіре отырып, оны қоғамды өзгерту құралына айналдырады. Мәдениетті және тәрбиелі ұрпақ, өзі өмір сүріп отырған қоғамды жағымды даму бағытына өзгертеді. Қазіргі жалпы білім беретін мектеп тәрбие институты ретінде мыналарды қамтиды:

- білім беретін және тәрбиелейтін мекеме, тәрбиені оқыту қызметі арқылы жүзеге асырады;

- оқу үдерісінен тыс уақытта педагогтардың оқушылардың өмірін ұйымдастыруы;

- әлеуметтік-психологиялық топтардағы (жалпы мектеп және соның ішіндегі кішігірім топтар) педагог ұйымдастырмаған оқушылардың еркін қарым-қатынастары.

Мектептегі тәрбиені осылай бөліп көрсету арқылы оқушылардың өзара әрекеттесу белсенділіктері жүзеге асырылып, жеке тұлғалық сапалары жетілдіріледі.

Мектеп ашық әлеуметтік жүйе ретінде мынадай жұмыс түрлерін ұйымдастырады:

- мектептің отбасымен қатынасын кеңейту;

- мектептің қосымша білім беру ұйымдары, мәдени және басқа да әлеуметтік институттармен бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

- педагогтардың ұйымдастыруымен оқушыларды қоғамдық ортамен байланыстыру, мысалы, мектеп түлектері, ардагерлер, мәдениет және спорт қызметкерлері;

- педагогикалық ұжымның көмегімен өзге балалар шығармашылық ұйымдарымен біріккен іс-шаралар ұйымдастыру;

- сабақ пен сабақтан тыс іс-шараларды мектептен тыс орындарда жүргізу: шеберханалар, зертханалар, табиғат аясында.

Осындай бағытта *әлеуметтік тәрбие* - әлеуметтік белсенді тұлға қалыптастыруды, қоғамдық тәрбиені өмірлік қажеттілік деп таныды (В.В.Зеньковский, Н.Н.Иорданский және т.б.). Әлеуметтік тәрбиенің негізгі міндеті - әлеуметтік белсенділікті дамыту, әлеуметтік әрекетті түсіну, ынтымақтастық рухын сезіну, қоғамдық мүддені жеке басынан, өзіншілдіктен жоғары қою.

Әлеуметтік педагогикада адамды әлеуметтік тәрбиелеудің жалпы факторлары жеткілікті түрде талданды. А.В.Мудрик факторларды 4 бөліп қарастырады:

- мегафакторлар ғарыш, ғаламшар, әлемге қатысты;

- макрофакторлар - белгілі бір елдердің барлық тұрғындарын әлеуметтендіруге ықпал ететін ел, этнос, қоғам, мемлекет;

- мезофакторлар - адамдар тұратын елді мекендердің тұрғылықты жері мен тұрпаты (аймақ, ауыл, қала, кент) бойынша бөлінеді; бұқаралық байланыстың түрлі желілерінің (радио, теледидар т.б.)



аудиториясына қарастылығы; субъективтік мәдениеттің түрлеріне қарастылығы;

- микрофакторлар - отбасы, үй-іші, құрбы-құрдастар, топтар, тәрбиелеу мекемелері; түрлі қоғамдық, мемлекеттік, діни және жеке мекемелер, микросоциум.

Еліміздегі бейбітшілік пен ұлтаралық бірлік, ішкі және сыртқы саясат мәселелері, соның ішінде ұлтаралық мәдениетті қалыптастыру мен патриоттық тәрбие беру мәселесі негізгі орын алады. ЮНЕСКО-ның генералдық директоры Федерико Майор 1998 жылы «ЮНЕСКО-ның әлемдегі білім жағдайы жөніндегі IV есебінде» әлемнің болашаққа деген үміті бүгінгі күннің жастары келе жатқан ғасырды қаншалықты дайындықпен қарсы алуына байланысты екеніне тоқтала отырып, келер ХХІ ғасыр алындағы жастар білімі ресурстар мен біздің қолдауымызды әлі ешқашанда мұншалықты қажет етпегені, жалпыға бірдей келешек алдында тәрбиешілеріміздің маңызы әлі күнге дейін тап қазіргідей артап еді деп тәрбиеленуші мен тәрбиешілердің өзара бірлескен үрдісіне аса мән береді.

Сондықтан да, біздің алдымызда тұрған негізгі міндет - ұлттық мәдениет пен әлемдік өркенетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға қалыптастыру. ХХІ ғасыр ағымына лайықты тұлға - өз ана тілін білетін, басқа тілді құрметтейтін, тарихи зердесі жоғары, ұлттық салт-дәстүрден нәр алған, әлемдік ғылыми-техникалық прогресс көшіне ілесе алатын адам. Бүгінгі даму үрдісінде тұлғаны әлеуметтендіру негізгі орын алады, әлеуметтендіру ұғымы бұл индивидтің қоғамдық өмірге қағысуына тартатын, мәдениетті түсінуге және әлеуметтік ортада, ұжымда өзін - өзі ұстау дағдысына үйрететін, өзін баянды ете түсетін және әр түрлі әлеуметтік рөлдерді орындаттыратын жалпы ортаның ықпалы. Әлеуметтену ұғымы дәстүрлі «білім» және «тәрбие» ұғымдарымен салыстырғанда кең ауқымды, терең мағыналы ұғым.

И.П.Подласый әлеуметтік кеңістікте тәрбиені жүзеге асыру - бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа көшіп жүретін баланың бүкіл өмір салаларын мойындап, қазіргі мәдениеттің жоғары жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыт беретін ортақ тәрбиелік пікірге жол көрсету.

*4.10. Кәсіптік бағдар жұмысының ерекшеліктері.* Қазақстан Республикасы Конституциясында «Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауға құқығы бар», - деп атап көрсеткендей болашақ маманның кәсіби күзретті болып шығуы қоғамның негізгі сұранысы болып табылады.

Мектептегі *кәсіптік бағдар беру дегеніміз* - мектеп директоры, мектептің оқу және тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасарлары, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог, психолог, қосымша білім беру қызметкерлерімен бірлесе отырып оқушы-

лардың бойындағы темперамент, мінез - құлқындағы, іс - әрекетіндегі, қарым - қатынасындағы қасиеттер мен қабілеттерін, ішкі жан дүниесінің сұранысын негізге ала отырып болашақ мамандық таңдауға ықпал ету, көмектесу.

Оқушыларға кәсіптік бағдар беру ХХ ғасырдың 60 жылдарынан бастау алады. Оқушыларға кәсіптік бағдар беру теориясы мен әдістемесі А.Е.Голанцтоқ, Е.А.Климов, П.П.Костенков, А.Д.Сазонов, В.Ф.Сахаров, С.Н.Чистякова т.б. еңбектерінде жан - жақты зерттелген.

Кәсіптік бағдар беру оқушыларға болашақ мамандығын анықтауға көмек көрсететін әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық, өндірістік-техникалық жүйелерді негіздеп түсіндіру негізгі орын алады. Дұрыс таңдалған мамандықтың, оқушының қызығушылығы мен қабілетіне сәйкес келуі, болашақта оған қуаныш пен қанағат сезімін сыйлайды. Заман ағымына қарай қоғамда түрлі мамандыққа сұраныс өзгеріп отырады, солай болған жағдайда да, оқушылардың өз қажеттіліктері мен қабілеттеріне сай, мамандық таңдауға дер кезінде ақпараттық көмек беру керек.

*Оқушы жастарға кәсіби бағдар беру жүйесінің құрылымы.* Оқушы жастарға кәсіби бағдар беру жүйесі мынадай құрылымнан тұрады: кәсіби ағартушылық, кәсіби диагностика, кәсіби консультация, кәсіби таңдау, кәсіби бейімділік.

*Кәсіби ағартушылық жұмыс* оқушыларға қоғамда қалыптасқан мамандықтар жүйесімен таныстыра отырып, олардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері туралы талаптармен таныстырылуы тиіс. Мектеп пен ата-аналар бірлесіп келе, оқушылардың дұрыс мамандық таңдауына белсенді түрде түрткі тудырып, мамандық таңдауға жан-жақты көмек көрсетуі қажет.

*Кәсіби диагностикалық жұмыс* арнайы мамандардың олардың мінез құлқын зерделей отырып, жастардың таңдаған кәсібіне жарамдылығын белгілі әдістер арқылы тексеруі көзделеді. Жоғары жүйке жүйесінің ерекшеліктері, денсаулығы, қызығушылығы, мотиві, құндылық бағдары, мамандық таңдаудағы басты ұстанымы ескеріледі.

*Кәсіби кеңес* арнайы мамандардың (психолог, педагог, дәрігер, сала мамандары) кеңес беруі, таңдаған кәсібіне қойылатын талаптармен, жеке басынан талап етілетін ерекшеліктермен таныстыру.

*Кәсіби таңдау* жеке тұлғаның еркімен өзіне қажетті мамандықты таңдауы. Жоғары оқу орындары мен арнайы оқу орындарының оқуға түсушілерге қоятын талаптарына сай болуы.

*Кәсіби бейімділік* мектеп түлегінің кәсіби қызметке араласуына, өндіріс жүйесіне, еңбек ұжымына, жұмыс жағдайына, мамандықтың ерекшеліктеріне бейімділігі. Адамның бейімділік сапасы мамандықтың дұрыс таңдалғанын көрсетеді.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының тәрбиелік сипаты. Кәсіптік бағдар жұмысында тұлғаға бағдарланған тәрбие технологиясы негізгі

орын алады. Егер мектепте тұлғаның оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, кәсіби таңдауы дұрыс қалыптасса оның өмір жолын айқындаудың негізі қалыптасты деп тұжырымдауға болады. Мектептің әр саатысында қарай жүргізілетін кәсіби бағдар беру еліміздің түрлі саладағы жетістіктерінен оқушыларды хабардар етіп, өмірдегі өз жолын табуға көмектеседі.

Бұл жерде тәрбиенің ұстанымдары: теория мен практиканың, ғылым мен білімнің, адам мен табиғаттың, еңбекке деген сүйіспеншілік, өзін - өзі дамыту, жетілдіру негізінде дамиды.

Мектептегі кәсіптік бағдар бойынша сынып жетекшілері мен педагогтардың негізгі функциялары:

- оқушы қызығулары, икемділіктерін, мінезін, тұлғаның моральдық сапасын және бағытын айқындау;

- кәсібилік туралы әңгімелесу, белгілі бір кәсіпке (мамандыққа) бағытын анықтау;

- оқушының кәсіптік қызығулары және икемділіктерін тексеру;

- кәсіптік және жоғары оқу орындары туралы мәліметтермен, мамандықтармен таныстыру;

- әрбір кәсіптің қажеттілігі туралы түсініктемелер жүргізу;

- республика мен аймақтағы еңбек сіңірген адамдарымен таныстыру;

- белгілі бір кәсіп және мамандық қоятын білім, іскерлік, дағдыны сипаттау;

- жаңа техника мен технологияға байланысты кәсіптің сипатының өзгерулерімен таныстыру.

Кәсіптік бағдарды іске асыра отырып, кәсіптік бағдар мектептің барлық оқу және тәрбие бағдарламасында мектептегі және мектептен тыс жұмыстарда басты орын алуы қажет. Бастауыш сыныптардан баланы мектепте тәрбиелеу және дамытудан оқудың алғашқы жылдарынан бастап жүргізу, оқу-тәрбие процесінде мамандық таңдау мотивтерін қалыптастыруға және дамытуға аса көңіл бөлу қажет.

Кәсіптік бағдар беру - көп салалы әрі қиын үрдіс. Мектепті бітірген жастардың алдында қаншама кәсіптің ішінен өзіне қажетті біреуін таңдау міндеті тұр. Оқушылардың мамандық әлемінде адалпауы үшін оларға бағыт бағдар беру керек.

*Оқушыларға кәсіби бағдар берудің негізгі формалары:* оқу дәрістері, саяхаттар, пәндік сабақтар және техникалық үйірмелер, кәсіптік бағдар әдебиеттері, кино және сахналық қойылымдар, курстар, оқу өндірістік практикасы, конференциялар, олимпиадалар, тақырыптық кештер, диспуттар, әр-түрлі маман иелерімен, оқушылардың ата-анасымен мектеп түлектерімен кездесулер, қоғамдық пайдалы еңбек, әр түрлі жиындар, кәсіптік бағдар кабинеті немесе кітапханаларда орналасқан кәсіп таңдау бұрышы.

Кәсіптік бағдар әдістері оқушыны зерттеу мақсатында педагогикалық бақылауды, іс - әрекет қорытындысын оның анкеталық, интервью алу, әңгімелесу, социометрия, психоло-педагогикалық эксперименттер, психологиялық тестілерді қолданылады.

Мектептегі оқу - тәрбие жұмысының негізі кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу арқылы тұлғаның қандай мамандыққа бейім екенін айқындау үшін диагностика әдісін жүргізу ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Әр оқушыны бақылау әдісі арқылы оның бойындағы темпераментке, іс- әрекетіндегі, қарым- қатынасындағы қасиеттер мен қабілеттің, ішкі жан дүниесінің сұранысын нақтылау үшін және арнайы мамандар арқылы медициналық диагностика әдісі жүргізіледі. Сынып жетекшісі пән мұғалімдерімен, мектептің тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары, әлеуметтік педагог, психологтармен бірлесе отырып сауалнамалар жүргізу арқылы, яғни қандай мамандықтар сізді қызықтырады, болашақта қандай маман болар едіңіз, еліміздің әлемдік білім көшіне еркін араласу үшін қандай мамандықтар қажет деп ойлайсыз, елімізді өркендету үшін қазіргі таңда қандай мамандықтарды жетілдіру қажет деп тұлғаның бейімділігін айқындай алады. Диагностикалық әдісті қолдану арқылы оқушының мамандық таңдауда қателіктерін алды ала болжау, болдырмауға мүмкіндік туады.

Мектептерде оқушыға кәсіптік бағдар беру жұмысында әдістемелік жүйе толығымен қамтылады. Бірінші, пән сабақтарының мүмкіндіктері, мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, құзыреттілігі, екінші тәрбие және сынып сағаттары, мектептегі жүргізілетін оқу- тәрбие шаралары ерекше орын алады. Мектептерде кәсіптік бағдар беруге байланысты мектепшілік кәсіби бағдар беру жоспары, сыныпта кәсіби бағдар беру бағдарламасы, кітапханаларда кәсіби бағдар беруге байланысты бұрыш, көрмелер ұйымдастырылады және білім беру мекемелермен тікелей байланыста жұмыс бағыттарын айқындайтын іс- шаралар жоспары дайындалады.

Арнайы кәсіби білім беретін оқу орындарына бару, олардың келіп мектептердегі ашық есік күніне қатысуы, оқушылардың білім беру мекемелеріндегі ашық есік күндеріне қатысу іс - шаралары оқушының болашақ кәсіп таңдауына маңызы зор. Сынып жетекшісі, пән мұғалімдерімен, білім беру мекемелері қызметкерлерімен, оқу орындарымен көптеген өндіріс орындарымен кездесу, кәсіби кеңес алу, кәсіптік бағдар беру формалары арқылы әңгімелесу, диспуттар өткізу, дөңгелек үстелдерге қатысу оқушының болашақ мамандық таңдауына игі ықпал етеді.

Соңымен қатар, оқушының болашақ кәсібін таңдауда отбасында ата - ана, ата - әже, туыстарының, мамандық таңдауда әулеттің кәсіби династиялық жалғастығы да әсер етеді.

Жаһандану заманында оқушыға кәсіптік бағдар беруде ақпараттық жүйенің алар орны ерекше. Ақпараттық жүйедегі орта кәсіптік

және жоғары оқу орындары туралы мәліметтер де болашақ кәсіп таңдауға ықпалы зор. Интернет жүйесінде кез келген оқу орындары туралы мәліметтер оқу орнының тарихы, ондағы мамандықтар, сол мамандықтарға білім беретін профессор - оқытушылар құрамы, мамандықтардың керекті құрал жабдықтармен қамтамасыз етілуі, тұлғаны әлеуметтендіруге байланысты іс - шаралар, оқу орнының әлемдік білім мекемелерімен байланыс т.б. жан - жақты ақпараттандырылған. Мектептегі кәсіптік бағдар беру тұлғаның мінез - құлқындағы, іс - әрекетіндегі, қарым - қатынасындағы қасиеттер мен қабілеттерін, ішкі жан дүниесінің сұранысын негізге ала отырып болашақ мамандық таңдауға ықпал ету, көмектесу арқылы тәуелсіз елімізді құзіретті кәсіби мамандармен қамтамасыз етуге ықпал ететін негізгі жұмыс болып табылады.

#### **Өзін - өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Тәрбие – тұтас педагогикалық үдерістің бөлігі дегенді қалай түсінесіз?
2. Тәрбие мазмұнының қоғамдық сана мен құндылық ұстақымға тәуелділігіне тоқталыңыз.
3. 12-жылдық білім беру жағдайындағы кәсіптік бағдар беру жұмысының ерекшеліктері қандай?
4. Оқушының өмірлік өзін-өзі анықтауы, әлеуметтік белсенділігі дегенді қалай түсінесіз?
5. Тәрбиелік кекістік – оқушыны әлеуметтендіру факторына талдау жасаныз.

## **5 тақырып. ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНІҢ ФОРМАЛАРЫ, ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ**

*5.1. Тәрбие әдістері жайлы түсінік.* Педагогикада әдістер жүйесі туралы әр түрлі пікірлер орын алып келді. Ғалымдар «Әдіс дегеніміз - тәрбиешінің баланың бойына тұрақты моральдық көзқарастар мен рухани - адамгершілік сезімдерді, дағдыларды сіңірудің құралы», - деген анықтама беріп келді. Бұл жерде *әдіс дегенді тәрбие құралы* деген мағынаның синонимі ретінде алынып отыр.

Әдіс деген сөз гректің «*metodos*» деген сөзінен шыққан. *Метод* деген ұғым белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары деген мағынаны білдіреді. Ал, кейінгі шыққан оқу құралдарында тәрбие әдістерін тәрбиенің тәсілдерімен, оқушының бойына белгілі бір қасиеттерді *сіңірудің жолдарымен* бірлікте алып қарастырады. Ең алдымен адамның жеке бас қасиеті мен қабілеті іс-әрекет барысында қалыптасады. Мысалы, оқушының айналамен қарым-қатынасы арқылы өмірге деген көзқарасы қалыптасады. Ал ол қоғамдық іс-әрекетке қатысу арқылы туындайды. Сондықтан оқушы білім мен тәрбие алуы үшін оны оқу мен қоғамдық іс-әрекетке белсенділікпен араласуын қарастыру қажет.

*Тәрбие әдісі* бұл мектеп тәжірибесінде тәрбиеге қойылатын мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылатын жол. *Тәсілдер* – тәрбиелеу саласына, еркіне, сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету шаралары. *Тәрбие тәсілі* – жалпы әдістің бөлігі, жеке дара әрекет (әсер ету), нақты іс. Тәсілдер – бұл тәрбиешінің қойылған мақсатқа тез жетуі үшін тәрбиеленушімен бірге салатын соқпақ жол деуге болады. Егер оны басқа тәрбиешілер де пайдалана бастаса, біртіндеп ол үлкен соқпақ жолға – әдіске айналады. Тәрбие әдістері мен тәсілдері бірімен-бірі тығыз байланысты.

Педагогикалық үдерісте баланың еңбексүйгіштік сезімі қалыптасады. Мұның бәрі педагогтардан оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырып жүргізудің әдістері мен тәсілдерін жақсы меңгеруін және оны тәжірибеде түрлендіріп қолдана білуін талап етеді.

**5.2. Тәрбие әдістерінің жіктелуі.** Сендіру тәрбиенің ең маңызды әдісі. Н.К.Крупская балалардың өмірі мен еңбегін ұйымдастыру ісін олардың адамгершілік жолында даму ісімен және қоғамға пайдалы іске саналы түрде қатынасу ісімен тығыз байланыста қарастырады. Сендіру әдісінің тәрбиедегі орнын, оның педагогикалық процестегі көп қырлылығы мен әсерлілігін Н.И.Болдырев бастаған педагогтар зерттеп, тереңдетті. Н.И.Болдырев «Сендіру – баланың сана-сезіміне, еркіне, оның бойындағы жағымды мінез-құлықты қалыптастыруда күшті әсер ететін ең тиімді тәрбие әдісі», – деп көрсетеді.

Бұл әдістің психологиялық негізі – баланың іске асырғысы келетін іс-әрекетінің оның ой-санасында ерекше орын алуында жатыр. Сендіру арқылы тәрбиеші мен оның жолдастары тәрбие жұмысын кешенді түрде жүргізеді. Оны іске асырудың маңызды құралы ретінде: оқу ісін жекелеген ұжымдық түсіндірмелі әңгіме түрінде, кештер мен конференцияларда, саяси хабарлар мен айтыстарда кеңінен қолданады. *Сендіру* әдісі – балаларды иландыру керек, кейбір нәрселерді ұғымды, түсінікті, иланымды етіп айту керек. Н.И.Болдырев: «Сендіру дегеніміз – тәрбиеленушінің санасына, сезіміне, еркіне әсер ету арқылы үнемі ақыл-көңес беріп, оны жағымсыз қылықтарынан арылтып, жағымды моральдық санасын қалыптастыру мақсатын қояды. Бұл әдіс тәрбиеленушінің көңіл-күйіне әсер ету арқылы жеке адам ретіндегі баланың сана-сезімін қалыптастырады» – деп көрсетеді.

Сендіру барысында тәрбиеші оқушылар бойында әлеуметтік және адамгершілік құндылықтары мен өмір шындығына қатынасын қалыптастырады. Оны қалыптастыру алынған ақпаратқа ғана тәуелді емес, сонымен бірге таңдап алынған әдіске байланысты. Иландыру материалдары дәлелді болып, оған олардың көзі жетсе, пікірталас барысында оқушы өз пікірін тиянақтап, меңгерген идеясы сенімге айналады.

**Жағымды үлгі өнеге арқылы тәрбиелеу әдісі.** Жеке бастың қалыптасып дамуы тек сөз әсерімен сендіру арқылы іске асырылып

кана коймайды, тәрбие ісінде жеке адамның үлгі-өнегесі де зор рөл атқарады.

*Жағымды өнеге көрсету* әдісінің негізінде еліктеу жатыр. Еліктеу жоғары мұратқа қол жеткізетін жана іс-әрекет түрін қалыптастырады. Еліктеу арқылы жастардың әлеуметтік-адамгершілік қалыптары мен қоғамдық әрекеттері қалыптасады. Оқушының жас ерекшелігіне, әлеуметтік-адамгершілік тәжірибесіне, сана-сезіміне қарай еліктеу әрекеті өзгеріске ұшырайды.

**Жаттықтыру әдісі.** Жеке бастық қасиеттерді қалыптастыруда аса маңызды рөл атқаратын тәрбие әдісінің бір түрі - жаттықтыру. Мінез-құлықты оқушы бойына дарытып, әдет, дағдыға айналдыру үшін жаттықтыру, қайталап үйрету қажет.

Жаттықтыру әдісі – тұлғаның бойына қажетті жағымды іс-әрекетті, мінез-құлықты сіңіру, оны қалыпты мінез –құлық дағдысына біртіндеп айналдырып қалыптастыру.

**Мадақтау және жазалау әдістері.** *Мадақтау* әдісі дегеніміз - тәрбиешінің баланың жағымды іс-әрекетін, мінез-құлқын көріп бағалай білуі және оны көпшілік, ұжым алдында жария етуі. Ал, бұған қарама-қарсы *жазалау*, баланың іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы кедір-бұдырларды жөндеу жолындағы тәрбиешінің өз әрекеті деп түсінген абзал.

*Жазалау әдісіне* мыналар жатады: мұғалімнің ескертуі, сөгіс жариялауы, педагогикалық кеңесте қарау, қиын балаларды тәрбиелейтін арнаулы мектепке жіберу. Мадақтау да, жазалау да өте нәзік тәрбиенің қатан әдісі болғандықтан, оны байқал пайдаланған жөн.

**Оқушылардың мінез-құлқына бақылау жасау, талап қою әдісі.** Баланың мектептен тыс уақыттағы мінез-құлқын бақылаудың немесе еңбектің бір түрінен екінші түріне ауыстырудың тәлімдік маңызы зор. *Талап қою* дегеніміз – баланың іс-әрекетін белгілі бағытқа бейімдеу. Талап қою - баланың жауапкершілік сезімін ояту. *Бақылау әдісі* дегеніміз - баланың іс-әрекетін, мінез-құлқын, белгілі нормалар мен ережелерді орындауға ынталандыруды көздейтін әдіс. Ол белгілі тапсырмалар мен талаптарды орындауға бағытталады. Ал оны *орындау құралына* баланың күнделікті мінез-құлқын, іс-әрекетін, жұмысын бақылау, тапсырмалардың орындалу барысы туралы әңгімелесу, оқушының мұғалім мен жолдастарының алдында есеп беруі сияқты іс-әрекеттер жатады. Бақылау баланың іс-әрекеттерін бақылай отырып, бағыт-бағдар беруге бейімделе жүргізіледі.

**Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері.** *Әңгімелесу* - оқу материалын жүйелі баяндау. Көбінесе адамдардың өмір жолын баяндап, кейіпкерлерге сипаттама беруде, табиғи құбылыстарды және қоғамдық өмірді суреттеу барысында қолданылады. Әңгіме әдісіне белгілі *талаптар қойылады*: қисынды, бірізді, дәлелді баяндау; нақты, бейнелі көтеріңкі көңіл-күймен әңгімелесу; оқушылардың жас

ерекшелігін ескеру, әңгімелеу ұзақтығы бастауыш сыныпта 10 минут, жоғары сыныптарда 30 минуттай аспауы тиіс.

Егерде әңгімелеу барысында оқушылардың түсінігі жеткілікті дәрежеде қалыптаспаған жағдайда, оларға *түсіндіру әдісі* арқылы заңдылықтар мен принциптерді, ереже мен тәртіпті сақтаудың маңызын көрсету керек. Тәрбиеші жеке тұлғаның санасын, олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып қалыптастырады. Түсіндіру кезінде сынып оқушыларының тұлғалық сапасы мен білім деңгейіне сүйенеді. Түсіндіру әдісін түрлі үлгілі-өнегелі қылықтарды қалыптастырып бекітуде және болған оқиғаға оқушының қатынасын орнықтыру үшін қолданылады.

*Әңгімелесу* - оқушылар ұжымының өмірі мен мүддесіне сай тақырыптарды талдауға, оларға белсене араласып, қойылған мәселеге сын көзбен қарап, нақты қорытындылар жасауға негізделеді. Қазіргі кезеңде бұл әдіс көбінесе мұғалім мен оқушылар арасында *сұрақ-жауап* түрінде жүргізіледі. Әңгімелесудегі ең басты нәрсе, сұрақтарды жүйелі түрде қою арқылы жана түсінік қалыптастыру. *Жеке әңгімелесу* көбінесе тәртіп бұзу, оқушылар арасында қайшылықтар туған сәтте қолданылады. Бұл әдісті қолдану үшін алдын ала жоспар құрылып, белгілі жүйемен жүргізілуі тиіс.

Әңгімелеу мен әңгімелесу әдістері *танымдық дәріс әдісіне* даярлайды. Мектептегі *дәріс* көбіне әңгімеге жақын бола тұрып, ақпараттық-танымдық көлемі жағынан, қисынды құрылымы, дәлелді, жалпы қорытынды жасау және ұзақтығымен ерекшеленеді. Дәріс көбінесе жоғары сыныптарда, оқу орындарында қолданылады. Дәріс жүйелі ауқымды түрде әлеуметтік-саяси, адамгершілік, эстетикалық және басқа да тәрбие түрлерінде, сыныптан және мектептен тыс оқу-тәрбие жұмысында кеңінен қолданылады. *Пікірталас* - әдісі оқушылардың танымдық және әлеуметтік белсенділіктерін арттырады. Пікірталас оқушылардың назарын түрлі көкейтесті мәселеге аударып, оны ойланып негіздеуге бағыттайды. Сонымен бірге оқушылардың кейбір құбылыстар жайлы пікірін негіздеуіне мүмкіндік береді. *Пікірталас* әдісін ұйымдастыру үшін талқыланатын мәселеге міндетті түрде екі түрлі қайшы пікір болуы абзал. Пікірталас нәтижесінде мұғалім тұжырымды қорытынды жасауы тиіс.

Тәрбие әдістерінің Г.А.Щукина жасаған жіктемесі кешенді сипатқа бағыттталып, тәрбие әдістерінің мақсаттық, мазмұндық, әдіс-тәсілдік жағын қарастырады. Осыған орай, тәрбие әдістері үш топқа бөлінеді:

Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері – сендіру (әңгімелеу, түсіндіру, түсініктеме беру, дәріс, этикалық әңгіме, иландыру, нұсқау беру, пікірталас, баяндама, үлгі көрсету).

*Іс-әрекет және қоғамдық тәртіп тәжірибесін қалыптастыратын әдістер* – жаттықтыру, үйрету, педагогикалық талап қою,



тапсырма беру, тәрбиелік жағдай тудыру. Тәртінде, іс-әрекетке түрткі тудырып, ынталандыратын әдістер – жарыс, мадақтау, жазалау т.б.

**5.3. Оқушының жағымды тәжірибесі мен мәдени деңгейін қалыптастыру әдістері.** Адам еңбек, таным, қарым-қатынас субъектісі ретінде іс-әрекет барысында қалыптасады. Оқушыға субъект ретінде шындықтың ғылыми негізін меңгертіп, қызғушылығы мен сезімін арттырып, жана қажеттіліктер қалыптастырып, ерік пен күш-қуатын белсендіретін жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытып жетілдіру көзделеді. Қоғамдық қатынастар мен қоғамдық тәртіпті оқушылар іс-әрекет арқылы меңгереді. Кез келген қызмет операция мен іс-әрекеттен тұрады. *Операциялар* - іс-әрекет арқылы жүретін үрдістер. *Іс-әрекеттер* – қызмет мотивімен анықталатын үдерістер. Тәрбие үдерісінде педагог басқару операцияларынан іс-әрекетті басқаруға, онан кейін қызметті басқаруға көшеді.

Педагогикада іс-әрекет пен қоғамдық мәдени тәжірибені басқарудың заңдылықтары бар:

- қоғамдық мақсаты бар әрекеттің бәрі, оқушыны дамытатын және тәрбиелейтін мүмкіндіктерге ие. Сондай кез келген әрекеттің тек өзіне ғана білім, біліктері бар. Бір әрекет түрімен бүкіл дүниені меңгерту мүмкін емес, сондықтан да тәрбиеде кешенді әрекеттер жүйесі қолданылады;

- оқушының «жеке басы үшін маңызды емес» кез келген қоғамдық әрекет түрі (А.Н.Леонтьев) оның дамуына ықпал жасамайды. Ол үшін қоғамдық қатынас жеке бастық қатынасқа айналса ғана өзінің мәнін ашады;

- оқушыларға педагогикалық ықпал жасау, мақсат пен әрекет түрін таңдауды қалыптастырады. Мақсат үнемі нәтижені алдын ала белгілеп отырады (П.К.Анохин). Адамның көздеген мақсаты оның әрекет тәсілі мен сипатын анықтайтын күш болып саналады;

- оқушы тұлғасын қалыптастыруға таңдалып алынған іс-әрекет нәтижелі болуы үшін, педагогикалық құралдарды қолдану тәсілдері анықталуы шарт. Педагогикалық құралдарда қоғамдық мәдени тәжірибені қалыптастыратын үйрету, жаттықтыру әдістері қолданылуы тиіс.

*Үйрету* балаларды дамыту үшін жас кезінен бастау керек. Бұл әдісті қолдану үшін педагогикалық талаптарды орындау қажет. Үйретілетін нәрсе нақты болуы тиіс. Кез келген әрекетті үйрету үшін оны қысқа және нақты түрде көрсеткен жөн. Әр уақыт кезеңінде белгілі әрекет түрі үйретілуіне оқушының іс-қылмық формаларын қалыптастыруға болады. Тәжірибелі педагогтар іс-қылмық түрлерінің үлгілерін көрсетіп, соған байланысты көңіл-күйді тудырады. Үйрету барысында әдет қалыптасады, оны қарқындатудың пайдасы жоқ. Бастапқыда қажетті әдеттер қалыптастырғаннан соң оны жылдам орындауға дағдыландыруға болады. Үйрету әдісі үнемі тәрбиешіден бақылауды және

оқушыдан өзін-өзі бақылауды қажет етеді. Үйрету әдісі оқушының жа-  
сына, өскен ортасына және тәрбиесіне байланысты. Қоғамдық қылық-  
тар формасы қалыптасқан оқушылар кез келген жағдайда өзін ұстай  
біледі.

*Жаттықтыру әдісі* үйретумен тығыз байланысты. Мектеп өмі-  
рінде оқушы бойында қалыптасқан қоғамдық қатынастарының берік-  
тігі көрініс береді. Педагог кез келген жағдайттан шығудың тиімді  
жолдарын қолдана біледі. Жағдайттағы қайшылықты тез тауып, оның  
себептерін айқындап, шешім қабылдауына болады. Бірақ та ойлы педа-  
гог өз тарапынан оқушыға ықпал етіп, шешім қабылдау жағдайттарын  
ұсынуы да мүмкін. Оны *тәрбиелік жағдайттар, ситуациялар* деп  
атауға болады.

Тәрбиелік жағдайттар да өз мәнінде жаттықтыруға жатады. Бұл  
жағдайда оқушы түрлі варианттардан өзі таңдауы бойынша шешім қа-  
былдауы тиіс: өзіне берілген мүмкіндікті пайдалануы басқаға өз орнын  
беруі, пікірін айтпауы, шындығын айтуы немесе «білмеймін» деп  
жауап беруі. Мұғалім ұсынған жағдайт, яғни ситуацияда оқушы өз  
ойында түрлі варианттардың шешімін ойластырып, сол жағдайға бай-  
ланысты өз шешімін айтуға мәжбүр болады. Мұғалім ұсынған ситуа-  
ция оқушылардың адамгершілік қылықтарын тек ақылмен ғана емес  
жүрек, сезім тарапынан да шешім қабылдауын талап етеді.

*Педагогикалық талап қою әдісі.* Оқушыны дамытудағы мұғалім  
тарапынан қойылатын талап біртіндеп оқушының өзіне-өзі талап қою  
жауапкершілігіне айналуы тиіс. Талап қою педагогикалық үдерістің  
ішкі қайшылықтарын, оқушылар тәртібін, қарым-қатынасын ашып  
көрсетіп, оны жетілдіруге ықпал етеді. Талап қою әдісі тікелей және  
жанама болып екіге бөлінеді.

*Ұжымдық пікір* ұжымдық талаптан пайда болады. Тәжірибелі  
педагог ұжымның бағасын, талқысын, ұжымның талабын, қоғамдық  
пікірін белсенді тәрбиелік күш ретінде қолдана алады. Талап қою мек-  
тептің ішкі ережесімен, білім, білік, дағды өлшемдеріне сәйкесуі абзал.

**5.4. Тұлға тәрбиелігінің диагностикасы.** Диагностика (грек  
сөзі – диа – айқын және гнозис - білім) зерттелініл отырған объекті  
немесе үдеріс туралы алдын ала ақпарат алудың жалпы әдісі. Мысалы,  
әлемдік тәжірибеден адамның тұлғалық дамуын анықтау үшін арнайы  
жасалған тестер (өлшемдер) қолданылады. Ол дамудың жалпы және  
арнаулы сапаларын өлшейді. Ұсынылған тапсырмаларды адамның қалай  
орындауына байланысты жан-жақты дамудың нақты өлшемдеріне  
орай қол жеткен деңгей туралы қорытынды жасалады. Сонан кейін  
алынған мәліметтер тұлғаның жалпы дамуының жас ерекшелік мүм-  
кіндіктерімен салыстырылады. Мысалы, оқушының дене күшіне се-  
німділігін арттыру үшін әдетте денсаулығы жайын кешенді түрде тек-  
серу, антропометрикалық әлеуметтік және психикалық мәліметтерді  
жинау пайдаланылады. Алайда, ол арнаулы жабдықталған клиникалар

мен лабораториялардың, арнайы даярланған қызметкерлерінің болуын талап етеді.

Мектеп мұғалімдері мен тәрбиешілері үшін басты мақсат – *оқушылар ұжымын зерттеу*, олардың ақыл-ой қызметін, мінез-құлықтың өзгеру себептерін, талантану деңгейін, белсенділігін, тұлғааралық қатынастарын, әлеуметтік мінез-құлқының және басқа да маңызды сапаларының дамуын білу болып табылады. Бұл жағдайда тұлғаның қажетті сапаларын зерттеп білудің барынша кең тараған түрі - тестімен жұмыс жүргізу. Тәрбие ісі харама-қайшы және ұзақ үдеріс екені белгілі.

*Тәрбиелік үдеріс нәтижелері* деп тұлғаның немесе ұжымның қол жеткен *тәрбиелік деңгейін* айтамыз. Оның жоспарланған іске сәйкес болуы немесе одан ерекшеленуі мүмкін.

Ұжымның *тәрбиелік деңгейін* анықтауға *диагностика* көмектеседі. Диагностикалық зерттеудің мәліметтері тәрбиеленушілердің бастапқы сипаттамаларымен салыстырылады, бастапқы және ақтық нәтижелер арасындағы айырмашылық тәрбие үдерісінің тиімділігін айқындайды.

Тәрбиелілік қалай айқындалады? Тәрбиенің қол жеткізетін нәтижелерін айқындау үшін *тәрбиелік өлшем* пайдаланылады. *Тәрбиелілік өлшем* - ұжымның немесе тұлғаның түрлі сапаларының қалыптасу деңгейінің теориялық тұрғыдан жасалған көрсеткіштері. Әдетте олар, атаулар шкаласы ретінде реттелінеді. Егер тәрбиелік сапаның қалыптасу дәрежесіне шартты сандық баға алынатын болса, онда оқу ісінде қол жеткізген табыстар тестін жүргізу кезінде жасалатындай, тәрбиелілік деңгейін сандармен көрсету арқылы салыстыру есебін жүргізуге болады.

Осы күнге дейін педагогикада тұлғаның немесе ұжымның барлық сапасын қамтитын тәрбиелік өлшемін жасау тың мәселе ретінде қалып отыр.

Тәрбиеліліктің көптеген өлшемдерінің ішінен екі топты, мазмұндық және бағалау деп бөліп алуға болады. Біріншісі зерттелінетін сапаның көрсеткіштерін бөліп алумен, екіншісі - (диагностика жасалатын) анықталатын сапаның қарқынды тепе-тең көрінісін жазып алу мүмкіндігімен байланысты.

Соңғы нәтижелердің диагностикасы – тұлғаның немесе ұжымның тәрбиелілік деңгейі үшін тағы да жалпы өлшемдерді, жекелеген қасиеттерді, белгілерді және сапаларды айқындаумен байланысты аралық нәтижелерді талдау үшін жекелік өлшемдері.

Біріншісі мақсатты айқындауға арналып жазылған талаптарды, екіншісі – тәрбиелік үдерістің нақты міндеттерін көрсетеді. Бағыттылығы, әдісі және өлшемді қолдану орны жөнінен тәрбиелілік шартты түрде екі топқа бөлінеді:

- тәрбие нәтижелерінің сыртқы пішінінде - пікірлесуде, бағалауда, мінез-құлықтарда, тұлғаның әрекеттерінде көрінумен байланысты;

- тәрбиешінің көзінсіз тыс құбылыстармен – дәлелдермен, сенімдермен, жоспарлармен, бағалармен байланысты болады.

Оқушылардың *тәрбиелілік дәрежесін* анықтау, олардың білімі мен мінез-құлқының біздің демократиялық құқылық қоғамда қабылданған негізгі өлшемдерге сәйкес келетінін, не келмейтінін айқындау болып табылады.

Оқушылардың *тәрбиелілігінің басты ашемі* – олардың іс-әрекеттері. Оқушылардың тәрбиелілігі күн сайын және сағат сайын тексеріліп отырылуы тиіс. Тәрбиеленушінің кез келген қылығы, оның мінез-құлқы, үлкендермен, құрбыларымен қарым-қатынасы, оның тәрбиелілік деңгейін сипаттайды.

Оқушының *тәрбиелілік деңгейін дұрыс бағалау* – оның өмірінің түрлі жағдайларындағы әлеуметтік қарым-қатынастарындағы мінез-құлқына әділ баға беру болып табылады.

Педагог оқушыларды зерттеуге кіріскенде нені зерттейтінін, не нәрсеге көңіл бөлу керектігін өзі айқын біліп алуы керек. Оқушының тұрғалық қыры неғұрлым кең және жан-жақты зерттелетін болса, соғұрлым оған дұрыс жол табуы қамтамасыз ету жеңіл болады.

Оқушыларды зерттеудің үлгі бағдарламасы:

- Оқушы туралы жалпы мәлімет, аты-жөні, туған жылы, айы, күні;

- Жалпы даму деңгейі (жоғары, орта, төмен);

- Әлеуметтік- адамгершілік келбеті, еріктілік, еркіндік негізінде атқаратын жеке-топтық жұмысы;

- Жеке басының негізгі белгілері;

Тәрбиелілік деңгейді бағалауға пайдаланылатын диагностиканың кейбір тәжірибелік әдістерінің мазмұнын ашып көрейік (тәрбиеленушілердің мінез-құлық қалыптары жөніндегі пікірлері, түсініктері, баға беруі, өзін қызықтыратын басқа да мәселелердің көрінісін бағалаудың өлшемдері мен ережелері туралы түсініктері зерттеледі).

Тәжірибеде бәрінен гөрі "Адамға адамгершілік неге керек?" және т.б. сұрақтар пайдаланылады. Оларға берілген жауаптар түрлі сәпаларды тәрбиешіге және тәрбиеленушінің өз қасиеттерін жақсы талдауға және оларды санада сақтауға көмектеседі.

Бағаланған пікірді айқындау үшін оқушыларға "Менің замандасым маған несімен өнегелі?", "Қайырымдылық және оны мен қалай түсінемін?" т.б. тақырыптарға шығарма жаздыртуды кеңінен қолдануға болады. Бұндай жұмыстар оқушылардың көзқарасын, күмәндерін, толқуын және ой-пікірлерін көрсетуімен құнды. Басқа әдістердің де, соның ішінде оқушының ішкі көзқарасын анықтауға көмектесетін социометриялық әдістердің диагностикалық мәні зор. *Диагностикалық*

*әдістердің кешені* ғана оқушылардың бойында қажетті тұлғалық сапаларының қалыптасуы туралы түсінікті дұрыс құруға мүмкіндік береді.

Оқушылардың тәрбиелілігінің негізіне Л.С. Выготскийдің баланың жас ерекшелігі мен жеке бас қасиеттерінің дамуы туралы негізгі ұстанымын басшылыққа алуға болады. Бұл ұстаным бойынша, оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтауда баланың әр жас кезеңіндегі орталық психологиялық жаңа құрылымының, яғни *өзіндік санасының қалыптасуын* ескеруді керек етеді. Оқушылардың өзара қарым-қатынасы олардың тәрбиелік деңгейін анықтауда басты рөл атқарады деп түйіндейді.

Оқушының тәрбиелік деңгейі жас ерекшелігіне, менгерілген білім, білік, іскерлік дағдыларына лайықты әлеуметтік және әдептілік-адамгершілік қарым-қатынастағы жеке басының мінез-құлқын көрінісімен анықталады. Олай болса, *тәрбиелік өлшемнің көрсеткіші* әр сыныпта өзгеріп отыратындықтан, педагогикалық тұрғыдан субъективтік баға беріледі.

М.И. Шилова тәрбиелік жүйеде тұлғаны диагностикалауда негізгі сапалық өлшеміне оның тәрбиелілігі, білім, білік, дағды, эрудициясы, әлеуметтік ортамен қарым қатынасы, тұлғалық рухани қасиеттері, еңбекке қатынасы, эстетикалық талғамы, өзін - өзі тануы, бағалауы, жетілдіруі т.б. алынады.

Диагностика - объектіге алынған тұлғаға, педагогикалық жүйеге талдау, оның дамуына, жетілу және қалыптасу үдерісін бақылай отырып, нәтижесін айқындау. Педагогикалық диагностика тұлғаның даму үдерісін зерттеу, білімге деген қатынасын, тәрбиелік деңгейлерін мінез - құлқын, іс - әрекетін, тұлғаралық қарым - қатынастарына талдау жасау. *Тәрбие диагностикасы дегеніміз* тұлғаның білімдік және тәрбиелік деңгейлерінің сапалық және сандық деңгейде жетілуіне, дамуына сипаттама бере отырып, өсу деңгейлерін айқындайды.

Мектепте диагностика жүргізудің негізгі мақсаты тұлғаның өсуі мен жетілуін айқындау. Тұлғаны диагностикалауда біз оның *әлеуметтенуін, тәжірибесін, зиялылық және туа біткен қасиеттерін* негізге аламыз. *Әлеуметтенуі* - дүниетанымы, адамгершілігі, эстетикалық құндылықтары, еңбекке қатынасы, ұйымдастырушылығы, қоғамдық белсенділігі; *тәжірибелік* - ғылымилық, шеберлік, *зиялылық* - қабылдауы, ақылы, есте сақтауы, ерік - жігері, *туа біткен қасиеттер* - жүйке жүйесі, мінезі, бейімділік қасиеттері.

*Педагогикалық - диагностикалық эксперимент құрылымы мен шарттары.* Педагогикалық - диагностикалық эксперимент құрылымына бастапқы зерттеу, анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау, салыстыру, қорытындылау, бекіту қамтылады. Диагностикалаудың әдістемесіне, әдіс - тәсілдеріне сүйене отырып бақылау әдісі, сауалнама әдісі, әңгіме, әңгімелесу, интервью, тест, контекст талдау т.б. әдістер негізінде эксперименттік жұмыстар жүргізу көзделеді.

Педагогикалық - диагностикалық зерттеуде ең маңызды әдістердің бірі контекст талдау әдісі, зерттеуге алынған объектіден жазбаша шығарма, хат, эссе жазу арқылы оқушының іс - әрекетіне мазмұнды талдау жасалады. Жұі жүргізілген контекст - талдау әдісінде оқушыға жекелей тұлғалық сипаттама бере аламыз.

Мәліметтерді алу және жинақтауға байланысты аз уақыт ішінде тест жүргізу арқылы тұлғаның қабілеті мен көңіл - күйін айқындауда тест әдісінің көптеген бағыттарын пайдалануға болады: тұлғаға бағытталған, жобалау, интеллектіні айқындау, сыни тұрғыда ойлау, критериялық - бағытталған т.б.

И.М.Борытко тұлғаның тәрбиелігі мен білімділігіне диагностика жүргізуде төмендегі *шарттарды ескеру* керектігін ұсынады:

- сапалық және сандық сипаттама жасау ( жасы, әлеуметтік жағдайы, мекен жайы, оқуы, медициналық - биологиялық жағдайлары);
- зерттелушінің сапалық және сандық сипаттамасын бағалау критерийлерін құрастыру;
- айқындалған критерийлер зерттеу барысында қаншалықты кездесетінін айқындау;
- сипаттамадағы анықталған мүмкін болған себептерді жіктеу;
- зерттеу барысында айқындалған кемшіліктерді жоюдың жолдарын көрсету;
- зерттеу барысында айқындалған жағымды тәжірибені насихаттаудың қажеттілігін негіздеу.

*Тәрбие жұмысы тиімділігінің психологиялық-педагогикалық диагностикасының әдістері.* Педагогикалық – психологиялық диагностикалық эксперимент барысында әдістердің кешенін: анализ, синтез, жобалау, индукция, дедукция, идеалдық, ойша эксперимент, салыстыру, жинақтау, маңызына қарай талдау, топтастыру т.б. қамтиды.

Нақты жүргізілген педагогикалық - диагностикалық эксперимент педагогикалық үдерісті жандандыруға үлкен ықпал етеді. Мектептегі педагогикалық эксперимент тұлғалық қатынасқа, жас ерекшелікке, анатомиялық - физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік жағдайларға аса мән берілуі керек. Зерттеушілер мектепте диагностика жүргізгенде мектепке дейінгі, кіші мектеп жастағы, балалық шақ, жоғарғы мектеп жасындағы аралықтарды нақты белгілеп жас ерекшелігін негізге ала отырып жүргізгенде дұрыс нәтижеге жетеді.

Тәрбие жүйесінде *сапа критерийлеріне* жүйенің қойылған мақсатқа жақындау дәрежесі, мектептің жалпы психологиялық климаты, оқушылардың тәрбиеліктерінің деңгейлік көрсеткіштері т.б. Мектептің алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ұйымдастыру жұмыстарының нақты іске асум, оны тәрбиеленушілердің тәрбиелік деңгейлерінің өсуіне ықпалы, жақсы нәтиже алуға бағытталуы, яғни, тұлғаның дарындылығы мен қабілетін, зиялылығын аша білу. Көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарында оқушылармен жүргізілген тәрбиелік

диагностикалық зерттеулерде тәрбиелік деңгейлерін төмен, орта, жоғары үш деңгейлерге бөліп қарастырылады.

Педагогикалық диагностика барысында тұлғаның бойында адамн құндылықтарды қалыптастыру, тәрбиенің кешенді жүргізілуі мақсат, міндеттері, мазмұн, әдіс пен формалардың өзара әрекеттестікте іске асуды көзделеді.

*5.5. Оқу - тәрбие үдерісіндегі тәрбие технологиясы. «Педагогикалық технология», «тәрбие технологиясы» ұғымдары, ерекшеліктері.* «Педагогикалық технология» ұғымы 1960 жылдардан бастап «толық меңгерту» теориясына негізделген, жоғарыда атап өткендей нәтиже алуға бағытталған АҚШ және Батыс Еуропа елдерінде практикаға ене бастаған меңгеру технологияларына байланысты пайда болды. Педагогикалық технологияның белгілі авторлары Дж.Кэрролл, Б.Блум, Д.Бруннер, Д.Хамблин, Г.Гейс, В.Коскарелли. Ресей ғалымдарының арасынан педагогикалық технология теориясы мен тәжірибесін өз еңбектерінде қолданған ғалымдар: В.П.Беспалько, М.В.Кларин, Ф.А.Мустаева, Л.Е.Никитина, И.П.Подласый, Г.К.Селевко, П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, А.Г.Ривин, Л.Н.Ланд, Ю.К.Бабанский, П.М.Эрдниев, И.П.Раченко, Л.Я.Зорина, В.П.Беспалько, М.В.Кларин, т.б.

Тәрбие технологиясы тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруға негізделген педагогикалық оқу - тәрбие үрдістің жетістігін қамтамасыз ететін іс-әрекет. Әлемдік тәжірибені негізге алатын болсақ тәрбие технологиясы тұлғаны дамыту, әлеуметтендіру, бейімдеу, сыни тұрғыда ойлау, өзара қарым қатынаста әдеп негіздерін сақтау іс-әрекеттерін қамтиды.

Педагогикалық технологияны – педагогикалық мақсатты шешуге арналған немесе алдын ала жобаланған жоспарлы және бірізді педагогикалық үдерісті жүзеге асыратын бірімен-бірі тығыз байланысты педагогтың әрекет жүйесі деп түсінуге болады.

Педагогикалық технология – ғылыми жобаланған және педагогикалық үдерістің жетістігін қамтамасыз ететін іс-әрекет. Педагогикалық үдеріс белгілі принциптер жүйесіне бағынатындықтан, педагогикалық технология ішкі және сыртқы әрекет бірлігі ретінде қарастырылып, сол принциптерді шынайы өзара байланыста жүзеге асыратын педагог тұлғасынан көрінеді. Педагогикалық технологияның оқыту және тәрбие технологиясынан ерекшелігі осында. «Әдіс» түсінігі кешенді әдістерді, оқыту және тәрбиелеу тәсілдерін, оны іске асыратын адамнан тыс қарастыратын болса, онда *педагогикалық технология* - педагог тұлғасының алуан түрлі әрекетіне тәуелді. Осыдан барып, кез келген педагогикалық мақсат тиімді шешілуі үшін білікті педагог технологияға сәйкес, алуан түрлі әрекеттер жүйесін таңдап қолданады.

Педагогикалық технология оқыту және тәрбие технологиясы түрінде қарастырылады. В.В.Пикан педагогикалық технологияның маңызды белгілерін бөліп көрсетеді.

- технология нақты педагогикалық ойды іске асыру үшін автордың адіснамалық, философиялық ұстанымын айқындайды. Осыдан барып, білім беру үрдісінің технологиясы немесе жеке тұлғаны дамыту технологиясы екені анықталады;

- педагогикалық әрекеттердің технологиялық тізбегі, операциялары, коммуникациялары қойылған мақсатқа сай жүйеленіп, алынатын нәтиже формасын белгілейді;

- технология мұғалім мен оқушының өзара байланысты әрекетін келісім шарт негізінде саралау және даралау, адамдық және техникалық мүмкіндіктерді ескеріп, диалогтық қатынастарды оңтайлы шешу принциптеріне негізделеді;

- педагогикалық технология элементі біріншіден, кез келген мұғалім қайталай алатындай болуы тиіс, ал екіншіден жоспарланған нәтижеге (мемлекеттік стандарт) барлық оқушыны жеткізуі тиіс;

- педагогикалық технология мен диагностикалық процедуралар (өлшемдер, көрсеткіштер, әрекет нәтижесін өлшейтін ниструментариалер) органикалық байланыста болуы тиіс.

Педагогикалық технология педагогикалық шеберлікпен өзара байланыста болуы керек. Педагогикалық технологияны жетік меңгеру дегеніміз шеберлікті білдіреді. Педагогикалық шеберлік, бір жағынан алғанда жоғары деңгейде педагогикалық технологияны меңгеру, ол тек операциялық компонентті меңгерумен шектелмейді. Педагогтар арасында орын алған пікірдің бірі - педагогикалық шеберлік тек жеке адамға ғана тән, оны бір қолдан екінші қолға беру мүмкін емес деп санайды. Дегенмен де педагогикалық технология мен шеберліктің ара қатынасын ескерсек, педагогикалық технологияны меңгеру, педагогтың жеке сапалық қасиетіне байланысты. Кез келген технологияны меңгерген педагогтардың біліктілігі мен шеберлігі әр түрлі болады.

Педагогикалық мақсатты шешуіне қарай педагогикалық технология *жалпы және жеке технологиялар* болып бөлінеді. Жалпы технологияға оқыту технологиясын құрастырып, оны іске асыру жатады. Жеке технологияға оқу немесе тәрбие мақсатының мынадай түрлерін шешу жатады: оқушылар әрекетіне түрткі тудыру, алынған нәтижені бақылау және бағалау, нақты мақсатты, мысалы, тәрбие ситуациясын талдап, оны шешу жолдарын анықтау.

Сонымен, біртұтас педагогикалық процесті жобалап, оны жүзеге асыруда оның барлық компоненттерінің бірлігін сақтау қажет, егер оның біреуі өзгеріске ұшыраса, онда басқа компоненттер де өзгеруге мәжбүр болады. Педагогикалық технологияның «әдістен» айырмашылығы тәрбиеленушілер әрекетінің мазмұнын және оны ұйымдастыру тәсілдерін жобалауында. Педагогикалық технология қойылған мақ-



саттын диагностикасын және жеке тұлғаны тұтастай дамытатын педагогикалық процесті объективті бақылауын қажет етеді.

**5.6. Тәрбие жұмысын жүзеге асырудың теориялық, әдістемелік және технологиялық деңгейлері.** XVII ғасырда ең алғаш технологияның концептуалдық негізін Я.А.Коменский қалыптастырды. Оның басты принциптері: ғылымилық, бірізділік, жүйелілік, беріктілік, белсенділік арқылы сапаға жету, көрнекілік, теорияның тәжірибемен байланысы, оқушылардың жас ерекшеліктері мен дара ерекшеліктерін ескеру.

**Оқыту технологиясы** сыныптық - сабақ жұмысын ұйымдастыру арқылы іске асады. Оқыту технологиясының басты белгілері: бір жас мөлшеріндегі оқушылардың тұрақты құрамы мен олардың дайындық деңгейлері ескеріледі; жылдық жоспар мен оқу бағдарламасы негізінде оқыту жүргізіледі; әр оқу пәнінің сабақтары тақырыптарға бөлінеді; тұрақты сабақ кестесі жасалып, мұғалім оқуды ұйымдастырады. Оқыту технологиясы тәрбие технологиясымен өзара сабақтастықта іске асады.

Сыныптық сабақ технологиясы оқыту-тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың басқа формаларымен толықтырылады.

Тәрбие технологиясы сабақ үдерісі мен тәрбие үдерісінде қатар іске асырылады. Білім беру жүйесінде соңғы жылдары оқытудың бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі түрлерімен оқытулармен бірге инновациялық оқытулар жедел қарқынмен тәжірибеге ене бастады. Жаңа технологияларды пайдалану, сыни тұрғыда оқыту т.б. бүгінгі мектеп үрдісінде маңызды орын алады. Инновация дегеніміз – дәстүрлі және көпшілік тәжірибеден өзгеше, білім беру ісіне жаңа тұрпатты көзқарас пен қатынас. Инновациялық оқыту - оқушылардың жаңа жағдайларда бірлесе әрекет жасау қабілетін дамытатын, білімді игерудің нақты нәтижеге бағытталған оқыту түрі болып табылады. Бұл, біріншіден, ғылыми және мәдениеттану білімдерінің негізінде мақсатты бағытта жобаланған оқу үрдісі болып саналса, екіншіден жеке тұлғаны дамытудың болашағын жобалайтын және соны жүзеге асыруға лайындық мақсатындағы бағытта ұйымдастыратын білім беру болып саналады.

Тәрбиелік жұмыстарды жүзеге асыруда *Блумның таксономиясы* негізге орын алады: білімдік, танымдық үдерісті қарапайым деңгейден бастап бірте-бірте күрделенетін 6 деңгейді қамтиды: білім, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деңгейді қолдауға болады. Жоғарыда аты аталған барлық технология тәрбие технологиялармен жүйелі түрде сабақтасып жатады. Кез келген технология тәрбие технологиясыз болмайды.

Сонымен қатар, тәрбие мәселесіне байланысты К.Құрманғазы, С.Қалиев, Қ.Жарықбаев, С. Ғаббасов, С.А.Ұзақбаева, И.Р. Халитова, Ш.Майгаранова, Е.Ө Жұматаева, К.К.Жампеисова, А.А.Калужный,

А.А. Бейсенбаева Р.К.Төлеубекова т.б. ғылыми тұжырымдамаларын ұсынды.

*Тұлғаға бағдарланған тәрбие технологиясы.* Қазіргі технологиялар педагогика ғылымы мен тәжірибені үйлестіріп, бұрынғы тәжірибені дәстүрлі элементтермен қоғам дамуындағы жетістіктермен және қоғамды ізгілендіру мен демократияландыру ұстанымдарын біріктіреді. Педагогикалық технологияның құрамды бөлігі әлеуметтік өзгеріске және педагогикалық ойға тәуелді; педагогика мен психология ғылымдарының жетістіктерін ескереді, өзат педагогикалық тәжірибені қолданады, отандық және шетелдік тәжірибеге сүйенеді.

Тұлғалық – бағдарлы тәрбие технологиясының зерттейтіні: тәрбиенің мәні мен ондағы тәрбиелік қарым-қатынастар. Тәрбиелік қарым-қатынас орнату арқылы, тұлғаны дамытатын жағдаяттар жасау, яғни тұлғаның білімін, субъектілік тәжірибесін жетілдіру, өз пікірін, дүниетанымын, өзіндік қолтаңбасын және өзіне тән тұлғалық қасиетін қалыптастыру. Тәрбиенің нақты мәні – тұлғаны сомдаушы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру. Тәрбиеге қамтылған субъектілердің барлығы бірдей жағдайда тәрбиеленгенімен де, түрлі тәрбиелік нәтиже көрсетеді, яғни тәрбиелік деңгейі әртүрлі болады.

Түйіндей келе, тұлғалық бағдарлы тәрбиенің мәні – баланың субъект ретінде қалыптасуына ерекше мән береді.

Тұлғалық бағдарлы технологияның мақсаты – тұлғаны дамытып, оны әлеуметтік ортада өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бейімдеп, өмірде кездесетін әртүрлі жағдайларда оң шешім таба білуге тәрбиелеу.

В.В. Сериков тұлғалық бағдарлы тәрбие жүйесін жасау үшін ең бірінші мақсатты нақтылап, тұлғаның жеке бастық қасиеттерін: әлеуметтік, адамгершілік, жауапкершілік, даралық ерекшеліктерін дамыту қажеттілігін көрсетеді. Тұлғалық бағдарлы тәрбиесін жобалау үшін игерілетін жеке басқа тән тәжірибенің түрін қарастыру керек, құндылық бағдарлы тәжірибені игертетін түрлі жағдаяттар жасап, тәрбиелік жағдаят тудыру “технологиясын” (тәсілін) өмірге әкеліп, оны тексеру шарт.

Гуманитарлық білімнің негізі — адам болмысын құндылық-мәнді тұрғыдан игеріп, баланың өзгеруге бейім екенін түсініп, соған лайық тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

Гуманистік тәрбие педагогикалық тұлғалық-бағдарлы тәрбие теориясына ерекше назар аударыл отыр. Тұлғалық бағдарлы тәрбиеде басшылыққа алынатын басты құрылымдар:

- тәрбие мазмұнының құндылық, дүниетанымдық бағытын немесе құндылықтар жүйелерін және өмірдің мәнін түсіну;
- жалпыадамзаттық және ұлттық мәдениетті игеру;
- әлеуметтендіру, қоғамдық тәжірибені жинақтап, тұлғаның азаматтық іс-әрекет тәжірибесін дамыту;

- тұлғалық бағдарын дамыту (өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау, өз өмірін ұйымдастыру қабілетін жетілдіру);

- тұлғаның денсаулығы мен тән түзілісіне байланысты табиғи бағдарын ескеру.

Дүниені құндылық тұрғысынан қабылдау дегеніміз айналадағы шындықты адам өміріне қажетті құндылық қатынас арқылы қабылдау. Субъект дүниені қабылдауда назарын заттын адам өмірінде атқаратын құндылығына, объектінің жабық тұрған ішкі мәнін сезініп қабылдауына аударып, оған мән бере білуі тиіс. Мәдениетті адам айналадағы шындықты заттық және құндылық тұрғысынан, яғни заттық тұрғыдан қабылдауы құндылық қабылдаумен толысып, заттын адам өміріндегі мәні құндылық мазмұнымен жетілуі тиіс.

Құндылық бағдарлы тәрбиені Н.Е.Щуркова зерттеп, оны топта іске асырудың пайдасы зор екендігіне тоқталды: топтағы әр бала ойланып, әрекет етуге күш жұмсайды; топта қалыптасқан көңіл-күй ортасы баланың көңіл-күйіне де әсер етеді.

- тәжірибесі, білімі, дағдысы, өз күшіне сенімсіздігі, тұлғалық қасиетінің толық жетілмеуінен туатын өз басына тән мәселені нақты білу;

- көңіл-күйін реттей білу, өмірлік келеңсіздіктерден қажетті тұжырым жасай білу;

- өмірдің мәнін іздеу, түрлі өмірлік құндылықтарға өзінің қатынасын білдіру.

Тұлғалық бағдарлы тәрбие оқушыны әлеуметтендіруді, оның тұлғалық қасиетін субъект деңгейінде дамытуды көздейді. Жан дүниені қозғалысқа түсіру – тұлғаның ішкі дүниесін дамытудың бірден-бір жолы. Осыған орай тұлғаның жан дүниесіне түрткі тудырып, оны дамытуды ұйымдастыру – педагогтың басты қызметіне айналуы шарт.

Е.В. Бондаревская өз зерттеулерінде «жалпы білім беретін мектеп түлегінің моделі – мәдениет адамы», - деген педагогикалық ықпал ету бағыттарын ұсынып, жеке тұлғаны сипаттайтын: еркін, ізгілікті, рухани, шығармашыл, тәжірибелі тұлғаның өлшемдерін анықтаған.

Тұлғалық бағдарлы тәрбиеде мұғалім шәкіртті дамыту үшін педагогикалық үдерісті жобалай білуі тиіс. Осындай тәрбиеде шәкірт өз ісінің нәтижесін көрсетуге, серіктестерімен қарым-қатынас орнатуға, өзінің және өзгенің шығармашылық әрекетін бағалай білу қызметін игереді. Тәрбиеші үнемі тәрбиеленушіні өзіндік іздеміске бағыттайды.

Тұлғалық бағдарлы тәрбие үдерісінде тұлғаның жеке басына назар аударылып, қарым-қатынастар әр түрлі деңгейде іске асырылады: қарапайым түрдегі пікірлесу (тәрбие үдерісіндегі қарым-қатынас), мазмұндық сұхбат (белгілі тақырып мазмұнында пікірлесу), тұлғалық-мәнді сұхбат (құндылық бағдарлы тұлғалық-бірлесуді қамтамасыз ететін пікірлесу).

Тәрбие технологиясы ішіндегі оқушының білімге, оқуға, ғылымға, еңбекке деген ынта ықласын қалыптастыруда *ойын технологиясы* негізгі орын алады. Ойын технологиясы оқушылардың бір - бірімен қарым - қатынасын, бір бірлерін түсінудің психологиялық үдерісі, эмоциялары, ерік - жігерлік қасиеттері шындалады, мінез - құлқы айқындала түседі, белсенділігі артады, соның нәтижесінде тұлғалық қабілеті көрініс береді. Ойын ол тәрбие құралы. Қарым - қатынасқа түсу арқылы оқушының мінез - құлқындағы кемшіліктер, оның бойындағы өзіншілдік қасиеттер көрініс береді. Мұғалім тұлғаның бойындағы жағымсыз қасиеттерді жою мен болдырмаудың тәсілдерін пайдалана отырып, оның жағымды қасиеттерін жетілдіруге мүмкіндік алады.

*Іскерлік ойындар* – заттық және әлеуметтік мазмұндағы кәсіби іс-әрекетті, белгілі бір тәжірибеге тән қарым-қатынасты модельдеу формасы. Ойын арқылы адамның белгілі бір типті тәжірибелік әрекет жасауын ұйымдастыруға байланысты және қатысушылардың мақсатына орай, ойынның мынадай түрлері ажыратылады: оқу, зерттеу, басқару, аттестациялық.

Әлеуметтік тәрбие үшін іскерлік ойынның мынадай сипаттарын ескеруге болады:

- ойын арқылы шынайы өмірде қол жеткізе алмайтын мәселеге қол жеткізіп, сонан кейін оны шынайы өмірде қолдануға болады;
- ойын арқылы адам жана идеяны белгілі бір іс-әрекет, іс-қимыл арқылы жылдам игеруге ұмтылады;
- ойында қиял элементі болғандықтан, ол адамның жасырын қабілетін ашуға мүмкіндік береді;
- өзге адамның ролін орындау арқылы, сол адам үшін неің маңызды екенін және оның жеке басына тән тұртікісін түсінуіне көмектеседі.

Тәрбиеленуші іскерлік ойынның танымдық мазмұнымен танысу арқылы өзге қатысушылармен өзара әрекеттесуге, белгіленген нұсқаға сәйкес бірігіп қызмет атқаруға және оны шешуге дайындалады, өз шешімімен бірге, ортақ шешім қабылдауға дағдыланады. Түрлі жағдаяттық мәселелер қатысушыларды бірігіп әрекет етуге, ортақ пікірге сай шешім қабылдауға жаттықтырады.

*Ұжымдық шығармашылық істер технологиясы.* Аталған технология оқушының бойындағы шығармашылық дамуды көздейтін замануи технологияларға жатады. Замануи технологиялар қазіргі таңда кеңінен қолдану аясында. Қоғамның сұранысына байланысты, сыни тұрғыда ойлау технологиясы, мига шабуыл технологиясы, интербелсенді әдістер, IP технологиясы т.б. тұлғаның шығармашылық дамуына ықпал ететін әдістер мен тәсілдерді жинақтаған. Ұжымдық шығармашылық істер технологиясы болғандықтан тәпқырлық, белсенділік,

табыстылық, төзімділік, көпшіл, мейірімділік қарым - қатынастар жеке тұлғаның бойында да және ұжымда да қалыптасады.

Қазіргі дамыған қоғамда коммуникациялар ақпарат тасқынын меңгеруге әлкен мүмкіндіктер ашып отыр. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры», - деп аталуы да қоғамдағы ғылыми техникалық прогрестің негізгі ақпараттандыру екеніне тоқталады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық бағдарламасының негізгі басты бағыты қоғамды ақпараттандыру деп атауы да болашақ ұрпақтың алдына үлкен міндеттерді жүктейді. Елбасы атап көрсеткендей «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жана білім беру өте – өте қажет» деуі де қоғамды ақпараттандыру оқушыларға ақпараттық білім негіздерін, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын меңгерту болып табылады. *Ақпараттық технологияларға* электрондық есептеуіш техника, оқу - тәрбие үдерісінде компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге негізделген компьютерлік технологиясы жатады. Арақашықтықтан оқытатын технологиялар әр түрлі оқушыларға үздіксіз білім беру жүйесінің бір формасы ретінде білім алуға мол мүмкіндіктер жасайды. Ақпараттық технология коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы оқу мен тәрбиені жетілдіруді көздейді. *Интерактивті технологияларды* пайдалу арқылы бірлесе отырып іс әрекет жасауға, мультимедиялық проектор және ACTIVstudio, ACTIVtablet, ACTIVwandуказкасы, ACTIVslate, Флипчарт программаларын тәрбиелік іс - шараларда тәрбие және сынып сағаттарында, конференция, диспут, дөңгел үстелдерде пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық жүйелер бойынша білімдік деңгейлері кеңейеді.

*Мультимедиялық технологиялар* да тәрбие шарасын іске асыруда негізгі орын алады. Қазіргі таңда мектептерде өте жиі қолданылатын технологиялардың бірі. Тәрбиелік іс - шараларда аудио технология, проектор, телевизор, магнитофон т.б. пайдалана отырып, оқушының танымдық деңгейін дамытуға ықпал етеді.

*SMART технологиясы* әлемдік деңгейде замануи тұрғыда жанашылдықпен іске асып отырған технологиялардың бірі. Тәрбие жұмысында көптеген іс - әрекеттер презентациялар, слайд шоу, дыбыстық жүйелерді пайдалана отырып, қашықтықтан тапсырма беру, инетрбелсенді әдістерді пайдалану арқылы іске асады. Бұл технологияның ерекшелігі оқушы кез келген уақытта электронды жүйе арқылы өзінің білім көздеріне қолжетімділігі арқылы білік, білім, дағдысын жетілдіре алады, білім қорының молаюына ықпал етеді. Замануи байланыстарға SMART технологиясы кез келген шараларға байланысты материалдарды еркін пайдалана отырып, өте қызықты өткізуге жағдай туғызады.

Тәрбиелік іс шараларда кейс технологиясы тәрбиелік іс шараларда әр түрлі кездесетін жағдаяттардан, әртүрлі пікір таластардан шығудың жолдарын анықтайтын, өз көзқарастарын, дағдыларын, ойлауды, пікір талас тудыра отырып, одан шығу жолдарын, жағдаяттарды шешуге негізделген сұрақтар мен тапсырмалардың жинақталуын қалыптастырады. Кейс (case) ағылшын тілінен аударғанда «жағдай», «жағдаят» деген мағынаны береді. Оқушының өмір сүру кеністігінде әр түрлі жағдаяттардың туындайтыны белгілі. Кейс технологиясын тәрбиелік іс - шараларда қолдануда жағдаяттардан мұғалім шығудың жолдарын нақты айқындайтын әдіс - тәсілдерді, талдауларды, мәселелерді шешуде алгоритмдік реттілікті құра білуі керек.

Жанашылдық үлгіде тәрбиелік шараларды іске асыруда ақпараттық технологияның негізгі галамтор жүйесінде смартфон немесе компьютерлер арқылы Whatsarrrты пайдалану өзекті болғанын көреміз. ХХІ ғасырдың басында бұл жүйені әлемнің 57 пайызы пайдаланып отыр. Адамның саяхатын қалыптастыруда ақпараттық жүйенің негізгі орын алатынын көріп отырмыз.

*Қарым-қатынас технологиясы.* Педагогикалық үдерісті жүзеге асыру үшін педагогикалық міндетті шешуді көздеу керек. Біріншіден, педагогикалық міндетті шешуге екі субъект (педагог пен тәрбиеленуші) қатысады. Екіншіден, көзделген міндетті жүзеге асырумен бірге тәрбиеші өз ісіне сырт көзбен қарап, өз ісін бағалай білуі тиіс. Үшіншіден, педагогикалық міндет үнемі оқыту міндетімен диалектикалық тұрғыдан тығыз байланысты болғандықтан, тәрбиеленушінің оқу міндетін шешуімен байланысты. Педагогикалық міндет педагог басшылығымен, оқушының іс-әрекетін белсендірумен жүзеге асады.

Тәрбие технологиясы әлемдік тәжірибені негізге алатын болсақ тәрбие технологиясы тұлғаны дамыту, әлеуметтендіру, бейімдеу, сыңи тұрғыда ойлау, өзара қарым қатынаста әдеп негіздерін сақтау іс-әрекеттерін қамти отырып, тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастыруға негізделген педагогикалық оқу - тәрбие үрдістің жетістігін қамтамасыз ететін іс-әрекет болып табылады.

Маманның педагогикалық шеберліктің төрт құрамды бөлігін ажыратуға болады: оқушылардың жеке және ұжымдық қызметін ұйымдастыру шеберлігі; оларды сендіру шеберлігі; білім және іс-әрекет тәжірибесін меңгерту шеберлігі; педагогикалық техниканы меңгеру шеберлігі. Педагогикалық қызметте осылардың бәрі тығыз байланысты болады.

*5.7. Мұғалімнің тәрбиелік іс-әрекетті ұйымдастырудағы кәсіптік құзыреттілігі. Педагог құзыреттілігінің мақсатты тәрбие үдеріске әсері.* Педагог құзыреттілігі жоғары тұрғыда қабілетті, білгір, өзінің білімі немесе қызметі бойынша бір нәрсені істеуге немесе шешуге уәкілдігі бар деген мағынаны білдіреді. Құзыр, құзырлылық ұғым арасындағы өздеріне тән белгі нақты ажыратылмайды. "Құзыр",

“құзырлылық” ұғымына берілген анықтамалардың қай-қайсысын алмайық, “қабілет”, “біліктілік”, “дайындық”, “білім”, “сапа” деген тірек сөздермен шектеледі, адамның кәсіби аймағындағы қызметінің “өлшемдік сәйкестігін” білдіреді. Бұл, “құзырлылық”, “құзыр” ұғымдарының мағынасының бірдейлігін емес, үйлесімділігін көрсетеді. Құзыр, құзырлылық ұғым арасындағы өздеріне тән белгі нақты ажыратылмайды. “Құзыр”, “құзырлылық” ұғымына берілген анықтамалардың қай-қайсысын алмайық, “қабілет”, “біліктілік”, “дайындық”, “білім”, “сапа” деген тірек сөздермен шектеледі, адамның кәсіби аймағындағы қызметінің “өлшемдік сәйкестігін” білдіреді. Бұл, “құзырлылық”, “құзыр” ұғымдарының мағынасының бірдейлігін емес, үйлесімділігін көрсетеді.

Тәрбиелік іс - әрекетті ұйымдастыруда мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігі оның біліктілігі мен қабілеті ретінде беріледі, қойылған мақсатқа жетудегі үдерістер мен құбылыстар арасындағы байланысты, тәсілдер мен құралдарды жетік біледі деген мағынада қолданылады. Педагог құзыреттілігінің мақсатты тәрбие үдеріске ықпалы маманның кәсіби шеберлігін, білімі, білігі, дағдысы, өз мамандығына деген сүйіспеншілігі, тұлғаға деген сүйіспеншілігі үлкен әсері бар. Білімін ұдайы жаңарту, нақты жағдайларда білімін ұтымды пайдалану үшін жаңа және әлемдік ақпараттарды меңгеру негізінде тәрбие үдерісін дамытуға ықпалы етеді: тұлғааралық және субъектегі байланыс мәдениеті; қызметтің экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік қырлары менгеруі; қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы; практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы лайындық әлеуеті; нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.

Жоғары оқу орындарында болашақ маманның тәрбиелік іс - әрекетті ұйымдастыруда мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігі оқу танымдық, құнды - мағыналы, ақпараттық, коммуникативтік, өзін - өзі жетілдіру тұрғысынан қамтылады:

- болашақ мұғалімнің құнды түсініктерімен, оның қоршаған әлемді сезіну және тану қабілеттерімен, онда бағдарлану, өзінің рөлін саналы түсінумен байланысты құнды-мағыналы құзыреттілік;

- мақсатты білім және біліктермен оқу-танымдық іс-әрекетті жоспарлау, талдау, рефлексия, өзіндік талдаумен байланысты қалыптасатын оқу-танымдық құзыреттілік;

- болашақ мұғалім іс-әрекетінің дағдысын оқу пәні мазмұнындағы, білім беру саласындағы және сонымен бірге қоршаған әлемдегі ақпараттармен қамтамасыз ететін ақпараттық құзыреттілік;

- айналадағы адамдармен және оқиғалармен қарым-қатынасын тәсілдерін, қажетті тілдерін, топта жұмыс істеу дағдысын, ұжымда әр түрлі әлеуметтік рөлдерді игеруді енгізетін коммуникативті құзыреттілік;

- физикалық, рухани және интеллектуалды өзін-өзі дамыту, эмоционалды өзін-өзі реттеу және өзін-өзі қолдау тәсілдерін меңгеруге бағытталған тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі.

Тәрбиелік іс - әрекетті ұйымдастыруда мағалімнің кәсіптік құзыреттілігі тек ақпараттануын, ақпаратты пайдалану біліктілігін емес, өз шешімін қабылдауға негіз ретінде пайдаланудағы тұлға сапасы, тұлғалық сипаттама ретінде қарастырады.

## **6 тақырып. ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ**

**6.1. Отбасы – бала тұлғасын әлеуметтендірудің факторы және белсенді субъектісі.** Отбасы - үйелмендердің жанұялық бірлігі, қоғамның құрамындағы институт, баланың туған сәттен бастап әлеуметтену қызметін атқаруына ықпал етеді. Р.Н.Нұрғалиевтің басшылығымен дайындалған сөздікте: «Отбасы - әлеуметтік қауымдастықтың түрі, ерлі-зайыпты одаққа және туыстық байланыстарға, яғни ері мен әйелінің, ата-аналар мен балалардың, аға-інілер мен апа-қарындастардың және бірге туып, ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысы», - деп атап көрсетеді.

Отбасы қоғам және жеке тұлғаны қалыптастыру үшін маңызды қызмет атқарады.

**Отбасының қоғамға қатысты қызметі:**

- өмірге ұрпақ әкеліп, халық санын арттыру;
- тәрбиелік қызметі – білім, білік, дағды, адамгершілік құндылықтарды арттыру, яғни рухани құндылықтар жасау;
- отбасының өндірістік-шаруашылық қажеттігін өтеуі;
- отбасындағы бос уақыты өткізу - отбасы мүшелерімен қарым-қатынас құру.

**Отбасының жеке адамға қатысты қызметі:**

- ерлі-зайыптылық. Олар біріне – бірі серік болып, біріне-бірі моральдық тірек көрсетеді;
- ата-аналық. Өмірге үйлесім әкеліп, ата-аналарының үмітін ақтау, оларға қамқор болу;
- тұрмыстағы отбасының психологиялық ахуалының үйлесімі.

Қазіргі отбасының ерекшеліктері мен даму бағыттарына ескерудің бала тәрбиесі үшін маңызы зор.

**Қазіргі отбасының ерекшеліктері:**

Ауыл балалары үнемі ауылдастарының көз алдында болып, олардың қатаң бақылауын сезінеді. Бір жағынан оқушы бақылау аясында болса, екінші жағынан психологиялық тәуелділікті сезінеді. Қалада ондай бақылау жоқ, үлкендер бір үйде тұратын балаларды да біле бермейді.



Халықтың әл-ауқат деңгейі әр түрлі болғандықтан ата-аналар мен балалар арасындағы қатынас та әр түрлі болады. Біреулер мейлінше өбектеп, тәрбие мәселесін қолдан шығарып алуы мүмкін. Ондай отбасындағы балалар дайынға не болғысы келіп, енжар, жалқау болып тәрбиеленеді.

Жас отбасының бөлек шанырақ көтеруі, олардың жауапкершілігін арттырумен қатар, үлкендердің бала тәрбиелеу тәжірибесіне құлақ салып, түсіністікпен бала тәрбиелеуге көмектеседі. Жас отбасыларының тұрмысының материалдық жағынан дұрыс жолға қойылауы, бала тәрбиесіне қиындықтар келтіреді.

Отбасындағы балалар санының азаюы, қазір қалаға да, ауылға да тән. Оның түрлі объективті себептері бар. Осыған орай, аз балалы отбасындағы баланы тәрбиелеу мәселесі зерттесуді қажет.

Ерлі-зайыптылардың отбасының ыдырауы, бірінші өмірге дайын болмауы салдарынан болады.

Бір балалы отбасылардың көбеюі. Мұндағы басты мәселе баланың өзінен үлкен және кіші балалармен, ұжыммен қарым-қатынас орнату тәжірибесінің жоқтығы және отбасы назарының тек бір бала төңірегінде шоғырлануынан болатын кемшіліктердің көбеюі.

**6.2. Отбасындағы педагогикалық үдерістің негізгі компоненттері.** Отбасы тәрбиесінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, балалар мен ересектердің өмірлік тіршілігін ұйымдастырудың құралдары, формалары, әдістері. Отбасы тәрбиесінің мақсаты болашақ азаматтарды ізгілікке, өмірде өз орнын таба білуге, алдында кездесетін кедергілерді жеңе білуге, белсенді, өз ой-пікірін дәлелдей алатын, жетістікке жетуге және келешекте мықты отбасын құруға бағдарланған тұлға тәрбиелеу көзделеді.

Мектептегі тәрбиеден отбасы тәрбиесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Отбасындағы тәрбиеде баланың жеке басына тән қасиеттерді дамытудың маңызы зор. Отбасы тәрбиесіне ата-ана, отбасы мүшелері қатысады.

Отбасы тәрбиесінің *міндеттері*:

- баланың өзін-өзі тануын дамыту, өсіп жетілу, айналасымен өзгелермен үйлесімді қарым-қатынас құруға үйрету, мәдени қарым-қатынас құру, мықты отбасын қалыптастыру туралы отбасы құндылықтарын санасына сіңіру;

- отбасы мүшелерінің тіл табысып түсінісуін қалыптастыру, бірін - бірі тыңдап, ата - ананы, туған - туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап құрмет тұтуға үйрету;

- адамгершілік және эстетикалық, еңбексүйгіштік жағынан қалыптастыру, өзіне - өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;

- денсаулығын нығайту, ақыл-ой, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Отбасы тәрбиесінің мазмұны: жас баланы қоғам талантарына қарай тәрбиелеу, жеке басының мүмкіндіктерін жетілдіру, ақыл-ой, сана-сезімін қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрлер арқылы мәдениетке тәрбиелеу, әлеуметтік ортамен қарым-қатынас құру, түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдай білу, белсенділікке, еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Отбасы құндылықтарын, мейірімділік, рахымдылық, қамқорлық қасиеттерін бала бойына сіңіру, отбасы мүшелерінің қаражатының күнделікті тұрмыста қалай пайдаланылатынын түсініп, келешекте ата-анасына, отбасы мүшелеріне көмек көрсетуге даяр болу, отбасындағы ізгілік қатынастарын дамыту.

Отбасындағы тәрбие формасы екі түрлі болады: *ұжымдық және жеке тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу*. Ұжымдық тәрбиеге отбасы мүшелерінің қатысуымен атқарылатын іс-шаралар, ал жеке тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуге балалардың жеке жауапкершілігімен орындалатын істері жатады.

Отбасында қолданылатын *тәрбие құралдары* орасан зор. Ата-ананың, үлкен-кішілердің, тарихи тұлғалардың, айналасындағылардың өнеге-үлгісі, көркем сөз туындылары, музыка, бейнелеу өнері, табиғат, қоғамдық өмірдегі, спорттағы шығармашылық жетістіктер, т.б.

### **6.3. Отбасының қызметтері, типтері.**

#### **1. Отбасы құрамын анықтау:**

- құрамы толық, толық емес, бір балалы, көп балалы, ата-анасы ажырасқан отбасылар;  
- тұрмысы мен тұратын үй жағдайы, қаражатпен қамтамасыз етілуі; отбасының тәрбиелік ықпалы: күшті, тұрақсыз, нашар, теріс.

#### **2. Отбасындағы қарым-қатынас сипаты:**

- отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы үйлесімді, тіл табысатын, тұрақсыз, сырт көзге дұрыс көрінгенімен де қайшылыққа толы, моральдық қыры төмен;

- отбасы мен бала арасындағы қатынас - көз жұмушылық, қамқорлық таныту, тең қатынас құру, тұйық қатынас құру, немісқұрайды қатынас орнату, балаға шеттен тыс объектеу, өз жауапкершілігіне жүктелген қатынас, өз еркіне берілу, бақылаусыз қалдыру;

- баланың отбасындағы ұстанымы (педагогикалық тұрғыдан дұрыс, отбасы мүшелері тегіс баланың жеке басын жоғары қояды, екі адамның арасындағы дау-жанжал арқылы баланы өз жағына тарту, өз бетімен жүруі, оған ешкім назар аудармауы, беделді отбасы мүшесінен қорқу, өзіне сенімсіз, ата-анасымен ашық сөйлескісі келмейді.

#### **3. Отбасындағы баланың өзін-өзі сезінуі :**

«Мен отбасына керекпін, олар мені жақсы көреді, мен де оларды жақсы көремін».

«Мен отбасына керекпін, олар мені жақсы көреді, мен үшін өмір сүреді».

«Мен керекпін, бірақ мені ешкім жақсы көрмейді, ал мен олармен барлық жан-тәніммен жақындасқым келеді».

«Мен оларға керек емеспін, олар мені жақсы көрмейді, сондықтан мені де мазаламаңдар».

Алдыңғы екеуі, баланың дамуы үшін өте маңызды.

#### *4. Баланың ата-анасына қатынасы:*

отбасылық қарым-қатынас маңызды; ата-аналары беделді; балаға немқұрайды қарайды; баланың көңілінде үлкен күйзеліс бар; отбасы мүшесінің біреуіне жақын болғысы келеді.

Ата-аналар мен жасөспірімдердің арасындағы қайшылықтарды жеңу үшін ата-аналармен педагогикалық жұмыстар жүргізудің маңызы зор. Ол жұмыс бірнеше кезеңдерден тұрады.

#### *Ата-аналарға педагогикалық тәрбие беру кезеңдері:*

*Диагностикалық* – отбасында шешілмеген күрделі мәселелерді, ата-ананың құндылық бағдарын және мәдени деңгейін анықтау.

*Консультация жүргізу* – мектепте ата-аналардың түрлі сұрақтарына жауап беру түрлерін ұйымдастыру.

*Ата-аналардың тілегі бойынша* белгілі бір оқыту формалары мен әдістерін ұйымдастыру.

*Мониторинг кезеңі*, ата-аналардың тілегінің қаншалықты жүзеге асқанын, жүргізілген педагогикалық жұмыстардың ата-анаға пайда келтіргенін бақылау және жетілдіру.

#### *1. Отбасын әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан ағарту кезеңі.*

- ата-ананың баламен қарым-қатынасын реттеу үшін оларды балалармен бірге үйірмелік, спорттық т.б. жұмыстарға қамту.

- ата-ананың баламен қарым-қатынасын дамыту үшін баламен отбасында мәдени қарым-қатынас орнату жайлы әңгіме өткізу;

- ата-ана мен балалардың бірімен-бірінің сыйластығын арттыру мәдениетін қалыптастыру.

#### *2. База, ата-ана және мектептің өзара құқықтық әрекеттестігі:*

- бала мен үлкендердің өз құқықтарын білуін қамтамасыз ету;

- «Мектеп өмірінің кодексін» жасап, оны талқылауға ата-аналарды кеңінен араластыру.

Осы бағдарламаны жүргізу үшін сынып жетекшісі ата-аналармен түрлі сабақ формаларын: әңгіме, дәріс, іскерлік ойындар өткізеді. Мектепте педагогтар арасынан өз бастамаларымен арнайы топ құрып, бұл жұмысты қызықты етіп өткізуге болады. Алдыңғы қатарлы тәжірибені талдау барысында, оны жетілдіріп, барлық педагогтардың ортақ тәжірибесіне айналдырған абзал.

Отбасында ата-аналар мен бала арасындағы қайшылықтарды болдырмау мақсатында мектеп пен отбасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты арттыру көзделеді. Ата-аналармен педагогикалық

сабақ жүргізу барысында олармен ынтымақтастықты арттыру үшін сауалнама жүргізіп, алдағы жұмыстардың бағытын анықтауға болады.

**3. Ата-аналар жиынағын өткізу тақырыптары:**

«Сіздің баланыңыздың туған күні», «Біз айтатын өнегелі сөздер», «Біз балаларды туған елін сүйеу үйретеміз бе?», «Осы заманға адамның өміріндегі күрделі және өткір мәселелер», «Қазіргі заман адамдарының өмірлік құндылықтары», «Өмірдің адамгершілік заңы», «Адам - өз өмірі жайлы», «Экологиялық зардаптар» т.б.

**4. Отбасын түрлі ұйымдар мен арнайы мамандармен байланыстыру.**

- үкімет құрылымдарымен байланыстыру: денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, еңбекке орналастыру орталығы, спорт және мәдениет комитеті, тәртіп бұзушылықтың алдын алу бөлімі, кәмелетке толмаған балалар инспекциясы;

- отбасына көмектесетін орындар: қиын балаларды қалпына келтіру орталықтары, балалар үйі, психологиялық-медициналық қызмет, отбасымен жұмыс атқаратын орталық, наркологиялық, психоневрологиялық диспансер т.б.;

- басқа саланың мамандарымен кездестіру: дәрігер, қосымша білім беру жүйесінің педагогтары т.б.

**5. Түрлі отбасылармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс:** ата-ананың қарауынсыз қалған балаларды анықтау; олардың тұрмыс жағдайын және тәрбиесіне назар аудару; оларды тәрбиеге алған адамдарға көмек көрсету шараларын қарастыру; олардың құжын қорғау; құқықтарымен таныстыру;

**Көп баалаы отбасылар:** мектеп тарапынан бала тәрбиесіне және материалдық көмек беруге көмектесу, отбасындағы бос уақытты өткізуге кеңес беру, еңбекке баулу, құқықтарымен таныстыру;

**Толық емес отбасылар:** қосымша көмек алу жағдайын қарастыру, психологиялық-педагогикалық консультация ұйымдастыру, тәртіп бұзудың алдын алу, тәрбиеге практикалық жағынан көмек беру, заңмен қаруландыру.

**Күрделі отбасылармен жұмыс:** отбасы мәселелерінің дамуын зерттеу, оларға психологиялық және педагогикалық көмек көрсету, құқықтық заңдармен таныстыру.

**6.4. Отбасындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру.**

**Тәрбие жұмыстарын жоспарлауға ата-аналардың қатысуы.** Мектептегі, сыныптағы тәрбие жұмысын жобалауда, жоспарлауда және оларды құруда ата - аналармен ынтымақтастықта жұмыс атқару негізгі орын алады. Қоғамның сұранысына сәйкес «оқушы - мұғалім - ата-ана» өзара бірлестікте, сабақтастықта, жүйелі түрде жұмыс жоспарын құру арқылы іс - әрекеттерді ұйымдастыру арқылы тәрбиенің алдына қойылған мақсат, міндеттері, негізгі қағидалары орындалады. Мектептегі, сыныптағы тәрбие жұмысын жоспарлауда мектептік ата -

аналар комитеті, сыныптағы ата - аналар комитетінің идеялары басшылыққа алынады. Қазіргі таңда мектептерде тәрбие жұмысын жетілдіруде ата - аналардың ықпалын ерекше атауға болады. Себебі, тәрбие жұмысын жобалауда, жоспарлауда ата - ана өз балаларының білімді, білікті, шығармашыл, интеллектуалды тұлға болып қалыптасуын бірінші шарттардың қатарына қояды.

Мектеп басшылары, мұғалімдері мен сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, психолог т.б. оқушылармен және оның ата-аналармен *педагогикалық дәріс, ғылыми-практикалық конференция, ата-аналар жиналысы*, треннинг, диспут т.б. жұмыстардың түрлерін бірлесіп жүргізеді.

*Педагогикалық дәрістің мақсаты* - ата-аналардың назарын бүгінгі отбасы мәселелеріне аудару. Мұндай дәрістер ата-аналарға тәрбие теориясынан жүйелі білім береді.

Балалармен *жаппай педагогикалық оқуды* 1-2 сыныптардан бастаған жөн, оның себебі мектептегі оқу қызметімен қаруландырудың негіздері осы кезеңде басталады. Оны мектеп директоры, оқу және тәрбие ісінің меңгерушілері, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмысты ұйымдастырушылар жүргізеді. Мектептегі параллель сыныптарды біріктіріп өткізуге болады.

Көптеген мектептерде *Педагогикалық білім университеттері* ата – аналармен күрделі жұмыс формаларын ұйымдастырады. Тәрбие теориясынан дәрістер оқылып, семинар сабақтар жүргізіледі.

Ата-аналарды мектеп өмірінің түрлі қырын түсіну үшін бала тәрбиесі жөніндегі *жылдық қорытынды конференцияларға қатыстыру* ұйымдастырылады. Онда отбасында шешімін таппай келе жатқан мәселелер қаралады. Ең маңызды тақырыптың бірі – отбасында баланы сәбкеке тәрбиелеу, т.б.

*Мектеп есігінің ашық күндері* тоқсанның соңына қарай өткізіледі. Оған мектеп арнайы салтанатты түрде дайындалады.

*Оны өткізу бағдарламасы:*

Акт залында ата-аналарға арналған концерт 30 минут шама-сында, I-XI сынып оқушыларының белсенді мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі. Мектептегі ең жақсы сынып және үздік оқитын жеке оқушылардың аттары аталады.

Әр сынып оқушыларының ата-аналарымен кездесуі. Оқушылар ата-аналарға қандай жетістіктерге жеткені туралы айтып, өздері жасаған сувенирлерін тапсырады.

Түрлі тақырыпқа арналған, оқушылар қолымен жасалған көрмені аралап, ондағы оқушылардың қолымен жасалған дүниелерді көреді.

Спорттық жарыс ұйымдастырылып, марапаттау сыйлықтары тапсырылады.

Ата-аналар оқушылармен көркемсуретті фильмдер көреді.

Мектепте ата-аналарға арналып өткізілетін конференция тақырыптары әр түрлі болуы мүмкін.

*Сынып ата-аналарының жиналыстары* - ата-аналармен жүргізілетін дәстүрлі жұмыстың бір түрі. Жиыналыс нақты мәселені шешуге бағытталуы тиіс. Мысалы, «Бала алдындағы қиындықтарды жою немесе оны шеңгу баланы тәрбиелеуге көмектесе ме? Қаралатын мәселе ата-аналардың қызығушылығын арттырып, оларға ой тастауы керек.

*Жеке ата-аналармен жұмыс жүргізу:* отбасымен танысу, оларға педагогикалық тапсырмалар беру. Ата-аналарға бала тәрбиесіне байланысты педагогикалық консультация жүргізу. Консультация барысында мынаны ескеру керек: ата-аналардың бала тәрбиесіне ынталы болуын қолдау, отбасына педагогикалық көмек көрсетуге даяр болу, нақты сұрақтарға ұсыныстар беру.

Сынып жетекшісі ата-аналардың педагогикалық әлептілікті мектеп оқушыларының бойына сіңіруде педагогикалық оқуды дұрыс және ғылыми түрде жүйелі ұйымдастырудың маңызы зор. Осымен байланысты жоғары сынып оқушыларына ата-аналық міндет пен құқықты арнайы курс ретінде оқыту арқылы олардың педагогикалық сауаттылығын арттыруға, сөйтіп оқушылардың бойына мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, келешек ата-аналық жауапкершілік сезімдерін күн ілгері ұялатуға тура келеді.

Сынып жетекшісі отбасымен педагогикалық және психологиялық тұрғыдан байланыс орнатуы тиіс.

*Бірінші ереже.* Мектеп пен сынып жетекшісінің ата-анамен байланыс орнатудан басты қадамы ата-ананың беделін көтеретін іс-шараларды белгілеу. Ешқашан сынып жетекшісі ата-анаға сын ескертпе жасап, өзін онан жоғары ұстауына жол бермеуі керек. Сынып жетекшісі мен ата-ана арасындағы түсіністік байланыс қана бірінші-біріннің арасындағы сенімін, құрметін арттырып, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Ең бастысы сынып жетекшісі мен ата-ананың түсіністік қарым-қатынасы оқушыны жауапкершілікке, қойылған талапты орындауға, азаматтық борышын өтеуге дайындайды.

*Екінші ереже.* Ата-ананың тәрбиелік мүмкіндігіне сенім арту, педагогикалық мәдениетін көтеруге және тәрбие ісіне белсенді араласуына қолдау көрсету. Ата-ана психологиялық тұрғыдан бала тәрбиелеу талаптарына үнемі дайын болуын есте ұстауы қажет.

*Үшінші ереже.* Отбасының ішкі өміріне араласпау. Сынып жетекшісі ресми адам болғандықтан, отбасының ішкі дүниесінен хабардар болуы мүмкін. Кәсіби білікті сынып жетекшісі үнемі от басында пайда болған мәселені шешуге көмекке келуі тиіс. Оның мейірімділігі мен жақсылығы жүректен шығуы тиіс.

*Төртінші ереже.* Отбасында баланың жағымды жақтарын бала тәрбиесіне негіз етіп, оны жетістікке қол жеткізуге тәрбиелеу. Баланың мінез-құлқын тәрбиелеу өте күрделі болғанымен де, кездесетін қайшы-

лықтарды шеше білу және педагогикалық ситуациялардың шешімін дұрыс таба білу өте маңызды.

Мұғалімнің отбасымен байланыс орнатуы ең маңызды мәселе. Осыған орай, мұғалім отбасы мүшелерімен танысканы жөн. Ерекше назар аударатын мәселенің бірі - ата-аналардың үнемі жұмыста болуы. Сондықтан мұғалімнің кез келген уақытта ескертусіз ата-ананың үйіне келуі, түрлі ыңғайсыздық туғызуы мүмкін. Сол себепті мұғалімді ата-ана өз уақытының ыңғайына қарай отбасына шақыруы тиіс. Мұғалім отбасына келетін уақытын алдын ала белгілеп, оқушының жетістігі мен кемшілігін педагогикалық тұрғыдан дұрыс көрсетіп, психологиялық жағынан шебер жеткізе білуі тиіс. Отбасы тәрбиесін дұрыс жолға қою үшін ғылыми-көпшілікке арналған әдебиеттерді пайдаланудың маңызы зор. Дегенмен де ата-ана сынып жетекшісінің айтқан пікірін өз баласының жағымды қырларын және бала тәрбиесінде жіберілген кемшіліктерін мұқият қабылдайды. Пікірлесу барысында кейбір отбасылардың жағымды тәжірибесінен хабардар болады.

Ата-аналармен байланыс орнатудың тағы бір түрі, оларға – педагогикалық тапсырма жүктеу. Мектеп үйірмелерін жүргізу, мекен – жай аумағында клубтар ұйымдастыру, спорттық секция жүргізу, техникалық үйірмеге қатысу, түрлі көмек көрсету т.б. жұмыстарға ди араласа алады.

Мектептің материалдық базасын нығайтуға, шаруашылық жұмыстарын жүргізуге көмектесу, кабинеттерді жабдықтауға, мектептің айналасын көгалдандыруға, т.б. істерге көмектеседі. Әр ата-ананың мектепке қандай көмек көрсете алатынын сауалнама арқылы анықтауға болады.

Осы бағдарламаны жүргізу үшін сынып жетекшісі ата-аналармен түрлі сабақ формаларын: әңгіме, дәріс, іскерлік ойындар өткізеді. Мектепте педагогтар арасынан өз бастамаларымен арнайы топ құрып, бұл жұмысты қызықты етіп өткізуге болады. Алдыңғы қатарлы тәжірибені талдау барысында, оны жетілдіріп, барлық педагогтардың ортақ тәжірибесіне айналдырған абзал.

Отбасында ата-аналар мен бала арасындағы қайшылықтарды болдырмау мақсатында мектеп пен отбасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты арттыру көзделеді. Ата-аналармен педагогикалық сабақ жүргізу барысында олармен ынтымақтастықты арттыру үшін сауалнама жүргізіп, алдағы жұмыстардың бағытын анықтауға болады.

#### **Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар**

1. Отбасы – бала тұлғасын әлеуметтендірудің факторы және белсенді субъектісі дегенді қалай түсінесіз?
2. Отбасының қызметтері, типтері, ерекшеліктері.
3. Отбасындағы педагогикалық үдерістің негізгі компоненттері: отбасы тәрбиесінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, балалар мен ересектердің өмірлік тіршілігін ұйымдастырудың құралдары, формалары, әдістері.

4. Отбасы бала тұлғасын әлеуметтендіру факторы дегенді қалай түсіндіресіз?
5. Үлгілі отбасын құруда сенін қосар үлесіне кесте құрып, сыпаттама беріңіз.

## 7 тақырып. ОҚЫТУ – ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

*7.1. Дидактика – оқыту және білім беру теориясы. Дидактиканың нысаны, пәні, қызметтері, міндеттері.* Қазіргі уақытта дидактика педагогика ғылымының дамыған, негүрлым қалыптасқан маңызды да күрделі саласы ретінде қоғам дамуының белгілі кезеңдерінде мектеп алдына қойылатын жаңа аса жауапты міндеттерді ойдағыдай шешу барысында үнемі дамып отыратын ғылым. Орта білім беру жүйесінде *дидактика* білім беру мен оқытудың мазмұнын, құрылымын, оқыту заңдылықтары мен ұстанымдарын, ерекшеліктерін, талаптарын, шарттарын, оны ұйымдастару әдістері мен формаларын және технологиясын, оқыту нәтижелілігін зерттейтін педагогиканың маңызды саласы болып табылады.

Тұтас педагогикалық үдерістің құрауыштары - оқыту мен тәрбиелеу. Бұлар өзара тығыз байланыста болса да, әрқайсысының ерекшеліктері бар. Педагогикалық үдерісте оқыту үдерісі өзіндік орынға ие. Оқыту барысында білім, білік, дағды және тәжірибе, қабілеттер қалыптасады. Оқыту үдерісінің теориялық негізін, оның заңдылықтарын, ұстанымдарын, категорияларын педагогиканың арнайы саласы – дидактика зерттейді. Дидактика – оқытудың мақсатына, мазмұнына, әдістеріне және ұйымдастыру түрлеріне ғылыми негіздеме беретін оқытудың педагогикалық теориясы.

Дидактика ғылым ретінде мына мәселелерді қарастырады: не үшін оқытамыз (оқыту мен білім берудің мақсаты)?; кімді оқытамыз (оқыту субъектілері)?; оқытудың қандай стратегиялары тиімді (оқыту ұстанымдары)?; неге оқытамыз (білім беру, оқыту мазмұны)?; оқытуды қалай ұйымдастырамыз (оқытуды ұйымдастыру формасы)?; оқытуға қандай құралдар қажет (оқулықтар, оқу құралдары, компьютерлік бағдарламалар, т.б.); оқыту нәтижесінде неге қол жеткізіледі (оқыту нәтижесін сыпаттайтын көрсеткіштер мен нәтижелер)?; оқыту нәтижелерін қалай бақылауға және бағалауға болады? (оқыту үдерісін бақылау түрлері).

Дидактика – бұл оқытуды теориялық деңгейде зерттейтін педагогикалық ғылыми пән. Дидактиканы кез келген педагог білуі қажет, өйткені ол теориялық білімге сүйене отырып, соған сәйкес практикалық мәселені ойдағыдай шеше алады. Сондықтан мұғалімге практикалық әрекет теориясы, яғни оқыту әрекетінің теориясы қажет.

*Дидактиканың объектісі мен пәні.* Оқыту дидактің де, әдіскердің де, психологтың да, ақпарат теориясы маманының да, кибер-



нетиктің де зерттеу нысаны бола алады. Бірақ әрқайсысы бұл нысанды зерттеуде өздерінің мақсаты мен зерттеу нәтижелерін нақтылайды. Демек, дидактиканың пәні - *үйрету мен үйренудің тұтастығы*, өйткені ол оқыту үдерісіндегі педагог пен оқушыларды әрқетін таным теориясы арқылы сипаттайды.

Дидактика пәнін анықтаудың келесі қадамы - *оқытудың педагогикалық мәнін ашу*. Дидактика теориялық ғылым ретінде *оқытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздерін* ашып көрсетеді. Дидактика пәнінің келесі сипаттамасы – *оқытуды тәрбиемен біріктіре қарастыруы*.

Сонымен, *дидактиканың зерттеу пәні - оқытудың мақсаты, мазмұны, заңдылықтары мен принциптері*.

*Дидактиканың қызметтері*: оқыту үдерісін және оның орындалу шарттарын сипаттау және түсіндіру; оқыту үдерісін жоғары деңгейде ұйымдастыру, жаңа оқыту жүйелерін, жаңа оқыту технологияларын құрастыру.

Бұл *қызметтер*, дидактика пәнін анықтауда басшылыққа алынады: оқыту *сипаттау, түсіндіру, құрастыру және зерттеу нысаны* ретінде қарастырылады. Оқыту – дидактика педагогиканың ғылыми-теориялық қызметін орындаған уақытта зерттеу нысаны ретінде алынады.

*Құрастырушылық-техникалық қызметтің* негізіне *ғылыми-теориялық қызметтің* орындалуының нәтижелері алынады. Өзінің қызметтерінің орындалуында дидактика басқа ғылымдардың, дәлірек айтсақ: философияның, жалпы психологияның, жас ерекшелік психологиясының, кибернетиканың жетістіктерін қолданады.

*Дидактиканың міндеттері*:

- білім беру мақсатын ғылыми негіздеу, білім беру мазмұнын құрылыммен анықтау, білім беру мазмұнының оқытудың әрбір деңгейіндегі көлемін нақтылау;

- оқыту үдерісінің теориялық модельдерін ойластыру және оны практикада тексеру;

- оқыту үдерісін ұйымдастырудың неғұрлым жетілген жаңа жүйесін, оқытудың жаңа технологияларын жасау.

Бүгін дидактика білім беру және оқыту туралы ғылым ретінде таңылып отыр.

*Я.А. Коменскийдің педагогикалық теориясы*. «Дидактика» термині грек тілінен шыққан, яғни «didaktikos»-үйренуші, ал «didasko»-зерттеуші деген мағынаны білдірген. «Дидактика» түсінігі мазмұнын толық түсіну үшін, бұл ғылыми пәннің дамуына қысқаша тарихи шолу берген жөн. Тарихта ұзақ уақыттар бойы «педагогика» терминімен қатар «дидактика» термині бір мағынада қолданылып келген. Ең алғаш рет оны ғылымға неміс педагогі В. Ратке (1571-1635 жж.) енгізген және өзінің лекция курсына «Дидактикадан қысқаша

ғана есеп нәтижесі немесе Ратихияның оқыту шеберлігі» деп атаған. Коменский Ян Амос (1592– 1670 жж. ) - чех педагогы, қоғам қайраткері.

Ол 1657 ж. Амстердамда өзінің «Ұлы дидактика» атты еңбегін бастырып шығарды. Коменскийдің педагогикалық көзқарастары – гуманизм мен демократияға негізделген. Ол ортағасырлық жаттамалы оқуға, баланы жазалап оқытуға қарсы болды. Я.А. Коменский дидактиканы «бәрін бәріне оқыту өнері» ретінде қарастырды. Дидактиканың құрамында ол «жан-жақты моральдікке бағытталған ойлардың қалыптасуы» туралы оқыту мен тәрбиелеу сұрақтарын қарастырды. Мектеп баланың «адамгершілік, сүйіспеншілік шеберханасы» болуы керек деген көқарасты насихаттады. Коменский адам танымның үш сатысын анықтады. Олар: 1) эмпирикалық; 2) теориялық; 3) практикалық. Коменский тәрбиені адамның табиғатына сәйкес жүргізу керек деп есептеді. Ол оқытудың жеті түрлі принципін анықтады: білім беру үдерісін көрініп тұран заттан бастап, біртіндеп абстрактылыққа көшіру, жеңілден ауырға қарай жылжу, көрнекілікке басқоніл бөлу, білімнің жүйелі түрде меңгерілуі, білім сатыларының бір - бірімен байланысты берілуі, теорияның практикалық өмірмен тығыз байланысты болуы, баланың жас және жеке бас ерекшеліктерін ескере отырып білімді меңгеру.

Коменский бұрынғы білім беру жүйесін ұсынды: ана мектебі (6-12 жас аралығы), ана тілі мектебі (12-18 жас), академия (18-24 жас). Ол оқу жылын тоқсанға жіктеу, оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі - сынып-сабақ жүйесін педагогика тарихында алғаш рет ұсынды. Коменский оқулықтарға талаптарды да анықтады. Оның педагогикалық талабы бойынша, оқулық жүйелі, ғылыми негізге сүйенген, теория мен тәжірибенің байланысын іске асыруға талпыныс жасауы қажет.

Коменскийдің дидактикалық принципін әлемнің педагог-ғалымдары ұдайы қағида тұтып, басшылыққа алып келеді.

**7.2. Педагогика тарихындағы дидактикалық теориялардың дамуы.** Дидактиканың бірнеше ғасырлық бай тарихы бар және қазір де қарқынды даму үстінде, оның даму тарихы отандық және ғаламдық ғылым жетістіктерімен қатар әлемдік көрнекті педагогтардың еңбектерімен тығыз байланысты.

Педагогика ғылымының дамуы барысында дидактика білім беру мен оқытуға көңіл аудара бастайды. Әлемдік дидактиканың дамуына Иоганн Фридрих Герbart (1776-1841 жж.), И.Г. Песталоцци (1746-1827 жж.), А. Дистерверг (1790-1816 жж.), К.Д.Ушинский (1824-1870 жж.), Д.Дьюи (1859-1952 жж.), Г.Кершенштейнер (1854-1932 жж.), В.Лай (1862-1926 жж.) және т.б. үлкен еңбек сіңірді.

Швейцария педагогы *И.Г. Песталоцци* бастауыш білім беру дидактикасының негізін қалаушы. Ол оқытудың мақсаты баланың ақыл-ойын белсенділікке бағыттау, танымдық қабілетін дамыту, логикалық

ойлауын және түсінгенінің мәнін қысқаша айтып беруге дағдыландыру деп есептеді.

Белгілі неміс педагогы және философы *И.Ф. Гербарт* (1776-1841) Я.А. Коменскийден кейін дидактиканың тәрбиелік отырып оқытудың біртұтас теориясы ретінде теориялық негізін салып, педагогиканың бөлімі ретінде қарастырды. Бұл көзқарас көптеген отандық және шетелдік педагогтардың еңбектерінде көрініс тапты. *И.Ф. Гербарттың* дидактикаға қосқан басты үлесі - оқытуды сатылау. Оның құрылымы: айқындық – ассоциация – жүйе – әдіс. Оқу үдерісі елестетуден ұғымға және ұғымнан теориялық білікке өтеді. Бұл құрылымда практика болмайды. Бұл формальдық деңгейлер оқытудың мазмұнына тәуелді емес, барлық пән үшін барлық сабақта оқу үдерісінің жүрісін анықтайды. Гербарттың ізбасарлары (*В. Рейн, Т.Ц иллер, Ф. Дерпфельд*) бұл теорияны оның біржақтылығынан және формальдылығынан құтылуға ұмтылып дамытып, жанартты.

**ХІХ-ХХ ғғ. аралығында дидактиканың дамуына** *П.Ф. Каптерев, С.Т. Шацкий, П.П. Блонский, А.К. Гастев, А.П. Пинкевич, М.М. Пустрак және т.б. үлес қосты. Әсіресе КСРО кезінде отандық дидактикада П.Н. Груздев, М.А. Данилов, Ш.И. Ганелин, Е.Я. Голант, Л.В. Занков, Б.П. Есинов, М.Н. Скаткин және т.б. табысты жұмыс істеді. Оқытудың ғылыми негіздемесін жасауға, дидактиканың нысаны мен пәнін анықтауға, педагогикалық ғылымдармен, сондай-ақ басқа ғылымдармен байланысын табуға, дидактикалық зерттеудің әдіснамасын нақтылауға, оқыту әдістерін жетілдіруге В.С. Ильин, В.И. Загвязинский, В.В. Краевский, И.Я. Лернер, М.М. Махмутов, П.И. Пидкасистый және т.б. зор үлес қосты. Аталмыш ғалымдардың дидактикаға үлесі қазіргі уақыттағы педагогикада тумндайтын өзекті мәселелерді шешуде іргелі негіз болып отыр.*

**Қазақстанда педагогикалық теориялардың дамуы.** Қазақстан топырағынан шыққан ұлы ойшыл ғұламалар *Әбу-Насыр Әл-Фараби, Ибн - Сина, Қажға -Ахмет Нассауи, Әл - Хорезми, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни* қазақ жерінде дидактиканың философиялық-әдіснамалық заңдылықтары, өзіндік ерекшеліктері туралы өз еңбектерінде жазып, кейінгі ұрпаққа өте бай мұра қалдырды.

Әлемдік мәдениет пен ғылымның дамуына зор үлес қосқан, данышпан – ғалым *әл-Фараби* адамды тек оқу білім арқылы жанартуға, жетілдіре түсуге болады, мұның өзі бәрша халыққа бірдей ортақ нәрсе деп түсінді. Оның сан-салалы трактаттары ғылымның барлық дерлік саласын қамтыды. Ұлы ойшыл еңбектерінде педагогика мен психологияның, математика мен оны оқыту әдістемесі мәселелері де үлкен орын алады. Әсіресе, «Ғылымдардың классификациясы» деген еңбегінде сол кезеңдегі белгілі ғылымдардың әрқайсысын жеке-жеке саралап, олардың мазмұнын толық баяндады.

*Ж. Баласағұни «Құтты білік» атты еңбегінде ғылым мен білімнің адам өмірінде пешуші рөл атқаратындығын айқындай отырып, өмірмен байланысты білімнің өлшеусіз байлық, мол мұра екенін тұжырымдаған.*

*Қазақтың ұлы ақын, ойшылдары А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, этнограф – ғалым Ш. Уалиханов, ағартушылар Ы. Алтынсарин, С. Көбеев, С. Торайғыров өздерінің философиялық еңбектеріндегі қазақ халқының дүниетанымын қалыптастыру, ағарту, сауат ашу, білім беру, мәдениетке үйрету, өзге елдердің озық мәдениетінен үйрену туралы айтқан құнды пікірлері қазіргі кезде де өз мәнін жоймағанын, қайта осы заманғы білім беру ісімен үндесіп тұрған өзекті мәселе екенін аңғарамыз.*

*Одан бергі кезде ХХ ғасырдың басында қазақ зиялылары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов, С. Қожасметов т.б. білім беру мен оқыту үдерісін жетілдіру, оқылықтар даярлау, білім мазмұнын іріктеу, оқушылардың таным әрекетін арттыру мәселелерін тереңінен зерттеп, дидактиканы одан әрі дамытуға өз үлестерін қосты.*

*Дидактика тарихын зерттеуге Р.Б. Вендеровская, Ш.А. Ганелин, С.Ф. Егоров, З.И. Равкин, Л.А. Степанко, И. Мадин, Қ.Б. Сейталиев, Е.У. Жұматаева, Б.К. Абдуғұлова, А.Е. Дайрабаева өз еңбектерін арнады.*

*Кеңес дәуірінде таңда Қазақстан ғалымдары педагогиканың жалпы мәселелерімен қатар дидактикалық мәселелерді де зерттеді. Республика мектептерінің практикалық материалдарына сүйене отырып, жалпы педагогикалық, дидактикалық маңызы бар түрлі жастағы оқушылармен жұмыс істеудің ерекшеліктері, оқытудың дамуына байланысты мектептерді политехникаландыру, мектеп жағдайындағы оқыту, білім беру үдерісінің ерекшеліктері сияқты тақырыптар бойынша көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Солардың бірі профессор Р.Г. Лемберг болды.*

*60–жылдардың ортасынан бастап дидактикада едәуір алға жылжушылық үдерісін байқағты. Бұл ең алдымен оқу-тәрбие үдерісін зерделеуге тұтастық тұғырын қолданудан, оның қозғаушы күштерін анықтауымен, оқушыларды оқыту мен үйретудің заңдылықтарын ашуға ұмтылудан көрінеді. Осы негізде оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру мәселелеріне көңіл аудару күшейе түсті және бұл үдерістің мазмұнын ашып көрсетуде белгілі бір жетістіктерге қол жетті.*

*Қазіргі заманғы дидактикалық жүйеде оқыту мен оқу өзара бірлікте жүреді. Дидактикалық тұжырымдама шеңберінде бағдарламалап оқыту, проблемалық оқыту, дамыта оқыту, гуманистік психология, когнитивтік психология, педагогикалық технология және педагогикалық ынтымақтастық т.б. сияқты әртүрлі бағыттар жұмыс істейді.*

**7.3 Оқытудың әдіснамалық негізі.** Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде оқыту үдерісіне қатысты іс-әрекет, амал жүйесін құрып, бірқатар «индукция», «дедукция», «талдау», «жинақтау» т.б. сияқты терминдердің мәнін ашып көрсеткен еді.

XX ғасырдың 40-шы жылдары кеңестік педагогика оқыту теориясы мен таным теориясының ара қатынасын зерттеу мәселесін алға қойды. И.Ф. Свядковский оқыту заңдылықтарын тікелей таным үдерісінен шығарды. Бұл көзқарасқа қарсылық білдірген М.А.Данилов «оқытуды тек таным логикасы деп қарастыру тенденциясы дұрыс емес, өйткені оқыту үдерісі өзінің бай мазмұнынан айырылады» - деп жазды.

Педагогикада оқыту теориясы мен таным теориясының ара қатынасын зерттеу мәселесіне өз еңбектерінде назар аударғандар И.Т.Огородников, П.Н.Шимбирев, Р.Г.Лемберг, И.Н.Казанцев, М.А.Данилов және т.б. Олар оқыту үдерісі мен таным үдерістерінің ортақтығын (оқыту үдерісі таным элементтерін қамтиды) атай отырып, олардың мәнді ерекшеліктерін ашып көрсетеді.

Философиялық әдебиеттегі таным және ғылыми таным теорияларындағы келесі қағидаттар басшылыққа алынды: таным теориясы (немесе гносеология, таным философиясы) - таным табиғаты және оның мүмкіндіктерін, танымның шынайы және нақтылығын қарастыратын философияның бір бөлімі, гносеология - адамның танымдық әрекеттерінің жалпыға ортақ сипаттамасын қарастырады; танымның негізгі ұстанымдары: болмыстың және ойлаудың тепе-теңдігі (дүниені тану ұстанымдары), таным үдерісінің диалектикасы, қоғамдық тәжірибе - танымның негізгі қорғаушы күші, шынайылық өлшемі, таным мақсаты; гносеологияның негізгі бөлімдері: адамның объективті дүниені тануы туралы білім; таным түсінігінің табиғаты: а) үдерістің классикалық сызбасы: таным нысаны - таным субъектісі; б) таным үдерісінің ғылыми сызбасы: таным объектісі - таным құралы - таным субъектісі.

**Оқытудың заңдылықтары және қағидалары.** Заң, философияда - заттардың, құбылыстардың, үдерістердің, т.б. өзара табиғи және қайталамалы жалпы байланысының, яғни заңдылыңтардың мәнін түсіндіретін философиялық категория.

1960-1970 жылдары оқыту үдерісінің заңдылықтарын тәрбие мен білім беру мақсатына сәйкес, оқыту заңдылықтарын қолдану мәселесі көтерілді. М.А. Данилов өзара байланысты жүйе жағдайында *жетекші принцип* туралы айта келіп, дидактикаға принциптер сәйкестігі туралы түсінік ендірді. Ол принциптерді белгілі жүйеде қарастырып мынадай сәйкестік принциптерін ұсынды: оқытудағы ғылымилық пен түсініктілік; жүйелі оқытудағы теория мен практиканың байланысы; білімді игерудің беріктігі және оқушының танымдық

күшін жан-жақты дамыту; фронтальдық, ұжымдық және даралап оқытудың онтайлы сәйкестігі.

М.А. Данилов, Б.П. Есилов, И.Т. Огородников, Т.А. Ильина, В.И.Загвязинский және т.б. оқыту принциптерінің өзара байланысы мен өзара себептестігін бір қатар жылдар бойы зерттеді. Л.В.Занковтың «дидактикалық жүйе» түсінігін енгізуіне байланысты, басқа да педагогтардың «дидактикалық жүйе» түсінігін қайта зерттеуі мен оны құрастыруы, дидактикалық принциптерге жаңа түсініктеме беруді қажетсінді. Мәселен, Л.В. Занков түсініктілік принципіне: «Бұл принципті қайтадан сын тұрғысынан қарастырып, оқыту үдерісін құруда оқушының жас ерекшеліктерін ескеру керек», - деп көрсетті. Л.В.Занков оқыту жүйесін құрастыруда, үнемі оқушылардың танымдық қабілетін мейілінше дамыту қажет деген мәселені ұсынды. Л.В.Занков, В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин ғылымилық принципіне жаңаша түсініктеме беріп, оларды нақты игерту үшін қорытындылву арқылы, теориялық білім беру қажеттігіне тоқталды. Проблемалық оқытудың теориясы мен практикасының дамуына қарай оқытуды белсендіру, оның түрлі деңгейі негізінде шығармашылықты дамыту және саналылық принциптерінің мағынасы қайта толықтырылды.

**Оқыту заңдылықтары** деп – оқыту үдерісінің құрамдық бөліктерінің арасындағы объективті, мәнді, тұрақты, қайталанатын байланыстарды атайды. Бұл байланыстардың оқыту үдерісі бөліктеріне байланысты айрықша ықтималды-статистикалық сипаты дидактикада «заңдылықтар» ұғымының ерекшелігі болып табылады. Үдеріске қатысушылардың істері мен үдерістің шарттарына тәуелсіз, олардың бір бөлігі әрдайым іс барысында, мысалы оқыту мақсаты мен мазмұны қоғамның, жеке адамның білім деңгейінің талабына байланысты. Заңдылықтардың көп бөлігі тенденция ретінде көрінеді, демек әрбір бөлек жағдайда емес, көп жағдайда статистикалық қатарда болады. Бұл барлық қоғамдық үдерістерге тән, оқыту үдерісіне де тән; өйткені ол саналы түрдегі мұғалім мен оқушының әрекетіне, мәдени, материалдық шарттарына және т.б. көптеген факторларға тәуелді.

Көптеген оқыту заңдылықтары тәжірибелі, эмпирикалық жолмен табылады, демек оқыту тәжірибесі негізінде құрыла алады. Алайда, нәтижелі оқыту жүйесін құру, оқыту үдерісіне жаңа дидактикалық құралдарын енгізумен қиындату оқыту үдерісіндегі заңдар туралы теориялық білімді қажет етеді. Оқыту үдерісінің ішкі және сыртқы заңдылықтары ерекшеленеді. Алғашқылары оқытудың қоғамдық үдерістер мен жағдайларына: әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайға, мәдени деңгейге, қоғамның белгілі түрдегі жеке адам типіне және оның білім деңгейінің мұқтаждылығына тәуелділігін сипаттайды.

Оқыту үдерісінің *ішкі заңдылықтарына* оның өз бөліктерінің арасындағы, яғни, мақсаттарының, мазмұндарының, тәсілдерінің, әдістерінің, формаларының арасындағы байланыстар жатады. Басқаша сөз-

бен айтқанда, бұл сабақ берудің, оқыту және оқытылатын материалдың арасындағы тәуелділік. Педагогика ғылымында мұндай заңдылықтар өте көп белгіленген, айтылып кеткендей, олардың көпшілігі оқытудың міндетті шарттарын орындағанда ғана іске асырылады.

Осы кезеңдегі дидактикада оқыту үдерісі біртұтас құбылыс ретінде зерттеліп, оның заңдылықтары мен негізгі сипаттары ашылды. Олар:

1. Оқытудың қоғамның мұқтаждығына және жағдайына байланысты заңдылығы. Негізгі қоғамның экономикалық мүмкіншілігі ғылыми-техникалық үдеуге сәйкес дамып отырса, солғұрлым мектептің оқу-материалдық жағдайы жақсарады, педагогикалық үдеріс тиімді ұйымдастырылып, жеке адамның дамуына игі әсер етеді.

2. Оқыту, білім беру, дамудың өзара байланыс заңдылығы. Л.С.Выготский былай деген: «Оқыту дамудың алдына шығып отырса, ол бала дамуына «ен таяу даму зонасын» жасайды, баланы ізденуге талаптандырады және дамудың бірнеше ішкі үдерістерін қозғалысқа келтіреді».

3. Оқыту үдерісінде оқушылардың жас және дара ерекшеліктерін ескеру.

4. Оқыту үдерісінің міндеттерінің, мазмұнының, формаларының, әдістерінің өзара байланысы, олардың жаңарып, толықтырылуы.

5. Жеке заңдылықтар оқыту жүйесінің нақты, жеке бөліктерін қамтиды.

Оқыту үдерісінің заңдылықтары оқыту принциптері арқылы жүзеге асырылады. «Принцип» (лат.) – негізгі, бастапқы, қағида, ұстанымдар деген мағынаны білдіреді. Оқушыларды терең және мықты ғылым негіздерімен қаруландыру ғалымдардың дидактикалық принциптерді анықтауды талап етті. Ол принциптер мектептің жалпы мақсатына сай – қоғамға білімді, өзіндік бастамасы бар, іскер құрылысшыларын дайындау болды. Негізгі принциптер: ғылым негіздерін жүйелі және саналы игеру, теорияның практикамен байланысы, оқыту әдістерінің алуан түрлілігі, оқытуды өндірістік еңбекпен байланыстыру, оқушыларды өндірістің жалпы ғылыми принциптерімен таныстыру, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру.

Л.В. Занков дидактика мәселелерін зерттеуші ғалым. «Дидактика және өмір» атты еңбегінде мектептің оқушыны дамытуына баса назар аударып, эксперименттік оқыту принциптерін, осы бағыттағы мектеп тәжірибесінің нәтижелерін ашып көрсетті. Л.В. Занков 1963-1967 жылдар аралығында төрт жыл бойы эксперимент жүргізді. Оның нәтижесінде бастауыш сыныптырда оқытудың мынадай принциптері, яғни ұстанымдар анықталды:

Оқытудағы жоғары деңгейдегі қиындық принципі, «орташа қалыптағы» қиындықты белгілі бір мөлшерге дейін арттыруды сипаттамайды, ол ең алдымен оқушының рухани күшіне ашып, оның дамуын

өрістетіп, бағыт береді. Бұл жерде, тек қаралайым түрде оқушының «ақыл-ой күшін біраз арттыруды» емес, дидактикада оны біртіндеп күрделендіруді білдіреді (М.А. Данилов пен Б.П. Есипов). Бұл принципте кез келген қиындық емес, зерттелетін құбылыстың танымдық мәні, байланыстары, өзара тәуелділіктері, оқушыларды әдебиет пен өнердің шынайы қндылықтарын меңгертуге бағыттайды. Бұл принцип оқушылардың оқу қызмет нысанының сипаттайды. Сонымен бірге бұл принцип оқушының оқу материалдарын меңгерудегі психикалық қызметінің өзіне тән үдерістерін жинақтайды.

Жоғары деңгейде оқыту принципі күрделілік мөлшерін қадағалайды.

Жаңа жүйенің келесі дидактикалық принципі – *теориялық білімнің жетекші ролі*. Көрсетілген принцип оқытудың танымдық қырын алға шығаратын, баланы дамытатын ең үлкен күш және біліктер мен дағдыны іске асыратын сенімді негіз саналады. Теориялық білімді алға шығарудың қорқынышы кіші жастағы оқушылардың ойлауы нақты деп, психологтардың еңбектерінде негізделген еді.

Эксперименттік жүйенің келесі принципі – оқу үдерісін саналы меңгеру. Бұл принципті жүзеге асыру оқытудағы саналылық принципі негізінде жүзеге асырылады. Оқытуда маңызды орын алатын принциптің бірі – *барлық* балаларды дамыту, соның ішінде білімі нашар оқушыға байланысты болады.

Сонымен, оқытуға қойылатын талаптардың бастапқы белгілі жүйесін – *оқыту процесінің принциптері* деп атайды.

Оқыту үдерісінде кез-келген мұғалім дидактиканың принциптерін басшылыққа ала отырып, оқытудың мазмұнын, амал-тәсілдерін, ұйымдастыру формаларын таңдап, шәкірттерін жоғары нәтижеге жеткізуі шарт. Мұғалім дидактикалық принциптерді дұрыс таңдап, оқытуды дұрыс ұйымдастырса сабақ тиімді және нәтижелі болары даусыз. Оқушыларға ойдағыдай теориялық білім, практикалық дағды, қабілет және тәрбие беру міндеттерін толық жүзеге асыру үшін оқытушы әрбір сабағын мынандай *дидактикалық принциптер* негізінде өткізуі қажет: оқу материалы, оның орналасуы мен оқытылуы ғылыми негізде жүйелі болуы; оқу материалы және оны түсіндіріп айту, көрнекті, ұғынықты болуы; теория мен практиканың тығыз байланыстылығын ашып көрсете білуі; оқушылар оқу материалын саналы және белсенді ұғынуы; оқушылардың алған білімі мен дағдылары берік болуы.

Принциптерден педагогикалық ережелер туындайды. *Педагогикалық ереже* – жалпы принциптерге негізделген белгілі жағдайдағы белгілі мақсаттағы педагогтық қызметтің бейнеленуі. Ережелер оқыту принциптерін қолданудың тәжірибелік жақтарын көрсетеді, теориядан тәжірибеге көшу жолдарын айқындайды, мұғалімге нақты жағдайда қандай нақты шараларды пайдалану қажеттілігін ұсынады.



Ережелер принципке сүйенеді, ал принциптер ережелер арқылы жүзеге асады. Сонымен, педагогтар оқытудың принциптеріне сай қалыптасқан белгілі ережелерге сүйеніп мақсат-міндеттерін іске асырады.

*Дидактиканың ұстанымдары туралы тұжырымдарды қорыта келе логика мынадай сипаттама беруге болады.*

Әлемдік дидактиканың заңдылықтары мен принциптерін отандық оқу-ағарту ісіне қатысты тұжырымдап, тәжірибеге енгізді. Қазіргі заманғы дидактика ғылымы білім беру теориясы болып табылады. Дидактика өзінің алдына қойған мақсаттарға жету үшін белгілі бір дидактикалық принциптерге негізделеді. Ол принциптер:

1) *оқытудың ғылымшылығы.* Оқытудың басты мақсаты – білім беру. Оқушылар пәндер арқылы ғылымның негіздерін үйренеді;

2) *оқытудың тәрбиелілігі.* Оқу үдерісінде оқушылардың білім алуымен қатар, олардың дүниеге көзқарасы, адамгершілігі қалыптасып, ақыл-ойы дамиды;

3) *оқытудың көрнекілігі.* Көрнекілік – білудің, танудың, ұғынудың басты құралы;

4) *оқудағы саналылық мен белсенділік* – оқушылардың оқуға ықыласпен шығармашылықпен қарауы, оқу материалын өмірде қолдана білуі;

5) *оқытудағы жүйелілік пен сабақтастық.* Оқу материалы оқушылардың жас ерешеліктеріне, дүниетаным қабілеттеріне лайықты бір-бірімен сабақтас, бірте – бірте күрделендіру принципімен құрылады. Бұл принциптер оқу бағдарламасын жасау жүйесін, оқушылардың тиісті іс-әрекеттерін айқындайды;

6) *оқытудың түсініктілігі.* Оқу материалы оқушылардың қабілетіне, ұғынуына лайықты болуы тиіс;

7) *оқушылардың білімді терең және тиянақты меңгеруі* – оқу үдерісінде оқушылардың алған білімін одан әрі дамытып, жетілдіруі;

8) *жеке оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес қарым-қатынас.* Жеке адамдардың өздеріне тән ерекшеліктері оқушылармен дербес қарым-қатынас жүргізуді талап етеді.

Дидактикалық принциптер оқу-тәрбие жұмыстарының заңды жүйесін көрсетеді, оқытуда табысқа жетудің қажетті шарты болып табылады.

**7.4. Дидактиканың негізгі категориялары.** *Категориялар* – (грекше *katēgoria* – түйіп айту). Философияда – шындық көріністері мен танымның маңызды, жалпыға ортақ қасиеттері мен қатынастарын бейнелейтін, мейлінше жалпылама және іргелі ұғымдар олар адам ойлайының жалпы заңдылықтарын білдіреді.

*Оқыту* – тәжірибелі ұстаз бен оқушының арасындағы нәтижесінде белгілі білімдер, іскерліктер, дағдылар тәжірибені және өз

мінез-құлқын, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын бір мақсатқа бағытталған белсенді өзара әрекет үдерісі. Дидактиканың негізгі категориялары: білім беру, оқыту, оқу, оқыту ұстанымдары, оқыту үдерісі, мақсаты, міндеттері, мазмұны, түрлері, әдістері, құралдары, нәтижесі.

*Дидактика – жеке әдістеменің негізі. Әдістеме* – педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы.

Мектепте оқылатын әр пәннің әдістемесі – пән әдістемесі - барлық пәнді оқытудың ортақ әдістемесі – ол бастауыш оқыту дидактикасы деңгейлері бойынша қарастырамыз.

Бастауыштағы бірнеше пәнді бір мұғалім оқытады, сондықтан ол барлық сабақтың әдістемесін, яғни бастауыш оқытудың дидактикасын меңгеруі керек.

*Оқыту үдерісінің мәні. Оқытудың мақсаты мен міндеттері.*

Оқытудың педагогикалық әдебиеттердегі анықтамаларына жасалған талдау олардың педагогика ғылымның нысаны ретіндегі құбылысты қамтуға жеткіліксіз екенін көрсетті. Оларда оқыту жеке субъектілер – оқушы мен мұғалімнің әрекеті ретінде көрсетілген: «Оқыту – оқушы мен мұғалім жүзеге асыратын екі жақты үдеріс»; «Оқыту үдерісі мұғалімнің, сол сияқты оқушының да әрекеті»; «Оқытуда барлық уақытта екі жағы: оқыту мен оқу айқын көрінеді. Оқыту – мұғалімнің материалды балаға түсіндірудегі, пәнді оқыту барысындағы оқушының әрекетін бақылаудағы, оқушының материалды оқып – үйренуі мен алған білімдерін қолдана білуіне басшылық жасаудағы, олардың білімдері, біліктері мен дағдыларын тексерудегі іс - әрекеті. Оқу (үйрену) – оқушылардың белгілі бір пәнді және оқытуының түсіндіргендерін қабылдаудағы, өтіліп отырған фактілер мен құбылыстарды, олардың арасындағы байланыстарды ойға тоқудағы, білімді бекіту мен қолданудағы мұғалім басшылығымен жасайтын саналы қызметі». Оқыту үдерісі мұғалімнің оқушылардың білім, білік және дағды жүйесін меңгеруге бағдарланған іс-әрекетіне басшылық бағытындағы жүйелі қызметінің жиынтығы.

*Оқыту үдерісі* – мұғалім мен оқушылардың мақсатқа бағытталған өзара әрекеттесуінің барысында шәкірттерге білім, іскерлік пен дағдыны меңгертетін, оқушылардың дүниетанымын, күш-қайратын, қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс-әрекет барысы.

Оқыту үдерісі жүйе ретінде қарастырылады, ол өзінің белгілі құрылымы және компоненттерімен сипатталады.

Олар:

1) ғылыми білімнің, іскерліктің және дағдының жүйесі (білім беру мазмұны);

2) мұғалім оқушының өмірге, ғылымға көзқарасын және қарым-қатынасын қалыптастыруы (сабақ беру) ;

- 3) оқушылар ұжымы (оқу);
- 4) оқыту әдістері;
- 5) оқыту құралдары: дидактикалық және техникалық құралдары;
- 6) оқыту нәтижелері.

*Білім* – адамзаттың жинақтаған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның игілігіне айналдыру үшін, оны ойлау операциясы – талдау, салыстыру, жіктеу, жинақтау арқылы терең ұғыну қажет. *Іскерлік* – алған білім негізінде оқушының практикалық әрекеті іске асырылады. Білімсіз қандай болса да іскерлік мүмкін емес (мысалы, сауатты жазу үшін грамматикалық ережелерді білу керек, т.с.с.). *Дағды* – бұл қайта-қайта орындалатын практикалық әрекеттерге машықтандыру (мысалы, тез оқу дағдысы – жүйелі түрде жаттығу нәтижесі т.с.с.).

Оқыту процесінің нәтижелі болуы, оның ішкі қозғаушы күштеріне байланысты. *Қозғаушы күш* деп қойылатын талаптар мен оларды орындауда оқушылардың мүмкіншіліктері арасындағы қайшылықтарды айтады. Егер, қойылатын талап оқушылардың мүмкіншілігіне, яғни даму дәрежесіне сай келсе, онда қайшылық даму үдерісінің көзіне айналады. Оқытудың педагогикалық, психологиялық ерекшеліктеріне назар аударайық.

Оқыту – күрделі үдеріс. Ол тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл-ойы мен шығармашылық қабілетін, біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Оқыту – *екі жақты* үдеріс. Оқыту оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын әрекетінен тұратын күрделі процесс. Өйткені, оқыту – мұғалімнің білім берудегі негізгі іс-әрекеті болса, ал оқу – баланың өзінің танымдық, практикалық іс-әрекеті. Оқыту – *мақсатты* үдеріс. Оқытудың басты мақсаты қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп отырады. Оқытудың нәтижелі өтуіне негіз болатын түп қазық – мақсаттың жүзеге асуы. Оқыту – *жоспарлы* үдеріс. Мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таным қызметінің формасы мен әдістерін жоспарланған, ұйымдастырылған түрде жүзеге асырады. Оқыту – *даму* негізі. Педагогикалық үдеріс өзіне тән екі белгіні: организмнің *өзіндік дамуына* жүйелі түрдегі көмек және жеке бастың *жан-жақты жетілуін* түйістіреді.

Оқыту үдерісі мұғалімнің, таным жолындағы оқушылардың қимылына байланысты. Оқыту – *таным* үдерісі. Танымның ерекшелігі оқушыда білімге деген қызығушылығы ұдайы өсіп арта түседі.

Оқыту дамыта және тәрбиелей отырып, жеке адамның таным қабілетін мақсатқа сәйкес жетілдіреді. Оқытудың осындай басты міндеттерінің бірі – шәкірттердің таным қабілетін дамыту.

*Дамыта отырып оқыту* – бұл оқушылардың таным іс-әрекеттерін барынша дамыту, яғни олардың ой-өрісін дамыту, өз бетімен жана білімді іздеп табуға және оны еркін игеруге үйрету, «ең тауы даму зонасын жасау».

Баланың өзіндік дамуына әсер ететін негізгі фактордың бірі – өзара қарым-қатынас жасау іс-әрекеті. Сөйтіп, оқыту процесі – мұғалімнің баламен үнемі рухани қарым-қатынаста, ынтымақтастық жағдайда болуымен қажет етеді. Оқыту үдерісінде оқушы тек мұғалімнің әсерін қабылдаушы ғана емес, оның оқу іс-қимылы мен өзінің психикалық процестерін басқаруы, ұйымдастыра білуі оқытудағы субъекті екенін айқындайды.

Оқытуда ғылым негіздерін оқып-үйренудің өзі, ғылым тарихымен, оның әдістемелерімен танысу, ұлы ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы ақпарат алады. Оқушы дүниетануда бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп дәлелденген жаңалықтарды, заңдылықтар мен тұжырымдамаларды әрі қарай дамыта түседі.

*Оқыту мазмұны* – өкімет арнайы таңдап анықтаған белгілі сапада жұмыс істеу үшін қажетті адамзат тәжірибесінің бөлшегі. Ол – оқытудың нәтижесі бола алатын білім, білік, дағды, тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Оқыту мазмұны дидактикалық талаптар негізінде қай сыныпта, қандай көлемде, қандай пәндер оқытылуы керектігін белгілейді. Ұлттық және жалпы адамзаттық мәдениетке байланысты да оқу мазмұнында ерекшеліктер болады. Қазіргі кезде дүниежүзі бойынша оқу мазмұны адамдандыру, компьютерлендіру, кіріктендіру, тұлғалық даму ережелеріне негізделеді. Құбылыстар мен үдерістер арасындағы дамуды сипаттайтын мәнді байланыс философияда – *заңдылық* деп аталады. Заңдылықтар ғылыми теориялардың негізгі бөлігі болып келеді.

*Оқыту үрдісінде педагогикалық үдерістің қызметтерін іске асыру - білімділік, тәрбиелік, дамытушылық. Оқыту мен білім берудің тәрбиелік мүмкіндіктері.* Оқытудың түрлеріне дамыта оқыту, модульдік оқыту, проблемалық оқыту т.б. жатады. *Дамыта оқытудың* мақсаты білім алушының күнделікті өмірге тәуелсіз, сонымен қатар ақиқатты іздей отырып, өзіндік оқу арқылы білім алуға қол жеткізуі. Дамыта оқыту әр білім алушының дербес танымдық әрекеттерге ұмтылуға құштарлығын, белсенді өмірлік қағидағтарын қалыптастырады. Білім алушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Ол оқытуда қолданылатын дидактикалық ойындар, тікірталастар, сонымен қатар шығармашылық қиялы мен ойлауына, есте сақтауына, сөйлеуіне бағытталған түрлі іс-әрекеттерге білім алушыларды өту түріндегі оқыту әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Дамыта оқыту білім алушының жан-жақты тұлғалық сапасының дамуына, өзіндік ой-тұжырымын жасауына, өзіндік оқу іс-әрекетіне талдау жасауға және оны басқара білуіне бағытталған.

*Модульдік оқыту.* Модульдік оқыту – оқу ақпаратын блокты – модуль негізінде беру арқылы оқу процесін ұйымдастыру тәсілі. Оқу мазмұны ақпаратты блоктарда беріледі де менгеру мақсатқа сәйкес жү-

зеге асырылады. Модульдік оқыту барысында білім алушылар үшін оқытылатын білім көлемі ғана емес, оны меңгеру деңгейінің дидактикалық мақсаты тұжырымдалады. Модульдік оқыту білім алушылардың базалық дайындығының деңгейіне, жеке сұраныстары мен ікемділігіне қарай оқытуды қамтамасыз етеді. Оқытуды дараландыруды: оқу мазмұнын, меңгеруін, өзіндік деңгейі, әдісі мен тәсілі, бақылау, өзін-өзі бақылауы бойынша қамтамасыз етеді.

*Проблемалық оқыту.* Проблемалық оқыту – өзіндік дүниетанымын қалыптастырудың барынша өзекті құралы. Проблемалық оқытудың тиімділігі ол білім алушылардың сыни, шығармашылық, диалектикалық ойлауын қалыптастыру міндетін шешуден тұрады. Проблемалық оқыту логикалық тәсілдер жүйесін немесе жекелеген шығармашылық іс-әрекеттерін, жаңа жағдаятта білімін шығармашылықпен қолдану біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол шығармашылық тәжірибесінің молаюына, зерттеушілік әдістерді меңгеруіне, практикалық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Проблемалық оқыту оқудың қажеттілігін, уәжін қалыптастыруға, яғни әлеуметтік құзыреттілігін, адамгершілік, танымдық қажеттілігін құруға мүмкіндік береді.

*Оқытудың үш функциясы бар:* білім беру, тәрбиелік, дамытушылық.

1. Оқытудың *білім беру* функциясы. Оқушыларға білімді толық игерту үшін негізгі талаптарды ескерген жөн. Олар: білімнің толықтылығы; білімнің жүйелілігі, үйлесімділігі, бірізділігі; білімнің ұтымдылығы – оқушылардың өз бетімен ізденіп білімді меңгеру үшін олардың ойын дамыту; білімнің әрекеттілігі – жаңа білім алу үшін бұрынғы білімді шеберлікпен пайдалану мүмкіндігін жасау. Оқытудың білім беру функциясы қазіргі кезде ғылым негіздерін, іскерлікті, дағдыны игерген, өз бетімен білім ала алатын, жоғары білімді маман даярлауда әлеуметтік міндетті шешуге бағытталуы қажет.

2. Оқытудың *тәрбиелік* функциясы - оқыту барысында тәрбиенің мақсаты, міндеттері, мазмұны, тәсілдері анықталады. Тәрбие мен оқытудың байланысы біржақты қарастырылмайды, керісінше, біртұтастық ұстанымына негізделіп бірлікте қарастырылады. Демек, білім бере отырып тәрбиелейді, тәрбиелей отырып білім береді.

3. Оқытудың *дамытушылық* функциясы. Оқыту барысында оқушыларға білім беру, тәрбиелеу негізінде тұлғаның ақыл-ойы, сана-сезімі, шығармашылық қабілеті т.б. көптеген тұлғалық қасиеттері дамиды. Демек, тұлға жан-жақты қалыптасып дамиды. Дамудың ерекшелігі – ол өз алдына жеке өмір сүрмейді, ол оқытудың, білім беру және тәрбиелеу қызметінің жалғасы болып есептеледі. Тәрбие мен білім беру дамуды алдында жүріп отырады.

*Оқытудың тәрбиелік мүмкіндіктері.* Оқыту үдерісі сонымен қатар, тәрбиелік сипатқа ие. Педагогика ғылымы, оқыту мен даму ара-

сындағы сияқты тәрбие мен оқытудың байланысын объективті заңдылық деп есептейді. Бірақ оқыту үдерісі барысындағы тәрбиелеу, кейбір сыртқы факторлар ықпалынан қиындатылады, сондықтан да тәрбиелеу күрделі үдеріске айналады. Оқытудың тәрбиелеу қызметінің маңыздылығы, бұл оқыту үдерісі барысында өнегелік және эстетикалық түсініктер, әлемге деген көзқарас жүйесі, белгілі бір ортада арнайы нормалық ережеге сай заңдылықтарға бағыну түсінігі қалыптасады. Оқыту үдерісінде тұлғаның қажеттіліктері әлеуметтік мінез-құлқы, құндылықтары, құндылық бағдары, дүниетанымы қалыптасады.

Оқытудың тәрбиелік қызметі тек оқушының білімді игеруінен ғана тұрмайды. Оның тұлға болып қалыптасуына жағдай жасап, белгілі бір адамгершілік сапасы мен мінез-құлқын қалыптастыруы керек. Оқытудың тәрбиелік аспектісі білім мазмұнында қарастырылады, оны дидактикалық талдауда еске алу қажет. Білім мазмұнының оқыту үдерісінде шынымен бір екеніне көңіл бөлуіміз керек. Бұл үдерістің әр бөлшегінде білім мазмұнының бір бөлшегі болады. Сабақтың әр минутында оқушылар білім мазмұны құрайтын білімдер, іскерліктер, дағдылар, қарам-қатынастар игереді.

**7.5. Оқыту үдерісінің құрылымы, негізгі кезеңдері.** Оқытудың әрекет ретіндегі маңызды құрылымы, оның мазмұны мен формасы болып табылады. Оқу қызметінің мазмұны, және бірінші кезекте материалды практика мен сезімді заттың практикасы, оның заттылығы объективті-субъективті табиғатқа не болады. Пән, ақиқат, оқытудағы сезімталдық – бұлар жәй ғана пайымдаудың объектісі мен формасы ғана емес, сондай-ақ, сезімді-аламгершілікті, субъективті-танымдық практика болып табылады.

Оқу әрекетінің құрылымы, оның құрамына қарағанда мазмұндық, мақсаттық және жүйелік бөліктерден тұруы керек. Оқу тапсырмаларын шешуші әрекет ретіндегі үдерістің құрылымында әрекетті жүзеге асырудағы кезектілікті айқындайтын, бір-бірімен байланысты келесі құрылымдар бөлініп көрсетіледі: міндеттерді талдау, оқу міндеттерін қабылдау; бар білімді өзекті ету; міндетті шешу, тапсырманы шешудегі жоспарды құру, сол жоспарды жүзеге асыру; міндеттерді шешудегі бақылау мен бағалау, оқы міндеттерін шешу үрдісінде орын табатын әрекет әдістерін түсіну.

**Оқытудағы құзыреттілік тәсіл.** Құзыреттілік тәсілдің мақсаты дәстүрлі емес және типтік жағдаяттарда шешім қабылдау және іс-әрекет жасау, өз мақсатын анықтай алу дағдыларын меңгеру болып табылады.

Құзыреттілік тәсілінің басты міндеті білім алушылардың бастамашылдығы мен өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуге деген ынтасы болып табылады. Ол білім алушылардың жеке әрекет ете алуына, өз қабілеті мен қызығушылығын ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Құзыреттілік тәсілі білім алушылардың білім, білік дағдыларын жеке-жеке емес, кешенді түрде меңгертуді жобалайды.

*Тұлғаның түйінді құзыреттіліктері - оқытудың нәтижесі.*

Түйінді құзыреттіліктер: ақпараттық, коммуникативтік және өзіндік менеджмент. Бұлар жайлы осы бөлімнің бірінші тақырыбында толық мазмұндалған.

*7.6. 12-жылдық мектептегі оқытудың өзіндік ерекшеліктері.*

Қазіргі кезде Қазақстан мектептеріндегі білім беру мазмұнының көлемін дамыған Еуропа елдерінің деңгейімен салыстыруға болады. Әлемдік тәжірибеге сәйкес 12 жылдық оқытуға есептелген жалпы орта білім беру бағдарламасын біздің оқушыларымыз 11 жыл меңгереді. Республиканың 11 жылдық жалпы орта білім беретін мектебінде қай кезде де оқушылардың артық оқу жүктемесі байқалып келеді.

Білім реформалары қазір әлемнің көптеген дамыған елдерінде жүріп жатыр. Оларда бейімдік оқыту мәселесіне көп көңіл бөлінеді. 12 жылдық мектеп жағдайында бейімдік оқыту мәселесін дұрыс шешуге мүмкіндік бар.

Бейімдік (міндетті) оқу бағдарламалары шығармашылық (тереңдетіп оқыту) және қолданбалы деңгейлерде болуы мүмкін.

Жалпы орта білім берудің басты мақсаты – әлемдік білім беру стандарттарына сәйкес келетін білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету, өзін-өзі тәрбиелеуге, өздігінен білім алуға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі іске асыруға және кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайын, жеке және қоғамдық мүдделерін үйлестіре білетін жан-жақты мәдениетті, шығармашылық тұлғаны қалыптастыру.

Білім берудің мазмұнын қалыптастырудың негізгі үш деңгейін бөліп алуға болады, олар: жалпы теориялық, түсінік деңгейі, оқу материалының деңгейі. Жалпы орта білім беру тәжірибесінде оқу жоспарының бірнеше түрі орындалады: базистік, типтік, жұмыстық. Базистік оқу жоспары бұл негізгі мемлекеттік нормативтік құжат, мемлекеттік стандарттардың құрамдас бөлігі болып табылады. Ол типтік және жұмыстық оқу жоспарының негізгі және мектепті қаржыландырудың басты құжаты ретінде қызмет етеді. Типтік оқу жоспары базистік жоспар негізінде жасалады. Жалпы орта білім беретін мектептің оқу жоспары базистік оқу жоспарының нормативтерін сақтай отырып құрылады. Мектептің оқу жоспарының 2 түрі болады.

- мектептің өз оқу жоспары, ол ұзақ мерзімге жасалады да, нақты бір мектептің ерекшеліктерін көрсетеді.

- Жұмыстық оқу жоспары, ағымдағы жайларды ескере отырып жасалынады да, жыл сайын мектептің педкөенесінің шешімімен бекітіледі.

Жалпы білім беретін орта мектептің базистік оқу жоспары негізгі сабақтастық ұстанымдарын жүзеге асыру болып табылады. *12 жылдық оқу мерзіміне ауысу қажеттіліктерін айқындайтын фак-*

*тарлар: 1-фактор.* Білім беру парадигмасының өзгеруі. Қазіргі білім беру тұлғалық-бағдарланған стратегиясын іске асыруға бағытталған. Оның негізгі идеясы-оқушыларға механикалық түрде білім беру емес, олардың табиғи қабілеттері мен әлеуметтік мүдделеріне баса назар аудара отырып өмірлік жоспарларын жүзеге асыруларына кең мүмкіндіктер жасайтын білім кеңістігін құру. Оқушыларды жоғары мектеп жүйесіндегі білім алуға даярлау арқылы жалпы орта білім алу формаларын маңдау мақсатында жоғары буынды оқытуды бағдарландыру және бүкіләлемдік беталыстарды ескере отырып арнайы ұйымдас-тырушылық, әдістемелік жағынан жағдай туғызылуы тиіс. *2-фактор.* Оқушылардың денсаулығын сақтау. Бірінші сыныпта оқушылар апта-сына белгіленген 20 сағаттың орнына 22 сағат, жоғары сынып оқушы-лары 38 сағаттың орнына 40-42 сағат оқу жүктемесін орындайды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің деректері бойынша, республикада 2 миллионнан астам бала 66% әр түрлі аурулармен диспансерлік есепте тұрады. Мектепте оқыту кезеңінде балалар арасында тыныс алу мүше-лерінің, көз, асқырту, жүйке-психикалық, тірек-қозғалыс аппаратта-рының зақымдануы сияқты т.б. аурулар ондаған есеге артып отыр. 12 жылдық оқу мерзіміне көшу жағдайында белгіленген күнделікті оқу жүктемесін азайту, оқушылардың әртүрлі үйірмелерге қатысуларына, бос уақыттарын өз мүдделеріне сай өткізулеріне мүмкіндік жасайды. *3-фактор.* Оқушыларды әлеуметтендіру, әлеуметтік шиеленісті төмен-дету. Дәстүрлі 11 жылдық жалпы орта білім беру нарығының қажетті-ліктеріне орай оқытудың тәжірибелік бағытына сәйкес кәсіптік бағдар-ды қамтамасыз ете алмайды. 12 жылдық мектептің негізгі буынында оқушылар арасында кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізіледі. Негізге мектептен кейін көпшілік оқушылар кәсіптік мектептерде немесе кол-ледждерде оқиды. Кәсіптік мектеп (11-12 сыныптар) оқушылардың ең-бек нарығына, өз кәсіптеріне бейімделулеріне жағдай туғызады. Ендеше 12 жылдық мектеп оқушыларының әлеуметтік дамуына, болашақ мамаңдықтары бойынша қажетті дағдыларды жинақтауына, еңбек на-рығына бейімделулеріне, өз бетінше өмір сүруге дайындықтарының артуына септеседі. *4-фактор.* Оқу сапасын арттыру. 12 жылдық білім беруге көшу күнделікті оқу жүктемесін төмендету есебінен жалпы ор-та білім берудің саласын арттыруға мүмкіндік береді. Білім саласын арттыру оқу материалдарын мемлекеттік жалпыға міндетті білім стан-дарттарының талаптары деңгейіне сай меңгеруге, сырттай және іштей саралаудың тиімді тепе-теңдігін құруға келіпдік беретін педагогика-лық жанартапшыл оқыту технологияларын жетілдіру нәтижесінде жү-зеге асады. *5-фактор.* Отандық аттестаттардың шетелдерде танылуы жөніндегі әлемдік іс-тәжірибелер.

Еуропа көнесі декларациясына (1992 ж.) сәйкес 12 жылдық оқу мерзімінде білім беру халықаралық іс-тәжірибе ретіндегі әлемнің 216 мемлекетінде жүргізілуде. 12 жылдық білім жүйесіне ҚР-ның өтуі бә-



секелесе алатындай түлектерді дайындауды, шетелдерде біздің аттестаттарымыздың танылуын қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде халықаралық ынтымақтастың кеңеюіне қазақстандық мектеп түлектерінің мемлекетаралық білім жобаларына белсенді қатысуларына мүмкіндік туғызады.

Біздің еліміздегі және басқа да көптеген елдердегі дәстүрлі білім беретін орта мектеп үш сатылы негізде құрылған: бастауыш, негізгі, толық. Жалпы білім беретін орта мектептің әрбір сатысының ортақ міндеттерін шешуде оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты өзіндік функциялары бар. Олар ең алдымен базалық оқу курстарының жиынынан және базалық негізі мен оқушылар таңдаған сабақтардың арақатынасынан көрініс табады.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетінің әдістері. Г.М. Щукинаның зерттеу еңбектерінде оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті белсенділігін көтеру, көптеген құнды пікірлер айтылды.

Дидактикада И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин оқушылардың оқу-танымдық әрекетін арттыру үшін оқыту әдістерінің маңызына назар аударып, оларды топтастыруға ат салысты. Оқушылардың танымдық қабілетін дамыту мақсатында оқу материалдарын түсіндіріп – көрсететін немесе ақпаратты - рецептивті (рецепция-қабылдау) әдістер: әңгіме, лекция, түсіндіру, оқулықпен жұмыс, суреттерді қолдану, диафильмдерді пайдалану; репродуктивті (білімін практикада қолдана білу, алгоритм бойынша жұмыс жасау, бағдарламалау) әдістері; оқытылатын материалды педагогикалық жағдаят тұрғысынан сипаттау әдісі; жартылай-ізденіске түсіру немесе эвристикалық әдіс; зерттеу әдісі, оқушыларға танымдық міндет қойылып, алға қойған мәселені оқушылардың өздігінен шешуіне қажетті басқа да әдістер ұсынылды.

**7.7. Қазіргі мектептегі электронды (E-learning) оқыту жүйесі.** Ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолданып оқытудың тағы бір түрі - электронды оқыту жүйесі (e-learning). E-learning электронды оқыту бағдарламасы Елбасының тапсырмасы бойынша ҚР Үкіметі 2010 жылдан бастап іске асырып келе жатқан білім беруі дамыту мемлекеттік бағдарламасының маңызды бағыттарының бірі бویып табылады. Орта білім беру үшін электрондық оқыту (бірыңғай жүйесінің мақсаты: білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына: қашықтықтан оқыту (ақпараттық-коммуникациялық технологиялық құралдар телекоммуникациялар т.б.), электронды оқу құралдары, электронды мектеп журналдары және ақпараттық техникалық құралдарды интерактивті тәктә, жылжымалы интерактивті тақталар, сымсыз интернет (Wi-Fi), мобильді сынып, желілік интернет, «Joi klass» (сыныпта желі арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындау) бағдарламасы, мультимедиа құралдары т.б. қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 536 бұйрығы негізінде білім беру ұйымдарымен «Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған электронды журналдар мен күнделіктердің бірыңғай ақпараттық жүйесі» пилоттық жобасын енгізу туралы» ережесіне сәйкес «Күнделік» порталы жұмыс істейді. Ата-аналар Kunderik.kz сайтында өзінің логині мен құпия сөзі арқылы «Балалар» - «Күнделік» порталындағы өз баласының электронды күнделігіне кіріп, білім сапасымен еркін танысып отыруына толық мүмкіндіктері бар.

*7.8. Дидактикалық құзыреттілік – мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігінің құрылымдық компоненті.* Болашақ мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің «педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби және дидактикалық құзыреттілігінің үйлесімділігі, тұлғалық кәсіби сапаларын үздіксіз дамыта біту қабілеті» деп айқындалуы оқытылатын пәннің ғылыми негіздерін, мазмұнын, оларды оқытудың ортақ және кейбір пәндердің жеке ерекшелігіне байланысты әдістемелерін, оқытуда қолданылатын технологияларды толық меңгеруімен, сабақ үдерісінде дидактикалық талаптарды (оқытудың ұстанымдары мен заңдылықтарын, оқыту формаларын, құралдарын, нәтижені бағалау әдістерін т.б.) жүзеге асыруға қажетті білім, білік, қабілет, дағдысы және тәжірибесінің болуымен анықталатын кәсіби сапасы» деп нақтыланған бастауыш сынып мұғалімінің дидактикалық құзыреттілігінің анықтамасының негізінде ұсынылады.

Мектептегі оқыту дидактикалық үдеріс болғандықтан, болашақ мұғалім оның өзіне тән психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін біліп, оған дайын болуы тиіс.

Жоғары оқу орындарында оқып жүрген болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығы ондағы оқыту үдерісінің тиімді ұйымдастырылуымен тығыз байланысты.

*Дидактикалық даярлық* – кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы. Мұғалімдердің дидактикалық даярлығына олардың оқыту үдерісінің теориясы мен практикасы бойынша игерген білімдері, педагогикалық қызметке деген ынтасы мен мүмкіндіктері жатады.

*Дидактикалық қабілеттілік* – оқу материалын оқушылар жеңіл түсінетіндей, қарапайым меңгерілетіндей етіп жеткізе білу, яғни оқу-тәрбие үдерісін тиімді құра білу.

*Дидактикалық біліктілікті* біз мұғалімнің білім беру, оқыту қызметін орындаудағы, әртүрлі дидактикалық міндеттерді шешудегі түрлі әдіс- тәсілдерді меңгеруі деп қарастырамыз.

Оқушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру туралы психологиялық-педагогикалық ережелерді негізге ала отырып, біз бастауыш сынып мұғалімінің «білімді және іс-әрекет амалдарын меңгеру

үдерісін басқару» түсінігінің мазмұнын айқындайтын дидактикалық біліктілігін төмендегіше анықтадық: оқу материалын меңгеру мақсатын қоя білу; меңгеру үдерісінде оң нәтижеге татуау білу; оқу материалын нәтижелі игеруді, қабылдауды ұйымдастыра білу; өтілген материалдарды ой-елегінен өткізуді қамтамасыз ете білу; алған білімді қолдану және қорытындылау білігі мен дағдысын қалыптастыра білу; білімді меңгеру барысын үнемі бақылауда ұстай білу; меңгеру үдерісіне түзету жасай білу.

**Оқытудағы интербелсенді тәсілдер.** ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен “ХХІ ғасыр – ақпараттандыру ғасыры” деп аталды. Қазақстан Республикасы ғылыми-техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңге енді.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар мен кешендер (кино, аудио және видеосұралдар, телекоммуникациялық желілер және т.б.).

Бүгінгі күні инновациялық тәсілдер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін, ізденушілігін дамытып, қызығуын тудыру, белсенділігін арттыру – ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығына берілуге тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен алыс арақашықтықта орналасқан әртүрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлігі оқу материалының оқу саласын арттырады. Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше, сондай-ақ өзге оқушылармен бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – интерактивті оқыту әдісі. Негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі қағидасы білім беруді нәтижеге бағдарлау, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғаралық қарым-қатыстарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық «жаналық» ашып, шығармашылық тапсырмаларды

Орындау негізінде әртүрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Біздің ел дамудың демократиялық жолын таңдауына байланысты бүгінгі таңда қоғамды шешім қабылдауға тартудың маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интерактивті деп аталады. Бұл әдістің өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар.

Интерактив – ағылшынның «өзара әрекет» деген сөзінен шыққан. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып жеке тұлғаны дамытуға бағытталған. Сонымен бірге сапалы білім алудың алғы шарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс белсенділігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Интерактивті әдістерге жататындар: *проблемалық шығарма әдістері; пікірталастар; топпен жұмыс; миға шабуыл әдісі; инсерт әдісі; висториналар; шағын зерттеулер; Іскерлік ойындар; сауалнамалар жүргізу әдісі; кейс-стади әдісі; презентациялар, т.б.*

Интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпарат беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту.

Оқытуды ұйымдастырудың төрт түрлі бағыты бар. Олар :

Оқушыға өздігінен ізденуге мүмкіндік беру

Оқушыларға топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау

Оқушыларға өздерін-өздеріне немесе өзара бағалату

Іс-әрекет барысында білім игеруге жол ашу.

Оқушылардың арнайы іс-әрекет барысында іксем-дағдыларды меңгеруі маңызды рөл атқарады. Ол үшін оқыту оқушылардың білімді өздігінен оқып үйренуіне бағытталуы керек.

Құнды әдістің бірі – кейс-стади әдісі. Бұл әдістің негізгісі болып жағдай ұғымы болып анықталады, яғни жағдайларды таңдау барысында ең соңғы нәтижеге әсер етеді. Бұл әдісті қолданудың барысында бір ғана дұрыс шешімнің болуы міндетті емес. Оқытудың бұл әдісінің негізінде оқушы өздігінен шешім қабылдап, сол шешімін дәлелдеуі керек.

«Миға шабуыл» әдісі – берілген сұраққа кез келген оқушы жауап алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ, қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілетінін түсінулері керек. «Миға шабуыл» белгілі бір сұраққа оқушылардың ақпараттылығын немесе қарым-қатынасын анықтау қажет болған жағдайда қолданылады.

Интерактивті негізде оқу мақсаты - білу емес, үйрене білу.

Өзін - өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Педагогика тарихындағы дидактикалық теориялардың дамуына тоқталыңыз.
2. Дидактиканың негізгі категорияларына талдау жасаңыз.
3. Дидактика – жеке әдістеменің негізі дегенді қалай түсінесіз?
4. Оқытудың әдіснамалық негізіне тоқталыңыз.
5. Оқытудың мақсаты мен міндеттеріне талдау жасаңыз.

## **8 тақырып. ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ**

**8.1. «Білім мазмұны» ұғымы.** Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамытудың тұжырымдамасында «білім берудің негізгі міндеті – білімдік шоғырландыруда нәтижеге бағытталған құзыреттілік тұрғыға көшу», - деп атап көрсетілген. Қазіргі заманғы білім парадигмасына сәйкес білім беру жүйесін өзгерту, білім мазмұнын жаңарту маңызды мәселеге айналып отыр.

Қазақстан Республикасы Білім Заңында: «Білім беру мазмұны – жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі. Білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беретін оқу бағдарламаларымен айқындалады».

XX ғасырдың 70-жылдарының екінші жартысынан бастап, жалпы орта білім беру мазмұны теориясын жасау саласында жаңа зерттеулер басталды. Білім беру мазмұны мәселесін терең зерттеу «білім беру мазмұны» түсінігін нақтылауды талап етті. Бұл мәселені шешуде И.Я. Лернер маңызды үлес қосты. Оның жасаған тұжырымдамасы бойынша, білім мазмұны әлеуметтік тәжірибеге сәйкес және білімдер, дағдылардан басқа шығармашылық әрекет тәжірибесін және сезімдік өмір тәжірибесін қамтиды. Білім мазмұнының аталмыш бөліктерінің арақатынасы тарихи сипатта және қоғам дамуының талаптарына орай өзгеріп отырады.

**8.2. Білім мазмұнының теориялары. Білім мазмұны - педагогикалық бейімделген әлеуметтік тәжірибе.** Көрнекті педагог, академик В. В. Краевский жалпы орта білім беру мазмұнын қоғамның білім беруге қоятын талаптарының моделі деп қарастырды; оның теориясын жасау мен мәселелерінің әдіснамалық негіздерін ашып көрсетті; білім мазмұнын қалыптастыру деңгейлерін анықтады: жалпы теориялық түсінік; оқу пәні; оқу материалы; оқыту үдерісі және тұлғаның құрылымы. Бұл тұжырымдама Педагогика ғылымдары академиясының жалпы педагогика институтындағы В.В.Краевский және И.Я.Лернер жетекшілік еткен топ даярлаған білім беру мазмұны теориясының негізіне алынды. Ғалымдар жалпы орта білім беру мазмұнын қалыптастырудың ұстанымдарын түзді. Біріншіден, *жалпы орта білім беру маз-*

мұнының барлық бөліктерімен және барлық деңгейлерде қоғам талаптарына сәйкес ұстанымы. Екіншіден, оқытудың мазмұндық және үдерістік жақтарының бірлігін есепке алу ұстанымы: үшіншіден, білім беру мазмұнының қалыптастыру деңгейлерінде, оқыту үдерісінде іске асуының нақты қалыптарына жылжуда да құрылымдық бірлігінің сақталу ұстанымы. Зерттеу барысында жалпы орта білім беру мазмұнының қалыптасу деңгейлері түсінігі пайда болды. Түсініктің жалпыдан жекеге жылжу логикасына сәйкес авторлар мына деңгейлерді анықтады: *жалпы теориялық түсінік деңгейі* (жас ұрпаққа берілетін әлеуметтік тәжірибенің құрамы, элементтер) және қоғамдық қызметтері туралы жинақталған жүйелі түсінік; *оқу пәні деңгейі*; жалпы білім беруде арнайы қызметтер атқаратын мазмұнның белгілі бір бөлігі туралы кең таратылған түсінік; белгілі бір пән бойынша оқулықтарда, есептер жинағында және басқа оқу материалдарында көрсетілген білім мазмұнының элементтерін қамтитын *оқу материалы деңгейі*.

Білім беру мазмұны оқытуда іске асырыла отырып, келесі деңгейге көшеді. Төртінші деңгей – оқыту үдерісіне ендірілетін нақты білім мазмұнын көрсететін *педагогикалық болмыс деңгейі*. Ең соңында, бесінші деңгей – *тұлға құрылымы деңгейі* білім беру мазмұнының оқушы санасында қалыптасқан күйін сипаттайды.

«Оқытудың мазмұндық және үдерістік жақтарының бірлігі ұстанымдық деңгейде маңызды», -деп көрсеткен С.Г. Шаповаленко.

Бұл кезеңде Ресей Федерациясы Педагогика ғылымдар академиясының Жалпы педагогика институтының дидактика зертханасында М.Н. Скаткин И.Я. Лернер, В.В. Краевский, М. Шахматовпен бірге *«Жалпы орта білім беру дидактикасы»* атты ғылыми мектептің негізін салды. Ғылыми мектептің жетістіктерін былайша сипаттауға болады. Олар:

- *білім беру мазмұны теориясының мәдениеттанушылық тұжырымдамасы*, оның құрамына білім беру мазмұнының көзі әлеуметтік тәжірибе екендігі;

- *білім беру мазмұнын қалыптастыру деңгейлері*: пәнге дейінгі, пәндік, оқу материалы, білім беру практикасы; білім беру мазмұнының құрылымдық элементтері;

- *нәтижелері білімдер болып табылатын танымдық әрекет тәжірибесі*; үлгі бойынша әрекет етуді көрсететін әрекеттің белгілі тәсілдерін жүзеге асыру тәжірибесі; мәселелік жағдаяттарда ерекше шешім қабылдау біліктіліктері түріндегі шығармашылық әрекет тәжірибесі; сезімдік-құндылық қарым-қатынасты жүзеге асыру тәжірибесі туралы түсініктер енеді;

- педагогикалық құралдар көмегімен білім мазмұнын іске асыратын *оқу пәні теориясы*. Ол өзі тұтас бола тұрып, екі бөліктен тұрады: *меңгерілуге тиісті білім беру мазмұнының бөлімі және оны оқушы-*

лардың меңгеруі, дамуы және тәрбиеленуі үшін қажет құралдар. Жетекші құраушы бөлігі негізінде оқу пәндерінің жіктемесі жасалды. Оқу пәнінің мәні, оның қызметтері; мектептің білім беру бағдарламаларының жалпы міндеттерін шешу үшін маңыздылығы мен ерекшелігі; материалдарды оқу сатыларына тарату жолдары; әдістемелік жүйе және мақсаттарға жету құралдары; оқу пәнінің мазмұнын таңдаудың, оны оқытудың жалпы логикасы мен ретті оқытылуының негіздемелері; білім беру мазмұнын құрастыруға негіз болатын мәселелер типтері; ғылым мен оқу пәнінің арақатысы.

- *оқулық тұжырымдамасы*: оқулықтың қызметтері, құрылымы, мазмұндық рәсімделуі, материалды таңдау және беру тәсілдері, мәтінді әңгімелеуге, мазмұнына, тармақшалар ішіндегі логикалық байланыстарға және оқулыққа, меңгеру аппаратына қойылатын талаптар;

- *оқыту әдістері, оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру әдістері мен құралдары, алардың шығармашылық әлеуетін дамыту теориясы*. Оқыту үдерісіне қатысушылардың – мұғалім мен оқушының әрекетіне, оқыту әдістерінің типтеріне, оқу материалының сипатына, оқушыларды дамыту міндеттеріне негізделген оқыту әдістерінің типтері анықталды және т.б.

Зерттеушілер білім мазмұнын анықтау үшін негізгі үш шартты: *біріншіден*, ғылымның дамушы салаларын түсінуге және меңгеруге, сондай-ақ, соған сәйкес дағдылар мен іскерліктерді игеруге қажетті, жеткілікті деңгейде тұрақты іргелі және қолданбалы білімдердің кейбір көлемдерін анықтау; *екіншіден*, ғылым мен техниканың сәйкес салаларының негізгі бағыттарын, идеяларын және қарқынды айқындау; *үшіншіден*, студенттердің жалпы және ғылыми дамуының деңгейіне, олардың дүниетанымына және көзқарастарына қойылатын нақты талаптарды ұсынуды қарастырады.

Оқу пәні-оқыту үдерісінде оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған жалпы орта білім мазмұнын жүзеге асыратын құрал.

Білім мазмұны мен оқыту пәні бір-бірімен мақсат және құрал ретінде байланыста болады. Оқу пәні мен ғылым негіздері – біртұтас ұғым, ал оның құрамдас бөлігі болып табылатын «оқу пәні» құрамы және жүйесі жағынан мазмұнын мен үдерістен құрылған. Оқу пәні 2 блоктан тұрады: негізгісі – мазмұн мен құралдар блогы, немесе, үдеріс блогы.

Оқу пәндері мазмұндағы жетекші компоненттік рөл атқаратын:

1. *Мазмұндық блок*: пәндік ғылыми білім, әрекет тәсілдері; шығармашылық әрекеттегі тәжірибе; құндылық қатынастардағы тәжірибе.

2. *Үдерістік блок*: қосымша білім кешені; әрекет тәсілдері; үрдісті ұйымдастыру түрлері.

Егер, *білім мазмұнын* білім мекемесіне берілетін әлеуметтік тапсырыстың педагогикалық түсіндірмесі десек, *оқу пәні* – білім мазмұнының бөлігі ретінде, ол да әлеуметтік тапсырысқа жатады, сонымен қатар білім алушының жалпы танымдық әрекет заңдылықтары мен оқыту жағдаяттарына сәйкес оқыту барысында білім мазмұнын жүзеге асырады. Оқу пәні – игеруіне тиісті білім мазмұны мен оны білім алушылар игеретін тәсілдерді, олардың тәрбиесі мен дамуын жүзеге асыратын негізгі құрал. Яғни, оқу пәні – білім мазмұнын беруге арналған арнайы педагогикалық үйлесім, бұл жағынан ол біртұтас, соған қарамастан екі бөлімнен тұрады: мазмұндық және үдерістік.

Білім мазмұнының төрт компоненттік құрамы оқу пәндерінің белгілі бір топтарын құрайды. Оқу пәндеріндегі жетекші компоненттер: ғылыми білімдер жиынтығы, әрекеттің белгілі бір тәсілдері, шығармашылық әрекет тәжірибесі, құндылықтар, қатынас тәжірибесі, әлемнің бейнелік көрінісі.

«Кіріктірілген пән» деген ұғым жай қосу емес, оқу материалындағы әрекет кірігуі, оның мәні мен өзара байланысы және жинақтылығына қарағанда әлдеқайда тереңде жатыр.

*Оқу пәнін құрастыру* мәселелеріне байланысты туындайтын заңдылықтар анықталды:

- кез келген оқу пәні көрсетілген типтердің біреуіне жатады және ол өзінің дидактикалық моделіне сәйкес құрастырылуы тиіс;
- оқу пәнінің әр типінің өзіне сәйкес мазмұнын жеткізу, оны игеруді ұйымдастырудың өзіндік жүйесі бар.

Егер пәнінің жетекші қызметі оқушыларды нақты ғылым негізін, оның маңызды ұғымдары мен заңдары жүйесін таныстыру болса, онда оқу материалының құрылымы мен жүйесі ғылыми ұғымдардың даму заңдылықтарын білім алушы санасына сәйкестендіріп жасалуы тиіс. Ал, пәннің жетекші қызметі белгілі бір әрекет тәсілдерін қалыптастыру болса (білік және дағды), онда пәннің мазмұндық, логикалық желісі практикалық қызметті игеру ерекшелігіне сәйкестенуі тиіс: оқу пәндерінің типтері бір-бірінен қызметі мен мазмұндық жетекші компоненттері бойынша ажыратылатын болғандықтан, сол компонентті жеткізу барысында пайдаланылатын оқыту әдістері де сол пәннің типі үшін жетекші ұстанымда болуы тиіс; оқу пәнінің мазмұны оның жетекші компонентінің ерекшелігіне байланысты жүзеге асыру тәсілдеріне сәйкес болып табылады; оқу пәнінің әртүрлі типтерінің ерекшеліктері оқыту әдістерін тануда шектеулік сипатта болады, сондықтан оқыту тәсілдерін іріктеуде пәннің жетекшілік қызметін ескеру керек.

**8.3. Білім мазмұны - тұтас педагогикалық үдерістің компоненті.** Білім түсінігі – өте күрделі және көпқырлы. Білім беру үрдісінде адам жинақталған білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгереді, оның ақылы мен сезімі дамиды, дүниеге көзқарасы мен оның танымдық үрдістері қалыптасады. Білімді адам көптүрлі фактілер мен



құбылыстарды қарастыруға қажет жалпы тұғыр ретіндегі идеяларды, ұстанымдар мен әдістерді меңгергендіктен, дамыған қабілеттің жоғары деңгейі арқылы білімін жеке оқиғалардың көпшілігіне қолдана алады, көп білімді алып, тез әрі дұрыс ойлайды, түсінігі мен сезімі ізгілікті және жоғары бағыт алған болады. Демек, білім түсінігіне білімдер, дағдылар мен іскерліктер ғана емес, сондай-ақ сыни ойлау, жасампаз болу, айналдағы өтіп жатқан оқиғаларды адамгершілік тұрғысынан бағалау да енуі керек.

Қазіргі уақытта осы жетістіктер негізінде дидактика жиырма бірінші ғасырдың оқыту жүйесінің максаттары мен міндеттерін нақты зерделеуде.

Ресей педагог - дидактары М.Н.Скаткин, Б.П.Есипов, М.А.Данилов, Л.В.Занков, В.В.Краевский, И.Я.Лернер, Ю.К.Бабанский, В.С.Леднев, Б.С. Гершунский оқыту ұстанымдары, оған қойылатын дидактикалық талаптар, білім мазмұны мен құрылымы, оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен формалары, мектеп оқушыларының меңгеруге тиісті білім көлемі, оқу әрекеттері, пәннің мазмұнына қойылатын талаптар, жаңа оқыту технологияларын ғылыми тұрғыдан пайымдайды. Олардың еңбектерінде: «*Білім* – адам, қоғам, табиғат, заттар мен құбылыстар жайлы ғылымда жинақталған білім жүйесі; адамзаттың жинақтаған мол тәжірибесі; ұғымдардың, заңдылықтардың, тұжырымдардың, қағидалардың, деректердің, пайымдардың жиынтығы т.б; *Білім беру* қоғамдық, әлеуметтік, мәдени құбылыс; қоғам мен мемлекеттің өзінің азаматына қатысты функциясы; тұлғаның мәдениеті, мәдени құндылық; білім, білік, дағды-машықтардың және ойлау құралының жүйесі; ғылыми көзқарастар, шығармашылық қабілеттер мен мүмкіндіктерді дамыту үдерісі; терең сапалы білім негізінде жеке тұлғаның еркін бағдарлай білу, өзін-өзі іске асыру, өзін-өзі дамыту үдерісі; білім, білік, дағды мен іс-әрекеттердің жиынтығы және оны жүзеге асырудағы адамның іс-тәжірибесі; білім берудің тұтастығы, нәтижелілігі т.б. *Оқыту* – дидактиканың маңызды категорияларының бірі; оқытушы мен оқушының өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынасы, іс-әрекеті; білім беру, біліктері мен дағдылары, іс-әрекеттерді меңгерту үдерісі; белсенді шығармашылық әрекетті басқарудың негізгі жолы; сапалы білім беру, тәрбие, дамыту мқсаттарына сай оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағытталған арнайы ұйымдасқан іс-әрекеті т.б.

*Білім мазмұнының негізгі компоненттері. Білім мазмұнының тәрбиелік аспектісі. Білім берудің мазмұны* – дидактиканың негізгі нысаны; ғылыми білім мен білік, оқу дағдыларының қалыптасу жүйесі; өзіндік шығармашылық, ізденушілік әрекет тәжірибесі; жеке тұлғаның жан-жақты дамуының сапалық мазмұны мен сипаты.

Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі - еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және

жалпыадамзаттық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады.

«Мәңгілік Ел» – ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарының қоғамдық санада, білім беру және тәрбие жүйесінде бекуін қамтамасыз ету керек.

Осы мақсатта мектеп басшылары мен тәрбие жұмысын ұйымдастырушыларға көмек ретінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыруды әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік қолдау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

**8.4. Білім мазмұнын ізгілендіру, гуманитарландыру, этнопедагогикаландыру.** Білім беру мазмұнын ізгілендіру, гуманитарландыру, этнопедагогикаландыру Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан басталды. Бұл үрдістер педагогика ғылымы аясында алдымен теориялық-әдіснамалық деңгейде зерделеніп, тұжырымдамалар дайындалып, білім беру мазмұнын жаңа ұстанымдарға негіздеп жасауды талап етті. Сондықтан ғалымдар осы кезге дейінгі жасалған педагогиканың әдіснамалық қорын қайта қарастырып, әлемдік педагогикадағы жетістіктерді саралады. Білім беру мазмұнын ізгілендіру және гуманитарландыру мақсатында барлық педагогикалық мәселелерді шешу әлеуметтік, этикалық нұсқауларға байланысты екендігі ескерілді. Демек, білім мазмұнын зерттеушілер мен құрастырушылар гуманитарлық әдіснаманы басшылыққа алды.

**Гуманитарлық әдіснама** педагогикалық нысандардың қызметінің құндылық-бағдарлы мәнін түсіну модельдерін құрады. Гуманитарлық әдіснамаға ерекше педагогикалық құбылыстар мен үдерістердің сапалық жақтарын зерделеу тән, өйткені педагогикалық зерттеу барысында алынған тұжырымдар мен нәтижелердің құндылық сипаты педагог өрекетімен шартты байланыста дел түсініледі. Гуманистік тәрбие – рухани құндылықтардың әдіснамалық негізі. Мектеп педагогикасы бүгінгі күні көптеген жалпы ғылымилық, әлеуметтік-философиялық; әлеуметтік-мәдени және адамгершілік-эстетикалық үдерістердің тоғысуына тал келіп отыр, өйткені қоғамдық өмірдің күрделі талаптарына сәйкес тәрбиенің құндылық сипаттарын қайта анықтау өзекті мәселе ретінде қарастырылуда. Ал оның алғышарты ретінде басты гуманистік құндылықтарды дамыту, яғни жеке тұлға бойында қайырымдылықты, шынышылдықты, әділдікті, еркіндікті қалыптастыру педагогика ғылымының прогрессивті ұстанымдарының бірі болып табылады. Олар әсіресе, білім беру мен тәрбие практикасында бүгінгі күні жалпыадамзаттық негізгі құндылықтарды анықтау, бекіту үшін аса қажет. Бола-

шақ ұрпақты даярлау барысында негізгі мақсат – шығармашылықпен жұмыс істей алатын, гуманистік көзқарасы мен сенімдері қалыптасқан тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Өйткені дүниежүзілік экономикалық форум ХХІ ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Олар: командадағы жұмыс дағдылары; көшбасшылық қасиет; бастамашылық; IT-құзыреттілік (айтп-құзыреттілік); қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б.; озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды талап етеді.

*Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл* – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі білім алушының бойында тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықты бағдарлау – тұлғаның өз әрекетінде жекелеген құндылықтарды (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) бағдар ретінде таңдап алу қабілеттілігі (қасиеті), сондай-ақ оларды өзінің жеке әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Құндылықтарды іске асыру құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні белгілі бір қоғамның сәтті әрекет етуі үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, мінез-құлық мәнерін қалыптастыруда көрініс табады.

Орта білім берудің құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары ретінде: 1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; 2) құрмет; 3) ынтымақтастық; 4) еңбек пен шығармашылық; 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу белгіленді. Ұлттық мектеп деп өз рухани кеңістігімізбен ғана шектелуге болмайды әрине, ол ұлттық мектептің мазмұны мен түрі өркендеттік болмақ. Мақсаты – ұлттық сананы, психологияны, ойлау жүйесін, дүниетанымын, парасатын, рухын, бейнесін, сондай-ақ ұлттың инновациялық қабілетін дамыту. Бұл дегеніміз – ұлттың генеалогиялық құрылымы мен генетикалық қорын белгілі бір тұжырымдама негізінде лайымдау. Осының бәрі – ұлттық қауіпсіздігіміздің, өркендетке алдыңғы қатарда кіріге алуымызға себеп болмақшы.

Сол себепті де білім беру мазмұнын этнопедагогикаландыру да өте маңызды. Жиырмамыншы ғасырдың соңғы ширегінде, яғни 1974 жылы профессор, педагогика ғылымдарының докторы, Ресей білім академиясының академигі Г.Н. Волковтың «Этнопедагогика» атты оқу құралының дүниеге келуі, педагогтардың ұлттық тәрбиенің қайнар көздерін шұғыл іздестіріп, оның ғылыми негіздерін дәлелді теориялар мен тұжырымдардан табуға, өз ұлтының бай тәлімдік тәжірибесін зерттеуге бірден бір себепші болды. Жалпы адамзаттық білім беру мен

тәрбиенің мақсаты, мазмұны, әдістері анықталып, оқушылар тәрбиесінің үлгілі мазмұны толығымен іске асырылып жатқан уақыт еді.

Жаңа ғылыми білім, яғни этнопедagogиканың пайда болуы бірқатар әдіснамалық мәселелерді туындатады. Ғылымтанудағы, әсіресе педагогикалық ғылымтанудағы қағидаларға сүйенсек, зерттеушілер этнопедagogика ғылымының негіздерінің, әдіснамасымен теорияларының, ұстанымдарының, әдістерінің қай уақытта, кімнің еңбегінде, қай түрде бастау алғанын қазақ тілінде жете танысуға мүмкіндік алып отыр. Осы материалдардың жинақталуымен тұспа-тұс жүйелі ғылымдардың жетік менгергендігінің арқасында этнопедagogиканың теориялық-әдіснамалық негіздері зерделене бастады. Этнопедagogиканы педагогикалық ғылымдар жүйесінде қарастырады, этнопедagogиканы этнография, педагогика, фольклор ғылымдарының түйіскен саласы екендігін нақтылай түсті. Жаңа ғылыми білім ретінде этнопедagogиканың пайда болуы, оның жеке ғылыми пән ретінде қарастырылуының заңды екендігі, этнопедagogиканың пәні, құрылымы және қызметтері, оның педагогикалық ғылыми білім жүйесіндегі орны туралы мәселелерді шешуді қажет етеді.

Этнопедagogика әдіснамасы дегеніміз – этникалық топтардың балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы, сондай-ақ, отбасы, ру, тайпа, халық, негізінде моралдық-этикалық және эстетикалық дүниетанымдарының қалыптасуына қоғамның өзсанаасының дамуына сәйкес, болмысты қайта құру мақсатында этникалық топтардың бала тәрбиелеу және оқытудағы эмпирикалық тәжірибесінің тарихы мен теориясын зерттеу және талдау әдістері туралы ілім. Бұл ғылымның бұдан әрі табысты дамуы оның әлемнің заманауи сипатымен қаншалықты байланысты екендігімен анықталады.

Қазақ ұлты ұлт болып, саяси бостандықты баянды ету үшін оның жан дүниесі мен жүрегі ұлттық терең тарихынан өрбіген білім мен тәрбиеге сусындал, өзін өзгеден кем көрмейтін, өз мәртебесін түсінетін болып өскені, өзін-өзі толық танығаны, мына жаһандану заманында ұлттық білім мен тәрбие мазмұнын ертеңге интеллектуалдық ұлттың менгеруі дағдарысты еңсеруге даяр болуы бірден бір төте жол болмақ.

*8.5. Функционалды сауаттылық – тулғаның өмір тіршілігінің әр түрлі саласындағы міндеттерді шешу нәтижесі және негізі.*

Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп білім алушыларының функционалды сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр.

Функционалды сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; эконо-

микалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.

Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау (ОЖСБ) аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланады. Функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған тест тапсырмалары алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ тапсырмаларына қосылды.

«Құзыреттілік» термині Webster сөздігіне сүйенсек, сауаттылық сөзінің синонимі ретінде 1596 жылы пайда болды. Уақыт өте келе бұл терминнің мағынасы өзгерді. XX ғасырдың екінші жартысында дағдының қолданбалы мәніне байланысты «функционалдық сауаттылық» мағынасына ие болды. 1980 – 1990 жылдары сауаттылық анықтамасы жабаңданудың, оның ішінде жана ақпараттық технологиялардың қолданылуына байланысты одан әрі кең мағынаға ие бола бастады. 2002 жылы БҰҰ ның Бас Ассамблеясы «Сауаттылықтың он жылдығы» туралы резолюция қабылдап, сауаттылықты «адам құқықтарын негіздеуші» және адамның өзіне барлық «өмірлік дағдыларды» сіңіруінде маңызды мәнге ие деп көрсетті. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жылдарға арналған ұлттық жоспардың міндеттерінің бірі – мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру үшін оқушылардың өзін-өзі бағалауы өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі жетілдіру үшін жеке жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Олар: функционалдық сауаттылық; – оқу және жазудағы сауаттылық; жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық; математикалық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; отбасылық өмірі мәселеріндегі сауаттылық; – денсаулық мәселесіндегі сауаттылық; заң сауаттылығы.

«*Функционалдық сауаттылық*» ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның өзін қоршаған ортамен харым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға мүмкіндігінше жылдам бейімделе білуі мен әрекеттесе алу деңгейінің көрсеткіші.

Білім мазмұнын жанарту аясында мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр.

Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы

тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.

Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау (ОЖСБ) аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланады. Функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған тест тапсырмалары алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ тапсырмаларына қосылды.

Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география).

2016-2017 оқу жылында мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттау және ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру форматы өзгерді. Мектеп бітірушілер жоғары оқу орнына түсу үшін міндетті үш пәннің қатарында «Математикалық сауаттылық», «Оқу сауаттылығына» емтихан тапсырды.

*Оқу сауаттылығы* – білім алушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, оқылғанды өмірлік мақсаттарды жүзеге асыру үшін пайдалануы бағаланады.

*Математикалық сауаттылық* – әлемдегі математиканың ролін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздеуі білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттері.

*Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы* – жаратылыстану ғылымындағы білімін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттері.

*8.6. Бейіндік оқыту мазмұнының ерекшеліктері. 12 жылдық мектепте білім мазмұнын пәнаралық байланыс негізінде интеграциялау.* Қазақстан Республикасында бейіндік оқытуды дамыту тұжырымдамасына сәйкес *бейіндік оқыту* - кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге дайындау, олардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасау, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін өскеруге бағытталған білім беру үдерісінің қрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру түрі, жоғары сыныптағылардың оқуын даралау мен саралап жіктеудің педагогикалық жүйесі.

12 жылдық мектептің жоғары сынып оқушыларына бейіндік оқытуды енгізудің озық идеясы білім берудің индивидуалды, функ-

ционалды және тиімді болуымен анықталады. Оны анықтауда жоғары сынып оқушыларының болашақ қызмет салаларының бағдарларын қалыптастыру үдерісінің ерекшеліктерін ескеру қажет. Бейіндік оқыту жоғары сынып оқушыларының жоғары оқу орындарына түсу үшін және ары қарай оқуын жалғастыруы үшін бірден-бір арнайы білім алу көзі екендігі туралы тұрақты ой қалыптасқан. Жалпы білім беретін мектептердегі дәстүрлі бейіндік емес даярлық мектеп пен жоғары оқу орындары арасындағы ізбасарлықтың бұзылуына әкеліп, көптеген ақылы курстардың, репетиторлықтың, жоғары оқу орындарының (ЖОО) даярлық бөлімшелерінің ашылуына алып келіп отыр.

Қалыптасқан жағдайды талдау жоғары сынып оқушыларының арнайы даярлық жүйесін, яғни бейіндік оқытуды енгізудің мүмкіндігі мен тиімділігіне негіздеме болып табылады. Бейіндік оқытуға көшу келесі негізгі мақсаттарды көздейді және оның жүзеге асырылуына мүмкіндік береді:

- жалпы білім беру бағдарламасының жеке пәндерін тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету;

- оқушылардың индивидуалды білім беру бағдарламаларын құру мүмкіндіктерімен байланысты жоғары сынып оқушыларын оқыту мазмұнын дифференциациялау үшін жағдайлар жасау;

- оқушылардың қабілеттеріне, индивидуалды қызығушылықтарына және қажеттіліктеріне сәйкес әртүрлі категорияларының толық білім алуға теңдей қол жеткізулеріне әсер ету.

- оқушылардың әлеуметтендірілу мүмкіндіктерін кеңейту, жалпы және кәсіптік білім беру арасындағы ізбасарлықты қамтамасыз ету, мектеп бітіруші оқушыларды жоғары кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеруге тиімдірек даярлау.

Бейінді оқытуды ұйымдастыру бейіндеу бағыты мен құрылымын анықтауды, сонымен қатар бейінді оқытуды ұйымдастыру модельдерін таңдауды қарастырады. Бейінді оқыту мақсатына сәйкес әртүрлі бейіндердің пайда болуына әкелетін жоғары сынып оқушыларының индивидуалды қызығушылықтарын, қабілеттері мен бейімдерін толығырақ ескеру қажет.

Оқытуды бейіндеудің кез келген формасы базистік оқу жоспарының инвариантты компонентінің қысқаруына әкелетіні айдан анық. Жеке пәндерді тереңдетіп оқытын мектептердің үйреншікті модельдерінен айырмашылығы бір, екі пән тереңдетілген бағдарламамен оқытылып, ал қалғандары базалық деңгейде оқытылса, онда бейіндік оқытуды жүзеге асыру оқушылардың базалық жалпы білім беретін даярлықтарын аяқтау мақсатымен бейіндік емес пәндердің оқу материалдарын қысқарту жағдайында ғана мүмкін.

Жоғары сыныптарда бейінді оқытумен жалпы білім беретін мекемелердің модельдері оқу пәндерінің әртүрлі комбинацияларының мүмкіндігін қарастырады, бұл бейіндік оқытудың дұрыс жүйесін қам-

тамасыз етеді. Бұл жүйе оқу пәндерінің келесі типтерін өзіне қамтуы мүмкін: базалық жалпы білім беретін, бейіндік және элективті. Базалық жалпы білім беретін пәндер барлық оқушылар үшін барлық оқу бейіндерінде міндетті болып табылады. Міндетті жалпы білім беретін пәндер: математика, тарих, қазақ тілі, шет тілі, дене шынықтыру, сонымен қатар қоғамтанудың біріктірілген курстары. Бейіндік жалпы білім беретін пәндер – жоғары деңгейдегі пәндер, оқytудың әрбір нақты бейінінің бағытын анықтайды. Мәселен, физика, химия, биология – жаратылыстану-ғылыми бейіндегі бейіндік пәндер, әдебиет, қазақ тілі және шет тілдері -- гуманитарлы бейіндегі пәндер, тарих, құқық, экономика - әлеуметтік-экономикалық бейіндегі пәндер. Бейіндік оқу пәндері сол оқыту бейіндерін таңдаған оқушылар үшін міндетті болып табылады.

12 жылдық мектепте білім мазмұнын пәнаралық байланыс негізінде интеграциялау мақсатында интегративтік тәсілді қолдануды талап етеді.

Білім алушыларды дамытуға арналған интегративтік тәсіл барысындағы оқыту процесі әртүрлі құралдар мен бірнеше іс-әрекеттерді біріктіру қағидатына сай құрылады. Интегративтік тәсілге көптеген белсенді қозғалыс түрлері жатады: сергіту сәттері, театрландырылған ойындар, қозғалыс үзілістері (кідіріс).

Интегративтік оқыту тәсілі білім алушылардың сөздік қорын кеңейтуге, коммуникативтік біліктіліктерін дамытуға, эстетикалық талғамдарын дамытуға, көркемөнер туындыларын түсіну және бағалауға мүмкіндік береді. Аталған оқыту тәсілі психикалық процестерге әсер етіп қиындықтарды жоюға, оқу материалын тиімді, қолжетімді, жаңа деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді.

*8.7. Білім мазмұнын анықтайтын нормативті құжаттарға сипаттама: білім беру стандарттары, базистік оқу жоспары, оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер (ОӘК). Білім беру стандарты – мектеп бітіруші түлектің жалпы білім беру дайындығына қойылатын талаптардың міндетте деңгейі және осы талаптарға сай әдістер, оқу мен бақылау құралдары, түрлері және мазмұны. Ол «мөлшер», «үлгі», «өлшеуіш» дегенді білдіреді. Білім беру стандарты, бір жағынан, мемлекеттің өз азаматтары алдындағы міндеттемесі болса, екіншіден – білім беру саласында азаматтың мемлекет алдындағы міндеттемесі. Жалпы білім беретін мектептің оқу жоспары – бұл мектепте оқытылатын пәндердің тізімін, олардың оқу жылдарына бөлінуін және әрбір пәнге бөлінетін сағаттар санын көрсететін құжат. Білім беру мекемелерінің негізгі оқу жоспары – білім берудің осы саласындағы мемлекеттік стандарттарының құрамдас бір бөлігі. Негізгі мемлекеттік нормативтік құжатты. Оны негізгі мектепке арналған стандарттың бөлігі ретінде ҚР Білім және ғылым министрлігі бекітеді. Үлгі болатын базистік оқу жоспарын да Білім*



және ғылым министрлігі бекітеді. Негізгі оқу жоспары мемлекеттік стандарттың бөлігі ретінде оқушының білім деңгейі мен мазмұны, құрылымына талап қоятын жалпы орта білім берудің мемлекеттік мөлшерін білдіреді. Негізгі оқу жоспары аймақтық, жалпылама-үлгі, жұмыстық оқу жоспарларына арқау болып, мектептің қаржылануында басты құжат бола алады.

Аймақтық базистік оқу жоспарын мемлекеттік базистік оқу жоспарына сүйеніп, білім беру басқармасының аймақтық органдары жасайды. Ол Білім және ғылым министрлігімен бекітіліп, ұсыныс сипатында болады.

Оқу бағдарламасы – жекелеген әр бір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті негізгі білім, дағдылар шеңбері белгіленетін нормативтік құжат. Онда оқытылатын материал тақырыптарының тізімі, әрбір тақырыпқа берілген уақыт, сағат саны бойынша және оларды оқытылатын жылдарға бөлу, курсты толық үйретуге бөлінген уақыт туралы ұсыныстар енгізілген. Оқу бағдарламаларының мазмұны оқулықтар мен оқу құралдарында көрініс табады. Оқулықтар мен оқу құралдары негізгі білім көзі болып табылады және оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруда маңызы зор. Оқулық оқушыны оқуға үйретуі керек, ол үшін берілетін материал көлемі қысқа да нұсқа, ал мазмұны жағынан нақты болуы шарт.

2017-2018 оқу жылында 1-ші және 2-ші сыныптар білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқытылатын болады.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалау кезіндегі «шиыршық» принципі, яғни білім мен біліктерді тігінен, сондай-ақ көлденеінінен біртіндеп кеңейту (дағдыларды тақырыптар және сыныптар бойынша күрделендіру);

- пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін және таным заңдылығына негізделген оқу максаттарының Блум таксономиясы бойынша иерархиясы;

- білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқыту курсы бойында педагогикалық максаттарды тұжырымдау, бұл пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;

- білім саласы ішіндегі пәндердің арасындағы байланыстарды, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін ортақ тақырыптардың болуы;

- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, элеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;

- оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылуы болып табылады.

Оқу бағдарламаларында оқу пәні бойынша үштілді білім беру іске асыру көзделген. Көптілді оқыту ортасын құру үшін әрбір оқу

пәнінің қосатын үлесі жиынтықта үштілді білім беру саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Жаңа оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі мынадай кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.

Жанартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Мұғалімдер тараудың және тиісті тоқсанның аясында тараулар мен бөлімдерді оқытудың ретін өзі анықтауға құқылы. Мұғалімдер бірнеше мақсатқа жетуге бағытталған талсырмаларды құрастыра алады. Оқу бағдарламасы мұғалімдердің оқу мақсатын жиынтықта орындаған жағдайда оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуге әкелетін бірнеше мақсаттарға бөлуіне мүмкіндік береді. Мұғалімдер тақырыпқа оқу мақсатына берілген сағат санын өз бетімен анықтауларына болады. Бұл шешім оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысында қабылдана алады. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс.

*Оқу жоспарлары.* Оқу бағдарламаларындағы пәндер бойынша оқу жоспарлары ұсыныс сипатында берілген. Оқу мақсаттарының жүйесі мен оқыту тәсілдеріне негізделген ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларда мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабақтарды өткізу, білім алушыларды сабақтарда ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілген, сондай-ақ оқыту ресурстары (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне- және аудиоматериалдары және т.б.) көрсетілген.

Жаңа форматты сабақ балаларды оқыту процесіне белсенді тартуды, олардың талқылауларға қатысуын, өткен материалды талдау және қорытуын, зерттеу жүргізуін, бағалау пікірлерін айту, өзін-өзі бағалау және т. б. көздейді.

Сабақтың міндетті элементі ретінде оқушыны қолдауға бағытталған мұғалімнің әрекеттерін түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы тиіс.

Қысқа мерзімді жоспарлау кезінде мұғалім міндетті түрде мыналарды анықтап, әзірлеуі қажет:

- тілдік оқу мақсаттары – терминдермен жұмыс және т.б.;
- саралау: білім алушыларға қолдау көрсету қалай жоспарланады? Қабілетті білім алушылардың алдына қандай міндеттер қою жоспарлануда? Білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін

қалай тексеруге болады?

- метапәндік байланыстар;
- лексаулығы мен қауіпсіздігін, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарымен және АКТ-мен байланысын қамтамасыз ету.

Мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, білім алушылардың өздерінің оқу-танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс.

Пәндерді, бөлімдерді, тақырыптарды кіріктіру, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру құралы – ортақ тақырыптар – жанартылған бағдарламалардың бірден бір ерекшелігі болып табылады. Олар барлық пәндердің мазмұнымен, ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау жүйесімен байланысқан. Сондықтан мұғалім қысқа мерзімді жоспар әзірлеуде ортақ тақырыптар жүйесін сақтау және тапсырмаларды құрастыру мен оқушылардың сабақтағы қызметін ұйымдастыруда оларды ескеруі тиіс.

**Өзін өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Білім мазмұны - педагогикалық бейімделген әлеуметтік тәжірибе дегенді қалай түсінесіз?
2. Білім мазмұнының теорияларына тоқталыңыз.
3. Білім мазмұнын анықтаудың ғылыми-педагогикалық негіздерін атаңыз.
4. 12-жылдық мектептің білім мазмұнын модернизациялауға тоқталыңыз.
5. Функционалды сауаттылық – тұлғаның өмір тіршілігінің әр түрлі сала-сындағы міндеттерді шешу нәтижесі және негізі екенінің мазмұнын ашыңыз.

## **9 тақырып. ОҚЫТУ ФОРМАЛАРЫ, ӘДІСТЕРІ МЕН ҚҰРАЛДАРЫ - ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ ҚОЗҒАУШЫ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ**

**9.1. Оқыту құралдары туралы түсінік.** Оқыту құралы дегеніміз – бұл жаңа білімді меңгеру. Оқу құралдары мен әдістері бір-бірімен тығыз байланыста болады, бір-бірімен үйлесімділікте қолданылады, сондықтан олар білім беру теориясында бірыңғай тұжырымдаманы құрайды. Мұғалім мен оқушылардың арасындағы белсенділіктерінің әрекеттесуінде, әрдайым қарым-қатынастар және субъектілердің әрекеттері байланысады және соның нәтижесінде әдістер мен құралдар оқушылардың оқуына жағымды әсер ету үшін қарым-қатынас және әрекет әдістері мен құралдарына бөлінеді.

Оқыту құралдары қызметін атқаратын объектілерді әр түрлі негіздерге байланысты мына түрлерге саралауға болады: іс-әрекеттер, субъектілерімен, білім деңгейіне әсер етуімен, басқа да қабілеттерді дамытудың түрлі тәсілдерімен, олардың оқудың үрдісіндегі тиімділігімен ажыратылады.

Объектілердің құрамына байланысты оқыту құралдары материалдық және идеалдық болып бөлінеді. *Материалдық оқыту құрал-*

*дарыма* - оқулықтар, кестелер, макеттер, бөлмелер, жиһаз, оқу кабинеті жабдықтары, көрнекі құралдары, микроклимат, сабақ кестесі және т.б оқытудың материалдық-техникалық жағдайлары енеді.

*Идеалдық оқыту құралдарына* - мұғалім мен оқушылардың жаңа білімді алу үшін қолданылатын менгерілген білімдері мен іскерліктері жатады.

Қазіргі оқыту құралдары көбінесе жаңа оқу әдістерін қолдануды көздейді. Солай, техникалық оқу құралдары құбылыстардың дамуын, динамикасын көрсету арқылы оқу жұмысының әдістерін елеулі өзгертеді. Олар кітаптарға караганда оқушылардың қабылдауын тиімді ұйымдастырады және бағыттайды, оқушылардың қызығушылығын ынталандырады, жұмысқа жауапкершілігін арттырады, оқу ақпараты көздері мен өлшемдері қызметін атқарады. Білімді бақылау мен оқушының өз білімін өзі бақылауына мүмкіндік жасайды.

*Тұтас педагогикалық үдерістің оқыту құралдары – Іс-әрекет түрлері (ойын, таным, еңбек, қарым-қатынас). Іс-әрекеттік тәсіл.* Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұнында білім алушының білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруі, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынатыны, оның ережелер жүйесін түсінуі мен қабылдауы жатыр, бұл өз кезегінде оның білімінің, біліктітерінің және кең ауқымды дағдыларының белсенді әрі табысты қалыптасуына ықпал етеді. Білім алушылардың оқу әрекеттері «білу», «түсіну», «қолдану», «талдау», «жинақтау», «бағалау» сияқты категорияларға топтастырылған. Іс-әрекеттік тәсіл өз бетінше ізденуді, түсіндіруді, талдауды, түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты тарату мен бағалауды, графикалық мәліметтер мен басқа үйретуші ресурстарды қолданады.

*Ойын арқылы оқыту.* Оқыту әдісі ретінде ойын түрлерін қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын түріндегі оқыту технологиясының басты элементтері:

- ойын алдында нақты оқу мақсаты қойылады;

- ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқыту іс-әрекеттері ойын ережелеріне бағынады, оқу материалдары ойын құралы болып табылады.

Ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері арқылы білім алушылар басқа шағын топ мүшелерінің пікірін сыйлауды, соңғы нәтиже мен өзіндік іс-әрекетін жобалай алуы, мақсатқа жету әдістерін анықтауды үйренеді.

*Коммуникативтік әдіс.* Оқытудағы коммуникативтік тәсіл - ақпаратты тарату мен жариялау, екі немесе одан да көп адамдар өзара сөйлесім процесіне түскенде білім, білік және дағдымен алмасу. Коммуникативтік тәсілдің нәтижесі тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және коммуникативтік әрекетті дұрыс таңдай отырып, қарым-қатынасқа қатысушы басқа адаммен өзара әрекет ету процесінде

тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеттілігі болып табылады.

Оқыту үдерісінде коммуникативті тәсілдерге сәйкес қарым-қатынас жасай білуін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар және шынайы коммуникация шарттарына барабар жұмыс режимі (жұптық және топтық жұмыс) пайдаланылады.

*9.2. Дидактикадағы дәстүрлі оқыту құралдары.* Л.С. Выготский оқытудың сөйлеу, жазу, схемалар, өнер туындылары, диаграммалар, еске сақтаудың техникалық жабдықтары сияқты құралдарын келтіреді. Жалпы жағдайда идеалдық құрал - мәдени мұраны. Жаңа мәдени құндылықтарды меңгеру қаруы. Жүйелі оқыту барысында алынған білім жаңа білімді алуға көмектеседі. Тұлғалардың интеллектуалдық, эмоциялық-еріктік саласын дамытады. Көбінесе олар оқушылардың интеллектуалдық дамуына әсер етеді. Бұндай интеллектуалдық оқыту құралдары оқушылардың ойлау қабілетінің дамуында үлкен рөл атқарады. Олар мұғалім сабақты түсіндіру барысында берілуі мүмкін, бірақ сонымен бірге оқушының өзімен немесе мұғалім мен оқушының бірге жұмыс істеген кезде алынуы мүмкін.

Материалдық және идеалдық оқыту құралдары бір-бірімен байланысып, бірін-бірі толықтырады. Барлық оқыту құралдарының оқушылардың білім саласына әсері алуан түрлі: материалдық құралдар көбінесе оқушыларды қызықтыру және олардың көңілін аудару үшін, жаңа білімді түсіну үшін керек, ал идеалдық құралдар пайымдау логикасымен, есте сақтаумен, сөйлеу мәдениетімен т.б. байланысты. Материалдық және идеалдық құралдар арасында нақты шекаралар болмайды. Олардың екеуінің жиынтығы оқушының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға әсер етеді.

Материалдық құралдар вербальдық болады. Одан әрі сөз қысқартылып, автоматтанатын және ойға айналатын міндеттерді шешуге бағытталған танымдық әрекет жасалады. Құралдар мен оқыту әдістерінің байланысы біркелкі емес: оқу құралдары көбінесе әр түрлі әдістермен қолданылуы мүмкін және бір әдіске бірнеше сәйкес құралды таңдауы мүмкін. Бұл техникалық құралдардың дамуымен, реттелген (біркелкі, көп мақсатты) демонстрациялық эксперимент пен зертханалық практикумдерға арналған қабырғалық суреттемелермен шартты байланысты.

Компьютерлермен оқу - бұл оқу үдерісінің жаңа түрі болғандықтан оқытудың жаңа құралдары мен әдістері қолданылады, белгілік және графиктік модельдердің түрлері, мультипликациялық құралдар пайдаланылады.

Көрнекілік құралдарының болмауы немесе тым аз болуы білім сапасын төмендетеді. Бірақ өте көп көрсетулер оқушылардың назарын бөледі. Қиын тақырыпта 4-5 көрнекілік көрсету жеткілікті.

### 9.3. Мұғалім мен оқушының өзара әрекеттестігінің тәсілі.

«Форма» ұғымына С.И.Ожегов «белгілі мазмұны бар бір нәрсенің түрі, құрылымы, құбылысы, қрастырылымы, типі», - деп анықтама береді. Оқушылар мұғаліммен бірге танымдық әрекетте немесе қарым-қатынас кезінде тәртіптің мәдени формаларын игереді.

Оқыту әдістері оқушылардың білім алуудағы мақсаты, үлкен нәтижелерге жету жолдары болып табылады. Мұғалім нақты түрде жаттықтырушының рөлін атқарады, ол өзінің жұмысын жақсы біледі және оқушыларды жақсы нәтижеге жеткізеді.

Оқыту индукциялық пен дедукциялық әдістер арқылы құрылады. Индукция - ой тұжырымының жекеден жалпыға өтуін білдіреді. Оның үш түрі бар: индуктивтік қорыту; аналогия (ұқсастыру); тәуелділік себебі туралы пайымдау.

Дедуктивті пайымдаудың үш түрі бар: ақиқаттылығы дәлелді керек етпейтін - аксиома, логикалық тұжырым, қорытынды. Дедукцияның үш түрі бар: жалпыдан жекеге өту, жалпыдан жалпыға өту, бірліктен жекеге және жалпыға өту. Дедукцияның ережелері түсінуге күрделі және қиын, сондықтан ол білім деңгейі жоғары, дайындығы бар оқушыларды оқытқанда пайдаланылады. Дедукция және индукция оқытудың басқа да құралдарымен қатар қолданылады.

Қазіргі заманғы мектептегі оқу жұмысын ұйымдастырудың формалары: сабақ, экскурсия, практикумдар мен семинарлар, оқушылардың оқу үй жұмыстары, сынақтар, консультация, емтихан, факультативті сабақтар және т.б. Сыныптан тыс оқу жұмысының формалары: пәндік үйірмелер, ғылыми қоғам, олимпиадалар, байқаулар және т.б.

Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі түрі сабақ болып қала береді. Жекелеген сабақ аясында түрлері, әдістері мен тәсілдері саралау және даралауға бағытталғандығы және әртүрлілігімен ерекшеленуі тиіс. Оқушыларды өзіндік танымдық әрекеттерге, пікірталас, диалогтерге тартудың алуан түрлері, түрлі шығармашылық талсырмалар, топтық жұмыс түрлері кеңінен таратылуы керек. Аталған жұмыс түрлері мен іс-әрекеттер түрлі практикумдарда, зерттеу сабақтарын жүргізуде және бейінді пәндерді оқу кезінде сыныпты шағын топтарға бөлу жағдайында зертханалық сабақтар өткізуде, семинар түріндегі жұмыстар

Сабақтан тыс жұмыс түрлері мен әдістері арасында оқушылардың сабақтан тыс зерттеушілік жұмыс жүйесі, оқушыларды түрлі олимпиадаларға және конкурстарға қатысуға тарту, интеллектуалды марафон, сайыстар, мектептік ғылыми қоғамдар, кіші ғылым академиясы, үйірмелер, түрлі факультативтер дарынды оқушыларды анықтау және дамытуда кең мүмкіндіктерге ие.

Оқыту тәжірибесі көрсеткендей, оқыту құралдары жүйесін ұйымдастырудың ең оңтайлы түрі - кабинеттік жүйе. Бұл кабинеттері

жүйеде арнайы бір пәнің барлық құралдары (немесе бі: мұғалім қолданатын) тек бір кабинетте орналасуы тиіс қажет жағдайда басқа да орындар: лаборанттық, зертханалық, жөндеу) шеберханасы қосылады. Оқу кабинеттері теориялық білім мен жаттығулар (семинарлар, есеп шығару, бақылау жұмыстары, тәжірибе лік сабақтар) өткізуге арналған. Оқу зертханалық дәрісханаларда тәжірибе жұмыстары жүргізілуі нәтижесінде оқушыларда түрлі техникалық, кәсіптік, еңбек, зерттеу және басқа дағдылар қалыптасады. Кабинеттің жанында қосалқы бөлмелер болуы керек. Зертханада тәжірибелер және басқа көрсетілімдер даярланады, көрнекі құралдар, үлестірмелі материал, зертханалық жұмыс құралдары сақталады. Кейде зертханаға басқа да бөлмелерді қосып, құралдар қоятын, жөндеу жұмысына қажет үстел, оқытушылар үшін үстелдер қояды. Бір бөлменің өзі мұғалімдердің барлық жұмыстарына қажет болады, сабақтарға даярланатын уақыттың жалпы көлемін азайтады.

Тақырыптарға түрлі оқыту құралдары арнауы мүмкін: баспа құралдары, кинофильмдер және т.б. Көрсету жабдықтары мен баспа құралдары бір бірін алмастырмағанымен, түрлі дидактикалық мақсатта олар бірін бірі толықтыра алады.

Көрнекі құралдар келесі қызметтерді атқарады: 1) мектептен тыс үдерістермен, құбылыстармен таныстыру; 2) объектінің қазіргі түрімен, тарихи дамуының сыртқы келбетімен таныстыру; 3) объектінің іс-әрекет ұстанымдары, құрылымы, оны басқару, техника қауіпсіздігі туралы көрнекілік келтіру; 4) үдеріс немесе құбылыс сипаттамаларын өлшеу немесе салыстыру туралы көрнекі бейнелеу; 5) қолдану, затты жобалау немесе дайындау кезеңдерін белгімен бейнелеу; 6) ғылым тарихымен және оның даму болашағымен танысу.

Көрнекі құралдар үш топқа бөлінеді: 1) көлемді құралдар (аппараттар, коллекциялар, құралдар және т.б.); 2) баспа құралдары (суреттер, плакаттар, портреттер, сызбалар, кестелер және т.б.); 3) көрсетілетін материалдар, видеофильмдер, слайдтар және т.б.).

Техникалық оқыту құралдары - бұл мұғалімге оқушыларды оқу мағлұматтарымен қамтамасыз етуге, еске сақтауға, білімді түсінуге және қолдануға, оқыту нәтижелерін бақылауға алуға көмектесетін қондырғылар. Оларда арнайы ақпаратпен қамтамасыз ететін бағдарламалар құруға және сақтауға болады. ТОҚ-тың келесі түрлері бар: ақпараттық, бағдарламаландырылған, ТОҚ оқыту, білімді қадағалау, жаттықтырушылар мен аралас құралдар түрлері. Оларға кинопроекторлар, диапроекторлар, эпипроекторлар, графо - проекторлар, бейнефильмдер, дидарлық кешендер, дербес компьютерлер және компьютер жүйелері (сыныптар) жатады. Олар әрдайым жетілдіріліп отырады, мектептегі белгілі бір уақытта жана, ТОҚ-ты жалпы қолдануға арналған, сонымен қатар мамандандырылған: шет тілін

үйренуге арналған лингафон кабинеттері, физика, математика және басқа пәндерді оқуға арналған кешендер тұрады.

Қазіргі заманғы дербес компьютерлер қосымша қондырғылармен жаракталып, мәтінді сызба, мультипликация, дыбыспен (сөз және музыка) үйлестіріп, жабдықтауды мультимедиа деп атайды. ТОҚ пайдаланбас бұрын оқушыларға оларды қалай қолдануын үйрету керек. Бұл жерде оқыту құралдары игеру пәнінің ролін атқарады.

Жаңа стандарттар құзыреттілік тәсіліне негізделген, соған сәйкес оқу бағдарламаларының құрылымы өзгерді: міндетті меңгерілуі тиіс белгіленген оқу материалынан емес, күтілетін нәтижеге қарай әрекет жасаймыз. Бұл білім алушының қабылдауы өзгергенін, яғни басым авторитарлықтан ынтымақтастық оқытуға көшуді білдіреді

**9.4. Педагогикалық шығармашылықтың нәтижесі ретінде оқытудың инновациялық формалары.** Оқу құралы оқу үдерісінде екі әдіспен еңгізіледі. Бірінші жағдайда мұғалім оларды сабақта "дайын қалыпта" мәдениет пен оқулықта суреттелген түрінде жан-жақты түсіндіреді. Екінші жағдайда, сабақта теориялық тапсырмаларды шешу барысында мұғалім оқушылармен бірлесіп тапсырма құрастырады, нақтылау мен қолдану алгоритмін өндейді.

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі оқушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы ретінде тәсілдерді нақты қолдануға баса назар аудару керек.

**Зерттеушілік тәсіл** - оқу процесінің барлық кезеңдеріне ғылыми зерттеулердің жалпы және жеке әдістерін енгізуді (қабылдаудан практикада қолдануға дейін); - шығармашылық-ізденіс қызметтерін оқу және оқудан тыс уақытта ұйымдастыруды жобалайды.

Зерттеушілік тәсілі «мұғалім – білім алушы» өзара қарым-қатынасы сипатының ынтымақтастық жағдайына қарай өзгеруіне, сондай-ақ танымдық қызығушылығына тәрбиелеуге, білім алу мен оқуға деген оң уәждеме құруға, терең, сапалы білім алуды қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеушілік тәсілді қолдану жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуына, өзіндік білім алу дағдыларын, белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Саралап оқыту тәсілі.** Саралап оқыту тәсілі – білім алушылардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін мамандандыруды, білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алу мақсатында әртүрлі топтар үшін әртүрлі оқыту жағдайларын жобалайды. Саралап оқыту тәсілі әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіре-



ді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану - сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

**Құзыреттілік тәсілі.** Құзыреттілік тәсілдің мақсаты дәстүрлі емес және типтік жағдаяттарда шешім қабылдау және іс-әрекет жасау, өз мақсатын анықтай алу дағдыларын меңгеру болып табылады.

**Жүйелі-әрекеттік тәсілі.** Жүйелі-әрекеттік тәсілі білім алушының оқу әрекеттерін өз бетінше ұйымдастыру негізінде құрылады, оларда әмбебап оқу әрекеттері жүйесін қалыптастыру мен дамыту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ол өз бетімен оқу, өздігінен даму, өздік ұйымдастыру режимінде оқу процесін ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жүйелі-әрекеттік тәсіл курстың тарауларын жеке-жеке емес, өзара байланыста оқуды ұсынады.

**Интеграциялық тәсіл.** Білім алушыларды дамытуға арналған интегративтік тәсіл барысындағы оқыту процесі әртүрлі құралдар мен бірнеше іс-әрекеттерді біріктіру қағидатына сай құрылады. Интегративтік тәсілге көптеген белсенді қозғалыс түрлері жатады: сергіту сәттері, театрландырылған ойындар, қозғалыс үзілістері (кідіріс). Интегративтік оқыту тәсілі білім алушылардың сөздік қорын кеңейтуге, коммуникативтік біліктіліктерін дамытуға, эстетикалық талғамдарын дамытуға, көркем өнер туындыларын түсіну және бағалауға мүмкіндік береді. Аталған оқыту тәсілі психикалық процестерге әсер етіп қиындықтарды жоюға, оқу материалын тиімді, қолжетімді, жаңа деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді.

**Ойын арқылы оқыту.** Оқыту әдісі ретінде ойын түрлерін қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын түріндегі оқыту технологиясының басты элементтері: ойын алдында нақты оқу мақсаты қойылады; ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқыту іс-әрекеттері ойын ережелеріне бағынады, оқу материалдары ойын құралы болып табылады. Ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері арқылы білім алушылар басқа шағын топ мүшелерінің пікірін сыйлауды, соңғы нәтиже мен өзіндік іс-әрекетін жобалай алуды, мақсатқа жету әдістерін анықтауды үйренеді.

**Жобалау тәсілі.** Оқу жобасы – білім алушылармен немесе білім алушылардың тобымен ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешуге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеті. Проблемаларды кең тұрғыда шешу әрекетімен және келісілген әдістерімен, жалпы ортақ мақсатының болуымен сипатталады.

Жобалау әдісінің элементтерін қолдану арқылы білім алушылар алға қойған проблеманы шешудің өзіндік жолдарын іздеп табады. Жо-

бауау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іске асырылады. Жобалау әдісін қолдану барысында білім алушылардың ұжымдық, топтық жобалар дайындау бойынша атқаратын іс-әрекеттерін ұйымдастыру ұсынылады. Жобалау жұмыстарын ұйымдастыру сабақпен ғана шектелмейді, сабақтан тыс уақытта да бірлесіп жұмыс жасаулары қарастырылады.

*Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.* Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану құзыреттілігі базалық АКТ дағдылар негізінде құрылады және жұмысқа қарым-қатынасқа, бос уақытта арналған технологияларды дұрыс шығармашылықпен қолданудан тұрады. Білім алушылар өздерінің АКТ бойынша дағдыларын білім алу процесіндегі барлық оқу пәндері арқылы дамытады, яғни ақпаратты табу, құру, мәліметтермен, идеялармен алмаса отырып, кең спектрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы бірлесіп қызмет жасау барысында өзінің жұмысын бағалайды және жетілдіреді.

Орта мектепте АКТ-ні БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалануға қойылатын талаптар: дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу, табу; сандық, интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу; сандық, мәтіндік және визуалдық ақпаратпен және дерек-кормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа да қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметті жүйелеу; заңдылықтар мен үрдістерді зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, сонымен қатар жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиялық таныстырылымдар құру үшін біріктіру, басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда сандық ақпараттың икемділігін толығымен пайдалану; электронды байланыс арқылы басқа білім алушылармен және оқытушылармен ынтымақтаса онлайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталына қатысып, қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу; интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану; аяқталған жұмыс бойынша мектептің ішкерінде немесе одан тыс жерде мультимедиялық таныстырылым жасау.

*Кейс-стади.* Кейс-стади - бұл нақты оқиға мен жағдаятты талдауға арналған іскерлік ойын. Кейс-стадиді қолдану барысында білім алушылар топтық сұрақ-жауап кезінде шығарылған мәселенің маңызын түсіндіріп, жағдайды бағалайды, оқиға немесе процеске талдау жасайды, өзіндік шешу жолдарын көрсетеді. *Кейс-стадиді қолдану:* жүйелі, корреляциялық, факторлық, статистикалық және тағы басқа талдау біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік береді; - білім алушылармен қосымша тапсырмалар жасау нұсқаларын жобалайды; «ми шабуылы» пікірталасын өткізу, ғылыми дауласу, негізгі және әр жақты ше-

шім бойынша дебаттар дайындалып өткізіледі деп жобалайды. Кей-стадиді қолдану барысында білім алушылардың дайын білімді меңгеруі емес оны өндіруге, яғни теориялық білімін практикалық міндеттерді шешуге қолдану дағдыларын дамыту және мұғаліммен білім алушылардың ынтымақтаса шығармашылықпен жұмыс жасауына басты назар аударылады.

*Дербес оқыту тәсілі.* Дербес оқу – оқу-тәрбие процесін дараландыруға, білім алушылардың жеке ерекшелігін ескеріп оқыту мен тәрбиелеуге, өзіндік танымдық іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыруға, өзіндік білімін көтеруге дайын болуы мен қажетсінуіне, білім алушылардың ұйымшылдығын, дербестігін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

*Кластер* – белгілі өз сипаттары бар, дербес бірлік болып саналатын, бірнеше біртектес даналарды бір топқа графикалық түрде біріктіру. Ол оқу материалдарын жүйелеп, қорытуға ықпал ететін бейнені білдіреді.

*«Синквейн жазу» әдісі.* «Синквейн» француз тілінен аударғанда белгілі бір ережемен жазылатын бес жолдан тұратын өлең дегенді білдіреді. Синквейн жазылу тәртібі: Бірінші жолға бір сөзден тұратын - зат есім. Бұл синквейннің тақырыбы. Екінші жолға синквейннің тақырыбын ашатын – екі сын есім. Үшінші жолға синквейннің тақырыбына қатысты іс-әрекетті сипаттайтын үш етістік. Төртінші жолға білім алушы тақырыпқа қатысты білдіретін бірнеше сөздерден құралған сөйлем. Ол қанатты сөздер, дәйексөз немесе білім алушы тұрғысынан айтылатын мәзмұтіндегі сөйлем болуы мүмкін. Соңғы жол – бұл түйіндеме-сөз, тақырыпқа жаңа интерпретация беріп және оған өзінің жеке қатынасын білдіруге мүмкіндік береді. Мүмкіндігінше синквейннің тақырыбы эмоционалды болуы тиіс.

*«Ақыл картасы» әдісі.* Ақыл картасымен жұмыс істеу технологиясы Тони Бьюзен қатысушылардың визуалды ойлау қабілетін дамыту үшін құрастырған. Ережелер орындалуы керек. Қағаз көлденең жатум тиіс. Ең негізгі элементі ең ортасында орналасады. Осы карта туралы адамның аты, кітаптың атауы, жоспардың атауы. Орталық міндетті түрде түрлі-түсті болуы тиіс, кем дегенде үш түсті! Ал қалғандары осы орталықтың айналасында орналасады. Карта – бұл ағаш. Тұтастық – ол дөңгелек. Дөңгелек – тұтастықтың белгісі.

Барлық тақырыпшалар міндетті түрде бір-бірімен байланысты болуы керек. Әйтпесе ол карта емес, тағы мәтін болып кетеді. Әсіресе центрдегі тақырыпты басқа тақырыпшалармен байланыстыратын сызықтар маңызды. Бұл сызықтар әрқайсысының өзіндік түсі, формасы болады және бұл сызықтарда сөздер (тек сөйлем емес) жазылуы мүмкін. Мысалы, тақырыпшаларды гүл түрінде құрастыруға болады. Жасыл түсте – аса маңызды емес шаруалар, көк түсте – міндетті шаруалар, қызыл түсте – шұғыл шаруалар. Суреттер ақыл картасындағы

ен маңызды элементтер, осының арқасында картаны оқу және түсіну біршама жылдам болады.

Әрбір маңызды желі немесе тораптан келесі топиктардың желі сызықтары тарайды (бұл, мысалы, шенбер, немесе солақша, немесе ромб).

**Өзгертілген дебаттар.** Бұл Дебат нысанының белгілі бір элементтерін пайдалану немесе ережелеріне біраз өзгерістер енгізілген Дебат түрі. Сөйлеу регламентінің қысқаруы, командадағы ойыншылар санының көбеюі, аудиториядан сұрақ қою мүмкіндігі бар, тайм-аут кезінде аудиториямен сөйлесуге мүмкіндік болуы, ойынның соңында ымырашыл, дұрыс шешім қабылдайтын топтың құрылуы, ойынның жүргізушісі мұғалім болады.

**Эссе – шығарма жанрының бір түрі.** Эссе дегеніміз (*фр. mil. essai - тәжірибе, лат.т. exagium – құрау*) – философиялық, әдеби. тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін. Эссе шығармашылық еркіндікті көздейді. Кез келген тақырыптың еркін стильде жазылуы оның ең негізгі көркемдігі болып табылады. Эссе - автордың жеке басының ойы, сезімі, әлемге деген көзқарасы. Бұл шығарманың басты мақсаты.

Алайда, шығармашылықтың еркіндігіне қарамастан, эссе жанрында жазу оңай емес, сондықтан қандайда бір проблеманың басты идеясын табуда ерекше көзқарастың болуы керектігін назарда ұстаған дұрыс.

**Әдеби эссе** – эссе түрлерінің ішіндегі ең күрделісі. Эссенің *әдеби тақырыбы* таңдалған жағдайда авторлық ұстанымға сүйенуге және өзіндік көзқарасты тұжырымдау ұсынылады. Тезистерін әдеби туындыларға сүйене отырып, дәйектеу қажет. Әдеби эссенің мақсаты, өзіндік жазылу ерекшеліктері бар. Мақсаты, жазылу ерекшеліктері эссе тақырыптары арқылы айқындалады. Мысалы, *«М.Әуезовтің «Көксе-рек» повесіндегі тосын және қатыгез эмоцияларды автордың оқырманына жеткізу тәсілдерін талдап жаз»*. Әдеби эсседе автордың тосын және қатыгез эмоцияларды жеткізу үшін қолданған тәсілдерін тауып, талдап жазады.

**Еркін тақырыптар** философиялық немесе адамгершілік мәселесі бойынша эссе жазуды болжайды. Эссенің *еркін тақырыбын* таңдаған жағдайда өз ұстанымын көркем туындылардың мазмұнына, сондай-ақ, өзінің өмірлік тәжірибесіне (жеке әсерлеріне, өзіндік ойларына, біліміне және т.б.) сүйенуімен дәйектеуге болады.

Тақырыптардың біріне *пікір-эссе* жазған кезде білім алушы көркем туындылардың мазмұнына да, өзіндік өмірлік тәжірибесіне де (сезімі мен тақырыпқа қатысты ойларына және т.б.) сүйенумен дәйектер келтіруі мүмкін. Мәдениет өкілдерінің бірінің пікірін білдіретін дәйек-сөз түрінде тұжырымдалған эссе тақырыптары еркін пайымдауды не-

гіздейді, ол пікірдің әділдігін растайтын дәйектерді де, сондай-ақ, басқа қозғарастың болу мүмкіндігін дәлелдейтін қарама-қарсы дәйектерді де қамтуы мүмкін.

Оқушылар өздері таңдаған тақырып бойынша көлемі 250-300 сөзден тұратын эссе жазады. Оқушылар шимай паракты қолдана алады. Эссенің композициясын мұқият ойластыру қажет. Эссені анық және түсінікті етіп, сөйлеу тілі нормаларын сақтай отырып жазу қажет.

Эссе құрылымы оған қойылатын мынадай талаптармен анықталады:

- эссе авторының ойлары проблема бойынша қысқа тезистер ретінде беріледі;

- ойлар дәлелді болуы тиіс, сондықтан тезистерден кейін дәйектер жазылады.

Дәйектер – қоғамдық өмірден, алынған фактілер, оқиғалар, өмірлік жағдайлар мен өмірлік тәжірибелер, ғылыми дәлелдер, ғалымдардың пікірлеріне жүгіну және т.б. Әрбір тезиске екі дәйек келтіріледі, себебі бір дәйек келтіру көп жағдайларда жеткіліксіз, үш дәйек ықшамдыққа және көркемдікке бағытталған жанрда жазылған шығарманы «ауырлатуы» мүмкін.

Сонымен, эссенің құрылымы (тезистер мен дәйектердің саны тақырыпқа, құрылған жоспарға, ойды дамыту логикасына байланысты болады): кіріспе; тезис, дәйектер; тезис, дәйектер; қорытынды.

Кіріспе және қорытынды бөлімдерде қарастырылып отырған проблемаға назар аударуы қажет (кіріспеді мәселе қойылады, қорытындыда авторың ойы нақтыланады). Эссе тіліне эмоционалдық, экспрессивтік, көркемдік тән екенін оқушылардың түсінулеруі аса маңызды. Сонымен қатар, эсседі сленгті, шаблонды фразаларды, сөздерді қысқартудан аулақ болуы қажет. Эссені жазуда қолданылатын тіл жеңіл қабылданатындай болуы тиіс.

Эссені жазудың формальді ережесіне сәйкес атауының болуымен ерекшеленеді. Эссенің ішкі құрылымы еркін болуы мүмкін. Бұл жазба жұмысының шағын түрі болғандықтан, сонында қорытындылауды міндетті түрде қайталау талап етілмейді, олар негізгі мәтіннің немесе атауының ішіне енгізілуі мүмкін.

#### **Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Қандай жағдайда пәннің өзі оқыту құралының қызметін атқарады?
2. Оқыту құралдары қандай негіздер бойынша жіктеледі?
3. Дидактикалық құралдарға қандай талаптар қойылады?
4. Өз пәніңіздің сабақтарында қандай оқу карталары немесе кестелері қолданылуы мүмкін?
5. Оқыту құралдарының оқушылардың ақыл-ойының дамуы мен қандай байланыс бар?

## **10 тақырып. САБАҚ – ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ФОРМАСЫ**

*10.1. Қазіргі сабақтың теориясы.* *Сабақ* - нақты бағдарлама мен сабақ кестесімен жүргізетін, міндетті түрде мұғалім басшылық жасайтын, балаларды ізденіске түсіретін, оларға түсінікті формада берілетін білім және тәрбие негіздерін қамтиды. Мұғалімнің жаңа сабақты жүйелі түсіндіруі, оқушылардың оқулық және кітаппен өздігінен жұмыс істеуі, оқушылардың жазу мен сызу жұмыстары, лабораториялық жұмыстар, тәжірибе көрсету және экскурсия жүргізу талап етілді.

20-шы жылдары кенестік дидактикада оқыту формаларын ұйымдастыру басты бағыт болып саналды. 1919 жылы П.П. Блонский оқушылардың оқу жұмысын студиялық жүйе түрінде ұйымдастыруды ұсынды. Мектепте оқытылатын тақырыптарды ол бірнеше циклге бөлді. Жұмыс сыныпта емес, кабинет-зертханаларда немесе «өмірдің өзінде» жүргізіледі. Мұғалім сабақта оқушыларға нұсқау беріп, қажет болса көмектесетін еді. Сабақ мұғалімнің мектеп жоспары мен бағдарламасы негізінде жасаған оқу жоспары мен бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Сынақ пен емтихан жүргізілмейді. П.П. Блонскийдің студиялық жүйесінің мықты және әлсіз тұстары болды. Мықтылығы оқушының өзбетінше белсенді жұмыс жүргізіп, сабақты ұжыммен бірге игеруінде болды. Әлсіз тұстары – мұғалім рөлінің төмендігі және ғылымның негіздері жүйелі оқытылмады. Сөз әдістеріне назар аударылып, оның сабақта білім беруде маңызды құрал екені айтылды.

Зерттеушілік әдісті қолдану шекарасы туралы әр түрлі пікірлер болды. Мәселен В.В. Гурьянов, зерттеушілік әдістің шынайы қолданыс табатынын мектептегі өлкетану жұмысымен байланыстырды. Ал, М.Н. Скаткин зерттеушілік әдісті жаратылыстану, химия, қоғамтану пәндеріне кең ауқымда қолдануға болатынын көрсетті.

50-шы жылдардың екінші жартысында оқушылардың ақыл-ойын дамыту бағыты дамыды. Осы кезеңде оқушылардың өзбетінше жұмысына жаңаша көзқарас дами бастады, ол кенестік дидактикада 60-шы жылдардың ортасында көрінді.

40-50-шы жылдары оқу-тәрбие үдерісіндегі сабақтың орны анықталды: сабақ – мектептегі оқытудың негізгі ұйымдастыру формасы. Сабақ мұғалімнің жұмысын нақтылардырады, оның басшылығымен жүйелі білім, білік, дағды беріледі, уақыт үнемді пайдаланылады, оқушылар аз уақыт мөлшерінде білім, білік, дағдыны игереді. Сабақта түрлі әдістер қолданылып дүниеге ғылыми көзқарасты қалыптастыру, теория мен практикалық әрекетті байланыстыру мүмкіндігін жүзеге асырады. Бұл қағида И.Т. Огородников пен П.Н. Шимбирев, И.Н. Казинцев, М.А. Данилов, Б.П. Есипов пен Д.О. Лордкипанидзе еңбектерінде дамытылды.

Сабақтың құрылымына сабақтың бөліктері мен оларға бөлінетін уақыттағы оны жүргізу тәртібіне назар аударылды.

Дидактика сабақтың нақты құрылысын, сабақтың құрылымдық бөліктерін, олардың бір-біріне тәуелділіктері мен байланыстарын талап етті. Ғылым мен практикаға «аралас сабақ» термині енгізілді. Б.П. Есипов аралас сабақтың құрамын анықтады: өткен сабақты қайталау; жаңа тақырыпты түсіндіру; оқылатын құбылыстың маңызды және нақты фактыларын қарастыру; оқушының тақырыпты қалай игергенін тексеру; оның білімін бекіту, білігі мен дағдысын дамыту. Сонымен, сабақтың төрт элементтік жүйесі (үй тапсырмасын тексеру, жаңа материалды өту, бекіту және үй тапсырмасы) бекітілді.

Осы элементтерге әмбебаптық сипат берудің жағымсыз тістары да болды – төрт элементтік жүйені сақтау, жиі нұсқашылдық пен формалистікке, бір типтілікке жол берді. Педагогикалық теория мен педагогикалық практика осы қалыптан шығудың жолдарын, яғни сабақтың типтері мен классификациясын іздестірді. 1952 жылы С.В. Иванов «Сабақтардың типтері үлкен өзекті мәселе, сыныптық-сабақ формасының басқа элементтермен өзара байланысының ара қатынасының заңдылықтарын анықтау керек. Осы мәселенің дұрыс шешімін табу теория мен практика үшін маңызды», - деп жазды. Ғылымға сабақты классификациялаудың өлшемдерін анықтау қажеттігі пайда болды. Ондай өлшемдер ретінде дидактикалық мақсат пен міндеттер, сабақты оқыту әдістері, оқу материалдарының түрлері алынды. Сабақты таным үдерісінің заңдылықтарына, оқу үдерісінің логикасына, оқушылардың бұрынғы дайындығына негізделген классификация өлшемдері қарастырылды.

Д.О. Лорджиланидзе сабақты гносеологиялық, психологиялық, әдістемелік және жалпы педагогикалық ұстанымдар бойынша жіктеді. Осылардың ішінен жалпы педагогикалық және жалпы дидактикалық ұстанымдарды негізгі деп санады. Осы қағида алғаш рет Б.П. Есиповтың еңбегінде, сонан кейініректе П.Н. Груздев, И.А. Каиров, И.Т. Огородников, М.А. Данилов еңбектерінде дамытылды. Осы қабылданған классификация бойынша жаңа материалды түсіндіру, қайталау және жаттығу, білімді тексеру және бағалау сабақтары және аралас сабақ деп жіктелді.

Сабақтың құрылымын қайта қарастыру мәселесіне (50-шы жылдардың соңы мен 60-шы жылдардың басындағы) липецкілік мұғалімдердің тәжірибесі түрткі болды, олар аралас сабақтың құрамды бөліктері, жалғыз оқыту формасы дегеннен бас тартты. Липецкілік мұғалімдер оқу үдерісінде оқушылардың алға жылжуын үнемі бекітіп, бұрынғы алған білімдерін тереңдетуді іске асырды.

Сабақтың құрылымын жетілдіру мәселесі ұжымдық және жеке жұмыс формаларын зерттеуді талап етті. Сыныпта фронтальдық жұмыстан басқа топтық және жеке жұмыс жүргізу қажеттігі белгілен-

ді. Педагогикалық әдебиеттерде сабақта топтық жұмыстар жүргізу мәселелері талқыланып, оның білім беру және тәрбиелік міндеттерді шешудегі тиімділігі анықталды (Х.И. Лийметс, Е.С. Рабунский, И.М.Чередов).

Дидакт ғалымдар сабақтың тиімділігін анықтауды қолға алды. Э.И. Моноззон «сабақтың негізгі сапалық өлшемі түрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану емес, оқушының білімді, тәрбиелік деңгейді игеруі, қойылған мақсатқа жетуі», - деп көрсетті.

Профессор Р.Г. Лемберг педагогиканың теориялық және практикалық маңызы бар мәселелері туралы көптеген еңбектер жазды. Ол еңбектердің ішінде бастауыш білім беру мәселелері де қамтылған. «Бастауыш мектептегі сабақ», «Сабақ методикасының мәселелері», «Дидактикалық очерктер», «Мектеп оқушыларын жалпы дамыту жұмыстары», «Сабақты құру мәселелері», «Сабақта білім беру мен білімді нысықтау», «Мектептегі оқыту әдістері» атты еңбектерінде сабақтың тақырыбы мен мазмұнының ішкі бірлігі, жаңа материалдың сабақтағы рөлі мен маңызы, сабақта жаттығулар жүргізудің жолдары, білімді есепке алу мен материалды нысықтаудың жаңа түрлері ұсынылды.

*10.2. Сабақтың типологиясы және құрылымы.* Сабақ типтері туралы көптеген ғылыми жұмыстар арнайы жазылған. Анықтаушы белгілеріне қарай сабақтардың жіктелуінің бірнеше тәсілдері де бар. Мысалы, сабақтар былайша жіктеледі: дидактикалық мақсатына қарай (И.Т. Огородников, И.Н. Казанцев), сабақты ұйымдастыру мақсатына, мазмұны мен өткізу тәсілдеріне қарай (М.И.Махмутов), оқу үдерісінің негізгі кезеңдеріне қарай (С.В. Иванов), сабақ үстінде шешілетін дидактикалық міндеттеріне қарай (Н.М. Яковлев, А.М. Сохор), оқыту әдістеріне қарай (И.Н. Борисов), оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру тәсілдеріне қарай (Ф.М. Кирюшкин).

М.И. Махмутов ұсынған сабақ құрылымы сабақты ұйымдастыру, жалпы дидактикалық мақсатына және оқылатын материалдардың мазмұнының сипаты мен оқушылардың менгерген деңгейіне қарай бөлінеді. Осы тәсілге сәйкес сабақ бес типке бөлінеді: 1-тип - жаңа оқу материалын оқыл-үйрену сабағы; 2- тип - білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды жетілдіру сабақтары, қабілеті мен дағдыларын қолдану сабақтары; 3-тип - білімді қорыту және жүйелеу сабақтары; 4-тип - аралас сабақтар; 5-тип - білімді, іскерлікті, дағдыны бақылау және түзету сабақтары. Бұл жіктеудің түрін көптеген теоретиктер мойындамаған күннің өзінде де, оның болашағы бар деп айтуға болады.

Сабақ құрылымы мен оқу жұмысының ұйымдастыру формасына қазіргі заманғы сабақтың теориясы мен практикасының негізгі түсініктері жатады. Себебі, ол белгілі дәрежеде оқытудың тиімділігі мен оның нәтижелілігін анықтайды. Сабақтың қандай элементтері және бөліктері құрылымдық деп есептеледі, қайсысы есептелінбейді? Бірақ



та бүтінгі таңда педагогика ғылымында бұған бірыңғай көзқарас жоқ. Кейбірі сабақ практикада жиі кездесетін элементтерді бөліп көрсетеді. 1) жаңа материалды меңгеру, 2) өткенді бекіту, 3) оқушылардың білімін тексеру мен бағалау, 4) үй тапсырмасы, 5) білімдерді қорыту мен жүйелеу. Басқалары - сабақтың мақсаты оқу материалының мазмұны, оқытудың әдістері мен тәсілдері, оқу әрекетін ұйымдастыру әдістері деп қарастырады.

**10.3. Сабақтың логикалық-психологиялық, дидактикалық және әдістемелік құрылымының арақатынасы.** Сабақтың құрылымдық бөліктерінің өзара әрекеті - ақиқат нәрсе. Оқыту үдерісі мұғалім әрбір бөлікті жеке алғанда және оның сабақтың басқа бөліктерімен өзара әрекеттесу қызметінің бірлігін түсінгенде ғана тиімді болады. Жаңа білімдердің қалыптасуы тек бұрынғы бар білімдерге сүйенгенде, ал дағдылар мен іскерліктерді жаттықтыру жаңаны меңгергенде ғана мүмкін болады. Бұл жағдайда олардың реті әр сабақта әр түрлі. Бұл жөнінде М.И. Махмұтовтың еңбегінде толығымен айтылған. Сабақтың дидактикалық құрылымы бұрынғы материалды қайталауда емес, мұғалімнің түсіндіруі немесе мәселелік жағдаят жасау, бұрынғы мәселелерді шешу болжамын ұсыну барысында жаңа түсінікті енгізуден басталуы мүмкін. Ұсынылған болжамды дәлелдеуде сабақтың басында алдыңғы сабақта оқылған білімді қолдануға қажет өзектендіру жүруі мүмкін.

Аралас сабақты өткізудің реті - ұйымдастырудың сәті, үй тапсырмасын тексерту, өткен материалды оқушыдан сұрау, жаңа материалды оқып-үйрену, оны бекіту және үйге тапсырма берумен аяқталады.

**10.4. Сабақта оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың топтық, дербес, фронтальды формалары.** Оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастырудың жаппай түрі деп - мұғалім мен оқушылардың сыныптағы әрекетін, яғни оқушылардың бірдей тапсырманы барлығы бірге талдап, бірдей орындауы және қорытындыларын салыстыруын айтамыз. Мұғалім жұмысын бір уақытта барлық сыныппен жүргізеді, ол яғни оқушылармен тікелей байланыста болып, түсіндіру, көрсету, айту кезінде, оқушыларды осы тақырыпты қызықты етіп талқылауға баулиды. Осындай әдіс нәтижесінде мұғалім мен оқушылар арасында, оқушылар мен оқушылар арасында сенімді қарым-қатынастар орнатуға мүмкіндік береді. Балаларды ұжымшылдыққа тәрбиелейді, оқушылар талдау мен сөз таластыру барысында сыныптастарының және өз қателерін түзеп үйренеді, бұл олардың әрекеттерінің белсенді болуына көмек береді. Оқытуды ұйымдастырудың жаппай формасы әртүрлі сұрақтарды көтеру, ақпараттық және түсіндірмелі шығарма, репродуктивті, шығармашылық тапсырмалар арқылы да жүзеге асуы мүмкін. Шығармашылық тапсырмалар беру арқылы оқушының

жұмысқа деген белсенділігін көтеруге болады. Мұғалім тапсырмаларды әр оқушының дара мүмкіншіліктеріне қарай бөліп, оқушы мен мұғалім арасында сыйластық қатынас орнатып, сыныпты біріктіре отырып табысқа жетуге баулу керек.

**10.5. Оқушылардың сабақ барысындағы жұмысын ұйымдастырудың дара түрі.** Бұл әр оқушы өзінің дайындығы мен оқу мүмкіншілігіне сәйкес арнайы таңдалған тапсырманы өз бетімен орындайды дегенді білдіреді. Ондай тапсырмалар ретінде кітаппен, басқа да ғылыми әдебиетпен, әр түрлі білім көздерімен жұмыс, есеп шығару, мысалдар қарау, шығарма жазу, мазмұндама, реферат, баяндама даярлау болуы мүмкін. Дара жұмыс бағдарланған оқытуда кең қолданылады.

Педагогикалық әдебиетте оқытуды ұйымдастырудың даралық түрінің **дара және дараланған** екі жолы ерекшеленеді. Алғашқысы - жалпы сыныпқа арналған тапсырманы оқушының басқа оқушылармен араласпай отырып бір қалыпты орындауы, екіншісі - оқушылардың оқу-танымдық әрекетінде арнайы тапсырмаларды орындауы болып табылады. Ол әрбір оқушының оқу қарқынын реттеуге оның даярлығына, оқу мүмкіндіктеріне сәйкес мүмкіндік береді.

**Оқушылардың оқу жұмысын ұйымдастырудың топтық формасы.** Оқушылардың сабақтағы топтық жұмысының негізгі белгілері:

- сынып оқушылары сабақ барысында нақты тапсырмаларды орындау үшін топтарға бөлінеді;

- әр топ өздеріне арналған тапсырманы алып, оны топ басы немесе мүділімнің басқаруымен шешеді.

- топтардағы тапсырмалар топтың әр мүшесінің жеке үлесін дара бағалайтындай етіп орындалады, топтың әр мүшесінің оқу мүмкіндіктері ескеріледі.

Топ құрамы бір қалыпты емес, топтың мүшелерінің оқу мүмкіндіктерін тиімді жүзеге асыруына сай топтың құрамы әртүрлі. Ол 3-6 адамнан құралады. Топ құрамы тұрақты емес. Ол келешек жұмыстың мазмұны мен сипатына байланысты өзгеріп отырады. Бұл жерде топтың жартысы дара жұмыспен айналыса алатын оқушылар болуы керек.

Топтардың жетекшілері және топтар құрамы түрлі оқу пәндерінде түрлі болуы мүмкін және олар оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктері бірін - бірі толтырып отыратындай оқыту деңгейі әртүрлі оқушылардың құралады, осы пәннен олардың сабақтан тыс уақытта ақпаратты білуі, оқушылардың бір-бірімен бірігіп жұмыс істей алуы есепке алынады. Топта бірін-бірі ұнатпайтындар болмау керек.

Оқушыларды өзара оқыту, ұжымдық танымдық іс-әрекет, оларды мұғалімнің басқару ерекшеліктері.

Сабақты ұйымдастырудың дәстүрлі емес формалары: «авторлық сабақтар», конференция-сабақ, пікірталас-сабақ, брифинг-сабақ, семинар-сабақ, бинарлы сабақ, сипаттау сабағы, ойландыру сабағы, пікірсайыс сабақ, ойын сабағы, зерттеу сабағы және т.б.

**10.6. Мұғалімді сабаққа дайындау жүйесі.** Мұғалімнің сабаққа дайындалуы өзара байланысты екі кезеңнен тұрады: сабақ жүйесін тақырып бойынша жоспарлау және осы жоспарды әрбір сабаққа нақтылап ояластыру, баска да жеке сабақтардың жоспарын құру. *Тақырыптық жоспарлау.* Тақырыптық жоспарлау оқу бағдарламасының "белгілі бір бөлімінде, оқу-тәрбие үдерісінің сабақ жүйесінде білім жетілдіруді анықтаудың ең қолайлы тәсілі. Бұл жүйеге дидактикалық негізгі мақсатқа байланысты, әр түрлі сабақтар, сонымен қатар оқушылармен сабақта және сабақтан тыс жұмыс жасауды ұйымдастыру кіре алады. Тақырыптық жоспарлаудың сәтті болуы мұғалімнің оқушыға берілетін білім қаншалықты дәрежеде, олар не менгеріп, үйренуі керектігін нақты анықтауына байланысты. Сол себепті де тақырыптық жоспарлау мұғалімнің белгілі бір тақырыпты қамтып, мұхиян дайындалуынан басталады. «Оқушылардың тәрбиесі, дамуының нәтижесі сабақта бірден байқалмаса, бұл мәселелерді ұзағырақ уақытқа жоспарлау қажет. Тек осындай алдын ала жұмыстың нәтижесінде тақырыптың жоспарлағы "пайда болған" сабағын көруге болады. Тақырыптық жоспарлау жүйесін барынша сәтті, ғылыми тұрғыда ұсынған педагог М.И. Махмутов болды.

**Тақырып және сабақ бойынша жоспарлау.** Сабақ жоспары – бұл шығармашылық ізденістің басы, сабақты әсерлі өткізудің құралы, дарындылықтың іргетасы және таланттың көрінісі.

**Сабақтың мақсаты** - бағдарлама материалының мазмұнына, мектепте материалдық базасына, оқушылардың оқу материалы мен жұмысының сипатына сүйеніп отырып анықталады. Мұғалім оқушылардың түсініктермен жұмыс барысында белсенділігін оятатын материалды іріктейді, қорытынды сұрақтар, мәселелік міндеттер арқылы бағыт-бағдар береді, сабақ құрылымын айқындайды. Сабақ жоспарында сабақ тақырыбы мен сабақ өткізілетін сынып, сабақтың дидактикалық міндеттері, нақтыланған мақсаты, материалдың қысқаша мазмұны көрініс табады, оқушылардың танымдық әрекетін, әдістерін, оқу құралдарын ұйымдастыру формалары анықталады. Бұл жұмысты орындағанда бұрынғы менгерілген тірек білімдер өзектендіріледі, жаңа білімдер мен әрекет тәсілдері қалыптасады, оқымудың түрлі жағдайлары оларды қолданудың дағдылары, оқушылардың оқу әрекетін бақылау және түзету, білмеуден білуге қарай жылжуда қажет танымдық және практикалық іскерлікті сабақ үстіндегі оқу танымдық және практикалық міндеттерді шешуде дамыту керек. Оқу жүйесінде оқушының келесі сабаққа дайындалуы былай анықталады:

- оқушыларды тақырып бойынша құрылған жоспармен таныстыру;

- оқушыларды оқулықтың жекелеген бөлімдерінен хабардар ету, ғылыми және көркем әдебиет оқыту, жаңа материалды меңгертуге ықпал ететін пайдалы тәжірибелерді қолданып, бақылау өткізу.

**Сабақты талдау және өзіндік талдау – басқару объектісінің сапасы туралы жаңа білімді алу әдісі.** Сабақты талдау және бағалау педагогикалық шығармашылықта маңызды элемент болып табылады. Өз жұмысында талдау - мамандық деңгейін өсірудің тиімді шарасы. Оның сапасы әр түрлі факторларға, атап айтсақ, мұғалімнің сабақ өткізу дағдыларына байланысты. Талдауды келесі сабаққа дейін немесе сабақтан кейін жасаған пайдалы. Осы кезде мұғалім сабаққа дайындалғанда бәрін ескердім бе деп ойлайды.

Педагогикалық әдебиеттерде сабақты талдауға әр қырынан келу баяндалған. Мұғалімнің сабағын талдау және бағалау тәсілдерінің ішінен ең қолайлысы Т.А. Ильинаның тәсілін қолдану ұсынылады. Ол өз сабағын талдауға баға берудің мұғалімге 10 түрлі өлшемдерін бөліп қарастырады.

1. Сабақтың жалпы құрылымы;
2. Сабақтың негізгі дидактикалық мақсатын жүзеге асыру;
3. Оқу үдерісінде оқушылардың дамуын жүзеге асыру;
4. Сабақ үдерісіндегі тәрбие;
5. Дидактиканың негізгі ұстанымдарын орындау;
6. Оқыту әдістерін талдау;
7. Мұғалімнің сабақтағы жұмысы;
8. Сабақтағы оқушының жұмысы;
9. Сабақтың гигиеналық жағдайлары;
10. Кейбір арнайы тапсырмалар.

**Өзін - өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Қазіргі сабақтың теориясына тоқталыңыз.
2. Сабақтың негізгі компоненттері мен міндеттерін атаңыз.
3. Қазіргі сабаққа қойылатын талаптар.
4. Сабақтың дидактикалық және әдістемелік құрылысының арақатынасын ашыңыз.
5. Сабақты ұйымдастырудың дәстүрлі емес формаларына тоқталыңыз.

## **11 тақырып. ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

**11.1. Оқыту әдісі туралы жалпы түсінік.** Мұғалім мен мектеп жұмысының табысты болуы оқыту әдісіне байланысты бірнеше ондаған жылдар бойы пән теориясы мен жекелеген пәндерді оқыту туралы зерттеулер жүргізіліп келеді. Педагог-ғалымдар мектептегі оқу үдерісін бақылау барысында сабақтағы мұғалім мен оқушы қызмет түрлілігіне назар аударған. Олар мұндай әрекет түрлерін оқыту әдіс-

темесі деп атаған. Мысалы, мұғалім жаңа материалды түсіндіреді - ол түсіндіргенді қолданады, оқушылар материалды өз бетінше оқып үйренеді – бұл жұмыс әдісі; оқушы практикалық тапсырманы орындайды - бұл практикалық жұмыс әдісі, мұғалім сабақта көрнекілік материал қолданады - иллюстрация әдісі т.с.с.

Е.И. Перовский, Н.М. Верзилин, Е.Я.Голант оқытудың сөздік, көрнекілік және практикалық әдістерін көрсетсе, М.А.Данилов, Б – оқыту әдістерін білім алу әдісі, білік пен дағдыларын қалыптастыру, білік, дағдысын тексеру, бекіту әдістерін, Е.Я. Голант әдістерінің 2 тобын көрсетуді ұсынды: активті (белсенді) және пассивті оқыту әдістері. Тілдік әрекет сипатына қарап, бұл екі әдіс әртүрлі іске асырылуы мүмкін: дидактар мен әдіскерлердің бұл түсінікке түрлі анықтамалар беруіне қарамастан, көптеген авторлар оқыту әдісін оқу әрекетін ұйымдастыру тәсілі деп қарастырады.

**Оқыту әдісінің мәні мен түсінігі.** «Метод» (әдіс) термині - гректің «method» сөзінен шыққан, ол шындыққа жақындау, күтілген межеге жету жолдары деген ұғымды білдіреді. Педагогикалық практикада мұғалімнің сабақ беруі мен оқушы қызметінің тәсілдері бір-бірімен тығыз байланысты. Бұл ретте мұғалімнің оқу жұмысы және оқушының оқу әрекеті бір-бірімен тығыз байланысады және өзара әрекеттеседі.

**Оқыту әдісі үш белгісімен сипатталады:** оқыту мақсаты, меңгеру, оқыту субъектілерінің өзара әрекет ету сипаты. Оқыту әдісінің сипаты бойынша:

1. мұғалім қызметінің оқыту тәсілі мен оқушы әрекетінің оқу әрекеті, олардың өзара байланысы.
2. оқытудың түрлі мақсатына жетудегі олардың жұмыс ерекшелігі.

**«Оқыту әдісі» түсінігін анықтаудың негізгі тәсілдері.** Оқыту әдісі - мұғалім мен оқушының бірлесе отырып оқытудың практикалық міндеттерін шешуге бағытталған әрекет тәсілдері. Оқыту әдісінің бұл анықтамасы оқытудың кейбір мәнді сипаттамаларын көрсетеді. Оқыту әдістерінің логикалық құрылымы оқу материалдарының мазмұнын және оқушылардың оқу әрекетін құруға бағынышты.

**Оқушылардың танымдық әрекеттерінің сипатына қарай оқыту.** Түсіндірмелі-иллюстративті әдіс мұғалімнің дайын ақпаратты оқушыларға әр түрлі тәсілдермен жеткізуінен, ал оқушылардың оны қабылдап, есте сақтауынан тұрады. Бұл әдіс ақпаратты беруде ең тиімді тәсіл болып табылады. Бірақ бұл әдісті қолданғанда алынған білімді қолдана алуға керек іскерлік пен дағдысы қалыптаспайды. Репродуктивті әдіс оқушылардың оқытудағы икемділігі мен дағдысын қалыптастыру үшін қолданылады. Оның мәні мұғалімнің тапсырмасы бойынша әрекетті қайталаудан тұрады.

Мұғалімнің әрекеті тәжірибеден және хабарлама үлгісінен тұрады, ал оқушының іс-әрекеті үлгі бойынша әрекетті орындаудан тұрады.

Мәселелік әдістің мәні мұғалім оқушылардың алдына мәселені қойып, өзі соны шешудің жолдарын, қарама-қарсылықтарды аша отырып, көрсетуден тұрады. Бұл әдістің бағыты ғылыми танымның үлгісін көрсетумен және ғылыми мәселені шешу мәселесінен тұрады. Оқушылардың танымдық мәселелерді өзіндік шешуге бірте-бірте жақындауы мақсатында жеке іздестіру әдісі немесе оқытудың эвристикалық әдісі қолданылады. Оның мәні мұғалімнің мәселелі тапсырманы бірнеше бөлікке бөлуінен, оқушылардың оны шешудегі ізденістерінен тұрады.

Оқыту әдістері бір-бірінен оқушылардың материал мазмұнының әр түрлерін игерудегі танымдық іс-әрекеттерінің сипатымен және оқушылардың осы іс-әрекетін ұйымдастырушы мұғалім іс-әрекетінің сипатымен ерекшеленеді.

*Оқыту әдістерін таңдау.* Педагогика ғылымында мұғалім тәжірибесін зерттеу негізінде оқу-тәрбиелеу барысының нақты жағдайлары мен шарттарының түрлі ұштасуына байланысты оқытудың түрлі әдістерін таңдаудың нақты жақтары қалыптасты.

*Оқыту әдістерін таңдау бірнеше жағдайларға байланысты:*

- оқу, білім беру, тәрбиелеудің және оқушылардың дамуының жалпы мақсатына және қазіргі дидактиканың алдыңғы қатарлы нұсқауларының жалпы бағыттарына;

- осы ғылымның және оқытылатын пәннің, тақырыптарының мазмұнының және әдістерінің ерекшеліктеріне;

- нақты оқу пәнін оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін және жалпы дидактикалық әдістерді таңдауға керек ерекше талаптарына;

- нақты сабақ материалының мақсаты, мазмұны мен міндеттеріне;

- материалды оқып-үйренуге берілген уақытына;

- оқушылардың жас ерекшеліктеріне және олардың нақты, тану мүмкіншіліктеріне;

- оқушылардың дайындық деңгейіне (білімділік, тәрбиелілік және даму);

- оқу мекемесінің материалдық қамтамасыз етілуіне, құрал-жабдықтардың, көрнекі құралдардың, техникалық құралдардың болуына;

- мұғалімнің ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне, практикалық және теориялық дайындығы мен әдістемелік шеберлігіне байланысты.

Аталған жағдайлардың орындалу кезінде мұғалім бірнеше шешімді, яғни: ауызша, көрнекті немесе практикалық нақты әдістер таңдау, өзіндік жұмысты басқаруының репродуктивтік немесе іздену әдістерін ұстану және өзін-өзі ұстау әдістерін қолдану туралы шешім қабылдайды.

**11.2. Оқыту әдістерінің жіктелуі.** Қазіргі кездегі дидактиканың өткір мәселесінің бірі - *оқыту әдістерін жіктеу*. Бұл мәселе туралы нақты бір жақты көзқарас жоқ. Дәл қазір жіктенудің негізгі тәсілдері бұрынғы кездегі жіктеу бойынша оқыту әдістерін мұғалімнің жұмыс әдісіне (әңгімелеу, түсіндіру, әңгіме) және оқушылардың жұмыс әдісіне (жаттығулар, өздік жұмыс) т.б. бөлген.

*Оқушының білім алу көздеріне қарай оқыту әдістері былайша жіктеледі:*

а) *сөздік әдіс* (білім негізінде ауызша сойлесу немесе басылым сөзі жатады);

в) *практикалық әдіс* (оқушылар практикалық жұмыстарды орындай отырып білім алады, біліктілігі артады).

*Оқытудың сөздік әдісі* - оқыту әдістері жүйесінде жетекші дәлелдеген. Қазіргі кезде оларды ескірген, "белсенді емес" деп жиі айтып жүр. Сөздік әдіс аз уақытта көлемі жағынан үлкен, көп ақпарат беруге мүмкіндік жасайды. Мұғалім сөз арқылы адамзаттың өткені мен келешегі туралы айқын бейнелер арқылы балалардың санасына жеткізеді. Сөз оқушының ойын, есте сақтау қабілетін, сезімін жаңдандырады.

Сөздік әдістің мынандай түрлері бар: әңгімелеу, түсіндіру, әңгіме. пікірталас, дәріс, оқулықпен жұмыс.

*Әңгіме.* Әңгіме әдісі оқу материалының мазмұнын ауызша жеткізеді. Бұл әдіс мектептегі оқыту үдерісінің барлық кезеңдерінде қолданылады, тек әңгіме көлемі, сипаты, ұзақтығы жағынан ғана өзгереді.

*Түсіндіру.* Түсіндіруді оқылатын объектінің, жеке түсініктер мен құбылыстардың маңызды қасиеттерін, заңдылықтарын ұғыну деп түсіну керек.

*Түсіндіру* - бұл баяндаудың монологтік формасы. Түсіндіру көбінесе түрлі ғылымдардың теориялық материалдарын игеруде, химиялық, физикалық, математикалық есептерді, теоремаларды шешуде, табиғат пен қоғам өміріндегі құбылыстардың себептері мен салдарын ашуда қолданылады.

Түсіндіру оқытудың әдісі ретінде әр түрлі жастағы балалармен жұмыс істегенде кеңінен қолданылады. Бірақ орта және жоғары мектеп жасындағыларға оқу материалының күрделілігіне және оқушылардың интеллектуалды мүмкіндіктерінің өсуіне байланысты төменгі сынып оқушыларына қарағанда бұл әдісті қолдану анағұрлым тиімдірек.

*Хабарлама* - әңгіме (эвристикалық әңгіме) оқушының өзін жана білімді игеру үдерісіне енуіне, білімді алу тәсілдерін іздеуіне, мұғалімнің қойған сұрағына өзінің жеке жауаптарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Эвристикалық әңгіме барысында мұғалім білімі мен практикалық тәжірибесіне сүйене отырып, оларды жана білімді игеру мен түсінуге, ережелер мен қортындыларды қалыптастыруға апарды. Оқушылардың осындай біріккен іс-әрекетінің нәтижесінде өзіндік күш жұмсау мен ойлау арқылы жана білімді игереді.

*Оқу пікірталасы.* Қазіргі заманғы мектептердегі оқытудың сөздік әдістерінің ішінде дискуссиялық оқыту ерекше орын алады. Оқыту үдерісіндегі оның ең басты бағыты - оқушыларды нақты немесе басқа да мәселелерді әр түрлі көзқараста белсенді түрде талқылауға тартуда олардың танымдық қызығушылықтарын ынталандыру, бөтеннің және өз бағытының дәлелдеріне әр түрлі көзқарасты ойлауды тудыру.

*Дәріс.* Дәріс - көлемді материалды баяндаудың монологтік тәсілі, ол әдетте жоғарғы сыныптарда қолданылып, бүкіл сабақты қамтиды. *Дәрістің артықшылығы:* оқу материалының логикалық мазмұндалуы, ақпарат ағынының көптігімен, берілетін білімнің жүйелік ерекшелігімен айқындалады.

*Кітаппен, оқулықпен жұмыс.* Мектепте кітаппен жұмыс істеу ең маңызды әдіс болып табылады. Бастауыш сыныптарда кітаппен жұмыс істеу сабақта мұғалімнің басшылығымен жүзеге асады. Ал одан әрі қарай оқушылар кітаппен өз еркімен жұмыс істеуге үйренеді. Кітаппен жұмыс істеудің бірнеше түрлері бар. Олардың негізгілеріне мыналар жатады:

- *конспектілеу* - оқылғанды қысқаша баяндау, жазу. Конспектілеуді оқушы өзі немесе үшінші біреу атынан орындайды. Конспектілеуді өзі орындау оқушының дербес ойлау қабілетін дамытады;

- *мәтіннің жоспарын құру.* Жоспар қарапайым және күрделі болуы мүмкін. Жоспар құру үшін тақырыпты оқығаннан кейін оны әр бөлікке бөлу және ат қою керек;

- *тезистеу* - оқығандағы негізгі ойларды қысқаша баяндау;

- *сілтеме жасау* - мәтіннен сөзбе-сөз көшіріп алу. Міндетті түрде қайдан алынғандығы туралы деректер көрсетіледі (авторы, шығарманың аты, шыққан орны, баспасы, баспаға шыққан жылы, беті);

- *аннотациялау* - оқылған материалдың мағынасын өзгертпей қысқаша баяндалуы;

- *пікір беру* - оқығанына өз көзқарасын білдіре отырып, қысқаша пікірін жазу;

- *анықтама құрату* - ізденуден кейінгі бір нәрсе туралы мәлімет; Анықтамалар статистикалық, биографиялық, терминологиялық, географиялық және т.б. болады;



- *формалд - логикалық моделдерді құру* - оқығанның сөздік-сызбалық - үлгілік көрінісі;
- *тақырыптық тезаурусты құру* - бөлім, тақырып бойынша базалық түсініктің реттелген жойынтығы;
- *идеялардың матрицасын құру* - әр түрлі авторлар еңбегіндегі құбылыстар мен бірінгей нәрселерге салыстырмалы түрде сипаттама беру;

Оқытудың сөздік әдісінің негізгі түрлеріне қысқаша түсініктемелер осындай. Осы жіктеу бойынша оқыту әдісінің екінші тобына көрнекілік әдісі жатады.

*Көрнекілік әдіс.* Оқытудың көрнекілік әдісіне оқу материалын игерудегі көрнекі құралдар мен техникалық құрал-жабдықтарды пайдалану жатады.

Оқытудың көрнекілік әдісін шартты түрде екі үкем топқа бөлуге болады: *иллюстрация әдісі мен демонстрация әдісі.*

*Иллюстрация әдісі* оқушыларға иллюстративті көрнекіліктерді, плакаттарды, кестелерді, майлы бояу суреттерді, карталарды, тақтадағы суреттемелерді, жалпақ моделдерді және т.б. көрсетуді ұсынады.

*Демонстрация әдісі* әдетте құралдарды, тәжірибелерді, техникалық қондырғыларды, кинофильмдерді, диафильмдерді және тағы басқаларды демонстрациялаумен байланысты.

*Жаттығулар.* Ол жоспарда ұйымдастырылған бірнеше рет қайталанатын іс-әрекет, білік пен дағдыны игеруде және олардың сапасын көтеру мақсатында орындалатын оқыту әдісі. Жаттығулар барлық пәндерді игеруде және оқу үдерісінің әр түрлі кезеңдерінде қолданылады. Жаттығулардың түрі мен әдісі оқу пәнінің ерекшелігіне, нақты материалға, жауап берілетін сұраққа және оқушының жасына байланысты.

Жаттығулар түрлеріне қарай: *ауызша, жазбаша, графикалық және оқу-еңбектік* болып бөлінеді. Олардың әр қайсысын орындау барысында оқушылар оймен жұмыс істеу мен практикалық жұмысты атқарады.

*Ауызша жаттығулар* логикалық ойлауды, есте сақтауды, тіл мәдениетін және оқушылардың зейінін дамытуға көмектеседі.

*Жазбаша жаттығулар* білімді қорытындылау мен оларды қолдана білуге үйрену үшін арналады. Оларды қолдану логикалық ойлауды, жазба мәдениетіне және өздігінен жұмыс жасай білуге үйретеді. Жазбаша жаттығулар ауызша және графикалық жаттығулармен қатар жүреді.

*Графикалық жаттығуларға* оқушылардың сұлбалар, сызбалар, кестелер, технологиялық карталар, альбомдар, плакаттар, қабырға газеттерін дайындау, зертханалық-сарамандық жұмыстарды өткізудегі суреттемелерді тындау, саяхаттар және т.б. жатады.

*Оқу-еңбектік жаттығуларға* өндірістік-еңбек бағытына не оқушылардың практикалық жұмыстары жатады. Бұл жаттығулардың мақсатына оқушылардың теориялық білімдерін еңбекте қолдану болып табылады. Мұндай жаттығулар оқушыларды еңбекке баулуға көмектеседі.

*Зертханалық жұмыстар* - оқушылардың құрал-жабдықтарды және басқа да техникалық көрнекіліктерді пайдалана отырып, мұғалімнің тапсырмасы бойынша тәжірибелерді өткізуі, яғни бұл оқушылардың арнайы құралдар арқылы білімді меңгеруі.

*Практикалық жұмыстар* оқу материалының үлкен бөліктерін игергеннен кейін жүргізіледі және жалпылама қорытушы сипатқа ие болады. Олар тек сыныпта ғана емес, мектептен тыс та жүргізілуі мүмкін (мектеп жанындағы: үлестегі жұмыс, жергілікті жердегі өлшеу жұмыстары).

### *11.3. Оқыту тәсілі және оның дидактикалық мағынасы.*

Сырт көзге оқыту тәсілдері бір-бірімен ұқсас, тіпті бірдей тәрізді көрінгенімен де, шын мәнінде, оны дидактикалық міндетермен байланыста қарастырсақ, онда олардың мүлде ерекше екені байқалады. Тәрбиелеу және дамыт зертханасының зерттеулерінің нәтижесі бойынша математиканы оқыту тәсілдері, практикада іске асты. Бұл оқыту тәсілдері бастауыш оқытудағы эксперименттік тәсілдердің бір бөлігін құрайды, кіші жастағы мектеп оқушыларын жалпы дамыту бағытын көздейді. Бірқатар авторлардың арнайы жүргізілген зерттеулерінде, саналы бақылау және сөз арқылы саналы орындалатын қимыл-қозғалыс түсініктері қимылды жүзеге асырады (Е.И.Бойко, Е.В.Гурьянов, А.Ц.Пуни, А.В.Пекская, В.В.Суворова, М.А.Черевков және т.б.).

Дидактикалық міндет пен оқыту тәсілінің арасында міндетті атқару үшін түрлі әдістерді қолдануға болатындығында. Бұл ретте мынадай міндеттерді белгілеп көруге болады: 1) оқушыларды объектінің сыртқы түрімен және құрылысымен таныстыру; 2) құбылыстар арасындағы байланысты, көрнекі объектілерді бақылау негізінде тану.

*Оқыту әдістерінің көптүрлілігі. Қазіргі заманғы дидактикада оқыту әдістерін жіктеудің сан алуан тәсілдері. Оқыту әдістеріне сипаттама: сөздік, көрнекілік, практикалық. Оқыту әдістерінің, құралдары мен тәсілдерінің өзара байланысы.*

Ғалымдар әдістерді классификациялау және жүйелеу төңірегінде (А.П.Пинкеевич, А.Ф.Евстигнеев-Беляков, Н.М.Шульман, Ш.И.Ганелин және т.б.) қызмет етті. «Дидактикалық әдіс» түсінігінің көпқырлылығын атай отырып, олар «әдіс» түсінігінің белгілерін (оқу материалдарын логикалық түсіну жолдары, педагогикалық ықпал ету құралы, оқушылардың белсенділік деңгейі, т.б.) таадады. Әдістерді классификациялау негізіне формальды логика ұғымын да қолданбақ-

шы болды. Әдістер жүйесі мен оларды классификациялау принциптеріне биологиялық тұжырымдамалар алынып, диалектика заңдарын оқыту әдістеріне тікелей көшіру талаптары (О.В.Трахтайберг) және мектеп практикасынан алшақтық та болды (М.М. Рубинштейн, Б.С. Манжос). Әдістерді белсенді және белсенді емес, еңбекке қатысы бар және еңбекке қатысы жоқ деп жіктеу, ерікті немесе еріксіз түрде, жеке немесе жалпы әдістер тобына әмбебаптық сипат беретін болды.

*11.4. Оқыту әдістерінің, құралдары мен тәсілдерінің өзара байланысы. Оқыту мақсаты, оқыту тәсілдері және оның нәтижесі. Оқу міндеттері мен оқыту тәсілдерінің өзгешеліктері.* Оқу үдерісінде қаралатын маңызды мәселелер – оқытудың мақсаты, оған тап белгілер, оқытудағы оның орны мен рөлі. Дидактикада оқыту мақсаты түрлі қырынан қарастырылған. М.А.Даниловтың пікірі бойынша «оқу үдерісіндегі арнайы қайшылық оқытудың барысымен сипатталады, оқушылар алдына оқу үдерісінің логикасына сай, үнемі түрлі жағдайға қарай жаңа міндеттер қойылып отырады, олар оқушыларға түсінікті, оны олар қабылдайды және ақыл-ой күшін қолданып шеше алады», - деп атап көрсетеді.

Дидактикалық еңбектерде оқушыларды *дамытуға* байланысты жалпы айтылған пікірлер болмаса, оқушыларды дамыту оқу міндеттерінде іске асырылмайды. Оқу міндеттерінің оқушының білім мен дағдыны меңгеруін іске асыруы күмән тудырмайды. Бірақта, біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, оқыту мен дамыту мәселесі, балалардың дамуын қамтамасыз ететін материалдарда, оқу бағдарламалары мен оқулықтарда, оқыту тәсілдерінде және міндеттерінде ескерілуі керек.

Ең маңыздысы, оқу міндеттерін оқыту тәсілдері мен оған қол жеткізетін нәтижесі арасындағы объективті байланыстарды зерттеу қажет. Мұндай зерттеусіз оқыту үдерісінің заңдылықтарын ашып, жетістікке жету мүмкін болмайды.

Оқу міндеттері ажыратылмаған, олар шын мәнінде алуан түрлі, міндет пен оқыту тәсілдері арасындағы байланыстарды ескермеу, оқу үдерісінің теориясы мен практикасының дамуына кедергі келтіреді.

*11.5. Оқытудың интербелсенді әдістері: пікірсайыс, тренинг, диалог, дебат, пікірталас, т.б. Оқыту әдістерін таңдау мәселелері. Мұғалімнің оқытудың қозғаушы тетіктерін тиімді басқаруындағы әдістемелік және технологиялық құзыреттілігі.*

Интербелсенді (интерактивті) оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру үдерісіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген *«интерактив»* сөзі де осы ұғымды білдіреді: *«inter»* дегеніміз *«өзара»* мағынасында, ал *«act»* - *«әрекет жасау»* дегенді білдіреді.

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру.

**«Интербелсенді» дегеніміз** диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші - өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру үдерісін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

1) барлық үйренушілерге бірлескен таным үдерісіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

2) әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.

Сонымен интербелсенді оқу/оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанады. Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) ортақ мағынасына және аякқы нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, ойларымен алмасады, тиімді нәтижеге (білімге) мәңгідей бірлескен үйрену/оқу әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды.

Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, тек қана жаңа білім игеруге жағдай жасап қана қоймай, сонымен бірге таным үдерісін өзара ынтымақтастық пен бірлесу деңгейлеріне көтереді, яғни қарым-қатынас пен оның негізгі нысаны диалогты танымның басты құндылығына айналдырады.

Интербелсенді оқу/оқыту диалогтық қатынасқа негізделеді, ал диалог өз кезегінде өзара түсіністікке, бірлескен әрекеттерге, таным үдерісінде туындаған мәселелер мен проблемаларды бірлесе шешуге алып келеді. Интербелсенді оқуда/үйренуде білім алушылар келесідей білім, білік, дағды, құзырлық, машықтарға *үйренеді*: терең ойлануға; ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екішеп, оның ішінен керектісін таңдап алуға; ақпаратты жан-жақты талдауға; өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыруға; пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеуге; басқа да балама пікірлерді ескеруге; шешім қабылдауға және қиын мәселелерді шешуге; жауапкершілікке (өз біліміне, өміріне); басқалармен тиімді қарым-қатынас құруға.

Интербелсенді оқу/оқыту келесі жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады: - *бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл аудиториялық), жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары, ситуативтік және ролдік ойындар, ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау, кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай, мамандар, т.б. шығармашылық жұмыстар, т.б.*

Өз кезегінде бірлескен жұмыс әдістері өзін-өзі мен басқа адамдарды танудың құралы болып табылады, олар дүниетаным қалыптастырып, тұлғаның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды.

**Рөлдік ойындар.** Рөлдік ойындар - тиімді интербелсенді әдістердің бірі. Педагогика саласында зерттеу жүргізетін ғалымдардың басым көпшілігі оқу/оқытудың ойын әдістерін кәсіби дамуды қамтамасыздандырудағы ең тиімді әрі болашағы зор тәсілдер деп есептейді. Өйткені іс-әрекет арқылы үйрену/үйрету – танымның ең тиімді тәсілі екендігі баршаға аян: адам жадында бірінші мезетте өзінің жасағаны мен бастан кешкен әсерлері қалады. Ал рөлдік ойындар студенттердің өздерін басқа адамдардың орнына қойып, мәселе немесе проблеманы солардың тұрғысынан қарастырып, шешімді өз «қолдарымен» жасауды меңзейді.

Өзін – өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Әдіс туралы жалпы түсінікке тоқталыңыз.
2. Оқытудың әдістері мен әдістемелік тәсілдері дегеніміз не?
3. Тұтастай педагогикалық үдерістің компоненттерін атаңыз.
4. Оқыту әдістерінің атқаратын қызметі мен міндеттеріне тоқталыңыз.
5. Оқытудың инновациялық интербелсенді әдістеріне тоқталыңыз.

## 12 тақырып. ОҚЫТУДАҒЫ ДИАГНОСТИКА ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

*12.1. Оқыту сапасын диагностикалау. Ұғымдар: оқушының оқу жетістігін бақылау, бағалау, белгілеу. Үлгерім – оқушылардың оқу жетістігінің сипаттамасы. Оқушылардың іс-әрекет нәтижесін бақылаудың мақсаты мен қағидалары.* И. Лернер, Ю. Бабанский білім сапасының түрлеріне келесі сипаттамалар береді.

*Білімнің дұрыстығы.* Оқушының бойындағы білімнің толықтығы оқылатын нысана туралы барлық білімдердің санымен анықталады. Оқушы: а) білімнің барлық жетекші элементтерін атап бере алады; ә) әрқайсысына анықтама бере алады; б) негізгі белгілерін сипаттап бере алады.

Білімнің әрекеттілігі оқушының білімді әр түрлі жағдайда қолдана алуымен сипатталады. Оқушы: а) алған білім мен біліктіліктерін қолдану арқылы жаттығулар мен тапсырмалар орындай алады; ә) оқылғанды сәйкес өмір құбылыстарын талдау үшін қолдана алады.

*Білімнің санатталуы* – білімнің, ішкі байланыстардың мәнділігін түсіну, талдай, салыстыра, дәлелдей, жан-жанты аша, бағалай және түсіндіре білу. Оқушы: а) сабақтағы түсініктер мен айғақтар өзара қалай байланысқанын, не қандай нәрсеге бағытталғандығын, не қандай нәрседен шығатындығын көрсете алады; ә) оқылатын құбылыстардың ортақ ерекшеліктерін тауып, оларды салыстыра алады; б) құ-

былыстың, оқиганың және т.б. себептерін аша алады; в) жан-жақты түсіндіріп, түйін және қортынды жасай алады. Білімнің тереңдігі берілген білімнің басқалармен, оған ұқсас білімдермен саналы байланыстығымен сипатталды.

*Білімнің оперативтілігі оқушының ұқсас және вариативті жағдайларда білімді пайдалана алуға даярлығын қарстырады. Оқушы өз білімін қолдана алатын жағдайлар көп болса, білімнің оперативтілігі соғұрлым нақты көрінеді.*

*Білімнің жүйелілігі кейбір білімнің жиынтығын, иерархиясын және тізбектілігін саналы түрде мойындауын, яғни, бір білімді екінші біреулері үшін базалық білім ретінде мойындауын болжайды.*

*Білімнің беріктілігі – барлық көрсетілген сапалардың саны мен тұрақтылығы. Ол интегралды өндірістік сапа болып табылады.*

Білім сапасының әр алуан түрлерін отырып, мынадай анықтама беруге болады. *Білім сапасы – оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің нәтижесін сипаттайтын салыстырмалы тұрақты білім құрылымының біртұтас жиынтығы.*

Педагогика ғылымында білім сапасын мақсат пен бірлігі ретінде қарайды. Белгілі ғалымдар С.Е. Шишов пен В.А. Кальней білім сапасын тұлғаның кәсіби, азаматтық біліктіліктерін қалыптасуы мен мақсатқа жетуі арқылы түсіндіреді. Осы айтылған тұжырымдарды саралай келе, білім сапасын тек білім алуға қабілет пен білімнің қалыптасуы ғана емес жеке тұлғаның жалпы адамзаттық құндылықтарының, жеке бас қасиеттерінің және әлеуметтік қоғамға бейімделу қасиеттерінің жиынтығы деп алуға болады.

**12.2. Оқыту үдерісіндегі білімдерді бағалау және тексерудің қызметтері.** Білімдерді тексеру мен бағалау - оқыту үдерісінің құрамдас бөлігі. Бұл оқушылардың оқу әрекетіне жүйелі түрде сабақта, не үйде ауытша, жазбаша, графикалық және тәжірибелік жұмыстар арқылы бақылау жүргізу болып табылады. Тексеру мен бағалау арқылы оқушының әр деңгейдегі алған білім дәрежесі олардың дайындалу барысындағы жетістіктері мен кемшіліктері, мұғалімнің жұмыс деңгейі, тоқсандық және жылдық бағаларының қойылуы, оқушылардың аттестациялануы, келесі сыныпқа көшірілуі және де келесі деңгейдің білімін алуға қабілеті анықталады.

Білімді тексеру мен бағалау *бақылау, оқыту, білім беру, тәрбиелеу, түзету және хабарландыру, түзету және ақпараттық сияқты* қызметтерді атқарады. Мұғалім тек қана оқушының білімін бағалап қана қоймай, сонымен қатар әр оқушының жетістіктерін қорытындылап, оқу-тәрбиелік үдеріске түзетулер еңгізіп және ата-аналар мен өзгелерге оқушының жетістіктері мен кемшіліктерін хабарлап отыра алады.

*12.3. Білім сапасын бақылаудың теориялық негіздері және оқу жұмысының нәтижелілігін есепке алу. Бақылаудың түрлері. Оқу жұмыстарын бақылау әдістері мен нәтижелігін бағалау жүйесі.*

Оқытудың бағалау жүйесінің теориясы мен практикасының дамуы. Белгілі ғалым С. Қожаметовтың «Совет мектебінің негізгі дидактикалық принциптері» тақырыбындағы зерттеу жұмысында оқушылар білімінің саналы және жинақты болуының дидактикалық ұстанымдары, бастауыш мектепте оқушылар білімін тексеріп, бағалай білудің әдістемелік жолдары, сабақтан тыс мезгілдегі және сабақ үстіндегі оқушылардың кітаппен жұмыс істей білуі, сабақтан тыс уақытта оқушыларға эстетикалық тәрбие беру жолдары қарастырылған.

50-шы жылдардың басынан педагогика ғылымы мен педагогикалық практикада білімді тексерудің оқыту қызметіне мән беріле бастады. Б.П. Есипов «Дұрыс қойылған білімді есепке алудың бақылау үшін ғана емес, оқыту және тәрбиелеу үшін маңызы зор» деп жазды. Осы қағида кеңес педагогикасында бекіп, теориялық тұрғыдан М.А. Данилов, Б.П. Есипов, Н.Г. Дайри еңбектерінде негізделді.

30-50-шы жылдарындағы оқыту теориясын талдау барысында мынадай қорытындылар жасауға болады: педагогика ғылымы оқушыларды ғылым негіздерімен қаруландыруға нақты бағыт алды. Оқушыларды белсендіру және өзбетінше білім алу дағдыларын қалыптастыру, мұғалімнің сабақты басқаруына арналған мәселелер жанаша көзқарасты қажет етті. Мұғалімдердің педагогикалық озат тәжірибесін зерттеу қолға алынды. Оқыту мәселесі мен оқыту әдістеріне назар аударылды.

Дәстүрлі бақылау жүйесінің негізгі формасы, оқушының емес, мектеп ұжымының жетістігін айқындау және өзін-өзі бақылау болды. Тек тестік тапсырмалар кең таратылды, олар өзіндік тексеру формаларының ішіндегі ең жарамдысы болып есептелді. Бағасыз оқытудың басқа да кемшіліктері табыла бастады. Барлық жерлерде білімнің сапасының, оқытудың деңгейінің, тәртіптің төмендеуі байқалды. Оқушылар сыныпта, үйде күнделікті дайындалуды қойды. Сондықтан да көптеген халық ағарту ісінің бөлімдері әр түрлі бақылау формаларын енгізуге мәжбүр болды. 1932 жылы қайтадан әрбір оқушының білімдерін жүйелі есепке алу тәртібі қалпына келтірілді. Оның негізі дара әдіс арқылы жасалды, 1935 жылы баллдың сараланған 5 деңгейлік жүйесі ауызша бағамен ауыстырылды (өте жақсы, жақсы, қанағаттандырады, жаман, өте жаман), 1944 жылы цифрлы 5 баллдық жүйе орнатылды.

Кейінгі жылдары тәжірибенің көрсетуі бойынша, әрбір оқушының білімін есептеу, күнделікті есептеуі өзін ақтады, оқушылардың сабаққа деген дайындығы және тәртібі жоғарыланды. Дәстүрлі жүйедегі баллдар ретінде бағалар өзінің кемшіліктеріне карамастан, қазіргіге

дейін өзіне сай айырбасталатын жүйе талпаған. Сонымен қатар, оның әлі де көп қоры бар және де барлық мүмкіндігі қолданылмаған.

Отандық педагогтар ішінде бірінші болып С.Т. Шацкий бағаны шынайы ізгілік бастамалармен шешпекші болды. Бағаға, емтиханға қарсы шығып, ол баланың даралығын бағалау емес, оның жұмысының қалай орындалғанын, олардың оқу жұмысының орындалғаны туралы ата-ана алдында есеп беру, көрме жұмыстарын жүргізіп алға шығып есеп беру арқылы бағалау керек деген. Бірақ та кеңес мектептерінің қалыптасуы және білім мазмұнын өзгерту жағдайында бағаның жаңа жүйесін енгізу мүмкін болмады, себебі ол бүкіл оқу-тәрбие үдерісін қайта құруды талап еткен.

Қазіргі кездегі көптеген мұғалімдер бақылаудың сондай формаларын қолданады, кейбіреулері дәстүрлі баға жүйесінің жақсы жақтарын сақтап, олардың кемшіліктерін азайтты. Солай, атақты педагог В.Ф. Шаталов білімнің бақылауына "Білімнің ашық есебі парағын" енгізген. Білімді ашық есептейтін парақтардың басты мәні - сабақта, не сабақтан тыс уақытта алынған бағалар арнайы бланкіге жазылады да, хабарламаларға ілініп қояды. Оның ерекшелігі сынып журналына қойылған бағалар сыныпқа белгісіз болады, ал жаңа әдістің зор тәрбиелік мәнісі бар. Баға бүкіл сыныпқа ғана емес, мектепке де белгілі болады. Білімді ашық есептейтін парақтар әрбір оқушының «қызметі тізіміне» ұқсас болған. Сонымен қатар дәстүрлі әдіспен салыстырсақ, яғни төмен баға оқудың кейінгі кезеңдеріне ғана емес, тоқсандық баллдардың жоғары болуына кері әсер беруі мүмкін. Ал жаңа әдісте мұндай кемшіліктер жоқ. Әрбір оқушы қалған уақытында бағасын өзгертіп, өзінің қабілеттілігін көрсете алады.

В.Ф. Шаталов қарама-қайшылықты алып тастады немесе оларды азайтты. Оның әдісімен оқушының ынталы жұмысының жақсы болшағын сақтауға болады, формалды жүйеден құтылуда, білімді дұрыс бағалауға және жаман бағаның мінез-құлыққа және тәрбие нәтижесіне жағымсыз әсерін алдын ала ескертуге мүмкіндік пайда болады. Білімдегі дәстүрлі баға жүйесінің қорларын сақтай отырып, білімнің бағасын тек баллдардың (баға) көмегімен шешу мүмкін емес. Ол жаңа әдіс-амалдармен толықтырылуы мүмкін, басқа варианттар білімді үлкен сапалық деңгейде бағалауға жол ашады.

Бұл зор қызығушылықты Ш. Амонашвилидің эксперименталды дидактикасының зертханалық тәжірибесі көрсетті. Көптеген жылдар бойы кіші сыныптағы балаларға баға қойылмаған, оқушылар ата-аналарының жеке мұғалімдердің алдында өздерінің жетістіктерін өздерінің еңбектері, өздерінің көрмелері, суреттері, көшірмелері, өзіндік шешкен талсырмалары және мысалдары арқылы көрсете білген. Жарты жылдықта бастауыш сынып оқушыларына олардың сол кезеңдегі жетістіктері мен кемшіліктері жазылған мінездеме беріледі. Сонымен



қатар арнайы "ата-анаға пакеттер" дайындалады. Сол пакетте ата-аналарға балаларының жұмыстарының үлгі нәтижелері берілген.

Бақылаудың негізгі түрлері ауызша, жазбаша нысанда және олардың байланысы арқылы жүзеге асырылады. Бақылаудың формасын таңдау оқу пәнінің мазмұны мен ерекшелігіне, оқуға бөлінетін сағат санына, оқу кезеңіне, жоспарланған оқу нәтижесіне, білім алушылардың жас және жеке ерекшелігіне байланысты.

Бақылау жұмыстары білім беру ұйымының жетекшісі бекіткен кестеге сәйкес өткізілуі қажет. Бақылау жұмыстарын дүйсенбі, жұма және соңғы сабақтарда өткізу ұсынылмайды.

Бірізді фронтальды-тақырыптық тексерудің мақсаты - оқушыға оқытылатын білім, тақырып материалдарының логикасының дамуын терең игерту. Оқытудағы маңызды рөлді білімді тексеру мен бағалаудың ойландыратын түрлері - оқушылардың тапқырлығын анықтау, қойылған міндетті шығармашылықпен шешу атқарады.

*Ауызша тексеру* барысында оқушы жауабының сапасын нақты білу мүмкін емес. Сондықтан мұндай жауабының сапасын беруді бағалау оңайға тимейді. Мұғалім оқушының жауабына тез көңіл бөліп, керек болса сұрақ қойып, жауабын толықтыруды талап етіп, оқушымен ылғи да қарым-қатынас жасап отыруы тиіс. Мұның барлығын сабақ үстінде істеу өте қиын және де бұл ауызша сұрау кезінде білімді бағалаудың дәлдігіне әсер етеді.

*Жазбаша тексеру* ауызшаға қарағанда жеңілдірек болғанымен, өзінің қиындықтары да бар. Мұғалім оқушының жауабын тура бақылай алмайды. Осыған байланысты оқушының жауабын бағалау қиынға түседі. Жазбаша жауап өзіндік ережелермен реттелетін, бұл оның сапасына ықпал етеді. Оқушылардың бағалары мен білім деңгейінің айырмашылығы жоғарғы оқу орындарына түсу алдындағы емтихандарда байқалады. Осы кезде мектеп білімі мен оқуға түсудегі білім талаптары арасындағы айырма айқын көрінеді.

Мұғалімнің бағасымен оқушы келіскен жағдайда ғана ол жақсы тәрбиелік нәтижеге әкеледі. Шын мәнісінде, оқушылар өз білімдерін бағалауда мұғаліммен ылғи келісе бермейді.

### **ТЕСТТІК ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІК БАҚЫЛАУ**

*Тест* – оқытудың белгілі бір бөлігін меңгеру дәрежесін өлшеуге бағытталған тапсырмалар жиынтығы. Олар уақытты көп жоғалтпас үшін, көлемінің шағын болуы, оның әрі қысқа, әрі жинақы болуы, тапсырма мен жауаптағы дәлдік пен айқындықты қамтамасыз етуді т.б. талап етеді.

Тесттік бақылаудың ерекшелігі: тест – бағалау нәтижесін нақты көрсетеді; уақытты үнемді пайдалануға мүмкіндік туғызады; бақылау бір мезгілде барлық оқушыларды қамтуға қол жеткізеді; тест жұмысын атқару барысында барлық оқушылар бірдей тең жағдайда болады.

*Рейтинг-тестік* бақылау түрлеріне: күнделікті немесе ағымдық; аралық; қорытынды бақылау жатады.

*Рейтинг* – ағылшын тілінде («to rate») – «бағалау» немесе «жетістік өлшемі» деген ұғымды білдіреді. Рейтинг жүйесінің мақсаты: оқу-таным әрекетінің сапасын, нәтижесін арттыру; оқу-таным әрекетінің сапасын тексеру, бағалаудың тиімділігін жетілдіру және әділдігін орнықтыру; оқу-таным әрекетіндегі білім, іскерлік, дағды сапасын, дәрежесін бақылауда жүйелілікті қамтамасыз ету; оқу-таным әрекетіндегі студенттердің жауапкершілігін, белсенділігін арттыру; тексеруде уақытты үнемдеу.

Рейтингтік жүйенің ерекшелігі – оқытушының педагогикалық әрекеті мен студенттердің оқу әрекетінің сапасын жақсартуға мүмкіндік туғызады, оқу процесінің барлық кезеңдерінде олардың білім, іскерлік, дағдысының нәтижелерін тексеру, бақылау және бағалаудың тиімділігін арттырады.

*12.4. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемдерінің жүйесі. Оқушылар портфолиосы. Бағалау үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар. Бағалау үдерісіне оқушылардың қатысуы және өзара әрекеттестігі: бірін-бірі бағалау, өзін-өзі бағалау, бағалау пікірі. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемдері, жүйесі. Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі.* Білім беру мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалау жүйесіне көшу қарастырылған. 2017-2018 оқу жылында жаңа бағалау жүйесіне 1, 5, 7- сыныптар көшеді. 2-сыныптарда критериалды бағалау жүйесін енгізу жалғасатын болады, негізгі мақсаты сапалы бағалау мен тұлғаны дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қоршаған әлеммен тиімді өзара әрекет етуге, өздігінен білім алуға және дамуға дайын, алдына ала белгілі және нақты критерийлер бойынша объективті бағалау болып табылады.

Жаңа бағалау жүйесі білім алушыда өз әрекетін бақылау мен бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін анықтау мен қалпына келтіру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту процесі білім алушылардың бойында функционалды сауаттылықты және кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл оқыту процесінде оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан ашақтал, білім берудің 6 деңгейі бойынша айқындалып күтілетін нәтижелерге негізделеді және білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды», яғни іс-әрекеттік аспектіні болжайтынын ескеру маңызды.

Оқыту мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылып отыр. Әрбір бөлімшелерге дәйекті түрде енгізілген оқыту мақсаттары, мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқыту мақсаттарымен жоспарланған, қол жеткізген нәтижелері дәрежесіне сай алдын ала белгіленген нақты критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, білім алушының жеке тұлғасы емес, оның жұмысы ғана бағаланады; білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, оларға алдын ала белгілі (өте жақсы орындалған жұмыс түрінде) эталонмен салыстырылады. Не нәрсеге үйретеді, соны ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийі – оқу мақсаттарының нақты көрсетілуі.

Мұғалімге критериалды бағалауды оқу процесін барынша тиімді ұйымдастыруға болатындай түрде пайдалану, білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету және олардың оқудағы алға жылжуын қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға оқу нәтижелері туралы ақпаратты беріп отыру ұсынылады. Мұндай бағалау жүйесі алдымен білім алушыларды табысты оқуға ынталандыруға, білімдегі оққылықтарын анықтауға және олардың өсуін көрнекі түрде көрсетіп отыруға бағытталған.

Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау-мен ішкі жиынтық бағалаудан тұрады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін педагогтер мен ата-аналар әртүрлі қабылдады. Сол себепті, жыл бойы сұрақтар туындалды.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі:

- оқыту мен бағалаудың біртұтастығына негізделеді;
- білім алушылардың ілгерілеушілігі мен үлгерімін қамтамасыз етуде біртұтас тәсілді қалыптастыруға бағытталды;
- оқу бағдарламаларына сәйкес дағдыларды дамыту және білім алуға дәлелдемелер жинақтау мен оқыту мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- әрбір сынып үшін пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізінде бағалау түрлері мен әдіс-тәсілдерінің алуан түрлерін қамтиды.

Критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу мен бағалаудың өзара байланысына негізделгенін есте сақтау маңызды. Критериалды бағалаудың нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру үшін пайдаланылады.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдыларының даму дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Әрбір сабақ оқыту мақсаттары мен оларға жету критерийлерін айту/көрсетуден басталуы керек. Білім алушы қойылған оқу мақсатын түсінуі, ұғынуы және оған қалай қол жеткізуге болатынын білуі тиіс.

Критериалды бағалау білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқытудың ізгілікті, достық ортасын құру, оқу

процесінде білім алушыларды қолдау, білім алушылардың оқуға деген ынтасын одан әрі нығайту, зерттеу, шығармашылық іс-әрекеттерге қатысу үшін пайдаланылады.

Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінде білім алушылардың білімді меңгеруі мен дағдылары қалыптасуы деңгейін анықтау үшін қызмет атқарады, білім беру процесін түзетуге мүмкіндік береді, мұғаліммен кері байланысты жүзге асыру үшін жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалауды өткізер алдында білім алушыларды оқыту мақсаттары және бағалау критерийлерімен таныстыру маңызды. Тапсырманы орындау кезінде неге назар аудару қажет екенін білім алушыларға түсінікті болу үшін бағалау критерийлерінің мағынасын түсіндіру қажет.

Оқыту үдерісінде білім алушының қойылған оқыту мақсаттарын түсінгендігін растау ретінде басқа да оқу міндеттері қойылып және тиімді сыныптық пікірталас қалыптасқаны маңызды. Мұғалімнің тұрақты түрде кері байланыс жасауы білім алушыларды алға қарай жылжыта, жақсы нәтижеге жетуге ынталандыратын болады.

Ойлау дағдыларын деңгейін дәл бағалай білу критериялды бағалаудың маңызды аспектісі болып табылады. Кестеде оқу бағдарламасына енгізілген ойлау дағдыларының деңгейлері және қалыптастырушы және жиынтық бағалау барысында қарастырылған даму немесе қалыптасу дәрежесі берілген.

*4-кесте – Блум таксономиясы бойынша ойлау әрекетінің деңгейлері*

Дағды	Сипаттамасы
Білім	Нақты фактілерді, ақпараттарды және олардың сипаттамасын білу және көрсету
Түсіну	Ақпаратты дұрыс көрсету, болжау немесе түсіндіру арқылы ұғынуды көрсету
Қолдану	Ақпаратты және бұрын алынған білімдерді жаңа немесе таныс емес мән мәтінде немесе жағдаятта қолдану
Талдау	Ақпараттық материалдарды құрылымдық бөліктерге бөлу қабілетін көрсету, дәлелін немесе себебін анықтау арқылы түрлі қорытынды алу үшін ақпаратты зерделеу, жалпы ережелерді негіздеу үшін ой қорытындысын және/немесе дәлелдер табу
Синтез	Бұрын алынған білімдердің түрлі бөліктерін жаңа мән мәтінде қайта қарау қабілетін көрсету
Бағалау	Белгіленген критерийлер бойынша идеялардың немесе фактілердің маңыздылығы туралы пікір қалыптастыру

Білім алушылардың дайындық деңгейі әрбір білім беру саласы бойынша жобаланған оқытудың күтілетін нәтижелері арқылы анықталады.

Төмендегі кестеде ойлау дағдыларының барлық деңгейлері бойынша күтілетін нәтижелерді анықтауға арналған етістіктерді қолдану үлгілері берілген (5-кесте).

*5-кесте – Білім бойынша ойлау дағдылары деңгейінің таксономиясы  
Білім таксономиясы бойынша ойлау әрекетінің деңгейлері*

№	Ойлау дағдыларының деңгейі	Ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес келетін етістіктердің тізбесі
1	Білім	Атап өту, есте сақтау, атау, көрсету, аяқтау, қайталау, елестету, әңгімелеу, еске түсіру және т.б.
2	Түсіну	Талқылау, анықтау, әңгімелеу, сұрау, түсіндіру, тұжырымдау, түрлендіру, көрсету және т.б.
3	Қолдану	Қолдану, есептеу, өзгерту, таңдау, жіктеу, аяқтау, көрсету, табу, сахналау, қатыстыру, зерттеу, эксперимент өткізу, суреттермен суреттеу, түсіндіру, жаттықтыру, ара қатынасын белгілеу, жоспарлау, көрсету, нобай жасау, шығару, пайдалану және т.б.
4	Талдау	Талдау, топтастыру, есептеу, санаттау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, қарама-қарсы қою, талқылау, саралау, ажырату, бөлу, зерттеу, эксперимент жасау, түсіндіру, қорытынды шығару, реттеу, күдіктену, ара қатынасын белгілеу, таңдау, бау, тексеру және т.б.
5	Синтез	Топтастыру, жинау, араластыру, құрастыру, жасау, әзірлеу, тұжырымдау, жинақтау, біріктіру, ояластыру, түрлендіру, ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, ұсыну, қайта топтастыру, көшіру, белгілеу, алмастыру, қайта анықтау және т.б.
6	Бағалау	Дәлелдеу, таңдау, салыстыру, қорытынды жасау, сендіру, дәлел келтіру, шығару, негіздеу, түсіндіру, өлшеу, болжау, ұсыну, белгілеу, жинақтау, қолдану, тексеру, бағалау, кеңес беру, эксперименттеу, рецензиялау, зерттеу, шығару

Мұғалім білім алушылармен бірлесе отырып оқу мақсатына жетудің табыс критерийлерін талқылай алады және қажет болған жағдайда оларды толықтырады.

Қалыптастырушы бағалау барысында мұғалім белгілі дағдыларды бағалаудың тиімді тәсілі ретінде топтық жұмыстарды қолдана алады.

Топтық жұмыс барысында мұғалім әрбір топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды және бақылайды: кейбір білім алушылар бағалау критерийлеріне сәйкес оқу мақсатына жеткендігін жылдам көрсете алады.

Қалыптастырушы бағалау барысында мұғалім бағалаудың жеке-леген тәсілін қолдануы тиіс. Егер мұғалім кейбір білім алушыларға қандайда бір дағдыны дамыту үшін көп уақыт қажеттігін байқаса, онда оқудың бұл мақсатын бағалау туралы шешім қабылдауы және білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлеу барысында түзетулер енгізуі тиіс.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптарды оқуды аяқтағаннан кейін және тоқсан соңында білім алушылардың ілгерілеуі туралы ақпаратты балл және баға қоя отырып, мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға (білім алушыларды жетістіктерін бағалау 3-тоқсанда басталатын 1-сыныптан басқаларында) жеткізу мақсатында өткізіледі. Белгілеу процесінде білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес білімдері мен дағдыларын көрсететін дәлелдер жинау жүзеге асырылады.

Жиынтық бағалау бойынша жұмыстарды орындау барлық білім алушылар үшін міндетті.

Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалім өз бетінше дайындайды немесе «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ әзірлеген Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдамаларда ұсынылған тапсырмаларды пайдаланады. Мұғалім жиынтық жұмыстардың бірнеше нұсқаларын пайдалана алады.

Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша өткізіледі. Тыңдалым мен айтылымды бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған апта ішінде сабақ барысында жүргізіледі.

Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін мұғалімдер модерация процесін өткізеді. Жиынтық бағалауды өткізу мен модерацияны өткізудің арасындағы уақыт 3 жұмыс күнінен артық болмауы тиіс.

Модерация нәтиже мен білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Модерация бойынша өткізілетін отырыста мұғалімдер балл қою кестесіне сәйкес жиынтық жұмыстарды талқылайды, қажет болған жағдайда балл қою кестесіне ұжымдық түрде өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді. Модерация аяқталған соң хаттама толтырылады.

Модерация қорытындысы бойынша балдарын өзгертуге жағатын білім алушылардың жиынтық жұмыстары қайта тексеріледі. Мо-

дерация қорытындысы бойынша жиынтық жұмысқа қойылған балл жоғары балға, сондай-ақ, төмен балға да өзгертілуі мүмкін.

Тоқсандық және жылдық бағаларды қайта қарауға рұқсат етілмейді.

Білім алушыларды денсаулығына байланысты дене шынықтыру сабағынан босату олардың келесі сыныпқа көшірілуіне әсер етпейді.

Электронды журналдың формасы кесте түрінде берілген, бұл кестеге білім алушылардың тоқсан барысындағы жетістіктері енгізіледі (бөлімдер бойынша және тоқсандық жиынтық бағалауының балдары), сонымен қатар балдарды бағаға ауыстыруды қарастыратын шкалага сәйкес автоматты түрде бағаны санау жүзеге асырылады (тек тоқсан және оқу жылының қорытындысы бойынша).

**Оқушылар портфолиосы.**

*Оқыту нәтижелерін тексеру және бағалау үдерісі.* Оқыту нәтижелерін тексеру және бағалау - оқытудың осы немесе басқа кезеңдегі оқушылардың оқу әрекетінің нәтижелерін оқу бағдарламаларындағы талаптармен, оқыту мақсаттарымен, мемлекеттік білім стандарттарымен салыстыра отырып анықтау. Ол баға түрінде (балл бойынша) немесе мұғалімнің ауызша баға беруімен көрсетіледі.

Тексерудің әр түрлісін қолдану сыныптың пәнге деген қызығушылығын оятып, уақытты және оқушы мен мұғалім күшін үнемдейді.

Тексеру мен бағалаудың соңғы кезеңі - баға қою. Сандық бағалар балл түрінде, сапалық – мұғалімнің бағалау тұжырымдары мен қорытындыларынан тұрады.

Бағалаудың басқа бір түрі - оқушылардың білімінің толықтығы мен тереңдігі, көлемі мен деңгейін салыстыруға болады.

Тәжірибеде мұғалім ылғи тоқсандық, жылдық және аттестациялық орта баға шығарады. Бірақ, ақырғы бағалар шешуші болып табылады, тақырыпты меңгерудің жоғарғы деңгейін көрсетеді. Жыл аяғында оқушы жақсы дайындала бастауы мүмкін, мысалы тақырыпты толық меңгеруі мүмкін; ал орташа баға бұл тенденцияны көрсетпеуі ықтимал.

Шешуші бағаны шығару үшін кешенді бағаны қолданған жөн. Шешуші баға әділ болып, оқушылардың жыл аяғында жақсы оқуға талпынысы оянады. Бірінші тоқсанда алынған төмен баға жыл аяғында жоғары баға алуға кедергі болмайды.

*12.5. Оқыту нәтижелерін тексеру мен бағалау формалары мен әдістері.* Талсырма көлемі, тексеруге арналған уақыт және оқушылар санына байланысты оқу үдерісінде тексеру мен бағалау былайша бөлінеді: ағымдық бақылау, яғни тексеру күнделікті сабақ үстінде жүргізіледі; кезеңдік бақылау, тақырыпты өткеннен кейін өткізілетін бақылау; қорытынды - тоқсан аяғында немесе жыл соңында өткізіледі. Соңғы кезде, әсіресе кезінен тарап келе жатқан, оқушылардың білімін

тексеру үшін тұрақты бақылау - мониторинг деп аталады. Бастауыш мектепте ағымдық бақылаудың маңызы зор, себебі оқушылардың жұмысын, оқуға деген ынтасын, жетілуін және т.б. бақылау үшін қолайлы.

Тұтастық тексеру көлемі шағын тақырыпты тексеруде қолданылады және жауап беруші міндетті түрде тақырыпты меңгеруі тиіс. Тексеру және бағалау қайталаумен, бекітумен ұжымда оқытудың тиімділігін арттырады.

Тұтастық тексерудің ерекше түрі кешенді тексеру – оқушылардың сабақтағы әр түрлі жұмыстарының нәтижелерін бағалауға негізделген: мұғалімнің сұрағына жауап, басқа оқушылардың жауаптарын толықтыру, жазбаша, графикалық және тәжірибелік тапсырмаларды орындау.

Оқушының оқу әрекетін бақылауды оқушы өзі де (өзін-өзі тексеру), мұғалім де жүргізе алады және техникалық құралдар көмегі арқылы, соның ішінде компьютер арқылы да оқу әрекеті тексеріледі. Бақылау түрі мен тәсілдерін таңдау оқытудың мақсатына тәуелді, оқушылардың жас және жеке басының ерекшеліктері, оқыту жүріп жатқан жағдайларға байланысты.

Ауызша тексеру - ең қолайлы бақылау әдісі - оқытудың барлық деңгейлерінде қолданылады және оқушылармен қарым-қатынас ұстауға жеңіл, олардың ойлары мен іс-әрекеттерін бақылауға, жауаптарын түзетуге көмектеседі.

Жазбаша тексеру - оқушылардың дайындықтарын анықтауға мүмкіндік береді, жұмыс істеудің сипатымен жекеше ерекшеленеді, бірақ жұмыстарды тексеруге көп уақыт қажет етеді. Бұл тексерудің негізгі түріне сабақта жүргізілетін диктант, мазмұндама, шығарма, сұрақтарға жазбаша жауап беру және жазбаша бақылау жұмыстары жатады.

Оқыту нәтижелерін тексерудің ықтимал әдісі. Ықтимал тексеру әдісін орындау үшін: тексеру мақсатын, тапсырма тізімін құрып, бүкіл білімді меңгеру сұрақтарына жауапты, әр сұрақ немесе сұрақтар жүйесіне дұрыс жауаптарды анықтау, сұрақтардың диагностикалық салмағын анықтау, білім жүйесін диагностикалық сұрақтар арқылы анықтау керек.

Білім тексерудегі сұрақтардың бірізділігінің анықталуы қажет. Портфолио – білім алушының жыл (немесе тоқсан, семестр) бойы жасаған жұмыстары және жетістіктерінің айғағы мен дәлелі. Портфолио білім алушының даму прогресі мен жетістіктерін көрсетіп, бұл үдерісті жан-жақты талдау мүмкіншілігін береді: білім алушылар өз оқуын бұрынғыдан да сәтті түрде ұйымдастырып, мақсаттарын тереңірек түсініп, жұмыстарына өзгерістер енгізіп, оқудағы өз жетістіктерін көреді. Портфолиода білім алушы өзінің жыл (тоқсан, се-



мeстр) бойы атқарған жазба жұмыс үлгілерін сақтап, оқу мерзімі аяғында үйренгені туралы есеп берген кезде портфолионы дәлел ретінде қолдана алады.

*Портфолио* - білім алушының оқу үдерісіне қалайша қатыстындығын көрсететін жұмыстарының жиынтығы ретінде оқудың тиімділігі деңгейін айғақтайды, оқу үдерісінің білім алушылар үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, олармен *кері байланыс* құру тәсілі болып табылады. Бұған қоса портфолио білім алушылардың бірлесе жұмыс жасап, ұстаздармен әрекеттесуге септігін тигізеді, өйткені ол шәкірттердің жетістіктері мен дамуының динамикасын талдау жұмысына білім алушылардың өздері мен ұстаздың қатысуын талап етеді.

Қазіргі таңда портфолио студенттің мақсатты топтамасы ретінде қарастырылады. Портфолиода студенттің табыстары мен жетістіктері баяндалады. Топтама студенттің өзінің өлшемдерімен таңдалады. Осы кезде студенттің баға жетістіктерінің өлшемдері, өзіндік жұмыстары қарастырылады. Осылайша, студенттің үздік жобалары мен бастамалары, сонымен қатар пәндерді меңгеру деңгейі сипатталады. Тұтас алғанда, портфолионың шығуы бағалау-бақылау әрекетін ұйымдастыру барысындағы инновациялық топтамадан шыққан болатын. Сондай-ақ, портфолио қазіргі замандағы үдерістердегі білім икемділігін, оқушының өзінің жетістіктерін түсіну үшін, *білім жетістіктерінің мониторингін жасау үшін пайдалы*.

#### *12.6. Бағалау үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар.*

Оқыту нәтижелерін тексеру және бағалау - оқытудың осы немесе басқа кезеңдегі оқушылардың оқу әрекетінің нәтижелерін оқу бағдарламасындағы талаптармен, оқыту мақсаттарымен, мемлекеттік білім стандарттарымен салыстыра отырып анықтау. Ол баға түрінде (балл бойынша) немесе мұғалімнің ауызша баға беруімен көрсетіледі. Тексеру мен бағалау - білім берудің мақсатынан тұрады, білім алудың әр кезеңіндегі нәтижелерінен; бақылау жұмыстарын таңдаудан, мысалдар мен тексерудің нәтижелерін көрсете білуден тұрады. Тексеру мен бағалау бөлімдері өте тығыз байланысты және бірлікте қаралуы керек.

Ұлттық бірінғай тестілеу – ҚР білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу әрекетінің нәтижесін тексеру және бақылау. Білім алушылардың түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасуын және оқу жетістігін бақылау мен бағалаудың түрлерін, формаларын жанарту мәселелері іске асып жатыр.

Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің негізгі міндеттері:

- барлық деңгейдегі білім беру сапасын институционалды бағалауды іске асыру;

- білім берудің барлық деңгейдегі білім алушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалауды іске асыру;

- мұғалімдер мен оқытушылардың қызметтерін бағалау, оқыту мен сабақ беру процесін жетілдіру;

- білім беру ұйымдарының білім беру қызметінің сапасына жүйелі және салыстырмалы талдау жасау, білім жүйесінің тұрақты дамуын қолдау;

- құқығын қамтамасыз ету үшін қажетті білім жүйесінің жағдай туралы объективтік ақпарат алу;

- ашықтыққа жол жеткізу үшін қоғамға ақпарат беру;

- білім берудің үздіксіз жүйесінің сатыларының арасында бағалау нәтижелерінің ұштастығын қамтамасыз ету;

- ұлттық мемлекеттік жалпы міндетті стандарттармен салыстыру үшін халықаралық зерттеу шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктеріне салыстырмалы мониторинг жүргізу.

Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі объектілері:

- меншік түріне және ведомствалық бағыныштылығына қарамастан білім ұйымдарының қызметі;

- білім беру ұйымдары жүргізетін тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу және ұйымды басқару үдерістері ;

- білім алушылардың оқыту үдерісі кезінде жеткен оқу жетістіктерінің нәтижесі;

- тұлғаның жеткен даму деңгейі.

Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі негізгі принциптері объективтілік, жариялық, ашықтық, әділдік, периодтылық, сабақтастық, есептілік, үздіксіз даму болып табылады.

Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі негізгі рәсімдері білім беру қызметін лицензиялау, Бірінғай ұлттық тестілеу, мамандарды даярлау сапасын арттыру, оқушылардың аралық қорытынды емтиханы, мемлекеттік аттестаттау, мемлекеттік аккредитациялау, білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау және білім беру ұйымдарының рейтингі болып табылады.

Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі аттестаттау, аккредитациялау, бірінғай ұлттық тестілеу, оқушылардың аралық қорытынды емтиханы рәсімдері арқылы бағалау;

- білім алушылардың оқу жетістіктерін және олардың тұлғалық сапаларының даму деңгейлерін;

- сыныптың, топтың, пән секциясының, бөлімнің, факультеттің, жеке мамандықтың, білім беру ұйымдарының, ауданның, қаланың, өлкенің және жалпы білім жүйесінің оқу жетістіктерін;

- білім беру ұйымдарының қызметін сыртқы бақылау арқылы білім сапасына тікелей мониторингтік зерттеу арқылы іске асырылады.

- Білім сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі көлемінде білім берудің барлық деңгейлердің сапасына бағалау мен мониторинг енгізілді іске асырылады. оларды жүйелі жетілдіріледі және халықаралық

практикаға сәйкестендіреді, сонымен қатар өлкелік және мемлекеттік деңгейлерде білім беру ұйымдарының рейтингі анықталады.

- «Қазақстан Республикасындағы білім беруді 2011-2020 жылдарға дейінгі дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында» білім берудің жаңа нәтижелері ретінде білім алушылардың *құзыреттіктерін қалыптастыру* деп белгіленіп отыр. Сондай-ақ құзыреттілікке бағытталған Жалпы орта білім беру стандартында орта білім беру мақсаты – «білім алушылардың түйінді және пәндік құзыреттерін қалыптастыру арқылы олардың танымдық қабілеттерін, алған білімдерін оқу және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен пайдалана алуын, өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруын қамтамасыз ету» , -деп сипатталған. Онда әр білім саласы бойынша *түйінді және пәндік құзыреттерді* жіріктіру арқылы күтілетін нәтижелерді анықтау қажеттігі» және «түйінді құзыреттер әр білім саласының алатын орнына сәйкес пәнаралық сипаттағы қабілеттер ретінде алдымен оқу пәндері арқылы қалыптасып, дамытыны»,- атап өтіліп, түйінді құзыреттерге: *ақпараттық, коммуникативтік, проблемалардың шешімін табу құзыреттері* жатады делінген.

*12.7. Тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.* Жобалау арқылы қарым-қатынас белсенділігін арттыруға болатыны сөзсіз. Бірақ жобалаудың мәнін тек қана коммуникативтік қатынастардан құралады деп есептеу оның шеңберін тарылтып, оны оқушылардың әңгімелесе білу диалогын ұйымдастыру немесе жазбаша қарым-қатынасын дамытумен шектейтін болады. Дәстүрлі оқытуда оқушылардың өз ойларын еркін білдіруге жағдай туғызылуы төмен деңгейде, олардың беретін жауаптары мен күтілетін жауаптарының мазмұны әдетте белгілі болып келеді. Оқушы сол өзінен күтілетін жауапқа ғана даярланады. Оның бір жағынан тиімділігі – оқушының сөйлеу әректің құру жүйеленеді, белгілі бір нормаға жауап береді және оны бақылауға және бағалауға болатыны – болса, екінші жағынан, кемшілігі оқушыға өз ойларын жеткізу мүмкіндігі шектеулі, еркін ойлау мен пікір білдіруге жағдай туғызылмайды.

Жасөспірімдердің бір-бірімен қарым-қатынасы осы жаста өзгере бастайды, олар үшін қарапайым қатынас жеткіліксіз, өйткені коммуникация арқылы оларда өздерін көрсетуге, дәлелдеуге қажеттік пайда болады. Оқушылар білім берудің әрбір кезеңінде өз бетімен ауызша және жазбаша өз ойын білдіре білу дағдыларын меңгеруі қажет және әрбір білім беру ұйымы оны міндетіне алуы тиіс. Бұл – *коммуникативтік құзіреттілік* деп аталады.

**Өзін өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Оқыту саласын диагностикалау дегенімізге талдау жасаңыз.
2. Бақылаудың түрлері, оқу жұмыстарын бақылау әдістері мен нәтижелігін бағалау жүйесін ашып көрсетіңіз.

3. Тесттік және рейтингтік бақылау, тесттердің тиістеріне тоқталыңыз.
4. Бағалау үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар.
5. Бағалау үдерісіне оқушылардың қатысуы және өзара әрекеттестігі: бірін-бірі бағалау, өзін-өзі бағалау, бағалау пікірі.

### **13 тақырып. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕГІ ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУ**

**13.1 Белсенді танымдық іс-әрекет ұғымы.** Білімді меңгеру ұзақ уақытты керек ететін күрделі үдеріс. Таным үдерісі туралы теориялық түсініктемені таным теориясы береді, онда бейнелеу теориясының алатын орны ерекше. Бұл теорияға сай объективті дүниені тану үдерісі адамның сана-сезіміндегі шындық құбылыстар бейнесінің ерекше үрдісі болып табылады.

*Таным* дегеніміз сыртқы құбылыстардың адам санасында бейнеленуі. Танымның мақсаты – жеке тұлғаның санасындағы объективтік шындықтың бейнеленуі. *Танымдық белсенділік* - оқушының іс-әрекетіндегі, оқу-тәрбие үдерістерінде тұлғаның іс-әрекетінің сапасы.

Г.И.Шукинаның анықтауынша *оқушының танымдық іс-әрекетін белсендендіру* – оқу мен оқытудың қалыптасып калған түрлеріне деген инерцияны жеңуге, мұғалім мен оқушының тиімді бірлескен танымдық іс-әрекеттеріне бағытталған үдеріс.

Танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Оқу, білім алу – адам жеке басының танымдық қызметінің ерекше түрі. Оқи жүріп, білім негіздерін меңгере отырып, олар өздерін қоршаған дүниені таниды.

Мектептің міндеті – оқушыларға құндылықтар жүйесін дарытудың үдерісі кезінде танымдық іскерлікті оқушының талабына сай қалыптастырып, олардың мектеп қабырғасында ғылыми танымның әдістемелері туралы мағлұмат алуларына жағдай жасап, осы бағытта оқу-тәрбие үрдістерін ұйымдастыру. Егер оқушылар жеке тұлғаның құндылық бағдарының мәнін маңыздылығын ұғынса, білсе, жеке тұлғаның құндылық бағдар үдерісінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, компоненттерінің маңыздылығын, жеке тұлғаның құндылық бағдарын меңгеруге қажетті іс-әрекеттердің маңыздылығын түсініп, соны меңгеруге қажетті білім негіздерін игерсе, онда танымдық іс-әрекеттің тиімділігінің артқаны.

Бұл оқушыларға өздерінің болашағы туралы, болашақ мамандығы туралы, бастапқы мағлұматтар алып, өз мүмкіндігін пайдалана білуіне, білімнің пайдасы мен маңызын саналы түрде ұғынып, түсінуіне көмектеседі. Білімді меңгерудің басты көрсеткіштері оқушылардың алған білімдерін жалаң түрде қайталап айтып берулерімен анықталмайды, сол алған мазмұнына орай өз пікірлерін ортаға салып,

ойларын ашық білдіруді, жалпы өзінің көзқарасын анық батыл түрде білдіріп, өз бағасын беруі болып табылады.

Мектеп іс-тәжірибесінде білімді формальды түрде, яғни нем-құрайлы меңгеру жиі кездеседі. Оқушы ғылыми фактіні біле тұра, оны саналы түрде түсініп, ұғынбайды, ғылым оқушы үшін бұл жағдайда жеке тұлғалық мәнге ие болмайды, жай құбылыс ретінде қалып қояды. Білім мен оны саналы түрде сезінудің арасындағы мұндай алшақтық білімнің маңыздылығын, яғни құнын түсіреді, білімнің маңыздылығы оның абстрактілі күйде болуының салдарының пайда болады. Оқушы білімді жай, уақытша қажеттілік деп санаса, онда білімнің маңыздылығы төмендейді. Ал егер де оқу әрекетін басқа іс-әрекеттермен (шығармашылық, болжамдық, танымдық қырым-қатынас, бағалау) байланыстырса, онда «білсем», «маған керек», «маған қажет» сияқты мотивтерге ұласатыны сөзсіз.

*13.2. Оқушылардың оқу мотивтері. Оқушыларда танымдық қызығушылық пен ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін қалыптастыру.*

Ғылым мен техниканың өсуіне қарай адам дамуының жетілуіне қажетті жаңа таным құралдары жасалуда, адамның әлі де танылмаған заттар мен құбылыстар дүниесін меңгеруін жеңілдететін зерттеудің барынша жетілген әдістері жасалуда.

Таным қызметінің мотивтеріндегі айырмашылық ғылыми және оқушы танымдарының салыстырмалылығына барынша елеулі ықпал жасайды. Ғылыми танымның міндеттері өмірден алынып, қоғам дамуының талаптарының туындайтыны белгілі. Мектеп оқушыларының таным мотивтері серпіңді болуға тиіс. Білім шәкірттік танымға айналу үшін оқушының оқуға, білім алуға деген құштарлығы болуы керек.

Оқушылардың құндылық бағдарының қалыптасуының жоғарғы деңгейден көрінуі олардың құндылық бағдарды қалыптастыруға, құндылық бағдарды анықтайтын білімдерді саналы түрде меңгеріп, ұғынуына байланысты. Сайып келгенде, мұндағы ең басты нәрсе білім болып табылады.

*Құндылықтар жүйесінің танымдық саласының мәні.* Жеке тұлғаның құндылық бағдарының танымдық саласы жеке тұлғаның қоғамдық болмыс, еңбек пен мәдениет құндылықтары туралы білімдерді саналы түрде ұғынып, меңгеруімен анықталады. Ал бұл үдеріс адамның санасы, зейінімен анықталады. Ал бұл үдеріс адамның санасына, зейініне тікелей байланысты.

Сол сияқты айта кетерлік жайт, жеке тұлғаның құндылық іс-әрекет саласы жеке тұлғаның құндылық бағдарын, үдерісін, педагогикалық диагностикасын және жеке тұлғаның құндылық бағдар үдерісінің ғылыми-әдістемелік жүйесін қалыптастыруға қажетті іскерлік пен дағдылардың оқушылардың бойынан көрініс табуымен анықталады.

Ал жеке тұлға дамуының мотивация саласы жеке тұлғаның құндылық бағдарын, жеке тұлғаның құндылық бағдар үдерісін, жеке тұлғаның құндылық бағдарының педагогикалық диагностикасын және жеке тұлғаның құндылық бағдар үдерісінің ғылыми-әдістемелік жүйесін меңгеруге қалыптастыруға деген ынта-ықылас пен қызығушылықтың пайда болуымен анықталады.

Адам психикасының айрықша ерекшелігі адам санасымен тікелей байланысты. Сана адамға тән нәрсе. Сана деп еңбек арқылы пайда болып, адамның жаратылысқа және басқа адамдарға мақсатты түрде қалыптасуында орын алатын психикалық әрекетті айтады. Адам сана айналасындағы дүниеден ажырата біліп, сол дүниеге және өзінен басқа адамдарға қарым-қатынасын анықтап, өзінің кім екенін саналы түрде ажырата білуі керек. Сана әлеуметтік тұрмыстың, тарихи қоғам дамуының жемісі.

Адам белгілі нақты қоғамдық жағдайларда өмір сүріп, тіршілік еткендіктен, оның санасы қоғам тұрмысының ықпалында болып, сол тұрмысты сәулендіріп отырады.

Қоғамдық тәжірибенің өзгеруімен бірге адамның санасы да өзгеріп отырады. Сананы меңгеруші және оның иесі – жеке адам, жеке тұлға.

Оқу жұмысы мен белгілі бір білімдер жүйесін меңгеруде сана мен зейіннің маңызы өте зор. Оқушылар әрекетінің басты, жетекші түрі – оқудағы еңбек. Мұның өзі көп уақытты алып, зор ақыл-оймен ерік-жігерді талап етеді.

Оқу еңбегі, негізінен, интеллектуалды еңбек, ол оқу қызметіне қажетгі рухани және моральдық қасиеттерді, мінез-құлықтың әдеттері мен дағдыларын қалыптастыруға елеулі әсер етеді. Оқу арқылы қоғам оқушыларға өзінің ғасырлар бойы жинақтаған асыл мұрасын, дағды, тәжірибесін береді. Сонымен бірге жеткіншек білім жүйелерін меңгереді, сөйтіп, өзін практикалық іс-әрекетке дайындайды. Білім жүйесін меңгеру арқылы адам ой және дене еңбегінің тетіктерін жақсы түсінеді, оларды жан-жақты біле түсуге мүмкіндік алады.

Оқушылар ғылыми танымның әдістерін игеріп, зерттеу іс-әрекетінің тәжірибесін қалыптастырады. Оқыту әдістерінің әртүрлілерін қолданғанда, мұғалім мен оқушының әрекеті - танымдық әрекеттің деңгейлері бойынша жіктеп жалпы түрде көрсетуге болады. Ғылыми танымның нәтижелері түсініктерді қалыптастырумен аяқталады.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мәселесі В.Н. Максимова, А.С.Роботова, Г.И.Щукинаның дидактикалық зерттеулерінде қарастырылған. Г.И.Щукина танымдық қызығушылық мәселесін тұтастық тұғырымен талдай келе, «танымдық қызығушылық – тұлғаның таңдаулы бағыттылығы, тіршілігіне, белгілі әлеуметтік

жағдайларда қалыптасқан тұлғаның маңызды білімді меңгеруі», - деп анықтаған. Ғалым сабақты, танымдық қызығушылықты оқушының тұрақты танымна айналдыратын сабақтан тыс уақыттың орнын ерекше бағалап, оған мән береді.

1960-жылдардың ортасынан бастап дидактиканың даму барысына жасалған талдау педагогика ғылымының бұл саласында едәуір алға жылжушылық үдерісін байқатты. Бұл ең алдымен оқу-тәрбие үдерісін зерделеуге тұтастық тұғырын қолданудан, оның қозғаушы күштерін анықтауымен, оқушыларды оқыту мен үйретудің заңдылықтарын ашуға ұмтылудан көрінеді.

Осы негізде оқушылардың *танымдық әрекетін белсендіру* мәселелеріне көңіл аудару күшейе түсті және бұл үдерістің мазмұнын ашып көрсетуде белгілі бір жетістіктерге қол жетті. Педагогикалық құбылыстарды терең ойластыру үшін психологиялық зерттеулер нәтижелері кеңінен тартылды, негізгі дидактикалық ұғымдар педагогикалық тұрғыдан терең зерделене бастады.

1960-70-жж. оқытуды тұтастық тұғырынан қарастыра отырып, оқушылардың танымдық белсенділігін және шығармашылық ойлауын қалыптастыру ерекше бөлініп көрсетілді. Бұл мәселелерді ашып көрсету тек танымдық маңызға ие емес. Олар қазіргі дидактиканың теориялық және қолданбалы мәселелерін зерттеуде де аса маңді. Сондай-ақ жалпы білім беретін мектепте оқу үдерісін жетілдіруге септігін тигізді. Оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыру мәселесін О.А. Нильсон зерттеді. Танымдық әрекетті ұйымдастыруға қолайлы жәйттерді іздестіру проблемалық оқытудың терең зерттелуіне әкелді (М.И. Махмутов, Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкин, Т.И. Шамова, Г.И. Щукина және т. б.).

Б.П. Есипов мынандай өлшемдерді анықтады: оқушылардың білім, білік, дағдыларын өсіру; оқушылардың ақыл-ой, ойлау формалары мен ережелерін, еңбектің мәдени дағдыларын игеруі, эмоциялық шеңберінің кеңеюі, идеяларын, қызығушылықтары мен ұмтылыстарын қалыптастыру; білім беру мен тәрбиелік міндеттердің бірлігін қамтамасыз ету (оқу оқушылардың танымдық қабілетін және адамгершілік сапасын өзінен кейін дамытады). Э.И. Моисзон «сабақтың негізгі сапалық өлшемі түрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану емес, оқушының білімді, тәрбиелік деңгейді игеруі, қойылған мақсатқа жетуі», - деп көрсетті.

Л.В. Занков түсініктілік ұстанымын жетілдіріп, *оқытуды жоғары қиындық деңгейде және материалды жоғары қарқынмен оқытуды* ұсынды. Ол оқу жұмысының тиімділігі оқушының ақыл-ойының дамуын қамтамасыз етумен және кездескен қиындықты жеңе білуімен іске асырады дел есептеді.

Ақыл-ой, таным үдерісі оқушының зейін қою қабілетін, талдау-жинақтау әрекетін және ерік-жігерін жетілдіруді қажет етеді. Оқытуды жоғары қиындық деңгейінде жүргізу - оқушының белсенді танымдық іс-әрекетке жұмылдыру, білімге ынталандыру, қажетті мөлшерде шығармашылық жаттығулар беріп, ақыл-ойын жаттықтыру, яғни жақсы және нашар оқитын оқушыларды оқу еңбегіне бірдей жаттықтыруды белгіледі. Л.В. Занков ұсынған түсініктілік ұстанымын практикада кең мағынада қолдану, оқу мазмұнының көлемін ұлғайтып, теориялық деңгейін күрделендірді.

1960-70-ші жылдары дамыта оқыту теориясы оқушының ақыл-ой қабілетін дамыту әдіс-тәсілдеріне барынша көңіл бөлуімен, оқыған материалды есте сақтауға жете назар аудармады. Дидактикада оқу материалын есте сақтау деген мүлде естен шығарылып, ол механикалық жаттау ұғымымен теңестірілді. Оқу-танымдық үдеріс барысында оқушының материалды игеруі үшін есте сақтау қабілеті қалыптасуы тиіс, әйтпесе ешқандай білім көлемін игеруге болмайтыны белгілі.

*13.3. Оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетке және өзінің интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға мотивациялық дайындығын қалыптастыру.* Кең танымдық қызығушылықтың көрсеткіштері қандай?

1) Кең танымдық қызығушылықтың айқындалған бір көрсеткіші - ізденушілік танымдық міндетті шешуге ұмтылу. Тіпті ол үшін қажетті білік болмағанын өзінде оқушылар оған тоқталып, өздерінің көңілін бөліп, ойланып, толғанып, шешімін табуға ынталанып, өзін бұл мәселені тез шеше алмағаны үшін кінәлайды («Бұл қалай болды? Мен бұл туралы оқыған едім ғой!» Әлі ойланып көруге тұра келеді!»);

2) Кең танымдық қызығушылыққа не оқушының қызмет үдерісі тұлғалық қатынасынан байқалды. Ол кейбір оқушылардан сабырлылығымен, екіншілерден - зейінділігімен, ал үшіншілерден - абыржушылығымен ерекшеленеді. Бұндай оқушылардың барлық әсерленуі мынаны көрсетеді: танымдық үдеріс олар үшін бәрібір емес, онда аз да болса өзбетінше ізденіс жасалады (тез шешімін табу, немесе ұзақ ойлану);

3) Кең танымдық қызығушылыққа не жасөспірімдер таңдалған аймақта бағдарлама шегінен шығуға ұмтылады. Олардың қызығушылығы «үлкен ғылымға», қазіргі заманғы ғылыми жаңалыққа бағытталған. Олар қосымша ақпарат пен дерек көздерін іздейді және оны табады;

4) Олардың көпшілігінің дүниетанымы кең, көп оқиды және бос уақытының бір бөлігін кезкелген өзінің сүйікті пәніне арнайды; олардың кейбірінде қызығушылық оның икеміне сәйкес келеді;

5) танымдық белсенділік, білуге құмарлығы - олардың ерекше қасиеті. Олар сабақта белсенді, сұрақтар қояды, қойылған мәселені



талқылауға тез араласады, кейде қызу таласады (немесе бер көзқарастарды сынайды, немесе өзінің көзқарасының дұрыстығын сенімді түрде дәлелдейді);

6) бұл топтағы оқушылардың арасында жеңіл білім-ділері де болады. Бұлар өздерінің білімін жетілдіруге, барынша күр-делі біліктерді игеруге жеткілікті күш жұмсамағандар. Бұл топ оқушыларының арасында айырмашылық, барынша кең білім алуға ұмтылушылық пен бұл білімдерді жеткілікті негізде меңгеру мүмкіндігі арасында қарама-қайшылық байқалады.

Оқушының танымдық белсенділігі сыртқы және ішкі белсенділіктерге бөлінеді. Сыртқы белсенділік оқушы бойынан байқалатын сыртқы көріністер. Ал ішкі белсенділік – оқушының ойлау қабілетімен тікелей байланысты.

Оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі құралдары:

1) Оқыту үрдісінде іс-әрекеттік тұрғыдан оқыту бағытын пайдалану қажет.

2) Тұлғалық-бағдарлық бағыттың ұтымды идеялары.

3) Оқытудағы ізденістік тұғыры.

4) Оқытуда ақпараттық-коммуникативті технологиялардың мүмкіндіктерін толық пайдалану.

5) Оқытудағы дифференциациялау.

6) Ұжымдық-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру.

7) Педагог-новаторлар тәжірибесіндегі белсенді танымдық іс-әрекет идеясы мен технологиясымен танысу.

Оқушылардың оқу әрекетін белсендіретін әдістердің бірі ретінде зерттеушілік әдістің түрлері – белсенді еңбек, зертханалық, эвристикалық, экскурсия ұсынылды. Н.К.Крупская «Балаларды кіші топтан бастап, ересек топқа дейін оқытуда, әр сұраққа зерттеушілік әдісін қолданып, оқылатын тақырыпты бала барлық жағынан терең білуі керек», - деп жазады. Мұндай пікірді П.П. Блонский, А.Г. Калашников, М.М.Пистрак та қоллады. Сонымен, 20-шы жылдары кенестік педагогикада зерттеушілік әдіс берік орын алды.

Осы кезеңдегі кенестік педагогикаға тән терминологиялық көпмәнділік түрлі анықтамалар, мысалы, зерттеушілік ізденіс, тәжірибелік-зерттеушілік, белсенділік-зерттеушілік, зертханалық-зерттеушілік, зертханалық және т.б. орын алды. Терминдердің көптігі әдістердің де алуан түрлілігін білдіреді.

Инновациялық іс-әрекет мәселесін түрлі тұғырлардан қарастыру 80-жылдардың соңында жүзеге асты. Ең алдымен оның мәні, өлшемдері және тәжірибесі қарастырылды (В.И. Бондарь, В.А.Кан-Калик, Т.В.Кудрявцев, Ю.Н. Кулюткин, В.П.Пархоменко,

Н.В.Кухарев, Я.С.Турбовской, Ф.Ш. Терегулов, Л.М. Фридман және т.б.). Оның түрлері анықталды:

1. өнертапқыштық тәжірибесі (білім алушылармен жұмыс істеудің формалары мен әдістерін біріктіру және толықтыру);

2. жанашырлар тәжірибесі (педагогикалық еңбектің тиімділігін айтарлықтай арттыратын жаңа жұмыс түрлері мен әдістерін құру);

3. инновациялық тәжірибе ғылымдағы жаңа идеялар, жаңа мазмұн, жаңа формалар мен әдістер байланысын жүзеге асыру.

Инновациялық іс-әрекет – қазіргі мектептің даму жолы. Инновациялық іс-әрекет әлеуметтік-экономикалық жағдай тудырған басқа білім беру саласынан белгілі бір стандарттың межесінен ауытқу мен балама жүйе енгізу шараларын атқарады. Инновациялық іс-әрекет жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты үдерістермен сипатталады.

Болашақ мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруды әр оқушыға қатысты дербес бағдарламамен жүзеге асыру қажет. Нақты мұғалімге, шығармашылықпен жұмыс істейтін инноватор мұғалімге жасаған дербес жеке бағдарламадан көпшілікке, педагогикалық ұжымға арналған бағдарламаны жасауға көшуге болады, яғни, жалқыдан жалпыға өту ұстанымын басшылыққа алған жөн.

*13.4. Оқушылардың өз бетімен білім алуы, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілігі, функционалдық сауаттылығы - олардың белсенді танымдық іс-әрекеттерінің нәтижесі. Құзіреттілік - білім беру нәтижесі. Әлеуметтік қарқындылықтар саласындағы басымдықтардың ауысуы ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, оқушының білім алуға ұмтылысын оятып, өзіндік бақылау, өзіндік бағалау, өзін өзі тану, өзін дамыту, ішкі ресурстарын толығымен пайдалануға қабілетті тұлғаның қалыптасуына қолайлы жағдайлардың туғызылуын талап етуде. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін барынша ескеріп, оқушының өзінің белсенді әрекеті арқылы оқыту - бүгінгі күннің қажеттілігінен туған талап екендігі белгілі. Осыған орай "оқушы - білім беру объектісі" көзқарасынан, оқушының өз бетінше ізденіп, шығармашылықпен еңбектенуіне қол жеткізетін жолды таңдау маңызды. Ол үшін оқушыға сабақ беретін мұғалім бойында ізденімпаздық, ойлай білу, белгісізге ұмтылу, алдына қойған мақсатына жету де табандылық көрсете алатын, оқушы бойына да осы қасиеттерді дарыта білетін, шығармашылықпен қызмет етуде дайындығын қалыптастыра алатындай сапалардың болуы маңызды. Осы орайда жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан - жақты дамыған, кәсіби құзыретті маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы заңды құбылыс, себебі жоғарыда айтылғандай қоғам өзінің әлеуметтік - экономикалық және рухани дамуының мазмұны*

мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Соңғы жылдары мамандардың құзыреттілігі туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табады. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен даму үдерісінде екі ұғым: құзыреттілік (компетенттілік) және құзырет (компетенция) ұғымдары пайдаланылып келеді.

Зерттеу мәселемізді әдіснамалық тұрғыда негіздеу барысында болашақ мұғалімдердің кәсіби - дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» «мұғалім құзыреттілігі» ұғымдарына берілген әртүрлі түсініктемелердің бар екендігіне көзіміз жетті.

И.А. Зимняя Дж. Равеннің еңбегіне сүйене отырып, бұл ұғымның мазмұны бір-біріне байланыссыз, біреулері когнитивтік, біреулері эмоционалдық сфераға жататын көптеген құзыреттіліктерден тұратынын анықтады. Бұл компоненттер тиімді тәртіп түрі ретінде бір – бірін ауыстыру да мүмкін. Ол өз еңбектерінің бірінде үш топқа біріктірілген он негізгі құзыреттіліктерді қарастырады:

1. Адамның жеке тұлғалық іс-әрекет пен қарым-қатынас субъектісі ретіндегі құзыреттіліктер;
2. Адамның өзара іс-әрекеті мен әлеуметтік саласына қатысты құзыреттіліктер;
3. Адамның іс-әрекетіне қатысты құзыреттіліктер.

Дж. Равеннің тұжырымдамасы кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың ішкі және сыртқы шарттарын жасау, кәсіби маман тұлғасын тәрбиелеу мәселелерін қарастырады. Құзыреттіліктің жетекші компоненттерін анықтай отырып, ол адамның алдына қойған мақсатын орындауға көмектесетін қырыққа жуық сипаты мен икемділігін атайды.

Тұлғаның жүйелілік білімі ретіндегі құзыреттілік көбінесе оның әлеуметтік саласына қатысты болады. Сондықтан ЖОО бітірушісі оқу үдерісінде құзыреттіліктер кешенін алады.

*Дидактикалық біліктілікті* біз мұғалімнің білім беру, оқыту қызметін орындаудағы, әртүрлі дидактикалық міндеттерді шешудегі түрлі әдіс – тәсілдерді меңгеруі деп қарастырамыз.

Дидактикалық құзыреттіліктің (ДҚ) нормативтік мазмұнына негізгі дидактикалық теориялар мен тұжырымдамалар (ДҚ-тің негізі), түйінді дидактикалық ұстанымдар (ДҚ-ядролары) және бастауыш мектептегі оқу – тәрбие үдерісін дидактикалық жобалау үлгісі (ДҚ-салдары) енеді. Дидактикалық құзыреттілікке оның жеке сипаты тән,

осыған байланысты жеке компонент мазмұнына болашақ мұғалімнің субъективтік тәжірибесі болатын дидактикалық жобалау мен дидактикалық білімнің игерілген тәсілдері енуі керек деп есептейміз.

Мұндай біліктіліктерді игеру мұғалімнің әдістемелік біліктілігін жана деңгейге көтереді. Атап айтқанда: а) оқу материалының мазмұнын меңгеруге тиіс пәндік білім, білік және дағдылардың жиынтығы деп қана қарамайды, оны оқушы орындауға тиісті іс - әрекеттің тәсілдерімен сәйкестендіре біледі; ә) пәндік білім мазмұнын меңгеру тәсілінің негізіне кіші жастағы оқушылардың психологиялық ерекшеліктері және оқыту үдерісінің ынталандыру, оқу материалын меңгеруге белсенділік таныту, өзін - өзі бақылау сияқты жалпы заңдылықтары жатады; б) меңгеру тәсілдерін таңдағанда «оқушының жақын даму аймағына» бағдарлау (Л.С.Выготский), әдістемелік қызметінің пәні тек қана оқыту нәтижесі емес, оқушылардың дамудың бір деңгейінен екінші деңгейіне өту ерекшеліктері де болып табылады.

**Өзін - өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін белсендендіруді қалай түсінесіз?
2. Белсенді танымдық іс-әрекет ұғымының мәнін ашып көрсетіңіз.
3. Оқушы тұлғасын танымдық іс-әрекет субъектісі және өзіндік дамуы ретінде қалыптастырудың мазмұнына тоқталыңыз.
4. Оқушыларда танымдық қызығушылық пен ақыл-ой әрекетінің тәсілдерін қалыптастырудың мәнін ашыңыз.
5. Оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға мотивациялық дайындығын қалыптастыруға тоқталыңыз.

## **14 тақырып. МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

*14.1. Педагогикалық технология туралы түсінік.* *Технология* ұғымы соңғы жүзжылдықта маңызды ғылыми ұғымдардың біріне айналуда. Философиялық көзқарас тұрғысынан технология теория мен практиканың арақатынасын байланыстыратын негізгі тетіктердің бірі. Теория мен практика ұғымдары мәні жағынан ажыратылғанымен, олар әрқашан өзара тәуелді, өзара тығыз байланыста болып келеді. Бұл әрекеттестіктің өзгешелігін К.Поппер теория мен практиканың бірлігін ажыратпау, екеуінің тұтастығын сақтау деген идеясымен негіздел көрсетеді. Көп жағдайларда теорияның практикадан ажыратылып кетуінің негізгі себептерінің бірі - нақты қолданбалы технологиялардың жоқтығы болып табылады.

Өндіріс саласында ғана емес, педагогикалық теория мен практикада да тұрақты қолданысқа ие болып келе жатқан «технология» ұғымының шығу тарихына (этимологиясына) қысқаша тоқталып өту маңызды.

Технология сөзі (*techné-өнер, шығармашылық, logos-ілім*) грек тілінен аударылғанда:

а) өндіріс процесінде шикізат, материал немесе жартылай фабрикаттың формасын, қасиеттерін, жағдайын өңдеу, дайындау, өзгерту әдістерінің жиынтығын, мысалы: металдарды өңдеу технологиясы, химиялық технология, құрылыстық жұмыстар технологиясы;

ә) өндірістің сәйкес келетін құралдарымен шикізат, материал немесе жартылай фабрикатқа әсер ететін тәсілдер туралы ғылым деген мағынаны білдіреді.

Ғылым мен техниканың дамуына қарай педагогика саласында технологиялық оқыту тәсілі жақсы өріс ала бастады. Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында білім беруді технологияландыруға көшудің қажеттілігімен келіспеу мүмкін емес, себебі әр оқу-шынып жеке тұлғалық тұрғысының дамуы, білім беруді саралау және барлық білім беру жүйесін ізгілендіру және демократияландыру үрдістері технологиялық тәсіл арқылы жүзеге асырылмақ.

Сондықтан педагогикалық үрдісті технологияландыру мәселесі *білім беруші мен білім алушы* тұлғасын өздігінен дамытып, олардың ішкі әлеуеттерін барынша толығырақ шығару үшін оқыту мен тәрбиелеуді субъектілік негізге ауыстыратын тетік ретінде зерттелуде. Білім беру саласындағы шоғырланып қалған көкейкесті мәселелердің шешімдерін табуға қазіргі педагогикалық технологиялардың ықпалы зор, себебі жаңа технологиялардың негізгі өзегі – оқушы тұлғасы, оның ішкі интеллектуалдық әлеуетін жан-жақты дамыту.

Қазіргі уақытта көптеген зерттеушілер жаңа педагогикалық технологияларға терең қызығушылық танытып, білім берудегі технологиялық тәсілді дәстүрлі оқыту әдістерінен анағұрлым тиімдірек деп есептейді. Технология ұғымына Б.Т. Лихачев, В.П. Беспалько, В.В. Сериков, В.М. Монахов, М.В. Кларин, И.Я. Лернер, П.И. Пидкасистый, В.В.Гузев, Н.Д.Хмель, Г.М.Құсайынов, Ж.А.Қараев, Ж.У.Кобдикова, М.М.Жамписова т.б. ғалымдар мен зерттеушілер жан-жақты түсініктемелер бере отырып, олардың практикалық тиімділігі туралы құнды пікірлер мен нақты ұсыныстар айтқан.

Педагогика ғылымында «технология» ұғымының зерттелу аясы кеңейіп, әр тұрғыдан анықталуы, оның түрлерінің, тұжырымдамалық негіздері мен сипаттамаларының көптігі бұл феноменнің мазмұнын жан-жақты теориялық тұрғыдан талдауға баса назар аударуды қажет етеді.

Педагогикалық лексикадағы *теория, әдістер, әдістеме, технология, оқыту технологиясы, педагогикалық технология* ұғымдарының арақатынасын дұрыс ажырата білу және практикада дұрыс қолдана білу әр мұғалімнің технологиялық құзыреттілігінің басты

көрсеткіші. Практикада кейде «технология» ұғымы «әдістеме» немесе оқытуды ұйымдастырудың «формасы» ұғымының синонимі ретінде қолданылып кететіні байқалады. Аталған ұғымдардың барлығы оқыту үрдісінде қолданылатын болғандықтан мақсатты түрде олардың мағыналық ерекшеліктерін салыстыра отырып қарастыру қажет.

*Теория* ұғымы біркелкі немесе біртұтас құбылыстар және оның элементтері мен қызметтерінің жиынтығын сипаттайтын заңдар, категориялар, ұғымдар, тұжырымдамалар, қағидалар жүйесі ретінде сипатталады. Теория өздігінен ешнәрсені өзгерте алмайды, бірақ адамның практикалық әрекеттерін реттеуші рөлін атқарады. Теория адамдардың санасы арқылы қабылданады және сол теорияны ақиқатқа айналдыру үшін белгілі дәрежедегі күш пен энергияны жұмсаған жағдайда ғана материалдана алады. Теория үшін оның ережелеріне кіретін дәлелдемелер, негіздемелер міндетті болып табылады: егер негіздеме болмаса, онда теория да жоқ. Кез келген теорияның көздейтін соңғы мақсаты – оның практикада жүзеге асырылып, сол арқылы оның құндылығының бағалануы.

*Оқыту теориясы* – оқыту үрдісінің заңдары мен заңдылықтарын зерттейтін, оқытудың мақсатын, міндеттері мен мазмұнын ашып көрсететін, оқытуды ұйымдастыру формаларын және әдістерін, қағидаларын сипаттайтын педагогиканың құрамды бөлігі. Педагогика ғылымында оқыту теориясы «дидактика» ұғымының синонимі ретінде қолданылады.

*Әдіс* кең мағынада тұлға әрекетінің түрлі формадағы тәсілдер жиынтығы, бір нәрсеге жетудің жолы деп анықталады. Кез келген ғылыми әдіс оның қажетті алғышарты ретінде қатысатын, белгілі бір теория негізінде зерттеледі. Әдістің негізгі қызметі – іс-әрекетті реттеу және бағдарлау. Әдіс – мақсатқа қол жеткізу тәсілдері.

*Оқыту әдістері* - педагогикалық үрдіске қатысушылардың білімді меңгеруге бағытталған бірлескен әрекеттерін ұйымдастырудың тәсілдер жүйесі. Оқыту әдістері сөздік, көрнекілік, тәжірибелік, бақылау және өзіндік бақылау әдістеріне жіктелген.

*Әдістеме* ұғымы нақты бір іс-әрекетті орындау үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдер жиынтығы деп түсіндіріледі. Әдістеме бір істі атқарудағы әдістер мен тәсілдердің кешенін пайдалану тәртібін білдіреді.

*Оқыту әдістемесі* – пәнді оқытудың ғылыми дәлелденген әдістер, ережелер, тәсілдер жүйесі және оқыту теориясын қолдану болып табылады. Мысалы, «интеграл» ұғымын қалыптастыру әдістемесі математикалық ұғымдарды қалыптастыру теориясының талаптарын және «интеграл» ұғымының өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жете зерттеледі. Сондықтан әдістемелердің мақсаты теориялық ережелерді нақты құбылыстар тұрғысына қарай алмастырумен

анықталады. Әр педагог оқыту теориясын және оқытудың әдіс-тәсілдер кешенін әртүрлі пайдалануына байланысты, әрқайсысының оқыту әдістемелері әртүрлі сипатта болады.

*Оқыту технологиясы* – оқыту үрдісінің диагностикалы қойылған мақсаттарына қол жеткізу құралдары, алдын-ала жоспарланған оқыту үрдісінің практикалық түрде жүйелілік пен бірізділік негізінде іске асырылуы. *Оқыту технологиялары* оқыту үрдісіндегі негізгі факторларының байланыстарын реттеуге, оның барлық кезеңдері мен өткізілу шарттарын оқушылардың нақты мүмкіндіктеріне сәйкестендіруге бағытталған.

Сонымен, жоғарыда қарастырылып отырған ұғымдарды тұжырымдайтын болсақ, И.Г.Саранцевтің пікірінше *оқыту теориясы* пәнге оқытудың әдістемелік жүйесін басқару заңдылықтарын ашып береді, *әдістеме* оны қолдануды қарастырады, ал *технология* бұл жүйенің моделін жүзеге асыру тәсілдерін жете зерттейді. Осы тұрғыда технологиялардың рөлі оқыту мақсаттарын диагностикалауға және оқыту шарттарын айқындауға (әдістер, формалар, құралдар, тәуелділіктер), яғни белгіленген мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін үрдісті жобалауға саиды. Сондықтан *технология* теория мен әдістемелерге негізделеді, олардың даму деңгейіне қарай тиімділігі анықталады. Кез-келген оқыту технологиясының негізгі түйіні соңғы күтілетін нәтижені анықтау және оның табыстылығын бақылау болып табылады.

Педагогика ғылымында және білім беру мекемелерінің тәжірибесінде *педагогикалық технологиялар* ұғымы жиі қолданылады. В.П. Беспальконың пікірінше *педагогикалық технология* - белгіленген білім беру мақсаттарын табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тәрбие мен оқыту үрдістерін жандандырудың теориялық тұрғыдан негізделген құралдар мен әдістер жиынтығы.

В.М. Моисеевтың пайымдауынша *педагогикалық технология* – мұғалім мен оқушы үшін жағымды жағдайды қамтамасыз ететін оқу үрдісін жобалау, ұйымдастыру және өткізуде барлық бөлшегіне дейін ойластырылған бірлескен педагогикалық іс-әрекет үлгісі. Педагогикалық міндеттерін түсіндіре отырып, педагогикалық технологияны жобалаудағы жетекші қағида – оқушының білімді меңгеруге іштей дәлелденген, қалыптасқан өзілік белсенділігі, қызығушылығы мен іскерлігі, біліктілігі болуы керек.

Г.К.Селевконың негіздеуінше *педагогикалық технология* – көздеген мақсаттарға қол жеткізетін, уақыты мен кеңістік тұрғысынан бағдарламаланған, ғылыми негізде құрылған педагогикалық үрдістің барлық компоненттерінің қызмет ету жүйесі.

Педагогикалық технологияларға алуан тұрғыдан берілген анықтамаларды талдау нәтижесі көрсеткендей олардың көпшілігінің жалпылама түрде берілгенің, педагог әрекетінің салыстырмалы түрде

кейбір жақтары ғана ашылатынын, бала тұлғасын тұтастай қалыптастыру мәселесі толығымен қарастырылмайтыны байқалуда.

Педагогикалық технологиялар әрбір баланың даму үдерісін алдын-ала байқауға және болжауға бағытталуы тиіс. Диагностика нәтижесі бойынша педагогикалық үрдістің әрбір бөлігінде дамыту үрдістері жобаланады. Сондықтан кері байланыс мәліметтерін алу және оларды зерттеу - диагностика мен болжауды байланыстыратын үздіксіз үрдіс болып табылады. Бұл үрдіс ғылымда *мониторинг* деп аталады, оны ағылшын тілінен аударғанда, «үздіксіз қалағалау» дегенді білдіреді. Педагогикалық мониторинг педагог пен оқушыны педагогикалық үрдісті үздіксіз және ұзақ байқау мен басқару арқылы қажетті ақпараттармен қамтамасыз етеді.

**Педагогикалық технологиялар** – оқушылар мен ұстаздардың субъект-субъектілі қарым-қатынастарына негізделген, олардың өз-өздерін өзектендіруге, өз-өздерін дамытуға бағытталған, диагностикалық қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі тиімді әдістер мен құралдар жиынтығының үйлесімді қызметі.

*Технологияларда* процессуалдық (іс-әрекеттік), сандық және есептік компоненттер көбірек ұсынылады. *Әдістемеді* мақсаттық, мазмұндық, сапалық және вариативті-бағдарлық жақтарына басымырақ мән беріледі. Оқыту әдістемесіне қарағанда педагогикалық технология өзінің басқа мұғалімдердің қолдануға ыңғайлылығымен, нәтижелерінің тұрақтылығымен ерекшеленеді (А.М. Кушнер).

*Оқыту әдістемесі* тәрбиелеу мен оқытудың әртүрлі әдістерін қамтиды, бірақ оларды белгілі бір логикалық тізбек ретінде құрылымдамайды. Ал *технология* болса әрқашан тәсілдердің белгілі бір алгоритмін, логикасын, бірізділігін ұсынып, содан күтілетін нәтижені болжай алады.

Ал *педагогикалық технология* мен *оқыту технологиясы*н салыстыратын болсақ, педагогикалық технологияның мазмұны кеңірек, себебі оқыту технологиясы тек *оқыту үрдісіне* бағытталған болса, педагогикалық технология *оқыту, тәрбиелеу, оқушыны әлеуметтендіру, оны тұлға ретінде қалыптастыру* мәселелерін толығымен қамтиды. Сондықтан оқыту мен тәрбиенің егіз ұғымдар екенін ескере отырып, кәсіби тәжірибеде педагогикалық технологиялар ұғымын кеңірек пайдаланған жөн.

Мағынасы жағынан ғылыми негізделген технология әдістемеге қарағанда кеңірек. Педагогикалық технология педагогикалық үрдіске қатысушылардың субъект-субъектілі өзара әрекеті арқылы оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға, өзін-өзі белсендендіруге бағытталған. Оқыту әдістемесі педагогтың тәжірибесіне сүйенеді, ол оның шығармашылығына, әртістілігіне жақынырақ. Бұл тұрғыда В.Зайцевтің көзқарасы қызығушылық тудырады: «Педагогикалық технология - әдістеме емес.



Бұл кеңірек ұғым. Педагогикалық технология 4 құрамды бөліктен тұрады: күтілетін нәтижені бағалау, диагностика (негізгі факторды бөліп көрсету ретінде), әдістеме (диагностика нәтижесін ескеріп құрастырылған), оқытуды қарқынды жүргізу құралы».

**14.2. Педагогикалық технологиялардың өлшемдері мен атқаратын қызметтері.** Кез келген педагогикалық технология ғылыми-әдіснамалық тұжырымдама негізінде құрылады. Қазіргі кездегі педагогикалық технологиялардың көпшілігі оқушылардың тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде бағалауға, оларды қарым-қатынастың тең құқылы субъектісі ретінде қабылдауға және ізгілікті оқу-тәрбиелік ортада әлеуметтендіруге бағытталған.

Педагогикалық технологиялардың тұжырымдамалық негіздеріне білім беру саласындағы тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекеттік, аксиологиялық, жүйелілік, акмеологиялық тұрғыдан оқыту сынды теориялар жатады, себебі аталып отырған теориялардың барлығы білім алушылардың қабілеттерін жан-жақты дамытуды, оқу-танымдық үрдісі мен тәрбие үрдісін тығыз ұштастыра отырып жүргізуді көздейді.

Қазіргі таңда аталған өлшемдерге сәйкес келетін педагогикалық технологиялардың көптеген түрлері ғылыми тұрғыдан зерттеліп, практика жүзінде іске асырылып, тиімді нәтижелер көрсетіп келеді.

С.С.Кашлев педагогикалық технологиялардың төмендегідей қызметтерін топтастырып қарастырады:

1) **Педагогикалық технологияның ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік қызметіне:**

- педагогтың педагогикалық үрдістің әрбір бөлігінде нақты нәтиже айналысуын анықтайтын ұйымдастырушылық іс-әрекеті;
- оқушының педагогикалық үрдістің әрбір кезеңінде не істеу керектігін нақтылайтын педагогтың ұйымдастырушылық іс-әрекеті;
- педагог пен оқушының бірлескен әрекетінің өзара ұйымдастырылуы;
- баланың өзіндік белсенділігін дамытатын өзінің іс-әрекеттері ұйымдастырылуы жатады.

2) **Педагогикалық технологияның жобалау (болжау) қызметіне:**

- педагогикалық үрдістің шынайы жағдайын диагностикалауы;
- педагогикалық үрдіске қатысушылардан күтілетін нәтижелерін болжай алуы;
- педагогикалық әрекеттестікті модельдеуі;
- педагогикалық технологияны жүзеге асыру үрдісінде бала мен педагогтың даму деңгейін болжау үрдістері жатады.

3) **Педагогикалық технологияның коммуникативтік қызметіне:**

- мұғалім мен оқушының қарым-қатынастық мүмкіндіктерін дамыту;

- педагогикалық үрдіске қатысушылардың, мұғалім мен оқушының арасында ақпарат алмастыруы;

- педагог пен тәрбиеленушінің өзара түсіністік жағдайын жасауы;

- балалар арасындағы интерактивті қатынас үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етуі;

- педагогтар мен ата-аналардың коммуникативтік іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыруы жатады.

**4) Педагогикалық технологияның рефлексиялық қызметіне:**

- педагог пен баланың өзіндік тұлғалық өсулерін жете түсінулері;

- педагогикалық әрекеттестік нәтижесін объективті бағалау мүмкіндігі;

- педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара әрекеттестік тәжірибесін саналы түсінулері мен меңгерулері;

- педагог пен оқушылардың іс-әрекеттерін өзіндік талдау, өзіндік бағалау;

- тұлғалық даму себептері мен жағдайын белгілеу жатады.

**5) Педагогикалық технологияның дамытушылық қызметіне:**

- бала мен педагогтың дамуына қажетті жағдай жасауы;

- оқушы мен мұғалімнің өзін-өзі дамыту құралдарын қамтамасыз етуі;

- әрбір баланың потенциалды мүмкіндігінің дамуын қамтамасыз ету;

- педагогтың кәсіби шеберлігінің дамытуы жатады.

Білім беру тәжірибесінде педагогикалық технологиялардың атқаратын қызметтерінің аясына байланысты Г.К.Селевко олардың қолданылуының өзара тәуелді үш деңгейін атап көрсетеді:

1) **Жалпы педагогикалық (жалпыдидактикалық) деңгей:** бұл деңгейдегі технология бір өмірдегі, оқу орнындағы, нақты бір оқыту сатысындағы тұтас білім беру үрдісімен сипатталады. Бұл жерде педагогикалық технология *педагогикалық жүйе* ретінде қарастырылады.

2) **Жеке әдістемелік (пәндік) деңгей:** бұл деңгейдегі технология «жеке пәндер әдістемесі» немесе бір пән, сынып көлеміндегі оқыту мазмұнын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қолданылады.

3) **Локальды (модульдік) деңгейдегі технология** оқу-тәрбие үрдісінің жеке бөліктерінің дидактикалық немесе тәрбиелік міндеттерін (өздік жұмысты ұйымдастыру технологиясы, жеке тұлғалық

қасиеттерді қалыптастыру технологиясы, білімнің меңгерілуін тексеру технологиясы, т.с.с.) шешуімен сипатталады.

Жалпы аяғанда, педагогикалық технологиялардың негізгі қызметі педагогикалық үрдіске қатысушылардың іс-әрекеттерін белсендіру мен жетілдірудің жүйелі құралы ретінде тұлғаның даму міндеттерін нәтижелі шешу, оқыту мен тәрбие үрдістерінің сапасын жоғарлату болып табылады.

Оқушылардың субъектілік белсенділігін арттыру қазіргі еңбек нарығының негізгі талабы, себебі ақпараттық қоғам жастардың ерекше бағыныштылық әрекеттеріне қанағаттана алмайды. Оқушылардың болашақта жауапкершіліктері жоғары, өз әлеуеттерін өздері іске асыра алатын, бәсекке қабілетті, әлеуметтік белсенділіктері жоғары тұлға ретінде тәрбиеленіп шығулары бүгінгі уақыт талабы.

Оқушы 11-12 жыл бойы мектеп қабырғасында өзін-өзі дамытуға дағдылану үшін мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің мақсаты, ұйымдас-тыру формалары, субъектілердің қарым-қатынас стильдері, бағалау формалары дұрыс таңдалуы керек.

Сонымен педагогикалық технологияның негізгі ерекшелігі білім алудағы оқушы тұлғасының ерекше сипатқа ие болуында. Егер дәстүрлі оқыту жүйесінде оқушы іс-әрекеті *репродуктивті* сипатта болса (қайта жаңғыртып айтып беру, алгоритм бойынша тапсырмаларды орындау), педагогикалық технологияларды қолдануда оның іс-әрекеті *продуктивті* (өнімді) болуы керек, яғни шығармашылық белсенділігі талап етіледі.

**14.3. Тұтас педагогикалық үрдіс теориясы - педагогикалық технологияларды қолданудың әдіснамалық негізі.** Педагогикалық кәсіпте мұғалімдерге білім беру міндетімен қатар тәрбиелеушілік міндеті те жүктелген. Ұстаз тұлғасы - әрі тәрбиеші, әрі оқытушы, әрі кеңесші бол-ғанымен, кез келген педагог бұл міндеттерді кез келген жағдайда толық атқара алады деп айту қиын, себебі педагогикалық үрдістің құрамдас жүйе-лерінің көптігі, олардың қызметтерінің әртүрлі факторлардың әсерінен әртүрлі бағытта өзгеру ықтималдығы осы үрдістің теориясының және жүзеге асыру технологиясының ерекшеліктерімен таныс болуды қажет етеді.

Педагогикалық үрдістің тұтастығын ажыратпай біртұтас құбылыс ретінде қарастыруды талап еткен ғалымдар педагогика тарихында аз емес. Оқыту мен тәрбиенің бірлігінде тәрбиенің маңыздырақ екенін атап көрсеткен әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне оңат әкеледі» - деген сөздері тәрбиенің адам өмірінің рухани негізі мен оның бүкіл тағдырына әсер ететінін фактор екенін көрсетеді.

Сол сияқты XIX ғ. педагогтары да ғылыми тұрғыда оқыту мен тәрбиенің бірлестігінің ұтымдылығын дәлелдеуге тырысқан. Ғылыми

педагогиканың негізін қалаушылардың бірі, неміс педагогы И.Ф. Гербарт алғашқылардың бірі болып «тәрбиелейтін оқыту үрдісі» деген ұғымды ғылыми айналымға енгізеді. Оның «Мен тәрбиені оқыту үрдісінің көз алдыма елестете алмаймын, және керісінше, тәрбиелік ықпалы жоқ оқытуды да оқыту деп мойындамаймын» - деп айтқан сөздерінің астарында адамның әр іс-әрекетінің адамгершілік қағидаларына негізделуі қажеттілігі өзектендіріледі.

Оқушының жан-жақты дамыған тұлғасын қалыптастырудағы тәрбиесі мен оқытудың ара қатынасының ерекшелігін зерттеуде Ресей ғалымдары К.Д.Ушинскийдің, П.Ф. Каптеревтің, С.Т.Шацкийдің, П.П.Блонскийдің, М.М. Рубинштейннің, А.С. Макаренконың үлестері зор болды.

Белгілі педагог П.Ф.Каптерев («Педагогикалық үрдіс», 1905ж.) педагогикалық үрдісті тұлғаны жетілдіру үрдісі ретінде сипаттай келе оның шығармашылық мәніне баса назар аударуды талап етеді. Осы идеяға негізделіп отырып, ғалым педагогты оқушының өзін-өзі дамыту үрдісінде көмек көрсететін қызметшісі болуы керек деп тұжырымдайды. Осыдан педагогикалық үрдісте оқушының өзіндік дамуына, оның санасының табиғи еркін жетілуіне кедергі келтірмей, қысым жасамай, тек дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп отыратындай ізгілік қатынасын орнатуының маңызы түсіндіреді.

1970 жылдардан бастап Ю.К.Бабанский, М.А.Данилов, В.С.Ильин, В.М.Коротова, В.В.Краевский, Б.Т.Лихачев сынды ғалымдар педагогикалық үрдістің тұтастығын қамтамасыз ететін білім беру тетіктерін іздестіру, оның құрамдас бөліктерінің өзара үйлесімді қызметтерін қамтамасыз ету мәселесіне байланысты көптеген ғылыми зерттеулер жүргізеді. 1980 ж. Ю.К.Бабанский жоғарғы оқу орындарында оқытылатын оқулықтар мазмұнына осы тұтас педагогикалық үрдіс ұғымын енгізеді. Ал кеңес одағынан кейінгі кезеңде осы мәселенің зерттелуі В.А.Сластениннің педагогикалық мектебінде жалғасын табады.

Қазақстандық педагог Н.Д.Хмель тұтас педагогикалық үрдістің заңдарын, заңдылықтарын, принциптерін жүйелей келе, осы үрдістің құрамдас компоненттерінің өзара байланыстылығын мұғалім мен оқушының қарым-қатынас жүйесі арқылы моделдейді.

Мұғалімдердің педагогикалық технологияны тиімді қолдана алулары олардың *кәсіби іс-әрекет объектісі болып табылатын тұтас педагогикалық үрдістің* заңдары мен заңдылықтарын, қозғаушы күші мен механизмдерін терең білу және меңгеру деңгейлеріне тікелей байланысты.

Педагогикалық үрдістегі *«педагогтар-оқушылар», «оқушылар-оқушылар», «ән мұғалімі – оқушылар»* және т.б. ішкі жүйелердің тығыз өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету арқылы оқушылардың өзін-

өздері таныта алулары және басқаларды тани алулары жүзеге асырылмақ.

Мұғалім тұтас педагогикалық үрдістің теориясын жүзеге асыру технологиясын меңгеру арқылы оқушылардың ғана емес, сонымен қатар бүкіл сыныптың іс-әрекет пен қарым-қатынастарын, өзара әрекеттестіктерін ұйымдастыра алатын болады. Ал басқа педагогикалық технологиялардың барлығын мұғалімдер осы негізгі технология арқылы тиімді құрастыра алатыны анық, өйткені тұтас педагогикалық үрдістің компоненттерін, олардың арасындағы кездесетін қарама-қайшылықтар жүйесін, қосымша жүйелерінің өзара тәуелділігін жақсылап меңгеріп алу арқылы басқа оқыту технологияларын қолдану жеңілірек болады.

Сонымен, тұтас педагогикалық үрдістің теориясын жүзеге асыру технологиясы мегатехнология санатында қарастырылуы керек. Н.Д.Хмель бұл технологияның мәнін төмендегідей логикалық тізбектеме арқылы негіздейді:

1) Тұтас педагогикалық үрдісінің теориясын білу-(мұғалім іс-әрекетінің объектісінің идеалды моделін);

2) Нақты оқу-тәрбие мекемесіндегі педагогикалық үрдістің нақты жағдайын диагностикалау әдістемесін меңгеру;

3) Педагогикалық үрдістің нақты жағдайын өзгертуді модельдеу, (болжау) үшін тұтас педагогикалық үрдіс теориясын қолдану;

4) Кәсіби міндеттерді шешу үшін педагогтар мен оқушылардың іс-әрекеттерінің ретін, алгоритмін анықтау.

Осы аталып отырған талаптардың барлығы оқушының білімді меңгерудегі өз бетінше оқу әрекетімен айналысып, танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған.

**14.4. Қазіргі педагогикалық технологиялардың әр түрлі түр-  
ғыдан жіктелуі.** Педагогика ғылымында мен практикада педагогикалық технологиялардың алуан түрлі нұсқалары кездеседі. Технологиялардың көптүрлілігі және көлемділігі оны жүйелеуді және топтастыруды қажет етеді. Бұл мәселемен А.Я. Савельев, В.Безрукова, Г.Ю.Ксензова, Г.К.Селевко, В.В. Юдин, Г.М.Құсайынов және басқа ғалымдар айналысқан. Қазіргі уақыттағы технологиялар екі үлкен түрге жіктеледі: өзінің мақсаттық бағдарына қарай *өнеркәсіптік (өндірістік)* және *әлеуметтік-тұлғалық технологиялар*. Өнеркәсіптік технологиялар алдын ала берілген параметрлер бойынша материалдарды өңдеумен және өндіріспен байланысты. Ал әлеуметтік-тұлғалық технологияның объектісі *адам* болып табылады.

Технологиялардың жіктелуін нақтылауда қазіргі уақытта *макротехнология* мен *микротехнологияларды* бөліп қарастырады. Макротехнологияға көптеген авторлар педагогикалық үрдіс стратегиясы мен дауымен анықтайтын, ұжымдық шығармашылық іс-әрекет, ынтымақ-

тастық, дамыта оқыту, тұтас педагогикалық үрдісті жүзеге асыру технологияларын жатқызады. Микротехнологияға педагогикалық эрекеттестік тактикасы, нақты тәсілдері ретінде қарастырылатын ойын технологиясын, пресс-конференция, диспут т.б. жатқызады. Сонымен қатар кейбір ғылымдар (Д.Г. Левитес және т.б.) педагогикалық технологияны *пәндік-бағдарлық* және *тұлғалық-бағдарлық* деп жіктеуді ұсынады.

Г.К.Селевко педагогикалық технологиялардың өзіндік жіктеуін ұсынады:

1) *Педагогикалық қарым-қатынасты ізгілендіру мен демократияландыруға негізделген технологиялар* (ынтымақтастық технологиясы, Ш.А.Амоношвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы, Е.Н. Ильинаның әдебиетті адам қалыптастыру пәні ретінде оқыту жүйесі, т.б.);

2) *Оқушылардың іс-әрекетін белсендендіру мен күшейтуге негізделген технологиялар* (ойын технологиясы, проблемалық оқыту технологиясы, В.Ф.Шаталовтың тірек белгілері негізінде оқыту технологиясы, Е.И.Пассовтың коммуникативті қарым-қатынас негізінде оқыту технологиясы, т.б.);

3) *Оқыту процесін тиімді ұйымдастыру мен басқару негізіндегі технологиялар* (бағдарламалық оқыту, дифференциалды оқыту технологиясы (В.В. Фирсов, Н.П. Гузик), оқытуды жекелендіру технологиясы (А.С. Граниская, Инге Унг, В.Д. Шадриков), тірек нұсқаларын пайдалана отырып, түсіндіріп басқарудағы алдын-ала оқыту (С.Н. Лысенкова), оқытудың топтық және ұжымдық тәсілі (И.Д.Ривин, В.К.Дьяченко), компьютерлік (ақпараттық) технологиялар және т.б.

4) *Оқу материалын әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта құру негізіндегі технологиялар* (П.М. Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді ірілендіру, В.С. Библер мен С.Ю. Кургановтың «Мәдениеттер диалогы» Л.В.Тарасовтың «Экология және диалектика» жүйесі және т.б.);

5) *Баланың табиғи дамуына сүйенетін, халық педагогикасының әдістерін пайдаланатын табиғи үйлесімділік*: Л.Н. Толстой бойынша оқыту; А.Кушнир бойынша сауаттылыққа тәрбиелеу, М.Монтессоридің өздігінен дамыту технологиясы және т.б.;

6) *Альтернативті технологиялар*: Р.Штейнердің вальдорф педагогикасы, С.Френенің еркін еңбек технологиясы және т.б.;

7) *Кешенді технологиялар*: А.М. Тубельскийдің өзін-өзі анықтау мектебі, И.Ф. Гончаровтың «Орыс мектебі», Е.А. Ямбургтың «Бәрі үшін арналған мектебі», М.Балабанның «Парк мектебі» т.б.

#### *14.5. Педагогикалық технологиялардың түрлері және сипаттамалары.*

1) *Тұлғалық-бағдарлық білім беру технологиялары* гуманизм идеясына негізделген және тұлғаны басты құндылық ретінде бағалайтын технологиялар. Педагогикалық теорияда барлық технологиялар оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған, дегенмен тұлғалық-бағдарлық технологиялар негізгі ерекшелігі мұғалім мен оқушы тұлғаларының ізгілік қатынасқа негізделуінде, оқушының оқу ортасын ізгілендіруде.

Педагогикадағы бұл бағыттың өкілдері Ш.А.Амонашвили, В.В.Сериков, Ю.И.Турчанинова, И.С.Якиманская, А.А.Бейсенбаева т.б.

Осы бағыт бойынша оқыту үрдісі мен оқушының өздігінен оқу үрдісі ажыратылып қарастырылады, яғни, оқушының оқу арқылы тұлғалық қасиеттерін дамытуға баса назар аударылып, оның жеке даралығына, темпераментіне, мінезіне, өзіндік қарым-қатынас жасау стиліне, қайталанбастығына, оқыту үрдісін оқушыға барынша қолайлы етіп бейімдеуге басымдық беріледі.

Тұлғалық-бағдарлық оқыту технологиялары мынандай тұжырымдамаларға негізделеді:

1) Білім алу арқылы адам өзін-өзі қалыптастыру, өзінің қайталанбас жан екенін сезіну, өзінің болашағына өзі жауапты екенін түсіндіру;

2) Мұғалім тарапынан оқушыға қамқорлық, құрмет пен сыйластық танытылып, олардың өзін-өзі өзектендіру, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі таныту, өзін-өзі тәрбиелеу тетіктерін қалыптастыру;

3) Гуманизм идеялары негізінде оқушылардың қоғам, мәдениет, әлеуметтік ортаның белсенді мүшесі ретінде құндылықтық бағдарларын қалыптастыру;

4) Оқушының интеллектуалдық әлеуетін ашуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, қажеттіліктер жүйесін дұрыс анықтай білуге үйрету;

5) Тұлғалық-бағдарлық технологияларын қолдануда түсіндіруден түсінуге, монологтан диалогқа, сырттай бақылаудан өзіндік бақылауға, сырттай бағалаудан өзін-өзі бағалауға, сырттай басқарудан өзін-өзі басқаруға ауысудың талал етілуі;

6) Оқушылардың өз бетінше шешім қабылдауға, өздігінен оқу траекториясын анықтауға мүмкіндіктер және еркіндіктің берілуін қаалауға;

7) Субъект-субъектілі қарым-қатынас негізінде әр оқушының табысты іс-әрекет етуіне, оқу жетістіктері мен қатар адами құнды қасиеттерді қалыптастыру.

Тұлғалық-бағдарлық білім беру технологиялары макротехнологиялар санатында болып есептеледі, сондықтан басқа да көптеген

технологиялардың табысты қызмет етуіне негіз бола алады. Осы технологиялар топтамасына Ш.А.Амонашвилидің ізгілік-тұлғалық технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, ынтымақтастық технологиясы, т.б. жатады.

2) **Ұжымдық-танымдық іс-әрекет технологиялары.** Оқытудың ұжымдық түрлері ертеден қалыптасқанымен, оның ерекшеліктерінің арнайы зерттелуі А.Г.Ривин, В.К.Дьяченко еңбектерінде қарастырылады. Бұл технологияның түйінді идеялары оқыту үрдісінде кездесетін төмендегідей қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталған:

- Мұғалімнің белсенді оқыту әрекеті мен оқушылардың сылбырт бақылаушылық әрекеттері арасындағы қарама-қайшылық;
- Оқытудың ұжымдық түрін пайдалана отырып оқушылардың өзара қарым-қатынастарына қатаң шектеу қою арасындағы қарама-қайшылық.

Аталған қарама-қайшылықтарды шешу мақсатында ұжымдық-танымдық іс-әрекет технологиясы топтық, шағын топтық, жеке, жұптық оқыту түрлерін, жұптар мен шағын топтар құрамының ауыспалы болуын, оқушылардың өзара бірін-бірі оқытуларын, өзара бірін-бірі бақылау мен бағалауларын, өзара көмек көрсету қағидаларын басшылыққа алады.

Оқушының оқу-танымдық үрдісіне қолайлы ортаны коллаборативті орта деп атайды. *Коллаборация*, немесе *ынтымақтастық* – кез келген салада бір немесе бір топ адамдардың ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін өзара білім мен тәжірибе алмасу, өзара оқыту мен келісімге келу бойынша бірлескен іс-әрекет үрдісі. Осыған байланысты әлемдік білім беру кеңістігінде коллаборативті оқыту (*collaborative learning*) ұғымы кеңінен қолданылады. *Коллаборативті оқыту* – оқушылардың өзара бірлесіп, немесе мұғалімдермен бірге жаңа білімді іздестіру, талдау және түсіну бойынша ынтымақтастық әрекеттестікке негізделген оқыту. Бұл теория оқытудың *әлеуметтік сипатына* көбірек мән беріп, оның нәтижелілігін оқушылардың өзара бірлескен қарым-қатынастарының нәтижесі арқылы бағалайды.

Оқушылармен топтық жұмыс ұйымдастырудың өзі үлкен педагогикалық шеберлікті және шығармашылықты қажет етеді. Әуелі оқушылармен бірігіл *топтық жұмыс ережелерін* құрастырып алған абзал. Бір сабақты минут-минутына дейін ойластырып, балалардың топтық жұмыстарын жоспарлап, коллаборативті ортаны қалыптастыру - мұғалімнің кәсіби құдіреттілігінің көрсеткіші. Осындай сабақ жоспарын құрудың өзі қызықты шығармашылық үрдіске айналады.

Топтық жұмыс ережелерін құрастыру және оны оқушылар үшін тартымды қылып көрсету маңызды. Құрастырылған ережелер барлығына бірдей көрінетіндей, оқылатындай және суреттермен бейнеленіп тұрғаны дұрыс. Балалар өз пікірлерінің бағалы екенін сезініп, өз



күштеріне деген сенімдері арта түседі. Топтық жұмыс ережелерін балалардың өздеріне құрастырту мұғалім үшін өте ұтымды қадам, себебі олар өздері ұсынған ережеге қарсы шыға алмайды.

Қазіргі кезде топтық жұмыстарды жүргізуде топтық бағалау формалары да көп қолданылады. Сондықтан ережелердің өзін сабақ үстіндегі объективті өзара бағалауға, жауап беру тәртібіне, уақытты ұтымды пайдалануға, сөйлеу әдебіне, тыңдау мәдениетіне қатысты бекітіп алуға болады. Бағалауға қатысты оқушылармен бірлесе отырып бағалау критерийлерін анықтап алу бағалау тиімділігін арттырады.

Дәл осылай сыныптағы оқушылардың топтарға бөлінуін, топта әрқайсысына жеке рөлдердің бөлініп берілуін алдын-ала ойластырып алған жөн. Топтық жұмыста әр оқушыға рөлдерді таратып беру әдіс-тәсімі жақсы нәтижелер көрсетуде. Мысалы, сыныпта 30 оқушы болса, оларды 6 адамнан 5 топқа бөлу қажет дейік. Топтарға бөлудің өзі сан-алуан түрлері белгілі. Ең қарапайым әдісі ретінде балаларға 1-ден 5-ке дейін санату. 1-ші номердегілер - бірінші топқа, ... 5-ші номердегілер - бесінші топқа топтасады. Енді әр топ орналасқан партаға (*спикер, репортер, комментатор оптимист, скептик, координатор, т.б.*) рөлдері жазылған карточкалар қойылады. Әр топ мүшелері рөлдерді кездейсоқ суырып алып отырып, сол рөл бойынша қызмет атқарады. Бұл рөлдердің әр балаға ауысып келіп отыруы оларды әр қырынан танытуға бағытталып әзірленген. Мұғалім өз шығармашылығына, оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін дамыту қажеттілігіне байланысты басқа да рөлдерді ұсына алады.

Осылайша рөлдерді үлестіру арқылы әр оқушының оқу белсенділігін арттыру, үнемі жауапқа дайын болып отыру, оларды әр тақырып мазмұнын талқылау ағымында ұстап отыруға болды. Топтық жұмыстың маңызды ерекшелігі – топтағы әр адамның жеке қасиеттерін, көшбасшылық қабілеттерін аша білу мүмкіндігі. Осы рөлдерге байланысты тапсырмаларды да түрлендіріп отыруға болады. Мысалы тақырыпты топтық талқылағаннан кейін әр топтан «оптимисттері» мен «скептиктерін» шығарып *«Оптимисттер» және «Скептиктер» тіресін* өткізуге болады. Ол үшін тақта алдында әр топтың оптимисттері бір қатарға, скептиктері қарама-қарсы екінші қатарға бөлініп тұрады. Әр топ өз пікірлерінің қарсыластарының пікірінен маңыздырақ екенін мысалдармен дәлелдеп шығуға тырысады. Оптимисттер тақырыптың практикалық құндылығы, ұтымды, жағымды, пайдалы жақтарын ашып көрсетсе, скептиктер керісінше, олардың айтқанына күмән тудырып, келергілерді көрсетіп, жауаптарын жоққа шығаруға тырысады. Егер жауап беру қиындап бара жатса, әр топтан спикерлер шығып сөйлеулеріне болады.

Ұжымдық-танымдық іс-әрекет технологиясының мақсаты – оқушылар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін жақсарту. Ал

қарым-қатынастар тек жақсылық жасау арқылы жақсарады, сондықтан топ ішінде өзара көмек, өзара сыйластық, өзара қолдау, өзара түсіністік сияқты ізгі әрекеттердің көп орындалуы ынтымақтастық ортаны қалыптастырудың кепілі. Бұл қатынастарды дұрыс басқара алу үшін мұғалім оқушылар ұжымының құрылымын, даму сатылары мен ерекшеліктерін терең зерттеп, олардың темперамент типтерін (меланхолик, сангвинник, холерик, флегматик) жетік білгені абзал.

3) **Проблемалық оқыту технологиясы.** Проблемалық оқыту идеясы оқушылардың ақыл-ойын дамытуда оқуды қызықты танымдық үрдіске айналдыруға байланысты пайда болған. Бұл идеялар Я.А. Коменскийдің, И.Г.Песталоццидің, Ф.А.Дистервергтің, К.Д.Ушинскийдің және т.б. педагогтардың еңбектеріндегі зерттеу өзегіне айналған. Сонымен қатар ХХ ғасырда шетелдік педагогикада проблемалық оқыту идеясы американдық психолог Дж.Дьюидің еңбектерінде оқушыларды белсенді оқу іс-әрекетіне қатыстыру, оқу проблемаларының шешімдерін өздігінен іздеткізу тұрғысынан зерттеліп дами түсті.

ТМД елдерінде проблемалық оқыту технологиясының зерттелуі М.А.Данилов, В.П.Есипов, И.Я.Лернер, А.В.Брушлинский, М.И.Махмутов, А.М.Матюшкин т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелген. Бұл зерттеулердің нәтижесінде *оқушыларға білімді дайын күйінде бере салмай*, керісінше, сол білімге өздерінің ізденістері арқылы, алдарына қойылған проблемалық ситуацияларды шешу арқылы жеткізудің маңыздылығы негізделді. Дәстүрлі оқытуда балалардың ізденіс жұмыстарының айқын көрінбейтіні алаңдатушылық туғызады. *«Білім – иемен құдық қазғандай»* балаларды ізденіске, шығармашылыққа, тапқырлыққа ой еңбегіне деген қызығушылықтарын оятып, ынталандыра алатын болуы керек.

Проблемалық оқытудың негізгі элементі - *проблемалық ситуация*. Проблемалық оқу ситуациясын шешу арқылы балалар өз қателіктерінің себептерін түсінетін болады, табылған тәсілдердің тиімділігін бағалайды, өз шешімдерін басқа балалар шешімдерімен салыстыра отырып, ең дұрыс шешімдерді таңдауға үйренеді.

Осындай ізденіс үстінде оқушылар өз пікірлерін негіздеу үшін фактілер мен аргументтерді келтіріп, өз пікірлерінің дұрыстығын дәлелдеуге үйренеді. Сонда ғана қол жеткізген білімдері нақты сенімдеріне айналып, білім берік естерінде сақталады. Осылайша білім берудегі үстірттілік пен формализмнен біртіндеп арылуға болатыны анық.

*Проблемалық оқыту технологиясының сипаттары:*

1. Оқушылардың дүниетанымдарын кеңейту.
2. Оқушылардың білімдерінің олардың сенімдеріне айналдыру.

3. Оқыту үрдісінің оқушылардың өмірлік тәжірибесімен, шынайы өмірмен байланысын нығайту.

4. Оқушылардың өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру.

5. Оқу-танымдық ізденісте жоғарғы эмоционалды белсенділікті қалыптастыру.

*Проблемалық оқыту технологиясының жалпы міндеттері мен қызметтері:*

1. Оқушылардың білімдер жүйесін және іс-әрекет тәсілдерін меңгерту.

2. Оқушылардың интеллекттерін дамытуға ықпал жасау.

3. Логикалық ойлауды дамытуға ықпал жасау.

4. Білімді шығармашылықпен меңгеру және қолдану дағдыларын қалыптастыру.

5. Шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін жинақтау.

6. Оқуға деген ынтаны жоғарлату.

*Проблемалық оқыту технологиясының негізгі кезеңдері:*

1. Проблемалық ситуацияны туғызу.

2. Қарама-қайшылықтарды сезіндіру.

3. Өзіндік түрлі болжамдарды келтірту.

4. Проблемалық ситуацияның шешімін тапқызу.

5. Табылған шешімді іске асыру, тәжірибеде қолдануға бағыттау.

*Проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудағы оқушылардың белсенділік деңгейлері:*

1. Оқушылар белсенділіктерінің төменгі деңгейі.

2. Оқушылардың жартылай өзіндік белсенділік деңгейі.

3. Оқушылардың өзіндік белсенділік деңгейі.

4. Оқушылардың шығармашылық белсенділік деңгейі.

Проблемалық оқыту технологиясын ұтымды пайдалану үшін әуелі мұғалім өзі беретін пәні бойынша қызықты проблемалық ситуациялар, қарама-қайшылықтар, жұмбақ-мысалдар, ойландыратын болжамдар, эвристикалық әңгімелер, ізденісті қажет ететін шығармашылық тапсырмалар, интеллектуалдық ойындар, шағын ғылыми жобалар, эксперименттік тапсырмалар, пікірталастар мен пікірсайыстар сияқты оқуға ынталандыратын, оқушылардың қызығушылықтарын арттыратын тәсілдер жүйесін құра білуі маңызды.

4) Оқытудың жобалау технологиясы. Бұл технологияның негізін американдық педагог Дж. Дьюи қалаған деп есептеледі. Жобалау технологиясы проблемалық оқыту технологиясының идеяларымен үндеседі, бірақ өзіндік ерекшеліктері бар. Оның басты айырмашылығы балаларға тапсырмалар берудің өзгешелігінде. Оқушыларға берілетін тапсырмалар олардың теориялық білімдерді нақты өмірлік тәжірибеде қолдана алуларына бағыттайды. Оқушылар өзіндік ізденіс үрдісінде

алдарына қойылған мәселенің немесе тапсырманың шешімін тауып, оның дұрыстығын дәлелдеп қорғап шығулары талап етіледі.

Мұғалім бұл технология бойынша тек бағдар беруші рөлін ұстанады: оқушыларға әдебиет көздерін оқуды, өз беттерінше жұмыс істеу тәсілдерімен таныстырып отырады. Ең ұтымды жағы - оқушылардың танымдық әрекетке қызығушылықтарының артуы. Оқушылар алған академиялық білімдерінің нақты өмірлік тәжірибедегі құндылығын, болашақта қажеттілігін осы жобалық тапсырмаларды орындау арқылы жақсы түсінетін болады.

Жобалау технологиясы бойынша оқушылардың өздік жұмыстарын орындау түрлері төмендегідей жіктелуі мүмкін: жеке іс-әрекет; жұптық іс-әрекет; топтық іс-әрекет. Жобаны орындау үшін нақты бір уақыт мерзімі бекітіледі. Осы уақыт ішінде жобаны орындаушылар өздерінің меңгерген теориялық білімдерімен қатар, жеке тәжірибесі негізінде түрлі салалардағы жинақтаған білімдерін жүйелейді. Орындалған жобаның нәтижесі нақты және практикада қолданылатын болуы керек.

*Жобалау технологиясы мына талаптарға сай жүргізілуі тиіс:*

- Берілген тапсырманың шығармашылық тұрғыдан қызықты болуы, жан-жақты ізденіс әрекетін талап етуі;

- Күтілетін нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық құндылығының жоғары болуы;

- Жоба (жеке, жұптық, топтық) міндетті түрде өзіндік орындалатын іс-әрекет болуы керек;

- Жобаның мазмұнының нәтижелерге жету кезеңдері бойынша құрылымдануы;

- Зерттеу әдістерінің қолданылуы: зерттеу проблемасын, міндеттерін, болжамын анықтау, жинақталған мәліметтерді талдау, статистикалық әдістерді қолдану;

- Жоба тапсырмасын орындауда пәнаралық байланыс негізінде білім интеграциясының болуы ;

- Орындалған жоба нәтижесінің қорытынды формасының материалдық сипатта өткізілуі: *бейнефильм, альбом, презентация, сайт, мақала, т.с.с.*;

- Жобаның көпшілік алдында талқылануы, қорғалуы, құндылығының дәлелденуі.

*Жобалау технологиясының оқушы үшін тиімділігі:*

- жоба мәселесін шешу барысында оқушы түрлі әдебиет көздерін өзі іздестіріп, өз білімін оқулықтан тыс материалдармен толықтырады;

- теориялық білімнің практикалық қолданысын іздестіруге машықтанады;

- жұптық немесе топтық ізденіс жұмыс барысында коммуникативтік іскерліктерін дамытады;
- мектеп жасынан ғылыми-ізденушілік іс-әрекет дағдыларын қалыптастырады;
- сыни ойлау, жүйелі ойлау, логикалық ойлауын дамытады;
- белгіленген мерзімге дейін жобаны орындау кезеңдеріне қажетті уақытты өздері белгілеп, тайм-менеджмент негіздерімен танысады.

5) **Оқытудың ақпараттық және коммуникативтік технологиялары.** Қазіргі ақпараттық қоғамда оқыту үрдісін ақпараттық-коммуникативтік технологияларынсыз көз алдына елестету мүмкін емес. Интернет желісі пайда болғаннан бастап ақпараттық-коммуникативтік технологиялар тек оқыту құралы емес, сонымен қатар әлемдік масштабтағы қарым-қатынас алаңына айналып, олардың тұрна санасына, оның дүниетанымына және жалпы тәрбиесіне әсері ерекше сезіле бастады. Кез келген ақпараттың қолжетімділігі әр тұлғаның әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануына зор ықпал тигізуде.

*Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар* - түрлі ақпарат көздерімен (электрондық, баспалық, қарым-қатынастық) жұмыс істеу үшін арнайы бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын педагогикалық технологиялар. Ақпараттық технологиялардың жедел модернизациялануына байланысты мұғалімдердің *ақпараттық құзыреттіліктеріне* деген талаптар жылдан-жылға күшею үстінде.

Мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігіне төмендегідей іскерліктер мен дағдыларды меңгеруі жатады:

1) Электрондық базамен жақсы жұмыс істей алуы, компьютерлік сауаттылығының болуы (MS Office Word, MS Office Excel, MS Office Power Point, MS Office Publisher, т.б. бағдарламалармен жұмыс істей алуы);

2) Оқушылардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында сабаққа қажетті материалдарды иллюстрациялық, анимациялық срекшеліктерімен презентация құрастыра білуі;

3) Мультимедиялық жобалардың, интерактивті тақтаның барлық мүмкіндіктерін пайдалана білуі, оқу бағдарламаларын көрсетуде қажетті деңгейде проекциялау техникасының тілін білуі;

4) Оқытатын пәні бойынша электрондық-сандық ресурстар, электрондық оқулықтар, атластар, құралдар, электрондық жұмыс дәптерлері, электрондық күнделік, компьютерлік тесттермен жұмыс істей алуы;

5) Жеке электрондық дидактикалық материалдарының қорын дайындау, оқушылардың электрондық портфолио банкін дайындай алуы;

6) Сайттар, буклеттер жасайтын бағдарламаларды, редакторлармен жұмыс жасай алу, электрондық кітапханалар мен веб-сайттарға сілтемелерді пайдалана отырып, сабақ тақырыбына қажетті қосымша материалдарды пайдалана алуы;

7) Интернет желісінде блог, форумдар жүргізу, оқушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен кәсіби желілік қоғамдастықтарда on-line жұмыс жасай алуы, желілік журнал, күнделіктер жүргізуі;

8) Интернет кеністігінде оқушыларды дистанциялық олимпиада, сайыстарға, викториналарға қатыстыруы;

9) Арнайы *Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn және т.б.* интернет платформаларында on-line түрінде біліктілікті жетілдіру курстарына қатысуы.

Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына байланысты мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігіне қойылған талаптар жылдан-жылға жаңарып, өзгеріп отырады.

6) **Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту технологиясы.** Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының авторлары америкалық педагогтар Дж. Стил, К.Мередит, Ч.Темпл, К.Уолтер, т.б. Бұл технология мынандай қағидаға негізделеді: оқушыны күштеп үйретуге болмайды, ол тек өз мытасы негізінде ғана үйрене алады.

**Сыни ойлау** - адамның логикалық, аналитикалық, өз тәжірибесіне негізделген, тәуелсіз, түрлі фактілер арқылы дәлелденетін, рефлексивті, бағалап ойлау түрі.

Сыни тұрғыдан ойлауды Дэвид Кластер былайша сипаттайды:

1) Өз бетінше ойлай алу, яғни **ойлау үрдісінде жекелік сипаттың** болуы маңызды. Біз үшін ешкім сыни тұрғыдан ойлай алмайды. Біз тек өзіміз үшін ғана сыни тұрғыдан ойлана аламыз.

2) Кез келген **ақпарат сыни тұрғысынан ойлаудың** соңғы емес **бастапқы сатысы**. Себебі ақпарат болмаса ойлауға да негіз жоқ.

3) Сыни тұрғыдан ойлау сұрақтар коюдан, **проблемаларды анықтаудан** басталады. Осындай мәселелерді шешу барысында оқушы шыныменен терең ойлана бастайды.

4) Сыни тұрғыдан ойлау **аргументтерді, дәлелдерді, фактілерді, статистикалық мәліметтерді, эксперимент нәтижелерін** қатыстыруды қажет етеді.

5) Сыни тұрғысынан ойлау үнемі **әлеуметтік сипатта** болады. Кез келген ой басқалармен бөліскенде шыңдала түседі. Сондықтан бұл технологияны қолдану барысында оқушылардың **өзара пікір алмасуына** мүмкіндік жасалуы керек.

Кез келген сабақ мұғалімнің монологына айналып кетпеуі керек. Ол кітаптағы мәліметтерді ауызша тасымалдаушы аппарат емес. Сол

үшін ашық талқылау, диалог болуы қажет. Дәстүрлі оқытуда көп жағдайда оқушылар мектеп жасынан пассивті тыңдауға, конспектілеуге, дайынды көшіруге бейімделіп кететіні алаңдаушылық туғызады. Сондықтан кейбір оқушылардың ережелерді түсінбей жаттап алғандарын білім деп қабылдау қиын. Сонда қазіргі мектептерде оқушылардың жаттау қабілеттеріне баға қойылып жүр ме, әлде біліміне баға қойыла ма? Мұғалім үшін оқушының жаттанды білімі білім емес, ол тек уақытша ғана жатталған үстіртін білім екенін түсінуі маңызды. Сондықтан әр оқушы сыни тұрғыдан ойлауға үйреніп, әр-бір айтқан жауаптарын негіздеп, дәлелдеп, мысалдармен бекіте алса және алған білімін өмірде қолдана алса ғана ол нағыз білім.

Көптеген зерттеушілер сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын сабақ барысында қолдануда оның үш негізгі кезеңін атап көрсетеді:

**1) Білгіні, қызығушылықты ояту кезеңі (Evocation):**

- Тақырып бойынша белгілі білімдерін еске түсіру, ойландыру;

- Тақырылқа деген қызығушылықты ояту;
- Оқушылардың осы тақырыпты меңгеру бағытын анықтауы;
- Оқу ынтасын оятуға байланысты проблемалық сұрақтардың қойылуы,

- Қызықты тарихи маңызды мысалдардың келтірілуі, т.б.

**2) Ой қозғау, түсіну кезеңі (Realization of Meaning):**

- Оқушылардың белсенді ой еңбегіне қатысуы;

- Тақырып көлемінде мәтіндермен түрлі жұмыс істеу әдістерінің болуы;

- Оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- Мәтінге, білімге деген жағымды көзқарас қалыптастыру;
- Оқушыларды өз беттерінде жұмыс істеуге, ізденуге үйрету;
- Педагог тек сырттай бақылаушы, кеңесші, бағыттаушы болуы;

- Сабақты жоспарлауда әртүрлі стратегиялардың пайдаланылуы, т.б.

**3) Рефлексия, ой толғаныс кезеңі (Reflection):**

- Бұрынғы білетін білімдерімен жаңа алған білімдерін салыстыру;

- Тақырып көлеміндегі білімдерін жүйелеу;
- Болашақта осы тақырыпты жетілдіру бағыттарын анықтау;
- Оқушының тақырыпты қаншалықты жақсы меңгергенін талдауы;

- Өздік танымдық жұмысын бағалаулары, өзара баға берулері;
- Кері байланыс карталарының сұрақтарына жауап берулері;

- Қорытынды тұжырым жасау үшін қысқаша эссе жазулары, т.б.

Сабақтың осындай құрылымы адам қабылдауының кезеңдеріне сай анықталған. Қысқаша айтқанда, ең бірінші тақырып бойынша не білетіндерін ортаға салып қызығушылықты ояту, екіншіден, жаңа ақпараттармен танысу және бөлісу, үшіншіден, бұл алған білімдерді не үшін және қалай қолдану жайлы ой толғаныстың болуы қажет.

Бұл технологияда ақпараттардың оқу арқылы қабылданып, жазу арқылы есте қалатынына аса мән берілген. Сондықтан аталып отырған технологияда оқу және жазу үрдістерінің түрлі тәсілдері қарастырылады. Мәтінмен жұмыс істей отырып оқушы өзінің қанышалықты түсініп отырғанын бақылайды, оған сырттан ешкім ықпал бермейді және танымдық мақсатқа өз бетінше жетуге тырысады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының түбін сөздері: *түсіне оқу, тиімді оқу, рефлексиялық жазу*. Мектептегі өзгермелі фактор - педагогтардың оқушыларды *неге* үйрететіндері емес, *қалай үйрететіндері*. Ең маңыздысы сол белгілі білім ақпараттарын тыңдаушыға қандай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жеткізуінде. Оқыту мен жазу білім берудегі ең негізгі үрдістер болғандықтан, оқушыларды дұрыс жазып, дұрыс оқу тәсілдеріне арнайы үйрету, ақпараттарға сын тұрғысынан қарап, ой елегінен өткізу тәсілдерін меңгерту қажет.

Оқуда кез келген ақпарат түрлі тәсілдермен талданып, мазмұны бойынша маңызды жақтары іріктеліп отырады. *Түсіне оқу* деген ұғымның өзі педагогты ойландыруы керек. Мұғалім ақпараттың күрделілік деңгейін дұрыс таңдап, оның оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай келуін ескеруі қажет.

Сондай-ақ *тиімді оқудың* өзі үлкен өнер. Ол үшін мұғалім ой еңбегінің нәтижесіне әсер ететін барлық факторлар дұрыс ойластыруы керек. Қанша уақыт жұмсау, нені анықтау, қандай сұрақтарға жауап іздеу, не үшін оқу – осының барлығын дұрыс ұйымдастыру мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің және технологиялық күзіреттілігінің айқын дәлелі бола алады.

*Рефлексиялық жазу* - оқу барысында оқушылар көптеген жазба жұмыстарын атқарып отырады. Мысалы қысқаша конспект жасау, түртіп жазу, ұнаған ойларды жазып алу, ұлы адамдар сөздерін жазып алу. Сонымен қатар оқыған материал бойынша рефлексиялық жазба жұмыстарын жүргізу (оқылған материал бойынша эссе, шығарма, мазмұндама жазу, т.с.с.) білімді меңгеру деңгейін дұрыс анықтауға мүмкіндік беретін маңызды тетіктердің бірі.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда шетелдік білім беру үрдісінде көп жылдардан бері қолданылып келе жатқан *Блум таксономиясы* тиімді нәтижелер көрсетуде. Осы теория негізінде таным үрдісі ең қарапайымынан бастап 6 деңгейге бөлініп қарастырылады.



6- Кесте. Блум таксономиясының деңгейлері

№	Таным деңгейі	Іс-әрекет мазмұны	Деңгейлер
1	Білу	Есте сақтау, жаттап алу, ажырату, қайта жаңғыртып айтып беру.	Төменгі
2	Түсіну	Өз сөзімен айтып беру, түйіндеу, ережелер мен анықтамаларды мысалдармен дәлелдей алу.	Орташа
3	Қолдану	Алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана алу, мәселелерді шешуде ең оптималды тиімді жолдарды таңдай алу, таныс емес жағдайда білімдерді пайдалана алу.	Орташа
4	Талдау (Анализ)	Зерттеу нысанасын түрлі бөліктерге бөлу, әр бөліктің маңығынасын саналы түрде түсінуі, Терминдерді, сөздерді топтастыру.	Жоғарғы
5	Біріктіру (Синтез)	Нәтижелерді шығармашылық тұрғыдан біріктіру. Тақырып құрылымы бойынша модель құрастыра білу, барлық білімдерді біріктіріп барлығын қамтитын бір тұжырым жасау.	Жоғарғы
6	Бағалау	Шешім қабылдай алу, түрлі пікірлердегі қарама-қайшылықтарды жою, өз пікірін қорғай алу, жүйелі тұжырым жасай алу.	Жоғарғы

Осы кестедегі көрсетілген таным деңгейлерін салыстыра отырып, жалпы білім беру мектептеріндегі дәстүрлі қалыптасып қалған оқыту жүйесінің қаншалықты жетілдіруді қажет ететінін айқын байқауға болады. Қазіргі орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламасы толығымен осы теориялардың тұжырымдамаларына негізделіп жасалуда. Яғни, сабақты жоспарлауда мұғалім оқушыларға берілетін талсырмаларды Блум таксономиясының оқу мақсаттарына сай ойластырып дайындауы қажет.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының көптеген стратегиялық тәсілдері бар және олар жылдан жылға көбею үстінде: «Білемін, білгім келеді, білдім», «INSERT (interaktiv notig system for reading and thinking)», «Синквейн», «Кластер», «Сенесіз бе?», «Зигзаг», «Рефлексиялық сұрақтарға жауап», «Жолақтағы белгілер (+, -, !, ?)», «Паузамен оқу», «Сұхбат», «Эссе», «Джигсо (jigsaw-пазл)», «Аралас мәтіндер», «Берілген мәтін бойынша сұрақтар құрастырып өзара тексеру», «Мұғалімнің жасырын қателері», «Жарнама», «Такта алдындағы топтық жауап», «Тарау бойынша блиц-турнир», «Ассоциация», «Болжау», «Вени диаграммасы», «Балықшылар сайысы», т.б. көптеген

стратегиялары бар. Тек әр мұғалім осы стратегияларды әр ситуацияда ұтымды пайдалана алуы оның жеке құзырында.

7) **Оқытудың белгі-контекстік технологиясы.** «Контекст» сөзі латын тілінен аударғанда «contextus» – өрілу, бірігу деген мағынаны білдіреді. А.А.Вербицкийдің белгі-контекстік оқыту технологиясы кәсіби білім беру саласына арналған және оқыту үрдісін білім алушының болашақ кәсіби іс-әрекеті контекстінде қарастырумен негізделеді. Технологияның басты идеясы - оқыту үрдісінде ғылыми теория мен кәсіптік саланы (өндірісті) кіріктіру. Яғни, жоғарғы оқу орындарында білім алушылар тек пән мазмұндарын меңгерумен емес, соған қоса алған білімдерін кәсіби салада пайдалану дағдыларын қалыптастыра алулары керек. Демек, білім болашақ кәсіби іс-әрекет контекстінде (кәсіби іс-әрекет моделі, белгісі арқылы) берілуі керек.

Технологияда білім алушының үш түрлі іс-әрекеттері ажыратылып қарастырылады:

- Академиялық типтегі оқу іс-әрекеті (лекция, семинар, өздік және лабораториялық жұмыстар, т.б.);
- Квазикәсіби іс-әрекет (кәсіпті меңзейтін іскерлік ойындар, сабақтың кәсіби іс-әрекетке жақындатылған ойын формалары, т.б.);
- Оқу-кәсіби іс-әрекет (ғылыми-зерттеу жұмыстары, кәсіптік практика, дипломдық жұмыс, т.б.).

Осы іс-әрекет түрлерінің өзара кіріктіріле атқарылуы контекстік оқыту технологиясының мәнін ашады. Контекстік оқыту білім беру саласындағы негізгі қарама-қайшылық болып табылатын теориялық білімдердің шынайы кәсіби іс-әрекет талаптарына сәйкессіздігін жоюға бағытталған.

Бұл технологияны қолданудың негізгі принциптері:

- Теория мен практиканың байланысын модельдеу;
- Бірлескен іс-әрекет түрлерін модельдеу;
- Тұлғаның белсенділігін қалыптастыру;
- Проблемалық жағдаяттарды шешу;
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету;

Іскерлік ойын – қазір кәсіби (болашақ кәсіпті елестету) іс-әрекеттің жетекші формасы болып табылады. Іскерлік ойын арқылы білім алушы өзінің болашақ кәсібімен жанама түрде тереңірек танысады, ондағы қызметтерін іс-жүзінде орындап көруге тырысады. Мысалы, педагогтық кәсіпті жақсы меңгеру үшін, болашақ ұстаздар арасында іскерлік ойындар ұйымдастыру арқылы олардың бойында сөйлеу шеберлігін, шығармашылық, ұйымдастырушылық, конструктивтік, т.б. қабілеттерін қалыптастыруға болады.

Сонымен қатар іскерлік ойындарды жүргізуге қойылатын әдістемелік талаптарды ескеру қажет:

- Іскерлік ойын бір тарауды пысықтау үшін, оның логикалық аяқталуын көрсету үшін қоланылады;

- Ойынның ұйымдастырылуы барынша шынайы кәсіби іс-әрекет моделіне сәйкес болуы керек;

- Еркін шығармашылық және ізденіс ахуалының қамтамасыз етілуі қажет;

- Қажетті оқу-әдістемелік құжаттарды дайындау талап етіледі;

- Іскерлік ойынның мақсаты, міндеттері, мазмұны, жүргізу ережелерінің нақты белгіленуі;

- Ойында көрсетілген кәсіби проблеманың мүмкін болатын бірнеше шешімдерінің анықталуы;

- Ойынды жүргізуге қажетті жабдықтардың болуы.

Контекстік оқыту технологиясы жоғарғы сынып оқушыларының арасында, кәсіпке бейімдеу барысында қолдану өте тиімді.

#### **Өзін-өзі бақылау сұрақтары**

1. «Теория», «әдістер», «әдістеме», «технология», «педагогикалық технология» ұғымдарының арақатынасы қандай?

2. Педагогикалық технологиялардың жіктемелері қандай өлшемдерге негізделген?

3. Макротехнологиялар мен микротехнологиялардың негізгі айырмашылықтары неде?

4. Педагогикалық технологиялардың атқаратын қызметтері қандай?

5. Педагогикалық үрдістегі коллаборативті оқу ортасының оқушы тұлғасына ықпалы қандай?

## ГЛОССАРИЙ

**Тәрбие** - қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірдің белсенді қатысушысын даярлауды мақсат етіп қойған, жеке адамды қалыптастырудың жүйелі үрдісі.

**Тәрбие жүйесі** – тәрбие ісінің мазмұны, құрылымы мен қолданудың әдіс-тәсілдері және оны білім беру үдерісінде қолдануды ұйымдастыру істерінің жиынтығы.

**Тәрбие жұмысы** – бұл жеке тұлғаның неғұрлым толық дамуына бағытталған ересектер мен балалардың тіршілік әрекетін ұйымдастыруға бағытталған мақсатты іс-әрекет.

**Теория** (гр. theoria – пайымдау, анықтау)– белгілі бір құбылыстың, шындықтың заңдылықтары мен байланыстары жайлы жан-жақты, толық мағлұмат беретін тұжырым.

**Әдістеме дегеніміз** - әдіс пен тәсілдердің жиынтығы.

**Әдіс** тәрбиешінің баланың бойына тұрақты моральдық көзқарастар мен адамгершілік сезімдерді, дағдыларды сіңірудің құралы тұрғысынан қарастырылады.

**Заңдылық** – қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін, заң аясынан шықпайтын құқықтық әрекеттер мен құқықтың орындалуына саналы түрде жету.

**Тәрбиенің әдіснамасы** - тәрбиенің тарихилығының айқындалуы, мақсаты, міндетіне, әдіс-тәсілдеріне сәйкес мазмұнның жүйелі құра білу, бірізді, сабақтастықта ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани мәдени дәстүрлер тәрбие үдерісіне жанашыл көзқарастармен енгізе отырып, тұлға бойындағы ізгілік қасиеттерді оның іс-әрекеті, қарым - қатынас, мінез – құлқында көрініс табуы.

**Тұлға** – ерік-жігерінің іске асуы, өз ойын еркін іске асырудың дайындығы және оның іске асуының нәтижесі. Ерік-жігер механизмі дегеніміз адамның өзіне тән жеке бас қасиеттерін іске асыруы. Тұлға дегеніміз – сезімнің, әсердің ішкі күшінің - сүйініштің бойға жинақтаған көрінісі.

**Ерлік тәрбиесі** – ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде оқушылардың ерік-жігерін, табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге, ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

**Қазақстандық патриотизм** - Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік бікіткен көріну үшін білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілік, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш жігерін жұмсау.

**Әлеуметтік құндылық** – ұрпақтан-ұрпаққа жинақталған тәжірибелер, өмір шындығы. Мұндай құндылықтар білім, мұрат,

адамдар арасындағы қарым- қатынас және мінез- құлық нормалары, адамдардың өмірлік іс - әрекеті.

**Педагогикалық қолдау** баланың дамуына көмектесу және оның денсаулық, қатынас, оқыту, өзін-өзі өмірлік анықтауы мәселелерін шешуге бағытталған өзін-өзі дамытуына ықпал ету мәселесін қамтиды.

**Құндылық** - Отан, адам, тұлға, өмір, адамдардың бір-біріне мейрімділік қарым-қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, өнер адамның өмір сүруіне деген материалдық жағдайдың болуы.

**Білім** – бұрынғы белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдардың жиынтығы.

**Ғалым** – ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын әрі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізетін жеке адам.

**Ғылым** – функциясы табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы.

**Ғылыми-зерттеу жұмысы** – бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс.

**Ғылыми таным** – жаңа білім алу мақсатындағы ғылыми әдістерді пайдаланып, өзіндік мақсат көздей отырып зерттеу жүргізу.

**Педагогика әдіснамасы** (методология педагогика) - педагогика теориясына лайықты танымның ұстанымы, әдісі, нысаны мен таным амалдары арқылы педагогикалық болмысты өзгерісті түсіндіру.

**Гуманизм** - адам тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауға негізделген көзқарастар жиынтығы; тұлғаның құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған және тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуын қарастыратын ілім.

**Кәсіби құзыреттілік** - тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқарудағы теориялық және практикалық даярлығының бірлігі. Маманның жұмыс мақсаттарына, талаптарына сай өзіндік шешім қабылдай алуы, күрделі мәселелер жағдайында тиімді жол таба алу іскерлігі, және іс-әрекет нәтижесін бағалауға даярлығы.

**Мәдениет** – қоғамның даму тарихының жеткен сатысын сипаттайтын және адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибесі процесінде қалыптасатын материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы.

**Өзін-өзі тәрбиелеу** - өзіндік адамгершілік сапаларды қалыптастыру бойынша тұлғаның саналы іс-әрекеті, бір мақсатқа сәйкес адамның өз тұлғасын өзі қалыптастыруы.

**Педагогикалық парадигма** дегеніміз нақты педагогикалық міндеттерді шешудегі үлгі, стандарт, модель ретінде ұстанатын, негізгі қалыптасып қалған ғылыми жетістіктер, әдістер, теориялар, көзқарастар жүйесі.

**Педагогикалық іс-әрекет** – педагогикалық процесте жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеп, дамытуға, өздерін өздері іске асыруға және еркін шығармашылық тұрғыдан өздерін таныта алуларына қолайлы жағдай жасауға бағытталған *кәсіби іс-әрекет*.

**Рефлексия** - адамның өзін-өзі зерттеуі, түсінуі, өзін басқалардың қалай қабылдайтыны жайлы өзін бағалауы.

**Эмпатия** - мұғалімнің оқушылардың психикалық жағдайын, көңіл-күйлерін түсінуі, өзін басқа адамның орнына қоя алуы.

**Диалектикалық әдіснама** - индукция мен дедукцияның, анализ бен синтездің, абстрактілік пен нақтылықтың, тарихилық пен логикалықтың бірлігі. Ғылыми зерттеулерде жеке пәндердің әдістерін дұрыс қолдану әдіснама ғылымына, яғни ақиқатты танудың диалектикалық заңдылығына сүйенеді.

#### №1 сұрақ

V2	Т.И.Шукина бойынша тәрбие әдістері жіктеледі:
0	Мінез-құлқ пен шығармашылықты қалыптастыру әдістері
1	Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері
0	Оқушының тәрбиелік деңгейін қалыптастыру әдістері
0	Іс-әрекетті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру әдістері
1	Іс-әрекетті ұйымдастыру мен қоғамдық мінез-құлқ тәжірибесін қалыптастыру әдістері
0	Оқушының дүниетанымын қалыптастыру әдістері
1	Мінез-құлқ пен іс-әрекетті ынталандыру әдістері

#### №2 сұрақ

V2	Тәрбиенің негізгі бағыттары:
0	Шыдамдылық
1	Адамгершілік
0	Интеллектуалдық
0	Тұлғалық
1	Ақыл-ой
0	Тазалық
1	Эстетикалық

#### №3 сұрақ

V2	Тәрбиенің қоғамдық мәні:
0	Ережелер жүйесі
1	Жеке тұлғаның санасына, мінез - құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал

0	Кең мағынада алғанда, қандайда болса, бір жан несіне тиісті азық беріп, сол жан несінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз
0	Қоғамның пайда болуына тән қасиет
1	Рухани жағынан үнемі жетілу және баюуда көпсалалы процесс
0	Біз кімдерді тәрбиелейміз, солардың жүрегіне ықпал етеміз
1	Халықтар бойына білімге негізделген этникалық ізгіліктер мен өнерлерді дамыту

#### №4 сұрақ

V2	Отбасындағы тәрбиенің міндеттері
0	Баланың жеке бас ерекшелігін ескеру
1	Отбасында баланың өсіп жетілуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, нығайту, бекіту
0	Баланың психикалық үрдістерін ескеру
0	Жан – жақты дамыған тұлға тәрбиелеу
1	Еңбексүйгіштікке, өзіне – өзі қызмет ету дағдыларына үйрету
0	Жас ұрпақтың бойындағы азаматтық белсенділігін арттыру
1	Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым – қатынасын, тұл табысып түсінісуін, бірін – бірі тыңдап, ата – ананы, туган – тумстарын, жасы үлкендерді сыйлап құрмет тұтуға үйрету

#### №5 сұрақ

V2	Тәрбиенің заңдылықтары:
0	Ұжымның қалыптасу жолдарын анықтайды
1	Баланың үнемі жетілуі, даму жағдайында болуы
0	Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктерін анықтайды
0	Оқушылардың қоғамдық жұмысты атқарудағы міндеттерін анықтайды
1	Тәрбие мек дамудың бірлігі және өзара байланыстылығы
0	Пән мұғалімдерінің сынып оқушылармен қарым-қатынасын дұрыс қалыптастырудағы міндеттерін анықтайды
1	Тәрбие мен өзін - өзі тәрбиелеудің бірлігі және өзара байланыстылығы

#### №6 сұрақ

V2	Тәрбиенің қоғамдағы атқаратын қызметіне орай өзіндік ерекшеліктері:
0	Бақылау әрекеті
1	Қоғамдық құбылыс
1	Ұзақ әрі күраелі процесс
0	Тәрбиелік іс-шарасы
0	Тәрбиелік әрекет
1	Мақсатты процесс

#### №7 сұрақ

V2	Тәрбие әдістері:
0	Педагогикалық біліктілік деңгейі
1	Жеке басқа ықпал ету құралы
1	Тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланыс іс - әрекетінің

	тәсілдері
0	Тәрбие урдістерінің жиынтығы
0	Тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктері
1	Педагогикалық жұмыстың тәсілдері мен жолдары арқылы тәрбие мақсатына жету

№8 сұрақ

V2	Сынып жетекшісінің диагностикалық қызметі:
0	Сыныптың білім көрсеткіштерін жоғары дәрежеге жеткізу
1	Оқушылардың тұлғалық және жеке дара ерекшеліктерін зерттеу және талдау
0	Мектеп әкімшілігі таралынан берілетін жұмыстарға талдау жасау
0	Өз сынып оқушыларының ден-саулығын зерттеу
1	Сыныптағы келесіз жағдайдың себепін іздестіріп, анықтау
0	Балаларының сабақ үлгерімі және тәртібі жайлы ата-аналарға мағлұмат жинау
1	Келесіздіктерді болдырмаудың тәсілдері мен жолдарын қарастыруды көздеу

№9 сұрақ

V2	Сынып жетекшісінің қызметі:
0	Оқушыларды қоғамға сай тәрбиелеу
1	Әр бағытта сыныптағы оқушының әрекетін ұйымдастырады
0	Мақсатқа сай тәрбиелеу
0	Оқушылардың ой-өрісін дамыту
1	Әрбір тұлғаның дамуына қамқорлық жасайды
0	Ұжым арқылы тәрбиелеу
1	Сыныпта туындаған мәселелерді шешудегі қамқорлық

№10 сұрақ

V2	Мұғалімнің іс - әрекетінің құрылымы:
0	Қызығушылығын арттыру
1	Хабарлау қабілеті
1	Қарым - қатынастық қабілет (коммуникативтік)
0	Білік, дағды қалыптастыру
0	Білім алу мен оқу саласын арттыру
1	Құра білу қабілеті



### Нормативті құжаттар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 2012.- 68 б.
3. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. – Алматы, 2011. – 20 бет.

### Студенттерге қосымша оқуға арналған әдебиеттер тізімі:

1. Құнанбаев А. Қара сөздер. – Алматы: Ел, 1993. - 272 б.
2. Абдильдин Ж.М. Диалектика как методология научного познания. –Алма-Ата: Знание, 1981. – 35 с.
3. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995.
4. Алтаев Ж., Қасабеков А., Ғабитов Т. Философия және мәдениеттану. Оқу құралы. –Алматы: Жеті жарғы, 1998. –272 б.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1994. - 285 б.
6. Альмуханбетов Б.А. Тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане. – Алматы: РИПКСО. 2002. -272 с.
7. Ахмед Яссауи Диуани Хикмет «Даналық жайындағы кітап». -Алматы: Жазушы, 1986. – 616 б.
8. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: “Дарын”, 2004. -348 б.
9. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. ҚазМемҚызПУ-нің РОӘК ұсынған. Алматы, «Полиграфия - сервис К», 2012, - 330 б.
10. әл-Фарабидің философиялық трактаттары. – Алматы, 1973. – 318 б.
11. Бабанский Ю.К. Педагогика. – М: Просвещение, 1983. – 608 с.
12. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991.
13. Батталханов Е.З. Формирование социально-культурного мировоззрения молодежи. –Алматы: Санат, 1998. – 209 с.
14. Безрукова В.С. Педагогика. Учебное пособие. – Ростовн/Д: Феникс, 2013. – 318 с.
15. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Монография. – Алматы: Ғылым, 1998. – 225 с.
16. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзыретті педагогтарды даярлау негіздері. Оқу құралы. – Алматы: 2009. -240 б.
17. Беркімбаева Ш.К., Құнантаева К.К., Қалиев С.К. т.б. Педагогика тарихы. –Алматы: ҚазМемҚызПУ. 2009. - 370 б.

18. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, 1989. - 192 с.
19. Бөлесев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұяттық тәрбие беруге кәсіби дайындау: теориясы мен практикасы. - Алматы: «Нұрлы Әлем», 2004. - 304 б.
20. Выготский Л.С. Педагогическая психология // Психология: классические труды. - М.: Педагогика, 1996. - 280 с.
21. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. - М.: Изд. «Совершенство», 1998. - 608 с.
22. Давыдов В.П. Методология и методика педагогического исследования. Учебное пособие. - М.: Логос, 2006. - 128 с.
23. Дулатов М. Шығармалары. - Алматы: 1991. - 384 б.
24. Джусубалиева Д.М. Формирование основ информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения. - Алматы: Ғылым. - 1997. - 222 с.
25. Дүйсенбінова Р.Қ. Оқушыларға қазақ халқының өнері арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беру. - Алматы: 1998. - 411 б.
26. Есім Ф. Хакім Абай. - Алматы: Атамұра, Қазақстан, 1994. - 84 б.
27. Жампенсова К.К. Формирование основ политической культуры старшеклассников в целостном педагогическом процессе. Алматы: РИК, 1993. - 232 с.
28. Жарыкбаев Қ. Психология. Оқулық. - Алматы: «MLD - GUL» баспаханасы, 2010. - 722 б.
29. Жексенбекова У.Б. Теория и практика работы с одаренными детьми. Монография. КазНПУ им.Абая. - Алматы: 2004. - 270 с.
30. Жұмабаев М. Педагогика. - Алматы: Рауан, 1998. - 112 б.
31. Жүкеш К. Ұлттық психологияның сипаты. Алматы: РБК, 1996. - 196 б.
32. Загашев И. О., Заир-Бек С. И. Критическое мышление: технология развития. — СПб: Альянс-Дельта, 2003. — 284 с.
33. Занков Л.В. Избранные педагогические труды. - М.: Педагогика, 1990.
34. Иманбаева С.Т. Патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы. Монография. - Алматы: Полиграф - Сервис. 2007. 305 бет.
35. Иманбаева С.Т., Майгаранова Ш. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ –нің РОӘЖ ұсынған. - Алматы: «Онон». - 2017. - 336 б.
36. Кашлев, С.С., Технология интерактивного обучения. - Мн., 2005.
37. Кайдарова А.Ж. Развития теории содержания высшего педагогического образования в Республики Казахстан. Монография. - Алматы: 2005. - 229 с.

38. Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Актуальные проблемы модернизации педагогической системы на основе технологического подхода. – Алматы: Жазушы, 2005. -136 с.
39. Караев Ж.А., Шахгулари В.В., Иманбаева С.Т., Кобдикова Ж.У. Педагогика межличностных отношений. Учебное пособие. Рекомендовано РУМС. – Алматы: КазГосЖенПУ, 2011. – 280 с.
40. Кертаяева Г.М., Ботаянова О.Б. Организация психолого-педагогических научных исследований. Учебное пособие. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2008. - 387 с.
41. Коджаспирова Г.М. Педагогика. Учебник.- М.: КНОРУС, 2010.- 744с.
42. Кожаметова К.Ж., Таубаева Ш.Т., Джанзакова Ш. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. – Алматы: Алжан, 2005. – 174 с.
43. Коменский Я.А. Ұлы дидактика. Аударған, алғы сөзін жазған Ә. Қоңыратбаев. – Алматы: 1993. – 100 б.
44. Кон И.С. Социализация личности. – М.: Политгиздат, 1967. – 382 с.
45. Корнетов Г.Б. Педагогика: теория и история. - М., Изд-во УРАО, 2003. - 256 с
46. Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап. – М.: Изд. центр «Академия», 2006. – 400 с.
47. Крутецкий В.А. Психология обучения и воспитания школьников. –М: 1976. -248 с.
48. Қудайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі: Монография. – Алматы: 2008. – 327 бет.
49. Кукушин В.С. Теория и методика воспитательной работы. Учебное пособие. Издательский центр «МарТ», 2002. – 320с.
50. Кусаннов Г.М. Педагогическая технология: теория, история, практика: Монография. – Усть-Каменогоре: Изд-во ВКГУ, 2000.- 324 с.
51. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Қазақстан, 1997. 2-том.
52. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы (Орыс және қазақ тілдерінде). – Алматы: «Ұлағат», 2013. - 36 б.
53. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Білім, 2003. -280 б.
54. Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика: әдіснама, теория, тәжірибе. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. -254 бет.
55. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Алматы:2002.- 384 б.

56. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. -Алматы: Жазушы, 1989. - 360 б.
57. Құнантаева К.Қ. Қазақ педагогикасының тарихы. – Алматы. 2005.
58. Құсайынов А.Қ. Качество современного образования. - Алматы: «Рауан», 1999. – 176 бет.
59. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. –186 с.
60. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций. – М: Прометей, Юрайт, 1998. – 464 с.
61. Майгаранова Ш. Тұлғаны рухани дамыту мәселелері. Монография. –Алматы: «Арда». 2016. -220 б.
62. Махаренко А.С. Воспитание гражданина. – М.: Просвещение, 1988. –34 с.
63. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика. Полный курс: учебник. – М.: Издательство Юрайт, 2011. – 797 с.
64. Маслоу А. Дальние пределы человеческой психики. –СПб.: Евразия, 1999. -287 с.
65. Масырова Р.Р. Инновации в среднем общем образовании Казахстана: анализ и тенденции развития. –Алматы: КазГосЖенПУ. – 2008. – 320 с.
66. Менлибекова Г.Ж. Система подготовки будущих учителей к социально-педагогической работе: методология, теория, практика. – Алматы: Білім, 2001. - 268 с.
67. Молдабеков Ж. Өзіндік таным. Оқу құралы. – Алматы: «Қарсай», 2014, -376 б.
68. Мудрик А.В. О воспитании старшеклассников: Кн. для кл. руководителей. - М.: Просвещение, 1981. - 176 с.
69. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы: Мектеп, 1982. - 248 б.
70. Нағымжанова Қ.М. Болашақ мамандардың педагогикалық креативтілігін дамытудың негіздері. – Өскемен: ШҚМУ, 2007. – 280 бет.
71. Наурызбаев Ж.Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: Ана тілі, 1995. - 190 б.
72. Нургалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика, формирования. – Алматы, 1994. – 380 с.
73. Образование и наука. Энциклопедический словарь / Гл. редактор Ж.К. Туймебаев. – Алматы: 2008. – 448 с.
74. Педагогика. /Редакциясын басқарған П.И.Пидкасистый. Аударғандар Г.К.Ахметова, Ш.Таубаева. –Алматы: Қазақ университеті. 2006. -336 бет.

75. Педагогика: Учебник. – Алматы: Print-S, 2005. -364 с.
76. Педагогический энциклопедический словарь. Золотой фонд. Энциклопедия. –М.: Изд. «Дрофа», 2009. -528 с.
77. Пикан В.В. Научное руководство экспериментом в школе. НИИ школьных технологий. –М.: 2011. – 250 с.
78. Подласый И.П. Педагогика. Учебник для бакалавров. Гриф УМО: -М.: Юрайт, 2012.- 574с.
79. Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие. – М. Академия, 2003 – 272с.
80. Педагогические технологии: Учебное пособие для студентов педагогических специальностей /Под общей ред. В.С.Кукушина. – Москва: ИКЦ «МарТ». 2004. -336 с.
81. Піраліев С.Ж., Оразбаева Ф.Ш., Иманбаева С.Т., Берікханова А.Е., Шолпанқұлова Г.К., Ауелгазина Т.К., Нұрғалиева Д.А., Халықова К.З. Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Үлағат». 2014 ж. -296 б.
82. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация: Пер. с англ. - М.: 2002. - 254 с.
83. Рысбаева А.К. Категории педагогики в системе научного знания. Учебное пособие для студентов и магистрантов педагогических вузов. - Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2005. - 262 с.
84. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. - М.: Педагогика, 1973. - 423 с.
85. Садықов Т.С., Әбілқасымова А.Е. 12 жылдық білім методологиясы. –Алматы: «Комплекс», 2004. - 140 б.
86. Самыгин С.И., Столяренко Л.Д. Психология и педагогика. Адаптированный курс для бакалавров.- Изд.: КНОРУС, 2012.- 480с.
87. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномадени пайымдау. - Алматы: Санат, 1997. - 464 бет.
88. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 1-х т. - М.:НИИ школьных технологий, 2006.- 816 с.
89. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. - М.: Педагогика, 1986.-144 с.
90. Сластенин В.А. Педагогика: учеб.пособие для студ высш.учеб.заведений /под ред. В.А.Сластенина. – М.: 2007. – 576 с.
91. Столяренко Л.Д., Самыгин С.И. Педагогика. – М.: ИКЦ МарТ, Ростов н/Дону, 2003. - 208 б.
92. Сухомлинский В.А. О воспитании. - М.: Политиздат, 1973. - 272 с.

93. Сытдыков Ә. Педагогические идеи и просветительская деятельность И.Алтынсарина. – Алматы: Мектеп, 1968. -235 с.
94. Табылдыев Ә. Халық тағылмы. - Алматы: Қазақ университеті баспасы, 1992. - 195 б.
95. Тажібәев Т.Т. Педагогическая мысль в Казахстане во второй половине XIX века. Алма-ата, 1965.
96. Таникеев М. Мир народного спорта. – Алматы: Санат, 1998, -288 б.
97. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2013. - 432 бет.
98. Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 340 б.
99. Төлеубекова Р. Қоғам дамуының жана кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. – Алматы: Комплекс, 2001. – 295 с.
100. Тетенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қазақстан, 1978. – 87 б.
101. Ушинский К.Д. О нравственном элементе в русском воспитании. Собр. соч. – М.: - Т. 2.
102. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.
103. Урунбасарова Э.А. Становление и развитие теории нравственного воспитания школьников Казахстана (60-е г.г. XIX в. – 90 –е г.г. XX в.). Монография. – Алматы: 1999. -270 с.
104. Фридман Л.М., Пушкина Т.А., Каплунович И.Я., Изучение личности учащегося и ученических коллективов. – М.: Просвещение, 1998. – 207 с.
105. Халитова І.Р. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізудің педагогикалық негіздері. Алматы: 1997. –200 б.
106. Хан Н.Н. Научно-практические основы сотрудничества и его реализация в педагогическом процессе школы – Алматы: 2000. -96 с.
107. Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса. Учебное пособие. – Алматы: КазНПУ им.Абая, 2008. – 176 с.
108. Хуторской А.В. Педагогическая инноватика. Учебное пособие. - М.: Академия, 2010. -254 с.
109. Шахгулари В.В., Иманбаева С.Т., Муратханова Р., Мухамединова Н.А. Педагогика школы. Учебное пособие. –Алматы: Казахский государственный женский педагогический институт, 2004. – 186 с.
110. Шохай М. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қайнар. Т. 1. -1998. -512 б.

111. Шуклина Г.И. Проблема познавательного интереса в педагогике. - М.: Педагогика, 1971. - 351 с.
112. Щуркова Н.Е. Новое воспитание. - М.: «Педагогическое общество России», 2000.
113. Лемберг Р.Г. Дидактические очерки. - Алматы: Учпедгиз, 1954.
114. 12-летняя школа. Проблемы и развития общего среднего образования. /Под ред. В.С.Леднева, Н.И.Дика, А.В.Хуторского. - Москва: ИОСОРА, 1999. 265 с.

## МАЗМҰНЫ

	<b>КІРІСПЕ</b>	3
	<b>I БӨЛІМ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚКА КІРІСПЕ</b>	
1.	<b>Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайлардағы білім берудің ролі мен ерекшеліктері</b>	5
1.1	Замануи мәдениеттегі білім берудің орны мен ролі	5
1.2	«Білім беру» ұғымының мағынасы	6
1.3	Қазіргі білім беру парадигмасының нәтижеге және жеке тұлғаға бағдарлануы	12
1.4	Білім беру саласындағы өзгерістерге әсер ететін факторлар	14
1.5	Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің заңнамалық негіздері және мемлекеттік білім беру саясаты	17
2	<b>Педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің жаңвы сипаттамасы</b>	21
2.1	Педагогикалық мамандықтың пайда болуы және қалыптасуы	21
2.2	Мұғалім еңбегінің профессиограммасы – мұғалім тұлғасының моделі ретінде	23
2.3	Мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті	25
2.4	Мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттері	28
2.5	Мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетінің стилі	29
3	<b>Педагог тұлғасы және оның кәсіби құзыреттілігі</b>	32
3.1	Жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық сипаттамасы, жеке тұлға компоненттері	32
3.2	Педагогтық кәсіпке деген қызығушылық, оның қоғамдағы ролін түсіну - болашақ мұғалімнің кәсіби жолын таңдауы мен кәсіби өзін-өзі жетілдіру негізі	33
3.3	Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениеті	36
3.4	Кәсіби құзыреттілік және педагогикалық шеберлік	41
4	<b>Педагогикалық қарым-қатынас – педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзара әрекеттестік негізі</b>	47
4.1	Педагогикалық қарым-қатынас туралы түсінік	47
4.2	Кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынас түрлері	49
4.3	Әртүрлі жастағы оқушылармен педагогикалық қарым-қатынастың ерекшеліктері	53
4.4	Педагогтың сөйлеу мәдениеті – кәсіби іс-әрекет жетістігінің шарты	56
5	<b>Педагогтың үздіксіз кәсіби өсу факторлары</b>	60
5.1	Тұлғаға үздіксіз білім беру - қоғамның тұрақты дамуының шарты	60
5.2	Кәсіби өзін-өзі тәрбиелеу - қазіргі мұғалім тұлғасын дамыту факторы	62
5.3	Педагогикалық рефлексия - өзін-өзі тәрбиелеу негізі	66
5.4	Өздігінен білім алу - қазіргі заман жағдайында мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің нормасы	69
	<b>II БӨЛІМ. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b>	
1	<b>Педагогика адам туралы ғылымдар жүйесінде</b>	74
1.1	Педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуы	74
1.2	Педагогиканың негізгі категориялары (тәрбие, оқыту, білім беру, педагогикалық үдеріс), олардың өзара байланысы.	78



1.3	Педагогика ғылымындағы пәнаралық ұғымдар	79
1.4	Педагогикалық ғылымдар жүйесі	80
2	<b>Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері</b>	84
2.1	Педагогика ғылымының әдіснамасы	84
2.2	Педагогика әдіснамасының деңгейлері	86
2.3	Философиялық заңдар, заңдылықтар	87
2.4	Педагогикалық теория	89
2.5	Педагогика әдіснамасының мәнін зерделеу бағыттары	94
2.6	Педагогика әдіснамасының даму тарихы	95
3	<b>Педагогикалық зерттеудің мәні мен мазмұны</b>	97
3.1	Педагогикалық зерттеудің түрлері	97
3.2	Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері	98
3.3	Педагогикалық зерттеудің әдістері	99
3.4	Ғылыми зерттеу бағдарламасы мен технологиясы	101
3.5	Нақты педагогикалық зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу әдістемесі	103
3.6	Педагогтың зерттеушілік әрекеті және зерттеушілік мәдениеті	103
4	<b>Жеке тұлға тәрбиесінің әдіснамалық негіздері</b>	105
4.1	Тәрбие философиясы	105
4.2	Тұлға - тәрбиенің, өзіндік дамудың объектісі және субъектісі	107
4.3	Тұлғаны «дамыту», «тәрбиелеу», «қалыптастыру», «әлеуметтендіру» ұғымдары және олардың арақатынасы	109
4.4	Білім алушының жеке тұлғалық дамуындағы жас ерекшелік кезеңдері	111
4.5	Балалардың психофизиологиялық әрекеті дамуы	112
4.6	Дарындылықтың диагностикасы	113
4.7	Интеллектуалды тұлғаның әлеуетін қалыптастырудың әлемдік тәжірибелері	116
4.8	Білім алушыларға оқытуда, өзін-өзі тәрбиелеуде, өзін-өзі дамытуда педагогикалық қолдау көрсету	119
4.9	Білім берудің инклюзивті тәсілі және оны Қазақстанда іске асыру	121
<b>ІІІ БӨЛІМ. ТҮТАС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ</b>		
1	<b>Тұтас педагогикалық үдерістің (ТПҰ) мәні және құрылымы</b>	126
1.1	«Мұғалімнің іс-әрекет объектісі» және «педагогикалық үдеріс» ұғымдары	126
1.2	Педагогикалық үдеріс - әлеуметтік жүйе	127
1.3	Білім беру парадигмасы және субъект-субъектілі қатынас	127
1.4	Мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттестігі іс-әрекет субъектісі ретінде	129
1.5	Тұтас педагогикалық үдерістің қызметтері	130

1.6	Тұтас педагогикалық үдеріс құрылымы	132
1.7	Тұтас педагогикалық үдеріс теориясы туралы білім – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің негізі	135
2	<b>Тәрбиенің мақсаты, оның әлеуметтік тұрғыдан негізделуі</b>	137
2.1	Тәрбиенің мақсаты	137
2.2	Жалпы адамзаттық құндылықтар - тәрбие мақсатының негізі	140
2.3	Тәрбиенің қағидалары	141
2.4	Тәрбиенің негізгі тұғырлары	143
2.5	Педагогика тарихындағы тәрбие мақсаты туралы ойлар	145
2.6	Педагог құзыреттілігінің тәрбиенің мақсатты үдерісіне әсері	152
3	<b>Ғылыми дүниетаным – оқушының интеллектуалды дамуының негізі</b>	155
3.1	Оқушылардың дүниетанымының мәні мен қызметтері	155
3.2	Тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудың әдіснамалық негізі	156
3.3	«Мәңгілік ел» идеясының ұстанымдары	158
3.4	Тұлғаның интеллектуалды даму деңгейі – оның дүниетанымының қалыптасу көрсеткіші	159
3.5	Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі	160
4	<b>Тұтас педагогикалық үдерістері тәрбиенің мәні мен мазмұны</b>	161
4.1	Тәрбие – тұтас педагогикалық үдерістің құрамдас бөлігі	161
4.2	Тәрбие мазмұны	162
4.3	Тәрбиенің түрлері	164
4.4	Тәрбиенің заңдылықтары	167
4.5	Тәрбие үдерісінің жалпы ұстанымдары	169
4.6	Ұлттық тәрбиелік әлеуеті	170
4.7	Тәрбиенің замануи тұжырымдамалары мен бағдарламалары	171
4.8	Тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тәрбиелеу үдерісінің мазмұны	175
4.9	Оқушының өмірлік өзін-өзі анықтауы. Тұлғаның әлеуметтік белсенділігі	181
4.10	Кәсіптік бағдар беру жұмысының ерекшеліктері	184
5	<b>Тәрбие үдерісінің формалары, әдістері мен құралдарының жүйесі</b>	188
5.1	Тәрбие әдістері жайлы түсінік	188
5.2	Тәрбие әдістерінің жіктелуі	189
5.3	Оқушының жағымды тәжірибесі мен мәдени деңгейін қалыптастыру әдістері	192
5.4	Тұлға тәрбиелігінің диагностикасы	193
5.5	Оқу-тәрбие үдерісіндегі тәрбие технологиясы	198
5.6	Тәрбие жұмысын жүзеге асырудың теориялық, әдістемелік және технологиялық деңгейлері	200
5.7	Мұғалімнің тәрбиелік іс-әрекетті ұйымдастырудағы кәсіптік құзыреттілігі	205
6	<b>Отбасы тәрбиесінің негіздері</b>	207

## **Педагогика**

*Оқулық*

**Таубаева Шаркуль Таубайқызы** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Иманбаева Сауле Тохтарқызы** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

**Берикханова Айман Еженханқызы** - педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры.

**Таубаева Ш.Т.** II - бөлімнің 1, 2 тақырыптарын, III - бөлімнің 1, 7-13 тақырыптарын, **Иманбаева С.Т.** II - бөлімнің 3 тақырыбын, III - бөлімнің 2-6 тақырыптарын, **Берикханова А.Е.** I - бөлімнің 1-5 тақырыптарын, 14 тақырыпты дайындады.

Басуға қол қойылды 31.08.2017 ж. Пішімі 64x84/<sup>16</sup>

Шартты баспа табағы 21,25. Офсеттік басылым.

Таралымы 1300 дана. Тапсырыс №195.

“ОНОН”баспасы.



**Тaubayeva Шарқұл Таубайқызы**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ХПБГА-ның академигі.

Қалыңдарда облысы, Шиел ауданы, Шиелі ауылында дүниеге келген. Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің 1969 жылғы тарих факультетінің түлегі. 1971-1974 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінің аспирантурасында, 1998-2001 жылдары докторантурасында білім алған. «Педагогика тарихы», «Әлеуметтік педагогика», «Педагогика заңнамасы», «Введение в методологию и методику педагогического исследования», «Методология и методика педагогического исследования», «Научно-педагогическое исследование: методология и методика», «Методология и методика дидактического исследования», «Педагогикалық философиясы және заңнамасы», «Исследовательская культура учителя: от теории к практике» оқулықтарының, оқу құралдарының

авторы. Белгілі заңнаманы ғылым, ғылым жобалардың жетекшісі және орындаушысы, докторлық көрсету комиссиясы мүшесі, педагогикалық ғылымға саласының маманы ретінде өзін педагогикалық тәжірибесі жөнінде, педагогика заңнамасы, педагогикалық инноватика, жоғары және орта мектеп дидактикасы туралы 300-ден аса еңбектерін, оның ішінде бастаулы сыныпқа арналған «Ана тілі» оқулық хрестоматиялары, жоғары сыныптардағы тарих пәнінен дәстемелі құралдардың авторы. «Қазақ ССР оқу кітапханасы», «Қазақстан Республикасы ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» т.б. төсбелгілерімен марапатталған.



**Иманбаева Сауле Тохтарқызы**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ХПБГА-ның академигі.

Алматы облысы, Ақсақал ауданы, Ушырла каласында дүниеге келген. 1978 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің математика факультетін математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. «Педагогика тарихы», «Әлеуметтік педагогика», «Мәңгілік ел» оқулықтарының, «Тәрбие жәрмеңесінен теориясы мен әдістемесі», «Педагогика шығары», «Шоловдовпен», "Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруші теориясы мен практикасы"(монография) т.б. оқу құралдарының авторы. Ресей мемлекеттік әлеуметтік университеті, Қытай Халық Республикасы,Синьцзян педагогикалық университетінде, Германия мемлекеті, Дюссельдорф қаласындағы «Білім және ғылымды ақпараттау орталығында», Түркия, Стамбул университетінде, Франция, Париж қаласындағы Халықаралық КОНКОРД академиясында, Испания Корольдігі, Валенсия қаласындағы Валенсия политехникалық университетінде біліктілікті жетілдіру курсынан өткен. КОНКОРД халықаралық академиясының корреспондент - мүшесі (Франция), Қазақстан Республикасы Білім беру ісін үздігі, «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгімен, Франция мемлекеті, Халықаралық КОНКОРД академиясы, француз математигі «MARIA AGNES» медалімен, TURKSOY халықаралық түркі мәдениеті ұйымының құрмет грамотасымен марапатталған.

Валенсия қаласындағы Валенсия политехникалық университетінде біліктілікті жетілдіру курсынан өткен. КОНКОРД халықаралық академиясының корреспондент - мүшесі (Франция), Қазақстан Республикасы Білім беру ісін үздігі, «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгімен, Франция мемлекеті, Халықаралық КОНКОРД академиясы, француз математигі «MARIA AGNES» медалімен, TURKSOY халықаралық түркі мәдениеті ұйымының құрмет грамотасымен марапатталған.

**Беркжанова Айман Есенжанқызы**

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, ХПБГА-ның корреспондент мүшесі. Шығыс Қазақстан облысы, Ақтөбе ауданы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген. 1985 жылы Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетін математика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітіріп шықты. «Педагогика», «Мәңгілік ел» оқулықтарының, «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Болашақ маманының интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» т.б. оқу құралдарының, «Теория и практика формирования готовности будущего учителя к использованию современных педагогических технологий», «Теория и технология социально-гуманитарной подготовки будущего учителя» монографияларының, электрондық оқулықтардың авторы, екі авторлық кұрастырған еңбегі.

Норвегия қаласының (Англия) біліктілікті жетілдіру орталығында, Дюссельдорф қаласының (Германия) білім және ғылымды ақпараттау орталығында, Стамбул университетінде (Түркия), Париж қаласындағы Халықаралық КОНКОРД академиясында біліктілікті жетілдіру курстарынан өткен. КОНКОРД (Франция) халықаралық академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, НЭМ (ПШО) сертификатталған тренері, TURKSOY халықаралық түркі мәдениеті ұйымының құрмет грамотасымен марапатталған.



(Франция) Халықаралық КОНКОРД академиясында біліктілікті жетілдіру курстарынан өткен. КОНКОРД (Франция) халықаралық академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері, НЭМ (ПШО) сертификатталған тренері, TURKSOY халықаралық түркі мәдениеті ұйымының құрмет грамотасымен марапатталған.

